



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Қарл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхаммадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Қара өлең

70 ТОМ



УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Сейдімбек А.,
Күзембаева С.А., Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Алпысбаева Қ., Әлібеков Т. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Тойшанұлы А.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Алпысбаева Қ., Асқар О., Өкімова Т. (*жауапты шығарушылар*),
Әлібеков Т., Сейдімбек А.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.
Т. 70: Қара өлең. — 540 бет.

ISBN 978-601-292-243-1

«Бабалар сөзі» сериясының 70-томына ұзақ жылдар ел арасынан
жиналған қазақтың қара өлеңдері енгізіліп отыр.

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-243-1 (т. 70)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған алпыс тоғыз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер сияқты шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Шежірелік дастандардың» — бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Жұмбақтардың» — бір және «Мақал-мәтелдердің» — бес томы баспаға ұсынылды. Бұл басылымдардың он бір томын Қытай қазақтарының фольклорлық мұралары қамтыды.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 70-том қадым заманнан бері сақталып келе жатқан фольклордың көне жанрының бірі қара өлеңге арналады. Халық өлеңінің бұл түрі — өміртіршілігіміздің барлық саласын, сезім-түйсігіміздің барша қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр. XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін көшпелі өмір салтын ұстанып келген қазақтың бір ауыз қара өлең білмейтін қыз-жігітін кездестіру мүмкін емес еді. Сол себепті мұрағаттар мен әдеби қорларда шашырап жатқан мол мұрамыздың бір парасы да осы қара өлең. Ол — ән-әуенмен тікелей байланысты болып келетін, салт-дәстүрімізге қатысы бар синкретті жанр.

Сондай-ақ кейбір қара өлең үлгілері көпнұсқалы болып келеді, тіптен, халық ақындарының шығармаларында теңеуі ұқсас, ұйқасы бір образды параллельдерді қайталайтын қара өлең нұсқалары кездесе береді. Бір қара өлең үлгісінің екінші бір вариантпен қайталануы, әсіресе халық әндерінде, халық композиторларының ән мәтіндерінде жиі кездеседі. Бұл, әрине, кез келген елдің фольклорында болатын табиғи құбылыс, ауыз-

ша тарайтын өнерде жиі кездесетін қасиет. Сондықтан да мына өлең пәлен ақындікі деп айтуға болмайды.

Өкінішке қарай, қара өлеңнің жанрлық ерекшелігі, тарихи тек-тамыры, көркемдік қасиет-бітімі кейбір қысқа-қайырым пікірлерде еске алғаны болмаса, XX ғасырдың соңына дейін арнайы көңіл бөлініп зерттелген емес. Зерттелу былай тұрсын, ел ішінде арнайы жинақталып, жүйеленбей де келді.

Қара өлең мен оның қайырмаларын жинап, сұрыптау барысында еліміздің әр өңірінде дүниеге келген, қазір де ауыздан түспей айтылатын нұсқаларын мүмкіндігінше кеңінен қамтып отыруға мән берілді. «Бабалар сөзі» сериясының бұл томына енген мәтіндердің нұсқалары филология ғылымдарының докторы, профессор А.Сейдімбектің «Мың бір маржан» (1989), ақын О.Асқардың «Қара өлең» (1997) жинақтарының негізінде, сондай-ақ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларында сақталған, бұрын баспа жүзін көрмеген 3918 шумақ қара өлең үлгілері енгізілді.

Ата-бабаларымыздың арман-мұраттары мен күйініш-сүйінішін, ұлттың болмыс-бітімін бейнелейтін осынау қымбат қазынамыздың жастарды адамгершілік қасиеттерге баулуға қосар үлесі мол.

Томға енген қара өлең мәтіндерінен сол дәуірлердегі саяси-қоғамдық сана мен тілдік ерекшеліктерді айқын аңғаруға болады. Мәселен, жаңа әлеуметтік өзгерістер, тарихи және шынайы деректердің көбірек кездесуі, орыс, араб, парсы тілдеріндегі кейбір лексемалардың ұшырауы осыған дәлел. Демек, ұлтымыздың асыл мұралары халқымызбен қайта қауышып жатса, мұратымыздың орындалғаны.

Топтаманың принциптеріне сай беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшалары: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни атаулардың түсініктері, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйінін құрайды.

Томның жалпы көлемі — 33,75 б.т.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ арасында бас-аяғы тұтас, төрт тармақты, он бір буынды өлеңдерді қара өлең деп атайды. Оның үлгісі:

Үстіме бешпет кидім кіл қарадан,
Ілгегін інжу-маржан кім қадаған?
Алыстан арып-ашып келгенімде,
Көзіңнен, айналайын, бір қараған.

түрінде келеді.

«Қара өлең, — Шоқан Уәлихановтың айтуынша, — төрт жолдан тұратын кәдімгі өлеңдердің бірі. Мұның әр шумағы өз алдына жеке бір идеяны баяндайды. Бұлар, көбіне, дауысқа салып, әнмен орындалады»¹. Ал, академик В.Радлов мұны кішкене, шағын өлеңдер (маленькие песенки) дейді де, поэзияның бұл түрі, негізінен, суырыпсалу өнерін онша қажет етпейтін, біршама болса да, бұрыннан белгілі, үйреншікті сөздерді өлең етіп ұйқастыру кезінде қолданылатынын айтқан. «Мұндай жағдайда өлеңшінің жадында жатталып қалған екі жолды өлеңнің көптеген үлгілері дайын тұрады. Ал негізгі айтар ойын үшінші, төртінші жолдарда баяндайтын болғандықтан, ол тек төртінші тармақтың ұйқасын ғана ойлап табады. Тегінде тұтқиылдан тумаған өлеңнің алдыңғы екі жолы тек үндестік үшін ғана алынады да, өлеңнің мазмұнымен ешқандай байланысы болмайды»², — деп жазады. В.А.Гордлевский: «Өлеңнің негізгі сарынына көшпес бұрын ақын алдымен әлдеқандай бір табиғат суретін немесе ел тұрмысынан бір теңеу тауып айтып алады»³, — дейді.

¹ Валиханов Ч.Ч. Собр. сочинени. Т. I. — Алма-Ата, 1961. — С. 199.

² Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзюнгарской степи. — СПб., 1870. Т. III. — С.23.

³ Этнографическое обозрение. 1908. № 4. — С. 85.

Бұл пікірдің құндылығы, тұңғыш рет қара өлеңнің алғашқы екі жолын «кездейсоқ», «мағынасыз», «жетім» жолдар деп қарамай, оған сол өлең туған тарихи-этникалық ортаның алуан түрлі бітім-болмысынан, жай-жапсарынан хабар беретін дара бітімді поэтикалық ерекшелік ретінде қарайды.

Қара өлең фольклорының айрықша бір өнер түрі екенін жақсы аңғарған М.Әуезов бұл жанрдың екі түрлі ерекше сырын ажыратып: «Бір ауыз өлеңі екі үлгіге бөлінеді. Оның біріншісі — бастауыш түрі, ең оңайы — қайым өлең, екінші үлгісі — қара өлең»⁴, — деген. Шынында да, қара өлең мен қайым өлеңнің айтылу, орындалу формасында болмаса, өлеңнің жасалу жолдарында, өлең өлшемдерінде ешбір айырмашылық жоқ. Қайым өлең — қыз бен жігіттің бір-бір ауыз өлеңмен жауаптасу түрінде орындалса, қара өлеңде мұндай айтыс түрі болмайды. Бірақ екеуінің шығу тегі, үлгісі бір. Қара өлеңнің де, қайым өлеңінің де құрылысы — он бір буынды, төрт тармақты болып келеді. Әр шумақтың алдыңғы екі жолы ауыздан ауызға көшіп жүретін жаттанды, үйреншікті үлгілерден тұрады. Бұл бірде ер-тұрман, киім-кешек, дүние-жиһазды бейнелесе, енді бірде көші-қонын, төрт түлік мал, табиғат суретін сөз етеді. Демек, қара өлеңнің де, қайым өлеңінің де әр шумағының алдыңғы екі жолы негізгі айтылар ойға қатысы жоқ, жаттанды өлең тармақтарынан тұрады. Тыңнан туатыны тек соңғы жолы ғана. Оның өзінде де үшінші жол ұйқаспай, алдыңғы екі жолмен тек төртінші жол ғана ұйқасып келіп отырады.

Ал осы секілді ортақ қасиеттер қара өлең мен қайым өлеңді шығарып, таратушылардан да байқалады. Бұлар — әдеттегі үлкен айтыстарға, ас пен тойларға қатысып жүретін от ауызды, орақ тілді ақындар емес, көбіне қыз-жігіттердің қызықты қынаменде отырыстарында ән салып, өлең айтатын жаңа талап жастар. Сондықтан бұлардың ішінде домбыра тарта білгені домбырамен, ал домбыра тарта білмегендері ағаш оқтауды домбыра орнына ұстаған болып, айта береді. Тіпті, ат үстінде, айдалада келе жатып та, қолындағы қамшының сабын домбыра қылып, өлең шығарған әзілқой жастар аз болмаған.

Академик М.Әуезов қайым өлеңін бөдік, жар-жар алуандас әдет-салт айтыстарының қатарында тұрған аса ескілікті өлең

⁴ Әуезов М. Шығармалары. Т.11. — Алматы, 1969. — 430-б.

түрлерінің бірі дейді. Міне, соған қарағанда, қара өлең мен қайым өлең бір тұста шыққан болу керек. Мұның дәлелін «қара өлең», «қайым өлең» деген атаулардың жиі, қатар қолдануынан да байқауға болады.

Болғанмен малға жарлы, тілім шешен,
Жасымнан қара өлеңге болдым көсем...
...Қара дауыл өлеңді әркім айтар,
Қайым өлең айтпаққа бар ма жайың⁵. —

деп келетін жолдардың мазмұнынан бұл өлеңдердің түп-төркіні бір екенін көреміз.

Тегінде, қазақ жұрты қара өлеңге жүйрік. «Өлеңді мен айтамын екіленіп, Жалайды қой баласын мекіреніп» деп басталатын екі жол өлеңді айтпайтын қазақ кемде-кем-ақ шығар. Халық арасында: «қара өлең — нағашы атам, мен соның жиені едім» дейтін әзіл сөздің де бір шындығы бар.

Мен өзім кішкенедең қаршадаймын,
Бастаған керуенді наршадаймын.
Несіне айтар сөздің кідірейін,
Келгенде қара өлеңге шаршамаймын.⁶

деуі қара өлеңнің ертеден шығарылған, жұртқа таныс, үйреншікті түр екенін және мұны ойын-сауық үстінде өлең айтуға ебі бар екінің бірі орындай алатынын дәлелдейді.

Сөйтіп, қара өлеңнің сегіз түрлі ерекшелігі байқалады. Бірінші — қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады; екінші — осы өлеңнің 1-2-4 жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқаспай, бос қалады; үшінші — қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой айтылады; төртінші — әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады; бесінші — қара өлең көбіне жұртқа таныс, көп құлағына сіңген, жарым-жартысы жаттамалы жолдардан, теңеу, салыстырулардан тұрады; алтыншы — қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты

⁵ ОҒК қолжазба қоры. 869-бума, 30-дәптер.

⁶ ӘӨИ қолжазба қоры. 364-бума, 2-дәптер.

көңілдендіріп, күлдіруді көздейді; жетінші — қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді; сегізінші — қара өлең қалың көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір мелодия сазына кез келген қара өлеңді ыңғайлап, айта беруге болады.

Сондай-ақ қара өлеңнің міндетті түрде қайырма қосу арқылы айтылатынын да ерекшелік деп айтуға болады. Және бұл қайырмалар өз алдына дербес өмір сүріп, өлең айтушының жадында жүреді де, қара өлеңді айту барысында әртүрлі қисынға орай, әннің ырғағына байланысты ұрымтал қосыла айтылып отырады.

Міне, қара өлеңнің табиғатына тән негізгі қасиеттер осылар. Мұның мысалы:

Барады аулым көшіп даулы құмға,
Құрықтың мұз қатады баулығына.
Бір жұмыс екі қолға қиын емес,
Денемнің қуанамын саулығына⁷.

Ауылдан шығушы едім ертеңменен,
Ақ қайың, қызыл ескек, желкенменен.
Кетпейді тұрсам ойдан, жатсам түстен,
Жастағы өткізген күн еркемменен⁸.

Қараша күз қайтады қатқақ болып,
Қалады көл суалса, батпақ болып.
Ақ кербез отыр ма екен, жатыр ма екен,
Аққудай көлге қонған аппақ болып⁹.

Осы мысалдарда жоғарыда біз атаған қасиеттердің бәрі де бар. Демек, қара өлеңді буынының он бір, тармағының төртеу болуына қарап, әдебиет тарихында мұны «қара өлең құрылысы», «қара өлең өлшемі» деген. Бірақ бұл үлгімен жасалған дүниенің бәрі бірдей қара өлең бола бермейтінін де ескеру керек.

⁷ Сонда, 144-бума, 8-дәптер.

⁸ Сонда.

⁹ Сонда, 464-бума, 1-дәптер (Мұрат Құсниевтің жинаған материалдарынан).

Сөйтсе де, он бір буынды өлең өлшемі қазақтың халық өлеңдерінің негізгі өлең өлшемі екенін және түп-төркіні халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында, дағдылы жора-жолында жатқанын проф. М.Ғабдуллин былай түсіндіреді: «Он бір буынды өлең жорық, аттаныс, шабыс картиналарын суреттеуге, оқиғаны түйдектете, жырдағыдай желдірме күйінде айтуға ыңғайсыз, оралымсыз»¹⁰, — дейді. Бұдан әрі ғалым «Қобыланды батыр» эпосынан мысалдар келтіріп, он бір буынды өлең құрылысымен берілген эпизодтарды атайды. «Тұрмыс-салтқа байланысты әңгімелер айтылатын болса, онда өлең түрі де өзгереді, мұндай жағдайда жырдың орнына он бір буынды қара өлең қолданылады»¹¹, — деп, әдет-салт өлеңдерінің біразы қара өлеңнің сыртқы түр, құрылысын пайдалану арқылы жасалатынын айтады. Бұдан, әрине, қара өлең өлшемі жалпы халық өлеңдерінің қай түрі болса да, жаттығы жоқ, ортақ өлең өлшемі екенін көреміз.

Қазақтың қара өлеңдері жайында М.Әуезов, Е.Ысмайлов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев т.б. айтуына қарағанда, үйлену салт өлеңдері мен мұң-шер өлеңдері белгілі бір әдет-ғұрып, жора-жосық үстінде туған да, қара өлеңдер жас желең қыз-бозбалалар бас қосқан әртүрлі ойын-сауық отырыстардың кезінде дүниеге келген. Ал қазақта қыз-келіншектер жиналып, қызық құратын той-томалақ өте көп болған. Қыз ұзатып, келін түсіру, жаңа туған жас баланың шілдеханасын тойлау секілді, қой күзету, бие байлау, киіз басу, ши тоқу жұмыстарында да қыз-келіншектер жиналып келіп, көңіл көтеріп, ән салатын, өлең айтатын болған¹². Ал қыс қысымшылығынан құтылып, жазғы жайлауға көшіп-қонудың өзі де үлкен мереке.

Ойын-тойда ұшқыр ойлы айтқыштар бас қосып, түрлі тақырыпты қара өлеңге арқау етеді. М.Әуезов қара өлеңнің бұл үлгілерін «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең»¹³ деп, тілге тиек еткен тақырыбына орай атап, соза беруге болатынын айтып кеткен. Бұларға «Ата өлеңі», «Шай өлеңі», «Ет өлеңі», «Қоштасу өлеңі» де қосуға болады. Мұндайда сол орта ғана түсінетін

¹⁰ Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1958. — 318, 320-б.

¹¹ Сонда.

¹² Семей қазақтарының әдет-ғұрпы // «Русский вестник». 1878. № 9. — С.25-40.

¹³ Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т., 1 к., — Алматы, 1960. — 684-б.

астарлы теңеулер, ұшқыр ойға ғана ілінетін тапқырлықтар тыңдаушы жұртшылықты үйіре еліктіріп отырады.

Қара өлең адам қоғамындағы барша өмір салтының, салт-дәстүрінің, моральдық-этикалық нормаларының, сұлулық туралы таным-түсініктерінің, сезім күйлерінің поэзиялық үлгісі сияқты, сан-саналы тақырыпты. Мәселен:

Мына заман қай заман соқта заман,
Мұнан басқа қызығың жоқ па, заман.
Мұнан басқа қызығың жоқ болса егер,
Ойнап-күліп қалайық тоқта, заман, —

деген жолдарда өмірдің ауыр-тауқыметін белшесінен кешіп жүрсе де, мойымайтын, сол ауыр-тауқыметке өзінің оптимистік рухын, сергек те сезімтал көңілін қарсы қоя алатын адамның тұлғасы тұрса,

Жолықсаң біздің жақтың тентегіне,
Өмірдің қарамайды келтеңіне.
Қонаққа жалғыз атын сойып беріп,
Жүген ұстап қалады ертеңіне, —

деген шумақ көшпелі тұрмыстың өмір сүру тәсіліне айналған салт-дәстүрін танытады. Одан әрі ұласып, тұтас этникалық рәсімнің орныққан нормасын білдіреді.

Бойың түзу мылтықтың теміріндей,
Көзің қара ағаштың көміріндей,
Жақсыменен бір болған жалғыз сәтің,
Жаманның өтіп кеткен өміріндей, —

деген жолдары әрі қазақ қызының бітім-болмысына тән ортақ сұлулықты образды теңеумен тап баса елестетеді. Бұдан басқа:

Ауылым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлттармен араласып.
Алыс ұзап кеткенде, беу, қарағым,
Ақ қағазбен жүрейік амандасып, — десе,

тағы бірде:

Белбеуім белімдегі он екі кез,
Шетіне әсемдікпен салдырдым жез.
Жолымды Құдай менің оңдайды екен,
Жанына жақсылардың келіппін кез, —

деп те көңіл-күйін толғайды.

Қағаздың қасың сұлу сиясындай,
Тоғайдың мойның ұзын миясындай,
Қолымды қайтсем саған жеткіземін,
Сұңқардың жатқан жерің ұясындай, —

деген шумақ қыз көркіне үздігіп отырған жігіт былай тұрсын, сол суреттей сұлулыққа өзгені де күмәнсіз сендіре алса, сендіре отырып, көрікті қыздың оңай олжа, жеңіл сауға бола қоймайтынын қиядағы сұңқардың ұясына теңеп, бір гәпті сездіріп қойса, одан әрі бөлкім, жігіттің шыққан жері сай келмей ме екен, әлде қолы қысқалықтан мұратына жете алмас па екен дегізгендей тыңдаушысын, тіптен, қобалжыта түседі.

Қара өлең еш уақытта шектен шықпайды, өзі дүниеге келген өмір салтының барша түсінік-қалыбын аттап кететіндей мінез көрсетпейді. Қазіргі кейбір өлеңдердегідей «Мен жұмыр жердің лүпілдеп соққан жүрегімін» немесе «Мен аспан мен жердің тірегімін» дегендей нақтылы өмір шындығынан алыс, асқақ патетикаға әсте бой алдырмайды.

Әрине, қарапайымдылықты қарабайырлықпен әсте шатастырмау керек.

Қара өлеңде ең мол кездесетін тақырып — махаббат, ғашықтық тақырыбы. Адам сезімінің осынау ғажайып қыры қара өлеңде ұдайы халықтың орныққан талғам-талабы өресінде ғана тілге тиек болып отырады. Ғашықтықты білдіретін сағыныш, аңсау, тілек-талаптар, сыны мол шарттар, адалдық пен кісіліктің үлгілері, мінез-бітімі, тіптен, киім кию үлгісіне дейін барша қасиеттерге, ең алдымен, халық талғамы — төреші. Бұл орайда қара өлең айтушы-тыңдаушыны эстетикалық әсерге бөлеп қана қоймайды, сол қара өлеңді тыңдаған әлеуметтік ортаны реттеуші, пиғыл-ниетін тұтастандырушы, идеалын

біріктіруші қызмет атқарады. Қара өлеңді өміршең ететін де, қанатты өнер деңгейіне көтеретін де қасиет — осы. Кез келген әнші суырылып шығып:

— Ой, Алтай, басың биік, шөбің сұйық,
Ойнайды бауырында арқар, киік.
Кір жуып, кіндік кескен, қайран Алтай,
Кетеді сені ойласам ішім күйіп, —

деп, шырқап қоя берсе, бұл өлең еш уақытта сол әншінің ғана сезімі болып қабылданбайды. Асыл өнерді дүйім жұрт иемденіп, ортақ сезімнің игілігіне айналдырады. Әрине, нағыз өнердің парқы мен нарқын білетін әркім-ақ бұған таң қалмайды. Солай болуға тиісті екенін біледі. Алайда қара өлеңнің ең бір типті қасиеті — жаңағы жақсы әнді тыңдағандағы көпке ортақ сезім-күйі бар, сол әрбір субъектіні жеке басының мұңы мен сырындай тебірентеді. Бұл қасиет жазба әдебиетте, фольклорлық әдебиеттің кейбір жанрларында бола бермейді. Оларда тарихи белгілі жағдай суреттеліп немесе тарихи болған адамның сезім-күйі мен бастан кешкен оқиғасы нақтылы көрініп тұрады. Оқушы-тыңдаушы мұндай шығармаларға сырт көз ретінде қарап отырып, жақсысынан үйренеді, жаманынан жиренеді. Ал қара өлеңде әркім өзінің ғана арман-мұңын жеткізіп отырғандай сезімге бөленіп, әрі тыңдаушысын ұдайы құптайтын күйге түсіріп отырады. Мұның сыры көшпелі өмір салтында әлеуметтік-мәдени идеалдық біртұтас болғандығынан.

Алты ай қыс біріне-бірі қатыса алмай, сағынысып, сарғайған жастардың көрісуі көңілді ойын-сауық, ән мен өлең базарына ұласатын. Міне, осындай шақтарда өлең шығарып, әзіл-қалжың айтып, сауық құрудың соңы қыз бен жігіттің бір-бірімен ұғынысып, табысып кетуімен аяқталған. Мұның мысалын қазақтың ескілікті өлең-жырларынан да көруге болады. Жібек пен Төлегеннің, Қозы мен Баянның, Әділбек пен Айманның алғаш кездесулері осындай әзіл-күлкілі өлеңдер айтудан басталады.

Қазақта қара өлең шығарып әдеттенудің, жастарды өлең-жырға баулудың әртүрлі жолдары бар. Бұл, әсіресе, «асық иіру», «қолсоқпақ», «хан жақсы» сияқты талай көп ойындарды ойнаған тұстарда ерекше байқалады. Мысалы, «асық иіру» ойы-

нында асығы жығылып қалған жігіт ойынды басқарушының жазасынан:

Базардан алып келген тайлы бие,
Демесең құлыны еркек сайлы бие.
Асығым алшы иірген дейді шіге,
Бетіне пәстәуйдің майлы күйе¹⁴, —

деп, бір-екі ауыз өлең айтып құтылады. Айтпаса, бес арық, бес семіз қамшы алады немесе теке болып бақылдап, ойын басқарушыны арқалау жазасына кесіледі.

Қазақ ойын-сауықтарының тағы да бірі — «Хан жақсы ма?» ойыны. Ойынның тәртібі бойынша хан мен ханша және бір уәзір сайланады. Жастар бір қыз, бір жігіттен араласып отырады. «Хан» жігіттерді кезекпен шақырып, өлең айтқызады. Өлеңдері бірін-бірі қайталамайтындай болса, әрі айтушы оны қызықты етіп орындап берсе, «хан» жігітті таңдаған қызының жанына отырғызады. Ал өлең айта алмаған жігіт өлеңдерінің төлеуін не ақшамен, не затпен өтейді. Оны да өтей алмаса, қыздар арасынан қуылып, «алты қатынның абақтысына» жіберіледі.

«Хан бұйрығымен» айтылатын өлеңдердің түрлері мынадай: бұйрық бойынша ақын жігіт әуелі ханды, онан соң ханшаны, сосын уәзірді мақтап, үш ауыздан тоғыз ауыз өлең айтуға тиісті. Содан кейін қасындағы екі қызды көтеріп тұрып, әрқайсысына арнап, үш ауыз өлеңді және де айтады. Бұдан соң ылғи жанды заттардың атын қосып, үш ауыз, жансыз заттардың атын қосып, үш ауыз өлең шығару міндетін өтейді. Онан кейін барып үш ауыз өлең ойлап табады. Ақыр аяғында, үш ауыз «кер өлеңмен» құтылады. Кер өлең айту былай болады, мәселен:

Базардан алып келген шай тостаған,
Тар жерде қиын екен ән тастаған.
Шешеңнен сені тапқан, айналайын,
Бәйгеден келген кердей ойқастаған.

деген өлеңді керісінше:

¹⁴ ОҒК қолжазба қоры. 1082-бума, 1-дәптер.

Бөйгеден келген кердей ойқастаған,
Шешеңнен сені тапқан, айналайын.
Тар жерде қиын екен ән тастаған,
Базардан алып келген шай тостаған. —

деп айтса, кер өлең болып шығады¹⁵.

Қазақ ескілігінде жастардың басы құралып, қынаменде ойын-сауықпен жүретін көңілді отырыс-жиындары көбіне елдің жазғы жайлауға шығып, малымен малы, жанымен жаны араласып кететін қызықты бір шақтарда өтетін. Мұндай кездерде ағайын-туыс, ауыл-аймақ бір-бірімен шұрқырасып көрісетін де, оны жастар жағы өзінше пайдаланатын. Бұрыннан бір-біріне көзі түсіп, көңілдері күпті болып жүрген қыз бен жігіт осындай сәт үстінде амандық-саулық сұрасып, сөз тастасып, сағыныштарын басатын. Міне, сондай «Амандасу» аталатын өлеңнің бір түрі мынау:

Жігіт:

Бұдан былай көрінген хабар асу,
Түйе тайып, жығылған жаман асу.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Бұрынғыдан қалыпты амандасу.

Қыз:

Жылқы айдаймын көшкенде жалбаспенен,
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ауыл-аймақ аман ба, мал-баспенен¹⁶.

Амандықтарын айтып, есен-саулықтарын сұрасып болған соң қыз бен жігіт енді өздерінің ате-тегін, сол ата ішіндегі білікті, батыр, бағылан адамдарын атап, өлеңге қосады. Қазақта мұны «Ата өлеңі» дейді.

Жастар дастархан үстінде де қарап отырмайды. Шай құйылған кесені біріне-бірі ұсына отырып, өлеңге кіріседі. Өлеңді ба-стайтын көбіне қыздар болады. Мысалы, қыз:

¹⁵ Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар 1-т. — Алматы, 1955. — 429-435-бб.

¹⁶ ОҒК қолжазба қоры. 1073-бума.

Ендеше езек-безек, езек-безек,
 Бөрнекейдің бойынан тердім тезек.
 Төртеуара келіпті бір шыны шай,
 Кел, төртеуміз ішейік кезек-кезек¹⁷, —

деп, қолына тиген шай кесені жанында отырған жігіттерге ұсынады. Бұған жігіттер өлеңмен қарым қайтаруы керек, әрі бағанадан бері айта алмай отырған ой ұштығын да сездіруге тырысады.

Ендеше оқпа-соқпа, оқпа-соқпа,
 Басында жүйрік аттың күміс ноқта.
 Алайық ұсынған соң кесеңізді,
 Қарызы шайыңыздың бар ма, жоқ па?

Бұған қыздың берер жауабы да әзір. Қыз:

Дегенге мұсылманым, мұсылманым,
 Тар жерде өлең таппай қысылғаным.
 Шайымның сізге берген қарызы жоқ,
 Сыйлас құрбы болған соң ұсынғаным, —

дейді. Ұсынылған шайды шыдамсыздық жасап, кім бұрын тартып қойса, сол өзіл-күлкіге ілігеді.

Апырмай, мына шіркін дарбаң екен,
 Түк татпай, өз үйінен талған екен.
 Алмай жатып кесені ұрттап жатыр.
 Кешіксе енді, өлуге қалған екен!¹⁸

Отырған жұрт қыран күлкіге батып, «Шай өлеңін» де осындай қызықпен аяқтайды.

Жастар шай жиналған соң да өлеңді әрі жалғастыра береді. Олардың әрқайсысы қай жерде туып, қай тауды қыстайтынын, қандай көлді мекендеп, қай өзен суды сағалап, жайлайтынын баяндайтын «Тау өлең», «Жер өлең» деген өлеңдерді айтуға ауысады. «Су өлеңнің» бір мысалы:

¹⁷ Сонда.

¹⁸ Сонда.

Жетісудың бірі — Іле, басы — Текес,
Байынқол, Қақпақ өзені оған тіркес.
Қарқара, Кеген, Нарын, Шелек, Түрген,
Қаскелең, Күрті, Талғар о да еншілес.

Екіншісі — Қаратал, басы — Шажә,
Шажәдан Көксу аққан сарқырама.
Текелі, Тентек, Быжы тағы да бар,
Олар да қосылады Қараталға¹⁹.

Той-думан қызып, ойын-күлкілері жарасқан кезде ет пісіп, табақ тартылады. Жастар мұны да қалжыңмен өткереді. Өркім өз табағынан дәм татқызбақ боп біріне-бірі сарқыт ұсынады. Сарқыт алған адам еттің төлеуі деп өлең айтады. Мұны ел ішінде «Ет өлеңі» дейді.

Енді той, думан аяқталып, жастардың айырылыстар шағы да келеді. Мұндайда біріне-бірі ынтыққан қыз бен жігіт кездесер күндерін белгілеп, уәде байласып қалуға тырысады да, өзiлi аралас өлең айтады. Сонда қыз бен жігіттің айтатын өлеңінің төркіні мынандай болып келеді:

Астыма мінген атым бұқпа қара,
Шаң тисе ақ бетіңе, ыққа қара.
Ендігі туар айда мен келемін,
Танырсың дауысымнан шыққан дара²⁰.

Мұндайда бұрыннан айттырылып, не құда түсіп қойған жеріне көңілдері толмай, наразы болып жүрген қыз бен жігіт тәуекелге бел байлап, сол алғашқы кездесудің өзінде-ақ сыр ашысып қалады.

Қолында жылқышының ақтан құрық,
Ат міндім күрең төбел баптандырып.
Қайырылып ақ тамақтан бір сүйдірші,
Орнындай түйнеменің дақ қалдырып²¹, —
деп, ғашықтық сезімін де сездіріп қояды.

¹⁹ Лениншіл жас (газет). 1971, 9-қыркүйек; Мұсағұл Жолбаевтың айтуынан жазып алған Н.Базарқұлов.

²⁰ ӘӨИ қолжазба қоры. 57-бума.

²¹ Сонда.

Қара өлеңнің ел ішіне мейлінше кең тарауы және ұдайы тоқтаусыз тасқындап туып отыруы әркімге-ақ өз сезім-күйін жеткізетін шумақтарды қиналмай теріп айтуына мүмкіндік береді. Өмірде сан соқтырып, қапы қалдыратын сәттері де баршылық. Мәселен, мың сан себеппен сүйгеніне қосыла алмаған ару қыз өзінің арыз-арманына қара өлеңді дәнекер етіп:

Мен едім ертеменен қозы ағытқан,
 Сен едің ақ боз атпен орағытқан,
 Түскенде сен есіме, сүйген сәулем,
 Көл болып көздің жасы сорағытқан, —

деп шырқар еді.

Сонда қыз тағдырын көзімен көріп, ішімен сезіп отырған тыңдаушы жұрт бұл өлеңді сол қыздың жүрек зарындай қабылдайды.

Сөйтiп, түнімен той тойлап, өлең айтқан ауыл жастары таң саз бере тарқаса бастайды. Бірақ көңілдері жарасып, бағанадан бері бауыр басысып қалған қыз бен жігіт бірін-бірі қимай, дәл айырылысар шақ үстінде де қош-қошын айтып қалуға асығады. Міне, сондай айырылысу үстінде айтылатын «Қоштасу» өлеңінің бір түрі мынау:

Қыран бүркіт ұшады қыр айналып,
 Қызыл көрсе, шықпайды шыр айналып.
 Қайда жүрсең, жан қалқа, қош-аман бол,
 Кім бар, кім жоқ келгенше жыл айналып.

Немесе:

Қаршығаның ұясы қау ұстайды,
 Балапанын шақырып, дауыстайды.
 Ғашық болып қосылған, қарағым-ай,
 Қош-есен бол, ауылың алыстайды²².

Қысқасы, қара өлеңнің әр шумағы — өзілі жарасқан қыз бен жігіттің алғашқы танысу, ұшырасу сәттерін суреттейді, кейде сүйген қызына бір кездесуді армандаған жас жігіттің жан

²² Сонда.

сезімін баяндайды, өмірдің жақсылы-жаманды жайларын айырып, ақыл-кеңес айтуға арналады. Және соның бәрі бұрыннан белгілі, үйреншікті тақырыпты қозғағандықтан, бұл өлеңдер бірінің-бірі көшірмесі сияқты, кейде тіпті, бірін-бірі қайталап та жатады. Демек қара өлең көбіне қыз бен жігіттің арасындағы ғашықтық, сүйіспендік сезімдерді суреттейді. Сондықтан мұны, негізінен, ойын-сауық үстінде айтылатын жастар өлеңі десе де болады. Бірақ қазақта екі жастың жүрек тебіренісіне арналған өлең түрі жалғыз бұл емес. Қайым өлең, күлдіргі өлең, ән өлең дегендер де осы топқа жатады.

Қара өлең ауызша шығып, тараған халықтық шығармалардың ең молырағы да, көнесі де. Олай дейтін себебіміз — қара өлеңнің стилінде тым ерте заманның теңеу, салыстырулары, суреттеу, бейнелеу әдістері бар. Соның бірі — қара өлеңнің қосалқы жолдары.

Рас, қазақ арасына кеңірек тараған осы қара өлеңдердің сыртқы жасалу үлгісіне, ұйқасына қарап, мұның алдыңғы екі жолын тіптен мағынасыз екен деп ойлауға болмайды. Ара-тұра айтылатын «Әриайдай дегенге әрйайдай», «Ендеше езек-безек, езек-безек» деген сияқты бірлі-жарым мағынасыз тармақтар болмаса, қара өлеңнің қосалқы жолдары, негізінен, халықтың күнделікті тұрмысынан, көшпелі өмірдің көп белгі суреттерінен тұрады.

Қай беткей, мына беткей, қоба беткей,
Мал қайда ер жігітке талап етпей²³.

Ауылым көшіп барад көл қиялап,
Көрмейді көл қызығын қаз ұялап²⁴.

Жылқыда ерен жүйрік сарым болса,
Түйеде қызыл бұйра нарым болса²⁵.

Жапалақ жалт-жүлт етіп ұшар сайдан,
Лашын құс жетіп, ілер әлдеқайдан²⁶.

²³ Сонда, 364-бума, 1-дәптер.

²⁴ Сонда.

²⁵ Сонда.

²⁶ Сонда, 144-бума, 8-дәптер.

Әуеде бір жұлдыз бар темірқазық,
Бәйгеден ат келеді бауырын жазып²⁷.

Сен кидің ақ көйлекті қос етектеп,
Мен келдім ақ боз атты бос жетектеп²⁸. —

деген қосалқы жолдар бірде қазақ халқының көші-қонын, кең жазық сахарасы мен айдын көл, асқар тауларын, енді бірде төрт түлік малының қасиет-қадірін, киген киімінің үлгісін, аңшылық, саятшылық өнерінің қызығын бейнелеп, көз алдымызға келтіреді. Бұлай етпесе, қазақ өлеңінің бас-аяғы құралмайды, айтайын деген ойының түйіні табылмайды. Сол түйін — халық өмірі, ел тіршілігі, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан әдет-ғұрып, жора-жосығы. Мұнсыз айтылған өлеңді қара өлең, қазақ өлеңі деп ен таға қою да екіталай.

Қара өлең көз көріп, көңіл жарасып отырған сәттің ғана өлеңі емес, ол шалғайда жүрген дос-жаранның, ағайын-туғанның, сырлас ғашықтардың арасын сәлем хат болып та жалғастырады.

Құлағыма салғаным алтын сырға,
Таң алдында шық тиер балтырыма.
Уәденің құлы боп күтіп жүрмін,
Сөлемімді айта бар жарқыныма.

Осы өлеңді той үстінде айтқан қыздың бұл «Сәлем өлеңді» кім арқылы құлаққағыс етіп айтқаны, оны кімге жеткізу керектігі сол ортада мейлінше түсінікті болғаны ешкімге де шөк келтірмейді. Бұл өлеңде мұнан да гөрі мәнді бір қасиет бар. Ол — қыздың зерделігі, адалдығы, айтқыштығы! Құлағына салған алтын сырғасы — сол баяғы сүйген жігітіне уәде берген қалпын, салтанат-сөнін бұзбай, күтіп жүрген адалдығын айтқаны. Тілімізде «Алтын өзі теңдесті іздейді екен» деп келетін мәтел бар. Ал тәніне тиген таңғы шық — пәктігі үшін

²⁷ Сонда.

²⁸ Кендібаев Ф. «Қазақтың халық лирикасы» атты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясында жан-жақты сөз болған. ОҒК қолжазба қоры. 845-бума.

тартып жүрген жан азабы, сағынышы, махаббаты. Дәстүрлі таным-түсінік бойынша, су — ғашықтықтың, өмірдің символы. Ою-өрнегіміздегі «су» деп аталатын жолақтың киелі саналатыны сондықтан. Егер сол таңғы шық — таңғы қырау немесе мұз түрінде айтылса, онда ғашықтық сезімнің сөнгені, өмірдің өшкені. Тіліміздегі «Жүрегім мұз боп қатып қалды», «Қайғы тоңы жібіді» дегенде қайғы-қасіретті білдіретін немесе «Көңілім судай тасыды», «Суын тапты» дегенде қуаныш-шаттықты білдіретін тіркестер көне ұғым-түсініктен қалған нышандар. Демек, ару қыздың «Сәлем өлеңіндегі» тәніне тиген таңғы шықты естіген жігіт кеудесінде жаны болса, ғашығына құс болып ұшып, жетуге тиіс. Осынау символдық астарға қоса ару қыз «уәденің құлы болып жүргенін» бүкпесіз, ашық айтқандай болады. Дәстүрлі ұғымымызда уәде — Тәңірінің немесе Құдайдың бір аты деп қабылданған. Демек, қыздың бұл тіркеспен де астарлап, өздері ғана түсінетіндей етіп айтып отырғаны — әлі арымды таза сақтап жүрмін дегені. Міне, бір ауыз қара өлеңнің бойындағы халық болмысымен сабақтасып жатқан қасиеті осындай.

Қазақтың қара өлеңі сияқты қысқа да қызықты шағын өлеңдердің үлгісі дүниежүзіндегі көптеген елдердің фольклорынан да байқалады. Мысалы, жапондықтардың «хокку», индонезиялықтардың «пантун», скандинавиялықтардың «квазура», түріктердің «мани», орыстардың «частушка», өзбектердің «кушик», тәжіктердің «рубои», «баит», «ашуласы» осы тектес, бірде екі, бірде үш, бірде төрт жолмен аяқталып отыратын қысқа өлең түрлері. Тәжіктің көрнекті фольклорист ғалымы Р.Амонов бұл өлеңдерге тән негізгі ерекшелік оның қысқалығында, адам сезімнің нәзік пернелерін дәл тауып, соны шағын формаға сыйғыза білуінде, әртүрлі тұспал, метафора, символ, синоним, эпитеттерінің байлығында дейді²⁹.

Татардың белгілі фольклортанушысы Ғали Рахим: «Біздің жырларымыз әр уақыт қысқа ғана, төрт жолды жырлар болады. Әркім өзінің айтқысы келген ойын сол төрт жолмен тамамдайды. Егер ол кісі екінші бір жыр жырласа, ол жыр енді әуелгісіне жалғанбайды, бүтіндей екінші нәрсе жайында болады, екінші мағына алады», — десе, Хамит Ярни біздің төрт жолды шағын

²⁹ Амонов Р. Таджикская народная лирика. Автореф. Дисс. на соискание ученой степени доктора филологических наук. — Душанбе, 1968. — С. 8-9, 61, 99.

өлеңдеріміздің бірінші екі жолы мен соңғы екі жолының арасында мағына жағынан ешқандай байланыс болмайды деп жазады³⁰.

Ал қырғыз бен қарақалпақта, өзбек пен ұйғыра қазақтың қара өлеңіне ұқсаған өлең үлгілерінің бар екенін мына мысалдардан-ақ көруге болады.

Өзбекте:

Ақ киік қайда жүрер тау болмаса,
Қызыл гүл қайда бітер бау болмаса.
Ер жігітке жаман іс кедейшілік,
Сүйген жарын алуға пұл болмаса³¹.

Қарақалпақта:

Дарияның ортасында екен тал бар,
Үстімде ақ сүп көйлек, мақпал шалбар.
Жан ағам, түскеніңде сен есіме,
Шықпаған көкіректе шыбын жан бар³².

Қара өлең әнге салынып айтылғандықтан да, оның қайырмалары формалық жағынан мейлінше алуан түрлі болып келсе, мазмұны негізгі шумақтың шашбауын көтеруге, астарлы ойды ұштай түсуге қызмет етеді. Қара өлеңнің көп ретте символмен, емеурінмен немесе астарлы образбен айтылатын ойлары қайырма арқылы діттеген жеріне жетіп, мағынасы артып, эмоциялық әсері күшейіп отырады. Қайырманың да өлеңдік қасиетінде қара өлеңдегідей, силлогизмдер, образды параллельдер, мимемалық мәндегі сөздер, әсіресе вокализдер мейлінше мол ұшырасады. Алайда қара өлең тек қана силлабикалық жолмен, міндетті түрде он бір буынды, төрт тармақты болып, ұйқасы а-а-б-а түрінде түзіліп отырса, қайырмаларда бұл сияқты формалық үлгі мүлде сақталмайды. Қайырма формасы негізінен ән-әуеннің бітіміне бағынышты болып келеді. Сондықтан да оның түр, формасы қанша болса, сонша құбылып, мейлінше мол үлгілері кездесе береді. Осы қасиеттеріне мысалдайғақ келтіруге болады.

³⁰ Ярми Х. Татар халқының поэтик ижаты. –Казан, 1967. – 217, 234-б.

³¹ Алавия М. Ұзбек халық кұшиқлари. –Тошкент, 1959. –197-б.

³² Қарақалпақ халық қосықлары. –Нөкіс, 1965. –143-б.

Мәселен, өмір-дүние, кісілік-достық жөніндегі ойшыл қара өлеңдер:

Дүние — дастан,
 Әуел-ақ бастан.
 Ақылды дұшпан артық
 Ақымақ достан. —

деп келетін қайырма-лармен түйінделеді.

Колхоздастыру кезеңі туралы айтылатын қара өлең шумағы мынандай қайырмамен көмкерілген:

Кекілдік,
 Ойлай-ойлай,
 Біз колхозға бекіндік!

Осынау қысқа-қайырым жолдарда тарихи өмір салтын өзгертіп, жаңа қоғамның іргетасын қаласуға бел буған қазақ еңбекшілерінің әлеуметтік психологиясы мейлінше ұрымтал берілген.

Сол сияқты мимемалық мәндегі немесе вокализі басым қайырма-лардың небір қызықты үлгілерін келтіруге болады.

Әттә-рә-ри рай-рай,
 Әттә-рә-ри рай-рай,
 Өтті-ай күнім, өтті-ай,
 Күнім, күнім, күнім-ай.

Әкки-гәй, сары бел,
 Соғар салқын самал жел.

Әри-дәри даттай,
 Әри-дәри даттай,
 Әри-дәри-дай!
 И-ах-уай!
 Бәлләй! Бәлләй, ботам-ай,
 Бота көзің екеу-ай!

Ендігі бір орайлы сөз — қазақтың қара өлеңі осынша мол көркемдік қасиеттерге, әбден орныққан жанрлық дербестікке,

формалық тұрақтылыққа қалай жетті деген мәселе жайында. Бір шындықтың басы ашық, қазақ халқының әдеби фольклорлық мұраларының баршасы сияқты, қара өлеңнің де тек-тамыры түркі халықтарына ортақ байырғы әдеби жәдігерліктермен сабақтасып жатыр. Мұның небір бұлтартпас қызықты айғақтарын сонау Түркі қағанаты заманындағы тас-қашау жазбалардан (VI-VIII ғғ.) бастап, одан берідегі «Оғызнама» (IX ғ.), «Қорқыт ата кітабы» (IX ғ.). «Түркі тілдерінің сөздігі» (XII ғ.), «Кодекс куманикус» («Кумандар кітабы») сияқты еңбектерге дейін көктей шолғанда айқын аңғаруға болады. Әсіресе тілдік тектестікке, сөз тіркестерінің сәйкестігіне, образды теңеулердің ұқсастығына, этнографизмдердің сабақтастығына қатысты мысалдар мол ұшырасады. Тіптен, сонау XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» формасы жағынан он бір буынды, қос тармақты болып келеді де, онда айтылатын ақыл-өсиет сарындары қара өлең орамдарына мейлінше үндес келіп жатады. Мәселен, «Құтты біліктегі»:

Бұл дүние қып-қысқа көрген түстей,
Қадірін білген дұрыс, көрге түспей, —

деп келетін жолдарды әнге салып, бүгінгі тындаушыға айтылса, қазақтың көп қара өлеңінің бірі деп қабылдап қалуы әбден мүмкін. Сонымен қазақтың қара өлеңі өзінің тал бойына, әрісі байырғы түркілік әдеби дәстүрден нәр жинаса, берісі төл сөз өнеріміздің көркемдік негізіне табан тіреп отыратыны аян.

Бұл айтылғанның бәрін тұжырымдап айтқанда:

1. Қара өлең міндетті түрде он бір буынды, төрт тармақты болып келеді;
2. Қара өлең міндетті түрде а-а-б-а түрінде аралас ұйқасады;
3. Қара өлеңнің тақырып аясы өмірдің өзіндей шексіз болғанымен, әр шумаққа белгілі бір ғана ой арқау болып отырады. Ол ой — жиынтойдағы жеңіл өзіл-оспақтан бастап, өмірдің мәні мен сәніне, ел қамы мен халық тағдырына дейінгі кесек тақырыптарды тілге тиек ете алады;
4. Қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық, символдық, емеуріндік айғағы немесе

шендестірілген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқетер түйін идеяға қызмет етіп отырады;

5. Қара өлең міндетті түрде созылмалы немесе қоңыр әнге салынып айтылады. Бірақ бірде-бір қара өлеңнің тұрақты әні болмайды. Әркім өзінің даусына лайықты әнге қалаған қара өлеңін салып айта береді. Мұның өзі қара өлең айту дәстүрінде әннен гөрі, сөздің, ойниет білдірудің негізгі міндет атқаратынын білдіреді;

6. Әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай, қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді. Мәселен, «Елім-ай» әнінің өлеңіндегі бірінші тармақ «Қаратаудың басынан көш келеді...» деп айтылады. Егер осы тармақтағы бунақтардың орнын ауыстырып, «Басынан Қаратаудың көш келеді» деп айтсақ, «Елім-ай» әніне салуға үйлеспес еді. Сондықтан да әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай, қара өлең бунақтары да орын ауыстыра береді. Тек ұйқасатын бунақтар ғана тұрақты болады.

7. Қара өлеңнің тұрақты қайырмасы болмайды. Бірақ әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырма қоса айтылады. Қара өлеңнің қайырмасы формасы жағынан алуан түрлі болып, ұдайы негізгі ой-ниеттің мәнін аша түсуге, эмоциялық қуатын арттыруға қызмет етіп отырады.

8. Қара өлеңнің жұрт талғамында сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға тарап, көптің жадында жүргенімен, өмірдің мың сан жағдайына орай, ел ішінде ұдайы тыңнан туындап жатады.

Міне, осы қасиеттер — фольклорлық қара өлеңнің жанрлық дара сипатына айғақ тұрақты белгілері.

*Филология ғылымдарының докторы
А. Сейдімбеков*



МƏТИНДЕР



Қара өлең үлгілері

1. Жабыны жауға салма жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма, малды екен деп.
Баласын қазанаттың бақпай қойма,
Қан түсіп аяғынан қалды екен деп.
2. Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Күніңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.
3. Өмір деген ойласам, шолақ екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған қызық өмір,
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен.
4. Жастық шақ өте шығар, ескен желдей,
Алыстан бұлдырайсың, асқар белдей.
Құлазып көңіл шіркін толғанады,
Қоныстан қопарылып көшкен елдей.
5. Өмірді аңсай туып, асық өскен,
Дүниеге адам қонақ, түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған ата-бабам,
Солардың ізі жатыр, тозаңы өшкен.
6. Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім арық суын лай ма деп.

Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп.

7. Қырғауыл аңға шықсаң, атқан тәуір,
Бал болса, жанай өтпей, татқан тәуір.
Жаманмен құшақтасып, бір жүргеннен,
Жақсының аяғында жатқан тәуір.
8. Көзің қара ағаштың көміріндей,
Бойың түзу мылтықтың теміріндей.
Жақсыменен отырған жарты сағат,
Өтіп кеткен жаманның өміріндей.
9. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,
Арқада бір кедей бар байдан жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы.
10. Мыс па екен, алтын ба екен, қола ма екен,
Алтынға қола тұтқа бола ма екен?
Тұйғын деп ұстағаным қарға шықты,
Қарғаға пенде ғашық бола ма екен?
11. Қамқаның бөрік кидім қиығынан,
Біреуге біреу күлер миығынан.
Біреуге біреу жақын болады екен,
Өзінің бойға біткен қылығынан.
12. Дүние — бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Күніне мың бір пәле көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.
13. Дүние құдым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ.

14. Дүние қарап тұрсам, бір кең сарай,
Сарайға көзім талды қарай-қарай.
Тағдыр мен Тәңіріге жала жаппа,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай.
15. Дүние өтеріңде сынаптайсың,
Таулардан жылжып аққан бұлақтайсың.
Басына талай ердің аттай теуіп,
Сұм жалған қайда барып тұрақтайсың.
16. Дүние ойлап тұрсаң бір сергелдең,
Жалғыз атың жоқ болса, өлгенмен тең.
Досың келіп үйіңнен құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп көмгенмен тең.
17. Дүние құдым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Біреуге мал мен бақты қатар беріп,
Біреуді қойдың Құдай жарытпай-ақ.
18. Дүние тұманданған, мұнарланған,
Кім алдаған білмеймін, кім алданған.
Дөңгеленіп, дөңгелеп арбасынан,
Лақтыра ма қайтеді, мына жалған.
19. Дүние жеткізбейді қуғанменен,
Өтеді күндер шіркін думанменен.
Жатасың жалғыз өзің жапан түзде,
Атадан алтау болып туғанменен.
20. Дүние ойлап тұрсаң шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Сыйласып екі жұбай тату болса,
Дүниенің бар қызығы сол-ақ екен.
21. Дүние, дүниеден дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне дүниенің кім жетеді.

22. Дүние дүмбір дегенде, дүние дүмбір,
Дүмбірлеткен жігітті дәл жиырма бір.
Оралыңның барында ойна да күл,
Қайта айналып келмейді өткен ғұмыр.
23. Дүние құдым сені бала жастан,
Өмірдің аз-көбіне қарамастан.
Күл де ойна, гүл-гүл жайна, осындайда,
Бұл дүние әлі-ақ өтер ғазиз бастан.
24. Дүние ойлап тұрсам, қос уыстай,
Түрленген қайран күнім тоты құстай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде қосылыспай.
25. Дүние құдым сені он жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Үстінен су төгілмес, майда қоңыр,
Танады ол да бір күн жорғасынан.
26. Дүние, ойлап тұрсам, шолақ екен,
Қарағай, басын кессе, молақ екен.
Он бес пен жиырма бес, қайран отыз,
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.
27. Дүние-ай, ойлап тұрсаң, шекер дүние!
Байға қызық, жарлыға бекер дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Опасыз бір күн тастап кетер дүние.
28. Дүние, келеріңде бұлақтайсың,
Сырғыған кетеріңде сынаптайсың.
Жанына жақсылардың аялдамай,
Па, шіркін, қайда барып тұрақтайсың!
29. Балықта су ішінде дем болмайды,
Етінде сұлу қыздың мең болмайды.
Жарыңыз қойныңдағы жаман болса,
Дұшпаннан қылыш тартқан кем болмайды.

30. Шыназ қала дегенде, Шыназ қала,
Айналатын Шыназды су азғана.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлшеп берген өмірдің күні азғана.
31. Дегенде, дүние шіркін өтер-кетер,
Түбінде сұм дүниенің кімдер жетер?
Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа бар ма жетер?!
32. Ән деп айтпақ өлеңнің қиын жері,
Бәрі бірдей жүйрікке ылди, өрі.
Ұшып түскен алтынның сынығындай,
Сөз сөйлейді жігіттің кемеңгері.
33. Ағайын жат та болса көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр.
34. Ұшып жүрген аспанда ұлар ма екен,
Атып алса баласын жылар ма екен?
Атып алса, баласы жылар болса,
Көкіректен шыбын жан шығар ма екен?
35. Самаурын шай қайнайтын шүмегі алтын,
Досыңмен сыйласатын болма салқын.
Досыңмен сыйласатын болсаң тату,
Көңілің болып жүрер ашық жарқын.
36. Базарға пұл жібердім көк кебіске,
Жігіттер өкінбеңдер өткен іске.
Бірде олай, дүние, бірдей былай,
Қарашы өз қолыңа теп-тегіс пе?
37. Есекті тұлпар деме, жалы бар деп,
Жабыдан айғыр салма, малым бар деп.
Болмайды қарға сұңқар, қайырғанмен,
Шошқаны сипамағын жануар деп.

38. Келеді күн жауғалы бұлт айналып,
Шешеннен озды сақау тіл байланып.
Тұлпардан мәстек озып бөйге алғаны,
Дүние кеткенің бе шырқ айналып.
39. Аққудың азығы жоқ жайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Ақылды ақымақпен бірдей емес,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.
40. Аспанда ұзақ ұшар тобыменен,
Жарқылдап, тұйғын ұшар тобыменен.
Болғанмен ұзақ көкте, тұйғын жерде,
Бірдей ме дәрежесі соныменен?
41. Дегенде, дүмбір дүние, дүмбір дүние,
Азырақ дүмбірлетіп жүрдік дүние.
Қалайын тіршілікте ойнап-күліп,
Кетеді әлі-ақ өтіп бір күн дүние.
42. Тал шыбық жігіт адам таянбайды,
Түлкіден тас түлек құс аянбайды.
Жігіттер, жас шағыңда ойна да күл,
Бұл дүние қайсымызға баяндайды.
43. Ат жақсы арғымақтан шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан таныс болса.
Дұшпан түгіл досың да табылмайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.
44. Үнемі қолда тұрмас бақыт-байлық,
Жаманның пайдасы жоқ шөкім шайлық.
Бар болса ағайынның залалы жоқ,
Дегендей бірде сулық, бірде майлық.
45. Тізілтіп хат жазайын қаламменен,
Адам күні емес пе адамменен.
Болмайды жақсыменен сөйлескендей,
Сан күлсең де сан ойнап, жаманменен.

46. Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Биікке ойда тұрып қол созамын,
Болсын деп шіркін көңіл көтеріңкі.
47. Досым жайлы, ей қалқа, досым жайлы,
Ынтымағы жаманның қосылмайды.
Алды-артын ойлайтын ер азамат,
Дүниеге мастанып отырмайды.
48. Ұшады бала бүркіт аспанменен,
Қашады қызыл түлкі тастарменен.
Бірі қашып, біреуі қуса-дағы,
Болжаусыз жан шықпайды сасқанменен.
49. Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,
Қай дегені пенденің болып жатыр.
Шыққанменен қырықтың қырқасына,
Арман деген кеудеде толып жатыр.
50. Қам сүт іштік анадан піскен емес,
Таудай үлкен күнәміз кішкене емес.
Сол күнәға соншама қоссақ-тағы,
Кешем десе, Құдайға ештеңе емес.
51. Мына заман қай заман, соқта заман,
Мұнан басқа қызығың жоқ па заман?
Мұнан басқа қызығың жоқ болса егер,
Ойнап-күліп қалайық, тоқта заман!
52. Айналайын Құдай-ау, несібе бер,
Ойнаған мен күлгенді кешіре гөр.
Ойнаған мен күлгенді кешірмесең,
Дозақ отын су құйып өшіре гөр!
53. Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Қарқылдап қара қарға бүркіт болмас.

54. Ит қызыл болғанменен түлкі болмас,
Ойнақтап жаман сиыр жылқы болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.
55. Кісі емес кісі артынан жамандаған,
Дос емес дос көңілін таба алмаған.
Қолына кей жаманның тұлпар түссе,
Айызын бір қандырып шаба алмаған.
56. Жаманнан жақсы шықпас, мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас, баптағанмен.
Ителгі қайырсаң да, түлкі алмайды,
Алтынмен томағасын қаптағанмен.
57. Би болмас белін жалпақ бұғанменен,
Ағармас қас наданды жуғанменен.
Білгенге ақыл басқа, ажар басқа,
Не пайда өте әдемі туғанменен.
58. 58 Би болмас белін жалпақ бұғанменен,
Ағармас затты қара жуғанменен.
Кейбіреу көзін жұмып құр шұлғиды,
Сопылық келмес көзді жұмғанменен.
59. 59 Қайтейін, кедейшілік, көзінді ашпа,
Қылдың ғой жеккөрініш қарындасқа!
Кетпейсің босағамнан бақырайып,
Жоқ па еді туысқаның менен басқа?
60. 60 Көк қаршыға дегенде, көк қаршыға,
Көк қаршыға ұялар шоқпар шыңға.
Өмір бәйге болғанда, сен бір жамбы,
Қапылыста қор болма көкпаршыға.
61. 61 Қай жалған мына жалған, дүние жалған,
Тұрымтай алдауменен бөдене алған.
Ойнап-күл дүниенің қызығында,
Күлмеген, ойнамаған қапы қалған.

62. Өлеңді айт дегенде айтпаған кім,
Жарық жоқ өлгендерге, қараңғы түн.
Біріңді бірің сыйла тіршілікте,
Біріңе бірің мейман азғана күн.
63. Бұлтты күн, ендеше, бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.
Оралыңа бір келсе, ойна да күл,
Өтіп кетіп қалады қызықты күн.
64. Аз ойлаған алысқа болмас жолдас,
Татқан тұзға қас қылған жігіт оңбас.
Қызығы бұл дүниенің сыйластықта,
Саясы жоқ ағашқа бұлбұл қонбас.
65. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Апырмау, сол қамшыны кім істеген?
Кей жаман сылаңдайды сырын бермей,
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген.
66. Басында Тарбағатай тошала-ды,
Уысым тошаладан босамады.
Досым деп кей жаманға қол ұсынсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.
67. Қолымда бір қозым бар телінбеген.
Күйеуге төс тартылар келінменен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тыпырлайды жегілмеген.
68. Ташкентте бар бір базар алма базар,
Алма сатып отырған Алданазар.
Жақсыменен дос болсаң, күнде базар,
Жаманменен дос болсаң, көңілің азар.
69. Дариға ағып жатқан суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге малда тіл жоқ.
Басынан бақ пен дәулет тайғаннан соң,
Сенделген мекен таппай ерде күн жоқ.

70. Шын жақсы барған жанды қош алады,
Қаскөйлер болмашы үшін өш алады.
Дос көріп кей залымды жақын тұтсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.
71. Жұлдыз жоқ түнде жарық айдан жақсы,
Қара су сусағанда, шайдан жақсы.
Надандар ойын сөзді кек көреді,
Көтерер ел көңілін қайран жақсы.
72. Өнерге білім білген жеткізеді,
Дариядан кеме, қайық өткізеді.
Жақсымен әуелде бір жолдас болсаң,
Бойыңа бір қасиет біткізеді.
73. Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің жолдас болма қорыменен.
Сөз айтсаң кей жаманға, қорқытады,
Бопсалап қолыңдағы жоғыменен.
74. Жігіттер, бар да аспанда, жоқ та аспанда,
Қарайды жан-жағына ер сасқанда.
Жел сөзді ел құмартқан аяйын ба,
Жиналып, өңшең жақсы бас қосқанда.
75. Байқаймын, өткен күннің белгісі жоқ,
Айналып, екі қайтып келгісі жоқ.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Жаманға жақсы жанды бергісі жоқ.
76. Жігіттер, өткен күнде белгі бар ма?
Адамзат жақсылыққа мәңгі зар да!
Жаманға жазатайым жолдас болсаң,
Бір күні алып барып жығар жарға.
77. Өткен күн, ойлап тұрсаң, белгісіз ғой,
Қол бұлғап шақырғанмен келгісіз ғой.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Бір сөзі мың ділдаға бергісіз ғой.

78. Өлең қайдан шығады, сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді, көз болмаса!
Бұл жалғанның қызығы болар ма еді,
Сегіз қырлы жігіт пен қыз болмаса?
79. Кеш болса кең далада тарғақ ұшар,
Адасып ұясынан зарлап ұшар.
Баулысаң кей жаманды кішкентайдан,
Ақтамай үмітіңді жардан ұшар.
80. Ат туар, айғыр салсам ақ құладан,
Не пайда үйінде жоқ ақ құбадан?
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Барады дүние жалған шапқылаған!
81. Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас, жиған мүлкі.
Жігіттер, осындайда ойна да күл,
О дүниеде жоқ дейді ойын-күлкі.
82. Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.
Ақ көйлек, адал ниет кір шалған соң,
Не керек, су кетірес жуғанменен.
83. Өуеде ұшқан бүркіт қалықтайды,
Сүймеген жар жолдасын жарытпайды.
Сүйген жармен өмірлік жолдас болсаң,
Өлгеніңше сол шіркін, налытпайды.
84. Қаратаудың басында бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас.
Кішкентайдан бірге өскен қимас қалқам,
Төбем көкке жеткенмен ұмыт болмас.
85. Арыстаннан өлген соң, тышқан артық,
Есер достан зиялы дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түссе,
Қоя алмайды бағасын мыстан артық.

86. Қусам да жеткізбейді арман дүние,
Бұрынғы ата-анадан қалған дүние!
Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні артта қалар жалған дүние!
87. Керегенің басында оймақ тұрар,
Кедейшілік жігітке қой бақтырар.
Алған жары жігіттің жақсы болса,
Атын байлап, алдынан ойнап шығар.
88. Жаз жайлауға көшеді ел арбамен,
Ішім толып жүреді арманменен.
Жеңілдер ме тағдырдың артқан жүгі,
Өмірді өлең етіп салғанменен.
89. Арғымақ алыс жүрмес талған сайын,
Жуан ағаш кемиді жарған сайын.
Асырауын кем қылсаң хас жүйріктің,
Шабысы бөсең тартар барған сайын.
90. Біздің ауыл жоғары Сыр болады,
Көп тағылса қалампыр, кір болады.
Тіршілікте жүрейік сіз-біз десіп,
Дәурен екі болмайды, бір болады.
91. Келестің біздің ауыл қамалында,
Басымның қам жемеймін аманында.
Барыңда оралыңның ойна да күл,
Советтің социалистік заманында.
92. Ауада ұзақ ұшар тобыменен,
Астында түйғын ұшар, қолыменен.
Болғанда ұзақ көкте, түйғын төмен,
Бірдей ме дәрежесі соныменен?
93. Жылқы деген мал жақсы, жүйрік болса,
Жігіт қайда жүрмейді, бұйрық болса.
Көңілі өсіп жігіттің отырмай ма,
Алдында жал, артында құйрық болса.

94. Дәйім менің мінгенім алқара кер,
Ал, кәне, екі-екіден ән сала бер.
Осындайда, балалар, ойна да күл,
Бәрімізді жалмайды сұм қара жер.
95. Ендеше, мыс қалады, мыс қалады,
Қайырылып мыс қалаға құс қонады.
Барында жастық шақтың ойна да күл,
Саудырап өлгеннен соң тіс қалады.
96. Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр келген бақты игере алмай.
Он саусақ қарап тұрсаң, бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басын сүйрей алмай.
97. Самарқанда өрт болса, Ошта түтін,
Бұл дүниеде адам жоқ бауыры бүтін.
Бұл дүниеде жан болса, бауыры бүтін,
Қағаздан қазан жасалар, гүлден отын.
98. Қасқыр алар Қараойдың қасқалдағы,
Солқылдайды көпірдің басқан жағы.
Жайды білмес жаманға ісің түссе,
Әпер дейді жұлдызды аспандағы.
99. Ар жағы Алматының шым келеді,
Жаныңнан жақсы болсаң, кім кетеді?
Болғанда тағдыр тұлкі, ажал бүркіт,
Бір күні қуып жетіп індетеді.
100. Жел соқса, ұзын ағаш ырғалады,
Біреуден біреу көріп үлгі алады.
Барында оралыңның күліп-ойна,
Опасыз сұм жалғаннан кім қалады.
101. Ақылы ер жігітті байыпты етер,
Аяғың, нық баспасаң, тайып кетер.
Жаманға жақын тартып, сырыңды айтсаң,
Сол жаман шыға бере жайып кетер.

102. Ботасы өлген бозінген боздайды екен,
Ақын жігіт тойда өлең қозғайды екен.
Сары аяққа бал құйып қойсаң-дағы,
Өз еліндей өркімнің болмайды екен.
103. Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Қара құс қайырғанмен бүркіт болмас.
Тыңдаушы сөз иесі кез келгенде,
Жел сөзді ауыздағы іркіп болмас.
104. Алайын өнге басып кезегімді,
Өлеңім жарып шыққан өзегімді.
Алдынан төте шауып көрінейін,
Сүйемін партия мен өз елімді.
105. Мінгенім дәйім менің арда күрең,
Жоқ болса жалғыз тайың, өлең үйрен.
Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер.
106. Мінген атым астымда ақтанау кер,
Ақтанаудан оза алсаң, мақтана бер.
Ақтанауға құлпыртып мінгенімде,
Көрінеді бірдей боп ылди мен өр.
107. Өтіп дәурен барады соққан желдей,
Бір кеткен соң зар қылар қайтып келмей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Дүниеде жүрмейсің ақыр өлмей.
108. Өлеңшілер өлеңнің қыр гүліндей,
Жүрмін жарап әлінің дүлділіндей.
Сан күлгенім, сан ойнап жаманменен,
Болмайды екен жақсының бір күніндей.
109. Ат жетім өрен жүйрік шабылмаса,
Топ көріп ащы тері арылмаса.
Болады теңдесі жоқ көрі жетім,
Бас тартар кірерге үй табылмаса.

110. Арғымақтан ат жақсы, шабыс болса,
Ағайыннан жат жақсы, таныс болса.
Досың күліп, дұшпаның табалайды,
Бір нәрседен аяғың шалыс болса.
111. Бір бешпентім үстімде қара мақпал,
Оны қиған қайшыны ана мақтар.
Дүниенің қызығы ойнап-күлген,
Төрт бұрышын әлемнің аралап қал.
112. Біздің заман қай заман, жақұт заман,
Еңбекшіге әперген бақыт заман.
Құлшылықтың құтылып бұғауынан,
Айға ұмтылып биікке бастық қадам.
113. Өткен заман қай заман, жылан заман,
Жылан шағып, халық жоқ жыламаған.
Боз інгеннің бәрі жеп боташығын,
Ер жігітке мал мен бас құралмаған.
114. Жігіті біздің елдің сылқым сері,
Күнде той ойын-күлкі жүрген жері.
Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған,
Өркімнің өзіне ыстық туған жері.
115. Үйір болдық жел сөзге жасымыздан,
Жақсы болсақ, кім кетер қасымыздан.
Құмға айдаған жылқының мұнарындай,
Өмір өтіп барады басымыздан.
116. Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Тәубасын пенде ұмытар, болған сайын.
Ашу пышақ болғанда, ақыл таяқ,
Таяғың кемімей ме жонған сайын?
117. Түбінде тобылғының торғай да бар,
Жан сақтар ажал жетсе, жер қайда бар.
Бір жақсы, бір жаманмен әрқайда бар,
Қосылар екі жақсы күн қайда бар?

118. Дәйім менің, мінгенім көк жал шабдар,
Жануардың желісі шапқандай бар.
Бір-екі ауыз жақсымен сөйлескенім,
Құшақтасып жаманмен жатқандай бар.
119. Айда батпан жігітке, күнде батпан,
Шаба алмаймын, толықсып жайдақ аттан.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Сексеуілдің шоғындай жайнап жатқан.
120. Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күйі бар қасында.
Дос болып, қас қылғаннан сақтағайсың,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
121. Тоқым салма жауырға, жалды екен деп,
Жолдас болма жаманға малды екен деп.
Сынса-дағы сырлы аяқ сыны кетпес,
Күдер үзбе жақсыдан жарлы екен деп.
122. Сән болмайды жүйрікке қамшылаған,
Зәм-зәм артық дариядан тамшылаған.
Отыз үйрек, қырық қаз алса дағы,
Нәсілі артық сұңқардың қаршығадан.
123. Жігіт бол жігіт болсаң, тал жібектей,
Жарамас қатты болу тікенектей.
Білімің болса-дағы ұшан-теңіз,
Не керек өз жұртыңа қызмет етпей.
124. Білімдіні несіне жек көрейік,
Ақтан тауып, несіне жеп көрейік.
Артық ақыл ойланып таба қалсаң,
Алыспай-ақ біреуге тек берейік.
125. Басында биік таудың жалғыз терек,
Жігітке сыр шашпайтын жолдас керек.
Дүние, ойлап тұрсаң, түпсіз дария,
Батпайтын дарияға кеме керек.

126. Басына Қаратаудың қақ тұрмайды,
Жігітті шалса қырсық, бақ тұрмайды.
Басыңда бақыт-дәулет тұрған шақта,
Алдына әркім-ақ кеп тақсырлайды.
127. Қудым сені қара өлең бала жастан,
Дүниенің аз-көбіне қарамастан.
Оралыңның барында күліп-ойна,
Не келіп, не кетпейді ғазиз бастан.
128. Жақсы қандай, құрбылас, жаман қандай,
Жүйрік қандай, ойлашы, шабан қандай?
Жай білмейтін жаманмен болсаң жолдас,
Қараңғы үйдің ішінде қамалғандай.
129. Сулық қайда, жігіттер, сұр шекпендей,
Кей жігіттің мінезі тай тепкендей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Жастық көңіл болады су сепкендей.
130. Би болмас белін жалпақ бұғанменен,
Ағармас қас қараны жуғанменен.
Білгенге ақыл басқа, ажар басқа,
Не пайда өте әдемі туғанменен.
131. Сұлуды сұлу деме, сүймеген соң,
Асылды асыл деме, кимеген соң.
Жақсыларға не керек қошамет қып,
Шарапаты ешкімге тимеген соң.
132. Қара көк жылқы ішінде сетер екен,
Күлмеген, ойнамаған бекер екен.
Жастық шақ, көк семсердің жүзіндей боп,
Аз күнде жалт-жұлт етіп, өтеді екен.
133. Қара көк жылқы ішінде сылаң қаққан,
Өмілдірік, кезімін сөндеп жапқан.
Оралыңның барында күл де ойна,
Қызыл түлкі дүние бұлаң қаққан.

134. Ұлы Ленин, алдыма ақ жүрегім,
Тастан шыққан бұлақтай мөлдіредің.
Социалистік Советтің заманында,
Алып бердің, әр елдің бар тілегін.
135. Ұлы Ленин алдымда көсеміміз,
Қиын жерден ой тапқан шешеніміз.
Қапас түннен құтылған қалың елдің,
Күн-күн сайын мерейі өседі жүз.
136. Дауысым ән дегенде бір саңқылдар,
Жел соқса, жаман түйе үйге аңқылдар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдынан үйрек ұшып, қаз қаңқылдар.
137. Ән дегенде дауысым шырқап кетер,
Мұратына шын ғашық әлі-ақ жетер.
Тіршілікте ойнап күл, бозбалалар,
Әне-міне дегенше дәурен өтер.
138. Ауылымның қонған жері жусан ба екен,
Белімді жусанменен бусам ба екен?
Кешегі өтіп кеткен жиырма бесті,
Артынан қос атпенен қусам ба екен?!
139. Кісіге өнер де өрнек, өлең де өрнек,
Шын жүйрік өрге шапса, өршеленбек.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шырағың мың күн жанған бір күн сөнбек.
140. Өлең деген немене білген құлға,
Ақ теңгесін кім қимас алар пұлға.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға.
141. Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Кер биеге жарасар кер құлыншақ.
Өлгеннен соң қаларсың қу сүйек боп,
Дауысыңның барында қалшы-ау шырқап.

142. Жаманның жемтік түссе жөргегіне,
Жолдасының қарамас өлгеніне.
Жазатайым жақсыға ісің түссе,
Биік таудың шығарсың көрнегіне.
143. Қасқыр алар Қараойдың қасқалдағы,
Солқылдайды кәпірдің басқан жағы.
Жайды білмес жаманға ісің түссе,
«Өпер» дейді жұлдызды аспандағы.
144. Бір тісім, екі тісім, маржан тісім,
Сыртыңнан не демейді дұшпан кісің.
Сыртымнан десе десін дұшпан кісім,
Аллаға аян шығар қылған ісім.
145. Жел соқса ұзын ағаш ырғалады,
Біреуден біреу көріп үлгі алады.
Барында оралыңның күліп-ойна,
Опасыз сұм жалғаннан кім қалады.
146. Жиырма бес өте шықты ескен желдей,
Қоныстан қопарылып көшкен елдей.
Жастықты думандатып жүре бердік,
Қайрылмай кететіні еске келмей.
147. Ойлап тұрсам бұл жалған бөрі елес,
Өткен өмір айналып қайтып келмес.
Арманыма жетем деп талпынасың,
Өлгеніңше кеудеңнің оты сөнбес.
148. Қаршығам қазға салсам, қаз іледі,
Жиылып қыз-бозбала бір жүреді.
Құдай-ау, жас күнімде өлім берме,
Көл жайғап, жем жейтұғын мезгіл еді.
149. Баркернеуді барған жұрт биік дейді,
Бұлтқа басы тұрады тиіп дейді.
Шықпаса аты жігіттің батырлықпен,
Туған жерін шығарар сүйіп дейді.

150. Елімнің бір жайлауы Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жазда сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында туып батқан,
Дариға-ай, мен қайтейін, ғұмырым аз.
151. Аузыңды ашсаң көрінер маржан тісің,
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің.
Десе десін сыртыңнан дұшпан кісің,
Білінбей ме досыңа еткен ісің.
152. Жүгірген құмнан құмға құмай тазы,
Жігітті малдың азы мұңайтады.
Жігіттер, малым аз деп мұңаймаңыз,
Бір күні өлім келіп шұнайтады.
153. Жігіт болсаң, жігіт бол көңіл ашар,
Өнер қуған жігіттен бөле қашар.
Өміріңді өткізбе түндей қылып,
Жігіттің де жігіті бір-ақ жасар.
154. Қиын екен жігітке жұртқа жақпақ,
Жақсы, жаман көңілін бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып жүрсең-дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.
155. Сал кеуде сандуғаштай сайрап тұрған,
Меруерт тас Самарқанда жайнап тұрған.
Ағалар, топтан таңдап бір сұлу ал,
Тасындай диірменнің ойнап тұрған.
156. Бір күйі домбырамның пернесінде,
Жел сөзден іркілейін мен несіне.
Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,
Мен кепіл өткен жастық келмесіне.
157. Сөйлеп қал, сөйле, тілім, шал боларсың,
Қу томар басын кескен тал боларсың.
Қартайып, жасың жетіп келген шақта,
Артыңа бір қарауға зар боларсың.

158. Сөйлеп қал, сөйле, тілім, екпінденіп,
Жүйріктей топқа түскен өкіленіп.
Қартайсаң, шабан аттай жүрісің жоқ,
Алсайшы осындайда желіп-желіп.
159. Сөйлеп қал, сөйле, тілім осындайда,
Аққан су бір мезгілде таусылмай ма?
Қартайып, жасың жетіп, өлгеннен соң,
Топырақ өз бетімен шашылмай ма?
160. Келемін жоғарыдан төмен қайтып,
Көңілді көтерелік өлең айтып.
Көңілді көтермесек өлең айтып,
Әлі-ақ бір күн қалармыз жер томпайтып.
161. Шіркін-ай, жаман қандай, жақсы қандай,
Барады өтіп өмір асыққандай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қара жер бауыры суық басып қалмай.
162. Қамыстың ат байладым сабағына,
Жігіттің жолдас болма жаманына.
Жігіттің жолдас болсаң жаманына,
Дұшпанның тастап кетер табанына.
163. Жігіттер, дәурен етер, дәурен етер,
Бәрі де бұл дүниенің әуре бекер.
Қаумалаған достарың сырт айналар,
Қадіріне сүйген жар, сәулең жетер.
164. Жиырмаға жиырма бес жуық екен,
Ақ боз үйді көтерген уық екен.
Оралыңның барында ойна да күл,
Қара жердің бауыры суық екен.
165. Жазың салқын, ей, Алтай, қысың қырау,
Аққан өзен сылдырап бейне жырау.
Алтыбақан тербеген қыз-бозбала,
Жайлауымыз Алтынкөл анда тұр-ау.

166. Алтайдың салдым сайран күн бетіне,
Ақ қағаз жазу жаздым бір бетіне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз көпшіліктің құрметіне.
167. Ой, Алтай, басың биік, шөбің сұйық,
Ойнайды бауырыңда арқар, киік.
Кір жуып, кіндік кескен қайран Алтай,
Кетеді сені ойласам ішім күйіп.
168. Қара Ертіс, қайран өзен Нарын-Күршім,
Түскенде Күршім еске, жат та күрсін.
Дүниеде туған жерге жетер қайда,
Шет жерде аңсап жүрген күнің құрсын.
169. Біздің ел қара Ертісті қыстайтұғын,
Шағимен түлкі тымақ тыстайтұғын.
Ей, тағдыр, мен не қылдым, сен не қылдың?!
Осынша шыбын жанды қыстайтұғын.
170. Қаратау, Қасқамұрын қалдың бізден,
Шалғыны Мыңбұлақтың келер тізден.
Өзіңе, тірі болсам, оралармын,
Әзірге, айналайын, күдер үзбен.
171. Самалы Сарыарқаның желпиді оңнан,
Жайлайды жылқы сауыр, сиыр жоннан.
Майы шығып түгінен тарлау жесе,
Жарылар қой құйрықтан, түйе қомнан.
172. Тау көрінер алыстан мұнарланып,
Ойнайды екі ғашық құмарланып.
Оң жағында шіркіннің жатар ма еді,
Ақ иықтай түлкі алған жұмарланып.
173. Көріп пе ең сен қырғыздың Алатауын,
Басында бұлт ұялап, күнде жауын.
Алыста аңсап жүрген ағайынның,
Жән болар біліп жүрген есен-сауын.

174. Басың биік Алатау тақиядай,
Шалғыныңды ел басып жапырады-ай.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп дәурен барады қапияда-ай.
175. Басың биік, Алатау, бауырың жазық,
Қағулы тұр басыңда алтын қазық.
Дауысыңды сыртыңнан естіп, біліп,
Қалқатайым, атыңа болдым ғашық.
176. Жуантөбе, Тасты мен Шу жайлаған,
Бірге өсіп құрбыммен, бірге ойнаған.
Әрбір күнім бергісіз бір ғасырға,
Тамаша, қызықты өмір гүл жайнаған.
177. Шудан арман басталар Бетбақ дала,
Жайлауы ауылымның сала-сала.
Құс қанаты күйетін ыстық шөлге,
Мал бағып, сап түзеттік жаңа қала.
178. Өлеңді білген де айтар, білмес те айтар,
Су ішіп Ақжайықтан жылқым қайтар.
Өлеңді біле тұрып айтпай кетсем,
Жақсының мың теңгелік көңілі қайтар.
179. Үштөбе, Жартытөбе, Балатарлан,
Балдысу, Қарабұлақ, Шолаққорған.
Хантағы, Қатынқамал, Қытай, Шылбыр,
Ауылым Ишанкөлді құрсай қонған.
180. Басында бұл Күртінің бір топ мия,
Келемін кер бестімен жылқы жия.
Болғанда келу оңай, кету қиын,
Қалғаның кете алмадым көңілін қия.
181. Хан тауының басына құрт қайнаттым,
Алтын күрек соқтырып, ат байлаттым.
Түлкі ішіктің жағасын атқа жауып,
Өлең білмес құрбымды сартқа саттым.

182. Жайлауы біздің елдің Құланөтпес,
Бөріге ит қарғысы, сірә, жетпес.
Жігітке қыз қарғысы майдай жағад,
«Ішің кепкір» десе де, еш нәрсе етпес.
183. Әулиеге ұраңқай тиіп тұрар,
Өзге таудан еңсесі биік тұрар.
Сен есіме түскенде, сүйген сәулем,
Сырым жалын, ішім от күйіп тұрар.
184. Биік-биік тауларға шыққым келді,
Биігіне сүйеніп ұйқым келді.
Биігіне сүйеніп ұйықтап кетсем,
Құрбы-құрдас бірге өскен түсіме енді.
185. Ауылымның қонған жері боз бетеге,
Бір үйде қыз бес болса, тон жете ме?
Көңілің расымен болса менде,
Шық түнде, мен ерейін, сен жетеле.
186. Ауылым көшіп барады Көлмеккөлге,
Алыс дейді Көлмеккөл көрмегенге.
Алыс болса Көлмеккөл көрмегенге,
Күн жарқырап, ай туар өлмегенге.
187. Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді Алланың салғанына.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Екі көзің жәутендеп қалғаның ба?
188. Ауылым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпенен араласып.
Ауылың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Әлдекімге кетерсің бауыр басып.
189. Ауылым көшіп барады Сарымсаққа,
Шықпайды екен шыбын жан жалынсақ та.
Ешбір хабар келмейді қысы-жазы,
Сарғайып ақ жүзіңе табынсақ та.

190. Ауылым көшіп барады ылай көлге,
Шағи бешпент жарасар қынай белге.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Көз жасыңды көл қылып жылай берме.
191. Ауылым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпен араласып.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Ақ қағазбен жүрейік амандасып.
192. Жылқымды айдап салдым Шиліөзекке,
Жығылдым атым тайып қу тезекке.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Қалайық ойнап-күліп бір кезекке.
193. Жылқыны айдап салдым Теріскейге,
Келісер кесте тіксе, мініскейге.
Өлеңді жалғыз айту жарамайды,
Ән салсақ екі-екіден, келіспей ме?
194. Айдап салдым жылқыны Теріскейге,
Айдамаса, мал шіркін өрістей ме?
Бір саңлақты ішінен ұстап мініп,
Осылайша өн салсам, келіспей ме?
195. Өуедегі жұлдыздың алтауы үркер,
Бойжеткен қыз бетіне опа бүркер.
Бүгін жаққан опасы ертең кетер,
Құдай сұлу етпесе, бәрі бекер.
196. Айдап салдым жылқымды Теріскейге,
Айдамаса мал шіркін, өрістей ме.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Өлеңді өстіп айтса, келіспей ме?
197. Биік бол, биік болсаң жанашырдай,
Тату бол, тату болсаң жанашырдай.
Аяқты былқ-сылқ етіп баса алмайсың,
Бәйгеден жаңа келген қара сұрдай.

198. Көшкенде жылқы айдаймын кер кекілмен,
Аймалап ауық-ауық жел бетімнен.
Шырқатып жол-жөнекей ән салғанда,
Шаттанып қыздың жаны тербетілген.
199. Ендеше, тау жайлаймын, тау жайлаймын,
Тайым жорға болсын деп тау жайлаймын.
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Аз тамаша болсын деп айқайлаймын.
200. Ендеше, ой балдырған, ой балдырған,
Ауылыңды ойпаң жерге кім қондырған.
Ау-ой, десем артыңа қарамайсың,
Қарамастай көңіліңді кім қалдырған.
201. Болғанда ой қараған, қыр қараған,
Кім еді таңертеңгі қой қараған.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Қойныма көзім жасы сорғалаған.
202. Болғанда ой тошала, қыр тошала,
Ойпаңнан теріп жедім бір тошала.
Шыныменен көңілің менде болса,
Бері жатып іргеңді оңашала.
203. Болғанда ой бүлдірген, қыр бүлдірген,
Ойпаңнан теріп жедім бір бүлдірген.
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,
Кісіге сенен басқа сыр білдірмен.
204. Болғанда ой қарақат, қыр қарақат,
Ойпаңнан теріп жедім бір қарақат.
Көңілің шыныменен менде болса,
Бері жатып, іргеңді оңашалат.
205. Қаратаудың басынан қар борайды,
Керім жігіт басына сәлде орайды.
Сәлдесін бір ораған жүз орайды,
Басына сол шіркіннің кім қарайды.

206. Қаратаудың басында қар борайды,
Басына үлкен адам сөлде орайды.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Қасыңа келіп-кетер кім жарайды?
207. Қаратаудың басынан арша ап жүрмін,
Аршамды көтере алмай шаршап жүрмін.
Кеткенде жерің шалғай қос перизат,
Көруге ақ жүзіңді аңсап жүрмін.
208. Қаратаудың басында балуан тас,
Көтере алмай көзімнен шығады жас.
Көтере алмай жатқанда көтеріскен,
Ата-анадан жақсы екен құрбы-құрдас.
209. Қаратаудың басында қабандаймын,
Қара өлең қапелімде таба алмаймын.
Таба алмаймын дегенде, тап бермеші,
Еркін жүйрік қызыл тіл амалдаймын.
210. Біздің ауыл Көкталдың бер жағында,
Баркөрнеудің соғатын жел жағында.
Көзіндегі шын болса күлкің, жаным,
Ел жатқан соң жамбастап кел жаныма.
211. Қаратаудың басына қарай жаттым,
Беліме қара айдарым орай жаттым.
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,
Жол тосып жолаушыдан сұрай жаттым.
212. Қаратаудың басында қазылған жол,
Түскенде мен есіңе қайғырған бол.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,
Кетпейді аш бүйірден таянған қол.
213. Қаратаудың басынан аса алмадым,
Жапырағын жайқалтып баса алмадым.
Жапырағын жайқалтып басар едім,
Атыңды атап өлеңге қоса алмадым.

214. Қара су есік алды, суда мін жоқ,
Хайуан өлдім дерге малда тіл жоқ.
Барында заманыңның ойна да күл,
Келгенше жыл айналып кім бар, кім жоқ.
215. Қара суды қақ жарып қайық өтер,
Ептеп бас аяғыңды тайып кетер.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Бұл жалған жалғыз-ақ күн ғайып етер.
216. Қара су есік алды, тасқыны бар,
Болса да тасқыны бар, тынысы тар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Құрбыңды бір көруге боларсың зар.
217. Қара су есік алды, жусан ба екен,
Белімді жусанменен бусам ба екен.
Кеткенде ауылың шалғай, ей, қарағым,
Артыңнан қос ат алып, құсам ба екен.
218. Бір тау бар, таң шапағы қызылдаған,
Сонасы қысы-жазы ызылдаған.
Байлығы атамыздың сол емес пе,
Киізін алпыс жігіт ұзындаған.
219. Бір тау бар, Төңірі өзі жоталаған,
Көшпейсің қысы-жазы сол арадан.
Бақыты атамыздың сол емес пе,
Тайы туып, тайлағы боталаған.
220. Бір тау бар көз ұшында бұлбұл қаққан,
Бір адам жайлаймын деп белгі таққан.
Байлығы сол бір таудың сол емес пе,
Жусанын жұлып алып отқа жаққан.
221. Бір тау бар, қары кетпес қия сырттан,
Арқанды тауып алдық көшкен жұрттан.
Кетерде ауылың алыс, әй, қалқатай,
Уәде үшін бөлейік жарма құрттан.

222. Бір тау бар, көк тіреген басы биік,
Болса да басы биік, шөбі сұйық.
Байлығы еліміздің ас емес пе,
Бауырында мекендеген құлан-киік.
223. Қалам алып, хат жаздым тәрбиялап,
Бүркіт салған жүреді тау қиялап.
Жапан түзге сен біткен бір бәйтерек,
Бұтағыңа жүрмесін қарға ұялап.
224. Тұз төбенің басында тұзы қалды,
Бой жетіп, бұлықсыған қызы қалды.
Күлімдеген көзінің көңілімде,
Сонардағы соқпақтай ізі қалды.
225. Ұшады аққу көлден байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.
226. Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,
Ұясы жануардың желге қарсы.
Кеткенде ауылың шалғай, тату қалқам,
Төгілер орамалға көздің жасы.
227. Көк балдырған дегенде, көк балдырған,
Жолда жүріп жолаушы ат шалдырған.
Әй-әй, десем, артыңа қарамайсың,
Қарамастай көңіліңді кім қалдырған.
228. Қоянды шалмай алар қара қаншық,
Сұңқарға жем тілеген болар талшық.
Есіме, беу, қарағым, сен түскенде,
Сыртым сау, болып жүрмін баурым балшық.
229. Олай көшкен ауылым, былай көшкен,
Түйем ойнап жартастан құлай көшкен.
Бегалының түбінде бек сөйлескен,
Сенен артық досым жоқ құдай дескен.

230. Дүние өте шығар ебелектеп,
Құрбыға сөз айтамын не керек деп.
Сыртыңнан талай құрбың жүрген шығар,
Сәуірдің бұлтындай боп төңіректеп.
231. Боз үйден сен шығасың керіліп-ай,
Аяқты бір басуға ерініп-ай!
Аққудай көлден ұшқан көтеріліп,
Жігінен жанарыңның сөгіліп-ай.
232. Елімнің бір жайлауы Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жазда сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында туып-батқан,
Қайтейін, о дариға-ай, ғұмырың аз.
233. Қызығы бұл өмірдің жайлаудағы,
Жастықпен бұл көңілім қайда аумады.
Есіме сен түскенде сенер болсаң,
Ботадай мұңаямын байлаудағы.
234. Алатаудың басында қайрақ жатыр,
Ауыл малын жайлауға айдап жатыр.
Күндіз-түні қасыңнан шықпас едім,
Қу тіршілік қолымды байлап жатыр.
235. Біздің ауыл сұрасаң белтұрғанда,
Ұзын ағаш солқылдар жел тұрғанда.
Күн мен айын басқаның неғылайын,
Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда.
236. О, қыздар, сары беткей, сары беткей,
Жатады теріскейдің қары кетпей.
Барында оралыңның ойна да күл,
Тұрғанда нұр жүзіңнің әрі кетпей.
237. Майтөбе біздің ауыл шат басында,
Ала арқан алты құлаш ат басында.
Көңілің алабұртқан бізде болса,
Жаудырап екі көзің жат қасымда.

238. Құрбым-ау, сылдыр үзбе, сылдыр үзбе,
Жаз Майтөбе жайладық, құмды күзде.
Болғанмен ауыл шалғай, көңіл жақын,
Кетті деп көз көрмеске күдер үзбе.
239. Қаңбақ ұшар Қараойдың желіменен,
Суы тасыр Іленің сеңіменен.
Кейінгі жастар өсіп білмес қадір,
Өркімді алсын Құдай теңіменен.
240. Ендеше, Іле деймін, Іле деймін,
Іледен өте шықтым, міне, деймін.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Өз жарыңның тілеуін тіле деймін.
241. Басында Қаратаудың қарға жүрер,
Шиқылдап қара жолмен арба жүрер.
Сен есіме түскенде сенер болсаң,
Шыбын жаным шырқырап зорға жүрер.
242. Төрт дуадақ дегенде, төрт дуадақ,
Қой жайылар көктемде, көк қуалап.
Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Жата алмаймын төсекте төрт домалап.
243. Алматы біздің ауыл қырқасында,
Бір күн қар, бір күн жауын, бұрқасын да...
Мойныңа ақ білекті арта салсам,
Ақбілек айрылмаса, қырқасың ба?
244. Келеді айым туып, күңгірт болып,
Қой өлер көктемде қылқұрт болып.
Тіршілікте айтамын, ойна да күл,
Қаларсың өлгеннен соң, жым-жырт болып.
245. Қыз емес қыздың аты гүл емес пе,
Бір нәрсе қыздан жігіт тілемес пе.
Болғанда жігіт бұлбұл, қыз қызыл гүл,
Бұлбұл кеп қызыл гүлге түнемес пе!

246. Боз беткейлі, ендеше, боз беткейлі,
Боз беткейден жайылған мал кетпейді.
Шөбі жұмсақ, шаруа, малға жайлы,
Бағаналы Мансарға жер жетпейді.
247. Маусым мамыр болғанда, маусым мамыр,
Мал құдықтан су ішер, абыр-сабыр.
Самал соқса қызылдың аптабымен,
Күн қызады, жер бусап, жасыл адыр.
248. Бойында бұл Қобданың ши бар ма екен,
Оуда шебер ойған мін бар ма екен.
Ант ішкен айрылмастай тату едік,
Көретін қайта айналып күн бар ма екен.
249. Күрең жалды ат дегенде, күрең жалды ат,
Сахарада ойнайды өңкей саңлақ.
Алыстан жүзіп келген сен ақ сазан,
Мен болсам іліп түсер алтын балдақ.
250. Алтын шашың жақсы екен тарақтауға,
Бала сұңқар көнбейді балақтауға.
Ортасында мұхиттың сіз бөйтерек,
Мен келдім бұтағына қонақтауға.
251. Қазығұртты жағалай тас болады,
Шын азамат еліне бас болады.
Көрінгенмен жылтырап, сыртым бүтін,
Ішім жанып, көзіме жас толады.
252. Ұлы жұртты жағалай тал болады,
Ашылмаса көңілің, дал болады.
Қасіретті қайғысы басқа түссе,
Айдын көлге ақ үйрек зар болады.
253. Өрмегейті, Қаракөл жердің туы,
Алтын бұлақ секілді аққан суы.
Ән дауысын сағынып жүргенімде,
Қай жеріңнен келеді әннің туы.

254. Қара бұлт келеді меңдей болып,
Кескен терек қалады жеңдей болып.
Ауылың алыс кеткенде, беу қарағым,
Кім көрінер көзіме сендей болып.
255. Жан сәулем, айға бітсе сендей көрік,
Дария тасып, тау балқыр, тастар еріп.
Тамақтан үлбіреген бір иіскетсең,
Кетпей ме бойдан қуат, ойдан ерік.
256. Көктейді, тамыр болса, жалғыз терек,
Тереңге бойлап барып тартар қорек.
Төбенді күнде көріп жүрмеген соң,
Қызығы бұл жалғанның неге керек.
257. Ақ үйге ат байладым жанастырып,
Кеттің бе ата дәулет, адастырып.
Етің бал, қымызың шекер, қайран Арқа,
Қойдың ғой қара суға таластырып.
258. Тауға шықсам, сайрайды тау кекілік,
Қар жауғанда қалады жол бекіліп.
Тісің науат болғанда, тілің шекер,
Қабағыңнан тұрады нұр төгіліп.
259. Қар жауды қара жерге кетпейтұғын,
Су шықты ойпаң жерге кешпейтұғын.
Аузымнан отыз маржан түгел кетті-ау,
Бір шебер таба алмадым септейтұғын.
260. Бір сөз айтам өзіңді сынағалы,
Жағдайыңды екінші сұрағалы.
Бұйырғанын біреудің біреу алмас,
Табиғатқа болады ұнағаны.
261. Маусым-мамыр болғанда, маусым-мамыр,
Мал құдықтан су ішер абыр-сабыр.
Саумал иісі самалдың сарай ашып,
Күн қызады, жер бусап, жасыл адыр.

262. Жағалай Бадам суын халқым отыр,
Жерінің дәулетіне шалқып отыр.
Заманның жақсылығын көзім көріп,
Сүйегім, етім еріп, балқып отыр.
263. Ағашы таулы жердің қара барқын,
Қалқатай, айналайын, жүзің жарқын.
Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Аузыңнан шыққан сөздің бәрі де алтын.
264. Балғын көлде дегенде, Балғын көлде,
Балғын көлдің балығын алғым келді.
Кішкентайдан бірге өскен, беу, қарағым,
Аттандырған жеріңде қалғым келді.
265. Өнге салам жерімнің ақ бұлағын,
Жел тербеген әдемі бал құрағын.
Айналайын атыңнан туған жерім,
Сен дегенде жүрегім зар жылады.
266. Жаз жайлаудың суында жайын семіз,
Қайырады күйісін малың семіз.
Тау самалы жаныңды жадыратып,
Таң сәріде соғады салқын лебіз.
267. Дегенде жыңғыл шоқпар, жыңғыл шоқпар,
Жерлерге бетегейлі жылқым тоқтар.
Өлеңнің жақсысы бар, жаманы бар,
Айтайын қандай өлең, сылқым сотқар.
268. Ұшады қыран бүркіт шыр айналып,
Арықтан су ағады ылайланып.
Ер жігіт сері-селтең қорғанменен,
Қазығын таппай қоймас бір айналып.
269. Ұлы жұртты жағалай тал болады,
Ер жігітсіз көңілің дал болады.
Қасіретті қайғысы басқа түссе,
Айдын көлге ақ үйрек зар болады.

270. Жырқылтыдай жер қайда, қар алмаған,
Жібек шашың желкілдеп, таралмаған.
Бағаласам бағаңа жан жетпейді,
Бұл өлкеде сіздей жан жаралмаған.
271. Бұл өлке біздің ауыл жайлаған жер,
Желіге асау құлын байлаған жер.
Көзіме от-жалындай көрінеді,
Айқасып құлын-тайдай ойнаған жер.
272. Ну орманның ауылың арасында,
Мөлдір бастау тұнық су жағасында.
Қай бақтыға, құрбыжан, кез боласың,
Талай жігіт сыртыңнан таласуда.
273. Аспанда Үркер алтау, Шолпан жалғыз,
Домбыра екі шекті қолға алғанбыз.
Мұндайда босқа отырып жарамайды,
Көпшілік құрметіне өн салғанбыз.
274. Бұл өлке біздің ауыл күзеген жер,
Қаракөз бойын салып түзеген жер.
Көзіме от-жалындай көрінеді,
Қолаң шаш уәдесін үзбеген жер.
275. Дәйім менің мінгенім ұзын құла ат,
Екі жағы Қобданың малға суат.
Ауылың алыс кеткенде туыстарым,
Осы әніме сала жүр дөтке қуат.
276. Көшіп ауылым барады Қауланкөлге,
Қашан көшіп жетемін таудағы елге.
Қайта айналып көргенше кім бар, кім жоқ,
Қош айтайын, қол қысып бұраң белге.
277. Өрлеп-құлдап жүруші ек бұлғын бойын,
Жағасында көк майса салып ойын.
Әсем әнді құбылтып айтқанымда,
Бойжеткеннің балқытып тұла бойын.

278. Кең жайлау қандай жақсы жайлағанға,
Биені топ-тобымен байлағанға.
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,
Сауығын сахараның ойлағанда.
279. Жалғыз ағаш жапанда ырғалады,
Ойнамаған, күлмеген құр қалады.
Оралыңның барында ойна да күл,
Опа шегіп жалғанда кім қалады?!
280. Түзге біткен бөйтерек шынар едім,
Өлеңіммен еліме ұнап едім.
Бізді мұнда дәм айдап кез келтірді,
Бір көруге өзіңді құмар едім.
281. Мен қайтейін Қаратау биігіңді,
Мерген болып атпадым киігіңді.
Жатсам-тұрсам есімнен бір кетпейсің,
Енді қайтып басамын күйігімді.
282. Талға байлап күреңді мінген қандай,
Ойнап-күліп құрбымен жүрген қандай.
Осы жолы ауылыңа бармақ едім,
Бара алмадым ауылыңа жерің шалғай.
283. Қойым семіз болсын деп тауға бақтым,
Таудың сәні келсін деп сырнайлаттым.
Тау басынан ертемен кездеспесек,
Жас жүректің обалын саған арттым.
284. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып қалқатайдан жүрем деген.
285. Гүл бөйшешек оранған жерім еді,
Көптен бері көзіме көрінбеді.
Дәулеті мол ырысты несібені
Қанша халқым өзінен теріп жеді.

286. Қалды кейін қайран ел, туған жерім,
Аман да бол, қайыр хош, асқар белім.
Ата-анамның кезінде ізі қалып,
Ең алғашқы кіндік қан тамған жерім.
287. Жайнап өскен жас шыбық доланасы,
Бал татыған шекерлі, ақ алмасы.
Жатсам-тұрсам есімнен бір кетпейді,
Ақ бастаулар сылдырап сай-саласы.
288. Су шығар жалбызы бар шилі жерден,
Сөз шығар естімеген үлгілі елден.
Сайрап қал қызыл тілім ел-жұртыңа,
Құтылған еш ақын жоқ қара жерден.
289. Жер қайда Сеңкілкөлдей жайлағанға,
Шыңғыртып жас құлынын байлағанға.
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,
Қалғаны кейін қалған ойлағанда.
290. Қонғаны ауылымның жазық еді,
Өн-күйім көңілімнің азығы еді.
Жасымнан қол жетпесті армандатып,
Тағдырым әлденеге жазып еді.
291. Қызыл шілік, ендеше, қызыл шілік,
Бір ажалы түйенің ала күлік.
Бекер қарап отырсаң, не шығады,
Өлең айтсаң мұндайда қызықшылық.
292. Ендеше, майда құрақ, майда құрақ,
Құрақтың жұлып алдым басын бұрап.
Осындай Құдай айдап кез келгенде,
Айта гөр өлеңіңді, жаным, шырақ.
293. Ұшады аққу көлден үйрегімен,
Қонады ұшып барып түйдегімен.
Керілген ақ маралдай сәулем едің,
Барасың ыстық тартып күндегіңнен.

294. Ұшады аққу көлден саңқылдаған,
Әдемі балақ жүні жалпылдаған.
Сыпырған томағасын қыран құстай,
Көзіңнен айналайын жалтылдаған.
295. Жел соқса, ағаш басы ырғалады,
Қаршыға қыран болса, тырна алады.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күлмеген, ойнамаған құр қалады.
296. Таң атар, таң-таң атар таң жағынан,
Құланның шаң шығады ойнағынан.
Белге оралған жыландай үш бұралып,
Қалқаның жатар ма едім оң жағынан.
297. Біздің ауыл жоғары күйік асар,
Керім жігіт аяғын бір-бір басар.
Кішкентайдан бірге өскен, беу қарағым,
Құшағың мен құшағым қиюласар.
298. Тауға барсаң, шөп те көп, жыңғыл да көп,
Жыңғыл буып алатын шылбыр да көп.
Ұйықтап кетсең, түсіңе қыз енеді,
Көзіңді апсаң, қыз түгіл сымбыл да жоқ.
299. Буынғаным беліме кемер белдік,
Қоңыр салқын Арқадан неге келдік.
Сапырулы сары қымыз ішпес басым,
Шөптің басын ас қылған елге келдік.
300. Төнелі қара бұлт меңдей болып,
Қалады кескен терек жеңдей болып.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Көзіме кім көрінер сендей болып.
301. Баласы аққу құстың төрем-ай деп,
Оқ тисе жез қанаттан өлеме-ай деп.
Далаға күндіз-түні үш қараймын,
Қалқатай, алыс қалған келеме-ай деп.

302. Тау басында отырмын ойға батып,
Қимас қалқам, келсейші жорғалатып.
Қысқа жіпті күрмеуге келтірмей-ақ,
Қойғаның ба, дүние-ай, қорғалатып.
303. Көк балдырған дегенде, көк балдырған,
Жолда жүріп жолаушы ат шалдырған.
Әй-ау десем, артыңа қарамайсың,
Қарамастай көңіліңді кім қалдырған.
304. Ауылымның қонған жері бетегейлі,
Түйенің тоқтамайды кетегені.
Бір жерге өңшең жақсы бас қосқанда,
Көңілді өлең айтып көтереді.
305. Мекенімді сұрасаң Қарқаралы,
Бір ай бұрын жауатын Арқадағы.
Тауға да ұрдым басымды, тасқа да ұрдым,
Арман шіркін, кеудемнен тарқамады.
306. Баян таудың басында бір топ арқар,
Таудан аққан тас бұлақ суын сарқар.
Сен есіме түскенде, сүйген сәулем,
Қатып қалған іштегі шерім тарқар.
307. Біздің елдің жайлауы кең болады,
Кең төсінде ойнаған ел болады.
Одан әрі өткен соң темір арқа,
Арғы жағы сахара шөл болады.
308. Жалғыз біткен жапанға сен бір шынар,
Жас күніңнен, қалқатай, болдым құмар.
Ақ жүзіңді көруге армандамын,
Құмарланған көңілім қашан тынар.
309. Жалғыз ағаш жапанда қу болады,
Жерге түссе, миуасы ну болады.
Кешегіден көңілім бүгін төмен,
Азанғы ішкен қызыл шай у болады.

310. Өлең деген немене ой емес пе,
Көрсеткен қызды сұлу бойы емес пе?
Өлеңді мұнда айтпаған, қайда айтамыз,
Қосылса бастарымыз, той емес пе?!
311. Өлеңменен ер жігіт ер жетеді,
Жақсы өлең көңілді тербетеді.
Бір-екі ауыз шамалап өлең айттым,
Әу деп қойсаң, қалқам-ау, нең кетеді?!
312. Өлеңді біз айталық қаласаңыз,
Несіне бұл жалғанның таласамыз.
Біздерден ат пен түйе сұрамаңыз,
Азырақ өлең қолға аласаңыз.
313. Өлеңді айт дегенде ағылайын,
Мойныңа ақ меруерт тағылайын.
Бұл тойда Құдай оңдап, жеңіп кеттім,
Шытыңды алақандай не қылайын.
314. Өлеңімнің басы еді сексен сегіз,
Тауға тары шықпайды, екпесеңіз.
Бір-екі ауыз жел сөзді неге аяйын,
Үлкен аға, кіші іні, сөкпесеңіз.
315. Өлең деген, ендеше, өлең екен,
Өлеңді айтқан өмірде өнер екен.
Сөзін тауып өлеңді айтар едім,
Гүрілдеген дауысым келер ме екен?
316. Өлең деген қиын ба өнерпазға,
Өлең тұрмақ сөз қиын ақылы азға.
Көңілді көтерерлік осындайда,
Кім бар, кім жоқ ендігі келер жазда!
317. Өлеңді айта алмайды әркім мендей,
Табаны тарлан боздың гулер желдей.
Өлеңді айт десеңдер, аңыратайын,
Көктеуге қой қоздатып көшкен елдей.

318. Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Жүніндей ақ үкінің үлпілдеймін.
Осындай игі жақсы бас қосқанда,
Алдыда желмей-жортпай бүлкілдеймін.
319. Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Кісіні өлең айтқан «шіркін» деймін.
Жел сөздің тағдыр берген арқасында,
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.
320. Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,
Бәйгеден жүйрік келсе, ойқастайды.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды.
321. Өлеңімнің басы еді быжық-тыжық,
Басы быжық болғанмен, арты қызық.
Әшейінде өлеңді айтпаушы едім,
Көргеннен соң сіздерді кеттім қызып.
322. Өлең деген немене, ой емес пе,
Асқар тауға жайылған қой емес пе?
Мен айтпаған өлеңді кім айтады,
Екі жастың қосылған тойы емес пе!
323. Өлеңді мен айтамын бейім қылып,
Қыз болдым да, қор болдым кейін тұрып.
Қыз болмастан, шіркін-ау, ұл болғанда,
Өз елімде жүрмес пе ем сейіл құрып.
324. Өлеңді айтушы едім, білуші едім,
Жаманға айта алмаған күлуші едім.
Бұрынғыдай емессің, бұртиясың,
Сыртыңнан өзімсініп жүруші едім.
325. Өлең де бар біздерде, өнер де бар.
Мінілмеген жылқы да, дөнен де бар.
Таң атқанша өлеңді айтып-айтып,
Таң атқан соң үйіңе жөнел де бар.

326. Өлеңді айт дегенде аяу бар ма,
Пышақта ұста соққан қаяу бар ма?
Өлеңді «а» дегенде қоя бермей,
Тоны тозған, аты арық жаяу бар ма?
327. Өлеңді айт дегенде ағылайын,
Туысты алыс жүрген сағынайын.
Жүргенде туыстарды мен сағынып,
Өлеңді айтпағанда не қылайын.
328. Өлеңді айт дегенде айта алмаймыз,
Көңілін айт дегеннің қайтармаймыз.
Алдыға айтар кісі кез келгенде,
Жорғадай топтан озған жайтаңдаймыз.
329. Өлең қайдан шығады сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді көз болмаса.
Өлген адам кебінсіз қалады екен,
Сарт тоқыған сары ала бөз болмаса.
330. Өлеңімнің басы еді үре-сүре,
Айтайын сүре өлеңді үйге кіре.
Өлеңім қаптағайлап келе жатыр,
Кетпесін үйін жығып, бақан тіре.
331. Өлең қайдан шығады, сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді, көз болмаса.
Кебінсіз кеткен адам келер дейді,
Сарт тоқыған сары ала бөз болмаса.
332. Өлеңімнің басы еді сексен сегіз,
Шықпайды тауға бидай екпесеңіз.
Тойда өлең бұдан бұрын айтқаным жоқ,
Үлкендер төрде отырған сөкпесеңіз.
333. Өлеңді айт дегенде аярым жоқ,
Желісім бар жеткізбес, аяңым жоқ.
Тіршіліктің барында ойна да күл
Өтіп дәурен барады баяны жоқ.

334. Өлеңді айт дегенде тоқталар ма,
Басынан шын жүйріктің ноқта алар ма?
Қалайық осындайда күліп-ойнап,
Мереке күнде осындай тап болар ма!
335. Өлеңді айтқан қандай, қойған қандай,
Үстімде бар бешпентім жасыл таңдай.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Барады өтіп жалған атқан таңдай.
336. Өлеңім ескен желдей, толқын көлдей,
Болмайды тойдың сәні ақын келмей.
Дүбірі, ақын болса, жер жарады,
Үдірген төс бастаудан саудагердей.
337. Өлеңді айт дегенде аңырар ма,
Тойда өлең айтқан жігіт жаңылар ма?
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Мереке күнде осындай табылар ма?
338. Өлеңді айт дегенде аңырмаймын,
Аққудай көлге жүзген мамырлаймын.
Болғанда тілім — інжу, тісім — меруерт,
Болса да қандай ақын, жаңылмаймын.
339. Өлең-өлең дегенде өңейді екен,
Тамағын ақын жігіт кенейді екен.
Тойда өлең бұдан бұрын айтқаным жоқ,
Өлеңді баста десе не дейді екен?
340. Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,
Бәйгеден келсе жүйрік, ойқастайды.
Берейін бастап-бастап баста десең,
Өлеңді біз бастамай кім бастайды.
341. Өлеңді баста десең, басы менде,
Майысқан балдырғанның жасы менде.
Қайтарып қара бұлтты қар жауғызған,
Жасынның шұбар ала тасы менде.

342. Өлеңді баста десе, бастаушы едім,
Басын айтып аяғын тастаушы едім.
Жел сөздің Тәңір берген арқасында,
Өлең тұр ғой даудан да қашпаушы едім.
343. Өлеңді айт дегенде дау бар ма екен,
Белбеусіз желбегейге бау бар ма екен.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Алдыңда анталаған жау бар ма екен!
344. Өлеңім он жасымда өрге жүзген,
Мамырлап қоңыр қаздай көлге жүзген.
Байлығы атамыздың сол емес пе,
Шығарған сүттен тоған іргемізден.
345. Ауылым қонған жері ой болса екен,
Жайылған ойдан төмен қой болса екен.
Тағдырдан сұрайтыны көпшіліктің,
Бас қосар күнде осындай той болса екен.
346. Ауылым тұрар желдің ызғарында,
Сырғанақ тебуші едім мұз барында.
Шаруадан бақыршылық қол тимей тұр,
Сәлем де мына ауылдың қыздарына.
347. Ауылым көшіп барады Боздалаға,
Жақсы адамның соңында сөз қалады.
Алыс жолдан аңсап бір келгенімде,
Замандастың күлімдер қас-қабағы.
348. Аулымның қонған жері ой болса екен,
Өріп шығар қарадан бой болса екен.
Екі жастың тілеуін берген Құдай,
Күнде осындай қуаныш, той болса екен.
349. Ауылым Алатаудың кемерінде,
Жас бала жылайды екен емерінде.
Қолдаңыз бізге салған өлең болса,
Сындырман өлеңменен беделінді.

350. Ауылым құлап келеді Қызылжардан,
Өлең айтқым келмейді қызынғаннан.
Өлеңшіге сиынсаң, маған сиын,
Өлең қиып берейін, қызыл талдан.
351. Қара төбет қартайса қораға үрмес,
Жиналып кемпір мен шал дәурен сүрмес.
Ойнап-күл осындайда деп айтамыз,
Жиырма бес бір өткен соң қайта келмес.
352. Қаратаудың басынан қарай жаттым,
Қара айдарым беліме орай жаттым.
Құрбылардан айырылған қиын екен,
Жолаушыдан жол тосып сұрай жаттым.
353. Қаратаудың басында қиясы бар,
Мал жемейтін бір шөптің миясы бар.
Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,
Таңдайымда жел сөздің ұясы бар.
354. Қаратаудың басында мұнарамын,
Түбінде мұнараның тұра аламын.
Жасымнан өлең айту дағдым еді,
Айтуға енді өлеңді ұяламын.
355. Қара үй тұрар қалқайып қарашада,
Кисе киім, жарасар аласаға.
Тапсаң тәуір өлеңнің тазасын айт,
Тыңдап көңіл көтерсін бала-шаға.
356. Қарасу ойылмайды мұз қатқанда,
Шаңқобыз зарлы естілер қыз тартқанда.
Буының, сірә, қалай босамайды,
Өзіңе тең құрбы деп тіл қатқанда.
357. Қара тайға жарасқан қара терлік,
Жігітке жараспайды төтен ерлік.
Жабыққан жамандардың ісі дейді,
Көңілді өлең айтып көтерелік.

358. Қара жер қыс болмаса, қар бола ма,
Заманың осындайда тар бола ма?
Қаншама күйдім, сүйдім десең дағы,
Кісіге кісі жары жар бола ма?
359. Қараойда ма ауылың, боз талда ма,
Қарай-қарай артыңа көз талды ма?
Әй-ау десем, мойныңды бұрсаң қайтед,
Шыныменен көңілің бек қалды ма?
360. Қаратаудың басынан соғар дауыл,
Ерігемін қайтемін жалғыз ауыл.
Қалқатайды келед деп естіген соң,
Күндегіден көңілім бүгін тәуір.
361. Қара таудың басында шынар едім,
Басын тартсаң ешпенен, сынар едім.
Атағыңды сыртыңнан естіп жүрмін,
Бір көруге өзінді құмар едім.
362. Қара суда қаймақ жоқ, мұз болмаса,
Дәмі жоқ қой етінің тұз болмаса.
Жолаушы алыс жерге жүре алмаймын,
Біреуі жолдасымның қыз болмаса.
363. Қара су есік алды шабағы бар,
Жасының ат жүрмейтін қабағы бар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Барады өтіп жалған заманың тар.
364. Көшкенде жылқы айдаймын кер кекілмен,
Ауық-ауық аймалар жел бетімнен.
Көш жөнекей шырқатып ән салғанда,
Қыз-келіншек шаттанып тербетілген.
365. Көшкенде жылқы айдаймын жалбаспенен
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ауыл-аймақ аман ба мал-баспенен?

366. Көшкенде жылқы айдаймын ақ табанмен,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.
Сүймесе, несі қызық екі жастың,
Күйеу боп босағаны аттағанмен?!
367. Көшкенде жүк артылмас тай-танадан,
Алды-артын жігіт емес байқамаған.
Сөзімді сіздерге айтпай кімге айтамын,
Алдыма кез келгенде айтар адам.
368. Көш соңынан ілестім інгенменен,
Інген артық болмайды мінгенменен.
Күнің барда, қалқатай, ойна да күл,
Өмір қызық бірге ойнап, күлгенменен.
369. Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,
Ер қостым бес ағаштан қиыстырып.
Жанымда шағып алар шаяным жоқ,
Тізеңді бермен отыр тиістіріп.
370. Жылқыдан ұстап мінген арғымағым,
Бөгденің таласы не болса бағым.
Ұзақта, елден шалғай жүргенімде,
Қолдай гөр ата-баба әруағы.
371. Жылқыда ұстатпайды теңбіл шұбар,
Мойнына теңбіл шұбар тақтым тұмар.
Өлең десе елеңдеп тоқтамаймын,
Өрқашан біздің ауыл әнге құмар.
372. Жылқы сайға тоқтамас жел келгенде,
Жел шаңды аяқ тартады ел келгенде.
Әнге салып берейін бір-екі ауыз,
Өздеріңдей боздақтар кез келгенде.
373. Жылқы бақтым сары жон белесіне,
Етектегі түседі ел есіме.
Сары белден шырқаған әнімді естіп,
Сүйген сәулем, қасыма келесің бе?

374. Жылқыда ұстатпайды күңгір жирен,
Босаса малдан қолың өлең үйрен.
Пайдасы өлеңіңнің тойда тиер,
Басыңды есіктегі төрге сүйер.
375. Жылқымды жаңа келдім жиыстырып,
Бес ағаштан ер шаптым қиыстырып.
Тағдыр жазып, ей, құрбым, кез болыппыз,
Бермен отыр тізеңді тиістіріп.
376. Айтайын, айт дегенің, ау жасаған,
Сары атан ырғай мойын қам жасаған.
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Құзғындай кім бар дейсің мың жасаған.
377. Айтайын, айт дегенің, әри-айдай,
Көп айтсам, әри-айдай, көңілге жай.
Бауырлар мал жинасаң, жылқы жина,
Көрінер жылқылы ауыл толған айдай.
378. Айтайын, айт дегенің, әри-айдай,
Көп айтса, әри-айдай, көңілге жай.
Барады өтіп жалған, күн санаулы,
Қалайық ойнап-күліп осындайда-ай.
379. Айтайын, айт дегенің айдайын көп,
Келеді айдайын көк ойнайын деп.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Барады өтіп жалған қоймайын деп.
380. Айтайын, айт дегенің айдай он бес,
Үйреткен асауынан тайдай он бес.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Келмейді қайта айналып қайран он бес.
381. Айтайын, айт дегенің айда-сайда,
Өн білген әрқашанда болар пайда.
Барады күн санаулы өтіп жалған,
Ойнап-күл, ей, шырағым, осындайда.

382. Айтайын, айт дегенің ән баяулы,
Жігіттің жарлы болар жаны аяулы.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Барады өтіп жалған, күн санаулы,
383. Айтайын, айт дегенің әнім саған,
Бермейді тұрып орнын танымаған.
Кісінің сыйласқандай баласы едік,
Өлең айт тәуір, тәуір жаным маған.
384. Әуеде ұшып жүрген қара қарға,
Берейік өлең айтып ағаларға.
Бермесек өлең айтып ағаларға,
Кетеді бір мін тағып балаларға.
385. Әуеде ұшып жүрген ақ сауысқан,
Жыл он екі ай болғанда ай ауысқан.
Оралыңның барында күл де ойна,
Бұл жалғанның қызығын кім тауысқан.
386. Әуеде бір жұлдыз бар айдан қалған,
Қайқы мүйіз ақ серке қойдан қалған.
Осы ауылдан бір жаман таба алмадым,
Көн етігін кие алмай тойдан қалған.
387. Әуеде ұшып жүрген ала қарға,
Берейік өлең айтып ағаларға.
Бермесек өлең айтып ағаларға,
Кетеді кінә қойып балаларға.
388. Әуеден ұшып жүрген жетім қарға,
Жейтұғын жетім қарға етің бар ма?
Өлеңді айт дегенде айта алмайтын,
Басында жүрегіңнің дертің бар ма?
389. Әуеде ұшып жүрген ақ бөдене,
Кейде толы, кейде орта ақ тегене.
Осындайда, құрбыжан, ойна да күл,
Өтіп жалған барады өттегене.

390. Құнан керім, тай керім, дөнен керім,
Үгіп-үгіп мінемін аттың терін.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің, бұраң белім?!
391. Құнан керім, тай керім, дөнен керім,
Ою салып жасайды аттың ерін.
Желдік салып, қос тартпа, тізгін ұстап,
Табан тіреп отырсақ, болар керім.
392. Мінгенім көш алдында құла тайым,
Құйрығын құла тайдың шұбатайын.
Түскенде сен есіме, қайран елім,
Көңілді өлең айтып, жұбатайын.
393. Мінгенім астымдағы ала құнан,
Қыздардың жел соғады балағынан.
Шашыңды ақ сабынмен күнде жусаң,
Домалап түсер алтын тарағыңнан.
394. Мінген атым астыма торы қасқа,
Көргенім жоқ той бастап мұнан басқа.
Той жасаған құдамыз мырза болсаң,
Астыма ат, үстіме шапан таста.
395. Мінгесіп екеу-екеу қоян құсақ,
Аялаған мақтадай етің жұмсақ.
Төрт елі, екі қарыс төсек салсаң,
Кең болмаса, тар болмас тату болсақ.
396. Домбырам екі ішекті, бір тиекті,
Оқиды білген адам әптиекті.
Кеудемнен шыбын жаным шыққаннан соң,
Қайда апар онда апарсаң қу сүйекті.
397. Домбырам мен сөйлейін пернесіне,
Жел сөздің ерінейін мен несіне.
Сөйле деп бір Тәңірім тіл берген соң,
Сөйлемей бола ма екен пендесіне.

398. Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Қайырып он екі алуан ән салайын.
«Нұр жауар талапты ерге» деген сөз бар,
Мен неге бұл талаптан құр қалайын.
399. Домбырам екі ішекті, мойны ырғай,
Тартқанда бес саусағым кетер зырлай.
Құрбылар, жастық шақта ойна да күл,
Бұл дәурен кетері анық бір күн тұрмай.
400. Домбырамның бір күй бар пернесінде,
Жел сөздің іркілейін мен несіне.
Барында оралыңның ойна да күл,
Мен кепіл өткен дәурен келмесіне.
401. Домбыра екі ішекті қолға алайын,
Құрметіне балалар ән салайын.
Жүйрік айғыр баласы ат ұстайды,
Ол өнерден мен не ғып құр қалайын.
402. Домбырам күйге келмес, бұрамаса,
Кім білер кімнің жайын сұрамаса.
Ер жігіт қанша тапса, суға кетер,
Әйелі үйде отырып құрамаса.
403. Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Шырқатып бір-екі ауыз ән салайын.
Баласы текті айғырдың ат ұстайды,
Мен не ғып бұл өмірде құр қалайын.
404. Домбырам екі ішекті, бұрамалы,
Құлағын талап қылдым бұрағалы.
Шырқатып секіртпе әнге айғайлайын,
Халқыма осы әуенім ұнамалы.
405. Домбырам, екі ішекті, бетің қақпақ,
Өзіңе перне байлап, ішек тақпақ.
Басыңа үкі қадап, желпілдетіп,
Қызығы күмбірлетіп қолмен қақпақ.

406. Домбырам екі ішекті, қу қарағай,
Не болған әнім саған, сырғанамай.
Жан алғыш Өзірейіл келсе жетіп,
Кетерсің алды-артыңа бір қарамай.
407. Ендеше, қош болғайсың, қош болғайсың,
Тізгінін ақ жорға аттың бос салғайсың.
Кеткенде жерің шалғай, ей, қалқатай,
Құрбыңды әрқашан да еске алғайсың.
408. Ендеше, өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге шапса, өршеленер.
Өлеңім өлеңіңе сай келмесе,
Бәйгені жүйрік аттай ал да жөнел.
409. Ендеше, ән баяулы, ән баяулы,
Жігіттің жарлы болар жаны аяулы.
Өткізбе өміріңді бостан босқа,
Барады өтіп жалған күн санаулы.
410. Ендеше, тойлай келдік, тойлай келдік,
Қолға алып алтын сақа, ойнай келдік.
Келген соң бекер қарап отырман деп,
Өлеңнің ұйқастарын ойлай келдік.
411. Ендеше, тал мен қайың, тал мен қайың,
Біледі жылқы айдаған малдың жайын.
Жаңа заң, жаңа тұрмыс бұл заманда,
Несіне мен аяйын төлдің майын.
412. Ендеше, он бесте едім, он бесте едім,
Кезінде он бес жастың жанкешті едім.
Қыздармен он бесімде жауласып ем,
Келгенше жиырма беске үйлеспедім.
413. Ендеше, тотияйын, тотияйын,
Жағалай керегені отырайын.
Біздерден қалағаның өлең болса,
Көңілді өлең айтып толтырайын.

414. Ендеше, борық тұрған, борық тұрған,
Бір борық бір борықты сорып тұрған.
Өзіндей бір перизат іздеуші едім,
Құдайдан айналайын жолықтырған.
415. Ендеше, зіл қорғасын, зіл қорғасын,
Әкеңнің ел көшкенде мін жорғасын.
Көңілді көтерейік осындайда,
Айта түс өлеңіңді, тең құрдасым.
416. Дегенде ақындайын-ақындайын,
Мен ақын сен ақынға жақындайын.
Сен тапсаң елік сүтін, мен ішкенмін,
Бар болса таңдайымда, тақылдайын.
417. Дегенде құла керім, құла керім,
Мінемін үгіп-үгіп аттың терін.
Құдайдың маған берген бір нәубеті,
Той-думан, ойын-сауық жүрген жерім.
418. Дегенде торы ат басы, торы ат басы,
Жаманды жаратқанша жаратпашы.
Айқасып қалқатаймен жатқан түні,
Ауылыңды жау шапса да, оятпашы.
419. Дегенде қасқа шұбар, қасқа шұбар,
Баласы таудағы елдің тасқа шығар.
Артыңнан айқайласам, қарамайсың,
Көңілің азар болса, басқа шығар.
420. Деген соң қарала өрмек, қарала өрмек,
Қаралы үйге жас бала болады ермек.
Несіне сәлемдеспей қайқаясың,
Дүние, мал таппасаң шекең терлеп.
421. Деген соң қоңыр тұсақ, қоңыр тұсақ,
Не де болса өмірің болсын ұзақ.
Әжетке сенен жақсы жарап жатыр,
Күлшетайға өтпейтін жаман пышақ.

422. Дегенде қош болғайсың, қош болғайсың,
Ішінде шаршы топтың дос болғайсың.
Кеткенде ауылың алыс, уай, қарағым,
Құрбыңды өзім деген еске алғайсың.
423. Дегенде қатқан шұбар, қатқан шұбар,
Мейізді жан қалтадан татқан шығар.
Ақ сұңқардың қасынан ұшып кетіп,
Жапалақтың қойнында жатқан шығар.
424. Дегенде қасқа атым-ай, қасқа атым-ай,
Мінемін той дегенде басқа атымды-ай.
Құдайдың маған берген бір нәубеті,
Қыздан жақсы көремін жас қатынды-ай.
425. Деген соң қоңыр тұсақ, қоңыр тұсақ,
Өтпейді күлше нанға жаман пышақ.
Қарағым, әуре қылдың өлең айт деп,
Өмірің не де болса болсын ұзақ.
426. Деген соң қызыл дөнен, қызыл дөнен,
Қаршыға қолдан кетпес қызыл көрген.
Қарағым, өлең айт деп қинадың ғой,
Балаларың біздей болып айтсын өлең.
427. Дегенде шабдар маңқа, шабдар маңқа,
Түседі шалқасынан шапқан жаңқа.
Келді де бір сұрқия ылаң салды,
Жүргенде сен екеуміз арқа-жарқа.
428. Базарға қой айдаттым пұл екен деп,
Қояды қыздың атын «Ұлмекен» деп.
Бойыма ішкен асым тарамайды,
Көңілі «Ұлмекеннің» кімде екен деп.
429. Базарда басы қымбат бас кілемнің,
Өспейді мал мен басы қаскүнемнің.
Сағынып өлең даусын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан қос күреңнің.

430. Базарда басы қымбат борда аттардың,
Көрінер сырты сұлу жорға аттардың.
Сағынып өлең даусын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан бекзаттардың.
431. Базарда басы қымбат алашаның,
Төменгі қызы сұлу қарашаның.
Сағынып өлең даусын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан балашаның.
432. Базардан алып келген қыжым кебіс,
Сілекейі қалқаның болар жеміс.
«Жел тимесе, күн тимес» деген сөз бар,
Сұлу қыздың айтқаны ұят емес.
433. Базардан алып келген бүйрек айна,
Жаратып үкілі кер үйге байла.
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Мереке күнде осындай дүние қайда.
434. Дәйім менің мінгенім көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.
Ауылың алыс кеткенде, қалқатайым,
Қабырғамды кеттің ғой сөгілдіріп.
435. Дәйім менің мінгенім қарала тай,
Шіркінді неге міндім тағалатпай.
Кәмшат бөрік шекеме қырын киіп,
Жұруші едім мен дағы жан жаратпай.
436. Дәйім менің мінгенім дөнен болса,
Жаз мініп, күз жіберген көбең болса.
Алдында шаршы топтың өн салайын.
Шынымен іздегенің өлең болса.
437. Дәйім менің мінгенім алқара көк,
Қара көкке қададым үкілі шоқ.
Құба жонға шоқытып шыға келсем,
Жұрты жатыр қалқаның, ауылы жоқ.

438. Дәйім менің мінгенім үкілі кер,
Үкіліме жарасар күмістен ер.
Алыс ауылың кеткенде, ей, қарағым,
Көзге күйік көрінер ойнаған жер.
439. Дәйім менің мінгенім қара керім,
Жүрдек те емес қарагер, әлім-перім.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Күнде думан, күнде той жүрген жерім.
440. Дәйім менің мінгенім сал күреңім,
Қызды ауылға қыдырып көп жүремін.
Табаныңа қадалған жалғыз тікен,
Маңдайыма қадалсын деп жүремін.
441. Дәйім менің мінгенім алкүреңім,
Шілдедегі құрақтай балдыр едім.
Ауылыңның сыртынан қарауылдап,
Құс аулаған мергендей аңдыр едім.
442. Дәйім менің мінгенім Құламойын,
Қыз-бозбала сылайды тұла бойын.
Сауық құрып, сайрандап, ән шырқайды,
Жігіт-желең жиылып салып ойын.
443. Дәйім менің мінгенім торым еді,
Жүрген жерім торымен қорым еді.
Құрбылардан айрылған қиын екен,
Табылмады тау-тастан соның емі.
444. Дәйім менің мінгенім мұз көк ала,
Сала алмас осы әнге өзге бала.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Арадағы айырылдық сөзге бола.
445. Дәйім менің мінгенім кер балағым,
Ренжуден тартады сол қабағым.
Қолым жетпей қор болдым сұм заманда,
Қияметтік қимасым қош, қарағым.

446. Дәйім менің мінгенім алқара кер,
Жігіттер, екі-екіден өн сала бер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жұтады бәрімізді бұл қара жер.
447. Дәйім менің мінгенім дөнен болса,
Жаз мініп күз жіберген көбең болса.
Алдында көпшіліктің өн шырқаймын,
Шынымен іздегенің өлең болса.
448. Көкорай көлге біткен көгілдірік,
Жарасар ақ боз атқа өмілдірік.
Қайысып қабырғасы тапқан анам,
Жылайды-ау көздің жасын төгілдіріп.
449. Кидім камзол қарадан қиылмаған,
Жылқым жатыр жапанда жиылмаған.
Қыздан сорлы бар ма екен бұл дүниеде,
Туған жерден топырақ бұйырмаған.
450. Айтушы едік өлеңді жасымызда,
Жас қозының терісі басымызда.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Сіздей төтті құдағи қасымызда.
451. Сен дегенде, құдажан, неден жаздым,
Ақ қурайдың сабағын белден қаздым.
Құдашаның аулына барамын деп,
Ақ балтырдан ит қауып өле жаздым.
452. Ақсуаттың өзенін бойлап жүрдім,
Жас күнімнен әрнені ойлап жүрдім.
Өмір өтіп елуге келсем дағы,
Балалардың қызығын ойлап жүрдім.
453. Келеді үй артында екі адам,
Кигені үстіндегі күлді-бадам.
Айтамыз құдағи мен құдамызға,
Некесі құтты болсын екі балаң.

454. Біздің елді сұрасаң, Сартөткелде,
Сарт есігі жабылар сарт еткенде.
Ауылым алыс болғанмен, көңілім жақын,
Келіп-кетіп тұрсайшы қалт еткенде.
455. Өмір деген ойласам өз бесігім,
Тигізбесін құдірет сөз кесірін.
Күйгенімнен бір-екі сөз айтып ем,
Сондықтан да сұраймын мен кешірім.
456. Жігітке өлең де өлең, ермек те өлең,
Тіл алғыш ертеменен елбектеген.
Қойғалы самаурынды шыққаныңда,
Етегі көйлегіңнің көлбектеген.
457. Айтқан қандай өлеңді, қойған қандай,
Бір бешпентің үстінде жасыл таңдай.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп жастық барады атқан таңдай.
458. Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.
Ақ көйлек — адал ниет кір шалған соң,
Не пайда, тазармайды жуғанменен.
459. Белгісі той қылғанның отау жабар,
Қиқу сап жас балалар атқа шабар.
Той қылған қыз әкесі мырза болса,
Жігітке той бастаған шапан жабар.
460. Келеді айым туып оң жамбастан,
Құдайым айырмасын тең құрдастан.
Құдайым айырғанша тең құрдастан,
Нетеді жаратпасаң әуел бастан.
461. Боз аттың, бойдай тал-ай, жорғасындай,
Балқисың, қолым тисе, қорғасындай.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Болмайды той-мереке күнде осындай.

462. Шығарсың еріккенде серуенге,
Киіпсің асыл бешпент еруіңе.
Жолаушы алыс жолға шығар болсаң,
Қалқатай, жараймыз ба серігіңе?
463. Болғанда о Семейді, бұл Семейді,
Күн туса қоренді ат не жемейді.
Барында тіршіліктің түрлене бер,
Дұшпаның көре алмайтын не демейді.
464. Ақ қоян құмдақ жерді шиырлаған,
Оңбайды бұл жалғанда түйе ұрлаған.
Бар ма екен бұл жалғанда қыздан сорлы,
Жаназа өз елінен бұйырмаған.
465. Адамның аңырғаны — жусағаны,
Арпаның ас болмайды қу сабағы.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Жеткізбес мына жалған қуса дағы.
466. Дүние-дүниеден, дүние-жалған,
Күлмеген, ойнамаған қапыл қалған.
Күл де ойна, гүл-гүл жайна осындайда,
Қызығы дүниенің өнге салған.
467. Келмейді ән форымға шырқап салмай,
Келмейді жігіт сәні қаршыға алмай.
Тойда өлең бұдан бұрын айтқаным жоқ,
Отырмын бүгежектеп ән шығармай.
468. Дүние-дүниеден дүниесің,
Ойласам дүниені, шығады есім.
Барында оралыңның ойна да күл,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
469. Дәм татайық бұйырса, шай қайнаса,
Бойы қызар жүйріктің айқайласа.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Не болады ер жігіт қайғы ойласа.

470. Қида сіңер, ендеше, қида сіңер,
Жебір тайлақ желіде бұйдасын жер.
Сыбырласып кел дағы, сылқ ете қал,
Көре алмаған көп дұшпан қимасы дер.
471. Жар жақсы баладан да, бауырдан да,
Басыңды сол сүйейді ауырғанда.
Бірге өсіп, бірге жүрген, беу, жолдасым,
Кәтештеп жабу жаптым жауыр нарға.
472. Құлахмет, ендеше, Құлахмет,
Болады қойын сойса, бір асым ет.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, рахмет!
473. Аттың бөрі тумайды бурылдай боп,
Тату өсер жан бар ма құрбыдай боп.
Мен қалқаны сағынып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады бұлбұлдай боп.
474. Мен үйрендім өлеңді он жасымнан,
Денем ауыр тартады қорғасыннан.
Жер-су баспас тайпалған жорға дағы,
Қартайған соң танады жорғасынан.
475. Үстімде бір бешпентім қиылмаған,
Білмеймін не болғанын биыл маған.
Бар ма екен бұл жалғанда қыздан сорлы,
Топырақ өз елінен бұйырмаған.
476. Тойыңыз құтты болсын деп айтайық,
Той болса, қайта айналып кеп айтайық.
Өлеңді осыменен бір тоқтатып,
Құрдастар, бірге келген бір қайтайық.
477. Қош болғайсың, құрбыжан, қош болғайсың,
Өзім деген кісімен дос болғайсың.
Бір табақтан дәм татқан құрбым едің,
Сәлем жолдап біздерді еске алғайсың.

478. Қош болғайсың, қалқатай, қош болғайсың,
Боз жорға аттың тізгінін бос салғайсың.
Ұмытпай жүр, қалқатай, ұмытпай жүр,
Кездескенше біздерді еске алғайсың.
479. Барады ауылым көшіп Құмкешуге,
Кербесті тәуір болды мінгесуге.
Тойында екі ауылдың кез кеп қалдық,
Құдаша, халің қалай тілдесуге.
480. Колхоздың айдап жүрмін арбасын-ай,
Қоя ма бригадир бармасыңа-ай.
Арбаны тастай сал да, бізбен жүргін,
Екеуміз күн көрелік жалғасып-ай.
481. Құндыздан киген киім жағаларың,
Төңір артқан жаратқан саналарың.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақыл айтар ағаларың?
482. Сылдырайды омырауда теңгелерің,
Өзіңе ақыл қосар — дем берерің.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба жібек мінез жеңгелерің?
483. Біліп ем сен де өлеңді дайындарың,
Қиыннан қиыстырған — дайын барын.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ашық-жарқын қайындарың?
484. Сауықшыл, сәнқой еді ауылдарың,
Құптаған жақсылықтың қауымдарың.
Тағы да сұрайтұғын тәуірім бар,
Аман ба арттан ерген бауырларың?
485. Асуы бұл Алтайдың табан асу,
Жығылған тайлақ тайып жаман асу.
Кез болған қиуада қимас қалқам,
Тар жерде қиын екен амандасу.

486. Біздерде өлең де бар, өнер де бар,
Жылқыда мінілмеген дөнен де бар.
Өлеңді әлде біраз айтып-айтып,
Үйіңе таң атқан соң жөнел де бар.
487. Тобылғыдан үй салдым сынбасын деп,
Тіл-жақ берді жаратқан тынбасын деп.
Үлкен ағай өлеңді көп үйреткен,
Тойға барып томпиып тұрмасын деп.
488. Әриялар, ендеше, әриялар,
Қара ағаштың басына қарға ұялар.
Жақсысы бар өлеңнің, жаманы бар,
Қандай өлең айтамыз қариялар.
489. Шай тостаған, ендеше, шай тостаған,
Бешпентім бар үстімде нарпостаған.
Арғы атамды сұрасаң қол бастаған,
Қолдан қиын болып па той бастаған.
490. Шай-шай еткен, ендеше, шай-шай еткен,
Шай көйлектің жеңінен самал ескен.
Осы ауылдың ақыны бар деуші еді,
Көрінбеді көзіме, қайда кеткен.
491. Мінгенім дәйім менің торы керім,
Жарасар торы керге тұрманды ерім.
Көп айлар, көрмегелі көп жыл өтті,
Аман ба ауыл-аймақ, сенің елің?
492. Айналайын көзіңнен бұлбұлым-ай,
Жүйрік аттай желпінген дүлдүлім-ай.
Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,
Аман-есен жүрмісің, ой, құрбым-ай.
493. Сары ала қаз ұшады салмақпенен,
Қолым ауыр тартады бармақпенен.
Көп айлар, көрмегелі көп жыл болды,
Аман ба ауыл-аймақ мал-баспенен?

494. Сөзімнің кешіруші ед қаталарын,
Алушы ек ақ жарылған баталарын.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақ сақалды аталарың?
495. Қосылғанда болатын паналарың,
Ақыл айтып беретін даналарың.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақ көңілді аналарың?
496. Осы үйдегі жеңешем аппақ қана,
Шаңырағы өзіне шап-шақ қана.
Ықыласпен тамағын берсе егер,
Ауылымызға барамыз мақтап қана.
497. Бөйге құмар қара кер құнанынан,
Өрге жүзер талапты ер ұланынан.
Өнерімен ел сүйген, беу, замандас,
Түз бүркіттің туыпсың қыранынан.
498. Бұлтты жарып биік үш бүркіт болсаң,
Топты жарып алға шық жүйрік болсаң.
Бүгінгідей құрметті таппас едің,
Өнеріңді халқыңнан іркіп қалсаң.
499. Сол жігіттің арқалы аты семіз,
Қыз-жігіттің думанда аты егіз.
Күй толқытып, бұралтып ән шырқасам,
Аспан асты масайрап болар теңіз.
500. Күй құйылар домбыра пернесіне,
Кімді қояр тәтті күй келмесіне.
Гүл бағында бұлбұлы гүлге қонып,
Жыр ағытар сұлу қыз теңдесіне.
501. Ұшады бір топ қаздар үйрегімен,
Қонады ұшып барып түйдегімен.
Бөйгені, жүйрік болсаң, ал да жөнел,
Қалайық бір қосылып бүйрегінен.

502. Болмайды шапқан бірдей желгенменен,
Шеніме ешбір нәрсе тең келмеген.
Жүйрікті көрмей, сырттан кім мақтайды,
Өнерін айдалада ел көрмеген.
503. Сары белден сарғайып таң келеді,
Жүйрік аттың соңынан шаң келеді.
Айт дегенде өлеңді қоя бермей,
Мен менсіген кейбіреу паң келеді.
504. Бүгін тойға құрбылар келіп еді,
Құрбылармен көңілдің семірмегі.
Сағынысқан шын құрбы келгеннен соң,
Келеді ғой сұлу ән көңілдегі.
505. Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,
Басыңа таққан үкім бұлғақтаған.
Ән салып, жылқы бағып, қырға шықсам,
Астымда мінген атым ойнақтаған.
506. Бұл әннің мен айтайын аты угай,
Қонады ауылым көшіп көл жағалай.
Шырқасам угай әнге қыр басынан,
Айдайды қасірет-мұңды іштегі удай.
507. Құдажан, күміс жүзік қолымдағы,
Құданың біреуі едің ойымдағы.
Ұл ұяға қонғанда, қыз қияда,
Бұ дағы тағдыр жазған жолымдағы.
508. Сары итке сүйек салдым сақ болған соң,
Қораны айнала үріп жатпаған соң.
Бекерге сұлулықтың сәні қайсы,
Сүйсініп бал дәмінен татпаған соң.
509. Бай да өткен, қара да, жарлы да өткен,
Жас бала, кемпір мен шал бәрі де өткен.
Балалар, тіршілікте күліп-ойна,
Өлмесе, ата-бабаң қайда кеткен?!

510. Ер жігіт ақылы көп елді билер,
Тасты да қолы білген ұндай илер.
Құрбылар, жас күніңде өнер үйрен,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер.
511. Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,
Жақсы көрген адамды шіркін деймін.
Көпшіліктің алдында ән салғанда,
Жолға түскен жорғадай бүлкілдеймін.
512. Қазақтың қазынасы қойдың жүні,
Жылқының ең қызығы жаздың күні.
Арналған түйе малы артуыңа,
Озады ешкі, сиыр күздің күні.
513. Айналайын қарағым, жүрсің бе аман,
Өзім көрген аман ба бала-шағаң.
Көрмегелі жүзінді көп күн болды-ай,
Сәлем жолдап жүруші ем мен де саған.
514. Қыран бүркіт ұшады қиялауға,
Шешен жігіт сөйлейді қия дауда.
Тілеп ұшқан Алтайдан сұңқар едім,
Қай жеріне қонайын ұялауға.
515. Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан,
Бозторғайдың ажалы күйкентайдан.
Өлеңінді сағынып жүргенімде,
Қиылған қас, қыпша бел, келдің қайдан?
516. Жан да аманат жүргенде, мал да аманат,
Біреу құйрық болғанда, біреу қанат.
Көріскелі, көргелі келдік жаңа,
Аман-есен жүрсің бе, сау-саламат?
517. Бетің айдай, домбырам, мойның қылдай,
Түрлі-түрлі бетіне салдым шимай.
Күйсандықтың дауысындай түрлендіріп,
Дыбысыңды шығаршы, байғұсым-ай.

518. Екі ішекті домбыра, қақпағың тал,
Дыңғырлайтын ішінде не пәлең бар.
Ақын дейтін ауылға жақын қондық,
Құйма құлақ балалар үйреніп ал.
519. Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Бақпай қойса, мал шіркін өрістей ме.
Жылқы ішінен саңлақты ұстап мініп,
Осылайша ән салсам, келіспей ме.
520. Жүйрік те бар жылқымда, жорға да бар,
Бір атымнан тер шықса, пейілім тар.
Ортақ малын елімнің өсірем деп,
Партияға көтерген сенімім бар.
521. Білмеске өлең тұрғай сөз де қиын,
Шығады қиыстырған сөзден түйін.
Қара сөз қанағатсыз сылдыраса,
Есепке алынбаса, ол да қиын.
522. Жоғарыдан келемін жолмен саулап,
Таңдайымнан келеді өлең қаулап.
Шаршы топтың ішінде тартынбаймын,
Мұрындықсыз тайлақтай омыраулап.
523. Жеңешеміз, ендеше, жеңешеміз,
Ары отырмай, бері отыр кеңесеміз.
Әнге қосып өзіңді айтар едім,
Мынау қандай әдепсіз демесеңіз.
524. Не бар дейсің өлеңді сала бермей,
Көкірегім кең сарай — дала жердей.
Тұра алмаймын той десе елегізіп,
Жұма сайын бәйге алған қара кердей.
525. Көк ала үйрек ұшады аспанменен,
Таң ата ма мезгілсіз сасқанменен.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Қанша мақтап қатарға қосқанменен.

526. Айт десеңіз айтайын айдай он бес,
Асауынан үйреткен тайдай он бес.
Тіршіліктің барында ойна да күл,
Қайта айналып келмейтін қайран он бес.
527. Бәйгеге қосып жүрген жүйрік жирен,
Үкілеп жал құйрығын өзім түйген.
Қалықтап ұлы тойда ән салғанда,
Көре алмай кетіп қалар іші күйген.
528. Ән дегенде жасымнан аттай желем,
Ар жағымнан, ән салсам, келеді өлең.
Ата-бабам жасынан өлең құған,
Мен сондықтан өлеңге көңіл бөлем.
529. Алғызбайды адамзат алдағанға,
Шіркін көңіл арманда бармағанға.
Барсам дағы, жүрер ем арманда боп,
Ойын-күлкім бір жүріп қанбақанға.
530. Кигенім аяғыма көбіс еді,
Қос күрең жылқы ішінде тебіседі.
Өлеңді бұдан бұрын айтқаным жоқ,
Құрбылар, не деп айтсам, келіседі.
531. Болғанда айғыр жалды, ат кекілді,
Көргем жоқ өзім туып сен секілді.
Барады иісің жарып танауымды,
Қайнатқан қалампыр сап шай секілді.
532. Дәм татайық, бұйырса, шай қайнаса,
Бойы қызар жүйріктің айғайласа.
Тіршіліктің барында ойна да күл,
Не болады ер жігіт қайғы ойласа.
533. «А» дегенде дауысым шаңырқаған,
Естіген жан әнімді таңырқаған.
Ақындықпен өлеңді мен айтпаймын,
Көтеремін көңілді жабырқаған.

534. Сәмбіл бел, сандуғаштай сайрап тұрған,
Меруерт тас Самарқанда жайнап тұрған.
Жігіттер, топтан таңдап бір сұлу ал,
Тасындай диірменнің ойнап тұрған.
535. Мекені біздің елдің қара терек,
Өлеңге он жасымнан болдым зерек.
Көпшілік құрметіне өн салайын,
Мұндайда босқа отырып неге керек.
536. Сыртқа жайды сырымды өлең шіркін,
Өлең айтар жігіттер мынау бір күн.
Үйде жатсам дем алып, әттең, мені,
Тоқтатпайды шақырып дүркін-дүркін.
537. Мен өзім той боларын біліп келдім,
Сары атан ырғай мойын мініп келдім.
Думанды ұлан-асыр той болсын деп,
Бозбала, қыз-келіншек жиып келдім.
538. Өн салсаң, өзімдей сал әнге салсаң,
Әнімді айтайын мен ұғып алсаң.
Бағасы бұл әнімнің бес мың теңге,
Әнімді өзіме бер ала алмасаң.
539. Өн салсаң, өзімдей сал ширатылып,
Қалады кескен терек қиратылып.
Барында оралыңның күліп-ойна,
Сала жүр осы әніме ырғатылып.
540. Қош болғайсың, құрбыжан, қош болғайсың,
Өзім деген құрбыңмен дос болғайсың.
Бір табақтан дәм татқан құрбым едің,
Сәлем жолдап біздерді еске алғайсың.
541. Берейін сөйлеп-сөйлеп сөйле десең,
Тықыршып тоқтамаймын сөйлемесем.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында,
Серкедей қой бастаған болдым көсем.

542. Бір қамшым бар қолымда бұйра сапты,
Сол қамшым бұйра сапты жұртта қапты.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Қызыл тіл арадағы алыстатты.
543. Ат байладым ақ үйдің кермесіне,
Көз салмадым біреудің бермесіне.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.
544. Ат байладым ақ үйдің белдеуіне,
Шашақ төгер кербез қыз белбеуіне.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өткен өмір мен кепіл келмеуіне.
545. Тағы да домбыра ма, домбыра ма,
Домбыра тарта берсе, болдыра ма.
Көңілді өлең айтып көтерелік,
Жігітті сары уайым оңдыра ма?
546. Өуеде бұлт көшеді жел айдаса,
Тәуекел қиын емес, бел байласа.
Көңілді өлең айтып көтерелік,
Жігітті қайғы басар, ой ойласа.
547. Ай туса, жарқырайды жанарыңыз,
Ауырар жаяу жүрсек табанымыз.
Бозторғай қой үстіне ұя салды,
Дейтұғын енді туды заманымыз.
548. Ұстағаным қолыма алтын құрық,
Ақ сұңқарды ұшырдым талпындырып.
Бас қосқанда өлеңді біз айтайық,
Бізден бұрын өткеннің салтын құрып.
549. Сізден де өтер дүние, бізден де өтер,
Мұратына кей ғашық жылдам жетер.
Бажайына бажайлап келтіргенше,
Сырғанап сұм дүние тез-ақ өтер.

550. Қалқам-ау, сөйле десең, мен сөйлейін,
Тәңірден тағдыр келсе, жөнелейін.
Қолқаңыз маған салған өлең болса,
Тасындай диірменнің дөңгелейін.
551. Дауысым а дегенде жөнеледі,
Әнімді тыңдаған жан кенеледі.
Әлеумет, осындайда ойна да күл,
Қолыңнан қартайған соң не келеді.
552. Сөйлеп-сөйлеп тастайын сөз келген соң,
Сөйлесін деп Құдайым сөз берген соң.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамын,
Жиналып өңшең бағлан кез келген соң.
553. Тобылғыдан сайладым таяғымды,
Жаңа бастап келемін баяғымды.
Күннің суық болғаны маған жақсы,
Қыздар қымтап салады аяғымды.
554. Үлкені ауылымның Қожаберген,
Құр дауыс неге керек соза берген.
Баласы теңбіл көктің мен қазанат,
Артымнан айғай шықса, оза берген.
555. Өте ме күміс кездік жанымаған,
Бермейді тұрып орын танымаған.
Кісінің сыйласқандай баласы едік,
Келмесін жаман атың, жаным, маған.
556. Жүк артса, жарасады, қара нарға,
Қандай өлең айтайын балаларға.
Бастап берсем баяғым еске түсер,
Көпшіліктің ісіне шара бар ма?!
557. Алып келген базардан алтын балдақ,
Алтын балдақ жарасар, алсаң қармақ.
Торы бестінің құйрығын талдап өріп,
Жануарды жараттым саған арнап.

558. Ала қашар дегенде, ала қашар,
Ала қашар шөлдесе, кейін қашар.
Жаман қыздың үйіне кіріп барсаң,
Төбе шашы үрпиіп төрге қашар.
559. Қызыл қашар дегенде, қызыл қашар,
Қызыл қашар шөлдесе, суға қашар.
Жақсы қыздың үйіне кіріп барсаң,
Шашбауы сылдырап есік ашар.
560. Айта берсе өлеңді зырлаушы едім,
Жаман іске мойнымды бұрмаушы едім.
Теңбіл көктің баласы қаз мойынмын,
Айқай шықса, жер тарпып тұрмаушы едім.
561. Құбажайға салайын баяулатып,
Мал табады ер жігіт жаяулатып.
Алты қырдың астынан ән шырқасам,
Дөтің қайтып шыдайды ояу жатып.
562. Құбажайға салайын ырғатылып,
Кескен қайың қалады қиратылып.
Тіршілікте, жігіттер, күл де ойна,
Өтіп дәурен барады шұбатылып.
563. Айт дегенде өлеңді үстеуші едім,
Тоят алмай тұғырдан түспеуші едім.
Теңбіл көктің баласы затым тұлпар,
Тұнық судан басқаны ішпеуші едім.
564. Тағы да әуел ызғар, әуел ызғар,
Жел тұрса терістіктен, бетің мұздар.
Бас қосып осындайда кездескенде,
Өлеңді бес-алты ауыз айтыңыздар.
565. Той бастандар, әлеумет, той бастандар,
Той бастаған, әлеумет, көп жасаңдар.
Сәтті күні сәрсенбі, той жасапсың,
Құтты болсын тойыңыз деп бастандар.

566. Жан қалтама салғаным өрік болсын,
Балаңыздың ғұмыры берік болсын.
Ағалары алдыңғы аман болып,
Едел-жедел артынан серік болсын.
567. Екі ауылдың ортасы мидай дала,
Дүниеге келіпті бір жас бала.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Туысқанның үйінде шілдеhana.
568. Белбеуім белімдегі он екі кез,
Шетіне әсемдікпен салдырдым жез.
Жолымды Құдай менің оңдайды екен,
Жанына жақсылардың келіппіз кез.
569. Қыздарда да қыздар бар ту қояндай,
Діңкемді қыздар құртты түнде оянбай.
Оятсам суық қолмен, шоши ма деп,
Ояттым орамалмен мен сормаңдай.
570. Мен қайтейін Алатау биігіңді,
Мерген болып атпадым киігіңді.
Ауылың алыс кеткенде, беу қалқатай,
Жалғыз қайтіп тартамын күйігіңді!
571. Той бастайық, ендеше, той бастайық,
Жүйрік аттай алдыңда ойқастайық.
Сәрсенбінің сәтіне той жасапсыз,
Құтты болсын тойыңыз деп бастайық.
572. Сыры әдемі келеді легеннің,
Сөзі әдемі келеді білерменнің.
Мен келгенде оң қарап күлімдеп тұр,
Сен едің ғой Құдайдан тілегенім.
573. Жосылайық, тағы да жосылайық,
Бозбалаға болмай ма осы лайық.
Құры қарап отырып не шығады,
Өлең айтып онан да отырайық.

574. Жаным-ау, көген толсын, көген толсын,
Семірткені көкке байлап дөнен болсын.
Советтің азаматы аман болып,
Абырой мен атағы өлең болсын.
575. Келемін жоғарыдан төмендетіп,
Киемін ақ көйлекті көлеңдетіп.
Көпшілік құлағыңды бері салғын,
Кетейін бес-алты ауыз өлеңдетіп.
576. Қолыма ұстағаным қара сырнай,
Басымнан өтіп жалған барасың ба-ай.
Көзімнің ағы менен қарасындай,
Артымда, жалғыз бауырым, қаласың ба-ай!
577. Ұшып жүрген әуеде ұлар ма екен,
Атып алсам баласын, жылар ма екен.
Ауылы алыс кеткенде, беу, қалқатай,
Бізді есіне ап бір сәтке тұрар ма екен!
578. Құба жетер тағы да, құба жетер,
Көшкен елдің қадірі қонғанда өтер.
Ойнап күлсін жастарым оралында,
Мына дәурен басынан әлі-ақ өтер.
579. Қасың қара қағаздың қаламындай,
Болады екен, апырай, бала мұндай.
Шешең пері болғанда, әкең арқар,
Бір кісіден тумайды адам мұндай.
580. Асты қорым дарияның, үсті қорым,
Үстіндегі киімнің ноғай порым.
Қандай дұшпан өзіңді кемітеді,
Алтын кірпік болғанда, аққу мойын.
581. Жаным-ау, көк үліңгі, көк үліңгі,
Көтерші өлең айтып көңілімді.
Көтерсең өлең айтып көңілімді,
Қылсын да Құдай ұзақ өмірінді.

582. Қызыл түлкі, ой, қалқа, қызыл түлкі,
Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі.
Тіршілікте жүрейік сіз-біз десіп,
Өтіп-кетіп барады ойын-күлкі.
583. Жоғарыдан келеді бір топ тана,
Бір топ тана су ішер ұрттап қана.
Көп ішінде сағымды сындырмадың,
Төсегіңде ойнасын бір топ бала.
584. Сырлы қасық, жаным-ау, сырлы қасық,
Сылқымдықпен сындырдым сабын басып.
Күнде мұндай көзіміз келе бермес,
Бес-алты ауыз өлең айт көңіл ашып.
585. Кеседі ақ киізді түңлік қылып,
Жаратты қызды Құдай мұңлық қылып.
Әкемнің қызы болмай ұлы болсам,
Жүрер ем өз елімде билік құрып.
586. Елім жайлар, Сайрам су, Күнгеіңді,
Саған ғана айтамын білгенімді.
Талабыңа нұр жаусын, ай-ау, бала,
Аман-есен тілеймін жүргеніңді.
587. Ақ сағыз, қара сағыз, майда сағыз,
Алады тістің кірін шайнасаңыз.
Мойынды бұра тастап құлағың сал,
Өлеңім қара дауыл байқасаңыз.
588. Лағыл ағы, жаным-ау, лағыл ағы,
Жүйрік айғыр бөйгеге шабылады.
Күнде мұндай кезіміз келе бермес,
Өлең айтып отырсаң, неқылады!
589. Бір күнде ауылыңа неше келдім,
Табылмады реті кездесердің.
Бірде өзім, бірде өзің күтуменен,
Түсер болдым көзіне мұндағы елдің.

590. Ойлап тұрсам өмірім гүл емес пе,
Гүл өмірдің сұм фашист сұмы емес пе.
Есен-аман кездестік Қосанменен,
Алдан күткен бақытым бұл емес пе.
591. Жаудың бетін Қосаным мүлт қайырып,
Ауыр бейнет азаптан мүлде айырып.
Есен-аман келген соң бақыт үшін,
Дастарқандар отыр ғой мол жайылып.
592. Басынан Алатаудың арша ап жүрмін,
Аршамды көтере алмай шаршап жүрмін.
Белгісі шаршағанның осы емес пе,
Достарды өздеріңдей аңсап жүрмін.
593. Ақсақ адам жүре алмас балдақ алмай,
Жаманға бір сөз айтсаң алдағандай.
Өзіңді әдейі іздеп келіп едім,
Сөз сөйле көңіл кірі қалмағандай.
594. Кейбіреуге жақпайды бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.
Қызылыңның барында қиялай бас,
Басыңнан әлі-ақ өтер қызықты күн.
595. Еліңмен сыбайлас елім отыр,
Қыз алысып, ежелден, беріп отыр.
Тапсаң, тәуір өлеңнің тазасын айт,
Үлкен-кіші сөзіңе келіп отыр.
596. Айт дегенде өлеңді аяр болмас,
Жамандардың сөзінде баян болмас.
Осындайда шырқап қал, құрбы-құрдас,
Күнде мұндай тамаша даяр болмас.
597. Арқар-құлжа, деген соң, арқар-құлжа,
Атып алсам құлжаны, терісі олжа.
Бұл жалғанда жастарым ойнап-күлсін,
Ойнап-күлсе, өзіне тегін олжа.

598. Екі ауылдың арасы діңгіл соқпақ,
Ине қазық болғанда, түйме тоқпақ.
Көргенімше өзіңді тағат таппай,
Әнім еді салатын сені жоқтап.
599. Айтамын айт дегенде енді нені,
Ілдірдім қырғи салып бөденені.
Тұнжырап төмен қарап отырғанша,
Құралық өлең айтып әңгімені.
600. Шүйгін жерге мал жайсаң, өрістейді,
Жолдасқа жаман адам келіспейді.
Өлеңді айтар болсаң, дұрыстап айт,
Сөзіңді тыңдаған жұрт теріс дейді.
601. Қолыңдағы сақина қалайы ма,
Жаман жүрмес жақсының маңайына.
Сөзіңе сөз орнымен келгеніңде,
Сөйлеместен бекерге қалайын ба.
602. Қызыл өрік деуші едім, қызыл өрік,
Жарасады басыма кисем бөрік.
Ұлы болмай әкемнің қызы болып,
Кісі елінде жүремін қандай болып.
603. Төрінде қарт отырса баламыз да,
Көп қуып балапанды аламыз да.
Үстіне шілдехана кез боп қалдық,
Құдаша өлең айтпай қаламыз ба?!
604. «Ар ма» сізден болғанда, «бар бол» бізден,
«Есен» сізден болғанда, «шүкір» бізден.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің былтыр күзден?
605. Жақсы болар жылқы мал күзеткенге,
Қайың құрық сынбайды түзеткенге.
Дәтің қайтіп шыдады ояу жатып,
Үй сыртынан ән салып біз өткенде.

606. Көзіңнен айналайын қой мақпалдай,
Құрбыңмен неге отырсың ойнап қалмай.
Құрбыңмен аз ғана күн ойнап қалсаң,
Жабарсың қабырғанды бойдақ малдай.
607. Егін-төгін тағы да, егін-төгін,
Майы шығар семіздің тартса түгін.
Күнде мұндай қуаныш бола бермес,
Айтып өлең кетейін осы бүгін.
608. Қасың сұлу көрінер көзіңменен,
Ерiтесiң кiсiнi сөзiңменен.
Күнде мұндай кезіміз келе бермес,
Айтып өлең кетейін өзіңе мен.
609. Ойда да отыр ауылым, қырда да отыр,
Қоңыраттар жағалай Сырда да отыр.
Тапсаң, тәуір өлеңнің тазасын айт,
Үлкен-кіші сөзіңді тыңдап отыр.
610. Қайыңның қар жұқпайды күрегіне,
Тартады жақсы нәрсе сүрегіне.
Үстіне тамашаның кезім келді,
Жеткізсін әр пендені тілегіне.
611. Алтын таудай жер бар ма жайлағанға,
Асау мініп, жас құлын байлағанға.
Сары майдай балқырсың ояу жатып,
Бұлбұл құстай сызылтып сайрағанда.
612. Жоғарыдан келемін төмендетіп,
Құлан қара ат міндім шөмендетіп.
Құры қарап отырсаң, не шығады,
Отырайық одан да өлеңдетіп.
613. Бірің өрік болғанда, бірің алма,
Не көрмейді жалғанда тірі пенде.
Қартайсаңыз жас жетіп сәні кетер,
Жастық шақта, жөн білсең, күліп-ойна.

614. Шашырап жайылады ісек-тұсақ,
Турасам қойдың еті болады ұсақ.
Атасы атамыздың өнші дейді,
Болайық біз де өлеңші соларға ұқсап.
615. Көк етігім қонышы тар кие алмаймын,
Әкем менен шешемді қия алмаймын.
Мен қайтейін ауылдан кетіп барам,
Бауырларым жас еді, соны ойлаймын.
616. Қызды неге бұлай қып жаратасың,
Қолаң шашын қайырып таратасың.
Асау тайдай алшақтап жүрген басым,
Қандай жанның қолына қаратасың.
617. Бұл үйде құралай көз, қиғаш қастар,
Ай нұрлы, алма мойын, сүмбіл шаштар.
Құдайым жақсы күні кездестірді,
Бас қосу құтты болсын, замандастар!
618. Айт десеңіз айтайын айдай он бес,
Асауынан үйреткен тайдай он бес.
Тіршіліктің барында ойна да күл,
Қайта айналып оралмас қайран он бес.
619. Тай құлаша, дегенде, тай құлаша,
Суда балық өлмей ме жар құласа.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің, ай, құдаша?
620. Дүние ойлап тұрсам жалған екен,
Күлмеген, ойнамаған арман екен.
Аққумен аспандағы ән қосушы ем,
Дауысым әнге келмей қалған екен.
621. Той емес, тойдың аты — той топырақ,
Өседі қия жерге жау жапырақ.
Мырза болса құдағи, той жасасын,
Шүберек бере көрме бір жапырақ.

622. Бұл тойды кім бастайды — қыздар бастар,
Аяғын жүйрік аттай көсіп тастар.
Құдалар той жасаған мырза болса,
Бас-басына әншінің шапан тастар.
623. Су ағады арықтан шыр айналып,
Өлмегенге мал бітер бір айналып.
Оралыңның барында ойна да күл,
Кім бар, кім жоқ көргенше жыл айналып.
624. Қалқатай, етің аппақ қояндайсың,
Ән салсам, үй сыртынан оянбайсың.
Бірге өскен кішкентайдан замандасым,
Дәм тартып әлдекімге баяндайсың.
625. Берейін өнге салып жамағатқа,
Бұл өлең мұра болған азаматқа.
Осында үлкен де отыр, кіші де отыр,
Көрсем де артық болмас, саламат па?
626. Сұрасаң менің атым Қалқатаймын,
Болсам да малға кедей, өнге баймын.
Өкшесі қара етіктің қарыс сүйем,
Болсам да өзім кедей, қыз таңдаймын.
627. Баяғыда бай өткен, жарлы да өткен,
Жиырма бес басымыздан қарғыш өткен.
Жайраңдашы, жігіттер, тіршілікте,
Мақсатына ойлаған әркім жеткен.
628. Қазығұрттың етегі тас болады,
Шын азамат үйіне бас болады.
Көрінгенмен жылтырап сыртым бүтін,
Ішім жанып, көзіме жас толады.
629. Өзгеріп дүркін-дүркін ел де өтеді,
Ауырса, дерт те адамды меңдетеді.
Жиылып өңшең жақсы бас қосқанда,
Жел сөзді сөйлеп берсем, нем кетеді.

630. Басында жәрмеңкенің күнде жиын,
Жел сөзді қиыстырса несі қиын.
Өлең мен өнерімді бұлдайын ба,
Көрсетіп отырғанда халқым сыйын.
631. Келдім ғой ат терлетіп талай жерден,
Адамға ештеңе емес алған-берген.
Ол жалғанның қызығы бейіш дейді,
Бұл жалғанның қызығы тірі көрген.
632. Сөйлейін сөйле десең, қалқам, қалап,
Жарасқан торғын шашқа алтын тарақ.
Мен-дағы әдейі аңсап келіп едім,
Бас қосқан мұндай сәтті құтқа балап.
633. Қызыл тілім сөйлеші бұлбұлдайын,
Заман өтіп барады жыл-жыл сайын.
Қайратыңның барында қапы қалма,
Жасытпай ма адамды құр уайым.
634. Айт десеңіз айтайын өн баяулы,
Жарлы болар жігіттің жаны аяулы.
Тіршілікте қалайық күліп-ойнап,
Өтіп жалған барады күн санаулы.
635. Мен істеймін жұмысты өндірісте,
Оңтай тапсаң, жарасар әрбір істе.
Озып шығып қатардан жұлде аламын,
Мен сенемін бойдағы қайрат-күшке.
636. Сен дегенде, сәулежан, ойым бөлек,
Он жасымнан өлеңге болдым зерек.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.
637. Жарасар салсам тоғым боз тарланға,
Көңілім орнықпай жүр сұм жалғанға.
Сол көңілдің тарқасын шері болса,
Тарқар болса шырқатып өн салғанда.

638. Жыңғыл қайық, ендеше, жыңғыл қайық,
Ауылыңда қыз бар ма бізге лайық.
Ауылыңда қыз болса бізге лайық,
Екі ауылдың арасын із қылайық.
639. Көрінер ай астынан алтын кірпік,
Жаманға жоламаймын бойым үркіп.
Бойыңда мың теңгелік иіс майың,
Жіберші ойнаған боп маған бүркіп.
640. Үлкен үйлер, ендеше, үлкен үйлер,
Үлкен үйге жарасар тұтқан шилер.
Үлкен де отыр бұл жерде, кіші де отыр,
Қандай өлең айтайын, аға-билер?!
641. Тал мен қайың, құрбым-ау, тал мен қайың,
Саулық барда білмейсің ауру жайын.
Қамшының сабындай тіршілікте
Ағызайық көмей мен тілдің майын.
642. Келеді айлар туып күңгірт болып,
Қой өлер көктемеде қылқұрт болып.
Жігіттер, жастық шақта ойна да күл,
Қалармыз өлгеннен соң жым-жырт болып.
643. Тағы да алтай қарсақ, алтай қарсақ,
Көрүші ед қыздар жақсы қартаймасақ.
Бұ қыздар өздігінен кел демейді,
Қасына түнде барып жантаймасақ.
644. Ақ көйлек жыртылмайды кең болған соң,
Ойнайды қатар құрбы тең болған соң.
Өлеңді осында айтпай қайда айтайын,
Көңілді көтеретін жер болған соң.
645. Ұстағаным қолыма бұйда пышақ,
Сәулем, сені көрдім де жайдым құшақ.
Қасиетіңе мен сенің болдым риза,
Айдын көлдің аққуы өзіңе ұқсап.

646. Ажарың ақ түлкінің ажарындай,
Жаманға салма, құдай, назарымды-ай,
Ауылыңнан қыз кеткен соң қызық кетер,
Тарқаған Қояндының базарындай.
647. Жігіттер, неге отырсың өлеңдетпей,
Қалыңдар өлеңдетіп заман өтпей.
Қызығы бұл жалғанның ойнап-күлген,
Бір шылбыр, екі тізгін қолдан кетпей.
648. Отырсың ағаш үйдің бөлмесінде,
Жақсының иман тұрар кеудесінде.
Жастығың бұл өмірде бір-ақ келер,
Мен кепіл бір өткен соң келмесіне.
649. Ақ самаурын қайнайды шүмегі алтын,
Қатар жүрген құрбыңмен болма салқын.
Қатар жүрген құрбыңмен болсаң салқын,
Бұрынғыдай болмайды көңілің жарқын.
650. Қарағайлы дегенде, қарағайлы,
Қарағайды көп жылқы аралайды.
Жақсы-жайсаң осындай бас қосқанда,
Бекер қарап отырған жарамайды.
651. Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара шөлге қонып саңқылдаған.
Дегендер мен жақсымын толып жатыр,
Жақсылық өз басымен артылмаған.
652. Тиын екен, ендеше, тиын екен,
Жинай берсе тиынды, бұйым екен.
Әрқашан да қиналмай той бастаушы ем,
Тойын бастау балалардың қиын екен.
653. Сере шығар семізді сойғызған үй,
Табақ-табақ ет тартып, тойғызған үй.
Той жасапсыз сәрсенбі сәтті күні,
Тойыңыз құтты болсын той қылған үй.

654. Аспанда қыран бүркіт айналады,
Бозбала той дегенде сайланады.
Өлеңді шу дегенде қоя бермей,
Жақтары жамандардың байланады.
655. Басыңда түлкі бөрік түбіттеген,
Болар ма сенен артық жігіт деген.
Ауылға осы тұрған бір келмейсің,
Түстің бе ақ сандыққа кілттеген.
656. Саусағың ақ жамбының күмісіндей,
Лебізің шын жұпардың иісіндей.
Жүрісің әсем сұлу көрінеді,
Жорғаның су төгілмес жүрісіндей.
657. Ханның ісі түседі қарашаға,
Кілем түсі келісер алашаға.
Қабатыңа ала кет енді бізді,
Ауыл сәні өзіңсіз жараса ма!
658. Алқызыл гүл деуші едім, алқызыл гүл,
Қасың қара болғанда, тілің бұлбұл.
Қартайған соң күн өтіп, сәнің кетер,
Шамаң келсе, қалқатай, ойна да күл.
659. Айналайын Тәңірім, пана бергей,
Көкірегім кең сарай қала жердей.
Өлең десе тартамын жер танабын,
Озып келген бәйгеден қара кердей.
660. Асау аттың алдында ақыры бар,
Ақ теңгенің ішінде бақыры бар.
Сен қайдағы, құрбым-ау, мен қайдағы,
Епті болсаң, қасыңа шақырып ал.
661. Өлшеп берген бұл өмір өтеді де,
Бізді тастап басқаға кетеді де.
Алыс жерден сені іздеп келгенімде,
Көз қиығың тастасаң жетеді де.

662. Ши кескенім, тағы да ши кескенім,
Түрі әдемі болады шым кестенің.
Дүниеде, жарқыным, аман болып,
Олжа болар күлкімен күн кешкенің.
663. Ұшып жүрген әуеде ұлар ма екен,
Атып алсам баласын жылар ма екен.
Ауылың шалғай кеткенде, қимас қалқам,
Көздің жасын көл қылып тұрар ма екен.
664. Шаңырақты ұстайтын қызыл уық,
Шеше байғұс бір табан қызға жуық.
Садаққа салып атар қыз болмадық,
Әкеге соның үшін болдық суық.
665. Демеймін алыстамын, шығандамын,
Әйтеуір сен дегенде шығар жаным.
Бұл тойға сен келді деп есіткен соң,
Тыпыршып орнымда тұра алмадым.
666. Болғанда алтын басың, құндыз шашың,
Иілген жай секілді екі қасың.
Кетпесін осы сөзім қошеметке,
Ел-жұртқа өзіз болған сенің басың.
667. Кейбіреуге жақпайды бұлтты күн,
Жарасар ақ қозыға түбітті жүн.
Қызылыңның барында қиялай бас,
Басыңнан әлі-ақ өтер қызықты күн.
668. Боз інген боздайды екен ботам-ау деп,
Жүк артса, ақ ботама батады-ау деп.
Бой жеткен жылайды екен кетерінде,
Біреудің оң жағында жатам-ау деп.
669. Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Кер биеге жарасар кер құлыншақ.
Кер құлыншақ ойнайды ат болдым деп,
Қыз бейшара жылайды жат болдым деп.

670. Үлкеннің алып келген ақ батасы,
Түйенің ойнақтайды жас ботасы.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, отағасы.
671. Қаймақ жоқ қара суда — мұз болмаса,
Бейқуат қойдың еті, тұз болмаса.
Солқылдап екі шекем жүре алмаймын,
Біреуі жолдасымның қыз болмаса.
672. Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Мал жаяр Шопан ата жаяулатып.
Астынан алты қырдың ән шырқасам,
Шыдайды қайтіп дәтің ояу жатып.
673. Қарағым айналайын, айнама жақсы,
Тигізбе залалыңды, пайдаң жақсы.
Жаманның мінін айтсаң, торсаңдайды,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы.
674. Ала қарға дегенде, ала қарға,
Ауыл шалғай болған соң шара бар ма.
Жайлаудағы тойға кел жорғаменен,
Қой бақтырып қайдағы балаларға.
675. Келеді басы қайқы қабырғаның,
Көп болды айтқаныңнан аңырғаның.
Бірге өскен ойнап-күліп көз көрген ең,
Кісідей танымайтын не қылғаның.
676. Қияның қияласа, қиясы бар,
Етекте орып алса, миясы бар.
Көңілді көтерейік бас қосқанда,
Өлеңнің таңдайымда ұясы бар.
677. Мен өзім ақын емес, өрнек едім,
Дидарын жақсылардың көрмек едім.
Жиылып үлкен-кіші бас қосқанда,
Азырақ тамашалап бермек едім.

678. Көгілдірік, ендеше, көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.
Бізге салған қолқаңыз өлең болса,
Біз айтайық өлеңді төгілдіріп.
679. Жезім деймін, ендеше, жезім деймін,
Өлең айтып отырған өзім деймін.
Айтар болсаң өлеңді бүгін айтқын,
Бүгіннен соң келмейді кезім деймін.
680. Дүние өте шығар басымыздан,
Бала едің әдеп көрген жасыңыздан.
Он бес пен жиырманың арасында,
Кетпейді келген құрбы қасыңыздан.
681. Қыз қосылса теңімен, жыламасын,
Көздің жасын көл қылып бұламасын.
Екі жасты бақытты ете көр деп,
Біздер бата берелік сұрағасын.
682. Күнде жылау, бөпем-ау, күнде жылау,
Иіс маймен денеңе бердім сылау.
Сен жыламай, бөпем-ау, кім жылайды,
Асырайтын әкеңнің сиқы мынау.
683. Жолаушы жолға шығар қосыменен,
Шөлдесе, шай қайнатар мосыменен.
Осы үйде таң атқанша өн шырқадық,
Әнімді тоқтатайын осыменен.
684. Жолықсаң біздің жақтың тентегіне,
Өмірдің қарамайды келтегіне.
Қонаққа жалғыз атын сойып беріп,
Жүген ұстап қалады ертегіне.
685. Мен айтайын сөзімді өлең етіп,
Өмір сүрсін жас ұрпақ көлеңдетіп.
Бас қосқаны қауымның той емес пе,
Отырайық бәлсінбей өлеңдетіп.

686. Қазығұртты жағалай тас болады,
Шын азамат үйіне бас болады.
Көрінгенмен жылтырап сыртым бүтін,
Ішім жанып, көзіме жас толады.
687. Ұлы жұртты жағалай тал болады,
Ашылмаса көңілім, дал болады.
Қасіретті қайғысы басқа түссе,
Айдын көлге үйрек-қаз зар болады.
688. Білте бермен, тағы да, білте бермен,
Қолаң қара шашың бар күлтеленген.
Көмекейің көсілген ақын болсаң,
Қара дауыл өлеңді сілте бермен.
689. Ақ қалады, ендеше, ақ қалады,
Аттың басқан жерінде дақ қалады.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.
690. Ана беттен жол еді мына бетке,
Сөйлеспедім өзіңмен шығып шетке.
Қайсыбірін айтайын, ай-ау, сәулем,
Енді кетіп барасың тұрмай сертке.
691. Тауып алдым аққудың жұмыртқасын,
Менен сәлем айта бар ұмытпасын.
Бірге өткізген күндерді есіне алып,
Менен басқа ешкімді жуытпасын.
692. Қарағым, айналайын, өкпем деймін,
Естісем жаман атың өкпелеймін.
Осыдан бірге жүріп кетсең бөлек,
Сағыныш басылмайды көпке дейін.
693. Бойдай тал-ай, шіркін-ай, болған басым,
Боз биенің сүтіне жуған шашым.
Қыз да болса біреудің еркесі едім,
Енді кімге қор болдың әзіз басым.

694. Дүние өтіп жатыр құмай Құдай,
Ақ бетке ажар кірмес сүтпен жумай.
Бірге өскен құрбы-құрдас жүрсің қайда?
Қанатын қайшылаған аппақ құдай.
695. Екі ауылдың ортасы қамыс-пішен,
Қу жаманнан, дүние-ай, қашан кетем.
Қу жаманнан, дүние-ай, кетер едім,
Аяғыма сен болдың алмас кісен.
696. Буындым белбеу алып белім үшін,
Мал түсер барымтаға елім үшін.
Артыңнан ар ма десем қарамайсың,
Кетейін өлең айтып көңілің үшін.
697. Сары маңыз, жаным-ау, сары маңыз,
Сарғайып сары майдай қалар аңыз.
Көпшілік, қоштасқалы келіп едік,
Көргенше, көріскенше арымаңыз.
698. Жаным-ау, қайын сіңер, қайын сіңер,
Қайрылып қара інгенді тайлақ емер.
Бас қосып өңшең жақсы отырғанда,
Жаман адам ортаға қайтіп сіңер.
699. Естен кетпес етікпен су кешкенім,
Жауқазындай жадырап бірге өскенім.
Жаманменен сан ойнап, сан күлгенім,
Өзіңменен бір ауыз тілдескенім.
700. Сөйлей бер, қызыл тілім, жақ барында,
Басында таудай талап, бақ барында.
Барында оралыңның ойна да күл,
Тәңірім өзі білер сақтарын да.
701. Сөйлей бер, қызыл тілім, сен де өлерсің,
Жібіндей машинаның дөңгелерсің.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Киіп ап ақ көйлекті жөнелерсің.

702. Дұрысы қой ішінде ісек-тұсақ,
Туралса, қойдың еті болады ұсақ.
Атасы атамыздың өлеңші екен,
Болайық біз де өлеңші солар құсап.
703. Түлкісі бұл тепсеңнің қызыл түлкі,
Адамды жалықтырмас ойын-күлкі.
Биікке ойда тұрып қол сермеймін,
Болсын деп көңіл шіркін көтеріңкі.
704. Жігітке сулық қандай сұр шекпендей,
Мінезі кей жаманның тай тепкендей.
Барында оралыңның ойна да күл,
Боларсың әлі-ақ бір күн су сепкендей.
705. Дүние ойлап тұрсам жалған екен,
Ғаламды он сегіз мың алған екен.
Жібіндей машинаның қайран әнім,
Шалдығып шапқан аттай қалған екен.
706. Қай жалған? Мына жалған — пәни жалған,
Жалғанның көбі кетіп азы қалған.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Күлмеген-ойнамаған қапыл қалған.
707. Ақ үйдің ат байладым кермесіне,
Ешкімнің көз салмаймын бермесіне.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Мен кепіл сұм жалғанның келмесіне.
708. Боз аттың, бойдай тал-ай, бой денесі,
Адамның қолқа — жүрек — жан денесі.
Артына өлген адам қарамайды,
Қара жер бауыры суық әлденесі.
709. Ана тау мына таумен төте шығар,
Пышаққа ұста соққан жете шығар.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Сұм жалған баяны жоқ өте шығар.

710. Сен де он бесте, құрбым-ау, мен де он бесте,
Екі он бес қосылса тең келмес пе.
Қалқатайдың бергені жарты мейіз,
Бөліп жесек екеуміз, олжа емес пе.
711. Қалтаңда бет қарайтын айнаң болсын,
Алдайтын он бес қызды хайлаң болсын.
Қаншама күйдім-сүйдім десең дағы,
Жігітке өз жарындай қайдан болсын.
712. Өлең де жоқ, ән де жоқ салмағанға,
Армандамын ауылыңа бармағанға.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға.
713. Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Қалқатайдың төбесі көрінгенде.
714. Өлең десе, таңдайым тақ етеді,
Ақ тайлақ үй артында бақ етеді.
Ішіне қараңғы үйдің кіріп барсам,
Маңдайы қалқатайдың жарқ етеді.
715. Өлеңімнің басы еді айда-сайда,
Жігітке бір өткен соң дәурен қайда.
Хат-хабарсыз, қалқатай, қайда кеттің,
Айырылмаймын дейтұғын сертің қайда?
716. Айналайын жарқыным, асылым-ай,
Сөйлеспедім жақындап қасыңызға-ай!
Өзің жазған хатыңды қадір тұтып,
Салып жүрмін жаныма жасырын-ай.
717. Айналайын көзіңнен жалт-жұлт еткен,
Кім бар еді арада саған жеткен.
Дүниеде не маңғаз туса дағы,
Теңгермеймін ізіңе басып кеткен.

718. Айналайын көзіңнен көлгірім-ай,
Тас бұлақтың суындай мөлдірім-ай.
Шаршы топтың ішінен таңдап алған,
Асқар таудай айшықты белгілім-ай.
719. Айналайын атыңнан асыл затым,
Жарасқан тал бойыңа, сәулем, затың.
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,
Келмеді-ау бір жапырақ жазған хатың.
720. Айналайын, қарағым, қара қасым,
Қос иықта бұралған қолаң шашың.
Өзіңменен бір болсам бұл өмірде,
Болады ғой бақытты менің басым.
721. Айналайын, қарағым, қал жақсы ма?
Сала берме көзіңді бар жақсыға.
Сала берсең көзіңді бар жақсыға,
Бәрі жақсы көрінер алғашқыда.
722. Айналайын, ақ жүзің айдан аппақ,
Сендей жанды ер жігіт қайдан таппақ.
Көрген адам қасыңнан кете алмайды,
Мүз үстінде жүргендей тайғанақтап.
723. Қалқатай, неге отырсың, өлеңдетпей,
Өлеңдетіп қалайық заман өтпей.
Гүл жазыңның барында ойна да күл,
Албыраған ақша бет нұры кетпей.
724. Қалқатай, сен дегенде болдым ынтық,
Арадағы дұшпанға тисін мылтық.
Қағидаңа берік бол, мен сендікпін,
Көре алмаған көп дұшпан жүрсін сүйтіп.
725. Қалқатай, сен дегенде неден жаздым,
Сабағын сары қурайдың белден қаздым.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қалқатай,
Сарғайып сағынғаннан өлең жаздым.

726. Қалқатай, ойым бөлек сен дегенде,
Сен қандай күйде екенсің мен дегенде.
Тіліңнен аузыңды ашып бір сүйгізсең,
Болар-ау мың күн сусын шөлдегенде.
727. Қалқатай, сен дегенде қандай болдым?
Байланған атып бөкен сондай болдым.
Кеткенде ауылың алыс, жерің шалғай,
Айырылған үйірінен қаздай болдым.
728. Қалқатай, келдің қайдан, кеттің қайдан,
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жетер ме, айтсам сәлем тұрымтайдан.
729. Қалқатай, сен ар жақта, мен бер жақта,
Шұлғиды кер арғымақ, бау шарбақта.
Қолымда құнан атан шүйіншім бар,
Ауылы қалқатайдың дәл қай жақта.
730. Қарағым, айналайын, асылым-ай,
Ойнар ма едім асылмен асылып-ай.
Ойнай қалсам асылмен асылып-ай,
Қалсын ақша төсекте шашылып-ай.
731. Қарағым, айналайын, қандай едің,
Құрбыңның өзің теңдес маңдайы едің.
Өзіңмен күліп-ойнап жүрген шақта,
Қол жеткен мұратыма жандай едім.
732. Қарағым, айналайын, қырғи қабақ,
Сен едің суда жүзген алтын шабақ.
Салсам да күміс қармақ ілінбейсің,
Қайтейін қылығыңды, беу, ақтамақ.
733. Қарағым, айым да сен, күнім де сен,
Қасқа тісің ақсияр күлімдесең.
Ай мен күндей жанымда сен жүргенде,
Ауыт басып, адасып сүрінбес ем.

734. Қарағым, айналайын, ұтымыңнан,
Құмырсқа бел үзілген мықыныңнан.
Бағаласам бағаңа жан жетпейді,
Қандай жанның жаралдың тұқымынан.
735. Қарағым, айналайын, қасың керік,
Мал болсаң алар едім бәсін беріп.
Мен саған басыбайлы бол демеймін,
Жүрсеңші азғантай күн қасыма еріп.
736. Қарағым, айналайын, көзіңізден,
Аузыңда мың ділдалық сөзіңізден.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Садаға жиырма бес қыз өзіңізден.
737. Қарағым, сен ар жақта, мен бер жақта,
Ойнайды торы арғымақ тал шарбақта.
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсің,
Сенімен қосылсам деп жастық шақта.
738. Қарағым, айналайын, қарадым-ай,
Шашыңды қос бұрымдап тарадың-ай.
Айырылып сенен, еркем, қалғаннан соң,
Бурадай қаңтардағы жарадым-ай.
739. Қарағым, көркің сенің көктемдейін,
Жетпесең уағдаңа, өкпелеймін.
Осыдан қол ұстасып бір кетпесең,
Жас жүрек жұбанбайды көпке дейін.
740. Қарағым, төмен қарап назданасың,
Кім білсін қуаныштың азғанасын.
Қосылса екі ғашық бір жерге егер,
Жүректің бітірмей ме сан жарасын.
741. Құрбым-ау, серттеселік, серттеселік,
Сақтаса серттен Құдай ептеселік.
Көңілің, сірә, бізде болса егер,
Тасындай диірменнің беттеселік.

742. Ой, қалқа, қиғаш қасың қиылып тұр,
Бетіңе нұрлы сәуле жиылып тұр.
Гүл атқан қырмызыдай қызыл ерін,
Сүйеге қандай жанға бұйырып тұр.
743. Қос құрбы біз дегенде әнге салғай,
Аулыңа жете алмаймын жерің шалғай.
Сағынып бір өзіңді жүргенімде,
Болмаса әнге қосып есіңе алғай.
744. Құрбы сәні келмейді ойнап-күлмей,
Қыздың сәні келмейді барша кимей.
Алыстағы махаббат арман болар,
Екі ғашық сырласып бірге жүрмей.
745. Құрбым-ау, сен үйдесең, мен бүйдейін,
Суына жүгерінің нан илейін.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қалқатай,
Түйедей ботасы өлген зар илейін.
746. Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Артыңнан басқан ізің білінбеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып сенен, сәулем, жүрем деген.
747. Көзіңнен айналайын, аймалайын,
Қолыңа ақ сағаттай байланайын.
Бергенде өзің көңіл, ей, қалқатай,
Иіскеп ақ төсіңнен аймалайын.
748. Көзіңнен айналайын, қалқатайым,
Келмейді сенсіз жерде менің жайым.
Гүл жайнап көз алдымда сен тұрғанда,
Басқаның күн мен айын не қылайын.
749. Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Тал бойынан ешбір мін білінбеген.
Көңіліме ұялап көгершіндей.
Жатсам көзім түн бойы ілінбеген.

750. Көзіңнен айналайын күліп тұрған,
Жағдайды айтқызбай біліп тұрған.
Төңірге күндіз-түні айтам алғыс,
Кезінде бір өзіңмен жолықтырған.
751. Көзіңнен, айналайын, телміруі-ай,
Суындай тас бастаудың мөлдірім-ай.
Ішінде шаршы топтың жарқ-жүрқ еткен,
Айшықты Алатаудай белгілім-ай.
752. Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Оғаштық тал бойыңнан білінбеген.
Мінезің неткен жақсы майда қоңыр,
Сыртыңнан көрген адам «күнім» деген.
753. Көзіңнен айналайын жайнап тұрған,
Өлеңге бұлбұл құстай сайрап тұрған.
Жігітке бұл жалғанда арман болмас,
Бұралтып бір өзіңмен ойнап тұрған.
754. Көзіңнен айналайын оймылдаған,
Не сақтап, нені, қалқа, қойдың маған.
Қарағым, қандай жанды жарылқайсың,
Пенде жоқ бір өзіңнен ой қылмаған.
755. Көзіңнің айналайын қарасынан,
Қасыңның хат жазайын арасынан.
Үстіңнен асыл бешпент шешіп берген,
Қолыңнан айналайын саласынан.
756. Қара су есік алды лай-ау деп,
Қолымды сермей салдым былай-ау деп.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Үш тұрып, үш отырдым, Құдай-ау, деп.
757. Қара су есік алды өткелі жоқ,
Суынан өткелі жоқ өткенім жоқ.
Шет болсаң бір Құдайға өзің шет бол,
Ешқайда сені тастап кеткенім жоқ.

758. Қара су есік алды балдыры бар,
Атыңды балдырынан шалдырып ал.
Көңілің шыныменен менде болса,
Ұйқыңды ерте жатып қандырып ал.
759. Қара шашым келмейді қайыруға,
Не демейді қас-дұшпан айыруға.
Десе десін қас-дұшпан айыруға,
Тел қозыдай шығайық жайылуға.
760. Қара көз қарай бердің дүркін-дүркін,
Көзімді қарықтырды сенің көркің.
Шашыңнан бір-бір талдап сүйер едім,
Қайтейін жетпейді ғой ғұмыр шіркін.
761. Астыма мінген атым шым жиреннен,
Қатқылға мал тоқтамас құмға үйренген.
Қалқатай, өрі отырмай, бері отыршы,
Мен байғұс жастайымнан қызға үйренген.
762. Қара таудың басына қарай жүрдім,
Ақ баршаны басыма орай жүрдім.
Келеді деп бұл жаққа естіген соң,
Әрбір күнін Тәңірдің санай жүрдім.
763. Қара су есік алды өткелі жоқ,
Суынан өткелі жоқ, өткенім жоқ.
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,
Басқаға көңіл бұрып кеткенім жоқ.
764. Қара су есік алды өткелі жоқ,
Жерінен өткелі жоқ өткенім жоқ.
Жүректен шын сүйіскен тату сәулем,
Жерімнен уәделі кеткенім жоқ.
765. Ауылымның қонғаны Қаратал-ды,
Қарай-қарай жолыңа көзім талды.
Пида қылып жолыңа арнар едім,
Сенің үшін, жан сәулем, шыбын жанды.

766. Ауылымның қонғаны ала татыр,
Оқтай зулап дүние бара жатыр.
Ауылыңның тұсынан ән салғанда,
Ақ боз үйге сүйеніп қара да тұр.
767. Ауылым көшіп барады Сарымсаққа,
Қой айдаттым базарға алымсаққа.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қалқатай,
Шықпайды екен шыбын жан сағынсақ та.
768. Ауылым көшіп барады Ылайкөлге,
Жарасар дүрия бешпент қынай белге.
Кеткенде ауылың алыс, құрбыларым,
Құшақтап құс жастықты жылай көрме.
769. Ауылымның қонғаны тастақ төбе,
Бір сәлем сағынғаннан айттым неге?
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Жүргені өзімсініп қандай неме!
770. Ауылымның мекені ой ма, қыр ма,
Қонады бұл жайлауға қайтқан тырна.
Түскенде мен есіңе, ей, перизат,
Шырқап сап, осы әніме қолың бұлға.
771. Ауылым көшіп барады Ылайкөлге,
Дүрия бешпент жарасар қынай белге.
Жақсы жігіт жалғанда жалғыз ба екен,
Айналайын көзіңнен жылай берме.
772. Қосақтың басы болар жебей саулық,
Жарасар келіншекке жібек жаулық.
Жүрейін айнала ұшып аспаныңда,
Ұшыршы тұғырымнан мені баулып.
773. Тоқым салсам жарасар тел күреңге,
Сіз кеткен соң телмірдім мен біреуге.
Сағынғаннан төрт болып екі көзім,
Қарайғанға қадалып телміруде.

774. Ауылыңның қонысы Белтұрғанда,
Шөптің басы қимылдар жел тұрғанда.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Қайда кетіп барасың мен тұрғанда.
775. Ауылым көшіп барады Сарымсаққа,
Шыбын жан шықпайды екен сағынсақ та.
Келмеді қыста хабар, жазда хабар,
Сарғайып елесіне табынсақ та.
776. Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Ой бөлмеймін шын істің жалғанына.
Бір кетпейтін есімнен есіл қалқам,
Жетер ме екен қол созған арманына.
777. Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
Бір кетпейтін есімнен есіл қалқам,
Кетер ме екен біреудің қармағында.
778. Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.
Түскенде сен есіме, ей, қарағым,
Жүремін әрең шыдап өлмегенге.
779. Ауылым көшіп барады Құмайкөлге,
Дүрия бешпент жарасар қынай белге.
Ауылың шалғай кеткенде қимас қалқам,
Мені ойлап, жан қалқам, жылай көрме.
780. Ауылым көшіп барады Блайкөлге,
Дүрия бешпент жарасар қынай белге.
Қайран жар қайта айналып қосылмай ма,
Айналайын көзіңнен, жылай көрме.
781. Ауылым биік таудың ашасында,
Белгісі жүйрік аттың шашасында.
Менімен хат алысып, хат берісіп,
Бір күні уәде беріп қашасың ба?!

782. Ауылым көшіп барып бел асады,
Бір жақсы бір жақсыға жанасады.
Кеткенде ауылың шалғай, ей, перизат,
Өлеңді не деп айтсам, жарасады.
783. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.
Сенімен бір ойнаса, мен ойнаймын,
Мойнымды боз жорға аттай бұрып салып.
784. Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен,
Қара көз өзі сұлу дөненменен.
Кеткенде жерің шалғай, өттең, құрбым,
Жүремін сені жоқтап өлеңменен.
785. Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен,
Қара көк, белі сұлу дөненменен.
Кеткенде ауылың шалғай, беу, қарағым,
Жүрейік хабарласып өлеңменен.
786. Мінгенім дәйім менің торы құнан,
Торы құнан ақсайды тобығынан.
Шыныменен көңілің менде болса,
Жолығайық ауылдың қорығынан.
787. Мінгенім дәйім менің қасқа құнан,
Қыздардың сақта Құдай асқағынан.
Шыныменен құласа көңіл шіркін,
Жолығайық ауылдың тастағынан.
788. Мінгенім астымдағы құла қасқа,
Айтамыз амандықты мал мен басқа.
Құламен құйқылжытып салдыртқанда,
Көз қырын жіберуші ем замандасқа.
789. Мінгенім дәйім менің қасқа тайым,
Қасқа тайдан мінбеймін басқа тайын.
Беріп кет кетеріңде бір белгіңді,
Дәтке қуат етейін, қалқатайым.

790. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады төстен түлкі сүмендеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып қалқатайдан жүрем деген.
791. Мінгенім дәйім менің құла құнан,
Үркеді құла құнан құлағынан.
Шынты пейілің, шын көңілің менде болса,
Табысайық ақ жардың бұлағынан.
792. Мінгенім дәйім менің ала құнан,
Үркеді ала құнан саяғынан.
Көңілің шыныменен менде болса,
Кездесейік бұлақтың аяғынан.
793. Жылқы бақтым айқайлап қысы, жазы,
Қалқамның құлағымда айтқан назы.
Шалқыған дарияға қанат қағып,
Сен едің ерке жүзген қоңыр қазы.
794. Жылқыда ұстатпайды қара бедеу,
Шөп шығар тақыр жерге елеу-селеу.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Дегенің «қош-есен бол» о да медеу.
795. Жылқыда ұстатпайды сұлу сары,
Кетпейді қысы-жазы жонның қары.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары.
796. Жылқыда екі торы сор жалаған,
Аяғын ақсай басып жорғалаған.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Қойныма көзім жасы сорғалаған.
797. Жылқысы біздің елдің ала мойын,
Су ішіп айдын көлде салады ойын.
Сүйеніп тал құрыққа тұрғанымда,
Қалқада әрқашанда болады ойым.

798. Жылқы бақтым сары жон белесіне,
Етектегі түседі ел есіме.
Сары белден шырқаған даусымды естіп,
Сүйген сәулем, қасыма келесің бе?
799. Жылқымды айдап салдым шөпті көлге,
Жаюшы ек үкі тағып бесті керге.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,
Бармайды айтуға аузым кетті дерге.
800. Жылқы ішінде жүрелік домбыра алып,
Бір шеберге тиегін жондыралық.
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,
Екі ауылды бір жерге қондыралық.
801. Жылқыда екеу едік сыбызғылы,
Салдырмас нелер күйге қыз қылығы.
Көңілің шыныменен менде болса,
Терең сай үйдің арты тобылғылы.
802. Жылқыда ұстатпайды мұз көк ала,
Сала алмас осы әніме өзге бала.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Айырылдық арадағы сөзге бола.
803. Жылқы деген мал жақсы аман болса,
Жігіт неге бағады жаман болса.
Өзіңді ойлап, жан сәулем, жүргенім ғой,
Ат үстінде көңілім алаң болса.
804. Жылқыда ұстатпайды ұзын құла ат,
Өзеннің екі жағы малға суат.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Сала жүр осы әніме дөтке қуат.
805. Қолыңа кездік бердім май тура деп,
Қолыңды кесіп алмай жай тура деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ауылы ақ еркенің қай тура деп.

806. Қолымда бір қамшым бар жез бауырдан,
Кірсем шыққым келмейді қызды ауылдан.
Ауылың алыс кеткенде, қарағым-ай,
Жақсы көрдім өзінді бір бауырдан.
807. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шықса дағы,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.
808. Қолымда бір қамшым бар өрілмеген,
Біреуге өріп бер деп берілмеген.
Жөніңді айтшы, қалқатай, танысайық,
Қандай жансың көзіме көрінбеген.
809. Қолымда бір қамшым бар ырғайдан сап,
Өтпесе қойың судан құрайлап бақ.
Сарғайып сені тосып отырғанда,
Келмесең дәл сол күні Құдайдан тап.
810. Қолымда бір қамшым бар таспалаған,
Атыма жүген салдым қасқалаған.
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,
Көремін өзінді артық басқа жаннан.
811. Базардан алып келген білте шам-ай,
Бидай өнді, ақ құба құдашам-ай.
Сірә, менің көңілім басылар ма,
Сақиналы қолыңнан ет асамай.
812. Базардан алып келген қызыл кіліт,
Шығады күн батарда қызыл бұлыт.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Елесің көз алдымнан болмас ұмыт.
813. Базардан алып келген темір шелек,
Ойнаған мен күлгенің жаннан бөлек.
Ауылың алыс кеткенде, уай, қарағым,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.

814. Зергер бұйым соғады қалайыдан,
Аққан тері сорғалап самайынан.
Көңіліңе бір сенің қараймын деп,
Сендейлердің айрылдым талайынан.
815. Біздің ауыл Ақсайдың қақ басында,
Күміс жүген жарқылдар ат басында.
Көңілің шыныменен болса менде,
Жанат ішік жамылып жат қасымда.
816. Біздің ауыл Кегеннің төрінде отыр,
Өзің көрген баяғы жерінде отыр.
Шыныменен көңілің менде болса,
Сағат сайын көзіме көрін де отыр.
817. Құлағыма салғаным күмбір сырға,
Күмбірлетіп шығамын күнде қырға.
Сағынғаннан сарғайып, аңсағанда,
Бір өзіңді қосамын ән мен жырға.
818. Құлағыма таққаным алтын сырға,
Өзіңді іздеп шығамын күнде қырға.
Сағыныштан сарғайып тыным таппай,
Бір өзіңді қосамын ән мен жырға.
819. Құлағыма салғаным алтын сырға,
Таң алдында шық тиер балтырыма.
Уәденің құлы боп жүрмін күтіп,
Сәлемімді айта бар жарқыныма.
820. Үстімде бір бешпентім қыл қарадан,
Түймесін інжу-маржан қыз қадаған.
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,
Даусыңнан айналайын ызбалаған.
821. Үстімде бір бешпентім батысайын,
Қалқатай, таныс еді барлық жайың.
Жеріңді уағдалы айтып қойшы,
Іздеп барып өзіңмен танысайын.

822. Үстімде бір бешпентім қынамалы,
Бір өлең айтып қалдым сынағалы.
Бергенде өзің көңіл, қалқатай-ау,
Жас келді қара көзге жылағалы.
823. Үстімде бір бешпентім ыдыраптан,
Жоғалмас байдың малы қыдыр баққан.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Танимын әуезіңнен сылдыр қаққан.
824. Үстімде бір бешпентім дүриядан,
Ұшырдым екі сұңқар бір ұядан.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жетер ме айтсам сәлем зымиядан.
825. Әуеде ұшып жүрген көкек деген,
Бауырында балапаны секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып қалқатайым кетед деген.
826. Әуеден ұшып жүрген ала қаздай,
Айырылған үйірінен бала қаздай.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Нәр татпан сені ойлап ала жаздай.
827. Әуеден ұшып жүрген ақ кекілік,
Үзді ғой шідерімді ат секіріп.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қалқатай,
Үш тұрып, үш отырдым қатты өкініп.
828. Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,
Баласын атып алсам, жылар ма екен.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Өлеңге өстіп қоссам ұнар ма екен.
829. Әуеде ұшып жүрген қара инелік,
Ұшады қара инелік зар иленіп.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Қалды ғой қабырғама қан иленіп.

830. Әуеде ұшып жүрген сары ала қаз,
Айдын көлдің ортасы көкорай саз.
Сен іздесең, қалқатай, мен сұраған,
Күліп-ойнап қалайық бір-екі жаз.
831. Көрінесің көзіме егіндей боп,
Егіннің желкілдеген көгіндей боп.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Көзіме кім көрінер өзіңдей боп.
832. Көрінер кісем сұлу оқшантайдан,
Қалқаны жақсы көрем кішкентайдан.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қалқатай,
Жетер ме айтсам сәлем күйкентайдан.
833. Көрінер кісем сұлу дөңгелектен,
Қалқатай, жақсы көрдім бір бөлектен.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жетер ме, айтсам сәлем көбелектен.
834. Көрінер кісем сұлу құймасынан,
Бір сөзді айта салдым қимасынан.
Бергенде өзің көңіл, қалқатайым,
Жалғанда құс ұшырман бір басыңнан.
835. Көрінер кісем сұлу маржандаған,
Маржаны түсіп қалып арзандаған.
Мен саған жастайымнан құмар едім,
Бар болса, айтып қалшы, айтар маған.
836. Көрінер кісем сұлу бауы ұзыннан,
Арылар, түйсе, тары қауызынан.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,
Жетер ме, айтсам сәлем ауызымнан.
837. Көрінер кісем сұлу шығыршықтан,
Өзіңді жақсы көрдім бір қылықтан.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жетер ме, айтсам сәлем бұлдырықтан?!

838. Дәйім менің мінгенім көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.
Жерің шалғай кеткенде, құрбыластар,
Осы әніме сала жүр төгілдіріп.
839. Дәйім менің мінгенім құла қасқа,
Таудан соқпақ салдырдым құламасқа.
Ауылың алыс кеткенде, құрбыластар,
Бет орамал беріп кет жыламасқа.
840. Дәйім менің мінгенім шұбалаң кер,
Қос сақина қолымда бұрама зер.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Көзге күйік болады ойнаған жер.
841. Дәйім менің мінгенім ала құнан,
Қыздардың жел соғады балағынан.
Шортандай шабақ қуған шөпілдетіп,
Сүйер ме ем сол қалқаның тамағынан.
842. Дәйім менің мінгенім боз көк ала,
Сала алмас біздің өнге өзге бала.
Арадан қыл өтпейтін қимас қалқа,
Барамын ауылыңа сізге бола.
843. Дәйім менің мінгенім құла бөрте,
Құйрығы ұзын бөртенің, жалы келте.
Төстен қашқан түлкідей шұбалаңдап,
Әріптестің қойнынан тұрсам ерте.
844. Дәйім менің мінгенім сусыл сары,
Сусылдар шапқан сайын аттың жалы.
Кеткенде ауылың алыс, екі-ай қалқам,
Болмайды бір өзіңдей жанның бәрі.
845. Дәйім менің мінгенім алқара көк,
Қара көкке қададым үкілі шоқ.
Құба жонға құлазып шыға келсем,
Жұртың жатыр қарайып, ауылың жоқ.

846. Дәйім менің мінгенім сұрша құнан,
Қозы ағыттым көгеннің бұршағынан.
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,
Табысайық ауылдың сырты жағынан.
847. Дәйім менің мінгенім ала құнан,
Ала құнан үркеді балағымнан.
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,
Табысайық дария сағағынан.
848. Дәйім менің мінгенім құла бесті,
Айналып Сарыарқаны ауылым көшті.
Есіме сен түскенде, сүйген сәулем,
Езіліп іші-бауырым жерге түсті.
849. Дәйім менің мінгенім торы құнан,
Торы құнан ақсайды тобығынан.
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,
Табысайық Ақсайдың қорымынан.
850. Дәйім менің мінгенім сары құнан,
Сары құнан үркеді сауырынан.
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,
Табысайық, қалқатай, ауылыңнан.
851. Бір келдім, екі келдім, үшке дейін,
Көтерші, тамағыңнан иіскелейін.
Мойныңды аққу-қаздай бұрып тастап,
Жаныңда жатар ма едім түске дейін.
852. Ақ көйлекті кимедім, бөз болар деп,
Ойын-тойға бармадым, сөз болар деп.
Таза сақтап бойымды, жүрдім жалғыз,
Бір перизат өзіңдей кез болар деп.
853. Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Ынтызарым құриды сен дегенде.
Алты айшылық жолыңа азық болар,
Сірне татыр сілекей шөлдегенде.

854. Өнерпазға немене өлең деген,
Ауыздығын шайнайды дөнен деген.
Ауылың алыс кеткенде, беу, қалқатай,
Жүрісіңді сағынам көлбеңдеген.
855. Хат тауының бауырында қарға жүрер,
Қара жолмен шиқылдап арба жүрер.
Біте қайнап, бірге өскен, қарағым-ай,
Сағынып шыбын жаным зорға жүрер.
856. Көзге түсер, ер салсам, бай көк дөнен,
Аралайын ауылыңды тай көкпенен.
Бірге жүріп, бірге өскен, беу, қалқатай,
Сағынғанда қараймын әйнекпенен.
857. Жорғалайды көк ала малдың басы,
Етекке саудыраған сайдың тасы.
Кеткенде ауылың алыс, әй, қарағым,
Көл болар омырауға көздің жасы.
858. Ақ тісің аузыңдағы маржан тісің,
Болар ма мұндай душар сүйген кісім.
Сүйкеніп сүйген кісім өте шықса,
Қазандай қатты от жаққан қайнайды ішім.
859. Шыт шұлғау, шүберек байпақ, кәзелі етік,
Мәскеуден кидім бешпент дөңгелентіп.
Даусыңды естігенде бұлбұл құстай,
Қараймын жан-жағыма елең етіп.
860. Жан қалтама салғаным он екі құрт,
Қалқатайдың ауылын көрдің бе жұрт.
Қалқатайдың ауылын көрген болсаң,
Сүйіншіге берейін орамал, шыт.
861. Алтын басың болғанда, мақпал шашың,
Қаламменен сызғандай қиғаш қасың.
Мұндай сымбат тұрғанда бір өзіңде,
Жабыттамай ауылыңды кім шыдасын.

862. Көз алдымда ақ жүзің күлімдейді,
Бір өзіңнен басқаға білінбейді.
Сен есіме түскенде, ей, қалқатай,
Ұзақ таңға көзім бір ілінбейді.
863. Сен енді, сенсең еді, сенсін десең,
Не етеді сәлем деп сен келсін десең.
Бар дейді жан қалтаңда жарты мейіз,
Не етеді, бүтін беріп жесін десең.
864. Сен енді, сенсең еді, сенейінші,
Зар илеп ақ боз аттай желейінші.
Жеріңді уағдалы айтып қойшы,
Кезінде уәделі келейінші.
865. Шаба алмас арғымақ ат тер қатқан соң,
Көрген жер көз жаздырар ай батқан соң.
Мәңгілік достық жүрек деуші-ақ едім,
Қайтейін көңіл шіркін бір қатқан соң.
866. Тұсынан ауылыңның өттім, кеттім,
Үкіңді шекеңдегі бермей кеттің.
Сол үкі азар болса жүз теңгелік,
Көңілімді қалдырып, зар еңіреттің.
867. Қараймын жабығымнан құдай бойлап,
Ұйқы жоқ күндіз-түні бір сені ойлап.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Өмірді өткізейік күліп-ойнап.
868. Жан қалқа, кете көрме серттен тайып,
Жүремін сені көрсем көңілім байып.
Жас жастың тілегі бір деген сөз бар,
Тезірек жауабын бер, болмас айып.
869. Бешпентім бар үстімде тайға алғандай,
Қадірім бар сәулемме ойға алғандай.
Өз елімде мен жақсы болып жүрсем,
Менің сәулем болады бәйге алғандай.

870. Хат жазамын қағазға қалам басып,
Нұр жүзінді көргенде болдым ғашық.
Сыртым бүтін бұл күнде, ішім жалын,
Асыл еді сүйегім кетті жасып.
871. Шалғынды құс қонады айдын көлге,
Мен жүрмін ынтық болып бұраң белге.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Көзімнен үйрек жүзер аққан селге.
872. Айт дегенде айтайын әри-айдай,
Көп торыдым ауылыңды жарым айдай.
Адал ниет, шын көңілің менде болса,
Ерітейін ішіңді сары майдай.
873. Асуын бұл Қобданың асып келдім,
Жайқалтып жапырағын басып келдім.
Кез болған қиуада қимас қалқам,
Өлеңге атыңды атап қосып келдім.
874. Төрі тон су тиген соң қаудыраған,
Етекке таудың тасы саудыраған.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
875. Сен еді, сенсең еді, сенсең еді,
Шын айтпай, жалған айтсаң, кім сенеді.
Жүректі елжіреген ренжітсең,
Өн бойым бос ағаштай теңселеді.
876. Не қалды қарағайда, қамыс қалды,
Ауылы қалқатайдың алыс қалды.
Ауылыңа алыс қалған қараймын деп,
Қайырылып қаршығадай мойным талды.
877. Астымда сұр желгенше беске келген,
Қызығы жылқы жиып кеште келген.
Сәулем-ау, көңілім қош сүттен аппақ,
Сұршамды перде қылып күттім белден.

878. Шіркін-ай, сүйген сәулем, сүйген сәулем,
Бір өсіп кішкентайдан жүрген сәулем.
Асыр сап алтыбақан ойнағанда,
Жымып әзіл сөзбен, күлген сәулем.
879. Ұшып жүрген аспанда сен бір ұзақ,
Түсе ме деп жолыңа қойдым тұзақ.
Ынтызар боп артыңнан қарап қалдым,
Тұзағыма түспестен кеттің ұзап.
880. Мойны ұзын, төмен иек, жауырыны жазық,
Оқтаудай қос бұрымы, белі нәзік.
Бұрылып қарағанда буынды алса,
Таба алмай сондай қызды, жүрмін неғып?!
881. Қиғаш қас, жазық маңдай, алтын бұрым,
Жұқа ерін, оймақ ауыз, пісте мұрын.
Керме иық, меруерт тісті, болат кірпік,
Осындай болса деп ем қыздың түрін.
882. Айқайым қауылыңа, қауылыңа,
Жол шығар жалғыз аяқ ауылыңа.
Шынымен менде көңілің болса, құрбым,
Тартып ал, әңгелектей бауырыңа.
883. О, қыздар, қуаң қарға, қуаң қарға,
Қонады қуаң қарға дуалдарға.
Ауылыңа ерте барсам, кеш қайтамын,
Басымды айналдырған дуаң бар ма?!
884. Қонғаны ауылымның тастақ төбе,
Бір сәлем сағынғаннан айттым неге.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Жүргені өзімсініп қандай неме.
885. Салдықпенен салмаймын балағымды,
Қарлықтырды салған ән тамағымды.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Қарақат көз сағындым қарағымды.

886. Таба алмадым аққудың жұмыртқасын,
Ғашық жарға сәлем де ұмытпасын.
Қанатым жоқ ұшуға, зорға жүрмін,
Келмеді деп көңілін суытпасын.
887. Ақ көйлектің етегі алтынданған,
Ақ жамбыдай ажарың жарқылдаған.
Сексен үйрек шықса да серуенге,
Сен қоңыр қаз ішінде саңқылдаған.
888. Қызыл ернің жұп-жұқа, қара қасың,
Тамағыңнан көрінер ішкен асың.
Қадір білер кісіге қол арт деген,
Мен не дейін, өзің біл, құрбыласым.
889. Жыртылмайды ақ көйлек кең болған соң,
Екі құрбы ойнайды тең болған соң.
Саған айтпай сырымды кімге айтайын,
Шын ұнаған көңілге сен болған соң.
890. Жарапсың ғой, жаным-ау, сірә, зерек,
Замандасым басқадан жөнің бөлек.
Күндіз ойдан кетпейсің, түнде түстен,
Тал бойыңда мінің жоқ жасыл желек.
891. Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Шешеннің бал тамады таңдайынан.
Дүниеде сенен артық жан көргем жоқ,
Адамның жаратылдың қандайынан.
892. Басқұрдың бас айналар термесінен,
Қасыңның хат жазамын кермесінен.
Сұңқылдап жатсам-тұрсам сізді тілеп,
Алланың сұрап алам бермесінен.
893. Қар жауар қарашада қатқақ болып,
Қалады, жаңбыр жауса, батпақ болып.
Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен,
Сұңқардай үш түлеген аппақ болып.

894. Жүгірер қойдан қойға шұбар туса,
Көрінер қыздар сұлу, белін буса.
Алдына есігіңнің су төгіп қой,
Жығылсын әкең тайып, мені қуса.
895. Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,
Құриды ынтызарым сен дегенде.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Бал татыр сілекейің шөлдегенде.
896. Қызыл жібек, ақ жібек білегіме,
Құдай-ау, жеткізе гөр тілегіме.
Қай бұрышында дүниенің жүрсем дағы,
Атыңды сақтап жүрем жүрегімде.
897. Қызыл жібек, ақ жібек иірейін,
Алтын тақтың үстінен жүгірейін.
Ауылың алыс кеткенде қимас қалқам,
Хат жазып қарлығаштан жіберейін.
898. Тау құлаған дегенде тау құлаған,
Таудың тасы етекке саудыраған.
Мойныңды бұра тастап қарағанда,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
899. Жимамаймын салдықпенен балағымды,
Ораймын ақ торғынмен тамағымды.
Кетпейді көз алдымнан жымиғаны,
Жүр екен кім күлдіріп қарағымды.
900. Торы айғыр тоқпақ жалды далада тұр,
Пәт құндыз, дүрия шағи қалада тұр.
Тұсынан ауылыңның өн шырқасам,
Сүйеніп ақ боз үйге қара да тұр.
901. Асты тақтай ағаш үй, үсті тақтай,
Мен қалқаны шақырдым дамыл таппай.
Шақырғанның белгісі сол емес пе,
Ұзақ таңға отырдым кірпік қақпай.

902. Екі бөртек беліңе жіп жетеді,
Нұр жүзіңді көргенде ес кетеді.
Құрбылықпен бір сөзді айтып едім,
Бір тілекті құп алсаң, нең кетеді.
903. Бік жағында ауылыңның қызыл шілік,
Келіп кетші шілікке ештеп жүріп.
Құрбылықпен ұнаса салған қолқам,
Бір аз ғана жүремін ойнап-күліп.
904. Зергер бұйым соғады қалайыдан,
Аққан тері сорғалап самайынан.
Сәулешімнің көңіліне қараймын деп,
Сұлулардың айырылдым талайынан.
905. Бұраң бел, қоян жонды, бөкен санды,
Ақ тамақ, сүйір иек, беті қанды.
Қара қас, бадам қабақ, жазық маңдай,
Таба алмай іздеп жүрмін сондай жанды.
906. Салғаным көкбестіге өмілдірік,
Көшкенде жылқы айдадым, желіп жүріп.
Болғанда жақсы таныс, кеттің алыс,
Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп.
907. Есік алды қара су ылай-ау деп,
Сермей салдым қолымды былай-ау деп.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Жер таянып жыладым «Құдай-ау» деп.
908. Есік алды қара су ылай ма екен,
Мені ойлап сол сәулем жылай ма екен.
Жылап жүрсе мені ойлап сүйген сәулем,
Екеуімізді айырған Құдай ма екен.
909. Ай салық, мына салық — сары салық,
Сарт киер сауыр етігін қылмен шалып.
Салдары ғашықтықтың осылай деп,
Келемін жан ғашықтың өнін салып.

910. Жер тарпиды сал торы жем сағынған,
Құлазиды ер көңіл ел сағынған.
Жатыр ма екен жан сәулем, отыр ма екен,
Көк ала үйрек секілді көл сағынған.
911. Бедерің бесте туған ай секілді,
Қылығың қысыр емген тай секілді.
Көзіңнен айналайын жәудіреген,
Бір құйған шыны аяққа шай секілді.
912. Астыма мінген атым құла қасқа,
Құдыққа шеген салдым құламасқа.
Ауылың бірге отырған кетсе алысқа,
Беріп кет сақинаңды сағынбасқа.
913. Немене өлең шіркін, ермек деген,
Саудагер ел ішінде көлбектеген.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Зар болдым көлеңкеңе елбектеген.
914. Алқызылдың басында ала ноқта,
Айналайын қарағым, еркем, тоқта.
Кезең жерде кез болған едің, сәулем,
Кешегі айтқан уәдең бар ма, жоқ па?
915. Боз аттың болды-ау талай былқылдағы,
Кетпейді қыздың даусы ұйқыдағы.
Жүруші ем медеу көріп мен сыртыңнан,
Сүмбедей қара жорға жылқымдағы.
916. Сәлем жаздым, құрбыжан, саған арнап,
Шығарайын шерімді бірден талдап.
Шырт ұйқыда жатқанда еске түссең,
Үш қоршалсаң да, ойым бар сені алмақ.
917. Өліптеп ақ жүзіңе таң қаламын,
Ғашық боп бір өзіңе сандаламын.
Мәжнүңдей ішім толған ғашық оты,
Сыртыма шығара алмай зарланамын.

918. Ей, қалқа, замандас боп тудың нағып,
Кигенің кәмшат бөрік, үкі тағып.
Шомылған айдын көлге сен бір аққу,
Тұйғындай төңкеріліп ілсем қағып.
919. Аққу көлден ұшады балақтаған,
Не қойды екен көп сақтап қарақ маған.
Ауылың шалғай кеткенде, ей, қарағым,
Айналайын көзіңнен қарап қалған.
920. Келем десең, ей, қалқа, бір келе ғой,
Менің айтқан сөзіме, шын сене ғой.
Есік ашық болғанмен, шешем ояу,
Бота болып тұсымнан сүйкене ғой.
921. Көл шетінде жайқалған құрақтайсың,
Арда емген енесін лақтайсың.
Жанарыңа қарасам, көз тоймайды,
Құйып қойған шыныға сынаптайсың.
922. Алтын аяқ болғанда, күміс табақ,
Құралай көз болғанда қиғаш қабақ.
Іздегенмен сіздей жан табылмайды,
Табылса да, болады некен-саяқ.
923. Айғайладым, артыңнан дауыстадым,
Дауыстаймын дедім де, дау ұстадым.
Бірге отырып өзіңмен сырласқанда,
Бір пиала шайымды тауыспадым.
924. Хас сұлудың жанары жалтылдайды,
Білімдінің сөздері алтындай-ды.
Қайсыбірін айтайын арман қылып,
Сені ойласам, буыным қалтылдайды.
925. Жоғарыдан келемін заулай түсіп,
Орған қамыс қалады баудай түсіп.
Қалқатайдың қылығын еске алғанда,
Жата алмаймын төсекте аунай түсіп.

926. Есігімнің алдында жалғыз арша,
Көп қызыға қараймын бұған қанша.
Жақсы әуенің кетпейді құлағымнан,
Қайта айналып өзіңе жолыққанша.
927. Жыртық-бүтін кигенім, жыртық-бүтін,
Жұлым үйден шығады қисық түтін.
Қайсыбірін айтайын арман қылып,
Сыртым бүтін болғанмен, ішім түтін.
928. Жирен тай ма, ақ тай ма, қызыл тай ма,
Айдап салсам, жатады терең сайда.
Айтар болсаң, сөзіңді бүгін айтшы,
Бүгіннен соң бір ауыз сөзің қайда.
929. Сусылдар шайы көйлек кір болмаса,
Айтпаушы ем өтірік сөз шын болмаса.
Отырмын көп ішінде атыңды атап,
Дауысыңды бір шығаршы тым болмаса.
930. Тобылғының түбінде ін бар ма екен,
Сүйген жардың бойында мін бар ма екен.
Сағыныштан мен бүгін әнге салдым,
Ақ сәулені көретін күн бар ма екен.
931. Жоғарыдан келемін төмендетіп,
Өткен күнді елес қып, өлең етіп.
Сен есіме түскенде, ерке сәулем,
Еңсем түсіп отырам төмен кетіп.
932. Алқа таққан ақ мойын қарағым-ай,
Неден, қалқам, көңілің болады лай.
Сені аңсап, сағынып келіп едім,
Жолыға алмай өзіңе барамын-ай.
933. Болғанда ой тошала, қыр тошала,
Ойпаңнан алып келдім бір тошала.
Көңілің шыныменен менде болса,
Орнымды ерте бастан оңашала.

934. Болғанда ой бүлдірген, қыр бүлдірген,
Ойпаңнан теріп жедім бір бүлдірген.
Бергенде өзің көңіл, ей, әріптес,
Кісіге сенен басқа сыр білдірмен.
935. Алдында есігіңнің тал бар, қалқам,
Әркімнің көкірегінде жан бар, қалқам.
Құрбыға құрбы лайық деп отырмын,
Әйтпесе менің сенде нем бар, қалқам.
936. Ақ торғындай кіршіксіз ақ тамағың,
Дарияның ішінде ақ шабағым.
Жазық маңдай, қолаң шаш, алма мойын,
Адам қарап тұрғандай қас-қабағың.
937. Сен дегенде, қалқатай, қандай болдым,
Атып бөкен байлаған жандай болдым.
Алыс ауылың кеткенде, өттең, қалқам,
Үйірінен айырылған қаздай болдым.
938. Ары өтейін аулыңнан, бері өтейін,
Шалбарымның балағын зерлетейін.
Өзің көңіл бергенде, ей, қарағым,
Не көрсем де, жалғаннан бірге өтейін.
939. Айт деген соң, айтайын самырсын деп,
Екеумізді ел айтар тамырсың деп.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қалқатай,
Шағи көрпе берейін жамылсын деп.
940. Ақ тымағым киейін шоқтай-шоқтай,
Түйем ауса, басайын тоқтай-тоқтай.
Сен есіме түскенде, сүйген сәулем,
Өлеңменен жүрейін жоқтай-жоқтай.
941. Күн шығады жарқырап маңдайыңнан,
Ән шығады тамылжып таңдайыңнан.
Түлеп ұшқан ұядан ақ сұңқарым,
Жаратылдың адамның қандайынан.

942. Ер жігіт бақыт таппас, талап етпей,
Жетпейді арманына бейнет шекпей.
Талқандап тау болса да жол салармын,
Шын ғашық тоқтала ма сертке жетпей.
943. Қосақтың басы болар жебей саулық,
Жарасар келіншекке жібек жаулық.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жүреді күндіз-түні көңілім ауып.
944. Ақ үйден шыға келдің айдай болып,
Жылқыда қысыр емген тайдай болып.
Кетесің, қолым тисе, былқ-сылқ етіп,
Қарынға жаңа салған майдай болып.
945. Белің нәзік, қалқатай, шыбық талдай,
Қырғи қабақ, жауһар көз, тілің балдай.
Сені көріп, еш тағат қыла алмадым,
Өлең қылдым түріңді шыдай алмай.
946. Күміс — қасың болғанда, алтын — шашың,
Қаламменен сызғандай қиғаш қасың.
Мұндай сымбат тұрғанда бір өзіңде,
Жабыттамай ауылыңды кім шыдасын.
947. Алыста жүр ауылың, жуықта жүр,
Жауайын деп ақша қар бұлттап жүр.
Кішкентайдан бірге өскен, ей, қалқатай,
Бір өзімнің көңілімді суытпай жүр.
948. Басынан құламаның құлай жаттым,
Өзіңді көрінгеннен сұрай жаттым.
Көз көрген құрбым еді бір келер деп,
Төрт болып екі көзім сынай жаттым.
949. Досқа да тарынады жамандаса,
Ашықты машық іздер хабарласа.
Жасымнан жаным сүйген сәулем едің,
Тұсыңнан тағы келдім амандаса.

950. Хат жаздым қалам алып, шырағым-ай,
Лебізің таудың таза бұлағындай.
Көзіме көрінесің жарқ-жұрқ етіп,
Киіктің қырда ойнаған лағындай.
951. Ән салған екеу едік отардағы,
Ет асып бер көжеңді қотар-дағы.
Мойныңды боз жорға аттай бұрып салған,
Қайтейін қылығыңды жатардағы.
952. Мен шақырдым, келсең кел ауылыңа,
Жібереің бір сипап сауырыңа.
Ақ білекті мойныңа арта салсам,
Болып жүрме тигендей жауырыңа.
953. Ат міндім жалын түйіп кер аладан,
Көрінер ауылың алыс жер даладан.
Кеткенде ауылың шалғай, ей, қарағым,
Жетер ме, айтсам сәлем бір баладан.
954. Дауысың қоңыр қаздың дауысындай,
Беліңнің нәзіктігі қауырсындай.
Қиядан түлеп ұшқан қыран едім,
Қонақ қыл мекеніңе ауырсынбай.
955. Басылмас қартайғанша жастық серпін,
Жасымнан еркеледім емін-еркін.
Келмейді тұрсам күлкім, жатсам ұйқым,
Сіңірмес ішкен асты сенің дертің.
956. Бұлбұлдың даусы жақсы сайрағанда,
Тарантас қозғалады майлағанда.
Өтпейді ішкен асым тамағымнан,
Қалқатай не болар деп ойлағанда.
957. Ақ маңдай, нұрың қызыл, қара қасың,
Ақ саусақ ұзын біткен қолаң шашың.
Серт берген ауызынан жан серігім,
Дерт болды сен жоқ жерде ішкен асым.

958. Қыз емес, қыздың аты гүл емес пе,
Бір нәрсе қыздан жігіт тілемес пе.
Болғанда жігіт бұлбұл, қыз қызыл гүл,
Бұлбұл кеп қызыл гүлге түнемес пе.
959. Күрең жалды ат дегенде, күрең жалды ат,
Сахарада ойнайды өңкей саңлақ.
Алыстан жүзіп келген мен ақ сазан,
Сен болсаң іліп түсер алтын балдақ.
960. Алтын шашың жақсы екен тарақтауға,
Бала сұңқар көнбейді балақтауға.
Ортасында мұхиттың сіз бәйтерек,
Мен келдім бұтағына қонақтауға.
961. Нұр дидарың, қалқатай, жаннан артық,
Болдым ғашық сыртыңнан, мен құмартып.
Сіз сары алтын болғанда, мен болатпын,
Лебізіңмен алсаңшы мені тартып.
962. Алтын ерді көтеріп атқа салдым,
Атыңды атап, жан сәулем, хатқа салдым.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Бір сен үшін жанымды отқа салдым.
963. Құлагермен ауылыңа аяңдайын,
Жүрек сырын өзіңе баяндайын.
Ұға алмасаң жүректің бал ләззатын,
Жан сәулем деп айтудан аялдайын.
964. Ішінде ну орманның сен бір талсың,
Аяққа құйып қойған шекер-балсың.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Басқадан артық туған неткен жансың.
965. Қатар ұшқан қаз едің қаңқылдаған,
Көлге қонып, самалда саңқылдаған.
Ауылың шалғай кеткенде, беу, қалқатай,
Сағындым ғой жүзіңді жарқылдаған!

966. Баға жетпес жақсыға бір гауһартас,
Он алты, он жетіге келгенде жас.
Сынығындай алтынның қарағым-ай,
Көрген сайын болады көңілім мас.
967. Желісіне жел жетпес киігім-ай,
Ай жүзіне қол жетпес биігім-ай.
Бір жаманға қор болып кете ме деп,
Қу ішімнің өртеніп күюін-ай.
968. Алыс жүрсең, аңсаймын, құрбым, сізді,
Сіз де ұмытпай жүрерсің, өттең, бізді.
Тай-құлындай айқасып ойнақ салған,
Есіме алып жүремін өткен күзді.
969. Аттың бөрі тумайды бурылдай боп,
Тату өскен бар ма екен құрбыдай боп.
Мен қалқаны сағынып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады бұлбұлдай боп.
970. Баян таудың басында нар кескенім,
Тал шыбықтай бұралып бірге өскенім.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Шекер шайнап, қолымнан бал жескенім.
971. Есік алды қара су балғын көл-ді,
Балғын көлдің балығын алғым келді.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Аттандырған жеріңе барғым келді.
972. Жібек шашың желпілдер тарағанда,
Жорға сұлу көрінер жарағанда.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Езу тартып күлімдеп қарағанда.
973. Жан жүректің серігі өлең деген,
Өлең десе құлағым елеңдеген.
Сен дегенде көңілім жай таппайды,
Сертің қайда кешегі келем деген.

974. Ақша қарда жорытқан қояндайсың,
Шөп-шөп сүйсем бетіңнен, оянбайсың.
Екі көзің күн нұры жарқыраған,
Қандай жанға өмірлік баяндайсың.
975. Ары өтейін аулыңнан, бері өтейін,
Ақ алмасын арудың тере өтейін.
Шын пейілің, шын көңілің менде болса,
Алтын қобыз қолға алып өндетейін.
976. Ақ тісім аузымдағы маржан тісім,
Өзіңсің душар болып сүйген кісім.
Сүйген кісім сүйкеніп өте шықса,
Қатты от жаққан қазандай қайнайды ішім.
977. Кигенім аяғыма кебіс-мәсі,
Күлмеген, ойнамаған көңіл қасы.
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,
Көл болды омырауға көздің жасы.
978. Ақ қандай, қызыл қандай, жасыл қандай,
Сөз сөйле көңіл кірі ашылғандай.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Көңілім сені көрсем басылғандай.
979. Мен едім ерте тұрып қозы ағытқан,
Сен едің ақ боз атпен орағытқан.
Түскенде сен есіме, ерке сәулем,
Көл болып көздің жасы сорағытқан.
980. Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ауылы қалқатайдың аман ба деп.
981. Жалғыз ағаш жапанда егіледі,
Жапырағы, жел соқса, төгіледі.
Сен түскенде есіме сүйген сәулем,
Сынбаса да, қабырғам сөгіледі.

982. Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды,
Шын ғашық бірін-бірі алдамайды.
Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,
Ғашықтық сұлулықты талғамайды.
983. Айтайын жұмбақтамай сөзді ашық,
Өзіңді бір көргенде болдым ғашық.
Көрмеймін күндіз күлкі, түнде ұйқы,
Барады күннен-күнге қайғым асып.
984. Ойнап-күлген жерінде қамыс қалды,
Қалқатайдың ауылы алыс қалды.
Алыс қалған ауылыңа қараймын деп,
Қаршығадай қайырылып мойным талды.
985. Тіл — бұлбұл, көңіл — бақша, ой — тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған.
Сыртыңнан дидарыңа болдым ғашық,
Мен емес қолдан тартып, тілің сорған.
986. Тіл — бұлбұл, көңіл — бақша, ой — тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған.
Ақ деген арманыңа жетпей қалсаң,
Тіл тұтқыр, көңілің пәс, ойың солған.
987. Сүйген жардың алдында жарқылдайын,
Өле-өлгенше көңіліңді қалдырмайын.
Өзің көңіл бергенде қалқатайым,
Бір өзіңе ерттеулі атым дайын.
988. Ей, қалқа, ғашық болдым жамалыңа,
Қызықпас кімдер көрсе ажарыңа.
Құрбым деп өзің теңдес сөз айтқанда,
Тигізбе қатты жауап назарыма.
989. Ей, қалқа, дәнекерсің айнадағы,
Жақындық әр адамға пайда-дағы.
Өксітпей жауабыңды қайтар сөулем,
Ақ шайы орамалға байла-дағы.

990. Ендеше, қызыл асық, қызыл асық,
Барады қыздар тойға бір-бір басып.
Өзіңді көрдім дағы тұра қалдым,
Тісіңе ақ меруерттей болдым ғашық.
991. Дегенде ақ кебісті, көк кебіс-ті,
Қазанда қалғып жүрген өкпе пісті.
Қылығы қалқатайдың еске түссе,
Құлаймын қарап жүріп теп-тегісте.
992. Сен де тату болғанда, мен де тату,
Татулықтың белгісі бірге жату.
Екі тату қосылып бір жатқанда,
Он екі айда болсайшы бір таң ату.
993. Жеткенде жылқым жүзге қуанамын,
Еңкейіп сырлы аяқпен су аламын.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Қолында асасы жоқ дуанамын.
994. Жеткенде жылқым жүзге жақсы болар,
Қағаз шай қантпен ішкен тәтті болар.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Күйігің күйдіргеннен қатты болар.
995. Адамнан артық ажар, ақыл-айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан.
Адасқан аққу құстай болдым асық,
Айдындай ақ төсіме асылшы айнам.
996. Жебесі шын күмістен садағымның,
Әдеті осылай ма еді базарлымның.
Несіне сөйлер сөзден іркілейін,
Тұсына кез келгенде ажарлымның.
997. Сен қайдағы, ей, қалқа, мен қайдағы,
Мен де өзіңдей біреудің боз тайлағы.
Сен түскенде есіме, беу, қалқатай,
Менің шерім қозғалар қай-қайдағы.

998. Жарылыпсың, жаным-ау, сірө, зерек,
Замандасым басқадан жөнің бөлек.
Күндіз ойдан кетпейсің, түнде түстен,
Тал бойыңда мінің жоқ, жасыл желек.
999. Сен дегенде, ой, қалқа, ойым бөлек,
Он жасымнан ақылға болдым зерек.
Мақпал қара құнанның төбеліндей,
Көзіңнен айналайын дөп-дөңгелек.
1000. Ұшады аққу аңсап көл дегенде,
Сілекей сірне татыр шөлдегенде.
Түскенде сен есіме сүйген сәулем,
Жүреді шыбын жаным өлмегенге.
1001. Қағаздың қасың сұлу сиясындай,
Тоғайдың мойның ұзын миясындай.
Қолымды саған қайтсем жеткіземін,
Сұңқардың жатқан жерің ұясындай.
1002. Сыбызғым бар үш ойма, тырна жілік,
Жігіт жолы болмайды саяқ жүріп.
Екеу болса басымыз, мал да екеу,
Қосылайық, ей, қалқа, ойнап-күліп.
1003. Сыбызғым қыран жілік, күміс ернеу,
Мықымнан сусып түсер шәйі белбеу.
Сағынып сары жонға қарай-қарай,
Ей, қалқа, екі көзім болды төртеу.
1004. Сыбызғым жілігінен күшігеннің,
Қалқатай, бүгін түнде түсіме ендің.
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Өзіңе барар едім ұшып енді.
1005. Базардан алып келген асыл жастық,
Бетіне әсемдікке ою бастық.
Өсірген әлпеншектен қыз-мұңдықты,
Сыртында ақ боз үйдің амандастық.

1006. Үйірі қаракөктің санда да бар,
Баласы ақ патшаның ханда да бар.
Қарағым, кетемін деп налымашы,
Жақсы атаң, жақсы-ау анаң онда да бар.
1007. Жуып-шайдым шарқатым биік таққа,
Жел ұшырып түсірді жауған қаққа.
Түйедей жапырақ жеген жалт-жұлт етіп,
Ақ сәуле қарай ма екен біздің жаққа.
1008. Базардан алып келген қызыл түлкі,
Қызығы дүниенің ойын-күлкі.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жігіттің қайда қалмайды жиған мүлкі.
1009. Қарағым, айналайын орта бойлым,
Айырып сары майдан торта қойдым.
Атыңды мен атасам, жұрт білер деп,
Атыңды «Айнамкөз» деп жорта қойдым.
1010. Жайықтың ортасымен сен көргеннен,
Сені мен дәл басыма тең көргенмін.
Шырағым, мені ұмытсаң, Аллаңды ұмыт,
Аузыңа бала қаздай жем бергенмін.
1011. Қолыңа сал сақина, мыс та болса,
Еліңде соқтырып ал ұста болса.
Жеріңе уағда айтқан мен барайын,
Ақ боран соғып тұрған қыс та болса.
1012. Жедінің жеті ат кетті дауылында,
Бар еді қаңтармасы сауырында.
Өсірген кішкентайдан, қарағым-ай,
Жүресің бөтен елдің ауылында.
1013. Ішінде көп қойымның қара қойым,
Бастадым қара түгіл ханның тойын.
Алты күн той көрмесем, аңсыраймыз,
Күнбе-күн кез келтірсін ойын-тойын.

1014. Ішінде көп қойымның ұсақ-тұсақ,
Барасың сен де тойға кісі құсап.
Бір тұтам бақалшағың, кеудең жуан,
Әкелген Орынбордан шелек құсап.
1015. Қамысы Қарабаудан жеке-жеке,
Жүрмейді суға айдасам жалғыз теке.
Келді де «қол тұзаққа» қолым түсті,
Қолымды шешіп жібер жеңеше-еке.
1016. Әкелген нағашымнан тайлы бие,
Демесең, құлыны еркек сайлы бие.
Асықты алшы иірген ішіге дейді,
Бетіне хан тақсырдың майлы күйе.
1017. Қай жалған, мына жалған, жалған бар ма,
Жалғанда өлмей пенде қалған бар ма?!
Жас өлсе, шамшырағың қалар сөніп,
Жас жетіп өлгендерден арман бар ма?!
1018. Көзімнің ағы менен қарасын-ай,
Өсірген әлпеншектеп құлынтайым.
Жат елдің таныс болдың баласын-ай.
Бауырым атқа міндің тәсілменен.
Алыстан ат сабылтып келгенімде,
Атыңды арқандайын шашыммен.
1019. Жайықтың ортасынан сең жүреді,
Біреуі-біреуінен кем жүреді.
Бір сәлем құлынтайға айтар едім,
Апырмай, осы арадан кім жүреді.
1020. Ішінде көп қойымның көзгіл қойым,
Бұралған талшыбықтай өзім бойым.
Бір тұтам бақалшағың, кеудең жуан,
Тұрады қай жеріңде ақыл-ойың.
1021. Қарағым, айналайын, қарындасым,
Құдайым ұзақ қылсын ғұмыр жасың.

- Жат елге бауыр басып барасың-ай,
Алдыңнан ақ күн туып жарылқасын.
1022. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,
Кім біледі, жолдас болмай жақсы жайын.
Бұрылмай алыс сапар кетіп барам,
Артымда қалып барады құлынтайым.
1023. Қара ойдың қамшым қалды қабағында,
Бояудың бір белгісі сабағында.
Бір көрсем құлынтайды, таныр едім,
Ақша ілгек алтын шайған тамағында.
1024. Базардан алып келген қоймақпалдай,
Біздің ел қоймақпалмен үй жапқандай.
Ағалар айт деп өлең қинамашы-ай,
Жас бала жаңа өспірім не тапқандай.
1025. Жылқымды айдап салдым ойдаң-сорға,
Жылқысы біздің елдің өңшең жорға.
Ағалар, армияға шыққаныңда,
Шығарып салушы едім орта жолға.
1026. Көтерген білезікті білегім-ай,
Үстіңде ағалардың тілегім-ай.
Ағалар армиядан аман келсе,
Жарылар қуанғанда жүрегім-ай.
1027. Өлеңді айт дегенде ал бола ма,
Мойнында жүйрік аттың жал бола ма?
Өлеңді айт дегенде айтпай кетсек,
Базарға айдап салар мал болар ма?
1028. Сөз сөйлеймін саумалап,
Ағалар отыр қаумалап.
Сатып алған сөзім жоқ,
Орынбор барып саудалап.

1029. Өлеңді айт дегенде аянбаймын,
Жығылсам, жерге қолым таянбаймын.
Жақсы аға жолы биік айт дегенде,
Жетекшіл қара нардай аяңдаймын.
1030. Малға жай айналасы шоқ жиденің,
Ісі жоқ бітіретін көк иненің.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ұстайтын тұтқасы жоқ сұм дүниенің.
1031. Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер,
Қас жүйрік өрге салса, өршеленер.
Барында базарыңның ойна да күл,
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнер.
1032. Бір мал бар түйе деген үлкен көлік,
Жаманға жай білмейтін сүйкенбелік.
Жаманға жай білмейтін сүйкенем деп,
Басыңның бұлы кетер мың теңгелік.
1033. Дастархан қызыл ұштап төрелке алтын,
Құрбыңмен ойнап жүрген болма салқын.
Құрбыңмен ойнап жүрген болсаң салқын,
Болмайды бұрынғыдай көңіл жарқын.
1034. Қарағым, айналайын мұсылманым,
Көрдің бе жас баланың қысылғанын.
Көлдерде бір бір қонған көк ала үйрек,
Көрдің бе бір жаманның ұшырғанын.
1035. Қолыңа домбыранды аласың ба,
Айқайға бес-алты ауыз саласың ба.
Жақсы аға жолы биік айт дегенде,
Түнжырап үн жоқ, түн жоқ қаласың ба?
1036. Сөйлейін, сөйле десең, сөз келгенде,
Қырық парыз, он екі иман бар кеудемде.
Несіне айтар сөздің іркілейін,
Осындай жиын-тойға кез келгенде.

1037. Өлеңді тіл бастайды, ән қостайды,
Екеуі тыңдағанға ой тастайды.
Ақындық атасынан үзілмеген,
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды?!
1038. Болғанда өлең тілден, ән тамақтан,
Қосылса екі жақсы, елге мақтан.
Демей ме жақсы көпшіл, жаман кекшіл,
Емес пе ырыс алды ынтымақтан?
1039. Бақ қайда тойда өлең бастағандай,
Жаманды ұрмай-соқпай жасқағандай.
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді,
Артына алтын үйіп тастағандай.
1040. Өлеңді айт дегенде қарсы айтамыз,
Әріптес сөзді қарсы алса, айтамыз.
Бұл үйде үлкен де отыр, кіші де отыр,
Көпшілік айт деп қолқа салса, айтамыз.
1041. Алдымен өз кезегін ару алар.
Өлеңге емес шығар зәру олар.
Өлеңнің толып жатқан түрлері бар,
Айтайық қандай өлең, қариялар?
1042. Бетке алып қаз қаңқылдар қайтса көлді,
Дауысым ашылады айтса өлеңді.
Өлеңнің алтыны бар, күмісі бар,
Қалқалар, қалайсыңдар қайсы өлеңді.
1043. Басы алтын өлеңімнің, бақайы жез,
Өзіңе болдым бүгін оңынан кез.
Іздеген сұрағанға ұшырасса,
Әртүрлі ойда жүрген айтылар сөз.
1044. Іші алтын өлеңімнің, сырты күміс,
Жақсы атқа бірдей бітер жорға жүріс.
Өлеңім жақсылардың жан азығы,
Тағы да табам екі қолға бір іс.

1045. Тыңдап көр өлеңімді не дейді екен,
Жақсыны өлең жақтап демейді екен.
Бір ауыз тойда өлең таппаған жан,
Болады бай болса да, кедейге тең.
1046. Өлеңді айт дегенде тайсалдық па,
Салды екен өлеңімді қай сандыққа.
Жөнімен дәмдеп қана өлеңіңді айт,
Көп бұрмай көңіліңді сайтандыққа.
1047. Шын ақын той ішінде өлең бастар,
Отыр ма бастай алмай, есіл жастар.
Отырса бастай алмай кілең жастар,
Берейік біздер бастап бурыл бастар.
1048. Өлеңнің «әрияйдай» басы емес пе,
Жағасы дарияның тас емес пе.
Құрбылар, осындайда ойна да күл,
Іздеген той, тамаша осы емес пе?
1049. Жасымнан елеңдедім өлең-ай деп,
Өлеңім — алыстарды көрер әйнек.
Астынан алты қырдың өн шырқаймын,
Естісе, замандасым келе ме-ей деп.
1050. Балаға емшек бермес, жыламаса,
Дос болмас, бірін-бірі кінәласа.
Өлеңде парық, сөзде нарық болмас,
Өмірдің артық-кемін сынамаса.
1051. Мінемін той дегенде дөненімді,
Аяман жақсылардан өнерімді.
Осындай топ алдында сынға түсіп,
Қоямын бір тексеріп өлеңімді.
1052. Немене өлең деген ой емес пе,
Жайылған ойдан қырға той емес пе.
Өлеңді айтқызатын өскен көңіл,
Көңілді көтеретін той емес пе?!

1053. Өлеңді айтпай болмас үйренген соң,
Аяқты бүккен дұрыс үйге енген соң.
Аттай боп арпа жеген аңсайды екен
Бірге ойнап, бірге күліп жүргеннен соң.
1054. Шығады өлең қайдан, сөз болмаса,
Жүреді кім жетелеп көз болмаса.
Қосылар екі жақсы заман қайда,
Осындай ойын-тойда кез болмаса.
1055. Ойлап айт, не айтсаң да, өлең қымбат,
Неге жұрт арзан болса отыр тыңдап.
Төрт жолды айта алмасаң тауып жылдам
Алмайсың түк бітіре зарлап, ымдап.
1056. Өлеңге сен жетік пе, мен жетік пе,
Қарайлас бүтін болсаң кем-кетікке.
Алдыңда асып-тасып түпті ойламай,
Соңында таппай жүрме емге түк те.
1057. Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Жүніндей ақ үкінің үлпілдеймін.
Осындай айтар жерім кез келгенде,
Азырақ желмей, шаппай бүлкілдейін.
1058. Көз тартқан өлең бір гүл бақша-баудан,
Сылдырап өлең-бұлақ аққан таудан.
Сол өлең бұрымыңдай өрілмесе,
Түңілем саудагердей біткен саудам.
1059. Өлеңді айт дегенде айтқан қызық,
Болмайды өлең айтқан кісі бұзық.
Сөз жетпес сенің сұлу сымбатыңа,
Қаншама жырласам да жіпке тізіп.
1060. Өлеңді кел айтайық жылдағыдай,
Мылтықтың бөксең сұлу құндағындай.
Өзіңді әр мақтауға сиғызайын,
Көпшілік «рас-ау» деп тыңдағандай.

1061. Келмейді өлең айтқым жылдағыдай,
Асылдың көңілім толмас жұрнағына-ай.
Өлеңді осы арада айтпас едім,
Қолқалап көпшіліктің тұрғанын-ай.
1062. Көк атқа жектім шана күймелеген,
Шылия шылғи қайыс түймелеген.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында
Қасыма құрбы-құрдас үймелеген.
1063. Ертеден ауылым жайлар теріскейді,
Күнің де түс ауған соң еңістейді.
Халқымның өлең ортақ қазынасы,
Кім оны ортаға сап бөліспейді.
1064. Кигенім аяғыма кебіс еді,
Айғырмен қасқа байтал тебіседі.
Қалауын көңілімнің паш еткендей
Өлеңім өлеңіңмен өбіседі.
1065. Мылтыққа киік көрмей оқ салмаймын,
Болмай ма жай тұрса да шоқпар да айбын.
Алдыма айтар кісі кез келгенде
Өрбітпей өлеңімді тоқталмаймын.
1066. Әдейі мені мұнда шақырғызды,
Өлеңнің сары қымызын сапырғызды.
Қайда отыр әріптесім, әпкел бері,
Көре алмай отырмын ғой ақын қызды.
1067. Болмайды түнде ұшса да үкі батыр,
Қайда әлгі ақын жігіт, бері шақыр.
Қыз жаққа шақыртпай-ақ, келмей ме өзі,
Шөп алмас қой аузынан шығар пақыр.
1068. Кигенім аяғыма саптама етік,
Өзінді өлең айтам мақтан етіп.
Аулыңа сен шақырсаң, мен барар ем,
Арада тау тұрса да аттап өтіп.

1069. Өлеңім көлдей ме екен, селдей ме екен.
Ол қостап, мен бастасам, ермей ме екен.
Алыстан ат арылтып келгенімде
Жанынан құдаша орын бермей ме екен?
1070. Отырдың жаңа келіп тұсымызға,
Алдырдың неше қоян құсыңызға?
Өлеңге еш жарымай жүргенімде
Кез келді айтысуға осы мырза.
1071. Қара екен қарағайдың қаршығасы,
Аузымнан балдай сөзім тамшылашы.
Сыртыңнан даңқыңды естіп келдім іздеп,
Жел сөзді бір-екі ауыз қамшылашы.
1072. Қарағым, айналайын сықылыңнан,
Сияқты қысыр жылан мықыныңнан.
Өлеңді айт дегенде қоя берші,
Ақындық үзілмеген тұқымыңнан.
1073. Тыпыршып жер тарпыған қаракердей,
Ән десе аяймын ба сала бермей.
Келеді жастар жиын, тойға неге,
Өлеңнің дәу перісін ала келмей.
1074. Татымас алтыныма жезің деймін,
Айта алар қара өлеңді өзімдей кім.
Өлеңді айтар болсаң бүгін айтқын,
Күнде өстіп келе бермес кезің деймін.
1075. Той десе тастап келем бар ісімді,
Іздеймін тойдан ескі танысымды.
Көңілім өзің жаққа ала қашар,
Естісем күндік жерден дауысыңды.
1076. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,
Бітеді саздау жерге тал мен қайың.
Кез болған қиуада ақын бикеш,
Біздермен айтысуға бар ма жайың?

1077. Болады өлең басы бірден сабақ,
Алдында үлкендердің жезден табақ.
Аузын ала қаптың ашқандай ғып
Өлеңді жіберемін жүндей сабап.
1078. Бастайын, баста десең, өлеңімді,
Арман не қыздан көрсем көрерімді.
Дауылын қара өлеңнің соқтырайын,
Қайтейін сізден аяп өнерімді.
1079. Ат жақсы қамшылатпай жорғалаған,
Ақын ба өлең айтпай қорғалаған.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Көз жасым нөсер болды сорғалаған.
1080. Өлеңді мен айтпаймын етіп ермек,
Айтамын жабыққанның көңілін демдеп.
Жігіттер, жастық шақта ойна да күл,
Жас жетсе, келмей қоймас ажал-жендет.
1081. Тойына екі жастың кеп отырмыз,
Жоқ болса бізге әріптес, неге отырмыз.
Игайға ақындықпен баспасақ та,
«Ұят қой өлең айтпау» деп отырмыз.
1082. Тұлпарда арықтаған жал болар ма,
Шын ақын өлең таппай дал болар ма?
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Көңілің — қора, өлеңің — мал болар ма?
1083. Арқаның көз тартады жасыл белі,
Жүйріктің қызса шығар ащы тері.
Қарсы ұшпай қаршығадай қанат қағып,
Қайда жүр ақын жігіт, шақыр бері.
1084. Бастай бер өлеңіңді, мен десеңіз,
Екеуміз талай тойда кездесеміз.
Кимей-ақ ішігімді жетіп барам
Шынымен қасыңызға кел десеңіз.

1085. Ұнайды қалқатайдың өні маған,
Бермейді тұрып орын танымаған.
Сыйлы елдің сыйласқандай баласы едік,
Айтайын не деп өлең, жаным, саған.
1086. Кеш болса күн ұялап, шам келеді,
Соңынан жүйрік аттың шаң келеді.
Өлеңді айт дегенде бөлсінетін,
Кей жаман менменсіген паң келеді.
1087. Қыратқа суаты жоқ ел қонбайды,
Асқынған ауруға ем қонбайды.
Жиналып құрбы-құрдас қолқаласа,
Өлеңді өрбітпесек, жөн болмайды.
1088. Өлеңді айтып едім он жасымнан,
Жақсының көңілі жұмсақ қорғасыннан.
Байлықтан айырсаң да, ешқашан да
Тағдырым, айырма дос-жолдасымнан.
1089. Адамды біл сенімді ақтауынан,
Үзілер жаман жүген жақтауынан.
Қалам деп өлең таппай қорықпаймын,
Жаныңа қорқам сөздің батпауынан.
1090. Өлең айт, қызыл тілім, жан барында,
Қалайын мен де сөйлеп сен барыңда.
Құрбылар, ойын-тойда ойна да күл,
Жасымыз ойнап-күлер дер шағында.
1091. Өлеңді айт дегенде ағындаймын,
Жүйріктің топтан озар шағындаймын.
Айтамын көпшіліктің құрметіне,
Ешкімге өлең айтып жағынбаймын.
1092. Өлеңді айт дегенде қозғайтұғын,
Жүйріктен шабан шауып озбайтұғын.
Өлеңді айт дегенде қоя берер
Шын шешен тіл мен жағы тозбайтұғын.

1093. Атадан өлең мұра демей ме екен,
Ақындар бірін-бірі жебейді екен.
Өлеңді бір-екі ауыз біз бастадық,
Қос қалқа, енді бізге не дейді екен?
1094. Көзіңнен айналайын ерке назым,
Өмірдің кім біледі көбін, азын.
Үлкендер өлең айт деп бұйырғанда
Барынша шарықтап қал, аққу, қазым.
1095. Сөйлеймін өлеңдетіп, сөйле десең,
Көрген жоқ қызға кетіп тойда есем.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында
Серкедей қой бастаған болдық көсем.
1096. Жарасар қара тайға қара терлік,
Жігітке пайда бермес төтен ерлік.
Томсарып топ алдында отырғанша
Көңілді өлең айтып көтерелік.
1097. Жиналдық ойдағымыз, қырдағымыз,
Асылдың теріп алған жұрнағымыз.
Бұл жерге тамашалап келгеннен соң,
Жарамас өлең айтпай тұрғанымыз.
1098. Өлеңді үлкен бастар «бісмілләлап»,
Сыймайды бір кеудеге екі талап.
Торқалы тойға әдейі келгеннен соң,
Айтысып отырайық тамашалап.
1099. Келемін жоғарыдан төмендетіп,
Жел кеулер көйлегімді көлеңдетіп.
Жас дәурен қайсымызға тұрақтамақ,
Жүрейік аз ғана күн өлеңдетіп.
1100. Өлеңде шабыс та бар, желіс те бар,
Жеңіліс топ алдында жеңіс те бар.
Қиыннан қиыстырып тауып айтар
Аузында қос қалқаның періште бар.

1101. Өлеңде жорға да бар, жарыс та бар,
Өзара беріс те бар, алыс та бар.
Мереке күнде мұндай бола бермес,
Бозбала, барың болса, қарыштап қал.
1102. Бәйгеден талай келген сұр құнаным,
Шықпай жүр осы күні құрғыр өнім.
Сендерді көз көрген деп құрметтеймін,
Бірінен-бірі сұлу құрбыларым.
1103. Көрінбес киім сұлу, қынамаса,
Көрінбес шашың сұлу, сыламаса.
Құры айқай түк шықпайды бос ұйқастан,
Өлеңің көпшілікке ұнамаса.
1104. Өлеңнің әрияйдай өн кемесі,
Адамның қолқа жүрек, жан-денесі,
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жетпейтін жандай болам әлде несі.
1105. Өлеңді айт дегенде тұрыс болмас,
Сөзінде үлкендердің бұрыс болмас.
Ағытып ө дегенде қоя бермей,
Іріккенмен өлең шіркін ырыс болмас.
1106. Өрістеп мал асады аласаны,
Жасайды ел жастар үшін тамашаны.
Осындай үлкен-кіші бас қосқанда
Отыру өлеңдетіп жарасады.
1107. Берейік өлең айтып тамашаға,
Жақсыға жаман адам жанаса ма?
Бас қосып үлкен-кіші отырғанда,
Көңілін көтермесек, жараса ма?
1108. Берейік өлең айтып заулап-заулап,
Тұрған жоқ жоқты бізден ешкім даулап.
Айтайық біраз өлең кезектесіп,
Отырған көпшіліктің көңілін аулап.

1109. Өлеңді айт дегенде айта алайын,
Жорғадай жолға түскен тайпалайын.
Әріптес, іздегенің өлең болса,
Көтертіп қап-қап өлең қайтарайын.
1110. Басы еді өлеңімнің түре-сүре,
Айтайын түре өлеңді үйге кіре.
Өлеңім дауылдатып келе жатыр,
Кетпесін үйді жығып бақан тіре.
1111. Өлеңді айт дегенде тоқталар ма,
Басынан шын жүйріктің ноқта алар ма.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Шын ақын сылтау іздеп ақталар ма.
1112. Қаз қонып айдын көлін қаңқылдаған,
Суалып қысы-жазы тартылмаған.
Бұлақтай таудан аққан тұнықсың сен,
Өлеңді қанша айтса да сарқылмаған.
1113. Үлкендер өлең басы не дейді екен,
Жез таңдай айтқан күміс көмей ме екен.
Атаның жақсы салтын жалғастырсаң,
Қолдан ап, қолтығыңнан демейді екен.
1114. Мал жүрсе үн қатады қалың қаудыр,
Қасында қарағайдың бие саудыр.
Бітіріп жұмысыңды тойға келсең,
Кәнеки, өлеңіңді қардай жаудыр.
1115. Ауылым Алатаудың ой жағында,
Болады бота сұлу тайлағында.
Өзіңмен тағы да бір айтысуға
Жүремін қалмай барып тойлы ауылға.
1116. Қалауы өлең көптің деп айтамыз,
Уайым артын ойлап жеп айтамыз.
Әріптес көңілімізден шықпай жатса,
Өлеңді құры босқа неге айтамыз.

1117. Өлеңді айт дегенде тоқталмаймын,
Басынан сыпыра қайың шоқ талдаймын.
Тілегі көпшіліктің өлең болса,
Мен неге өлең кенін ақтармаймын.
1118. Елімнен өнерімді аянбадым,
Өлеңмен көргенімді баяндадым.
Сыйға сый, сыраға бал дегендейін,
О, халқым, көлеңкелі саяндамын.
1119. Жаяудың қамшы болар екі етегі,
Ақылсыз атты оны кекетеді.
Жаманға тәуір сайлап өлең айтсаң,
Ертеңгі күнді үнсіз кеш етеді.
1120. Жарысса екі жүйрік озар бірі,
Көңілдің, өлең айтса, кетер кірі.
Тыңдаушы төреші жұрт өзі айтады
Кімдердің ұшқыр ойы, өткір тілі.
1121. Аққудай айдын көлде қаңқылдаған,
Әдемі даусың сұлу саңқылдаған.
Дауылын қара өлеңнің соқтырғанда,
Жел есер көмейіңнен аңқылдаған.
1122. Өлеңді айта алмаймын былтырғыдай,
Ақ көйлек, ары тартсаң, жыртылғандай.
Өлең айт тәуір сайлап бері отырып,
Бүркіттей томағасыз ұмтылдырмай.
1123. Өлең көп, өлең жастан сүйгеніміз,
Жоқ болса, сіздер бізден үйреніңіз.
Жеңіліп осы тойда, қос келіншек,
Жүрмесін жер тепкілеп үйдегіңіз!
1124. Өн десе не бар баптап сала бермей,
Кең байтақ көкірегім дала жердей.
Өн десе, өлең десе, елегізем,
Бәйгеден күнде келер қарагердей.

1125. Елеусіз ермек етпей әлденені,
Ілдірдім қырғи салып бөденені.
Отырған бекер қарап жараспайды,
Өлеңді ойнақтатып жөнеледі.
1126. Өлеңді айт дегенде айтамыз біз,
Өлеңім бар болғаны екі-үш-ақ жүз.
Өлеңді аз болса да, аяймыз да,
Өтінсе өздеріңдей өнерпаз қыз.
1127. Айтайын не деп өлең, жаным, саған,
Ежелден артық еді сенің бағаң.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Ту ұстап, тұлпар мінген ата-бабаң.
1128. Өлеңді жақсы айтады жайды білген,
Дөненге қайдан жетсін тайды мінген.
Алдымен жұлдызға қол созбай тұрып,
Аспанда алам деме айды бірден.
1129. Береді тойға жас сән, жасқа той сән,
Өлеңді айта алмайсың, асқа тойсаң.
Өлеңді он екі алуан қаптатайық,
Осындай бас қосқанда қасқа-жайсаң.
1130. Өлеңді айт демей ел не дейді екен,
Тамағын айтарда ақын кенейді екен.
Өлеңді бір-екі ауыз біз бастасақ,
Қостаушы өзі-ақ жақын келмей ме екен.
1131. Басы еді өлеңімнің «ахау-айым»,
Шығады саздау жерге тал мен қайың,
Замандас сіз секілді кез келгенде
Азырақ тамызайын тілдің майын.
1132. Өлеңді айт дегенде тіл айтады,
Тіліме қандай адам мін айтады.
Жерім кең, елім азат, заман бейбіт,
Өлеңді біздер айтпай кім айтады?!

1133. Өлеңмен ө дегенде дүкен құрдық,
Өлеңнің бір сабағын сізге бұрдық.
Өлеңім өлеңіңе сай келмесе,
Шамы жоқ, айыбы жоқ жайға тұрдық.
1134. Өлеңді айт десе айтпай біз не дейміз,
Көз сүзіп көктен өлең іздемейміз.
Алдыға айтар кісі кез келгенде,
Тасындай диірменнің дөңгелейміз.
1135. Жарасар қатар тақса сылдыр үзбе,
Қасыңа құрбың келді, білдіңіз бе?
Қасыңа құрбың келіп тізе бүкті,
Нендей сый көрсетесіз енді бізге?!
1136. Біледі судың жайын мұрап деймін,
Жарасар көрпешеге құрақ деймін.
Осындай бірме-бірге кез келгенде
Айта отыр өлеңіңді шырақ деймін.
1137. Өлеңге жібермеспіз есені біз,
Шендеспес қара сөзге шешеніңіз.
Тың оймен көп көңілін аудармасақ,
Болмайды бүгінге азық кешегіңіз.
1138. Балапан құс талпынар ұядағы,
Мал көрінер алыстан қиядағы.
Айт дегенде өлеңді айтпай қойсаң,
Отырған үлкендердің сынара сағы.
1139. Өлеңді айтқан жақсы білгеннен соң,
Қасқаяр қасқа тісің күлгеннен соң.
Немене бұл өлеңді айтып-айтпай,
Бірге өсіп, біте қайнап жүргеннен соң.
1140. Күн шығар ертең ерте таудан асып,
Әлемге он сегіз мың нұрын шашып.
Бұл тойға тамашалап келгеннен соң,
Өлең айт көпшіліктің көңілін ашып.

1141. Жылқымды айдап салдым теріскейге,
Құлын, тай жылқы ішінде тебіспей ме.
Күнде той, күнде жиын бола бермес,
Ән салсақ екі-екіден келіспей ме?!
1142. Ән шырқап, айтыспасаң дүркін-дүркін,
Қарлығып қалады екен дауыс шіркін.
Өлеңге тойдағы елді бөлейік бір,
Есінен өле-өлгенше кетпей жүрсін.
1143. Басынан биік шыңның ұлар құдым,
Сенімен айтысуға белді будым.
Айтысып сені жеңіп жүлде алмасам,
Қуантып ата-анамды неге тудым.
1144. Жүк мандымас көшкенде түйеге артпай,
Ағытайын өлеңнің басын тартпай.
Қай дұшпаның кемітер өзіңізді,
Ажарыңыз бар екен жанған оттай.
1145. Қар жауады кей жылы қарашада,
Қынама бел жарасар аласаға.
Тәуір сайлап өлең айт, екі қалқа,
Келіп қалдық ойын-той, тамашаға.
1146. Тайраңдар түйе ішінде қоңыр тайлақ,
Жомарттың жоқшылық жүр қолын байлап.
Көңілге тоқ санаған бір бала едің,
Өлең айт осындайда тәуір сайлап.
1147. Шешеннің мүдірмейді тіл мен жағы,
Таймайды елдің сыйлап берген бағы.
Жел сөзді жүйкітпесек, тұрған күтіп
Айнала көпшіліктің сынар сағы.
1148. Самғаймын, өлең десе, ұшқан құдай,
Күн өтер күн артынан зулай-зулай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Анаңнан қайтер едің қалсаң тумай.

1149. Ал сөйле, қызыл тілім, өтір көмей!
Қызбайды көп ортасы ақын келмей.
Өн бастап, айтысуға жүрексініп,
Жол беріп отыр бізге жұрт үндемей.
1150. Ақынның өн шығады айғайынан,
Сұлудың күн көрінер маңдайынан.
Жақсының қайда жүрсе жаттығы жоқ,
Сөз тамған балдан төтті таңдайынан.
1151. Өлеңді ө дегенде ақын бастар,
Жаманды сыбағадан құры тастар.
Жақсының қайда барса жаттығы жоқ,
Жат болма жақсы болсаң, замандастар.
1152. Өлеңді айт дегенде ақындаймын,
Мен ақын сен ақынға жақындаймын.
Елік сүтін сен емсең, мен де ішкенмін,
Таңданып тамам жұртты тақылдаймын.
1153. Қиын ба өлең деген ақындарға,
Өлең айт, өз кезінде қапы қалма.
Ел таны беріп жүріп асың барда,
Жер таны желіп жүріп атың барда.
1154. Ақын өлең айтпайды ақылдасып,
Көкпар тартқан кетеді тақымдасып.
Жайды білер жақсының бірі болсаң,
Өлеңменен кетерміз жақындасып.
1155. Ақынмын айт дегенде аңыраған,
Демей ме «күш атасын танымаған».
Өлеңді орны келсе ағытпайтын
Жан ба едің жел сөзге де жарымаған.
1156. Өлеңді айт дегенде аңырар ма,
Өлеңнен нағыз ақын жаңылар ма.
Өлеңді айт дегенде ағылтайық,
Өлеңнің тойда айтпаған мәні бар ма.

1157. Өлеңді айт дегенде аңырмаймын,
Аққудай көлден ұшқан мамырлаймын.
Жақсының қайда жүрсем жанындамын,
Жаманға, іздесе де, табылмаймын.
1158. Ақындық айт дегенде тоқталмаса,
Шыға ма сөз қазынасы ақтармаса.
Ақынның аузына тез сөз түспейді,
Азырақ жұрт алдында мақтанбаса.
1159. Айтпайды ақын өлең жантайған соң,
Үйіңе адам келмес, мал тайған соң.
Күлмесең, ойнамасаң жастық шақта,
Етесің неңді мақтан қартайған соң.
1160. Өлеңді айтса ақын ағытылар,
Ақынның өлгеннен соң жағы тынар.
Алдыңа айтар кісі кез келгенде,
Айтпасаң бұл өлеңнің сағы сынар.
1161. Жүйрік ат шапқан сайын арындайды,
Өлеңнен ақын жігіт жаңылмайды.
Барында оралыңның ойна да күл,
Мереке күнде мұндай табылмайды.
1162. Өлеңді айт дегенде кетем өрлеп,
Айта алмас жаман өлең тойда терлеп.
Өлеңім көңіліне жаққан шығар,
Көпшілік қолқалап тұр айта бер деп.
1163. Далаға дара біткен шынар едім,
Иіліп, басын тартсаң, сынар едім.
Өлең айт, тәуір сайлап, екі қалқа,
Естуге үндеріңді құмар едім.
1164. Өлеңді мен айтайын, ау, жарандар,
Мен емес шорқақ жігіт сөзге арандар.
Өлеңді бір-екі ауыз біздер айтсақ,
Қос қалқа қасымыздан орын таңдар.

1165. Далақтап тойда тойып босқа жүрмей,
Айтыстық сұлу қызбен екі бірдей.
Өлеңмен сүйсіндіріп қос қалқаны,
Жайнаттық жаңа ашылған жазғы гүлдей.
1166. Тал құрық, қайың құрық, құрық, құрық,
Көп құдым қашағанды зорықтырып.
Дауысың екеуіңнің тойда шықса,
Қарғимын тұсаулы аттай тұрып-тұрып.
1167. Өтеді бір өлеңнен бір өлеңім,
Бір-бірлеп ауызыма кір, өлеңім.
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтамын,
Кез келді күндіз-түні тілегенім.
1168. Өлеңді айта бермес әркім мендей,
Әлінің ат желмейді дүлдүліндей.
Ойнап-күл, тіршілікте бұл дүние
Болмайды өлгеннен соң бір күнгідей.
1169. Өлеңді айтқан абзал оқталған соң,
Болмайды еш мәнісі тоқталған соң.
Жабырқап жасық неме айта алмайды,
Жамағат жан-жағына көп толған соң.
1170. Өлеңді той болған соң әркім айтар,
Берін де тыңдаушы көп естіп байқар.
Риза боп біреулерге таңдай қағып,
Ренжіп біреулерге басын шайқар.
1171. Өлеңді айтқан жақсы білген құлға,
Кім берер ақ теңгесін қара пұлға.
Әр үйдің қашан барса төрі дайын
Сыйлаған ата-анасын адал ұлға.
1172. Немене өлең деген білген құлға,
Кім берер ақ теңгесін арзан пұлға.
Кеткенде аулың алыс сенер болсаң,
Қараймын шығып алып күнде қырға.

1173. Өлеңді айт дегенде ағып тұрмын,
Торыны екі бірдей бағып тұрмын.
Өлең айт тәуір сайлап, құрбыласым,
Бұл жерде, сен болмасаң, неғып тұрмын?
1174. Айтайын айт дегенде өлеңімді,
Қайтемін көптен аяп өнерімді.
Бұлданып бүгін өлең айтпайтындай
Білмейтін жан емеспін өлерімді.
1175. Жанасып өлең айтам жанабыңа,
Қарап ап артық туған қарағыма.
Ақ сүтін анашыңның ақтауды ойла,
Ешкімге жақсы болсаң, жала қылма.
1176. Ө дегенде өлеңді айта алмаймын,
Жауыр болған торы аттай қайқандаймын.
Алтын берсе өзгелер айтпас едім,
Құдалардың көңілін қайтармаймын.
1177. Айт десе неге өлеңді айта алмаймын,
Көңілін көпшіліктің қайтармаймын.
Айтулы әріптесім кез келгенде,
Жорғадай жолға түскен майпаңдаймын.
1178. Дауысым әнге келмей қайраңдаған,
Бір тұмау кез болды екен қайдан маған.
Ауылы қалқатайдың кетіпті алыс,
Гүл теріп көк шалғында сайрандаған.
1179. Өн салсаң, өзімдей сал ширатылып,
Жығылар кескен терек қиратылып.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалады өлгеннен соң жиған мүлік.
1180. Өн салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Қалқаның құлағына таяулатып.
Тұсынан ауылыңның өн салғанда,
Шыдайды дөтің қайтіп ояу жатып.

1181. Өн салсаң, өзімдей сал салғандай ғып,
Өзгеге өткіз дүние армандай ғып.
Шырқашы шаршы топта шарықтатып,
Тамам жұрт таң-тамаша қалғандай ғып.
1182. Отырады молдалар «бісміллалап»,
Отырады тойда кім босқа қарап.
Топтан озған өлеңмен тұлпар болсаң,
Қосылайын тұсыңнан қабырғалап.
1183. Аққу көлден ұшады үйрегімен,
Айдын көлге қонады түйдегімен.
Асқан жүйрік сен болсаң арындаған,
Бір қосылып қалайын бүйрегіңнен.
1184. Айта алмайды өлеңді арындаған,
Өзін-өзі мақтамас дарынды адам.
Бірін-бірі дос болмас кешірмеген,
Туыс болмас бір-бірін сағынбаған.
1185. Өлеңді бар да айтады, жоқ та айтады,
Себепсіз неге бастан бақ қайтады.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын —
Үшеуі ер жігітті қартайтады.
1186. Шөп өсер, өспес бірақ нөсерден бой,
Түбінде мал болмайды жөтелген қой.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Көңілін көпшіліктің көтерген қой.
1187. Бәйгеден озып келген атты алайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын.
Құрбылар айт деп бәрі өтінгенде,
Құйғытып қоңыр әнге мен салайын.
1188. Өлеңді айт дегенде айтқан қандай,
Сақылдар шешен болсаң тіл мен таңдай.
Өлеңді аңырат десең, аңыратайын,
Тепсеңде шалғынменен жортқан аңдай.

1189. Шешеміз тері илейді тон болсын деп,
Кереді пұшпақтарын мол болсын деп.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз кейінгіге «жол болсын» деп.
1190. Етікті әуел бастан нәл сақтайды,
Бәйгеден келген жүйрік алшақтайды.
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,
Несіне әнші жігіт жалтақтайды.
1191. Өлең деген немене өнерпазға,
Өлең түгіл сөз қиын ақылы азға.
Өлеңіңе өлеңім сай келмесе,
Аққуымды қор етпен қоңыр қазға.
1192. Немене өлең деген өнерпазға,
Болады ауру жолдас өмірі азға.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ендігі кім бар, кім жоқ келер жазға.
1193. Немене өнерпазға өлең деген,
Құлағым өлең десе елеңдеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Бұл жерге сен болмасаң келем деген.
1194. Ендеше, өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге шапса, өршеленер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шырағың мың күн жанған бір күн сөнер.
1195. Айта алсаң, өлең неге өнер емес,
Ақымақ, ақыл айтсаң, көнер емес.
Барында құзырыңның құдай жайқа,
Жас дәурен қайта айналып келер емес.
1196. Жанға жағып барады айтқан сөзің,
Өнеріңе жеткіздің жұрттың көзін.
Жарқылдатып алтынын сен айтқанда,
Кім таңдайды өлеңнің өзге жезін.

1197. Жүйріктің құнаны не, дөнені не,
Кенелтер қашан да елді өнеріне.
Алыстан ат арытып келдім іздеп,
Қалқатай, қандыршы бір өлеңіңе.
1198. Мен өзім өлеңші емес, өрнек едім,
Ішінде машинаның шөлмек едім.
Өлең айт, тәуір сайлап бес-алты ауыз,
Сыртыңнан лебіңіңе шөлдеп едім.
1199. Өлеңім келді сізді көргеннен соң,
Айтылды көріп көңіл бөлгеннен соң.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалады ойын-күлкі өлгеннен соң.
1200. Өмірде өлеңнен жоқ өнер ірі,
Кетеді, өлең айтса, көңіл кірі.
Айтқаның мың ойланып, жүз толғанып,
Артыңда, өлсең де өзің, қалар тірі.
1201. Айт дегенде өлеңді аялым жоқ,
Желісім бар азырақ, аяңым жоқ.
Айтар кісі алдыма кез келгенде,
Құдай берген жел сөзді аярым жоқ.
1202. Ендеше, өлең керім, өлең керім,
Өлеңді қозы-лақтай көгендедім.
Өлеңді айтпайын деп ойлап едім,
Тұсыма келіп қапты кемеңгерім.
1203. Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақияңның төбесі көрінгенде.
1204. Айт-айт, жаным, айт, жаным, өлең білсең,
Не көрмейсің өмірден өлмей жүрсең.
Бола түсер көңіл шат, өмір қызық,
Тартынбай тіршілікте ойнап-күлсең.

1205. Айт, жаным, айт-айт, жаным, өлең білсең,
Тірлікте не көрмейсің өлмей жүрсең.
Өлеңмен есігін аш, төрін толтыр,
Бауы жез, тұңлігі алтын үйге кірсең.
1206. Мен бір өлең айтайын жанамалап,
Не келмейді қолыңнан қылсаң талап.
Көңілімді қалдырмай өлеңіңді айт,
Алыс жерден кеп тұрмын сізді қалап.
1207. Пышақты тез өткізер асыл қайрақ,
Бау ағашта тұрады бұлбұл сайрап.
Дәм-тұз айдап осылай кез келгенде,
Өлеңіңді айта гөр тәуір сайлап.
1208. Қалқатайдың қарашы сөзге ұстасын,
Айтып отыр анықтап әр нұсқасын.
Қай мақтауға болса да сиясың сен,
Қатар өскен қалаулы тұрғыласым.
1209. Төрдегіге бере отыр шыны кесе,
Алыс бар ма ер жігіт жетем десе.
Өзіңмен осы тойда кез келіппіз,
Айта көр өлеңіңді, жөні келсе.
1210. Салдыр-гүлдір етеді сайдың тасы,
Салпы қарын боз бие малдың басы.
Тәуір сайлап өлең айт, беу, қалқатай,
Алып-ұшқан көңілімді қалдырмашы.
1211. Өзен судың өлеңім арнасындай,
Топқа салған елімнің жорғасындай.
Әлгі сөзің шын болса, құрбыласым,
Сары алтындай толықсып кел қасыма-ай.
1212. Өрнектеп кестелеймін балағымды,
Ораймын берен көкпен тамағымды.
Сен мұнда өлең айтып отырғанда,
Жүр екен кім ермек қып қарағымды.

1213. Ақсай басып келеді торы құнан,
Мертіккен-ау жануар тобығынан.
Сәті түсіп бұл тойда кездесіппіз,
Сусындайық өлеңнің тұнығынан.
1214. Өзіңді жазда көргем, қыста көргем,
Шашымды он екіден ұстап өрген.
Іркілмей келген жерден өлең айттың,
Баласы жақсы ауылдың нұсқа көрген.
1215. Жігіттер, қанағат қыл азғанаға,
Жараспас бекер мақтан бозбалаға.
Өлең айт, тәуір сайлап осындайда,
Шын жүйрік айғай шықпай қозғала ма.
1216. Мен өзім баяғыдан қаршадаймын,
Бастаған керуенді наршадаймын.
Несіне айтар сөздің кідірейін,
Келгенде қара өлеңге шаршамаймын.
1217. Аузымнан өлең шықты әу басынан,
Бұлақтай сылдыраған тау басынан.
Жиын-тойда өлеңді мен айтқанда,
Дос сүйсініп, тыңдаған жау жасыған.
1218. Өлеңді айтқан жақсы екіленіп,
Жүйріктей топта шыққан екпінденіп.
Қартайсаң, шабан аттай жүрісің жоқ,
Алсайшы осындайда желіп-желіп.
1219. Өлеңді айтқан абзал осындайда,
Тартылып аққан су да таусылмай ма.
Қартайып, жасың жетіп, ажал келсе,
Ақ бетке қара топырақ шашылмай ма.
1220. Өлең шығар іштегі, айғайласақ,
Несіне ақын боламыз, айта алмасақ.
Жақсы да бар, өмірде жаман да бар,
Арандармыз алды-артты байқамасақ.

1221. Өлеңменен ұл мен қыз ер жетеді,
Көңіліңді жақсы өлең тербетеді.
Өзіңе арнап, қалқатай, өлең айттым,
«Әу» деп қойсаң, апырмай, нең кетеді.
1222. Базар барған біледі малдың нарқын,
Өлең айтқан ұғады сөздің парқын.
Сәті түсіп бұл тойда кездесіппіз,
Өлеңіңді айт қосылып екі жарқын.
1223. Мінезі жүйрік аттың ақпа-соқпа,
Айтайын біраз өлең осы топқа.
Сөйлеп қал, қызыл тілім, жан барында,
Өмірің біразырақ бар ма, жоқ па?!
1224. Айтысқан әлдеқашан тынды алап,
Жұрт сені отыр тыңдап жым-жырт қарап.
Қараймын, аузыңды ашсаң, көмейіңе,
Бір бұлбұл кеткен-ау деп жұмыртқалап.
1225. Келемін жоғарыдан төмен қайтып,
Көңілді көтерейік өлең айтып.
Көңілді көтермесек өлең айтып,
Қалармыз әлі-ақ бір күн жер томпайтып.
1226. Жүзің жарқын, қалқатай, бойың талма,
Аузыңнан шыққан сөз шекер-бал ма.
Өлеңменен айтылған әзіл сөзді
Көргендінің баласы, көңіліңе алма.
1227. Біздің ауыл жоғары шірік көлде,
Бөз көйлектен су өтпес кіріккенде.
Күнде мұндай ойын-той бола бермес,
Өлеңіңді айт басымыз біріккенде.
1228. Сен жүресің көктемде астан-кестен,
Ақ түйенің бауырын арқан кескен.
Ұлы күні ұлыстың бас қосқанда,
Өлеңіңді айт, құрбыжан, қатар өскен.

1229. Жалт етіп қарағанда көзің тұнық,
Қасыңа жетіп келдім тез ұмтылып.
Сырласуға шақырдым өлеңменен,
Жасың құрбы болған соң өзімсініп.
1230. Орамалым шетінде төрт гүлі бар,
Қайық салып суыңнан өткізіп ал.
Көмекейің көсілген ақын болсаң,
Өлеңменен ойыңды жеткізіп ал.
1231. Айтайын өлеңімді «әрияйдай»,
Торыдым ауылыңды жарым айдай.
Ерідім естіп жылы лебізінді,
Айырған тортасынан сары майдай.
1232. Мен өлеңді айтамын құстай заулап,
Өлеңіммен аламын елді баурап.
Өрге шапқан жүйріктей өршеленіп,
Көкейімнен ұйытқиды жел сөз қаулап.
1233. Шүбәм жоқ өлең сырын білгішіңе,
Балқытып айтқан сөзің кірді ішіме.
Арнадым мен де өзіңе асылымды,
Ашпаған бұдан бұрын бір кісіге.
1234. Қалқытып мен әніме салам өрлеп,
Келгенде көңілге өлең айт деп кернеп.
Жұртшылық ортаға алып қолқаласа,
Міндетім қашан да өлең айтып бермек.
1235. Өлеңге жолдас болдым жастан ерте,
Қара озып жөнелемін құлаш серпе.
Көмейден ән мен өлең құйылады,
Тасқындап тау суындай тентек, ерке.
1236. Өлеңім жариялар жан сырымды,
Тыңдаған өлеңімнен алсын үлгі.
Сәулешім, саған деген бір құпиям
Өр сөздің арасына жасырынды.

1237. Мен — қыран, сен болғанда ақ лашын,
Қарағым, сөз қуалап не қыласың.
Өлең айт тәуір сайлап осындайда,
Көңілі көпшіліктің жадырасын.
1238. Таңқурай қызарады сабағында,
Аузымды өлең десе жабамын ба.
Аузымды өлең десе жабар едім,
Күнде сендей әріптес табамын ба.
1239. Жасым бар жиырмада, жылым — қоян,
Ұйқыңнан мен дегенде шошып оян.
Жеңем деп мені қалай дәметесің,
Түсімде ақын бол деп берген аян.
1240. Дәйім менің мінгенім жорға кер-ді,
Жасауылдар қуады жолдағы елді.
Әріптеске жарымай отыр едім,
Тағдыр сені тал түсте қолға берді.
1241. Сақаның біз ойнаған мұрты сынды,
Айтысып өзіңізбен көңілім тынды.
Тарыдай тал бойыңда бір мінің жоқ,
Жүр екенсіз бақытты етіп кімді?!
1242. Басымда бір бөркім бар сусар сынды,
Айтысып өзіңменен көңілім тынды.
Тағдырдан тап келтірген айналайын,
Көп түйін көкейдегі тарқатылды.
1243. Өлеңіңді айт, ендеше, өлеңіңді айт,
Өлеңіңді айтпасаң үйіңе қайт.
Қайт дегенге қайқайып сала бермей,
Бұл сөзімнің түбіне бір барып қайт.
1244. Мамағаштың басында кептер отыр,
Ұшайын деп қанатын ештеп отыр.
Тоғыз сайлап тана бер, сақина бер,
Қасымдағы жолдасым кеткелі отыр.

1245. Көп сиырдың ішінде ақ тана бар,
Мені жеңсең, үйіңе мақтана бар.
Керегенің көзінен қол жаяйын,
Ал, жеңілсең, тоғызды сен сала бер.
1246. Бәйгені ат жаратып шапқан алар,
Олжаны жатқан алмас, тапқан алар.
Қабылда тоғыздыңды толығымен,
«Жеңдім» деп ауылыңа мақтана бар.
1247. Қоршағанда айнала достарыңыз,
Буынбай-ақ белбеуді бос салыңыз.
Тағы талай тойларда айтысармыз,
Осыменен риза боп, қош барыңыз.
1248. Қойдан-қойға жүгірер қошқарыңыз,
Желбегей екі жеңді бос салыңыз.
Өлеңді жаман да айттық, жақсы да айттық,
Аман-есен аулыңа қош барыңыз.
1249. Ағашы қия беттің бақан болмас,
Өзіңмен бірге тумай апаң болмас.
Бұрынғы-соңғылардың жолы тоғыз,
Баратын тойға киіп шапан болмас.
1250. Жаяды жігіт атын көк бедеге,
Көк беде арасында көп бөдене.
Өлеңді жақсы да айттық, жаман да айттық,
Баласы текті атаның, өкпелеме.
1251. Қуырдым қоңыр бауыр, қызыл өкпе,
Көктемде қырау тұрар ұзын шөпке.
Өлеңді жақсы да айттық, жаман да айттық,
Баласы текті атаның, бізді сөкпе.
1252. Өлеңге жас күнімнен болдым зерек,
Сен де ұшқыр жан екенсің орның бөлек.
Құнанның құндыз қара төбеліндей
Әдемі көзің қандай дөп-дөңгелек.

1253. Суытты ай ауысып қарашаға,
Жарасар қара шапан аласаға.
Сыйлы елдің сыйласқандай баласымыз,
Ойын-той кездесейік тамашада.
1254. Құлақымет, ендеше, Құлақымет,
Құлын сойса болады бір асым ет.
Өлеңді жақсы да айттық, жаман да айттық,
Текті атаның баласы, рақымет!
1255. Айтқанда өлең бастап қысыламын,
Өлеңді айтқан сайын ысыламын.
Шарқынша шамамыздың айттық өлең,
Кезекті өзгеге енді ұсынамын.
1256. Атаның кім қуанбас жолы істелсе,
Кетпейміз доспен тоғыз бөліскенше.
Жүріңдер өлең жұптап дайындалып,
Қос қалқа, қош-есен бол көріскенше.
1257. Көп болар қой ішінде ісек-тұсақ,
Үккен ет турағаннан болады ұсақ.
Атасы атамыздың өлеңші екен,
Болайық біз де өлеңші соларға ұқсап.
1258. Қонған жері аулымның жусан ба екен,
Жусанменен белімді бусам ба екен.
Өлең айтпай отырған кей жастарды
Отырғызбай бұл тойдан қусам ба екен.
1259. Өлеңнің ә деп айтпақ — қиын жері,
Жүйрікке бәрі бірдей ылди-өрі.
Асылдың ұшып түскен сынығындай
Жігіттің ел басқарар кемеңгері.
1260. Мойнақта қандай жақсы мал жатқаны,
Секілді күміс жүзік бармақтағы.
Болсаң да жеті ауызды жеңе алмайсың,
Ақынды жинасаң да жан-жақтағы.

1261. Шақырмақ түгел есік, төрдегіні,
Көмекке кел десең де елдегіні.
Болсаң да жеті ауызды жеңе алмайсың,
Малшынбай жөніңді тап терге құры.
1262. Байқасам қара өлеңнен құры екенсің,
Әншейін бос шатпақтың бірі екенсің.
Бекерге айтысам деп алқынасың,
Кезікпей өлеңшіге жүр екенсің.
1263. Жүк арттым ақ атанға уық қомдап,
Кім соққан үзеңгіңді қоян жондап.
Отырсың «жеңемін» деп желдей есіп,
Қайтесің жеңіп кетсем Құдай оңдап.
1264. Болайын өлеңді мен бастағандай,
Қасымда құрбым болса қостағандай.
Үйлесіп ө дегеннен өлең мен ән,
Сүйсініп сұлулар көз тастағандай.
1265. Қалқатай, кетер болсаң, қош болғайсың,
Тізгінін бозжорғаның бос салғайсың.
Бірлесіп бір-екі ауыз өлең айттық,
Құрбыңды оқта-текте еске алғайсың.
1266. Өзің де көріскенше қош болғайсың,
Кісімен өзім деген дос болғайсың.
Бір табақтан дәм татқан құрбым едің,
Сәлем жолдап біздерді еске алғайсың.
1267. Айтайын өлеңімді әриайдай,
Көп айтсаң, әриайдай көңілге жай.
Барады өтіп жалған санаулы күн,
Қалайық ойнап-күліп осындайда-ай.
1268. Жауғандай қара нөсер жонға барып,
Қара өлең мен айтайын оннан алып.
Қалқаның үстінен бір шүйілейін,
Қырандай қанатымды қомдап алып.

1269. Өлең де жоқ, өн де жоқ салмағанға,
Армандамын аулыңа бармағанға.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға.
1270. Айт десең қамшы басып айдайын көк,
Келеді айдайын көк ойнайын деп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Барады заман өтпей қоймайын деп.
1271. Айтайын тұрған кезде айдай он бес,
Бас білмес бейне асау тайдай он бес.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келер күн қайта айналып қайда-ай он бес.
1272. Ақжарқын жан екенсің тілің майда,
Өн білген, өлең білген жанға пайда.
Барады өтіп жалған санаулы күн,
Қалайық ойнап-күліп осындайда.
1273. Мінгенім дәйім менің дөнен болса,
Жаз мініп, күз жіберген көбең болса.
Алдында ақ жаңбырдай жаудырайын,
Шынымен іздегенің өлең болса.
1274. Атыңнан айналайын қара өлеңім,
Төрдегі төресі өзің бар өнердің.
Той бастап, айтыста озып өзіңменен,
Естіген ел алғысын ала бердім.
1275. Айтудан қара өлеңді ерінбеймін,
Ебінің ерте соққан желіндеймін.
Айтып қал айтарыңды есің барда,
Ерніңді қара өлеңмен желімдеймін.
1276. Дәйім менің мінгенім қаракерім,
Болған жақсы арада алым-берім.
Бір-екі ауыз желсөздің арқасында
Күнде жиын, күнде той жүрген жерім.

1277. Үстімде бір бешпетім қынамалы,
Бір өлең айта салдым сынағалы.
Ауылың алыстайды дегенді естіп,
Отырмын көңілім босап жылағалы.
1278. Кейбіреу өлең айтар екіленіп,
Жем жеген байлаулы аттай мекіреніп.
Алақтап жан-жағына қарай берер,
Қой жеген көкжал бөрі секілденіп.
1279. Қызды сұлу көрсетер бойы емес пе,
Сөзді сұлу көрсетер ойы емес пе.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Бастарымыз қосылса той емес пе?
1280. Қара өлең құдым сені он жасымнан,
Тартады бойым байсал қорғасыннан.
Үстіне су төгілмес майда қоңыр,
Танбай ма болдырған соң жорғасынан.
1281. Өзгеге мен отырмын қызбаймын деп,
Айтылған уәдені бұзбайын деп.
Аққудай айдындағы ақ көйлекпен
Алдымнан шықшы, сәулем, «біз дайын» деп.
1282. Мен бір өлең айтайын қызықтырып,
Сымбатыңды жел сөзге тізіп тұрып.
Өлеңіме ылайық жауап берші,
Шаршы топтың ортасын бұзып шығып.
1283. Қайнайды қара шәугім мосыменен,
Көшпелі ел күнін көрер осыменен.
Жасқа тән жалын жігер танытайық,
Көпшілік отыр бізден тосып өлең.
1284. Қоңыр қаз көл жағалап қаңқылдаған,
Сахара сазға қонып салқындаған.
Көңілді жабырқаңқы көтергендей,
Өнге сал қоңыр қаздай саңқылдаған.

1285. Өлеңді өлеңшіден үйренемін,
Көңілді өлең десе күйге енемін.
Өзімнен үлкен отыр, өлеңші отыр,
Айтуға алдыменен именемін.
1286. Өлеңді айтушы едім бір кісідей,
Орыстың көзі өткір дүрбісіндей.
Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Шебердің шақтап пішкен үлгісіндей.
1287. Гідігайға кім салар мен тұрғанда,
Өлеңдетем аузымда жел тұрғанда.
Қызды ауылдың сыртынан гідігайлап,
Құйысқаным сарт етер ұмтылғанда.
1288. Болғанда өлең ойдан, ән көмейден,
Кез болдың қиуада бірегеймен.
Жаныңа барар жолды өзің нұсқа,
Қайтсем де көз жазбаймын, қалқам, сенен.
1289. Өлеңді мен айтпаймын желіккеннен,
Өлеңді ел тыңдамас еріккеннен.
Халқымыз «өнер алды қызыл тіл» деп,
Ежелден өлеңге жол беріп келген.
1290. Келгенде қара өлең хан, төремін,
Қара ағаш қабығынан қамшы өремін.
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Көңілді жабырқаған көтеремін.
1291. Өң берер өлең шіркін тамашаға,
Өлеңсіз тамашамыз жараса ма.
Дәмдеп айт, өлеңді өрнектеп айт,
Кейінгі үйренердей бала-шаға.
1292. Өлеңді қанша айтсам да жалықпаймын,
Даусымды тоқсан толғап анықтаймын.
Сыртымнан күле берсін қыз-келіншек,
Мен оған күлді екен деп жабықпаймын.

1293. Өлеңді баста десең басты айтайын,
Өрілген шаш, қиылған қасты айтайын.
Болған соң ойым көсем, тілім шешен,
Несіне қара өлеңнен бас тартайын.
1294. Өлеңімнің аты еді «әриайдай»,
Ауылыңды торыдым жарым айдай.
Шыныменен көңілің менде болса,
Ерітейін ішіңді сары майдай.
1295. Көшкенде қара нарға артар жүкті,
Көңілім ауып отыр сізге тіпті.
Өлең айт, тәуір сайлап, екі қалқа,
Қасыңа құрбың келіп тізе бүкті.
1296. Тұсыңа бүгін келдім, ертең келмей,
Қадалдым аш бүйірден зертең желдей.
Өлең айт, тәуір сайлап, екі қалқа,
Боп тұрмын лебізіңе өртенгендей.
1297. Қоңыр қаз көл жағалап ұшады өрлеп,
Салғандай түрлендіріп әннен өрнек.
Ән салсаң, қоңыр қаздың әніне сал,
Көтеріп көңіліңді көкке сермеп.
1298. Өлеңді аңқыт десең аңқытайын,
Суындай дарияның шалқытайын.
Біздерден сұрағаның жел сөз болса,
Бойыңды қорғасындай балқытайын.
1299. Айыршы мамыр қандай, маусым қандай,
Салғанда осы әніме даусым қандай.
Бір тойда бір өлеңді екі айтып,
Өлеңі қос қалқаның таусылғандай.
1300. Басымда ақ тұмағым шоқтай-шоқтай,
Басайын, түйең ауса, тоқтай-тоқтай.
Кеткенде аулың шалғай, қимас қалқа,
Жүремін өлеңіммен жоқтай-жоқтай.

1301. Ақын алтау болғанда, керім сегіз,
Өлең қайдан шығады ерінсеңіз.
Қуанышым қойныма тола кетер,
Аш кезеңнен қылт етіп көрінсеңіз.
1302. Өлеңге он жасымнан болдым батыр,
Майсаға дөңгелентіп тіктім шатыр.
Келін боп жаңа ғана түссем дағы,
Көпшілік өлең айт деп қоймады ақыр.
1303. Өлең айтсақ, ашылар бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп жалған барады үмітті күн.
1304. Жиярға сары сандық төрге жақсы,
Қиысқан ақпал көпшік ерге жақсы.
Өлеңді бір-екі ауыз біздер айтсақ,
Қос қалқа, кезегіңіз дерге жақсы.
1305. Өлеңді сыдырт десең сыдыртайын,
Түгіндей тоты құстың құбылтайын.
Өлеңді жеке айтсам, болмас қызық,
Жағалап қыздар жаққа қыдыртайын.
1306. Қара өлең естімесе, әркім сусар,
Үйірі көк аланың көлде жусар.
Өзіңмен айтысуға құмар едім,
Сәті кеп осы тойда болдым душар.
1307. Серкесіз қой жүрмейді қалың қардан,
Шыға алмас өгіз қарғып терең жардан.
Өзінше ақынбыз деп малданып жүр
Көп ақын қара өлеңді менен қалған.
1308. Әні де қара өлеңнің күйі бізде,
Өлең жаттап қайтыңыз үйіңізге.
Ойға келген бос сөзді қиыстырмай,
Тоқсан сөзден тобықтай түйін ізде.

1309. Жаттанды жай сөз емес, өлең дарын,
Сай келмес жиған-терген қолда барың.
Бұл жолы жұмырыма жұқ болмадың,
Келерсің қыс ойланып жазға салым.
1310. Қарасу есік алды топ қарағай,
Иенде шөліркейді жоқ қараған.
Өлеңді айтпай жатып ісіп кешпе,
Талайын сендейлердің ноқталағам.
1311. Ес те жоқ, ерік те жоқ пақырыңда,
Есерге тап болдым ба ақырыңда.
Аңдап бас аяғыңды алшаңдамай,
Сотқардың сорлы түсер тақымына.
1312. Жан азығы жарамды өлең деген,
Жеңе алмайсың сорайған денеңменен.
Қара өлеңнен соқтырсам қара дауыл,
Талмасы ұстап талайдың сереңдеген.
1313. Көктемі көңілімнің өлең деген,
Құлағым өлең десе елеңдеген.
Маған десең өлеңді қарша борат,
Менде ой жоқ есемді берем деген.
1314. Қара өлеңге келгенде дауылдаймын,
Нөсерлеткен дауылды жауындаймын.
Меніменен айтыссаң, бүгін айтыс,
Оңайлықпен мен күнде табылмаймын.
1315. Келгенде қара өлеңге батырдаймын,
Той десе айтыссыз таң атырмаймын.
Өлеңі өлеңіме сай келмесе,
Көрінгенмен босқа бас қатырмаймын.
1316. Қара өлеңге келгенде қақалмаймын,
Өлең десе, үйімде жата алмаймын.
Зеңбіректің оғындай өлеңімді
Кезегімен сіз жаққа қатарлаймын.

1317. Қара өлеңге келгенде қырандаймын,
Өлең десе, үйімде тұра алмаймын.
Тасты жарған қайнары тау суындай
Аққан сайын арындап суалмаймын.
1318. Қара өлеңге келгенде жасындаймын,
Дөп тиетін сақпанның тасындаймын.
Айтысамын жаспен де, кәрімен де,
Жасым жүзге жетсе де басылмаймын.
1319. Қара өлеңге келгенде осындаймын,
Қара өлеңді ұққанның досындаймын.
Қоя берсең ылдидан, төске шабам,
Қандай бөгет қойсаң да, тосылмаймын.
1320. Есік алды қарасу балдыры бар,
Балдырғанға атыңды шалдырып ал.
Өлең сенің не теңің мүлгіп тұрып,
Алдыменен ұйқыңды қандырып ал.
1321. Қарасу жағалауы терек екен,
Теректің саясы елге керек екен.
Барады барған сайын жанға жағып,
Қалқатай өлеңге елден ерек екен.
1322. Мінгенім дәйім менің сұрша құнан,
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан.
Берейін жан сырымды өлең етіп,
Қалқатай, болсаң егер жыр сағынған.
1323. Мен қара өлең айтайын тыңдасаңыз,
Тыңдасаңыз қара өлең, мың жасаңыз.
Қара өлеңмен танысып жиын-тойда,
Қара өлеңмен табысып сырласамыз.
1324. Ақ отауға жарасар ойған манат,
Ақын-салдар құрады сөн-салтанат.
Қара өлеңнің қаймағын қалқимыз ғой,
Бірімізді біріміз жүрсек жанап.

1325. Айт жаным, айт, айт, жаным, өлең білсең,
Тірлікте не көрмейсің өлмей жүрсең.
Бейнетің жасқа көрген болады ұмыт,
Теңіңмен қадір білер ойнап-күлсең.
1326. Боз шапса, боз озбай ма бурылдан,
Мен шапсам жер апшысы қуырылған.
Өлеңім керегіме дайын тұрар,
Қылыштай қынабынан суырылған.
1327. Ұшып жүрген әуеде сары ала қаз,
Айдын көлге қонады аққу мен қаз.
Құрбы-құрдас осындай бас қосқанда,
Отырайық әндетіп айтып бір наз.
1328. А дегенде дауысым шаңырқаған,
Естіген жан әнімді таңырқаған.
Ақындықпен өлеңді мен айтпаймын,
Көтеремін көңілді жабырқаған.
1329. Берейін өлең айтып жамағатқа,
Бұл өлең мұра болған азаматқа.
Осында үлкен де отыр, кіші де отыр,
Үй-іші, ауыл-аймақ саламат па?
1330. Көзге әдемі көрінер қызыл тұсақ,
Қалқатай, өзің жаққа жайдым құшақ.
Бөгет боп тау тұрса да, тайынбас ем,
Бір шытып қабағыңды қойдың тұсап.
1331. Айт десе қара өлеңді, тарынбаймын,
Қара өлең айтқан сайын арындаймын.
Мыңғырған төрт түлігі жерге сыймай,
Малындай қара өлеңім Қарынбайдың.
1332. Көгершін жүрген жері түйе мойнақ,
Ұлардың қонған жері болады ойнақ.
Осындай жиын-тойда бас қосқанда,
Азырақ ән салайық күліп-ойнап.

1333. Кигенім аяғыма қос табанды,
Қалқатай, ұнатамын қостағанды.
Әріптес, кел екеуміз айтысайық,
Тыңдаған риза етіп дос-жаранды.
1334. Жас кезде сүйенесің аяғыңа,
Қартайсаң жалынасың таяғыңа.
Таусылмас қанша айтсам да думан-тойда
Үйренген қара өлеңім баяғыда.
1335. Қара өлең, сиынамын күдіретіңе,
Қайрандап балық шығар су бетіне.
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Айтамын көпшіліктің құрметіне.
1336. Ұршығым қолымдағы қорғасыннан,
Өлеңге құмар болдым он жасымнан.
Сіз үшін өлең айтқым келіп отыр,
Мейлі, сөз естісем де жолдасымнан.
1337. Үстімде бір бешпетім нақ асылдан,
Киеді нақ асылды бағы ашылған.
Тықыршып өлең десе тұра алмаймын
Жүйріктей көрмедегі таң асырған.
1338. Үстімде жаңа киген бар камзолым,
Жат ел жоқ жасқанатын бәрі өз елім.
Алдында ағалардың ән шырқасам,
Ашылар айтқан сайын сары өзегім.
1339. Таусылмас айта берсем қара өлеңім,
Жететін талай тойға бар өлеңім.
Жабырқаған жандарды жадыратқан,
Дертін жазған талайдың дәрі өлеңім.
1340. Торы аттың кесте тіктім тоқымына,
Арпаның ат семірттім тоқымына.
Үйренген үлкендердің өлеңім бар,
Өлеңнің бармасам да оқуына.

1341. Өлеңге он жасымнан болдым батыл,
Қолыма дөңгелентіп алдым шатыр.
Өлеңді талай тойда айтсам дағы,
Қолдай көр қолтығымнан, Ғали батыр.
1342. Қайыңда бар ақ қайың, қызыл қайың,
Жылқы баққан біледі жердің жайын.
Бізге салған қолқаңыз өлең болса,
Аярым жоқ өзіңнен тілдің майын.
1343. Өлеңді білген адам төкпелейді,
Кетпесін сөзім зая текке дейді.
Берейік өлең айтып үлкендерге,
Үлкендер, тіл алмасақ, өкпелейді.
1344. Өлеңді баста десе, бастайық та,
Аққудай еркін жүзген Ақжайықта.
Өлеңмен осы тойды біздер бастап,
Көңілді бір көтеріп тастайық та.
1345. Не десең де көнемін кеңесіңе,
Ән салғанда түсесің сен есіме.
Өзіңе айтпай өлеңді, кімге айтамын,
Айтып жүрдім көрмей-ақ елесіңе.
1346. Орнын таппай албаты ән салмаймын,
Ән салғанда алдыма жан салмаймын.
Айызын тыңдаушының қандырып ап,
Бәйгеден келген кердей алшаңдаймын.
1347. Немене өлең деген сөз емес пе,
Өткірдің кесіп түсер өзі емес пе.
Өлеңің онан салса, мұнан шығар,
Жастықтың жайнап тұрған кезі емес пе.
1348. Немене өлең деген жел емес пе,
Алқымың астырмайтын бел емес пе.
Отырған гүл-гүл жайнап сұлу қыздар,
Өтімін өлеңіңнің елемес пе.

1349. Қарасу жағалауы қайың екен,
Қайыңнан құрық алсам, дайын екен.
Үлкендер өлең айт деп қолқаласа,
Жастарға айтпай қою айып екен.
1350. Бардым да қарасуға қармақ салдым,
Әнімді қалқатайға арнап салдым.
Ән бастап бір-екі ауыз айтқаннан соң,
Қостар деп қос қалқаға салмақ салдым.
1351. Бойында қарасудың долана екен,
Бұлбұл құс доланаға қона ма екен.
Көпшілік өлең айт деп қолқаласа,
Осынша бөлсінуге бола ма екен.
1352. Қарасу есік алды түбі терең,
Кез келді нақ әріптес жұбыменен.
Құмардан осы жолы бір шығайын,
Айтысып қос қалқамен түніменен.
1353. Қарасу есік алды қамыс екен,
Жігітке өлең айтпау намыс екен.
Астынан алты қырдың ән шырғасам,
Даусымды қалқатайым таныса екен.
1354. Қарасу есік алды үйрек жүзген,
Жерім жоқ қалқа сенен үміт үзген.
Тықыршып өлең десе тұра алмаймын,
Жүйріктей баптап құйрық-жалын сүзген.
1355. Қонғаны ауылымның сібер деймін,
Атымды сібер жерге шідерлеймін.
Көсілген көмекейі ақын дейді,
Өлеңді қара дауыл жібер деймін.
1356. Қылдан арқан ширығып есіледі,
Бесті керім астымда көсіледі.
Тойда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Өлеңмен талай түйін шешіледі.

1357. Қонғаны ауылымның ластай-ды,
Айдынға жүзген кісі құлаштайды.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Отырған бекер қарап ұнаспайды.
1358. Сөздің де көрдік талай кедергісін,
Алады қыздар иіп тал кергішін.
Өлеңді айт дегенге айта бермей,
Сөзіңнің ұстатып кет бір белгісін.
1359. Жол бойы мал қайтқанда шаңырқаған,
Өнімді естіген жан таңырқаған.
Осындай той-думанда өлең айтып,
Көңілді көтерейік жабырқаған.
1360. Қалқатай, сен де елгезек, мен де елгезек,
Қалайық осы тойда тілді безеп.
Өлеңді бағанадан мен шырқадым,
Ал енді өзіңізге келді кезек.
1361. Келемін мен ауылдан күн-түн қатып,
Тон киіп, ақ құндызбен жұрындатып.
Өтініп үлкен-кіші қолқалауда,
Айтайық қара өлеңді туындатып.
1362. Кекілі кербестінің тарам-тарам,
Келеді сөзге шорқақ кейбір адам.
Таң да атып, ел де тарап барады екен,
Қара өлең осыменен болсын тамам.
1363. Кез болдық осы тойда қиуадан,
Болып па өлең айту қиын одан.
Жарасып өлең айтып отырайық,
Секілді жасыл манат қиюлаған.
1364. Кигенім аяғыма жайпақ табан,
Баспайды саздау жерді байпақты адам.
Көпшілік үміт артып отырғанда,
Жарамас өлең айтпай тайсақтаған.

1365. Көкке өрлеп бой түзеген бүрлі қайың,
Басына бүрлі қайың мен шығайын.
Өріптес, тұсыңызға келіп қалдық,
Бізбенен айтысуға бар ма жайың?
1366. Соғады сөйле десең сөздің желі,
Тойларда өлең алар жиып елді.
Тойыңды топтан озып біз бастайық,
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі.
1367. Берейін өлең айтып тыңдасаңыз,
Халайық, тыңдай білген, мың жасаңыз.
Желсөзбен аруларға айқасайын,
Артымнан өсек-аяң қылмасаңыз.
1368. Өлең де жоқ, ән де жоқ салмағанға,
Армандамын аулыңа бармағанға.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға.
1369. Білмеймін мен өлеңді жүзден артық,
Білем деп тағы айтпаймын сізден артық.
Тойда өлең айта алмайтын ынжықтардан
Үмітті әуел бастан үзген артық.
1370. Сайланар үлкендердің орны төрден,
Сұңқылдап аққу ұшар айдын көлден.
Жастарға ойын-тойда тұрыс бар ма,
Өлеңді қоя бермей келген жерден.
1371. Берейік өлең айтып заулап-заулап,
Халықпыз қара өлеңі өскен қаулап.
Асырып той қызығын ән шырқайық,
Отырған үлкендердің көңілін аулап.
1372. Берейік өлең айтып тамашаға,
Тыңдаса үлкен-кіші, бала-шаға.
Той тойлап топ ішінде отырғанда,
Көңілді көтермесек жараса ма?

1373. Өуеде ұшып жүрген сары маса,
Шын жүйрік тоқтамайды арымаса.
Таңға айтсаң тамсанып бір таусылмайтын
Өлең қайдан шығады дарымаса.
1374. Өн салайын үлгі етіп балаларға,
Балалар тез үйреніп ала алар ма.
Жас күнінде сүйсініп салған әндей,
Өзге нәрсе есінде қала алар ма?!
1375. Өуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,
Баласын атып алсам жылар ма екен.
Айтудан мен өлеңді аянбаймын,
Айтқаным көпшілікке ұнар ма екен.
1376. Өн салсаң, өзімдей сал салғандай қып,
Тыңдаған таң-тамаша қалғандай қып.
Шырқашы шаршы топта шарықтатып,
Өркім-ақ айта жүрсін армандай қып.
1377. Шығады шөлдеу жерге адыраспан,
Бар жерді адыраспан әсте баспан.
Тойда өлең бұдан бұрын айтпап едім,
Қолдай көр қолтығымнан, Омар, Оспан.
1378. Айтайын айт дегенде әрияйдай,
Жаныңды ерітейін сары майдай.
Бойыңды мен балқытпай кім балқытар,
Даңқым бар ақындықта Абылайдай.
1379. Азырақ өн салайық айғайласып,
Отырмай көп ішінде бекер жасып.
Осындай тамашаны көргенімде,
Тоқталып тұра алмаймын көңілім тасып.
1380. Қолдай көр, Шашты өзіз Баба Түкті,
Сылқылдап қыз бен жігіт артар жүкті.
Өлең айт тәуір сайлап, қимас қалқа,
Тұсыңа құрбың келіп тізе бүкті.

1381. Өрмектің берекелі арқауы ұзын,
Болады кең өзеннің малтуы ұзын.
Айтыңыз кезегімен қонақ кәде,
Ауылдың біздер айттық алтыауызын.
1382. Жылқымды айдап салдым боздалаға,
Жел соқпай шөптің басы қозғала ма.
Өлеңді ойда жүрген біз айтпасақ,
Артқыға өнеге боп сөз қала ма.
1383. Ақыл-айла, тағы да ақыл-айла,
Ақыл-айла ойлаған жанға пайда.
Шарапаты шалқыған ақын дейді,
Қара дауыл өлеңді бері айда.
1384. Ал енді күш салайын өңешіме,
Жақсының кез болған соң кеңесіне.
Толғанып бір-екі ауыз айтысайық,
Қарыз қып тастап кетпей келесіге.
1385. Құс десек, құс ішінде лашынсың,
Ешкімнің қолы жетпес бір асылсың.
Қалқатай, білдірші бір лебіңді,
Аспаннан бұлт кетіп күн ашылсын.
1386. Көрінер сағымданып алтын кемер,
Баласы көргендінің сөзге шебер.
Кісінің сыйласқандай баласы едік,
Біз жаққа бір-екі топ жібер.
1387. Салайын мен әніме ахау игай,
Айт деген үлкендердің сөзін сыйлай.
Айтпаймын мен өлеңді ақындықпен,
Айтамын көпшіліктің көңілін қимай.
1388. Үй тіктім айдын көлдің кемеріне,
Шынының қайран қалдым бедеріне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз үлкендердің беделіне.

1389. Ақындар жұбын таңдап алған екен,
Той бастап, шалқытып ән салған екен.
Әр тойда әріптеспен айтысатын
Солардан бізге мұра қалған екен.
1390. Ақын алтау болғанда, керім сегіз,
Өлең қайдан шығады ерінсеңіз.
Қуанышым қойныма сыймай кетер,
Аш кезеңнен қылт етіп көрінсеңіз.
1391. Жарасар түйелі үйге жібек арқан,
Батырдың ұстағаны темір қалқан.
Өлеңмен біразырақ сыр алыстық,
Келесі тойға дейін қош бол, қалқам.
1392. Әуеде ұшып жүрген тырна деген,
Бақытын басқа жаққа бұрма деген.
Әкемнің маған берген батасы бар,
«Орныңнан қызды жеңбей тұрма» деген.
1393. Шәугім жылдам қайнайды мосыменен,
Құрбы тату болады досыменен.
Таң атқанша өлеңді үзбей айттық,
Тамам болсын аяғы осыменен.
1394. Өнерің былтырғыдан биыл қандай,
Өлеңің үлкен-кіші жиылғандай.
Көзіме өзің оттай басылғанда,
Болды ғой өзекке өлең құйылғандай.
1395. Өлеңді мен айтайын айдайынан,
Қарасам нұр шашырар маңдайыңнан.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Жаралдың адамзаттың қандайынан.
1396. Келгенде қара өлеңге қақалмаймын,
Үйімде өлең десе жата алмаймын.
Өзімдей өлең айтқыш болғың келсе,
Алдымен менен келіп бата ал деймін.

1397. Ұшады аққу көлден шаңырқаған,
Өнімді естіген жұрт таңырқаған.
Азырақ ойын-тойда өлең айтып,
Көңілді көтерейік жабырқаған.
1398. Басында әптиектің әлхам сабақ,
Ертістің екі жағы қара қабақ.
Бұдан бұрын тойда өлең айтпап едім,
Медет бер ата-бабам, он екі Абақ.
1399. Өлең айт деп өтінер халық маған,
Өлеңімді тыңдаудан жалықпаған.
Жігіт деген жақсы атты ақтай алмас
Елге өзін өлеңмен танытпаған.
1400. Өлеңге сен де қиын, мен де қиын,
Жаманға жараспайды жақсы киім.
Барында оралыңның ойна да күл,
Өмірдің онсыз құны жалғыз тиын.
1401. Айтайын өлеңді үлкен бұйырған соң,
Айнала қыз-келіншек жиылған соң.
Қалайық ойнап-күліп осындайда,
Замана қандай болар биылдан соң.
1402. Оза шауып бәйгеден ат келеді,
Той дегенде алыстан жат келеді.
Той бастаған ақынның бағасы артық,
Той иесі жолына ат береді.
1403. Өзен судың өлеңім өркешіндей,
Ел жайлаған жайлаудың желкесіндей.
Өлең десе заулаймын алға түсіп,
Қой бастаған шопанның серкесіндей.
1404. Кетпей ме өлең десе ақын тасып,
Іленің дариясындай толқын шашып.
Алыстан әдейі іздеп келдім аңсап,
Өлең айт біразырақ көңіл ашып.

1405. Құлатам таудан өлең салдыр-гүлдір,
Сайрайды аузымды ашсам тілім бұлбұл.
Той десе, өлең десе өлеңдеймін,
Шыдамас әнге баспай жүрек құрғыр.
1406. Дәйім менің мінгенім жирен қасқа,
Дамыл бермей шабамын тау мен тасқа.
Өлеңдетпей тартынып неге отырсың,
Өріптесің бар ма еді менен басқа?
1407. Бетің аппақ, қалқатай, қар секілді,
Байқағанға зейінің бар секілді.
Арындатып айта түс өлеңіңді,
Татып барад таңдайға бал секілді.
1408. Жылқым жатыр өзеннің жағасында,
Ауылыма шақырсам барасың ба?
Шақырғанда ауылыма бара қалсаң,
Серік болып қасымда қаласың ба?
1409. Мінген атым астымда құла жорға,
Сол жорғаның тізгінін тарттым зорға.
Өнеріңмен еліңе танылмасаң,
Ауылыңа шақырып әуре болма.
1410. Бектерде жылқым жатыр Қыдыр баққан,
Бешпетім үстімдегі көк драптан.
Осындай ойын-тойда ән салғанда,
Даусыңнан айналайын сылдыр қаққан.
1411. Дауысым ән дегенде бөгеледі,
Сәлден соң аспанға өрлеп жөнеледі.
Жастықта жалын атып ойна да күл,
Қолыңнан қартайғанда не келеді.
1412. Үсті-үстіне өлеңді үстеуші едім,
Тоят алмай тұғырдан түспеуші едім.
Теңбіл көктің баласы затым тұлпар,
Су тұнығын таңдамай ішпеуші едім.

1413. Өлең десе ұршықтай зырлаушы едім,
Жамандарға мойнымды бұрмаушы едім.
Көңілімдегі әріптес кез келгенде,
Қоя бермей өлеңді тұрмаушы едім.
1414. Айт дегенде өлеңді аяу бар ма,
Шебер соққан қанжарды қаяу бар ма.
Тәуір сайлап тартымды өлеңді айт,
Назарыңды мен жаққа жәй аударма.
1415. Үлкені ауылымның Қожамерген,
Құр дауыс неге керек соза берген.
Баласы ұшқан құстың мен қазанат,
Артымнан айқай шықса, оза берген.
1416. Ұстағаным қолыма алтын жүзік,
Ақ сұңқарды ұшырдым талпындырып.
Бас қосқанда өлеңді біз айтайық,
Бұрынғы ата-бабаның салтын құрып.
1417. Екі ауылдың ортасы мидай дала,
Осы үйде туылыпты бір жас бала.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Ағайынның үйінде шілдехана.
1418. Алма болсын тергені, өрік болсын,
Бауы туған сәбидің берік болсын.
Ата-ананың үмітін ақтап өсіп,
Іні-қарындастары серік болсын.
1419. Өлеңді айт дегенде аянбаймын,
Жағымды жамандарша таянбаймын.
Үлкендер айт деп өлең өтінгенде,
Жетекшіл қара нардай аяндаймын.
1420. Мен өзім жұрт ішінде қаршадаймын,
Жайылған жалқы ішінде наршадаймын.
Екі той қатарынан болса дағы,
Айтудан қара өлеңді шаршамаймын.

1421. Өлеңнен жанмын мен жаратылған,
Толғатып мені өлеңші ана туған.
Өлеңмен кіндігім бір, жолдас етіп
Өлеңді өмірге мен ала туғам.
1422. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,
Бітеді саздау жерге тал мен қайың.
Отырсаң жеңемін деп желдей есіп,
Апшыңды ақ бидайдай қуырайын.
1423. Ауылымның жайлауы Қызылшоқы,
Басылмайды күзде де жердің оты.
Айтысамын дегенше, алдыменен,
Қара өлеңнен менен ассаң, сабақ оқы.
1424. Беліме қамар белбеу буынамын,
Бетімді Гүлжиһанмен жуынамын.
Жыныма тисең, қызыл өңешінді
Қолқаңмен қосып бірге суырамын.
1425. Бастағам шу дегенде-ақ өлеңімді,
Көрсетіп төкпе ақындық өнерімді.
Қаңбақтай құйын соққан дөңгелетем,
Сездіріп алдын ала өлерінді.
1426. Ерте айтып қояйын айтарымды,
Сәйкес болсын өлеңің қайтарымды.
Айтып қылған айып жоқ ұрлықты да,
Қағып алам, мүлт кетсең, сайтаныңды.
1427. Тап болған әріптесім тайпақ қара,
Мен қандай, өзің қандай, байқап қара.
Түбіңмен қу ағаштай қопарармын,
Желімен қара өлеңнің шайқап қана.
1428. Адамның сөйлейді ғой тіл мен жағы,
Күркірер жігіт күндей барда бағы.
Сенімен мен тең бе деп күпсіну,
Белгісі білімсіздік ол баяғы.

1429. Ат мінгізсең жаманға, басқа ұрады,
Болымсызға қол жетсе, асқынады.
Қара өлеңді қаптатып қоя берсем,
Ес таба алмай басын тау-тасқа ұрады.
1430. Бәйгеде алдына жан салмайды ала ат,
Қағады қыран көкте талмай қанат.
Сыймаған тілі аузына ақын дейді,
Қанеки, қара өлеңді қардай борат.
1431. Қасқырдың азу тісі айда-сайда,
Баланың мектеп көрген тілі майда.
Сыймаған тілі аузына ақын болса,
Дауылын қара өлеңнің қаптал айда.
1432. Айтайын айт десеңіз сары сағыз,
Сағызды шайнай берсе, қалмас маңыз.
Көсілген көмекейің ақын болсаң,
Өлеңнің қара дауыл майын тамыз.
1433. Айтайын мен бір өлең төтесінен,
Орыстың құйғытқандай көшесімен.
Ақыннан осынау жүрген жеңілмеймін,
Келмесе жаңа туып шешесінен.
1434. Айтайын айт дегенде әрияйдай,
Өлеңім өзен суда дария айдай.
Келіп ем топтан озып ақын ба деп,
Отырмын жауабыңа жари алмай.
1435. Асқан сұлу екенсің сенің өзің,
Көркіңе сай ақылды айтқан сөзің.
Өлеңіме өзгеше ерік беріп,
Әрең шыдап отырмын етіп төзім.
1436. Өлеңді айт дегенде бөгелмеймін,
Бәйгеден күнде келген дөнендеймін.
Қара өлеңде қарсылас әріптестің
Бірінен соң біреуін көгендеймін.

1437. Өзіңді өзімменен салғастырам,
Даусың деп келеді алғашқыдан.
Екі ойлы боп тежеле бастап едім,
Айтысты енді құлашына жалғастырам.
1438. Сыртыңнан айтушы еді әркім мақтай,
Екенсің кербез сұлу арғымақтай.
Өлеңді көрген жерден қоя бердім,
Естуге лебізіңді тағат таппай.
1439. Тал ма екен, қатар өскен қайың ба екен,
Бірі күн, бірі әлде айым ба екен.
Аралап, таңдап тауып келіп тұрмыз,
Қос қалқа айтысуға дайын ба екен?!
1440. Өнерің былтырғыдан биыл қандай,
Тыңдауға өлеңіңді ел жиылғандай.
Қасыма өзің келіп отырғанда,
Болды ғой өзекке өлең құйылғандай.
1441. Шығады аузымды ашсам өлең гулеп,
Он қап өлең әкелдім аузын түйреп.
Он қаптың біреуінің аузын ашсам,
Әріптес тұра қашар тонын сүйреп.
1442. Ауылың о көште ме, бұл көште ме,
Қымызың маған құйған тегеште ме?
Жеңемін деп отырсың желдей есіп,
Өлеңіңе қарап ал, өңештеме!
1443. Қаракөк жылқы ішінде дөнен болса,
Шабысы шаң жұқпастай ерен болса.
Өзіңмен тағы армансыз айтысар ем,
Осындай ертең де той өлең болса.
1444. Қарасу жағалауы терек екен,
Саясы жазда елге керек екен.
Айтады сұрағыма жауап тауып,
Қалқатай қара өлеңге зерек екен.

1445. Бір нәзік көк аспаннан сағым көрдім,
Сол сағым ашатындай бағын көлдің.
Қарсылас айтыстағы әріптестің,
Талмайтын қара өлеңге жақын көрдім.
1446. Қара сөз, ұйқастырса, болады өлең,
Өмірдің алды таяз, арты терең.
Тағдырдың тап болған соң кезеңіне,
Үмітті ақтайды деп саған сенем.
1447. Өлеңді айт дегенде аял болмас,
Жаныңды аялаған ажал қоймас.
Күл де ойна гүлің барда тіршілікте,
Тамаша күнде осындай даяр болмас.
1448. Қай мерген, мына мерген, білте мерген,
Шашың бар, қолың қара күлтеленген.
Көсілген көмекейің ақын дейді,
Өлеңді қара дауыл сілте бермен.
1449. Жауынсыз жердің шаңы басылмайды,
Күн нұры түспей гүлдер ашылмайды.
Өлеңмен айта отыр өз жайыңды,
Жақсыдан жақсы сырын жасырмайды.
1450. Дауысым, әнге салсам, саңқылдайды,
Айтыста қара өлеңім сарқылмайды.
Лайық жақсы өлеңге жауап тауып,
Жақсылар ақ алмастай жарқылдайды.
1451. Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер.
Сөзіңе тауып айтқан дос сүйсініп,
Дұшпанның көре алмаған іші күйер.
1452. Өлеңді мен айтайын, сендер тыңда,
Кетпесін судай босқа сіңген құмға.
Тыңдаған үлкендерді ұрпақтардың
Ұлғаяр парасаты жылдан жылға.

1453. Айт десең, айта берем ән қиналмай,
Қостасаң болар отқа май құйғандай.
Бір жақсы бір жаманмен үйлеспей,
Апарып қарайғанға тал қиғандай.
1454. Ән мен күй сарқылмайтын қазынамыз,
Жасасын әзіл-қалжың, базынамыз.
Қайраңдап кемең бір күн қалса аралда,
Бірге өскен осы күнді сағынармыз.
1455. Ән салсаң, өзімдей сал дүрілдетіп,
Көлдегі ай нұрындай дірілдетіп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күн болар бірің қалар, бірің кетіп.
1456. Ат жалы ұзын, түйе төбе шашы,
Жыңғылдың майдай жанар томаршасы.
Азырақ өлең айтып қоздырайық,
Өмірдің ойын-той ғой тамашасы.
1457. Өлеңді айт дегенде айтқан қызық,
Маржандай қатар-қатар жіпке тізіп.
Өлеңді айт дегенде айта алмасаң,
Үлкендер кетер бізден күдер үзіп.
1458. Жайдары көл көрікті жазым екен,
Ұшады көлден аққу, қазыменен.
Той да көп, әріптес те, өлең де көп,
Баурамас сені ешкім назыменен.
1459. Ұршығым қолымдағы қорғасыннан,
Өлеңге құмар болдым он жасымнан.
Өзіңмен айтысуға келіп тұрмын,
Айрылып Құдай қосқан жолдасымнан.
1460. Жасымнан кеудеме өлең ұялаған,
Жаманға оны қалай қияды адам.
Өзіңдей жақсы әріптес кез келгенде,
Ұсынам құйып алтын пияладан.

1461. Бастарда тойда өлең қысыламын,
Өлеңді айта келе ысыламын.
Өлеңді бағанадан біздер айттық,
Кезекті енді сізге ұсынамын.
1462. Өлеңді баста десең, басы менде,
Майысқан балдырғандай жасы менде.
Асылын кезектесіп қара өлеңнің,
Шашу қып жіберейік шашып елге.
1463. Бісмілла деу — өлеңнің басы емес пе,
Өзен-көлдің жағасы там емес пе.
Той қызығы айтысу тең құрбыңмен,
Іздегені жастардың осы емес пе.
1464. Жан келсе айтысуға жарайтұғын,
Айтыспай табады ақын қалай тыным.
Өлеңді тойда айтпаған қайда айтамын,
Өлеңнің өрісі той тарайтұғын.
1465. Көпшілік күтіп отыр бізді елеген,
Азырақ өлеңім бар сізге деген.
Бұл тойда кезің келді, айтысайық,
Ақын ба бірін-бірі іздемеген.
1466. Не қымбат, дүниеде өлең қымбат,
Шын ақын қоя берер қойсаң ымдап.
Жастарды көргенімде болам ырза,
Отырған бірі айтып, бірі тыңдап.
1467. Не қызық, дүниеде өлең қызық,
Кетеді өлең десе денем қызып.
Қасыма қалаулы жан тап келгенде,
Берейін қара өлеңді жіпке тізіп.
1468. Жағасы қара судың қайың екен,
Қайыңнан құрық кессем, дайын екен.
Көпшілік өлең айт деп қолқаласа,
Жастарға орындамау айып екен.

1469. Жағасы өзен судың долана екен,
Бұлбұл құс доланаға қона ма екен.
Көпшілік өлең айт деп қолқаласа,
Айтыспай бас тартуға бола ма екен?!
1470. Қара су есік алды түбі терең,
Кез болды қос әріптес жұбыменен.
Сынына көпшіліктің бірге түсіп,
Армансыз айтысайық түніменен.
1471. Жағасы қарасудың қамыс екен,
Жастарға өлең айтпау намыс екен.
Түрін де отыр едім шырамытып,
Даусы да қалқатайдың таныс екен.
1472. Қарасу есік алды үйрек жүзген,
Кезім жоқ, қалқа, сенен үміт үзген.
Қане, енді өлеңіме жауабыңды айт,
Көпшілік айтыс күтіп отыр бізден.
1473. Қонғаны ауылымның сібер деймін,
Кетер деп атым алыс шідерлеймін.
Көпшілік айта жүрер айтыс болсын,
Ағытып қара өлеңді жібер деймін.
1474. Ширыққан сайын арқан есіледі,
Бесті кер шапқан сайын көсіледі.
Жауап айт өлеңіме ой жіберіп,
Көп түйін өлеңменен шешіледі.
1475. Қос қолын суға жүзген құлаштайды,
Басынан қайсы таудың күн аспайды.
Көпшілік өлең айт деп қолқаласа,
Отырған бекер қарап ұнаспайды.
1476. Семіз шық, әрқашанда арық ойлап,
Түйіссін таудай талап, тарыдай бақ.
Екі топ екі жақтан тілектес боп,
Айта түс, қолдап отыр, а Құдайлап!

1477. Қайтады мал өрістен шаңырқаған,
Өнімді естіген жан таңырқаған.
Қыздырып айтыспенен ойын-тойды,
Көңілді көтерейік жабырқаған.
1478. Астыма мінген атым қара ала аяқ,
Тұсыңа таңдап қалап келдім таяп.
Әріптес өздеріңдей кез келгенде,
Неге айтпай қара өлеңді қалам аяп.
1479. Пимама бар аяғымда жайпақ табан,
Баспайды сазды киіз байпақты адам.
Көпшілік өлең айт деп қолқаласа,
Жарамас сылтау айтып тайсақтаған.
1480. Келеді ердің ері екі елуге,
Қонады қайтқан құмай мекеніне.
Армандап айтысуды жүруші едім,
Кез болдым осы тойда екеуіңе.
1481. Арқаға қос бұрымды арта салып,
Келіпсіз мойынға алтын алқа салып.
Көпшілік отыр бізге қолқа салып,
Айтысып құмарын бір тарқаталық.
1482. Кигенім кебіс-мәсі жүріп дайым,
Өзіңе қойды-ау Құдай қырындатып.
Сәтімен осы тойда кездескен соң,
Айтайық біраз өлең туындатып.
1483. Келемін жоғары жақтан жолмен зулап,
Астымда асау торы ат омыраулап.
Тұсына жақсы әріптес тап болғанда,
Кетеді, аузымды ашсам, өлең қаулап.
1484. Кигенім аяғыма қос табан-ды,
Ұнатам өлеңімді қостағанды.
Әріптес тіл табысып айтысайық,
Тыңдаған риза етіп дос-жаранды.

1485. Келгенде қара өлеңге тарынбаймын,
Көсіліп айтқан сайын арындаймын.
Қайыру бермей сенің есіңді алар,
Малындай қара өлеңім Қарынбайдың.
1486. Тігеді шебер көйлек бойға салмай,
Айтады ақын өлең ойға салмай.
Өлеңді бұнда айтпаған қайда айтамын,
Ат озар ма бөйгеге тойда салмай.
1487. Үсті-үстіне өлеңді үстеуші едім,
Тоят алмай тұғырдан түспеуші едім.
Теңбіл көктің баласы затым тұлпар,
Су тұнығын таңдамай ішпеуші едім.
1488. Ұстағаным қолыма алтын құрық,
Ақ сұңқарды ұшырдым талпындырып.
Бас қосқанда өлеңді біз айтайық,
Бұрынғы ата-бабаның салтын құрып.
1489. Өлеңді кім айтпайды, әнші болса,
Сұлуды кім алмайды, мал шығарса.
Армансыз бұл жалғаннан өтер едім,
Ал деген сүйгенінді заң шығарса.
1490. Өлеңді айтқан жақсы өн келгенде,
Шақырар тауық-қораз таң келгенде.
Жел сөзді Құдай берген неге аяйын,
Алдыма айтар кісі дәл келгенде.
1491. Алтайдың аулым қонған адырына,
Жылқымды айдап салдым балдырына.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз үлкендердің қадырына.
1492. Алтайдың суы тұнық, тауы биік,
Ойнаған бауырында марал-киік.
Өлеңді айт дегенде айтпай қалай,
Үлкеннің отырамыз көңілін қиып.

1493. Ашылар өлең десе көңіл кілті,
Жеткізбес күдір жерде қашқан түлкі.
Отырмай бекер қарап ән салайық,
Тамаша болсын қызық ойын-күлкі.
1494. Қаңқылдап ұштың қайда, қоңыр қазым,
Өмірдің кім біледі көбін-азын.
Үлкендер өлең айт деп бұйырғанда,
Азырақ майпаңдасын өнерпазың.
1495. Дегенге ақпан-сақпан, ақпан-сақпан,
Сақпанды зымыратар ебін тапқан.
Болсаң да қара өлеңнің қара тілі,
Аптықпа, түсірермін құрып қақпан.
1496. Қара өлеңге келгенде дүрдей-ақпын,
Құдай ажал бермесе, жүргей-ақпын.
Жалайырда озса, озар Қабан ақын,
Одан басқа ақынмен бірдей-ақпын.
1497. Кез болдым жақсылардың кеңесіне,
Тіл мен жақ, күш салайын өңешіме.
Толғанып бір-екі ауыз ән салайын,
Қалдырмай қарыз етіп келесіге.
1498. Ақсуды біздің ауыл жайлап отыр,
Жағалай бәрі бие байлап отыр.
Айтыстан қашқақтаған жасты көріп,
«Әттең» деп зығырданым қайнап отыр.
1499. Тау барсаң қарағайдың ал сағызын,
Өрмектің болса жақсы арқауы ұзын.
Қанеки, қонақ кәде енді сізден,
Ауылдың біздер айттық алты ауызын.
1500. Қолдасын Шашты әзиз Баба Түкті,
Көтерер соңғы түйе ауыр жүкті.
Өрнектеп өнегелі өлеңіңді айт,
Тұсыңа құрбың келіп тізе бүкті.

1501. Айтыспай ойын-тойда әнге басып,
Бұлығып жастар неге отыр жасып.
Қоршаған шаршы топты көргенімде,
Әндетпей тұра алмаймын көңілім тасып.
1502. Жыңғылдың майдай жанар томаршасы,
Жақсы ғой қыз үйінің оңашасы.
Кез болдық сәті түсіп осы тойда,
Айтыс қой тойдың ең бір тамашасы.
1503. Жайлайды жылда ауылым теріскейді,
Көп жылқым теріскейде өрістейді.
Бұл тойға тамаша іздеп келгеннен соң,
Отыру бекер қарап келіспейді.
1504. Басы еді өлеңімнің әрияйдай,
Ішiңдi ерiтейiн сары майдай.
Жел сөздің бес-алты ауыз арқасында,
Алашқа атым шықты Абылайдай.
1505. Өлеңің өлеңімнің жалғасындай,
Үйлесім ойлап қара бар ма осындай.
Таңдайың қызған сайын тақылдайды,
Дәуіттің төске соққан балғасындай.
1506. Ән салсаң сал мына мен салғандай қып,
Әнге жұрт таң-тамаша қалғандай қып.
Сүйсініп еске сақтап естіген жан,
Айтуға өзі жаттап алғандай қып.
1507. Шығады өлең қайдан дарымаса,
Өтпейді пышақ кейде жанымаса.
Қиыннан қиыстырып, тереңдеп айт,
Дей түссін тыңдаған жұрт тағы болса.
1508. Әріптес шашың қара, бегің аппақ,
Тапты екен қандай ана сені баптап.
Байқаймын айтыс онша қызбай отыр,
Үрлейік кел екеуміз екі жақтап.

1509. Айтамын кейде аяндап, кейде желіп,
Естіген өлеңіме болар жерік.
Өзіңді бір көруге құмар едім,
Айтыстық осы тойда кезің келіп.
1510. Өлеңім өлеңіңе сай демеші,
Көп мақтап қаспағыңды май демеші.
Өлеңді кез келгенде қоя бермей,
Өлеңнің мұнда отыр ма қайын енесі.
1511. Басында биік таудың ұлары бар,
Жерге егін бітік өсер құмары бар.
Айта отыр өлеңді, айтыс десе,
Көңілімнің тарқамайды құмары бар.
1512. Өріске айдап салдым бозінгенді,
Аузыма өлең болып сөзім келді.
Өзіңмен айтысуға құмар едім,
Қаңбақтай жел аударған кезің келді.
1513. Қара өлеңге келгенде Қабандаймын,
Қапияда қара өлең таба алмаймын.
Таба алмаймын дегенге таңданбаңыз,
Еркін жүйрік қызыл тіл амалдаймын.
1514. Дәйім менің мінгенім дөнен кердей,
Төре-қара алдыңнан жөнелгендей.
Айтушы едің өлеңді ұзақ таңға,
Неге отырсың, құдағи, бөгелгендей.
1515. Айтушы едік өлеңді жасымызда,
Жас қозының терісі басымызда.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Өңкей туыс жиналған қасымызда.
1516. Дәйім менің мінгенім бедеуше еді,
Мінген сайын бедеуім терлеуші еді.
Бұдан бұрын тойда өлең айтқаным жоқ,
Бастағанда өлеңді не деуші еді.

1517. Бастаудың көзі бітер аршымаған,
Айтасың не деп өлең қарсы маған.
Тілегенің қарныңа, ал қабылда,
Бұйымтайың сол болса бар сұраған.
1518. Көтерер тайқазанды темір ошақ,
Шығады жауыннан соң кемпірқосақ.
Менімен айтысуға неге келдің,
Білетін бар өлеңің болса осы-ақ.
1519. Жорғамын өлең десе желмейтұғын,
Қырандай айтқан сайын өрлейтұғын.
Өзіңдей ісіп-кеппе жел өкпені
Өлеңмен мен боламын емдейтұғын.
1520. Жарамды жан азығы өлең деген,
Өлеңді жеңе алмайсың денеңменен.
Дауылын қара өлеңнің мен соқтырам,
Талайлар талмасы ұстап сереңдеген.
1521. Жағасы айдын көлдің өрлі ұсақ тас,
Жиылар той болған соң кәрі мен жас.
Отыру бекер қарап жарамайды,
Әріптес, айтысайық, ұйқыңды аш.
1522. Тұрыс жоқ өлең десе пақырыңда,
Қармаққа іліктің бе ақырыңда.
Байқап бас аяғыңды, қапы қалма,
Сотқардың сорлы түсер тақымына.
1523. Ертістің сақ келеді сауысқаны,
Айғыр мен аттың жөн бе алысқаны.
Барысып қалдық, білем бас, аяққа,
Жөн шығар тақырыптың ауысқаны.
1524. Мініп ап қарагерді қоңыраулап,
Тұсыма жетіп келдің омыраулап.
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Айтамын үлкендердің көңілін аулап.

1525. Басыңда кестелі шыт бұрыштаған,
Түрің бар жауар бұлттай құрыстаған.
Сонда да маған маңайлай алмайсың,
Өлеңнен тұлпар мініп, ту ұстаған.
1526. Байқаймын өз әліңше жалды екенсің,
Не беріп, кімге алданып қалды екенсің.
Алыпсың бес-алты ауыз өлең жаттап,
Жалынып кімнен сұрап алды екенсің.
1527. Сауырға бұлт тоқтамас жел тұрғанда,
Кім жайлар жердің шетін ел тұрғанда.
Айтыста адуындар кім бар дейсің,
Бісқырып айдаһардай мен тұрғанда.
1528. Байладым қара өгізді шет тұрсын деп,
Күйсетіп сабан-топан жеп тұрсын деп.
Өлеңмен сендейлерді ұтып алғам,
Ұлтарақ, шұлғауымды кептірсін деп.
1529. Бір төбеден жүгірген бір төбеге,
Бір төреден жүгінген бір төреге.
Маған қарсы әріптес мынау болса,
Қара өлеңім қасқайтып ұр төбеге.
1530. Біреудің сөз береді таңдайына,
Біреудің бақ береді маңдайына.
Мен дағы өз кезімде тарлан болғам,
Ешкімді жуытпаған шаужайына.
1531. Ауылымның қонған жері қалың қамыс,
Өз сөзіңе, әріптес, өзің қалыс.
Өлең бізде жетеді қажет болса,
Қарымтасыз біразын етем табыс.
1532. Ұшады екі сұңқар бір ұядан,
Көйлегің үстіңдегі дүриядан.
Өрнектеп өлеңіңді өткірлеп айт,
Сен үшін айдалада мен ұялам.

1533. Қой емес қой бұл өлең соятұғын,
Қарны жоқ қой құлақтың тоятұғын.
Қара өлеңін қазақтың біраз айттық,
Уақыт болып қалыпты қоятұғын.
1534. Айтайын әнді бастап айдайынан,
Жарқырап нұр жауады маңдайыңнан.
Бағаңа бағаласам жан жетпейді,
Жаралдың адамзаттың қандайынан.
1535. Өлеңді сен айт десең ағылайын,
Жеріңнен өзің күткен табылайын.
Бұралып тал шыбықтай сен тұрғанда,
Өзгенің күн мен айын не қылайын.
1536. Қаршығам қыран болса қаз іледі,
Мазалар уақыттың азы мені.
Сені көп тыңдайын деп аз айттым мен,
Қалқатай, даусың неткен нәзік еді?!
1537. Кер бестінің кекілін көресіз бе,
Бестен шалып құйрығын өресіз бе?
Ат жалында бірге өскен құрбым едің,
Орныңызды түрегеп бересің бе?
1538. Айт дегенде айтайын ұзын құла ат,
Екі жағы өзеннің малға суат.
Түрегеліп орынды береміз бе,
Екі құрбы келіп тұр сауға сұрап.
1539. Атқардым деп айтысып мен бір міндет,
Сауға беріп отыр ма құтылғың көп.
Байқатып ең сарқылып қалғаныңды,
Мойындап кет жеңілдім, ұтылдым деп.
1540. Су іздеген үңілер шыңырауға,
Бүркіт алған шығады биік тауға.
Ат жалында бірге өскен құрбы едік,
Келіп қалдық тұсыңа сұрап сауға.

1541. Бағаң артық ежелден асыл жансың,
Дос көңілін табам деп асығасың.
Түрегеліп орныңды берсең, берші,
Құрбы көңілі бірге өскен жасымасын.
1542. Жылқы ішінде жүреді торы шұбар,
Міне берсең, түліктің соры шығар.
Сақина бер, тана бер тоғыз қылып,
Салып кеткен ата-ана жолы шығар.
1543. Бір қараңғы түн мен күн бір жарық-ты,
Дүние жинап жалғанда кім жарыпты.
Сақина бер, тана бер тоғыз қылып,
Болмысыңнан танымын мырзалықты.
1544. Жөн білетін бір үйдің мырзасы едің,
Әр ісіңе ел-жұртың риза сенің.
Тұқымыңнан қара көк үзілмеп ед,
Халің келмей тоғызға тұр ма сенің?!
1545. Күнде мұндай ойын-той табылмайды,
Жорғасынан шын тұлпар жаңылмайды.
Тоғыз деген жолы ғой бұрынғының,
Ашық етек тоғызбен жабылмайды.
1546. Жылқы ішінде жүреді шұбар тайым,
Шұбар тайдың құйрығын шұбалтайын.
Сақина бер, тана бер тоғыз қылып,
Қарындасым бар еді қуантайын.
1547. Бір өзіңдей жомарт жан жарала ма,
Жаралса да саған тең санала ма.
Ат пен түйе мен сенен сұрамаймын,
Бет орамал, сақина, тана ғана.
1548. Сынбап еді ешкімнен сағым менің,
Сұрай-сұрай қарысты-ау жағым менің.
Көрген адам тоғыз бер құптарлықтай,
Кербездерден өзіңдей салымды едім.

1549. Сөзіңмен де, сүйкімді ең түріңмен де,
Жомарт қыздан көңілім түңілген бе.
Толығымен тоғыз бер, қуантайын
Қарындасым алдымнан жүгіргенде.
1550. Былтырғыдан биылғы жайың қандай,
Қалыбың жоқ ерліктен тайынғандай.
Тоғыз әкел көпшілік құптарлықтай,
Алты алашқа атағың жайылардай.
1551. Өткен кім бар өлеңге құмарланбай,
Жеңбеуіңе сенің бар күмән қандай.
Осы жолы тоғыз бер толымды етіп,
Дұшпан күйіп, дос-жаран қуанғандай.
1552. Өлеңіміз осымен тамам боп тұр,
Айрыларда көңілім жаман боп тұр.
Жақсы да айттық, өлеңді жаман да айттық,
Текті атаның баласы, аман боп тұр.
1553. Ызғар да көп, сыз да көп күзгі бұлтта,
Ыстық сорпа ішерде үріп ұртта.
Тағы талай тойларда табысармыз,
Қайда жүрсең, әріптес, бізді ұмытпа.
1554. Қашағанды құтқармас ұзын арқан,
Таусылмасын тататын тары-талқан.
Келер тойда аман-сау кездесейік,
Қош болып тұр осымен, асыл қалқам.
1555. Бойлатып шыңырауға салдым қауға,
Шығады бүркіт алған биік тауға.
Ат жалын бірге тартқан құрбы едік,
Тұсыңа келіп қалдық сұрап сауға.
1556. Тізіліп құс ұшады тырна деген,
Дүкенді жайсыз жерге құрма дер ем.
Түсімде киелі ақын аян беріп,
Орныңнан жеңбей әсте тұрма деген.

1557. Келеді таудың тасы құламалы,
Жеңгеннің жөн ғой тоғыз сұрағаны.
Азырқанбай ала сал ұсынғанын,
Болса іні-қарындасың қуанады.
1558. Дәйім менің мінгенім торы дөненім,
Түйме, моншақ жиғалы келмегенмін.
Тоғыздың да болады жол-жосығы,
Ат жетектеп, қой берсең өңгеремін.
1559. Өз құнын жоғалтпайды алтын теңге,
Халықтың ұшырмайық салтын желге.
Жеңілсек тоғыз беру сөзсіз болсын,
Бұл қойған алдын ала шартым, жеңге.
1560. Саспа деймін, әріптес, аспа деймін,
Айтысудан жалтарып қашпа деймін.
Қашар болсаң жеңіліп тоғыз бермей,
Ендігәрі тойға аяқ баспа деймін.
1561. Тоғызыңды аларсың айдалада,
Тақия тігіп берейін жайға қара.
Жақсы атаның жөн білер ұрпағысың,
Тақылдама тар жерде, байқа, бала.
1562. Өуеде ұшып жүрген ақсар ма екен,
Баласын атып алсам қақсар ма екен.
Құсыра қос қалқаны жеңіп тұрмын,
Өздері біліп тоғыз тастар ма екен.
1563. Мінгенім дәйім менің торыкерім,
Аман ба қаз, үйрекке толы көлің?
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, қалың елің?
1564. Мал да аманат Тәңірге, жан да аманат,
Құсты аспанға ұшырған екі қанат.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрсің бе, сау-саламат.

1565. Қаршыға алып қолыңа сылай жүргін,
Сағынсаң да, қалқатай, шыдай жүргін.
«Өріптестің ауылы аман ба?» деп,
Келген-кеткен кісіден сұрай жүргін.
1566. Сарыала қаз ұшады салмақпенен,
Қолым ауыр тартады бармақпенен.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, мал-баспенен?
1567. Көл жағалай отырған біздің ауыл,
Жайлау Алтай, қыстауы болған Сауыр.
Келер болсаң, біз жаққа тезірек кел,
Қарсы алады қаумалап аға, бауыр.
1568. Мінген атым астымда құла жорға,
Тоқтатамын тізгінін тартып зорға.
Өнеріңе ел-жұртты қаратпасаң,
Ауылыма келем деп өуре болма.
1569. Қалаулы халық ішінде қарындасым,
Өр ісің алға басып арындасын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, малы-басың?
1570. Тоғайдан кесіп алған тал сойылым,
Тebіскен құлын-тайдай қалды ойыным.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, қаз мойыным?
1571. Келемін жоғарыдан желе шаба,
Жарасқан көйлегіңе жібек жаға.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, бала-шаға?
1572. Құнанкерім, тайкерім, дөненкерім,
Ою салып жасайды аттың ерін.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің, бұраң белім?

1573. Қай мойнақ, мына мойнақ, түйе мойнақ,
Бітеді түйелі елге бота-тайлақ.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман ба көрші-қолаң, ауыл-аймақ?
1574. Ұста темір соғады көрігімен,
Бақша сұлу көрінер өрігімен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман-есен жүрсің бе серігіңмен?
1575. Ұста темір соғады балғасымен,
Бақша сұлу көрінер алмасымен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, мал-басымен?
1576. Қалқатай, көріскенше аман боп тұр,
Көңілім айырылғанға жаман боп тұр.
Келесі тойда тағы кездесерміз,
Қара өлең бұл тойдағы тамам боп тұр.
1577. Белімді босатпайды боз белбеуім,
Бұл тойда жақсы болды кез келгенің.
Армандап жүруші едім жолығуды,
Жүрсің бе аман-есен, көзкөргенім?
1578. Өріптес, алдыменен ән бастадың,
Сұрасам амандыққа, дәл бастадың.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, мал-бастарың?
1579. Қарақат, пісті тауда қызылқатым,
Төгілер, сені ойласам, көзден жасым.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүр ме екен аман-есен, асылзатым?
1580. Қалқатай, неткен сұлу, әсем едің,
Қаласаң, көктен жұлдыз әперемін!
Бастайын жөн сұрауды үлкендерден,
Аман ба отағасы — әкелерің?

1581. Ежелден қара сөзге шешен елім,
Жібермес өлеңнен де еселерін.
Ибалы өздеріңдей қыз өсірген
Аман ба үйдің құты — шешелерің?
1582. Күміспен айшықтадым ер қастарын,
Аулыңның танушы едім көп жастарын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба жолдас-жора, құрдастарың?
1583. Мінгенім дәйім менің қара шұбар,
Табаны тасырқамас тағасы бар.
Ауылым қыс Жайсаңда, жаз Марқада,
Аман ба қайын жұрт пен нағашылар?
1584. Мінгенім дәйім менің боз жорға тай,
Қонғаны ауылымның көк жылға сай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрсің бе аман-есен, қос қалқатай?
1585. Он түйме омырауда маржандарың,
Тақпайсың түйме-маржан арзандарын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба ауыл-аймақ, мал-жандарың?
1586. Келемін төменінен өрлегелі,
Пенденің көріседі өлмегені.
Жүрмісің аман-есен, қос қалқатай,
Көп болды өздеріңді көрмегелі.
1587. Көшкенде жылқы айдаймын тау сағалап,
Жаңылар жүрісінен шаршаған ат.
Келейін енді аяндап өз жайыңа,
Жүрсің бе аман-есен, сау-саламат?
1588. Естідім жақсы лебіз, жылы үніңді,
Баладым бақыттыға бұл күнімді.
Сұраған ата жөнін парыз дейді,
Айта отыр арғы ата-руыңды.

1589. Тартқалы алып келдім алтын табақ,
Табаққа қазы-қарта қойдым қабат.
Сұрасаң руымды мен айтайын,
Бақ қонған ата-бабам он екі Абақ.
1590. Жүрген жер көшке қозы жым болады,
Білмеген жеті атасын мін болады.
Таратып танысайық айта отыр,
Руың, ата-бабаң кім болады?
1591. Сұрасаң руымды — ағымсары,
Таулардың тасқа бітер сарымсағы.
Барында оралыңның ойна да күл,
Мәңгі емес, жан — Құдайдың алымсағы.
1592. Жылқы айдаймын көшкенде борбаспенен,
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ауыл-аймақ аман ба мал-баспенен?
1593. Әкемнің арлан түскен қақпанына,
Шешемнің ризамын тапқанына.
Қойға жетпес қойторы, сені қойшы,
Ілеспеген сан саңлақ шапқаныма.
1594. Бәрекелді ата-ана табысына,
Қимылдап қал, қызыл тіл, намысыңа.
Майын мінген көрінген байтал түгіл,
Ілеспеген сан бедеу шабысыма.
1595. Қонақ келсе қазақтан дарқан бар ма,
Арқандайын атымды, арқан бар ма?
Тым болмаса атыма тұсау беріп,
Көмектесер осы үйде қалқам бар ма?
1596. Арқан, жіп есе алмадың көшіп жүріп,
Бас жіпке арқан бітті кесіп жүріп.
Атыңды бос қоя сал, ат табылар,
Жоғалса, кетем деме несін мініп.

1597. Қайдан келдің бірдеме қуғандай боп,
Кімді алдайсың көзіңді жұмғандай боп.
Ойнап-күліп жайланып отырайық,
Бір әке, бір шешеден туғандай боп.
1598. Көзіңнен айналайын күлім қаққан,
Жаралған жандайсың бір перизаттан.
Бойыңа тал шыбықтай жарасып тұр
Бастағы кәмшат бөркің үкі таққан.
1599. Құралып бұлақ ағар тамшылардан,
Жүреді өзен бойлап қаршыға алған.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Аппақ қып жұмыртқадай аршып алған.
1600. Қарашы аспандағы айды деймін,
Мінеді бай баласы тайды деймін.
Анадан асыл туған сен перизат,
Өзің ғана білесің жайды деймін.
1601. Алыстан атағыңды мен естимін,
Ел сөзі шын болмаса, неге естимін.
Анадан артық туған бір перизат,
Қаракөктің тұқымы деп естимін.
1602. Құрбыжан, жасың қанша, нешедесің?
Өркімнің ашсын Құдай пешенесін.
Өлеңмен өзілдесіп күлісейік,
Ұнатты бірін-бірі десе десін.
1603. Басыңда кәмшат бөрік оқалаған,
Бел бумас айтысуға осал адам.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрсің бе, әріптесім, есен-аман?
1604. Қарағым, айналайын, келдің қайдан,
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Қарағым, мекеніңді айта отыршы,
Адамның жат болмағы осындайдан.

1605. Мінгенім дәйім менің сарқұлаша,
Өлмей ме суда жайын жар құласа.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің есен-аман, жан құдаша.
1606. Көрінер бақша сұлу алмасымен,
Соғады ұста темір балғасымен.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба аулық түгел мал-басымен?
1607. Мінгенім дәйім менің қызыл дөнен,
Құйрығы жануардың сүзілмеген.
Бағаңа бағаласам жан жетпейді,
Қаракөк жеті атаңнан үзілмеген.
1608. Жылқы айдаймын көшкенде дөненменен,
Жақсы жігіт көрінер өнерменен.
Кеше тойда кез болған, беу, құдағи,
Танысайық сіздермен өлеңменен.
1609. Басталар оқу басы әліппеден,
Тізілер сөз мәнісі әріппенен.
Тойы бар екі жастың дегеннен соң,
Жиналып біздер келдік халықпенен.
1610. Біз келдік той бастауға домбыра алып,
Кетуші ек айғай салсақ топты жарып.
Айтайын біраз өлең тойыңызға,
Тыңдаса көп әлеумет құлақ салып.
1611. Қызыл ала төселген сырмағыңыз,
Құтты болсын шымылдық құрғаныңыз.
Той баста деп көпшілік өтінген соң,
Бекер қарап жарамас тұрғанымыз.
1612. Аппақ мүйіз ақ серке қой бастаған,
Қой алдында жануар ойқастаған.
Сұрасаң арғы атамды қол бастаған,
Қолдан қиын болып па той бастаған.

1613. Бастайын баста десең тойдың басын,
Көтерер «әумин» деп қойдың басын.
Тойыңды «бісімілла» деп біз бастасақ,
Алдыға адал болар қойған асың.
1614. Жібек шашбау артына жай тастаған,
Ұсынады бойжеткен шай тостаған.
Той бастаған жай өлең айту емес,
Ол да өнеге артқыға ой тастаған.
1615. Бұл тойды баста десең біз бастайық,
Бәйгі алған жүйрік аттай ойқастайық.
Тойына екі жастың келгеннен соң,
Жел сөзден бір-екі ауыз біз қашпайық.
1616. Ағалар тойыңызды бастай келдік,
Жақсыға жамандарды қоспай келдік.
«Біздерге той бастамақ лайық» деп,
Халқым рұқсат еткен соң қоштай бердік.
1617. Әдетім той бастайтын әуел баста,
Жақсы сөз жарасады қарындасқа.
Көпшілік көкірегіме жел берген соң,
Бұл тойды кім бастайды бізден басқа.
1618. Бағлан серке, марқасқа қой бастайды,
Қой алдында жануар ойқастайды.
Құтты тойға кез болған әнші жігіт
Бұрынғының жолымен той бастайды.
1619. Жапқанда жасыл майса жазғытұрым,
Мал қаптар ауыл үстін қара құрым.
Жылқының да бастайтын көсемі бар,
Бұл тойды кім бастайды бізден бұрын.
1620. Тойыңды баста десең, ақын бастар,
Жүйрік ат төрт аяғын шөлкем тастар.
Той иесі шынымен мырза болса,
Ат мінгізіп, алдыма шапан тастар.

1621. Бұл тойды кім бастайды мен тұрғанда,
Аузымда алақұйын жел тұрғанда.
Бұл тойды алдыменен біз бастаймыз,
Жол қайда шұқанаққа көл тұрғанда.
1622. Біз келдік той дегенде жиылысып,
Үстіге бар асылды киінісіп.
Қадамы баршаңызға құтты болсын,
Келіпті бақыт құсы үйіңе ұшып.
1623. Құнан қойын байлатып сойдырған үй,
Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй.
Сәрсенбінің сәтіне той жасапсыз,
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!
1624. Қотан толы ешкіңіз қойға ұлассын,
Қырға сыймай жылқыңыз ойды бассын.
Қуанышқа кенелген той иесі,
Құтты болып тойыңыз тойға ұлассын!
1625. Лайық жорашыға жол тұрады,
Лайық жампоз нарға қом тұрады.
Кетті деп тойға барым тарықпаңыз,
Тәңірім той есесін толтырады.
1626. Ұшады таудан бүркіт сілкініп-ай,
Ашықса, алып жейді түлкіні де-ай,
Той бастап үлкен-кіші өтінгенде,
Жасайық көңілді ойын-күлкіні ұдай.
1627. Ә дегенде бәйгеден ат келеді,
Аты келген адамдар шат келеді.
Той иесі шынымен мырза болса,
Сый-сияпат аямай ап келеді.
1628. Біз келдік сәтті күні тойыңызға,
Келгенді неге іркелік ойымызға.
Тойыңызды бабымен бастап бердік,
Лайық сый алармыз бойымызға.

1629. Біз бір құтты қонақпыз тойға келген,
Неге айтайық жел сөзді ойға келген.
Тойыңызды топ жарып бастап бердік,
Кім жоралғы аяйды біздей ерден.
1630. Той қылғанның белгісі айтып хабар,
Жаршы бала жалбаңдап атқа шабар.
Той жасаған жекжаттар мырза болса,
Той бастаған кісіге шапан жабар.
1631. Атаның демеу болар ақ батасы,
Түйенің ойнақтайды жас ботасы.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, той атасы!
1632. Топ жарып, баста десең, той бастайын,
Ойына көптің неге ой қоспайын.
Алдыма айтар кісім кез келгенде,
Тұлпардай топтан озған ойқастайын.
1633. Келемін жоғарыдан белеңменен,
Өзі әсем, өзі жорға дөненменен.
Жоралғы ортамызға келіп қапты,
Берейік бетін ашып өлеңменен.
1634. Той бастау келіп қапты барша жанға,
Өлеңің пайда болмас қалса жанда.
Тойыңды топ алдында өзім бастап,
Артайын жоралғысын қара нарға.
1635. Ендеше, той-тойыңыз, той-тойыңыз,
Тойыңа қызыл марқа қой сойыңыз.
Келіншектің анау-мынау керегі жоқ,
Қасыма айтысуға қыз қойыңыз.
1636. Жиылдық ойдағымыз, қырдағымыз,
Асылдың жинап алған жұрнағымыз.
Бұл жерге тамашалап келгеннен соң,
Жарамас той бастамай тұрғанымыз.

1637. Топты жарып шын ақын той бастайды,
Асықпаған бұл тойды жай бастайды.
Бойжеткеннің бауыры жомарт болса,
Шапан тұрмақ алдыға тай тастайды.
1638. Жер риза желкілдеген құрағына,
Сүйсінер өзен сансыз бұлағына.
Той бастап екі жасқа бата бердік,
Шалынсын періштенің құлағына.
1639. Топ жарып тойыңызды ақын бастар,
Жиналдықы құда-жекжат, жақын достар.
Дем алмай біздер айта береміз бе,
Қостасын қыз-келіншек, қарындастар.
1640. Құрметпен тойды атаның ұлы бастар,
Ақынның әр сөзінде болады астар.
Той бастау — ежелгі ата-баба салты,
Тыңдаған үлгі алсын ұл, қыз — жастар.
1641. Білгенге абырой ғой той бастаған,
Той бастау ісім емес ойласпаған.
Тойыңды көкке өрлетіп мен бастайын,
Көпшілік той бастатпай қоймас маған.
1642. Не жетсін жақсылықты бастағанға,
Жұрт көңілін бір көтеріп тастағанға.
Торқалы, кәдесі мол тойың түгіл,
Құптаймын әр ісіңді басқан оңға.
1643. Қиыннан өлең айтам құрастырып,
Жәйіңді білгім келді сұрастырып.
Аяғын тойбастардың жөні келсе,
Айтысқа жіберейік ұластырып.
1644. Айдынға үйрек ұшып, қаз қонады,
Қанағат барға жақсы мез болады.
Тойбастар аз болды деп қомсынбаңыз,
Өрқашан асыл нәрсе аз болады.

1645. Ар жағы ауылымның Қаракемер,
Жаратқан бөрімізді Алла шебер.
Сый елдің сыйласардай баласы едік,
Қанеки, өлеңмен той бастап жібер.
1646. Алтайдың алдырмайды бөденесі,
Барқыттың жарылмайды кенересі.
Топ жарып өлеңмен той бастап тұрған —
Мен болам атақты ақын немересі.
1647. Басы еді өлеңімнің ахау, игай,
Бастадым тойды үлкеннің сөзін сыйлай.
Сенемін жастар қостай жөнелер деп,
Өтінген бір-бірінің көңілін қимай.
1648. Тойыңды біз бастайық жайлап қана,
Келтіріп нақышына сайлап қана.
Тасыған тау өзендей болмасақ та,
Көрейік тас бұлақтай қайнап қана.
1649. Ақын жігіт топ жарып той бастайды,
Тойды ұнатқан асықпай жай бастайды.
Той иесі бай өрі жомарт болса,
Болмаса да үлкен ат, тай тастайды.
1650. Жарасар жүйрік атқа күміс ноқта,
Той бастар нағыз ақын жиын топта.
Барында оралыңның ойна да күл,
Кім білсін мұндай жиын бар ма, жоқ па?!
1651. Көктемде сең жүреді астаң-кестең,
Бауырын ақ түйенің арқан тескен.
Ұлыстың ұлы күні бас қосқанда,
Құрбыжан, өлеңіңді айт қатар өскен.
1652. Қарасу есік алды бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Кетер ме көмілсем де көкейімнен
Қалқаммен ұлыс күні ойнағаным.

1653. Ұлыстың ұлы күні наурызда,
Дос түгіл татуласар жауыңыз да.
Жер баптап, бұлақтардың көзін ашып,
Көшет ек, көше, бақша-бауыңызға.
1654. Етегі Қаратаудың көктегенім,
Үлкеннің алдын кесіп өтпегенмін.
Ұлыстың ұлы күні таңдап тапқан
Өзіңнен асқан сұлу жоқ дер едім.
1655. Қаратау жазда менің жайлағаным,
Көгалға жылда бие байлағанмын.
Ұлыстың ұлы күні кездесіп ек,
Сен болдың ала жаздай ойлағаным.
1656. Саласы Қаратаудың күздегенім,
Құрбыңның білші күдер үзбегенін.
Ұлыстың ұлы күні танысып ек,
Сен болдың жиын-тойда іздегенім.
1657. Қойнауы Қаратаудың қыстағаным,
Өзіңсің таңдап тауып ұстағаным.
Ұлыстың ұлы күні жауабыңды айт,
Жүзіндей қылпылдамай ұстараның.
1658. Ұлыстың думандатып ұлы күнін,
Қамданды ел қарсы алуға күні бұрын.
Кім елден өнерімен алғыс алса,
Алланың соған жауар нұры бүгін.
1659. Наурыз — шыр айналған жылдың басы,
Адамның өлшенеді өмір жасы.
Қазақтың пейіліне жарасады
Әр үйде дастарханға толған асы.
1660. Өмірің өте келе шал боларсың,
Томардай отқа түскен дал боларсың.
Ойнап-күл елмен бірге Наурызда,
Бұл күнге, өмір өтсе, зар боларсың.

1661. Ұшады аққу көлден қазыменен,
Жүреді көл жағалап жазыменен.
Жарасар ойын-күлкі осындайда,
Ойыңды баурайтұғын назыменен.
1662. Ана тау мына таумен тиісіп тұр,
Бастарын бір-біріне иісіп тұр.
Екі тау баурайында өскен халық,
Құшақтасып Наурызда сүйісіп тұр.
1663. Қар еріп, жер көктемдей жаз бола ма,
Мұз кетпей айдын көлге қаз қона ма?
Наурызда ойнамаса думандатып,
Көңілі адамдардың мез бола ма?
1664. Мінгенім ұлыс күні сұлу сары,
Желгенде желпілдейді жібек жалы.
Кез болған ұлыс күні қалқатайым,
Бола ма бір өзіңдей жанның бөрі.
1665. Астымда ойнақтаған қаракерім,
Шығады шаппай қалай қара терің.
Ұлыстың ұлы күні аянбастан,
Ақтаршы қуаныштың тасқын селін.
1666. Болғанда жұлдыз кіші, ай көлемді,
Асқарға теңемейсің қай белеңді.
Қуанам елмен бірге ұлыс күні,
Қосылып құрбыларым айтса өлеңді.
1667. Біраз тәлім айтайын балаларға,
Жолдас болмас түйғын мен қара қарға.
Таңдап тауып өзіңнің теңіңді сүй,
Дос-жарансыз өмірде дара қалма.
1668. Болғанда шөйнек күміс, төлеңке алтын,
Досыңмен жақын жүрген болма салқын.
Досыңмен жақын жүрген болсаң салқын,
Болмайды бұрынғыдай көңіл жарқын.

1669. Арғымақтан ат жақсы, шабыс болса,
Ағайыннан жат жақсы, таныс болса.
Жолдас болсаң жаманмен, жарға жығар,
Жазатайым аяғың шалыс болса.
1670. Бір жүйріктен бір жүйрік қалыспаған,
Жолдасыңа жолдасым таныспаған.
Екеуінің сауабын біз алайық,
Жақсы болмас жақсыдан алыстаған.
1671. Жүйрік бар жүйрікте де шыға салма,
Досың тұрып, дұшпанның тілін алма.
Жолымды қосар болсаң жақсыға қос,
Тап қыла көрме, тағдыр, пейілі тарға.
1672. Шықпайды жерге егін екпесеңіз,
Келмейді арман өзі жетпесеңіз.
Көнбейтін дұрыс іске жан болмайды,
Абайлап ақылменен ептесеңіз.
1673. Жігітке жараспай ма ақыл мен ой,
Не керек қуыс кеуде, сорайған бой.
Дос болсаң өмірлікке, жақсымен бол,
Жаманмен бір күн жолдас болмай-ақ қой.
1674. Шын досың көзге емес, сырттан мақтар,
Досыңның сыртын қойып, ішін ақтар.
Сыртыңнан әр ісіңе қамқор болып,
Күндерде қиын-қыстау сенімді ақтар.
1675. Аспанда ай бірдей ме жұлдызбенен,
Кенептің нарқы бір ме құндызбенен.
Есіңе риза етіп түсер жиі
Досыңмен өткізген күн сіз-бізбенен.
1676. Қамысты қанша жақсаң, шоғы болмас,
Қара су қанша ішсең де, тоғы болмас.
Қадір білмес жаманмен жолдас болсаң,
Қарап жүріп атарға оғы болмас.

1677. Жапалақ жалп етеді жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас болғаннан сақта, Құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
1678. Жібекті бос берсең де, бөз болмайды,
Алтынды боясаң да, жез болмайды.
Мысалы әр нәрсенің, міне, осындай,
Өжетті кемсітсең де, ез болмайды.
1679. Гүл өспес көлеңкеде аптап көрмей,
Бәйгеге ат қоспайды баптап келмей.
Шарықтап жүрсің, сәулем, көптен бері,
Көгінде көңілімнің ақ кептердей.
1680. Жақсының ісі оңалар әу басынан,
Жаманның арылмаған дау басынан.
Күңкілдеп қашан көрсең жүрер жаман
Жаңылған саудагердей саудасынан.
1681. Ауыздың қайда екенін қол біледі,
Ауылдың қайда екенін жол біледі.
Білмейді өмір сырын көп жасаған,
Көп естіп, кім көп көрсе, сол біледі.
1682. Бүкіл қазақ баласы бәрі сырлас,
Жөн сұраспай, таныспай қарап тұрмас.
Көрсетер сый-сияпат, мейір-ықылас,
Қайтар деп қарымтасын талап қылмас.
1683. Арыстан пар болмайды тышқанменен,
Сүймеген жар болмайды құшқанменен.
Көбелек, от болмаса, гүлге қонбас,
Қалбақтап қараңғыда ұшқанменен.
1684. Айта біл өлеңінді өрнекпенен,
Жақсыны бір ғанибет көрмек деген.
Қонар бақ, ер жігітке бітер дәулет
Ақ адал елге еткен еңбекпенен.

1685. Сынама хас батырды жаралыда,
Сынама хас сұлуды қаралыда.
Өзіңе өзге қамқор болсын десең,
Басқаның қарап үйрен қабағына.
1686. Көреді бірін-бірі есен кісі,
Сөйлейді топты жарып шешен кісі.
Әр жерде алтын басың қор болмайды,
Жақсыны өзің сыйлап десең кісі.
1687. Бір тасып, бір азаймас дария бар ма,
Жан сырын жасырмайтын жария бар ма.
Ініге үлгі-өнеге болам десең,
Алдыңғы қарап үйрен қарияларға.
1688. Ит болмас қасқыр қанша баққанменен,
Оқ тимес ажалсызға атқанменен.
Жалғауға сөз, шабанға қамшы өтпес,
Жібімес тас өзенде жатқанменен.
1689. Жібекке, мақтасаң да, бөз жетпейді,
Шабан ат жемдесең де, тездетпейді.
Жаманмен жайды білмес болсаң жолдас,
Басыңнан ертелі-кеш сөз кетпейді.
1690. Алыстан дыбысыңа құлақ салам,
Тағдырдың пендесі жоқ жылатпаған.
Адам түгіл ағаш та сүйемел боп,
Орманда бірін-бірі құлатпаған.
1691. Не пайда бұра тартқан биліктен де,
Жолама жәнсіз іске киліккенге.
Олжа алып, оза шауып жатпаған соң,
Жемделген жабы артық жүйріктен де.
1692. Жабыдан тұлпар жақсы шапаса да,
Дариядан зәмзәм артық ақпаса да.
Баласы ителгінің түлкі алмайды,
Тұғырын алтынменен аптаса да.

1693. Жүйріктің сәні болмас қамшылаған,
Ақпаса су бола ма тамшылаған.
Күніне сан мың үйрек ілсе дағы
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан.
1694. Жантақты жолда жатқан алып таста,
Кіrmесін кісіге де сенен басқа.
Мың болып бір жақсылық еселенер,
Кейінгі үлгі болса келер жасқа.
1695. Өз күшін жеңілмейді шамалаған,
Оңбайды ағайынды алалаған.
Дос адал, туыс тату, жар бақытты
Сыйласып бірін-бірі бағалаған.
1696. Қарағай мәуе болмас иілгенмен,
Қара құс қаз ілмейді шүйілгенмен.
Аяғын аңдап басқан құр қалмайды,
Іс бітпес құр далақтап жүгіргенмен.
1697. Жел соқпай шөптің басы қозғалсын ба,
Артқыға айта жүрер сөз қалсын да.
Қолыңнан келсе, көптің көңілін көтер,
Біреудің қалған оңбас көз жасына.
1698. Әр адам жақсы көрер мінездісін,
Кісіні хош көрмеген кім іздесін?
Сақтасын жамандардың жаласынан,
Түсіме өңім түгіл, кіргізбесін.
1699. Ойнақ салып қозы-лақ жарда ойнайды,
Ойнамайтын, күлмейтін жан болмайды.
Өзің теңдес, ойнасаң, жаспен ойна,
Кісі жары кісіге жар болмайды.
1700. Сөз бастаймын әуелі о басынан,
Тұлпар танбас теңселген жорғасынан.
Құрт-құмырсқа, біріксе бақа-шаян,
Қуып шығар жыланды ордасынан.

1701. Басыңнан бақыт кетсе, құдаң кетер,
Жеріңе бидай еккен мия бігер.
Басыңа бақыт, байлық қайта оралса,
Әр жерден кеткен достар жылмаң етер.
1702. Үлкеннің тыңда сөзін болса зердең,
Ажалсыз пенде өлмейді қайғы-шерден.
Артыңа бір ескерткіш қалдырмасаң,
Тірлікте не болады алған, берген.
1703. Мал таппас еркек болмас, құрарын айт,
Ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт.
Бірде шат, бірде қапа болып жүріп,
Көңілдің қай уақытта тынарын айт.
1704. Қой семіз көрінеді қырқылмаған,
Баласы сен біреудің былқылдаған.
Барында талабыңның талпынып қал,
Бос қалар жастық шақта ұмтылмаған.
1705. Ені жоқ, таңбасы бар қара ала аттың,
Болады бәрі қымбат асыл заттың.
«Тек жүрсең, тоқ жүресің» деген сөз бар.
Жігітке залалы көп жаманаттың.
1706. Жан кенет ыстықта «өлім» десе тоңар,
Тамшыға пейіл қосса, кесе толар.
Ішінде бір терінің ер азамат,
Тірлікте неше толып, неше солар.
1707. Басынан ақындар сөз асырмайды,
Әр жерде екі жақсы қосылмайды.
Қосылса екі жақсы сәті түсіп,
Қызығы өле-өлгенше басылмайды.
1708. Уайымнан өлмейді адам, ажал біреу,
Босқа ойлап неге керек жадап-жүдеу.
Адам — үй, қайғы — дауыл соқса келіп,
Біғында жыққызбайтын ақыл тіреу.

1709. Бар қашаған құтылмас, жоқ табылмас,
Қараңғыда атылған оқ табылмас.
Тіршілікте сыйласшы, ойнап-күлгін,
Көре алмаған көп дұшпан боқ та қылмас.
1710. Бай кісі үйде отырып малды айтады,
Сал жігіт сүйер ғашық жарды айтады.
Туған ел, өскен жерден шетте жүрсең,
Сағынтып ойдан кетпей сарғайтады.
1711. Не асыл заттың бәрі жерден шығар,
Меруерт, маржан тастар көлден шығар.
Қанша тентек болса да бала кезде,
Тез ес жиса, жақсы адам ерден шығар.
1712. Әуелі керек нәрсе білім деген,
Білімсіз ілтипатқа ілінбеген.
Екінші, елден таңдап бір сұлу ал,
Қиғаш қас, оймақ ауыз күлімдеген.
1713. Мал әдемі көрінер қиядағы,
Бұзылмайды жұмыртқа ұядағы.
Төмендеуі адамның тіпті оңай,
Жүріп тұрған басынан тайса бағы.
1714. Жарасар таққан божы бірешкеге,
Жақсылық тілемесем адам деме.
Сілкініп осындайда бір шықпасаң,
Көзіме күйік болып келдің неге.
1715. Көл жағалай тізіліп құстар отыр,
Оны көріп қаршығам ұшқалы отыр.
Айта берме сырыңды әшкерелеп,
Маңымызда дос отыр, дұшпан отыр.
1716. Сөзіңнің риза болдым нұсқасына,
Айтады әркім назын тұстасына.
Жараспайды жастарға серттен таю,
Сене тұрып өмірдің қысқасына.

1717. Болғанда ақылың дария, кеудең кеме,
Кемесіз дариядан өтем деме.
Кеудеңде санаң болса, талап ізде,
Талапсыз мақсатыма жетем деме.
1718. Басына шықтым шауып боз биіктің,
Көрініп көшкен жұртың тез бұйықтым.
Тәтті етін бөдененің бөле жеген
Қылығы кетер ме естен кермиықтың.
1719. Нәрсенің кісіндегі кілті аспанда,
Епсіз жан екі сасар бір сасқанда.
Абайлап алды-артыңды шамалай біл,
Көп асқан жолығады бір тосқанға.
1720. Тас үйдің салдым жаңа түтіндігін,
Бөлістік бір сиырдың сүтін бүгін.
Кісіге алған, берген не болады,
Көңілдің білдірмесе бүтіндігін.
1721. Орғысың бірде марал, бірде еліктей,
Ешкімнің сөзі сені жүр ме ерітпей.
Жеңіл ме, салмақты ма жиырма бесте
Қалмайды жігіт шіркін бір желікпей.
1722. Дос іздеп кілең сайдың тасындай бір,
Жас көңіл әлі күнге басылмай жүр.
Барында оралыңның ойна да күл,
Артында кімнің малы шашылмай жүр.
1723. Қарағым, айналайын хал жақсы ма,
Көзіңді сала берме әр жақсыға.
Көзіңді сала берсең әр жақсыға,
Көрінер бәрі жақсы алғашқыда.
1724. Көтерген шаңырақты уық дейді,
Он сегіз жиырмаға жуық дейді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қара жер өлгеннен соң суық дейді.

1725. Ендеше, сырлы сақпан, сырлы сақпан,
Сақпанды сырылдатар бабын тапқан.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күле алмас, ойнай алмас Күдай атқан.
1726. Болғанда ақыл — дария, көңіл — көлмек,
Өзіңді бір көруге келдім шөлдеп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Сынады мың күн тұрып бір күн шөлмек.
1727. Қамыстың ат байлама сабағына,
Адамның жолдас болма жаманына.
Басыңа екі талай күн туғанда,
Дұшпанның тастап берер табанына.
1728. Дос болмас бірін-бірі мақтамаса,
Бір-бірін жамандықтан сақтамаса.
Болатын бір күн тату, бір күн араз
Мінезді дей алмаймыз тап-тамаша.
1729. Не келіп, не кетпейді ғаріп басқа,
Көңілді көтерейік арытпасқа.
Тағдырдың жазуымен іс болады,
Басыңды ұрсаң дағы барып тасқа.
1730. Қаз ұшар айдын көлден қаңқылдаған,
Су шашып қанатымен салқындаған.
Он бес пен жиырманың арасында,
Өрнеге жігіт емес талпынбаған.
1731. Тот баспас алтын жерде жатқанменен,
Оқ тимес ажалсызға атқанменен.
Түбінде жеңер ақтың адал ісі
Қараймас күміс күйе жаққанменен.
1732. Келсек те әрқайсымыз әлдеқайдан,
Демеуші ек мынау арғын, мынау найман,
Жүруші ек тіршілікте бір төбеде,
Өлсек бір табылардай терең сайдан.

1733. Ойлашы өткір қандай, жасық қандай,
Барады өтіп өмір асыққандай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қара жер бауыры суық басып қалмай.
1734. Қанады, өлең айтсам, құлақ құрышы,
Сұлу жар, саулығымды сұрап тұршы.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы
Емес пе ер жігіттің қуанышы.
1735. Жарасқан саусағыма күміс жүзік,
Жасама көргенсіздік түйемді үзіп.
Шеніме шендесерсің болсаң түзік,
Маңыма жолатпаймын болсаң бұзық.
1736. Ошақта от өрши жанар көселгенде,
Жейді екен елді болыс төселгенде.
Шет жерде жарлы болып, жалғыз қалсаң,
Сол жаман ыңқылдаған кеселден де.
1737. Ақылың кеткен екен, шалым, сенің,
Жағдайың жас қатынға мәлім сенің.
Өзіңмен жастайыңнан өскен бірге
Бұрынғы жақсы емес пе көрің сенің?!
1738. Айым туып келеді оң жамбастан,
Айырмасын әркімді тең құрдастан.
Айырғанша әркімді тең құрдастан,
Жаратпай-ақ қоймай ма әуел бастан.
1739. Күн төбеге келгенде түс болады,
Ешкімге айтпас құпия іс болады.
Сәті келген сағатта ойна да күл,
Бағымызға қандай күн түс болады.
1740. Тақымын қыса берер тайды мінген,
Жота жолмен жүрмейді сайды білген.
Басын айтсаң, аяғын өзі жөндер
Жақсы атаның баласы жайды білген.

1741. Арғымақ ат шұлғиды ақырдағы,
Диірменнің тек тұрмас шақылдағы.
«Түлкі болса заманың тазы боп шал»,
Бұл сөзім менің айтқан мағұл дағы.
1742. Сақыр-сұқыр соғылар сайдың тасы,
Айтылмаса, өледі сөз атасы.
Білгің келсе шынымен, танытайын,
Мен елімнің ерке бір қарлығашы.
1743. Қызыр дарып, кімге тең бақ қарады,
Аттың басқан жерінде дақ қалады.
Қызығыңның барында қиялай бас,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.
1744. Даланың қаңбақ ұшар желіменен,
Өзеннің мұз көшеді сеңіменен.
Тотыға торғай жолдас бола алмайды,
Жарасар ойнаған өз теңіменен.
1745. Бір күнде жігіт болдық ор киіктей,
Тозаңы аспанға ұшқан көзге ілікпей.
Дүниеге зерделі боп келген жандар
Қалмайды жас уақытта бір желікпей.
1746. Артық кетсем, ғафу ет, сөкпе деймін,
Жаман атың естілсе, өкпелеймін.
Ойнасаң да, ойлап айт әр сөзіңді,
Әр сөзіңді ұмытпан көпке дейін.
1747. Сай келсе ажарына ақыл-ойы,
Орнымен болса өткізген ойын-тойы,
Ондай жар жасар ердің бақытына,
Үйіңнен ырыс кетпес өмір бойы.
1748. Жар жақсы қонақ келсе, тарылмаған,
Қуырдақ ас болмайды жалындаған.
Қарасам сипатыңа жан жетпейді,
Қара көк тұқымынан арылмаған.

1749. Бозторғай бұлбұл болмас сайрағанмен,
Майға өтпес жаман пышақ қайрағанмен.
Ауыздан тіс кеткен соң ас батпайды,
Қазыға қарта қосып шайнағанмен.
1750. Ойласаң ойпаң бір ме дөңдерменен,
Қурайдың парқы бір ме шеңгелменен.
Бос белбеу бозбаладан қайыр күтпе,
Жеткенше жасы отызға жөнделмеген.
1751. Жарасқан мойыныңа ақ меруерт,
Күлмесең, ойнамасаң тарқай ма дерт.
Ұнатсаң өзің теңдес бір құрбыңды,
Айтқан сөз, алысқан қол — сертіңе жет.
1752. Шоқтанып қайта жанбас күйген көмір,
Жарайды әр қажетке асыл темір.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жеткізбес, желге мінсең, өткен өмір.
1753. Қызыл тілім, сөйлей бер жақ барында,
Қолда дәулет, басымда бақ барында.
Тосса да жеті жерден жетпіс пәле,
Жаратқан жазым етпес сақтарында.
1754. Сөйлей бер, қызыл тілім, шал боларсың,
Орныңнан жатсаң тұрмас сал боларсың.
Қайтесің аңсап өткен балалықты,
Жігіттік шағыңа осы зар боларсың.
1755. Ойнап-күл жастық шақта, шал боларсың,
Қу томар басын кескен тал боларсың.
Кәрілік түп етектен алған шақта,
Қайырылып бір қарауға зар боларсың.
1756. Мақсатқа жетер түбі тура жүрген,
Дарияға айланбайды су да бірден.
Әркім өз шамасына шақ боп жүрер,
Бір әке, бір шешеден туғанымен.

1757. Сағынсаң сағыныңыз туысқанды,
Туыспен талай көрдік суысқанды.
Жыласып көріскенге куә болдық,
Ұмытып араздасып қуысқанды.
1758. Жақсының ғибрат ал ақылынан,
Көрмесін ешкім қастық жақынынан.
Дұшпанның әр қимылы көз алдында,
Ағайын аңдып хабар тақымыңнан.
1759. Жоқ іздеудің жолында арыған ат,
Өз қолыңда жоқ болса, бәрі де жат.
Қолды байлап, аяқты тұсап қойма,
Кейінгіге іс қалдыр болар мұрат.
1760. Дұшпанды кім жеңбейді күші болса,
Асынған қару-жарақ мысы болса.
Болса да бір туғаның теріс қарар,
Басыңның бітпес даулы ісі болса.
1761. Әкемді алсаң ал, Құдай, шешемді ғой,
Шекпен тігіп берсе де өлмеймін ғой.
Жездедей-ақ әкенің жақындығы,
Қара суға шешесіз шөлдеймін ғой.
1762. Қара камзол, ақ көйлек құрбың кисін,
Көйлегінің етегі жерге тисін.
Тату-тәтті ойнап-күл құрбыңменен,
Көре алмаған дұшпанның іші күйсін.
1763. Жабыдан айғыр салма жалды екен деп,
Жаманға жалпаң қылма малды екен деп.
Жаманға жалпаң қылсаң малды екен деп,
Көңілім қайғыланба қалды екен деп.
1764. Ай нұрланар аспанда толған сайын,
Не демейді жау ісің оңған сайын.
Ақыл таяқ болғанда, ашу — пышақ,
Таусылмай ма таяғың жонған сайын.

1765. Кегілмейді жүзі шын алдаспанның,
Қисаймайды өкшесі дәл басқанның.
«Сабыр түбі — сары алтын» деп күтемін,
Қашан келер жан-жүрек жалғасқан күн.
1766. Қол созады әрнеге әркім қалап,
Жетпес не бар жас шақта етсең талап.
Бәрінен де болсыншы заман тыныш,
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап.
1767. Өнер үйрен, білім қу басың жаста,
Оңайлықпен табылмас асыл тас та.
Өзің де ел ардағы болам десең,
Жақсы тұрып, жаманмен араласпа.
1768. Көрінер шана сұлу қалқанменен,
Өткіздік жастық күнді дарқанменен.
Кең тағып таралғыны шіренемін,
Қолдағы жастық сенің арқаңменен.
1769. Біртіндеп су молаяр аққан сайда,
Арамнан құралмайды тапқан пайда.
Болса да білек бірге, саусақ басқа,
Бірге өсек те, бірге ойнап жүрмек қайда?
1770. Сортаң жерге шығады адыраспан,
Оңайлықпен қосылмас ажырасқан.
Талғап, таңдап ойланбай өмір сүрме,
Өтеді деп тірлікте бәрі бастан.
1771. Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы әр нәрсенің, міне, осындай,
Сұңқылдап күшіген құс бүркіт болмас.
1772. Жүйткі бер қара жолда, ей, қарагер,
Қарагер кейде адал тер, кейде арам тер.
Барында қызылыңның қудай жайқа,
Жұтады бәрімізді сұм қара жер.

1773. Көктегі бейне толған айдай он бес,
Ойнаған көк шалғында тайдай он бес.
Қалайық осындайда ойнап-күліп,
Келмейді қайта айналып, айхай, он бес.
1774. Қатының жақсы болса жайлау жердей,
Онымен өмір сүру биік өрдей.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын,
Күйсіз құс түлкі алмайтын — бәрі бірдей.
1775. Уағда сөзге қазық лебізбенен,
Бір сөзді екі қайта дегізбеген.
Сарқылып сағасыз су сап болады,
Телегей тең болмайды теңізбенен.
1776. Түзер ме қисықты сап тек тізеге,
Жалғамай жіңішкені епті үзе ме.
Көк дөнен көңілден де арман жүйрік,
Өрге сап, төске шаппай жеткізе ме?
1777. Қолымда ұзын құрық, бау демеймін,
Шоқыны анау-мынау тау демеймін.
Телміріп көзің неге жеп барады,
Ойыңды арамдықтан сау демеймін.
1778. Тас та ауыр сезілмейді керегінде,
Шалғайға, сен болмасаң, келемін бе?!
Қолыңның түбін бермей, ұшын беріп,
Қалады жеңім тозып дегенің бе.
1779. Әуеде ұшып жүрген қаз баласы,
Жылқының тоқтамайды азғанасы.
Құдаша, қой бақты деп сөге көрме,
Біреудің мен де ерке бозбаласы.
1780. Аяқ сап атқа оңай мінгеніңмен,
Болмаса жүре алмайсың үзеңгің тең.
Тең ұстай білген абзал тізгінді де,
Теңіңмен ойнап-күлсең болмайсың кем.

1781. Сұңқармын биік көкке самғайтұғын,
Қанаты қанша ұшса талмайтұғын.
Тұлпардың өзім теңдес тұяғы едің,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.
1782. Баспайды мың салсақ бір шабанымыз,
Ауырар, жаяу жүрсек, табанымыз.
Барында оралыңның ойна да күл,
Болады әлдеқандай заманымыз.
1783. Қырдағы ел қосылады ойдағы елге,
Жаманға рақым қылсаң, кетер селге.
Жақсымен жайды білер жолдас болсаң,
Есікте қалған басың жетер төрге.
1784. Әр нәрседен жүресің неге тосаң,
Тосаң болсаң, тосаң бол, болма босаң.
Қалқам десең жолыңа көп қаратпа,
Келіп-кетіп жүр енді адам болсаң.
1785. Сөйлей бер, қызыл тілім, сен де өлерсің,
Жылқыдай делбе болған дөңгелерсің.
Бір күні ажал тура келіп қалса,
Келмей тілің орамға демде өлерсің.
1786. Ойланбайтын кісіде ақыл болмас,
Ақылсыздың еш сөзі мақұл болмас.
Екі туып болса да бір қалқаның,
Еңбегіндей өзіңнің жақын болмас.
1787. Бақшаның не сәні бар қауыны жоқ,
Не қайыр төрт түліктен сауыны жоқ.
Ұлық та әділетсіз сол секілді,
Не пайда қара бұлттан жауыны жоқ.
1788. Шаттық пен қайғы арасы бір-ақ қадам,
Тағдырдың пендесі жоқ жылатпаған.
Өкінбе өткен іске, үміт үзбе,
Бақ та жоқ, байлық та жоқ тұрақтаған.

1789. Қаз таусар қара судың қаймағын-ай,
Болжайды көңіл шіркін қайдағыны-ай.
Барымен базарларсың дегендейін,
Бәрі де қайдан болсын ойдағыдай.
1790. Мінгенім астымдағы қылаң қара,
Жарыссам кетер шығып жалғыз дара.
Аты да азаматқа сай болады,
Ескертіп қойғаным ғой алдын ала.
1791. Кәдеге жарамайды қиқым-сиқым,
Қалқатай, сені ойласам, келмейді ұйқым.
Жарқылда жай тасындай жастық шақта,
Күш қайтып қартайған соң кетер сиқың.
1792. Жеткізбей жылқы ішінде жүр қашаған,
Ұстамай қашағанды тұрмас адам.
Өркімнің өз басына құт қонбаса,
Кісіден не болады бір асаған.
1793. Жүйрік пе шапқан сайын көсілмеген,
Шешен бе айтқан сайын шешілмеген.
Ғашық па сағыныштан сарғаймаған,
Басынан қайдан білсін кешірмеген.
1794. Туады қара қозы қоңыр қойдан,
Өрненің сырын сезер көңіл қойған.
Ішінде жұмыр бастың ми болмаса,
Не пайда құр сорайған ұзын бойдан.
1795. Қырандар жүр қиырдан түлкі қағып,
Ұландар жүр құр ойын-күлкі бағып.
Не ол емес, ойлашы, не бұл емес,
Бұл дүниеде біз осы жүрміз не қып?!
1796. Бөйгеге дейді біреу ат шабады,
Бөйгеге дейді біреу бақ шабады.
Шапқылап ат та, бақ та бөйге ала алмас,
Берін де басып озып бап шабады.

1797. Адал еңбек еткенге дәулет келер,
Көңілі өсіп, көркі де сәулеттенер.
Бақыт құсы басыңа қонған күні
Дос, дұшпаның бірлесіп соңыңа ерер.
1798. Қай белес мына белес, құба белес,
Белеске шығуға кім құмар емес.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жас дәурен басымызда тұра бермес.
1799. Адам басы тағдырдың добы деген,
Қайда ұрса сонда кетер қолыменен.
Тыңнан із салып кетсе алдыңғы арба,
Соңғы арба жүрер болар соныменен.
1800. Анаң да мақтан еткен ұл туғанын,
Қолыңнан келмес іске ұмтылмағын.
Сояды, халық қаласа, хан түйесін,
Ойлай жүр қайда жүрсең ұлтың қамын.
1801. Көрдім мен беткейде өскен көп өрікті,
Сабағы көп өріктің көгеріпті.
Барында қызылыңның қиялай бас,
Күлмеген, ойнамаған не көріпті.
1802. Үйіңнің мал өтпейді шарбағынан,
Шебердің бал тамады бармағынан.
Бүгін құмар қанбаса, ертең қанар,
Ажалдың сақта Құдай қармағынан.
1803. Сауысқан шықылықтап бұлбұл болмас,
Жабыны жемдесең де, дүлдүл болмас.
Жаманмен мың күн бірге сыйласқаннан,
Жақсымен болған артық бір күн жолдас.
1804. Жарқырап жұлдыз біткен ай болмайды,
Есекті қанша күтсең тай болмайды.
Сағызды күндіз-түні шайнасаң да,
Бір тістем жүрек жалғар май болмайды.

1805. Шабыс құмар шын жүйрік құнанынан,
Талап қылар жақсы адам ұланынан.
Қай қияға салса да, қажымайсың,
Түз бүркіттің туғандай қыранынан.
1806. Биік үш бұлтты жарып бүркіт болсаң,
Сау етер піскен алма сілкіп қалсаң.
Қайтып ел бөленесің құрметіне,
Халықтан өнеріңді іркіп қалсаң?
1807. Жинауды неге білім жек көрелік,
Несібе адалынан жеп көрелік.
Ойланып артық ақыл таба қалсақ,
Ақысыз арттағыға тек берелік.
1808. Кісі емес кісі артынан табалаған,
Дос емес дос көңіліне қарамаған.
Төрт бұрышын дүниенің шарласа да,
Ер азбас өз ақылын шамалаған.
1809. Білмеген дос қадірін не біледі,
Көңілім шын доспенен семіреді.
Тар үйде тарыққанда досың келсе,
Дүние жан жадырап кеңір еді.
1810. Болмайды шапқан бірдей желгенменен,
Ақынмын шеніне ешкім тең келмеген.
Дегенге жүйрік, жүйрік кім сенеді,
Болса егер бәйге алғанын ел көрмеген.
1811. Құралған көлік болмас тай, танадан,
Алды-артын жігіт оңбас байқамаған.
Өрлетпей өлеңімді бөгемеймін,
Алдыма кез келгенде айтар адам.
1812. Ағаштың күзде солар жапырағы,
Жаманның жасырылмас топырағы.
Екінің бірі өлсе, бірі қалар,
Сенеді, жалғыз өлсе, шамшырағы.

1813. Жақсының жүрген жері күнде базар,
Жүйріктің делебесі дуда қозар.
Кей адам алдың-күлдің сөз сөйлейді,
Жоқ болса басалқасы, бір күн тозар.
1814. Шапаным үстімдегі қара барқын,
Білмейді жаман кісі сөздің нарқын.
Жақсыдан жақсы туған азаматсың,
Сөзімнің аңғарарсың алды-артын.
1815. Жақсының заты ұлық, пейілі кең,
Мал бітсе болар жаман жақсымен тең.
Кісіге кісі ақылы жолдас болмас,
Әркімнің өз білгені өзіне жөн.
1816. Жібекті түте алмаған жүн қылады,
Әйелді күте алмаған күң қылады.
Жаманға жайды білмес ісің түссе,
Бәлсініп, жігеріңді құм қылады.
1817. Сөзіңнің бөрекелді мақұлына,
Айтады әркім көңлі жақынына.
Жаманға жалпылама сөз айтпаймын,
Айтамын өзіңіздей ата ұлына.
1818. Жаманға жолдас болсаң күнде кейіс,
Жақсының жүрген жері бейне бейіш.
Тұрғандай жеміс пісіп бақшадағы,
Болады бір рақат дүние кеңіс.
1819. Жаманға жолдас болсаң, күнде керіс,
Дау болар арадағы алыс-беріс.
Жаманды адам екен деп ойлама,
Жақсыға айтылмайды бір де сөгіс.
1820. Арыстаннан өлген соң тышқан артық,
Есер достан зиялы дұшпан артық.
Кей жаманның қолына түссе алтын,
Қоя алмайды бағасын мыстан артық.

1821. Маңырап жетім қозы телінбеген,
Күйеуге төс тартылар келінменен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тыпырлайды жегілмеген.
1822. Айтсаң сөз өтпейтін бар, ұрсаң — таяқ,
Жаманды басқа шығар қойсаң аяп.
Не жетсін жақсыменен сыйласқанға,
Келеді күннен-күнге ажал таяп.
1823. Сыры көп әр көңілдің ашылмаған,
Жүйрік көп бөйгеге әлі қосылмаған.
Жақсының қайда жүрсе жаттығы жоқ,
Жаманның көп бөгелмес қасында адам.
1824. Кеш болса, кер далада тарғақ ұшар,
Адасып ұясынан зарлап ұшар.
Баулысаң кей жаманды өмірбақи,
Ақтамай үмітіңді жардан ұшар.
1825. Көйлектің кесте тіктім әдібіне,
Адамның жолықтырма бәдігіне.
Жақсыға жан қисаң да арман бар ма,
Жамандар қайдан жетсін қадіріңе.
1826. Түседі жаман бүркіт жайған торға,
Жығады жабы мінсең қазған орға.
Жаманға жайды білмес ісің түссе,
Қапыда басың батар қалың сорға.
1827. Жеріген үйірінен тұлпар оңбас,
Саңқыған тұғырына сұңқар оңбас.
Жақсы да, жақсылық та жалпыға ортақ,
Шен үшін елін сатқан сұлтан оңбас.
1828. Жаманға жалпаң қылма малы бар деп,
Жабыдан айғыр салма жалы бар деп.
Болмайды қарға сұңқар қайырғанмен,
Есекті тұлпар деме әлі бар деп.

1829. Айтайын мен бір сөзді мағыналап,
Құлақ сал, жасөспірім, жаңа талап.
Жаныма шарапаты тие ме деп,
Жүремін жақсыларды жанамалап.
1830. Күн батпайын десе де, кеш қоймайды,
Жаламалы жартаста ешкі ойнайды.
Жаманға жайды білмес айтсаң бір сөз,
Басыңа бір тиындай ес қоймайды.
1831. Бел десең де, тау деме аласаны,
Аласаның басынан мал асады.
Сөзі де ерсі жаманның, өзі де ерсі,
Ойнап-күлсең жақсымен жарасады.
1832. Өзі мұнда жақсының кілті аспанда,
Сөз түспейді ауызға ер сасқанда.
Тойда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Өңкей жақсы жиылып бас қосқанда.
1833. Келеді ердің ері екі елуге,
Ақ түйғын құс қонады мекеніне.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Білмессің бір басыңның не екенін де.
1834. Осы сөзді жақсы айттың, замандасым,
Екі елуге жасыңыз аман барсын.
Қайда жүрсе, жақсының жаттығы жоқ,
Алса Құдай, әуелі жаманды алсын.
1835. Жақсы деген жақсының аты қандай,
Сырттан айтқан жаманның даты қандай.
Жайды білер жақсымен болсаң жолдас,
Мың ділдаға бір сөзі татығандай.
1836. Жайлау жақпас жаманға жайлағанмен,
Бірде-екілі биесін байлағанмен.
Беті қызыл біреудің ақылы аз,
Құры тілін қайтесің сайрағанмен.

1837. Қырғауыл, аңға шықсаң, атқан тәуір,
Бал болса, жанай өтіп татқан тәуір.
Жаманмен құшақтасып бір жүргеннен,
Жақсының аяғында жатқан тәуір.
1838. Су аспас биік жардан тасқандағы,
Жаманның жары Құдай сасқандағы.
Бағаңа жан жетпейтін, асыл еркем,
Дөрежең жұлдызбен тең аспандағы!
1839. Адам қайтсін басқаны асқан бағы,
Ұра берсең, от шығар тастан дағы.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Балапандай бауырыңа бассаң дағы.
1840. Айқайласам ақ киік тау асады,
Егіншінің қатыны бау басады.
Жамандарға кез болсаң, дауласады,
Жақсылармен өзілің жарасады.
1841. Жақсылар алабына үлгі пашқан,
Жөн сөйлеп, әр кез тура аяқ басқан.
Деген бар, ойнасаң да ойлап сөйле,
Жұғады мінез достан, ауру астан.
1842. Той болса еркін жүйрік алшақтайды,
Ерді Құдай, етікті нөл сақтайды.
Жақсының қайда жүрсе, жаттығы жоқ,
Жасырып жаман сырын жалтақтайды.
1843. Жаңбырда сулық қайда сұр шекпендей,
Сөйлер жаман тас құлап дүрс еткендей.
Жақсының тілі майда, үні жұмсақ,
Жай табар жанған жүрек су сепкендей.
1844. Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім көлдің суын ылай ма деп.
Жаманнан жарты сабақ жіп алмаймын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп.

1845. Ұшады көлден үйрек-қаз айырмай,
Жаманға салма, Құдай, назарымды-ай.
Жаманға салсаң, Құдай, назарымды,
Жәрмеңке тарқап кеткен базарындай.
1846. Қаройдың қасқыр алар қасқалдағы,
Көпірдің солқылдайды басқан жағы.
Жаманмен жәйді білмес болсаң жолдас,
Жұлдызды әпер дейді аспандағы.
1847. Қаройдың қасқыр алар қасқалдағы,
Жаманның жары Құдай сасқандағы.
Сыймаған тілі аузына ақын дейді,
Жауап бер жауабыма басқар дағы.
1848. Қолымда бір жүзігім көз орнатқан,
Жаманның күні құрсын сөзін сатқан.
Жақсының бір мінезі шырын сөзі,
Қылығы, еске түссе, зар жылатқан.
1849. Жаманмен жайды білмес болма жолдас,
Қас қылған татқан тұзға жігіт оңбас.
Әліңше айналаңа қол ұшын бер,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.
1850. Мінгеннен жаман ерге жайдақ жақсы,
Алғанша жаман қатын бойдақ жақсы.
Өкініш өзекті оттай өртемеске,
Әр істі бастар алдын ойлап жақсы.
1851. Жақсылар ақ алмастай жарқылдаған,
Әділін айтар кезде тартынбаған.
Жаманға жазатайым бітсе дәулет,
Қайыры өз басынан артылмаған.
1852. Аралап ағайынды жүрген қандай,
Дидары жақсы ағаның жаққан шамдай.
Қара нан, ықыласпен шай берсе де,
Көңілге ләззаты бар шекер-балдай.

1853. Ағынан да алманың көгі жақсы,
Барынан да жаманның жоғы жақсы.
Бір сөз айтсаң жаманға, қорс етеді,
Қорғасындай балқыған қайран жақсы.
1854. Жаманның әр сөзі жан жүдеткендей,
Бір күнің өтсе онымен, жыл өткендей.
Жақсымен жайды білер болсаң жолдас,
Көтеріп көңіліңді түлеткендей.
1855. Үстімде бір ішігім қояннан жең,
Жаманды менсінбеймін ақылы кем.
Жақсының мен де өзіңдей баласымын,
Өз еркім ойнап-күлсем терезем тең.
1856. Кимеймін ақтан көйлек бөз болар деп,
Жаманға жоламаймын сөз болар деп.
Үмітім ақталғандай ойлап жүрген,
Өзіңдей бір жақсы жан кез болар деп.
1857. Мінемін той дегенде қара атымды,
Құйрығы қара атымның таратылды.
Көз жетті ел сөзінің расына,
Деуші еді тәуір бала жаратымды.
1858. Өлеңді айт дегенде тарылмаймын,
Аққудай көлден ұшқан мамырлаймын.
Жақсыға жайды білер жаттығым жоқ,
Жаманға, іздесе де, табылмаймын.
1859. Ақымақтың жұмысы сырттан сөкпек,
Буы шығып басынан ісіп-кеппек.
Бір жақсының мінезін баян қылсаң,
Болар соның қайтсе де арын төкпек.
1860. Он жабы сатсам, жетпес бір тұлпарға,
Мың қарға залал қылмас бір сұңқарға.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жарамас ашылғанды бір қымтарға.

1861. Киім тікпес шын шебер үлгі білмей,
Сұлу қызбен көреді ел гүлді бірдей.
Жамандармен көп ойнап, сан күлгенің
Қайдан болсын жақсының бір күндей.
1862. Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас,
Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас.
Кей жаман мал бітті деп ел билейді,
Халық та сол жаманға іңкәр болмас.
1863. Би болмас надан белін буғанменен,
Тазармас заты жаман жуғанменен.
Өртүрлі әр адамға нәсіп тиер,
Бәрі де бір кәсіпті қуғанменен.
1864. Ит қызыл болса дағы түлкі болмас,
Ойнақтап сиыр үркіп жылқы болмас.
Әркімнің шылауында жүрер жаман,
Өмірі өз басының ырғы болмас.
1865. Жапсаң да кілем сиыр түйе болмас,
Құлындап есек пақыр бие болмас,
Бір жаман бір жаманға қосылса да,
Екеуі бір-біріне ие болмас.
1866. Жүреді жақсы жігіт өз жайына,
Талшық қып адал дәмін таңдайына.
Кетпеннің мұқатпақ боп басын бассаң,
Тиеді сабы келіп маңдайыңа.
1867. Бұлт басса таудың басын, сұстанады,
Бұтақты майыстырып құс қонады.
Барында өміріңнің ойна да күл,
Ырсып өлгеннен соң тіс қалады.
1868. Дөнені не жүйріктің, бестісі не,
Душар болғын адамның естісіне.
Жазатайым жаманмен болсаң жолдас,
Үлкен-кіші қарамас ес-түсіңе.

1869. Кең тұсау сөзде де ұзын арқан болар,
Баласы жомарт елдің дарқан болар.
Достан — сый, жақыннан жан аямасаң,
Көп дұшпан көре алмаған талқан болар.
1870. Жақын боп кім жанасар жаман, қуға,
Жақсыға кез келгеннің бәрі тума.
Саналы май жесе де, нысап қылар,
Қайғысыз семіреді қара суға.
1871. Тексізден текті шықпас мақтаса да,
Қанатын қыран ұшар қақпаса да.
Жаманның ісі алға баспақ емес,
Жақсылар жазатайым жақтаса да.
1872. Аққа жақса, жұқпайтын күйе болмас,
Жүзік көзі қызарып шиіе болмас.
Адам нанбас жақсыдан жаман туса,
Тұқым қумай тұрақты кие қонбас.
1873. Ауылым теректінің аңғарында,
Жамандар талтаңдайды мал барында.
Аулыңды жер түбінен табамын ғой,
Мойнында шым күреңнің жал барында.
1874. Біріншіден не жаман, өсек жаман,
Екіншіден, сүймеген төсек жаман.
Ер жігіттің бойында болмаса өнер,
Жүргенінен не пайда есен-аман.
1875. Жүйрік көп бәйгіге әлі қосылмаған,
Сыр да көп астары әлі ашылмаған.
Жақсының қайда жүрсе, жаттығы жоқ,
Жақсыдан жақсы сырын жасырмаған.
1876. Дос сыналар ең ұзақ жолдағы іспен,
Қасқыр жолдас болмайды жолбарыспен.
Жаман қанша кесапат жасаса да,
Шарапаты жақсының болмақ үстем.

1877. Жамандық жасырынбас көмгенменен,
Жақсылық жоқ бағасын ел бермеген.
Жаман жақсы болмайды еш уақытта,
Бос мақтап, жалған көңіл бөлгенменен.
1878. Жақсылар айтар сөзге жорғалаған,
Жамандар жауап таппай қорғалаған.
Жауабым сауалыңа сай келмесе,
Жамағат болар еді қолдамаған.
1879. Түбінде топтан жүйрік жеке шығар,
Сөзіне кей жаманның ішің бығар.
Әр сөзің сол тойда айтқан естен кетпей,
Мен жүрмін лебізіңе болып құмар.
1880. Қалайы қанша жисаң, күміс болмас,
Жақсылыққа жамандық қылған оңбас.
Жаманға жазатайым бітсе дәулет,
Шалқақтап ішпей-жемей болады мас.
1881. Сен маған арман болдың жырақтаған,
Дос көріп енді кімге сыр ақтарам.
Жапанда жалғыз бас боп қалған артық,
Жаманға жар болғанша ұнатпаған.
1882. Төменгі түлкі қақтым шаң қамыстан,
Созылып қара тазым жетті алыстан.
Жақсының жүрген жері күнде қызық,
Жаманнан өкпе мен тек кек қалысқан.
1883. Қара су, жақсы берсе, шайдан жақсы,
Қара нан, жақсы берсе, майдан жақсы.
Жаманға назыңды айтсаң, тоңқ етеді,
Қараған қабағыңа қайран жақсы.
1884. Ұшады қыран бүркіт қыр айналып,
Кетпейді түлкі көрсе, шыр айналып.
Жамандық арқандаулы ат секілді,
Қазығын таппай қоймас бір айналып.

1885. Сағыздың астығы жоқ шайнағанмен,
Қу тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.
1886. Көкекті кім мақтайды өні бар деп,
Мияны кім орады дәні бар деп.
Болмайды қашыр тұлпар баптағанмен,
Шошқаны кім сипайды жануар деп.
1887. Аяғыма кигенім былғары етік,
Табанымнан барады ызғар өтіп.
Жақсы болсаң, келерсің судан өтіп,
Жаман болсаң, өлерсің суға кетіп.
1888. Аяғыма кигенім орыс етік,
Жабығыңнан түсейін торс етіп.
Жайды білмес жаманға бір сөз айтсаң,
Теріс қарар бұртиып қорс етіп.
1889. Ой да көп, уайым да көп ойлай берсең,
Ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсең.
Еркіңнен, елдігіңнен не қалады,
Әркімнің айдауына қойдай көнсең.
1890. Құмға қазық бекімес қаққанменен,
Итке қоңырау жараспас таққанменен.
Өнер іздеп жігітке өзі келмес,
От басында омалып жатқанменен.
1891. Кетеді құс бір жаққа, қыс бұл жаққа,
Ауысып орындары тұрған жоқ па?!
Құдайым онан берсе, мұнан қағар,
Бақ пен сор болады егіз әр уақта.
1892. Жыламан қарнымның ашқанына,
Жылаймын қадірімнің қашқанына.
Қорлықпен күн кешсем, тек мен кешейін,
Келмесін балалардың бастарына.

1893. Өнерсіз болсаң, несін есіресің,
Қоясың өнерлінің несіне сын.
Көре алмай қанша тарлық еткеніңмен,
Дарынның жей алмайсың несібесін.
1894. Мінгенім дәйім менің қаракерім,
Келмейді таңда ұйқысы саналы ердің.
Барлығын жалмаса да адамзаттың
Құлқыны бір тоймайды қара жердің.
1895. Кездесем де, атпадым ала құрды,
Бағаң артық басқадан анақұрлы.
Өз елінде көсем боп жүргендердің
Бағасы жоқ басқа елде бала құрлы.
1896. Көздесем де атпадым ұзақ, құрды,
Ұзақ, құрға өзгелер тұзақ құрды.
Өз елінде серкесіп жүргендердің
Бағасы жоқ басқа елде лақ құрлы.
1897. Бұл өмірде не тату, құрбы тату,
Бір-біріне өзілін етер тарту.
Сыйласпайтын пендемен сөз байласпа,
Асыл күлкі аяғы болар ашу.
1898. Қарасуды қақ жарып қайық кетер,
Аңдамасаң, аяғың тайып кетер.
Жәйді білмес жаманмен жолдас болсаң,
Жала жауып әр жерде айыпты етер.
1899. Ұшып жүрген әуеде ақ бөдене,
Кейде толы, кейде орта ақ тегене.
Осындайда, құрбыжан, ойна да күл,
Өмір өтті деп жүрме өттегене.
1900. Қолыңа ұстап алып ұстараны,
Мұртыңды қия берсең, қысқарады.
Жаманнан жапан түзде із де қалмас,
Жақсыдан үлгілі сөз, іс қалады.

1901. Ақыл, қайрат өзіңде жетпейтұғын,
Болса өңгеден амал жоқ септейтұғын.
Көлеңкедей көлбеген көп достарың
Шалыс бассаң, күн болар шеттейтұғын.
1902. Құрбы сәні келмейді ойнап-күлмей,
Қыздың сәні келмейді парша кимей.
Алыстағы махаббат арман болар,
Екі ғашық сырласып бірге жүрмей.
1903. Тоқым салма жабыға жалды екен деп,
Жолдас болма жаманға малды екен деп.
Сыры кетсе сырлы аяқ, сыны кетпес,
Күдер үзбе жақсыдан жарлы екен деп.
1904. Жұртқа жағар айтылған ән баяулы,
Жарлы болар жігіттің жаны аяулы.
Тіршілікте қалайық күліп-ойнап,
Өтіп жалған барады күн санаулы.
1905. Жақсының түгел бітер бастағаны,
Жаманнан жарты қасық ас қалады.
Жаспын дер жаман жігіт қырықта да,
Жақсылар он бесінде ел басқарады.
1906. Жақсы ұлың болады сырласыңдай,
Жақсы келін болады құрдасыңдай.
Екеуі де егер де жаман болса,
Қоярға жер таппассың бір басыңды-ай.
1907. Жақсы әйел ер көңілін өсіреді,
Жаман әйел үй отын өшіреді.
Екеуі де бүгінгі қыздан шығар,
Күтіп тұрған қайсысы есіл ерді.
1908. Жайылымы болмаса, мал азады,
Қайырымы болмаса, жан азады.
Ісі өрге басатын азаматты
Қызықтырып тұрады таң азаны.

1909. Нар маяға нар бота жарасады,
Мейірімді жоғыңа қарасады.
Ар-ұяттан айырылған жетесіз жан,
Тапқан жалғыз тарыңа таласады.
1910. О, тағдыр, би қылмадың, бай қылмадың,
Көңілімді бақытты етіп жай қылмадың.
Жабысып қайда барсам кедейшілік,
Екі елі етегімнен айырылмадың.
1911. Жас қартаяр, қартаймас құрбы көңіл,
Құрбысыз күн не керек, құрысын өмір.
Қимас құрбы туыстан болар жақсы,
Құрбың келсе, көңілдегі ашылар сыр.
1912. Тұра алман сен дегенде тойға аттанбай,
Құрбыңмен неге отырсың ойнап қалмай.
Құрбыңмен азғана күн ойнап қалсаң,
Жабарсың қабырғанды бойдақ малдай.
1913. Су ағады арықта шыр айналып,
Өлмегенге мал бітер бір айналып.
Оралыңның барында ойна да күл,
Кім бар, кім жоқ, келгенше жыл айналып.
1914. Жақсы қандай, ойлашы, жаман қандай,
Жүйрік қандай, мініске шабан қандай.
Жәйді білмес жаманмен жолдас болсаң,
Қараңғыға боларсың қамалғандай.
1915. Жер жақсысы білінер қыс түскенде,
Бел жақсысы білінер күш түскенде.
Ер жақсысы білінбес туыстықта,
Білінер тек басыңа іс түскенде.
1916. Ақ алма, қызыл алма, жасыл алма,
Жақсыдан жақсы сырын жасырар ма.
Өкінішсіз шат дәурен сүрем десең,
Жақсы тұрып жаманды қасыңа алма.

1917. Болмайды шапқаны аттың желгенмен тең,
Мақтаған өзін-өзі өлгенмен тең.
Намысты қарап тұрып қолдан берсең,
Боласың тірі тозақ көргенмен тең.
1918. Әуеде ұшып жүрген ала құр-ды,
Тұсыңнан болсаң да артық анақұрлы.
Кейбіреу қасақана көзге ілмейді,
Қадыл едің орнына санап үлгі.
1919. Ән мен күй ақтарылсын қазынамыз,
Жарасып ойын-күлкі базынамыз.
Қайраңдап кемең бір күн қалса аралда,
Бірге өткен бұл күндерді сағынамыз.
1920. Ән салсаң өзімдей сал дүрілдетіп,
Сағымдай суға түскен дірілдетіп.
Біраз күн көңіл жықпай ойна да күл,
Күн болар бірің қалар, бірің кетіп.
1921. Қалқатай, құлақ салсаң кеңесіме,
Сенерсің текке айтқан сөз емесіне.
Барында оралыңның ойна да күл,
Уақытша жан да қонақ денесіне.
1922. Қонақты кім қарсы алмас келсе ауылға,
Белгісі қыран құстың жемсауында.
Келгенше жыл айланып кім бар, кім жоқ,
Қалайық күліп-ойнап ден сауында.
1923. Аспанда жұлдыздар көп, саналмайды,
Арманға адам тура бара алмайды.
Болғанмен біреу бақты, біреу малды,
Көңілде көксегенін ала алмайды.
1924. Айым туып келеді жарық болып,
Мал өлер көктемде арық болып.
Барында оралыңның ойна да күл,
Өлгеннен соң қаламыз табыт болып.

1925. Атқан оқ ажалдыға кез болады,
Біреуге баяу, біреуге тез болады.
Абайлап әр ісіңді ақылға сал,
Артқыға қылған ісің сөз болады.
1926. Мүйізі кер бұғының айда-сайда,
Адамның жан білетін тілі майда.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз өлгеннен соң әрбір сайда.
1927. Әуеде ұшып жүрген торғай ма екен,
Шиқылдап балапанын қорғай ма екен.
Кез болған қиуада жолдас-жора
Бірге өскен құрбыластай болмайды екен.
1928. Болмайды қосағыңсыз үйің бүтін,
Шығады жыртық үйден қисық түтін.
Кинама сүйеді деп сүйгеніңді,
Тар жерде табасың деп құстың сүтін.
1929. Қоянды өлтіреді дейді қамыс,
Ал нағыз ерді өлтіреді намыс.
Әлі де баяғыдай көңілім жақын,
Ауылың жылдағыдан кетсе де алыс.
1930. Бір мешпетің үстінде қынамалы,
Бір сөз айттым өзіңді сынағалы.
Сұлу сұлу емес қой, сүйген — сұлу,
Әркімнің бар өзіне ұнағаны.
1931. Арман болмас, шын құсаң, жетпейтұғын,
Кір болмайды, жуа алсаң, кетпейтұғын.
Адамдарды өмірде дос санама,
Шалыс басса аяғың, шеттейтұғын.
1932. Өткел бермес өзен су тасығанда,
Шауып өтіп кетерміз басылғанда.
Жыл айланып келгенше кім бар, кім жоқ,
Өндетейік басымыз қосылғанда.

1933. Басқадан салқын болар бұлтты күн,
Жарасар ақ қозыға түбітті жүн.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жастық шақ өте шығар қызықты күн.
1934. Ойын-тойда, құрбыжан, өлең саулат,
Жаңбыр жауса, бетеге өсер қаулап.
Бөгде көзден жасқанып қапы қалма,
Кім бар дейсің жас кезде сөзден аулақ.
1935. Отыз қарға татымас бір сұңқарға,
Сатсаң алмас мың тайды бір тұлпарға.
Жазатайым жаманға ісің түссе,
Ашылғанда жарамас бір қымтарға.
1936. Дүниеде не бақыт? Тірлік бақыт,
Тірліктен де болаттай бірлік бақыт.
Ынтымағын еліңнің ойламасаң,
Астыңдағы кетеді сырғып тақыт.
1937. Берекелі атанған біз бір ауыл,
Бұзылмаған жігіміз соқса дауыл.
Берекелі қазақпыз пейілі кең,
Бірімізге біріміз аға, бауыр.
1938. Көп жылқының ішінде Ақмаңдай бар,
Жануардың желісі шапқандай бар.
Жақсыменен жолығып сұхбаттассаң,
Рахаттанып бейне бал татқандай бар.
1939. Мінгенім дәйім менің дөнен керше,
Шыдаймын айтпай қалай өлең келсе.
Сен берсең ондай көңіл, беу, қалқатай,
Сертімді бір бұзбас ем өле-өлгенше.
1940. Егін шықпас жерге дән екпесеңіз,
Арман өзі келмейді жетпесеңіз.
Дұрыс іске көнбейтін адам болмас,
Ақылменен абайлап ептесеңіз.

1941. Қыс болса қадірі өтер кеткен жаздың,
Өр ісі көпке жетер өнерпаздың.
Шөлге ұшып, томар қонған күні құрсын,
Бұрынғы көл жайлаған қоңыр қаздың.
1942. Ақ үйдің ат байладым белдеуіне,
Кербез қыз шашақ төгер белбеуіне.
Барында оралыңның ойна да күл,
Мен кепіл бұл жалғанның келмеуіне.
1943. Ән салсаң, өзімдей сал ширатылып,
Қалады кескен ағаш қиратылып.
Тұрғанда тіршілігің тырбанып қал,
Қайтесің өлімді ойлап, бас қатырып.
1944. Әуезім әуезіңе ән құйғандай,
Кілегей судың беті май құйғандай.
Бір жақсы бір жаманмен болса жолдас,
Апарып қарағайға тал қиғандай.
1945. Қазығұртты жағалай тас болады,
Ер азамат еліне бас болады.
Ел сыйлаған жігітті ез қинаса,
Қарап тұрып көзіме жас толады.
1946. Мақсатқа жетпей жақсы тынбас адам,
Кездескім кеп тұрады күнде саған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Құзғындай кім бар дейсің мың жасаған.
1947. Үстімде бешпетім бар тайға алғандай,
Құрбыға қадірім бар ойға алғандай.
Қалаулы халық ішінде болып жүрсем,
Болады менің сәулем бәйге алғандай.
1948. Тағдыр салса иыққа балуан тас,
Көтере алмай көзімнен шығады жас.
Көтере алмай жүргенде көтеріскен,
Ата-анадан кем емес құрбы-құрдас.

1949. Жорғамыз мың салса бір желмейтұғын,
Серпіліп тек алысқа сермейтұғын.
Биіктен ылдиламас лашынмын,
Күйкентай маңайына келмейтұғын.
1950. Қыранмын тек қияға өрлейтұғын,
Қиыннан тауып таза жем жейтұғын.
Тұйғынның темір топшы мен де бірі
Жемтікке жерде жатқан төнбейтұғын.
1951. Дұшпанын қарсы келген жерлейтұғын,
Болатпын жүзін тасқа бермейтұғын.
Тұлпармын дүбірімен жер сілкінткен,
Жабы емен бір аяңға терлейтұғын.
1952. Қол жетпес әр нәрсеге көз көргенмен,
Соқырдай адасасың сөзге ергенмен.
Жастық шақ байланбаған асау құлын,
Танысар емін-еркін кез келгенмен.
1953. Жас өмір балдан тәтті алуан-шекер,
Өр іске есі бар жас талап етер.
Қызықты думан құрып дүрілдетіп,
Жүрмеген тіршіліктің бәрі бекер.
1954. Ақ сүт емдік анадан піскен емес,
Терсең таудан күнәміз кішкене емес.
Сондай күнә тағы да қосылса да,
Кешем десе, Құдайға ештеңе емес.
1955. Бір сөз айтсам өзіңді сынағалы,
Жағдайыңды екінші сұрағалы.
Бұйырғанды біреуге біреу алмас,
Табиғатқа болады ұнағаны.
1956. Қаралар таласады ақпен қалай,
Бірдей ме түнек басқан шақпен арай.
Тағдырдан сәтсіздікті елден көрме,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай.

1957. Қамыссыз, көлсіз жерге қаз қона ма,
Көншімей текке көңіл мәз бола ма.
Мен дағы ақ иықпен айқасамын,
Тырна мен ілдірмеймін тазқараға.
1958. Қараойдың қаңбақ ұшар желіменен,
Іленің суы тасыр сеңіменен.
Қадір білмес жастарға қалдырғанша,
Алсын Құдай өркімді теңіменен.
1959. Тұлпармын тойда бәйге бермейтұғын,
Егескен шаңына да ермейтұғын.
Арымас ақындықтың алыбымен
Сыр суы бақайынан келмейтұғын.
1960. Қыранмын ұшқан сайын өрлейтұғын,
Алыс жоқ көзім жетіп көрмейтұғын.
Қоздағы сексеуілдің шоғындаймын,
Үрлеген сайын маздап сөнбейтұғын.
1961. Тектімін өзге үйірге ермейтұғын,
Кектімін жауға намыс бермейтұғын.
Ағынға қарсы жүзер көк қасқамын,
Дүлдүлмін шында ғана желдейтұғын.
1962. Жас өмір балдан тәтті алуан-шекер,
Өр іске есі барлар талап етер.
Қызықты думан құрып дүрілдетіп,
Жүрмеген тіршіліктің бәрі бекер.
1963. Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Жүзінді әжім басар солған сайын.
Болғанда ашу — пышақ, ақыл — таяқ,
Таяғың таусылмай ма жонған сайын.
1964. Досың аз, дұшпаның көп дейді халық,
Мақалдап айтқанының бәрі анық.
Кетіпті бәрін айтып ата-бабам,
Тыңдасаң нақыл сөз құлақ салып.

1965. Ақбөкен аттырмайды одағайлап,
Атады нағыз мерген оққа байлап.
Кісіге кісі ақылы жолдас болмас,
Шықпаса өз ойынан суша қайнап.
1966. Жолықсаң біздің жақтың еркесіне,
Тонының қарамайды келтесіне.
Қонаға жалғыз атын сойып беріп,
Жүген ұстап қалады ертесіне.
1967. Ақ үйдің ат байладым кермесіне,
Мен кепіл жастық қайта келмесіне.
Еркімен емеуірін білдірмесе,
Ешкімнің көз салмаймын бермесіне.
1968. Кемсітіп күш көрсетпе кішкенеге,
Дүниеде кішкене емес ештеңе де.
Шаңнан жер, қиыршықтан тау құралған,
Кірпішсіз кең сарайлар істеле ме.
1969. Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Кәдеңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.
1970. Еменнің көзің қара көміріндей,
Мылтықтың бойың сұңғақ теміріндей.
Жақсымен бірге өткізген сүт пісірім,
Жаманның болар бүкіл өміріндей.
1971. Ағайын көңілден де көзге тәуір,
Өкпем жоқ кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан
Досымның саусағымен шерткені ауыр.
1972. Қыс өтіп, көктем келсе, жаз болады,
Кейбіреу күні өткенге мәз болады.
Жүз жасқа жетсең дағы бұл өмірде,
Бәрібір ажал жетсе аз болады.

1973. Халыққа мүмкін емес түгел жақпақ,
Көңілін бай-кедейдің бірдей таппақ.
Қақ жарып қара қылды отырсаң да,
Кетеді біреу мақтап, біреу даттап.
1974. Торышам жем жемейді түктемесем,
Бетің екен айдан ақ, сүт пе десем.
Құлшынған құмарым бір басылмайды,
Бетіңнен алақандай үп демесем.
1975. Суға жүзсең, кең сілте құлашыңды,
Сертке жетпес білмеген қыр асуды.
Шын жүректен беріле сүйгеніңнің
Әр қылығы көрінер ұнасымды.
1976. Атымды қамшылаймын желгенінше,
Сені іздеп елеңдеймін ел көрінсе.
Басқаға батып қалай назар салам,
Бар ойым, екі көзім сенде жүрсе.
1977. Ояды тиген жерін тотияйын,
Өлеңмен олқың болса, толтырайын.
Сен берсең ондай көңіл, беу, қарағым,
Қасыңда егізіңдей отырайын.
1978. Етегі шапанымның сегіз қиық,
Шыңырауы Шымқорғанның шыңнан биік.
Есіме туған жерім сен түскенде,
Кетеді ішім жанып, өкпем күйіп.
1979. Таққаным тамағыма ойған тана,
Шығамын кешке жақын қой қайтара.
Құдайдың қазынасында төрт нәрсе бар,
Айт пен той, келін түсу, шілдехана.
1980. Тау жақтан тасқын ақса ағындайды,
Ешкімге ебі боран бағынбайды.
Ер жігіт пен есті әйел елге ардақты,
Қақпай көріп жүрсе де, шағынбайды.

1981. Бос мылжың шаруаңнан қалдырады,
Жоқшылық иығыңды талдырады.
Жақсыдан жайды білмес жаман туса,
Ата-ана арық аттай болдырады.
1982. Қоянды боясаң да, түлкі болмас,
Сөзінде жақсылардың түрпі болмас.
Өз әлін оңашада шамалаған
Шыққанда жұрт алдына күлкі болмас.
1983. Алтын да күтілмесе, жез болады,
Қайтуы асыл заттың тез болады.
«Аруды күте алмаған күң етеді»
Деген сөз осындайға кез болады.
1984. Алыстан ақ сақалды бабам келсе,
Балалар қол қусырып сәлем берсе.
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,
Баяғы өтіп кеткен заман келсе.
1985. Алтай қызыл түлкімін қыран батпас,
Қалыңдағы маралмын мерген атпас.
Дарияның түбінде құндызымын,
Жүзіп ішкен тұнықтан лай татпас.
1986. Жан сырын биіктегі жырмен қармап,
Ойнайық әзіл сөзді тілмен жалғап.
Асылды ғана таңдап ақылды ару,
Жіберер сүймегенін сөзбен алдап.
1987. Бір сайдың бір сай шығар алқымынан,
Саздау жер арылмайды балшығынан.
Тұрғанда кезі келіп батылдау бол,
Тартынбас қасқыр қойдың қалшылынан.
1988. Жуыма опасызға көңілің сенбес,
Пайдасыз ол бір ағаш жеміс өнбес.
Бар болсаң, еркелейді ит сияқты,
Жоқ болсаң, еш уақытта қолын бермес.

1989. Асығу, ашулану шайтан ісі,
Оларға жол бермейді жақсы кісі.
Ашуын ақылына жеңдіреді,
Жын-шайтан аулақ жүрер құрып мысы.
1990. Әлемге алабыңа гүлін жайған,
Сүйсініп бір уақыт қалсаң қайран.
Бір сұмдық ойыңда жоқ ұшырасса,
Келді деп таңырқама оны қайдан.
1991. Түбінде пайда бермес жиған білім,
Білмесең алдыменен ана тілін.
Халқыңның бола алмасаң азаматы,
Өзіңе өзге ел де қарар қырын.
1992. Белес-белес белдерден сағым ойнар,
Хан басына күн туса, тағын ойлар.
Азаматтың айрықша бір белгісі,
Қай-қашан да халқының қамын ойлар.
1993. Жайлауда сән болмайды жайламаса,
Болады құлын асау байламаса.
Өлген соң жылағанның керегі не,
Тірлікте бірін-бірі сыйламаса.
1994. Үйректің атқызбайды қасқалдағы,
Өмірдің өрге сүйрер баспалдағы.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабарып қата түсер тастан да өрі.
1995. Жаманға жақсы тұрып қалыптанба,
Жәрдем ет, шамаң келсе, тарыққанға,
Қонаққа құрмет етіп қозы сойсаң,
Жарты етін қазан үсті алып қалма.
1996. Көктемде соғады алтын күрек,
Жан жұбатар, ей, қалқа, айтшы тілек.
Алтын күрек жердегі қарды ерітсе,
Ақ тілекпен көркейер көңіл түлеп.

1997. мен жиырма бесте жүрдік желдеп,
Шақырдық кім де болса «бері кел» деп.
Сол кезде сол достарды ойласамшы,
Іздеуге бірін-бірі ерінер деп.
1998. Соғады ай астынан алтын күрек,
Шалағай не демейді өркөкірек.
Масадай іңірде ұшқан ызыңдамай,
Шығаршы дауысыңды бекемірек.
1999. Тола түссін достарға маңайың көп,
Сырыңды айтпа жаманға ағайын деп.
Сырыңды айтсаң жаманға ағайын деп,
Итше аңдыр бір күні қабайын деп.
2000. Түн жарық аспанда ай толған сайын,
Жамандар қалтырар бай болған сайын.
Жақсылар ел ішінде болар сирек,
Қаулайтын жоңышқа емес орған сайын.
2001. Дариядан су алар ма бұлақ тұрып,
Балаға қой сояр ма лақ тұрып.
Сағынып туған жерді еске алғанда,
Ағыттым омырауды жылап тұрып.
2002. Қара түнде қаңқылдап қарға жүрер,
Қара жолда салдырлап арба жүрер.
Замандастан айырылған қиын екен,
Шықпаған жан шиқылдап зорға жүрер.
2003. Ұшып жүрген әуеде бір сауысқан,
Он екі ай болғанда жыл ауысқан.
Оралыңның барында ойна да күл,
Тіршіліктің қызығын кім тауысқан.
2004. Күн жауарда көк аспан бұлттайды,
Алыс жүрсе ағайын, суықтайды.
Бір күн жолдас болғанға қырық күн сәлем,
Ер азамат шын досын ұмытпайды.

2005. Сары алтынды сапырып ашқан елім,
Аршынды адым алға аттап тастады елім.
Ән мен күйдің асылын аспандатып,
Ай астынан шырқата бастады елім.
2006. Қолыма салдым жүзік салалаған,
Ор қоян бидайыққа балалаған.
Аңдап бас аяғыңды, беу, қарағым,
Досымнан дұшпаным көп табалаған.
2007. Аяма қолда барды адамыңа,
Ол сенің жол ашады қадамыңа.
Адамның адамшылық айырмасы,
Бір іспен ат қалдыру заманына.
2008. Күн шығар, қырау кебер, гүл ашылар,
Бәсеңдеп бірте-бірте жел басылар.
Серпіліп қара бұлт та, қайғы тарап,
Жарқырап шат өмірге нұр шашырап.
2009. Бүркіттей баптасаң да күйкентайды,
Бүркіттің алған аңын ала алмайды.
Бір тасқа мың құмырсқа жабылса да,
Бәрібір тас орнынан қозғалмайды.
2010. Кісі емес, кісі артынан жамандаған,
Дос емес, дос көңілін таба алмаған.
Астына кей жаманның тұлпар түссе,
Қандырып тағым құршын шаба алмаған.
2011. Кей адам өзені көп көлге теңес,
Өзені көп болса көл кеберсімес.
Кеңесіп ақылменен атқарған іс,
Ешқашан бекер босқа кеткен емес.
2012. Мына заман қай заман — тозған заман,
Алыс-жұлыс, дау-дамай қозған заман.
Қу құтырып, ептілер екі асап,
Алаяқтар айламен озған заман.

2013. Мына заман қай заман — азған заман,
Қос қанаты қайрылған қаздан жаман.
Араздасып ағайын алакөз боп,
Бір-біріне терең ор қазған заман.
2014. Белес-белес белдерден жел еседі,
Егіз туған қозы, лақ тел өседі.
Танымайтын кісідей жуыспасақ,
Сыртымыздан көрген жан не деседі.
2015. Тай мен құлын биеге жарасады,
Жалғыз қалған жапанда адасады.
Шарапаты жақсының көпке ортақ,
Көру үшін әркімдер таласады.
2016. Бір кезек, екі кезек, үшке шейін,
Қолыма қайшы алып іс кесейін.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ұйықтап жата бермей түске шейін.
2017. Бәйтерек, басын кессе, шолақ болар,
Жалқаулар әр нәрсеге олақ болар.
Жиырма бес, отыз бес пен қайран он бес
Үшеуі үш-ақ күндік қонақ болар.
2018. Адамның ақша деген тері, қаны,
Ақшаға байланысты істің бөрі.
Саны мен сапасы оның бірдей емес,
Орнына жұмсағанның жоқ арманы.
2019. Күл де ойна тіршілікте шамаң келсе,
Бар ма екен жалғыздықтан жаман нәрсе.
Өкініп қалмауды ойла, әзірейіл
Бір күні келіп, «күнің тамам!» десе.
2020. Ақ киік одағайлап аттырмайды,
Күн жаумай тақыршыққа қақ тұрмайды.
Барында оралыңның ойна да күл,
Басыңда баянды боп бақ тұрмайды.

2021. Ұстама жапалақты құс екен деп,
Жаманмен жолдас болма кісі екен деп.
Жаманның қолы алтынға жетсе дағы,
Бір күні тастап кетер «мыс» екен деп.
2022. Шығады даусы өктем құнан нардың,
Сыбдыры білінбейді жауған қардың.
Қонақсыз, той-думансыз жеке жиған
Бір малы екеу болмас пейілі тардың.
2023. Түйемнің дөңде жатыр інгендісі,
Жел сөзді неге аясын білген кісі.
Жел сөзді біле тұрып айтпай қойса,
Ол дағы жамандықтың бір белгісі.
2024. Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды,
Адал дос бірін-бірі алдамайды.
Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты таңдамайды.
2025. Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.
Көңілі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты, кілт болмаса, кім ашады.
2026. Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары болса жаман,
Бір кеткен барымтаға малы дағы.
2027. Сараңдар ешқашанда жарымайды,
Таудай қып көрсетсе де тарыдайды.
Керісінше, жомарттың тоны тозып,
Қашанда астында аты арымайды.
2028. Той-томалақ қызықты көкпарымен,
Ойын-сауық қызықты дос-жарымен.
Бір-біріне ғашықтар ынтық болған,
Оңаша бас қызықты қосқанымен.

2029. Еркек үнді әйелдің ісі оңбас,
Әйел үнді еркектің күші болмас.
Өз ерекшелігімен әр не қымбат,
Ақылсыздың ондаймен ісі болмас.
2030. Көп жасаған айырылар құрдасынан,
Көп сөйлеген айырылар жолдасынан.
Деген сөз бар «көп күлген бір жылайды,
Көп тойлаған ақыры бір жасарған».
2031. Кедейлік жаны тәтті жалқауға үйір,
Еңбек ете білмейтін аңқауға үйір.
Ұйқышылдың үйін ол мекендейді,
Ақылды, іскер, сергектен таппас түйір.
2032. Құтты қонақ тілемес көпті тегі,
Мылжың қонақ миыңды жеп бітеді.
Қанша жомарт қонақжай болсаң дағы,
Қырт-мылжыңның мазағы, болма жемі.
2033. Бола алмайды ақ құтан қызыл құтан,
Жалғанменен шындықты деме ұтам.
Сатпа сәттік пайда үшін беделіңді,
Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
2034. Мал текке үрікпейді сонысынан,
Ел текке аумайды ата қонысынан.
Үмітін ала кетер оралатын
Қолынан келген басар қонышынан.
2035. Дүниеде түгел кім бар төңірегі,
Алыстан тау биіктеп көрінеді.
Уайым балды бойға батырмайды,
Қайғысыз қара суға семіреді.
2036. Батырдың жауда әсте кегі кетпес,
Кей іске ақылдының ебі жетпес.
Батылға тәуекелдің тартуы көп,
Қорыққан шегірткеден егін екпес.

2037. Жабыны бәйгі алар деп топқа салма,
Асылды көмсең дағы тот басар ма.
Назыңды нарық білер жақсыға айт,
Тоныңды битке өкпелеп отқа салма.
2038. Қашанда күш атасын танымайды,
Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
Деп қарама әншейін бір құмалақ
Шірітеді ол бір қарын сары майды.
2039. Көрпең жылы болсын деп салар мақта,
Қамыңды ойлар бір сенің ана әр уақытта.
Сен жесін деп ана аш қалуға бар,
Бәрін қойып, ана ақ сүтін ақта.
2040. Шапқаны аттың бола ма желгенмен тең,
Өзін-өзі мақтаған өлгенмен тең.
Келемін деп күттіріп жол қаратып,
Сәлем айтқан бола ма келгенмен тең.
2041. Тебінген атты демеп озар шу деп,
Уайымшыл өз-өзінен тозар жүдеп.
Аллаға кімдер күпір келтіреді,
Пендесін өзі берген өзі алды деп.
2042. Теңімен жастықта ойнап кім күлмеген,
Жаманға бір сөз айтсаң міңгірлеген.
Жақсыңды асырып, ал жаманыңды
Жасырып жақсылар ғой білдірмеген.
2043. Болады жақсы әркім жас заманыңда,
Досың да дұшпан болар жаманыңда.
Тұрғанда кезі келіп ойна да күл,
Денің сау қазірше бас аманыңда.
2044. Дарын да шу асау бір тұлпар сынды,
Басқара алмағандар болар жынды.
Кейбіреу басын тауға, тасқа да ұрар,
Дегізіп бабын таппай неге мінді?

2045. Өуезің, өуезіме қосылмай ма,
Даусымды сүйемелдер досым қайда.
Жалт беріп жастық дәурен өте шығар,
Қалайық ойнап-күліп осындайда.
2046. Құлақ сал жанашырдың кеңесіне,
Жайың жоқ «жаны бар сөз» демесіңе.
Қайта оралмас кездерді қадірлейік,
Біраз күн жан да қонақ денесіне.
2047. Ар жақ бірдей болмайды бер жақпенен,
Қара торғай ойнамас тарғақпенен.
Өзі аз өмір білдірмей өте шығар,
Әуреленіп жүргенде бар, жоқпенен.
2048. Ат жақсы арғымақтан жүйрік болса,
Кетпейді кімдер қайда бұйрық болса.
Жақсының жат жерде де жаттығы жоқ,
Ағасы — жал, інісі — құйрық болса.
2049. Нарқамыс күлтеленіп көлге бітер,
Баласы көргендінің қонақ күтер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Дегенше өне-міне өмір өтер.
2050. Түйенің ирек ұзын кеңірдегі,
Өрең тұр, күн өтсе, гүл төгілгелі.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ойын-той тамаша ғой өмірдегі.
2051. Қонғаны ауылымның жылы беткей,
Ойнап-күл ақ жүзіңнің нұры кетпей.
Қадірін біліп жастың қарманайық,
Қалармыз кемпір-шал боп бір күн жетпей.
2052. Тазы боп қу, заманың түлкі болса,
Күйттемес жігіт мал-мүлкін онша.
Айтысатын армансыз өзіңменен,
Күнде осындай той, ойын-күлкі болса.

2053. Ақ үйдің ат байладым белдеуіне,
Алланың тәуба қылдым бергеніне.
Барында оралыңның ойна да күл,
Көз жетті өткен өмір келмеуіне.
2054. Алыста жазда ыстықта ойнар сағым,
Сөйлеп қал тіршілікте тіл мен жағым.
Білдірмей бір бес күнде бәрі өтеді,
Өтпесе қайда кетті жастық шағым.
2055. Түсінер бірін-бірі мұңдас адам,
Күнделік күйбеңінен кім босаған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Құзғындай кім бар дейсің мың жасаған.
2056. Тау бар ма Бұланайдай бұлттан асқан,
Ер бар ма Жәнібектей жұрттан асқан.
Ерлерді күтетіндей Бұланай тау
Бүгін өз Жәнібектің орнын басқан.
2057. Бешпетім үстімдегі нақ асылдан,
Киеді нақ асылды бағы ашылған.
Тықыршып өлең десе тұра алмаймын,
Бәйге аттай бағып баптап таң асырған.
2058. Тау да өлең, дала да өлең, ой да өлең,
Кеудемде тұнған асыл қойма өлең.
Осынша өлеңнің не пайдасы бар,
Таппасам көпшілікке тойда өлең.
2059. Қара орман алқабынан қайың кетпес,
Көл жайсаң, дариядан жайын кетпес.
Туған жер, өскен елден айрылғанның
Ішінен өле-өлгенше уайым кетпес.
2060. Ауылым өрлей-өрлей өрге келген,
Көрмеген ата-бабам жерге келген.
Әркімнің туған жері — алтын бесік,
Айрылып ел мен жерден неге келгем.

2061. Таусылмас айта берсем қара өлеңім,
Татитын талай тойға бар өлеңім.
Жабырқаған жандарды жадыратар,
Талайдың дертін жазған дәрі өлеңім.
2062. Торы айғыр тоқпақ жалды далада тұр,
Көз тартып қалы кілем қалада тұр.
Тойда өлең айтысуға таба алмасаң,
Құшақтап қу тізеңді қара да отыр.
2063. Ерімнің кесте тіктім тоқымына,
Арпаның ат семірттім қоқымына.
Үйренген үлкендерден өлеңім бар,
Айтыстың түспесем де оқуына.
2064. Әжемiз терi илейдi тон болсын деп,
Созады пұшпақтарын мол болсын деп.
Өлеңдi қасиеттеп бiз айтамыз,
Үлкеннен қалған үлгi жол болсын деп.
2065. Шын ақын өлең айтса, төкпелейдi,
Алдымен ұнасын ол көпке дейдi.
Әрiптес егер жауап қайтармаса,
Өлеңiм қор болмасын текке дейдi.
2066. Айт дегенде үлкендер тұрыс болмас,
Үлкендердiң сөзiнде бұрыс болмас.
Өлең айт деп үлкендер қолқаласа,
Айтпай қою жастарға дұрыс болмас.
2067. Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күнi бар қасында.
Үш жүздiң ұл, қыздарын таныс еттiм,
Жел сөздiң бес-алты ауыз арқасында.
2068. Белдерден асу деймiз аласаны,
Жол етiп аласадан мал асады.
Жастарға әдеппенен әзiлдесiп,
Айтысып ойнап-күлу жарасады.

2069. Сенуші ем жаста екі аяғыма,
Сүйендім қартайғанда таяғыма.
Жалғасып көбеюмен келеді әлі
Басталған қара өлеңім баяғыда.
2070. Қонысың өзеннің кең иіні екен,
Көтерген екі иықты киім екен.
Өзгенің тойында ылғи жеңуші едім,
Айтысу өз тойыңда қиын екен.
2071. Қарасуда сайрандап балық жүрер,
Азды-көпті азығын алып жүрер.
Жайды білмес жаманға ісің түссе,
Қапияда көңілің қалып жүрер.
2072. Алма болсын, тергені өрік болсын,
Бауы туған сәбидің берік болсын.
Ата-ананың үмітін ақтап өсіп,
Іні-қарындастары серік болсын.
2073. Жер қайда туған жердей жанға жайлы,
Жат жерде көңіл құсы самғамайды.
Аулымнан алты айшылық алыс кетсем,
Бұлбұлым кеудемдегі сайрамайды.
2074. Іске ассын ми өнері, қол өнері,
Не ексең қара жерге сол өнеді.
Етпесең өзінді-өзің қамтамасыз,
Біреуге біреу бөліп не береді.
2075. Көбінше бұлт орайды Бұланайды,
Тас басса тағасыз ат тұралайды.
Іліндің қарауылға өзің келіп,
Мерген ем көзге атқан құралайды.
2076. Атыңнан айналайын, Адам ата,
Құдайсыз айтқан сөздің бөрі қата.
Айдаған түмен түлік бай болсаң да,
Өлгенде бұйырары бес кез мата.

2077. Жақсының жүрген жері күнде базар,
Өр сөзі жанға дауа, дертті жазар.
Жаманмен жайды білмес жолдас болсаң,
Өр сөзі шаншудай боп көңілің азар.
2078. Жақсы қандай, байқашы, жаман қандай,
Жүйрік қандай, ойлашы, шабан қандай.
Жайды білмес жаманмен жолдас болсаң,
Қараңғы үйге боларсың қамалғандай.
2079. Кеткенде құс ол жаққа, қыс бұл жаққа,
Ауысып орындары тұрған жоқ па.
Құдайым онан берсе, мұнан қағар,
Бақ пен сор болады егіз әр уақта.
2080. Күзгі ағаш бүркенеді қырауменен,
Ауған жүк түзеледі бұрауменен.
Өмірден өз теңінді таба алмасаң,
Өтеді қалқан өмірің жылауменен.
2081. Басында биік таудың қайнар бұлақ,
Қой келгенде маңырар жетім лақ.
Мені шұнақ деп жүрген қандай қыз ол,
Мүмкін, өзі шығар бір салпаң құлақ.
2082. Көрпешем күміс жіпті жасыл барқыт,
Көремін көп кісіден басыңды артық.
Әп-сәтте өмір шіркін өте шығар,
Жастықта үйректей жүз, қаздай қалқып.
2083. Көрінер әйел сәнсіз жүзігі жоқ,
Көрінер қағаз жансыз сызығы жоқ.
Әнге сал ойнап-күліп тең құрбыңмен,
Өмірдің одан өзге қызығы жоқ.
2084. Кигенің жазды күні сеңсең ішік,
Кетті ғой көрген жерде-ақ ішім пысып.
Не болды жаз киіп, қыс киеріңді,
Аяздан өліп пе еді әкең үсіп.

2085. Кигенім аяғыма құрым етік,
Сырлы аяқ сыны қапты, сыры кетіп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Әр таяр ақ жүзіңнің нұры кетіп.
2086. Кісінің қоздырып бар делебесін,
Әр қимыл, әр сөзіңмен еленесің.
Жақсылар бір-бірінің көңлін тапса,
Көп дұшпан көре алмаған не демесін.
2087. Қарасу есік алды қоғалы екен,
Ақ боран оңды-солды соғады екен.
Өтініп өлеңімен шақырғанда,
Қалқаға бармай қою обал екен.
2088. Жамандар жақсымын деп айғайлайды,
Жақсылар жақсымын деп айта алмайды.
Дөң, жота, бел-белестер қоршауында,
Жақыннан биік таулар байқалмайды.
2089. Ат жақсы арғымақтан қамшылаған,
Дариядан зәмзам артық тамшылаған.
Әр күні алпыс үйрек ілсе дағы,
Заты артық ақсұңқардың қаршығадан.
2090. Көкше қоян қашады өзекпенен,
Сөз сөйлейді жақсылар кезекпенен.
Жайды білмес жаманға қолқа салсаң,
Соңын күтпей сөзіңнің безектеген.
2091. Мыс қалады, ендеше, мыс қалады,
Мыс қаланың түбінде іс қалады.
Тіршіліктің барында ойна да күл,
Өлгеннен соң саудырап тіс қалады.
2092. Өмірден қазиз басым не көрмеді,
Жылқының көзі жаман тебердегі.
Арбамен асықпаған қоян алар,
Бидайдың диірмен ғой келер жері.

2093. Рас сөзі су басынан тұнар деген,
Жағылса аққа күйе жұғар деген.
Нәпсісін тия алмаған тойымсыздың,
Ақыры сағы бір күн сынар деген.
2094. Шығады өлең ойдан, ән тамақтан,
Қосылса екі жақсы елге мақтан.
Ақылмен атқармасаң адал еңбек,
Дәулет жоқ өзі түсер шаңырақтан.
2095. Тоғайдан шыбар тошын тауып алдым,
Астау қып аталғымен шауып алдым.
Сараңға мал мен бақты үйіп берген,
Ісіне Құдіреттің қайран қалдым.
2096. Талабым таудан биік, судан терең,
Соңынан талабымның ере берем.
«Нұр жауар талапты ерге» деген сөз бар,
«Халық айтса қалып айтпайды» сенем ерен.
2097. Ұшады қыран бүркіт қыр басынан,
Жаманның пайдасы аспас бір басынан.
Араға жайды білмес жаман түссе,
Айырар араз етіп сыйласыңнан.
2098. Ұшады қыран бүркіт қыр айналып,
Жерінен түлкі көрген шыр айналып.
Қыранша сен де ізде өз керегіңді,
Келгенше кім бар, кім жоқ жыл айналып.
2099. Ұшады көкала үйрек көлді айналып,
Отырған көл жағалай елді айналып.
Уақытты босқа өткізбей іске жарат,
Келмейді өткен күндер енді айналып.
2100. Ендеше, сары беткей, сары беткей,
Жатады сары беткей қары кетпей.
Теңіңмен ойна да күл, ойла да біл,
Бетіңнің алағандай әрі кетпей.

2101. Ендеше, сұры беткей, сұры беткей,
Жатады сұры беткей суы кеппей.
Теңіңмен ойна да күл, ойлана біл,
Бетіңнің алағандай нұры кетпей.
2102. Сөйлеп қал, қызыл тілім, жақ барында,
Бармақтай маңдайымда бақ барында.
Күл де ойна тең құрбыңмен тіршілікте,
Қалармыз қара жердің қатпарында.
2103. Өлеңді айтса, шіркін, әркім сіздей,
Ғалидың ат желмейді дүлдүліндей.
Жаманмен өмір бойы бір жүргенің,
Жақсының болмайды екен бір күніндей.
2104. Білгенге өлең жақұт, інжу-маржан,
Шыға алмас өгіз қарғып аттай жардан.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келмейді қайта айналып жастық жалған.
2105. Оюлап сал жиренге жаптым кежім,
Құрбыға наз қып айтқан өтті сөзім.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жарқылдар жай отындай осы кезің.
2106. Мал жақсы жылқы деген жүріс болса,
Өтеді айтқан сөзің дұрыс болса.
Кетеді ауыл үйдің берекесі,
Баққаны ағайынның сыбыс болса.
2107. Мал жақсы жылқы деген ала болса,
Нақақты Құдай қорғар жала болса.
Ең басты бақыты ғой аналардың,
Етектен тартқан екі-үш бала болса.
2108. Мінгенім дәйім менің қара сұр ат,
Арындап шапқан сайын аласұрып.
Іш тартып кірер іші-бауырыңа,
Жақсының болмас әсте баласы жат.

2109. Мінгенім дәйім менің қара шолақ,
Өр іске жалғау келер ора шолақ.
Өрге жүз, өнер үйрен тіршілікте,
Кім алар, ажал жетсе, арашалап.
2110. Күндіз-түн қамын ойлап қалың елдің,
Келмейді, жатса, ұйқысы саналы ердің.
Басар тау бәрін шарлап барар жердің
Үстінен бір түспейді қаракердің.
2111. Қара көк басын тартсаң, аяндайды,
Тастүлек түлкі аларда аянбайды.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бұл жалған дейсің кімге аялдайды.
2112. Қақ жарып қара суды қоға тұрар,
Бекітіп айылтасты доға тұрар.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Кірген соң жер қойнына оба тұрар.
2113. Қарагер, аяндай бер алдында ел жоқ,
Арқада мен көрмеген өзен, көл жоқ.
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Өлген соң көрден басқа барар жер жоқ.
2114. Қай заман, мына заман үлгісі жоқ,
Жыланның белге соққан өлгісі жоқ.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Сұм жалған қайта айналып келгісі жоқ.
2115. Қай заман мына бізге келген заман,
Біреуді біреу алдап жеген заман.
Алдымен аяқ артар бір атқа жет,
Біреуге жүген ұстап ерген жаман.
2116. Қар кетіп, жер көктемей жаз бола ма,
Мүз кетпей, айдын көлге қаз қона ма.
Аяғын кердеңдетіп басқанменен
Жалпылдақ қара қарға қаз бола ма?!

2117. Қар жауды Қаратауға кетпейтұғын,
Су келді Қосөзекке кеппейтұғын.
Тот басып алтын қайшы мысқа айналды,
Қамқаға, қайраса да, өтпейтұғын.
2118. Қалқатай, сен де бекер, мен де бекер,
Болғанда сен — қалайы, мен — дәнекер.
Барында оралыңның күл де ойна,
Жас дәурен білдірмей әлі-ақ өтер.
2119. Қалқатай, амал қанша жерің алыс,
Кісіге жері алыс болма таныс.
Кісіге жері алыс болсаң таныс,
Басарсың аяғыңды шөлкем-шалыс.
2120. Қарағым, айналайын ал қара қас,
Өтпейді, сені ойласам, тамақтан ас.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келмейді екі айналып он сегіз жас.
2121. Қызыл-қызыл алмалар тоғайда бар,
Қызыл барқыт тақия ноғайда бар.
Бір жақсы мен бір жаман әр жайда бар,
Екі жақсы қосылса қалай болар?
2122. Қарасу есік алды малға суат,
Не екенін білген жақсы обал-сауап.
Барында оралыңның ойна да күл,
Деніңнің саулығы үлкен дөтке қуат.
2123. Қарасу есік алды ойдым-ойдым,
Қызығы таусылар ма ойын-тойдың.
Адамның жетем деген жолы болсын,
Түбіне қазыналы асыл ойдың.
2124. Қарасу есік алды қалың бүрген,
Жайылып жағасында малым жүрген.
Өкінбе арманға қол жетпейді деп,
Армансыз адам бар ма өмір сүрген.

2125. Жегжат-жұрат, туысың, досың қайда,
Бір түгендеп қойсаңшы осындайда.
Қосылмасын тауға тау қосылмаса,
Түбінде бір елге ел қосылмай ма.
2126. Тарантас баяу ғана ырғалады,
Арманы тең құрбының бір болады.
Күлмеген, ойнамаған өз кезінде,
Өкініп бар қызықтан құр қалады.
2127. Қай жазық, мына жазық, сары жазық,
Болады қырда киік, суда балық.
Алпыс күн атан болып жай жүргенше,
Алты күн бура болып бұрқылдалық.
2128. Гүл көріп сырласайық жүріп бақта,
Осындай заман тыныш жастық шақта,
Қалқатай, тіршілікте ойна да күл,
Барамыз біз де үлкендер барған жаққа.
2129. Ақ алма, қызыл алма жемедің бе,
Тәтті алма қайдан шыққан демедің бе.
Екі жар сүйемін деп суға кетпе,
Құйрығын ұстап екі кемеңің де.
2130. Жортады тау жебелеп қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Аспанға қол созамын жерде жүріп,
Болсын деп көңіл шіркін көтеріңкі.
2131. Қашады тау бөктерлеп қызыл түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Бас аман, қайда жүрсек ден сау болсын,
Дүние, мал, табылады ойын-күлкі.
2132. Ақылды адам табады тар жерде амал,
Бір жақсы мен бір жаман әр жерде бар.
Айналаңа көз салып ойлап қара
Екі жақсы қосылған қай жерде бар?

2133. Жақсының жаны жомарт, жүзі жарқын,
Аузынан шыққан сөздің бәрі де алтын.
Сыры сай сымбатына, арманы асқақ,
Ісімен риза еткен туған халқын.
2134. Айбыны асқар таудың қарыменен,
Көрінер өзен сұлу жарыменен.
Әркім-ақ өз ботасын үкілейді,
Біреудің ісі бар ма нарыменен.
2135. Бұл қымыз жаңа ашыған құлын қымыз,
Осындай ішіппеңіз бұрын қымыз.
Қымыздың үш-төрт кесе желігімен,
Жел сөзбен келіп отыр ұрынғымыз.
2136. Ішеміз, бұйырса, ертең тай қымызды,
Тай қымыз ұмыттырар қайғыңызды.
Қонақжай өзінің кең пейіліне
Қазекең тапқан ғой бұл сай қымызды.
2137. Мінеки, мына қымыз құнан қымыз,
Аспайды бұл өңірде мұнан қымыз.
Сіміріп үш тостаған «қандым» дейсіз,
Шынымен қазақсыз ба, күмәндіміз?!
2138. Ішкенде дөнен қымыз дөң асырған,
Қыздарға қырындауға жол ашылған.
Түсесің тартынбай әр тәуекелге,
Жараулы бәйгі атындай таң асырған.
2139. Белдеуден ұзатпаған бесті қымыз,
Еңкейткен егескенді есті қымыз,
Іштегі ыс пенен шаң, даттың бәрін
Семсердей сертке соққан кесті қымыз.
2140. Құя түс қымызыңды тұнбасынан,
Аңсадым осы күнді жыл басынан.
Әңгіме-дүкен құрып отырайық,
Қалмасын ортада ешкім сыр жасырған.

2141. Сапырған сарыжайлауда сары қымыз,
Сауға дөт, ауыруға дәрі қымыз.
Салтанат, сауық құрып сайрандайық,
Сөнгенше бұл өмірден жарығымыз.
2142. Қыз ақ па, көңіл ақ па, қымыз ақ па,
Түсемін қымыз ішсем қызып бапқа.
Ұсынсаң өзің құйып, сәулетайым,
Қанбас ем ішіп қымыз күн ұзаққа.
2143. Сауыны биелердің келген сайын,
Басында бие баудың болсам дайын.
Сауысып биелерді, қолын ұстап,
Қолдасып шелегіңе жабысайын.
2144. Кеш болса гүмпілдетіп саба пісіп,
Тараса саумал исі далаға ұшып.
Қалқыған қара майы ақ қымызды
Бөстесек сәске сайын санап ішіп.
2145. Ел өскен Ертіс, Нұра арасында,
Кім айтар тапшы екен деп суға, сірә.
Асты-үсті жеріміздің толған қазына,
Байлығы таусылмайды мың ғасырға.
2146. Сауыр тау басың биік мұнарланған,
Төбеңнен бұлт кетпес тұманданған.
Болғанда жазың салқын, қысың жылы,
Көрген жан жайлауыңа құмарланған.
2147. Алтай тау тамам таудың бабасы екен,
Үліңгір құйып жатқан сабасы екен.
Сырлы аяқ, сырлы піспек — Шұбарағаш,
Жайқалған жағасында қоғасы екен.
2148. Тау қайда Қазығұрттай қарақтауға,
Жақсы екен жекей шашың тарақтауға.
Дариядан түлеп ұшқан біз ақсұңқар,
Кеп қалдық бұтағыңа қонақтауға.

2149. Тау қайда Қазығұрттай қиялауға,
Жақсы екен жекей шашың миялауға.
Дариядан түлеп ұшқан біз ақсұңқар,
Кеп қалдық бұтағыңа ұялауға.
2150. Мекенім, табиғатың қандай көркем,
Қарайды күн күлімдеп мөлдір көктен.
Сайраса ну орманнан ақын бұлбұл,
Аймалар тау самалы сүйіп беттен.
2151. Кең жайлау, неткен әсем қырқаларың,
Аймалап беттен сүйіп тұр самалың.
Қарсы алып жан-жағымнан жүгірердей,
Қарағай, қайың, арша, шыршаларың.
2152. Бұлбұлым, сен сайрасаң гүл дегенде,
Өніңнің қадірі жоқ білмегенге.
Әр күні таңмен талас шырылдайсың,
Жер көктеп, қалың орман бүрлегенде.
2153. Солқылдап ағып жатыр Бұратала,
Бұны да тағдыр бізше жылата ма.
Бұйырмай туған жердің топырағы,
Бұл жақта қалармыз ба біржолата.
2154. Ағашы Ұзынтамның селдір-селдір,
Ағаштың арасына өсер кендір.
Жүрекке ғашық отын кеттің жағып,
Отынды өзің жаққан өзің сөндір.
2155. Көктемде гүл шығады тауға жайнап,
Қасында түрлі құстар жүрер сайрап.
Сен жүрген маңнан ылғи мен табылам,
Қойғандай тағдыр бейне жіпсіз байлап.
2156. Келді, міне, қара күз қазан айы,
Білген жанға қадірлі елдің жайы.
Қызықтырып қайран жаз өте шықты,
Төрт мезгілдің шуақты еркетайы.

2157. Өлеңімнің басы еді «ахау, керім»,
Жасасайық төртеуіміз алым-берім.
Аралап талай жердің дәмін таттық,
Бәрінен артық екен туған жерім.
2158. Есіңнен кетпес туып-өскен жерің,
Кір жуып, кіндігіңді кескен жерің.
Үздігіп өз теңіңе ғашық болып,
Мен сендік, күйдім-сүйдім дескен жерің.
2159. Біздің ел жүруші еді тауды жайлап,
Көкорай шалғынына бие байлап.
Жастықтың жалындаған әсерінде
Жүруші ек сұлулармен күліп-ойнап.
2160. Жігіті біздің елдің сылқым-сері,
Думан-той, ойын-күлкі жүрген жері.
Құлын-тайдай асыр сап ойнақтаған,
Өркімнің өзіне ыстық туған жері.
2161. Атыңнан айналайын, атамекен,
Кім сені Баркөрнеу деп атады екен?!
Қайғы мен қапаны да көремісің,
Саған да соның зілі бата ма екен?
2162. Шалкөде суың тұнық, жерің жазық,
Алады ерінбеген алтын қазып.
Біреді жыл Шалкөдеден алыс жүрсем,
Құлындай сақау шыққан кетем азып.
2163. Туған жердің сағынып топырағын,
Көз алдыма келеді сол тұрағым.
Ата-анамды аяулы аңсағанда,
Ақ бөпемді аялап отырамын.
2164. Бір жағы Алматының Талғар, Түрген,
Сыйласып жақсы емес пе бірге жүрген.
Өнеріңді аяма жастық шақта,
Өр күнің бір жылға тең ойнап-күлген.

2165. Ұшар көлің, сағынып, қонар көлің —
Өрқашанда, ер жігіт, туған елің.
Соның ғана жүрегін тебірентер
Қуанышың, шаттығың, қайғы-шерің.
2166. Сарыарқа, сенің дертің — менің сертім,
Ынтығып іздегенім сенің еркің.
Сен — анам, қойныңда өскен мен балаңмын,
Келмейді мыңды айдаған елсіз көркің.
2167. Кір жуып, кіндік кескен Қара Нұра,
Жатқанын қарауытып өне қара.
Япыр-ау, шынымен-ақ кетеміз бе,
Жүрегім болып барад пара-пара!
2168. Арқада ағады әсем Нұра өзен,
Тіккендей жағасы гүл кесте бізбен.
Көрініп мөлдір судан жарқ-жүрқ етіп,
Асыр сап өрге төмен шабақ жүзген.
2169. Шыққалы мен үйімнен көп күн болды,
Соққан жел қабырғадан екпін болды.
Жалғанда ел күйігі жаман екен,
Сарғайып ақша бетім секпіл болды.
2170. Сағындым мен елімді дамыл таппай,
Жарайды әр нәрсеге тілген тақтай.
Түскенде сен есіме туған жерім,
Жатамын ұзақ таңға кірпік қақпай.
2171. Қарасаң Көктөбе жер ортасындай,
Жер дене болса, жүрек қолқасындай
Тауы — алтын, тасы — күміс, ағашы — жез,
Суы бар еркек қойдың сорпасындай.
2172. Қарқара шөбің шүйгін, тауың биік,
Аяңда асыр салған арқар, киік.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Бұралып жүре алмадым ішім күйіп.

2173. Қалбаның қар тоқтайды биігіне,
Кім шыдар туған жердің күйігіне.
Жерінен жас баланы көп шеттетсең,
Өгейсір ер жеткен соң үйіріне.
2174. Елді тастап кеткенде алыс жаққа,
Созған қолың жетер ме атақ, баққа.
Қанша жүйрік болсаң да, өгей жердің
Өз жабысы саналар арғымаққа.
2175. Күнде алшы түсірсең де асығыңды,
Көрмейді жат жер сені тасы құрлы.
Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді,
Әркімнің өз елінде басы құнды.
2176. Нулы келер Көксайдың теріскейі,
Күнгеі жақын көп жылқым өрістейді.
Кер маралдай керіліп сіз тұрғанда,
Көңілім неге өршімей еңістейді.
2177. Басың да айғай, Айғайтас, түбің де айғай,
Ертелі-кеш, күндізің, түнің де айғай.
Сен түскелі көзіме, беу, қалқашым,
Кетті-ау тіпті менде де тыным болмай.
2178. Таң атып, баяғыдай күн шығып жүр,
Бес парыз мұсылманда құлшылық жүр.
Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан,
Заманға қарай пенде құлшынып жүр.
2179. Қарақол қыраң-қыраң белің қандай,
Құлпырған көк майсалы жерің қандай.
Бас қосқан бағландары сауық құрып,
Қайғысыз, қасіретсіз елің қандай.
2180. Шаш алмас жасық темір қайрағанда,
Томарсу суат бермес жайлағанға.
Көңілің тас та болса бір жібиді,
Көктемде қараторғай сайрағанда.

2181. Күн құшқан айдын көлде жалғыз аққу,
Қаңқылдап қанатымен сабалап су.
Таранып қаранады жан-жағына,
Сұлуды тасалама көк торғын бу.
2182. Қыс болса, қадірі өтер өткен жаздың,
Әр ісі мәшкүр келер өнерпаздың.
Шөл кешіп, томар қонған күні құрысын,
Кешегі көл жайлаған қоңыр қаздың.
2183. Мінгенім астымдағы Құлагерім,
Шығармас Құлагерім қызбай терін.
Күнімсің көгімдегі нұрландырған,
Жылуың жетер маған жалғыз сенің.
2184. Түйеден көрген емен малда жалқау,
Өгізді дер еді жұрт момын, аңқау.
Ол бірақ қарнын жарып тастамай ма,
Тап беріп жеймін десе қасқыр қорқау?
2185. Түлкіні «қу» дегенмен иттен қу ма?
Қу болса, келсін оған жолығуға!..
Арқырап үйірде боп, жылқы жимай,
Ат сорлы қам көңіл боп торығуда.
2186. Екеу ек бір атадан, қалдым жалғыз,
Боздаймын жасым ағып андыз-андыз.
Орнына жеңге — селеу бас изесіп,
Етектен тартар шеңгел бейне балдыз.
2187. Ұшады аспанды өрлеп бір топ тарғақ,
Ірімшік, құрт сұрайды қарға зарлап.
Ішіне тірі қоян байлап қойып,
Түсірдің жайған торға бүркітті алдап.
2188. Алтын бу ақ көбіктің бетін жабар,
Судан бу көкке төніп маржан тағар.
Есіме ақ еркемді алған кезде,
Ақ маржан жылт-жылт етіп жерге тамар.

2189. Жаз болса жердің жүзі жайнап тұрған,
Өн шырқап бұлбұл құстар сайрап тұрған.
Болғанда қырық күн шілде, сарша тамыз,
Ыстық боп жердің жүзі қайнап тұрған.
2190. Жаз болса жарқыраған көлдің беті,
Көгеріп толқындайды алыс шеті.
Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,
Шайқайды жас баладай желдің лебі.
2191. Бөленген жердің жүзі жасыл жібек,
Күлімдеп күнге қарап қылған тілек.
Қалған жоқ елжіремей тастан басқа,
Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек!
2192. Түйін тастап көк өрік көгеріпті,
Көк өрікке көп бала бөгеліпті.
Ойнап-күліп жастықты өткізейік,
Ойнамаған, күлмеген не көріпті.
2193. Бұлт ыдырап аспаннан күн ашылды,
Салайын деп баптадым лашынды.
Оңашада түлкідей қылаң етші,
Ұмтылайын бір жайып құлашымды.
2194. Қарашада қар жауар қат-қат болып,
Жатар еріп, күн шықса, батпақ болып.
Отыр ма екен, қалқатай, жатыр ма екен,
Айдындағы аққудай аппақ болып.
2195. Үйірімен ұшады қайтқан тырна,
Елеңдеймін тырналар айтқан жырға.
Сілтер болсаң қолыңды бір-ақ сілте,
Екі сілтеп көңілімді алаң қылма.
2196. Тал түсте жаңбыр жауып күн ашылды,
Жарқырап жаңбырдан соң гүл ашылды.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Жаямын айдын көлге құлашымды.

2197. Біз жүрміз Көксаланың басын жайлап,
Сөкірген арқар, құлжа тасында ойнап.
Жігітті өнерлі етер ақылды қыз,
Пышақты өткізгендей асыл қайрақ.
2198. Күн шығар ертең ерте таудан асып,
Жарқырап бар әлемге нұрын шашып.
Күннен-күнге барады өмір өтіп,
Ойнап-күліп жүрелік араласып.
2199. Көл жағалай жайқалған қалың қамыс,
Екеумізге арасы мәлім қамыс.
Енді қашан, қай жерде кездесерміз,
Жаңа таныс болғанда кеттің алыс.
2200. Елім бар колхоз болып күлімдеген,
Көлік бар трактордай дүрілдеген.
Екпіні жер тамырын солқылдатып,
Жүрегі тау мен тастың дірілдеген.
2201. Жастары диқаншының жер шебері,
Дән сеуіп, топыраққа гүл егеді.
Ауасы жанға рақат жерімізге
Қаладан құмар болып ел келеді.
2202. Жастары егіншінің ерте тұрған,
Таранып таң лебіне бетін жуған.
Сұрланып сараң дала сазарса да,
Кетпенмен көшелеуге белін буған.
2203. Жатырмыз жазық жердің шөбін шауып,
Шөлдедік ішердей боп маса сауып.
Жерде ағаш, көлеңкелер көкте бұлт жоқ,
Ішерміз бір жұтым су қайдан тауып?
2204. Саршыбыл малға жайлы сала-сала,
Қолайлы, соқа салса, бауыры дала.
Мал іші, егін басы өн салғандар,
Комсомол — колхоздағы қыз, бозбала.

2205. Батыр жоқ Қожекедей айғайлаған,
Бай қайда байғұстарды малша айдаған.
Колхоздың құтты қоныс әсем тауы,
Бауырлап тракторлар жер айдаған.
2206. Сен көрген жылқы да бар, сиыр да бар,
Былтырғы малы түгел, биыл да бар.
Жүргенге ілінетін жөргем емен,
Байлауың қанжығаңа қиын болар.
2207. Біз жастар жұрттың таңын атырамыз,
Дұшпанды су түбіне батырамыз.
Еңбекші ел ұйымдасқан орталыққа,
Кедейдің бар баласын шақырамыз.
2208. Колхоздың айдап жүрсің арбасын-ай,
Қояр ма бригадир бармасыңа-ай.
Арбаны тастай сал да, бізбен жүргін,
Екеуіміз күн көрелік жалғасып-ай.
2209. Барады аулым көшіп Құмкешуге,
Трактор тәуір болды мінгесуге.
Комсомолдық бұл тойда кезің келді,
Құдаша, қалың қалай тілдесуге.
2210. Қара су есік алды өткелі жоқ,
Суынан өткелі жоқ өткенім жоқ.
Шет болсаң бір Құдайға өзің шет бол,
Ешқайда сені тастап кеткенім жоқ.
2211. Қара су есік алды балдыры бар,
Атыңды балдырына шалдырып ал.
Көңілің шыныменен менде болса,
Ұйқыңды ерте жатып қандырып ал.
2212. Су ағар өзекпенен шыр айналып,
Бақ қонар тірі адамға бір айналып.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Келгенше кім бар, кім жоқ жыл айналып.

2213. Қара су есік алды шабағы бар,
Жолының ат жүрмейтін қабағы бар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Болып тұр күннен-күнге заманың тар.
2214. Қақ жарып тау толқынды жайын өтер,
Адамды байқамаған майып етер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бұл жалған бір-ақ күнде ғайып етер.
2215. Алтайдың асты да алтын, үсті де алтын,
Ақкөңіл адамдары ашық-жарқын.
Суы бал, өрісі май, құшағы құт,
Тауы мал, қыры киік, бауыры шалғын.
2216. Алтайдың кен қоймалы әр саласы,
Қаланған асыл таспен босағасы.
Бұл жерді мекен етсе, кім мақтанбас,
Суы бал, шөбі шүйгін жер сарасы.
2217. Ана тау мына таумен тиісіп тұр,
Бастарын бір-біріне иісіп тұр.
Бауырында екі таудың өскен халық,
Құшақтап бірін-бірі сүйісіп тұр.
2218. Ашады, жаңбыр жауса, дала гүлін,
Бармай ма қыз бой жетсе, бала ұрын.
Ежелгі атамыздың қонысы екен,
Алатау, Тианшан мен Қарақорым.
2219. Ащылы, Аяқбүгіл өзенім-ай,
Сөйлеуге қызыл тілді безедім-ай.
Қалайық құт мекенде ойнап-күліп,
Дүние қайта айналмас кезегің-ай.
2220. Бай десең жаннан асқан Қарынбайды,
Дәл сондай асыраған қалың байды.
Аралап шыққан деген тарих бар,
Қазақтың жері-суын Асан қайғы.

2221. Басынан Қаратаудың көш келеді,
Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді.
Айырылған туған жерден қиын екен,
Мөлдіреп қара көзге жас келеді.
2222. Біз көшіп Сыр бойынан Орға келдік,
Таусылып табанымыз зорға келдік.
Құрулы құл алдында талқы деген,
Бұл жерге баққа емес, сорға келдік.
2223. Биебау қара текше біздің қоныс,
Кеткенде есте сақта ауылың алыс.
Арасан, Бүрген текше қандай жақсы,
Жүрейік араласып барыс-келіс.
2224. Борбосын, Абыралы, Мазарменен,
Тағы бір сөз қалып тұр жазар менен.
Болғанда таңда махшар, Тәңірім пана,
Қылмысқа қапан да бар жаза деген.
2225. Бесқұдық, Қарабұта, Сары үйім-ай,
Түседі есіл жердің бәрі есіме-ай.
Күзеуде ат шаптырып, қыз қуатын,
Қызықты көкпар тартар бар ойыны-ай.
2226. Бір шеті жеріміздің Жайық еді,
Жайыққа салғанымыз қайық еді.
Ортада қалып отыр Арал, Каспий,
Кетпесем осыны айтып айып еді.
2227. Дегенде Бұланай-ды, Бұланай-ды³³,
Бұланай, жер құласа, құламайды.
Бұл таудың алыптығын айтсам жұртқа,
Ол таудан асқан тауды сұрамайды.
2228. Дүние аққан өзен, соққан дауыл,
Тыңдасын өлеңімді аға-бауыр.

³³ Қазақ халқы ертеде Гималай тауын Бұланай деп атаған.

Сұрасаң, мен айтайын мекенімді,
Әлемге аты шыққан Алтай-Сауыр.

2229. Ертістің екі жағы Қара барқын,
Мидала жазығында соғар салқын.
Атын білген жер-судың өлең қылсам,
Тазқұмның күн батысы жүзі жарқын.
2230. Ертістің асса суы сабасынан,
Ат салып жүре алмайсың жағасынан.
Сырты орман, қалың пішен, суы балық,
Асады қандай өзен тап осыдан?
2231. Ертістің екі жағы жасыл тал-ды,
Қайырып талдың басын түйе салды.
Кететін қыз, бозбала сауық құрып,
Қоралап тастаған соң кешкі малды.
2232. Ертістің екі жағы қалың терек,
Көзіңе көрінеді қайың бөлек.
Тартушы ек жазда қырқар, күзде пішен,
Осының бәрі той еді, неге керек?..
2233. Жасымнан жырлап келем тауды тынбай,
Орқашар, Тарбағатай, асқар Алтай.
Гүл ашып, жұпар шашқан жерді көрсең,
Жыр тумай жүрегіңнен жатсын қалай!
2234. Жатайын қой қоздатып шағылым-ай,
Таусылар, жерді ойласам, сабырым-ай.
Жауалы шөбі шүйгін біздің жердің,
Сондай жер қояр ма елді сағындырмай.
2235. Жайлауы бай Қабаның болбадайды,
Қарасаң, шөбі шүйгін малға жайлы.
Биікке шыға келіп көзің салсаң,
Қанастың күміс көлі жарқылдайды.

2236. Жайлауы біздің елдің Қарашоқы,
Жайлаған бізден бұрын батыр Бұқы.
Жер-судың атын білген өлең қылсам,
Тұрады Алшынбайда дiңгек шоқы.
2237. Жайлауым Үлкен саз бен Кішкене саз,
Ұшатын айналдыра үйрек пен қаз.
Жер-судың атын білген өлең қылсам,
Бір тұрғай екі-үш таңың қылады аз.
2238. Жайлаушы ек үлкен жазық Шұбар ағаш,
Адамға өтірік сөз болады қас.
Жайлайтын қоныс елдің толып жатыр,
Айтқанға бірер таңға жер таусылмас.
2239. Жайлаушы ек кең Көлсайды алжанменен,
Төрт түлік толықсыған мал-жанменен.
Қоныстың бәрін айтсам таусылмайды,
Бір таңға әнге қосып салғанменен.
2240. Жайырдың теріскейі шүйгін қыстау,
Қияғы төңкерілген қоныс бастау.
Қарағай, ақ қайың мен доланасы,
Сияқты қолмен тізген бақша мен бау.
2241. Жер қайда, біздің жердей Қабасы бар,
Сарөлең, Қабырғатал жағасы бар.
Төрт тоған шығысы мен батысында,
Кемерде Ақши деген қаласы бар.
2242. Жоғарғы Ертіс басы аңғыл кезек,
Сұрасаң Шұршыт басы батыр Ежен.
Жер-суды өзім туған өлең қылсам,
Құяды бір Ертіске он екі өзен.
2243. Жыр туған ән әуені тым шығандап,
Ақ оттық кең өлкені жатыр қамдап.
Суы балық, қыры киік ол бір байлық,
Ақмарал құзар шыңнан қашады аңдап.

2244. Көрінген мұнан былай Қалба деймін,
Жерінде Қалбадай тау бар ма деймін.
Самсыған таңқурай мен қарақаты,
Шығады онда тағы алма деймін.
2245. Көрінген мұнан былай Арғанаты,
Түнде ұшып, күндіз жатар жарқанаты.
Үлкен тау Тарбағатай жалғас біткен,
Бауырында кішкене тау қолқанаты.
2246. Көрінген бұдан былай үлкен Алтай,
Жайлайды Алтай барып жылқылы бай.
Жер-судың атын білген өлең қылсам,
Ен дала ұлан-теңіз жатыр былай.
2247. Көрінген мұнан былай Қалжыр тауы,
Ел көшіп қиыр шетке, болдық пақыр.
Жер-судың атын білген өлең қылсам,
Әлі де айтылмаған толып жатыр.
2248. Көрінген мұнан былай Көксүн тасы,
Жылқыда көкала айғыр малдың басы.
Егер де шалғай кетсең ауылыңнан,
Ағады сағынышпен көздің жасы.
2249. Көрінген онан ары Түйемойнақ,
Басынан Доланқара алдым қайрат.
Жер-судың бәрі бірдей бола бермес,
Базардың күні суық, жері жайдақ.
2250. Күзеуі біздің елдің Қызыладыр,
Жайылған Қызыладыр жылқым жатыр.
Жер-судың атын білген өлең қылсам,
Қыранға Қандығатай құйып жатыр.
2251. Қолымда бір қамшым бар бауыры жоқ,
Қамшымның бауыры жоқ, ауыры жоқ.
Желдіріп құба белге шыға келсем,
Құлазып жұртым жатыр, ауылым жоқ.

2252. Қолыма қалам алсам, жорғалайды,
Сиясы ақ қағазға сорғалайды.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Сағындым туып-өскен Болбадайды.
2253. Қонғаны ауылымның көл жағасы,
Шаң басқан жасыл құрақ жол жағасы.
Қан тамған кіндігінен топырағына,
Ер үшін қымбат екен жер бағасы.
2254. Қонысы біздің елдің Желқарағай,
Жасыл жон самалдатқан бейне сарай.
Өркімнің туған жері өзіне ыстық,
Жас күнің ойын-күлкі алтын арай.
2255. Құштайдың күн батысын қарасаңдар,
Көкпеңбек Көксу деген тамашаң бар.
Алтын, мыс пен қорғасын, сыр да шыққан,
Есептеп шыққан кенін санасаңдар.
2256. Майқабак, Қаракемер, жасыл жайлау,
Сапырып сар қымызын күліп-ойнау.
Созылған жасыл төсте Қасқабұлақ,
Ащылы аяғында оған таяу.
2257. Мақтасаң, ең алдымен, жерді мақта,
Көксерке, Сарсерке мен шығыс жақта.
Тынышы Қобда елінің кетіп еді,
Қайтадан тәуір боп тұр осы шақта.
2258. Малтабар, Тасбастаудай бұлағың-ай,
Жайқалған жағасында құрағың-ай.
Тай құлындап, тайлағы боталайтын,
Жер еді төрт түліктің тұрағындай.
2259. Мекенім жалғас жатқан Жаманқойтас,
Сағынар жерді ойласа кәрі мен жас.
Туған жер ата-анаңдай ыстық екен,
Ойласақ, көзімізден шығады жас.

2260. Мекендеп қой қоздатқан Төсбақанды,
Күзетте қыз-келіншек айтар әнді.
Ағытып қара өлеңді ойнап-күліп,
Атқызар өлеңменен қысқа таңды.
2261. Мекені біздің елдің Еділ еді,
Таң атса күннің нұры себіледі.
Ойласам туған жердің ойы-қырын,
Қайысып қос қабырғам сөгіледі.
2262. Мекені біздің елдің Алтай-Сауыр,
Көп алман арқамызды қылған жауыр.
Ақырын болар істің Алла оңғарсын,
Бұл дәуір жалпақ елге болды ауыр.
2263. Мекені Бітеуірге көрі бидің,
Бұл күнде сәні бар ма ескі күйдің?
Алтайдың жақсы екенін бұрын білмей,
Анталап жау келген соң енді білдік.
2264. Мекенім жанға жайлы Жайыр тауы,
Көркіне тігіледі көздің жауы.
Төсінде төрт түлік мал ыңырана,
Жайылған бауырында бақша-бауы.
2265. Мен өзім ойда туып, тауда өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, ақ қар кештім.
Жалданып жалшы болып жүргенімде,
Қарлы тау мұз құрсанған қасында өстім.
2266. Мына тау, ана таумен төтелейін,
Маған бер түйең басын жетелейін.
Бұл тойда мекен өлең айтып берші,
Туған ел, туған жерге еркелейін.
2267. Одан соң бер жағында арасан бар,
Жер екен бір ғажайып қарасаңдар.
Құс ұшпас, адам жүрмес тауы биік,
Көрінер екі жағы биік заңғар.

2268. Орманы өр Алтайдың қарағайлы,
Қалың мал қарағайды аралайды.
Қоспасам өлең-жырға туған жерді,
Құмары көңілімнің тарамайды.
2269. Сарсүмбе — қыран басы қала болар,
Шеміршек оған жақын дала болар.
Жеменгер ішті-тісті мансаптылар,
Малыңды жылына бір санап алар.
2270. Сияқты ауылыңның Көң өзені,
Қазақтың айта берсең көп өзені.
Бір кезде мекені екен осы ауылдың
Аяғы ақ Ертістің Об өзені.
2271. Сөйткенде Сарбұлақ пен Талқы жетті,
Ішіне орыс салған өтіретті.
Ар жағы Сайрам менен Бұратала,
Жер екен малға жайлы қасиетті.
2272. Сол жағы Ащылының Бозат деген,
Ақ інген, ботасы өлсе, боздап келген.
Өлтіріп бір жолаушы атын сонда,
Жұртшылық содан бері «Бозат» деген.
2273. Сөз екен Жайыр деген — жайлы деген,
Бір шеті майы шыққан Майлы деген.
Жайырдың суы тұнық, шөбі шүйгін,
Семілер төрт маусымда малы жеген.
2274. Сұрасаң, атам — қазақ, жерім — Алтай,
Жол болған бас-аяғы аттыға алты ай.
Болғанда оңы — Байқал, солы — Балқаш,
Кемесі жөнелетін жүзіп малтай.
2275. Тағы да бір күзеуі Жалғызқұдық,
Қабаның дариясының суы тұнық.
Бір жұлған кәдесі май көбең терлеп,
Ертістің тұнығынан ішер суық.

2276. Тұрады Тарбағатай саласымен,
Түседі таудан арқар баласымен.
Көз тартып сонадайдан көлбей түсіп,
Жатады Түйемойнақ даласымен.
2277. Үштабан тауға таман таласады,
Алдынан бір сай келіп жанасады.
Бір сай бар — Көрсай деген аузы қыпша,
Ішінен асу қылып ел асады.
2278. Үліңгір ең аяғы көл болады,
Жағалай мекендеген ел болады.
Сауырдың бір қырқасы таяу тұрған,
Салбырты, Нарынқара бел болады.
2279. Бір тау бар бұдан былай қызылдаған,
Сонасы қысы-жазы ызылдаған.
Байлығы атамыздың сол емес пе,
Киізін алпыс жігіт ұзындаған.
2280. Бір тау бар бұдан былай жоталаған,
Көшпейсің қысы-жазы сол арадан.
Бақыты атамыздың сол емес пе,
Тайы туып, тайлағы боталаған.
2281. Бір тау бар бұдан былай бұлбұл қаққан,
Бір адам жайлаймын деп белгі таққан.
Байлығы сол бір таудың ол емес пе,
Жусанын жұлып алып отқа жаққан.
2282. Бір тау бар бұдан былай таудан сырттан,
Арқанды тауып алдық көшкен жұрттан.
Кеткенде аулың алыс, әй, қалқатай,
Қолдағы бөліп жейік жарты құрттан.
2283. Бір тау бар бұдан былай басы биік,
Болса да басы биік, шөбі сұйық.
Байлығы еліміздің ол емес пе,
Бауырында мекендеген құлан-киік.

2284. Қаратаудың басында қазылған жол,
Болдым сенің тіл алмас назыңнан қор.
Жақын қонған ауылың алыстаса,
Аш бүйірден кетпейді таянған қол.
2285. Ұранқай Әулиеге тиіп тұрар,
Еңсесі өзге таудан биік тұрар.
Есіме сен түскенде, сүйген сәулем,
Қыста да ішім оттай күйіп тұрар.
2286. Қаратаудың басында қабандаймын,
Қапелімде қара өлең таба алмаймын.
Таба алмасам, тап бермей тағат қылшы,
Қызыл тілім барында амалдаймын.
2287. Қаратаудың басынан қарай жаттым,
Қара айдарым беліме орай жаттым.
Алыс аулың кеткенде, қалқатайым,
Жолаушыдан жол түскен сұрай жаттым.
2288. Басында Қаратаудың кептер отыр,
Қанатын ұшайын деп ептеп отыр.
Бірге өскен кішкентайдан сүйген сәулем
Мал берген бір жаманға кеткелі отыр.
2289. Басында Қаратаудың лашын бар,
Келші деп саған жайған құлашым бар.
Кедейлік кежегемнен кейін тартып,
Берер мал таба алмасам, не лажым бар.
2290. Асқар шыңын күн сүйген алтын Алтай,
Таң нұрындай сәулелі салқын Алтай.
Көкірегінде көрікті қызыл гүлдей
Еңбек әнін шырқаған халқың Алтай.
2291. Байлығы мол, бақытқа батқан Алтай,
Ел шаттығын моншақ қып таққан Алтай.
Гүлденіп күн нұрымен шарықтай бер,
Өшкен шамын өмірдің жаққан Алтай.

2292. Алтай — Іле, ендеше, Алтай — Іле,
Құшақ жая қарсы алар Еміл күле.
Қазақ халқы жайлаған ежелден-ақ,
Түсті кілем түріндей жерім, міне.
2293. Қаратаудың басында қар болады,
Бөтен үйдің есігі тар болады.
Шолпан жұлдыз сен болсаң аспандағы,
Мына мендей ай саған пар болады.
2294. Қаратаудың басында қайың өскен,
Қара суды қақ жарып жайын ескен.
Бір желінің секілді құлыншағы,
Бірге жүрген күндерім кетпейді естен.
2295. Басында биік таудың ұлары бар,
Мойнымда өлең салар тұмарым бар.
Кез болған ұлы тойда құрбыласым,
Өзіңмен айтысуға құмарым бар.
2296. Тау басынан сен жаққа қарай жаттым,
Сатайын деп базарға мал айдаттым.
Тең құрбыдан айырылған жаман екен,
Көшкен елден білмек боп талай шаптым.
2297. Жапалақтап жауады таудың қары,
Еткен ісі жаманның әрі-сәрі.
Сені ойласам, бөлініп ойым онға,
Тамағымнан өтпейді жалғыз тары.
2298. Көрінген ту алыстан Найзақара,
Ол барда адаспайсың айдалада.
Аулық алыс кеткенде естелікке
Берейін тақия тігіп, жайға қара.
2299. Үлкен тау Тарбағатай көкке жеткен,
Жел соғып қысы-жазы дүрілдеткен.
Бауырына Жылытаудың біз қыстаймыз,
Жер қайда, сірә, мұндай көпке жеткен.

2300. Сауырдың мал қыстайды Мұқыртайын,
Ұясы дәрі дейді құрқылтайдың.
Мақтаншақ ақыныңды әкел бері,
Қамалап қара өлеңмен тұқыртайын.
2301. Ақ күмістей жайнаған таудың басы,
Көз ұялтар, қарасаң, меруерт тасы.
Суы — арасан, шөбі — бал, дертке шипа,
Жыл-жыл сайын өседі малдың басы.
2302. Ауылымның жайлауы Қарашоқы,
Басылмайды жайылған малдың тоғы.
Айттысамын дегенше меніменен,
Менен келіп өлеңнен дәріс оқы.
2303. Басында Қаратаудың бір топ терек,
Қыңыр сөз қисыны жоқ неге керек.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Туылған жан екенсің елден ерек.
2304. Басында биік таудың қар болады,
Су ессе өзен бойы жар болады.
Қадірін қолда бардың білмеген жан,
Бір күні елесіне зар болады.
2305. Басынан Қаратаудың құмай кетпес,
Қыран құс өлексеге құлай кетпес.
Болса да қанша сұлу қордың қызы,
Өзіңдей бір көргеннен ұнай кетпес.
2306. Басынан Қаратаудың қарға кетпес,
Қарағай тұрса, аршаны далда етпек.
Болса да қанша сұлу қордың қызы,
Өзіңдей оймақ ауыз жарға жетпес.
2307. Алтайдан жел соғады ызғырықтап,
Аламын өлеңіммен қыз құрықтап.
Бір көріп арманда боп қалып едім,
Ұстайын ақ білектен сізді мықтап.

2308. Басында Қаратаудың балқарағай,
Итерер жаман жолдас жарға қарай.
Кезінде кезеніп қал барың болса,
Кім білсін алда заман әлде қалай?!
2309. Алтайды деп айтады жер төресі,
Барқыттың жыртылмайды кенересі.
Өлеңді мен бастамай кім бастайды,
Ақынның болсам өзім немересі.
2310. Басынан Қаратаудың мойыл алдым,
Мойылды көріп сені ойыма алдым.
Кезігіп өзіңменен болар ма екен
Жеміске де, шаттыққа тойынар күн.
2311. Басында Қаратаудың бір топ ақ тал,
Қалқатай, бетің аппақ, шашың мақпал.
Сағынып дауысыңды іздеп келдім,
Шырқатып баяғы айтқан әніңе сал.
2312. Басында Қаратаудың бір топ марал,
Жақсының атақ-даңқы күнде тарар.
Шын сүйіп өз теңіне қосылғандар
Шығарда жанын жармен бірге санар.
2313. Күн нұр шашқан Бұлғынның биігіне,
Құлан жетпес ойнаған киігіне.
Жарқыраған айнадай көлдеріңнің
Жұмыртқалар аққу, қаз жиегіне.
2314. Басында Қаратаудың бір топ бұғы,
Жүреді жұбын жазбай ығы-жығы.
Жұп жазбай біз де бірге жүруші едік,
Өтті екен қандай ғана көздің сұғы.
2315. Қаратаудың басында ақ бұлт тұр,
Айтқан сөзің көңілімді шат қылып тұр.
Мен Қаратау болғанда, сен ақша бұлт,
Қонар ма деп жүрегім аптығып тұр.

2316. Қаратаудың басынан қарға кетпес,
Қарға қонып аршаны далда етпес.
Қанша сұлу болса да қордың қызы,
Өзім сүйіп ұнатқан жарға жетпес.
2317. Барады аулым көшіп Алатауға,
Жаз міндім жеңіл жылқы бие бауға.
Шын болса әлгі сөзің, сәулетайым,
Қалдырман көңіліңді денім сауда.
2318. Қаратаудың басынан құмай кетпес,
Құмай көрсе, жемтікке қонбай кетпес.
Қанша ұнатып қалса да әдепті адам,
Көрген жерден көз сүзіп, құлай кетпес.
2319. Қараймын көзім сүзе Көкшетауға,
Түрленткен Көкшетауды бақша-бауға.
Көңілің менде болса, шыдар едім
Бар малым қолымдағы кетсе дауға.
2320. Қаратауға қар жауар кетпейтұғын,
Шұқанаққа қақ толар кеппейтұғын.
Ауыздықпен алысқан асау кері ат
Үркітсең де күн болар теппейтұғын.
2321. Басында Алатаудың арал бар ма,
Аралда жайылатын марал бар ма.
Өріптес той-думанда кез келгенде,
Қазақта өлең айтпас адам бар ма.
2322. Ертіс қыстап жүруші ек, Алтай жайлап,
Қара сазға он екі бие байлап.
Кең алқапқа жарасып ақ боз үйлер,
Күнде жиын, күнде той, күліп-ойнап.
2323. Біздің жақтың жайлауы боз беткейлі,
Боз беткейден жайылған мал кетпейді.
Шөбі шүйгін, шаруа малға жайлы,
Бағаналы, Мансарға жер жетпейді.

2324. Туған жерім далаңды, кезеңінді,
Шалқып жатқан дария, өзенінді.
Шын жүректен құмарта жырға қосам
Құтты мекен аралап өз елімді.
2325. Мінемін кербестіні ышқындырып,
Шет жерде маңдытпадым іс тындырып.
Арманым бұл жалғанда болмас еді,
Көз жұмсам елге барып үш күн жүріп.
2326. Самал салқын Арқаның сары белі,
Қаракесек, Қуандық жайлайды елі.
Қарқаралы, Бесқызыл — жердің көркі,
Сұлу Көкше бауырында сексен көлі.
2327. Қара құрай сыбызғы кесіп алдым,
Сағынғанда жерімді есіме алдым.
Сағынғанда еліме жібермейтін,
Өкіметтің мен осы несін алдым.
2328. Біздің заман қай заман, жақұт заман,
Еңбекшіге орнаған бақыт заман.
Құлшылықтың құтылып бұғауынан,
Айға ұмтылып, биікке бастық қадам.
2329. Басталар Шудан әрі Бетпақдала,
Жайлауға кетті айналып сала-сала.
Күйетін құс қанаты ыстық шөлге,
Су тартып, сап жатырмыз жаңа қала.
2330. Ай туса, жарқырайды жанарыңыз,
Күн шықса, тотықұстай тараныңыз.
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,
Болып тұр нағыз бейбіт заманымыз.
2331. Көктемде желі кеңіп, көген толсын,
Семіртер қыста байлап дөнен болсын.
Еліне еңбек еткен азаматтың
Абырой, атағы артып өлең болсын.

2332. Басында Қаратаудың кептер отыр,
Қанатын ұшайын деп ептеп отыр.
Өріптес әзіл сөзге шамданды ма,
Неліктен айтыс бітпей кеткелі отыр?
2333. Басында Қаратаудың қары жоқ па,
Үйіңде қаралаған тары жоқ па.
Жеңіліп айтыста жол бермейтіндей,
Бетіңнің алағандай ары жоқ па?!
2334. Басында Қаратаудың бір топ бүрген,
Бір топ қыз атын ап жүр етек түрген.
Байқасам, сіздей заржақ көрінбейді
Ішінде ақындардың осынау жүрген.
2335. Басында Қаратаудың қайыры бар,
Шайнасаң, қарағайдың шәйірі бар.
Көңілің шыныменен менде болса,
Басымды құдалықтан айырып ал.
2336. Алтайдың алқабында Ақтау биік,
Тұрады шың құздары бұлтқа тиіп.
Дауысы қарлықпайтын өлең десе,
Түлеп ұшқан Ақтаудан мен ақиық.
2337. Басында Қаратаудың қамал бар ма,
Қосылар екі жақсы заман бар ма.
Ойнап, күл өлеңдетіп осындайда,
Бір күні келсе ажал амал бар ма!
2338. Басында Қаратаудың бір топ емен,
Құс қонар бір төбеге бір төбеден.
Сырласып ойын-тойда бірге отырсақ,
Өзара тең деп бізді жұрт елеген.
2339. Басында Қаратаудың бір топ терек,
Көңілім саған деген елден ерек.
Сырымды айту қиын, айтпасам да
Ұғарсың әр ісімнен болсаң зерек.

2340. Басында Қаратаудың бір топ шетен,
Арманға көңілге алған қашан жетем.
Өзгемен күн жүргенім, ай жүргенім,
Сені бір көргенімдей болмайды екен.
2341. Басында Қаратаудың топ қарағай,
Баруға сылтау табу боқтан оңай.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Күнім жоқ жүрмейтұғын жоқ қарамай.
2342. Басында Қаратаудың бір топ жиде,
Сені ойлап дала кезем, сыймай үйге.
Бірге өскен кішкентайдан, қимас қалқа,
Жат жерде түсті екенсің қандай күйге.
2343. Басында Қаратаудың бір топ ырғай,
Жүруші ем өзге ешкімге мойын бұрмай.
Өзіңе деген бітпес өкінішті
Өтермін дүниеден жырлай-жырлай.
2344. Басында Қаратаудың бір топ қайың,
Өзіңді мәз болушы ем көрген сайын.
Сан соғып қапылыста қалдым жалғыз,
Дертімді іш кернеген кімге айтайын.
2345. Басында Қаратаудың бір топ шілік,
Жүруші ек тату-тәтті ойнап күліп.
Ойымды енді айтсам ба деп жүргенде,
Біреу кеп көлденеңнен кетті-ау іліп.
2346. Басында Қаратаудың бір топ арша,
Көңілім ашылады әнге салса.
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,
Айрылдым қапияда амал қанша.
2347. Басынан Қаратаудың қарай жаттым,
Беліме айдарымды орай жаттым.
Кетті деп жарың жатқа естігенде,
Тұра алмай орнымнан он ай жаттым.

2348. Басынан Қаратаудың жылқы жидым,
Тау суық бола ма деп ішік кидім.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Көзіме келген жасты зорға тыйдым.
2349. Қаратау қойнауында қалды қойым,
Би билеп, өлең айтып, салдым ойын.
Өнерім тасығаннан емес бәрі,
Өзіңді бір қарату — барлық ойым.
2350. Басында Қаратаудың топ самырсын,
Ән салам дауысымнан дөп танырсың.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жерім жоқ іздемеген, қайда жүрсің?
2351. Қаратау қойнауында бір топ киік,
Өрмелеп бара жатыр шыңға биік.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Мәжнүңдей мен де кетем тартып күйік.
2352. Басында Қаратаудың бір топ ұшқат,
Манатпен түлкі тұмақ бердің тыстап.
Қалмады айтпаған сөз, ашпаған сыр,
Кез келді уәделі сөзіңді ұстат.
2353. Басында Қаратаудың өскен топ тал,
Етің ақ, әрі жұмсақ бейне мақпал.
Құшақтап көрген сайын сүйер едім,
Ерекше әдетім бар әдеп сақтар.
2354. Басында Қаратаудың бір топ шынар,
Сен айтқан сөздің маған бәрі ұнар.
Оңаша мен бір сырды айтар едім,
Болсаң сен ықыласпен мойын бұрар.
2355. Басынан Қаратаудың мойыл алдым,
Тандаулы баған, құрық, сойыл алдым.
Күн көріп жаңа ашылған гүлді көріп,
Ұқсатып, қалқам, сені ойыма алдым.

2356. Басында Қаратаудың бір топ қайың,
Қайыңды көрген сайын бір тоқтайын.
Кеште жоқ таңда ойлаған тәтті қиял,
Деуші едім құрбыларды бір топтайын.
2357. Қаратау қойнауында бір топ марал,
Тасаға тақыр шықса дереу тарар.
Жерімнің жанды көркі байлығына,
Ешкімнен келмесе екен ешбір залал.
2358. Қаратау қойнауында бір топ бұғы,
Қашып кетіп барады ығы-жығы.
Амандық тілеп ұзақ тұрдым қарап,
Мергеннің тимесін деп атқан оғы.
2359. Басында Қаратаудың қар болады,
Өмірлік тең-тұс қана жар болады.
Сен болсаң аспандағы шолпан жұлдыз,
Мендей ай сол жұлдызға пар болады.
2360. Сауырдың бір асуын дейді Шауқар,
Шөбі шүйгін, суы бал, тасы гауһар.
Әріптесті айтысар таңдап әкел,
Бойында тіресе алар болсын гауһар.
2361. Сауырдың мал қыстайды Мұқыртайын,
Ұясы дәрі дейді құрқылтайдың.
Әріптесім айтысар осы болса,
Бас салып қара өлеңмен тұқыртайын.
2362. Басында Қаратаудың бір топ шынар,
Шынардың басын тартсаң, түбі сынар.
Тірлікте ойын-тойда әндетіп қал,
Өлген соң көрден кімнің үні шығар.
2363. Басында Қаратаудың қар борайды,
Басына керім жігіт сәлде орайды.
Сәлдесін бір ораған қайта орайды,
Басына ол шіркіннің кім қарайды.

2364. Басынан Қаратаудың қарсақ жүрер,
Жолынан жаман жігіт жаңсақ жүрер.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Көргенше бірін-бірі аңсап жүрер.
2365. Басынан Қаратаудың асып келдім,
Жайқалтып жапырағын басып келдім.
Сүйікті сүйген сөулем болғаны үшін,
Дариядай жалғыз өзім тасып келдім.
2366. Басынан Қаратаудың қар бораған,
Сол таудан дария тасып, су тараған.
Сұлу қыз, көркем жігіт бәрі сонда,
Дарига-ай, неге келдім сол арадан.
2367. Басында Қаратаудың мұнары-ай көп,
Жарасар самаурынға шыны-шөйнек.
Сен маған, мен де саған жарасамын,
Айтсын ел тату-тәтті тұрысы-ай деп.
2368. Тауға шығу ең жақсы ісім енді,
Тауға шықсам, тасиды күшім енді.
Бесік етіп биігін қалғып кетсем,
Құрбы-құрдас бірге өскен түсіме енді.
2369. Басында Қаратаудың қары бар ма,
Үйінде қаралаған тары бар ма.
Өлеңмен жеңгенімді неге ұқпайсың,
Бетіңнің алақандай ары бар ма?!
2370. Басында Қаратаудың қақ тұрмайды,
Жақсы қыз іздегенге таптырмайды.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқасам,
Тыржындап кемпір-шалы, жақтырмайды.
2371. Көкшетау кейде қарлы, кейде қарсыз,
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.
Дарияның жарға соққан толқынындай
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.

2372. Қаратау, мен қайтейін биігіңді,
Баурыңнан атар ма едім киігіңді.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Басамын қайда барып күйігіңді.
2373. Қаратау кейде тұман, кейде мұнар,
Жақсыға жайды білер жаным құмар.
Жақсыға жанымды ұғар болсам душар,
Баптар ем жүйрік аттай тағып тұмар.
2374. Қаратау бірде мұнар, бірде тұман,
Аяғын әсем басар зорға құнан.
Жақсымен өздеріңдей сырласқанда,
Ездіріп құрт ішкендей шерден шығам.
2375. Қоңыртау, қарың қайда омбылатқан,
Сай қайда суық соғып, суы қатқан?
Шаттанып жақсы жазға ән салады,
Саяңда салқын бұлақ орғып аққан.
2376. Қаратау құлазиды ел кеткен соң,
Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң.
Көңілді дәурен сүріп жүре алмаспын,
Қасымнан, қалқатайым, сен кеткен соң.
2377. Басынан Алатаудың құдым арқар,
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар,
Бір көріп дидарыңа болдым құмар,
Құмарым құшып, сүйіп қашан тарқар.
2378. Басынан Алатаудың аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.
Өсектің қармағына ілігер деп,
Атыңды өлеңіме қоса алмадым.
2379. Тартады тау жадағай обасы жоқ,
Көрінер көл жадағай қоғасы жоқ.
Жігітке қайыры жоқ адам ермес,
Мал тұрмас құба жонға панасы жоқ.

2380. Алтайдан жел соғады ызғырықтап,
Аламын өлеңіммен қыз құрықтап.
Көре алмай көптен бері жүруші едім,
Ұстайын ақ білектен сізді мықтап.
2381. Әр жыл сайын құм қыстап, тау жайлаймын,
Тайым жорға болсын деп шаужайлаймын.
Ақындықпен өлеңді мен айтпаймын
Қойға күзет болсын деп айғайлаймын.
2382. Әр таудың өзіне тән қиясы бар,
Қияның шөбін шаппа, миясы бар.
Өлеңді айт дегенде бөгелмеймін,
Жел сөздің көмейімде ұясы бар.
2383. Үйренген жортуылдап торы ат тауға,
Жарарлық олжамыз бар жол ақтауға,
Болғанда сіз — бәйтерек, біз — ақ сұңқар,
Кеп қалдық бұтағыңа қонақтауға.
2384. Ажарыңнан айналдым алтын сары,
Жаз болса да кетпейді таудың қары.
Сен алысқа кеткенде сенер болсаң,
Тамағымнан өтпейді жалғыз тары.
2385. Тобылғы тауға біткен майысады,
Қабырғам сені ойласам, қайысады.
Өзіңнен айырылған соң, қайран сәулем,
Жылаумен жарың күнін тауысады.
2386. Биік таудың басында бір топ шынар,
Көптен бері өзіңе болдым құмар.
Жатсам-тұрсам ойымнан бір шықпайсың,
Құмарланған көңілім қашан тынар.
2387. Барған жұрт Баркөрнеуді биік дейді,
Тұрады бұлтқа басы тиіп дейді.
Жігіттің шықпаса аты еш нәрсемен,
Шығарар туған жерін сүйіп дейді.

2388. Биік таудың басына бұлт айналсын,
Жаның шығып бара ма, көз байлансын.
Екі жастың тілеуін берсе тағдыр,
Аспандағы ай бұлттан шықпай қалсын.
2389. Асып туған өзгеден асыл ханша,
Күт жылқымды ақ таудан асырғанша,
Құзырыңның барында қудай жайқа
Ақ жүзіңді қара жер жасырғанша.
2390. Тауға біткен мен бір түп шынар едім,
Өнеріммен еліме ұнап едім.
Дәм айдап бүгін, міне, кезің келді,
Сырласуға өзіңмен құмар едім.
2391. Мінгенім астымдағы күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып, қалқам, сенен жүрем деген.
2392. Таудың елі жайлай дүр тайпағына,
Құндыз ұстап киемін байпағыма.
Зерек болсаң, білерсің іштей ғана,
Не сыр айтып отырмын байқадың ба?
2393. Қаратаудың басында бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас.
Кішкентайдан бірге өскен қалқатайым,
Төбем көкке жетсе де, ұмыт болмас.
2394. Қаратаудың басында қыраным бар,
Қыран ұшса көкқұтан қылады зар.
Алыс аулың кеткенде сағынғанда
Саған арнап шығарған бір өнім бар.
2395. Басың биік Алатау тақиядай,
Шалғыныңды қыз, жігіт жапырады-ай.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп жалған барады қапияда-ай.

2396. Күн туса өзге түгіл тау құлаған,
Етекке таудың тасы саудыраған.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Көзіңді көп сағындым жаудыраған.
2397. Басың биік Алатау қары кетпес,
Ақ жүзінен сұлудың өрі кетпес.
Сен есіме түскенде, беу, қалқатай,
Тамағымнан бір түйір тары да өтпес.
2398. Басында Тарбағатай тошала-ды,
Уысым тошаладан босамады.
Досым деп кей жаманға қол ұсынсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.
2399. Басында биік шыңның ұлары бар,
Ойға жаңбыр, ал шыңға жауады қар.
Жақсыға жайды білер бір сөз айтсаң,
Жаныңды жай тапқызар жауабы бар.
2400. Басынан Қаратаудың қарай жаттым,
Беліме айдарымды орай жаттым.
Кеткенде аулың алыс, дерегіңді
Жол тосып жолаушыдан сұрай жаттым.
2401. Құйқалы Қаратаудың қойнауында,
Кел, досым, жолың түссе қойлы ауылға.
Білесің білмей жүрсең мал қадірін,
Кекіріп қозы етіне тойғаныңда.
2402. Қаратаудың басынан қарай жаттым,
Қара айдарым беліме орай жаттым.
Құрбылардан айырылған қиын екен,
Қайғы, уайым түбіне талай баттым.
2403. Қазығұрттың басында мұнары бар,
Ақ ботаның мойнында тұмары бар.
Ақ жүзіңді көрместен тұра алмаймын,
Көңілімнің тарқамас құмары бар.

2404. Қазығұрттың басынан түсер тұман,
Ақсай басып келеді зорға құнан.
Есімді алып өзіңе ынтықтырған,
Айналдым мен назерке қылығыңнан.
2405. Таудың суы ағады асыр-тасыр,
Тасырлатып жылқыңды таудан асыр.
Сендей жанға жамандық ойлағанның
Шатырлатып басына түссін жасыл.
2406. Басынан Қаратаудың мұнар түсер,
Нәсерден тұнған қақты құлан ішер.
Сылтаулап қызды ауылға жиі келіп,
Күлімдеп сері жігіт аттан түсер.
2407. Алатаудың басында қайрақ жатыр,
Ауыл малын жайлауға айдап жатыр.
Күндіз-түні қасыңнан шықпас едім,
Қу тіршілік қолымды байлап жатыр.
2408. Қаратаудың басынан құдым ұлар,
Жастайымнан жел сөзге болдым құмар.
Бар өнерді саламын өлеңіме,
Сөз асылын тапсам деп саған ұнар.
2409. Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы,
Шөлдегенде қара су шайдан жақсы.
Бір сөз айтсаң жаманға кек алады,
Масатыдай құлпырған қайран жақсы.
2410. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,
Тигізбе залалыңды, пайдаң жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,
Еріген сарымайдай қайран жақсы.
2411. Аспанда бір жұлдыз бар айға таман,
Жүреді жарлы байғұс байға таман.
Шын болса әлгі сөзің, қалқатайым,
Барайық қол ұстасып сайға таман.

2412. Өуеде бір жұлдыз бар ай секілді,
Кей жаман бас білмеген тай секілді.
Өлеңді келген жерден қоя берер,
Баласы жақсы атаның хан секілді.
2413. Аспанда ай болмаса адасады,
Көңілді көтермесе кір басады.
Көңілі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты, кілт болмаса, кім ашады.
2414. Ай батса, қалар дала күңгірт болып,
Көктемде қой өледі қылқұрт болып.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз біз де бір күн жым-жырт болып.
2415. Аспанда бір жұлдыз бар жылыстаған,
Қолына батыр жігіт ту ұстаған.
Жақсымен сөз байласып, басың қоссаң,
Жар болар өмір бойы суыспаған.
2416. Аспанда Үркер алты топ тұрады,
Өлеңді білген желдей соқтырады.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Жолдасым, жолың болсын деп тұрады.
2417. Есімі шоқжұлдыздың Үркер ме еді,
Түйені қатар-қатар тіркер ме еді.
Аттатып оң аяқпен босағадан,
Басыңа жібек шәлі бүркер ме еді.
2418. Аспанда Үркер алтау, Шолпан жалғыз,
Өмірге өтіп кеткен армандамыз.
Барында оралыңның ойна да күл,
Мәңгілік тұрмаймыз бұл жалғанда біз.
2419. Үркер — айдың ұлдары, Шолпан — қызы,
Қауыспенен қатады Сырдың мұзы.
Жамалыңа қарасам, жан жетпейді,
Секілдісің бейне бір жер жұлдызы.

2420. Туады таң алдында Есекқырған,
Көр-жерді дос болмайды есеп қылған.
Арадан қыл өтпейтін тату едік,
Біздерді дұшпан оңбас өсек қылған.
2421. Әуеде алты жұлдыз аты — Үркер,
Түйеге кебежелі бота тіркер.
Ойнайтын құлын-тайдай тең емессің,
Көргенде сен жаманды денем Үркер.
2422. Қозғалмас жұлдыз аты — Темірқазық,
Бәйгеге жүйрік шабар бауырын жазып.
Көтеріп ақ тамақтан бір сүйгізсең,
Өзіме болар еді бір жылға азық.
2423. Шоқ жұлдыз аспандағы Үркер жұлдыз,
Секілді жылтылдайды жібек, құндыз.
Жұлдыздан аспандағы кем көрмеймін,
Айта түс өлеңіңді ақсары қыз.
2424. Ай да аспанда емес пе, күн де аспанда,
Аспанды көр жұлдыздар ымдасқанда.
Қуанысып олар да нұрын шашар
Жерде екеуіміз оңаша бас қосқанда.
2425. Аспанда бір жұлдыз бар — Темірқазық,
Бәйгеден ат келеді баурын жазып.
Қалқатай, ақша беттен бір сүйгізсең,
Құрбыңа болар еді алты ай азық.
2426. Аспанда Үркер алтау, жұлдыз сансыз,
Жортады қараңғыда қасқыр жансыз.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні жетіп келер ажал арсыз.
2427. Жұлдыздар аспандағы түн гүлі ғой,
Сағыныш жүрегімді үңгіді қой.
Көзіңе сенің оны көрсетпеген,
Үйіңнің бүркеп жапқан түңлігі қой.

2428. Аспанда бір жұлдыз бар айдан қалған,
Көк серке маңырап жүр қойдан қалған.
Көрсеткен өнерінді көпшілікке,
Өлеңің кімге керек тойдан қалған.
2429. Шолпан туса, білеміз таң атқанын,
Таудай болсын, балалар, талаптарың.
Құдірет те Құдайдың бір-ақ күнде,
Он сегіз мың ғаламды жаратқанын.
2430. Жымындаған жұлдыз жүрер аспанменен,
Бұйрықтан кім құтылар қашқанменен.
«Құдайсыз қурай сынбас» деген сөз бар,
Жоқ табылмас сарылып тосқанменен.
2431. Келеді таң да атып, жұлдыз қашып,
Барады көзін ашып ұйқы басып.
Жеңе алмай бір-бірімізді таңға айтыстық,
Қос қалқа, қоштасайық құшақтасып.
2432. Аспанда жұлдызы бар айдан аппақ,
Қасыңа әрең жеттім тайғанақтап.
Шам алып алты әлемді айналса да,
Ақылды сендей сұлу қайдан таппақ.
2433. Жұлдызы біздің жақтың ай секілді,
Құнаны, ат, құлыны тай секілді.
Қарасам жамалыңа, жан жетпейді,
Бізге тек көрінесің сай секілді.
2434. Жұлдыз көп аспандағы саналмайды,
Арманға адам тура бара алмайды.
Болса да біреу малды, біреу бақты,
Көңілде көксегенін ала алмайды.
2435. Аулым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
Не де болса ойыңды ашып айтшы,
Көңілімнің қарамай қалғанына.

2436. Аулым көшіп барады Қарғалыға,
Жарасар қара шекпен жорғалыға.
Асығыс әр кеш сайын аттанамын,
Аршын төс, алма мойын сырғалыға.
2437. Аулым көшіп барады Қоғалыға,
Қоғалы төменде емес жоғарыда.
Шын болса әлгі сөзің, ай-ау, қалқа,
Бір жерде күндіз-түні болалық та.
2438. Аулым көшіп барады Қызылжарға,
Шығыстан таң рауаны сызылғанда,
Осы әнге қоңырлатып сала бердім,
Көңілім өзіңді ойлап бұзылғанда.
2439. Аулым көшіп барады Көлмекөлге,
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.
Мұншама азабыңды тартпас едік,
Бұл жерге тағдыр айдап келмегенде.
2440. Аулым көшіп барады Кіндіктасқа,
Емес пе жекеліктен бірлік басқа.
Қолымнан қағаз алып, қағаз берші,
Айтысқан уәдені бұлжытпасқа.
2441. Аулым көшіп барады Құмкөшуге,
Тегінде түйе жақсы мінгесуге.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Ешкіммен көңілім соқпас тілдесуге.
2442. Аулым көшіп барады Құрайкөлге,
Жарасар дүрия бешпет қынай белге.
Кеткенде аулым алыс, сәулетайым,
Көзіңнен айналайын жылай көрме.
2443. Аулым көшіп барады Көкқауланға,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.
Жазатайым жаманмен сөз байласаң,
Өрі-беріден соң кетеді көңілі ауғанға.

2444. Аулым көшіп барады Ошағанға,
Үйіріп құрық салдым қашағанға.
Орнымнан жатсам-тұрсам сені тілеп,
Мың мәрте жалбарынам Жасағанға.
2445. Аулым көшіп барады Ылайқаққа,
Жарасар жайсам кілем нар тайлаққа.
Көңілің шыныменен болса менде,
Жамылып ала шапан шық аулаққа.
2446. Аулым көшіп барады кең жайлауға,
Келіп-кетіп жүре гөр сайрандауға.
Көрген жерден ұнаған, беу, қарағым,
Асығамын ақырғы сөз байлауға.
2447. Аулым көшіп барады Даулы құмға,
Құрықтың мұз қатады баулығына.
Бір жұмыс екі қолға табылады,
Денімнің қуанамын саулығына.
2448. Аулым көшіп қонды Керменкөлге,
Керменкөл — келісті жер серуендеуге.
Басымнан қайғы бұлты ыдырады,
Қалқатай, уәдеңді берген жерде.
2449. Аулым көшіп барады Белтұрғанға,
Желпілдейді түңілік жел тұрғанда.
Күн мен айын өзгенің не қылайын,
Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда.
2450. Сұрасаң, біздің ауыл Белтұрғанда,
Ұзын ағаш ырғалар жел тұрғанда.
Ауыстырман мен сені өзгеменен,
Ақ бетінде жарасып мең тұрғанда.
2451. Аулым көшіп барады белден асып,
Бұлтпен белден асқан араласып.
Бірге өскен кішкентайдан, қалқатайым,
Айрылдым қандай күні қара басып.

2452. Аулым көшіп барады таудан асып,
Таулардың тасырлаған тасын басып.
Құрбыжан, жеңілгеннің белгісі ме,
Орныңнан қайда кеттің тұра қашып.
2453. Аулым көшіп барады қыр басына,
Болар ма сырын айтпас құрдасына.
Екі асар ебін тапқан дегендейін,
Болар ма ебін таппас бір басына.
2454. Барады аулым көшіп өзекпенен,
Өзінді жөн білер деп көздеп келем.
Төпемей басқа-көзге салған жерден,
Айтсаңшы сөзді тосып кезекпенен.
2455. Барады аулым көшіп Қособаға,
Жарасар ақ сұңқарға жез томаға.
Көңілің шыныменен болса менде,
Аямай аттың терін кел қонаға.
2456. Барады аулым көшіп Бел басына,
Жарасар өрме жүген кер басына.
Әріптес болсаң маған шалқаламай,
Жамыл да орман ішік кел қасыма.
2457. Көшкенде жүк артқаным сары тайлақ,
Жібердім оттасын деп қаққа айдап,
Бірге өскен кішкентайдан еркетайым,
Жатар ма ек бір төсекте талшын шайнап.
2458. Көшкенде жылқы айдаймын Жалбаспенен,
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ауыл-аймақ аман ба мал-баспенен.
2459. Көшкенде жылқы айдаймын дөненменен,
Жаз жайлап, күз жіберген көбеңменен.
Көргенде тілім батпас сөздерімді,
Айтамын саған, қалқам, өлеңменен.

2460. Көшкенде жылқы айдаймын кер төбелмен,
Жайлауға таңдап қонар ерте келген.
Жаңғырта жол-жөнекей өн салғанда,
Жастардың көңілі өсіп бір кенелген.
2461. Көшкенде жылқы айдаймын жиренменен,
Жаратып жал-құйрығын түйгенменен.
Кісіге кісі жары жар болмайды,
Құр ойнап, құрбысынып күлгенменен.
2462. Көшкенде жылқы айдаймын Тайкерімен,
Самаурын жарасады шәйнегімен.
Кеткенде аулың алыс, қалқатайым,
Қараймын сағынғанда әйнегіммен.
2463. Көшкенде жылқы айдаймын Сарыменен,
Сентрал мылтық аттым дәріменен.
Бетіңнің алақандай қызылы үшін,
Аулыңның араз болдым бәріменен.
2464. Көшкенде жылқы айдаймын Аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Сағынып сарғаямын санаменен.
2465. Көшкенде жылқы айдаймын Ақтабанмен,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.
Айтпаса, ішкі сырды кім біледі,
Не пайда сары алтындай сақтағанмен.
2466. Көшкенде жылқы айдаймын Ақтабанмен,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.
Сүймесең, сүйікті жар бола алмайсың,
Келін болып босаға аттағанмен.
2467. Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің болма жолдас қорыменен.
Сөз айтсаң кей жаманға, қорқытады,
Бопсалап өз қолында жоғыменен.

2468. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.
Ғашық жар, кетер болсаң, мені ала кет,
Сиқым жоқ адам болар сенен қалып.
2469. Көшкенде жылқы айдаймын тай көкпенен,
Жарасар самаурын шәйнекпенен.
Ақ адал көңілімді қалдырмассың,
Көркіңе ақылыңды сай деп келем.
2470. Көшкенде ер саламын Қаракерге,
Көңіліңе, артық айтсам, ала көрме.
Барында оралыңның ойна да күл,
Кірмейтін пенде бар ма қара жерге.
2471. Ауылымның қонғаны бел болады,
Жаңбыр жауса, аққан су сел болады.
Уәделі жеріңе келмей қалсаң,
Күте-күте көңілім жер болады.
2472. Ауылымның қонғаны тастақ төбе,
Жарайды қаймақ барда қаспақ неге?
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Жүргенің өзімсініп қандай неме?!
2473. Ауылым қонған Алтайдың адырына,
Жылқымды айдап салдым балдырына.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз көпшіліктің қадіріне.
2474. Ауылым қонған Таластың бүгіліне,
Жусанның қой тоқтамас түбіріне.
Күл де ойна гүлің барда тіршілікте,
Келмейді неге шамаң бұл күнінде.
2475. Ауылың көшіп алысқа қонды жырақ,
Ат шаптырым арада біздің тұрақ.
Жеңіл қарап жастықтың жалынына,
Жер шалғай деп ұмытып кетпе бірақ.

2476. Ауылым көшіп жатыр, қонып жатыр,
Уығын сыртылдатып жонып жатыр.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Арманым саған айтар толып жатыр.
2477. Ауылым асқар таудың етегінде,
Жақсы адам жүрмес кісі жетегінде.
Көңілдің қалауымен қарманып қал,
Деннің сау, бастың аман-есенінде.
2478. Ауылым Өтебайдың қырасында,
Бірде қар, бірде жаңбыр бұрғасында.
Мойныға ақ білекті орай салсам,
Алмасам өзім жазып қырқасың ба!
2479. Ауылыңды бетке аламын Тарланменен,
Қайтамын түк өндірмей барғанменен.
Күлейін, ойнайыншы десем дағы,
Барады дәурен өтіп арманменен.
2480. Ауылым Алатаудың аясында,
Теңейін, құрбым, сені қай асылға.
Алдыңнан ақ түлкідей қылаң етсем,
Қыран боп қанатыңды жаясың ба?!
2481. Ауылым отыр Таластың шұқырында,
Мін болмайды сұлудың мықынында.
Қадірге бір жетер деп үміттенем,
Еш кінәрат жоқ еді тұқымыңда.
2482. Ауылым асқар таудың қуысында,
Қалампыр, талшын гүлі уысымда.
Өзіңе берген сертті орындауға
Барамын келер айдың туысында.
2483. Ауылым өзен судың аңғарында,
Кей жаман талтаңдайды мал барында.
Ауылыңа осы кеште жетсем керек,
Мойнында шым күреңнің жал барында.

2484. Ауылым Жақсыбайдың жырасында,
Сөзінде уәделескен тұрасың ба.
Толқымай сөз түйінін бір-ақ айтшы,
Жүрегім түссін, жаным, ұясына.
2485. Ауылымның жайлауы бел болады,
Бел жағалай қаз-қатар ел қонады.
Қашан саған қолым бір жетеді деп,
Қапаланған көңілім жер болады.
2486. Біздің ауыл Шыңбұлақ басында отыр,
Адам бармас қып-қызыл тасында отыр.
Шыныменен шын көңілің болса менде,
Көшіп келіп үйімнің қасында отыр.
2487. Біздің ауыл жоғары Бесіктаста,
Сәлем беріп кіріп кел, есікті аш та.
Төрге шық та, қызықты әңгімеңді айт,
Асықпасаң шапанды шешіп таста.
2488. Біздің ауыл Жәркенттің бер жағында,
Баркөрнеуден соғатын жел жағында.
Көзіндегі шын болса күлкің, жаным,
Ел жатқан соң жамбастап кел жаныма!
2489. Біздің ауыл Теректі жотасында,
Қоңырау жүр түйенің ботасында.
Жан аңсаған сен берсең жауабыңды,
Үлкендердің алар ем батасын да.
2490. Біздің ауыл жайлаудың төріне ала,
Ойы жарық, күні ашық, жері дала.
Күн құрғатпай қолымнан қымыз ішіп,
Келіп-кетіп тұрсаңшы, сері бала.
2491. Біздің ауыл, сұрасаң, шыңнан биік,
Қазинадан көйлегім сегіз қиық.
Сен есіме түскенде сенер болсаң,
Жата алмаймын аунақшып ішім күйіп.

2492. Біздің ауыл Ақсудың басына ала,
Басындағы жаулығың жасыл ала.
Ат терлетіп алыстан келгенімде,
Тым болмаса отыршы қасыңа ала.
2493. Біздің ауыл жоғары жотадағы,
Таққан үкі жарасар ботадағы.
Жауабымыз жақпаса, кешіріңіз,
Біз емеспіз жігіттің сотанағы.
2494. Біздің ауыл Үйгентас белінде отыр,
Өзің көрген баяғы жерінде отыр.
Өлгі сөзің шын болса, қимас қалқа,
Сағат сайын көзіме көрін де отыр.
2495. Аулым көшіп барады Алдиярға,
Арқандаулы ат жақсы мал жиярға.
Жазатайым жаманға ісің түссе,
Жарамайды қолыңа су құярға.
2496. Біздің ауыл жоғары майда құмда,
Бота сұлу көрінер тайлағында.
Оралыңа бір келсе, екі ойнап қал,
Жігіт — алтын, қыз — күміс бойдағында.
2497. Біз көштік Жемнің бойын жоғары өрлеп,
Күреңге тақтым тұмар алтын зерлеп.
Көп солдат Аتكелдіден шыға ма деп,
Асықтым мінгенімше атымды ерлеп.
2498. Сайран салып бір жүрдік Көлмекөлде,
Жайлауға аулың көрмес ем келмегенде.
Келесі жыл тағы да кездесерміз,
Күн күркіреп, жаз шығар өлмегенге.
2499. Көшкенде жылқы айдадым белеңменен,
Қара көк өзі сұлу дөненменен.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жүремін жоқтай-жоқтай өлеңменен.

2500. Аулыңның қонған жері Қарабұлақ,
Аулыңды әрең таптым елден сұрап.
Естуге лебіңді құмар едім,
Әр сөзің айтқан сайын барады ұнап.
2501. Шығады ертең көшім жолға деймін,
Мінемін ел көшкенде зорға деймін.
Қалғанда алыс аулың амал бар ма,
Жүреді шықпаған жан зорға деймін.
2502. Қонған жері аулымның Қаратал-ды,
Қарай-қарай жолыңа көзім талды.
Уәдеңе осы айтқан болсаң берік,
Аямас ем сен үшін шыбын жанды.
2503. Майтөбе біздің ауыл шат басында,
Ала арқан алты құлаш ат басында.
Көңілің алабұртқан болса менде,
Жаудырап екі көзің жат қасымда.
2504. Естідім де көшкенін аулың тауға,
Ақ құйрық шай аулыңа қылдым сауда.
Қара басым сауында қам жемеймін,
Күнде жиын, күнде той, денім сауда.
2505. Ауылым көшіп барады Қараспанға,
Түтін салып қоямын адасқанға.
Бір көруге өзінді құмар едім,
Қуанамын даусымыз жарасқанға.
2506. Бойында отыр ауылың Бөкенбайдың,
Өзің барда бір соқпай кете алмаймын.
Алыс жүрсең, әрқашан ойымдасың,
Жақын жүрсең, жаныңа жете алмаймын.
2507. Ауылың көшіп барады Көлмекөлге,
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.
Алыс болса Көлмекөл жаяуға алыс,
Астында аты барға алыс жер деген не?!

2508. Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кімді тағдыр жеткізген арманына.
Талай жерде сенімім селге кетіп,
Бұл өмірдің түсіндім жалғанына.
2509. Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,
Қай дегені пенденің болып жатыр.
Көпті көріп, көп жасап келсем дағы,
Арман деген көңілде толып жатыр.
2510. Жүк сәулетті көрінер түйеге артқан,
Белге салып жігіттер арқан тартқан.
Суы да емес, жайлаудың гүлі де емес,
Қызды ауылдың көші қой көзді тартқан.
2511. Таң атқалы бұл маңай абың-күбің,
Көшіп жатыр аулымыз таудан бүгін.
Өз үйіме жете алмай мен алаңмын,
Қыз көшінің түзетіп ауған жүгін.
2512. Көлік белі қайыспас жеңіл жүкке,
Қоныс таңдап көшуден еріндік пе.
Ауылыңның қасына еру болдық,
Шақырар деп тым құрыса ерулікке.
2513. Тауға көшіп барады бай шөмекей,
Ойдағыны жеткізер тіл, көмекей.
Тойда өлең айтысып біліс болдық,
Танысып ек анада жол-жөнекей.
2514. Су жағалай өседі ой балдырған,
Ауылыңды ойпаң жерге кім қондырған.
Атыңды айтсам, артыңа қарамайсың,
Айтшы, осынша көңіліңді кім қалдырған.
2515. Ауылымыз бір қонып, бір көшуде,
Жақсы емес пе жуас ат мінгесуге.
Ебін тауып оңаша жанасам да,
Жарамадың, қайтейін, тілдесуге.

2516. Аулым көшіп барады тау басына,
Неге әкеңнің барасың саудасына.
Шырылдатып сатады малға неге,
Қарамай ма ағылған көз жасына.
2517. Барады аулым көшіп Қызылжарға,
Шолпан туа таң нұры сызылғанда.
Осы әнге қоңырлатып сала бердім,
Көңілім сені ойлап бұзылғанда.
2518. Барады аулым көшіп егіндікке,
Киемін жібек көйлек жеңілдікке.
Сәулемнің сағындырған аулын көрсет,
Берейін не сұрасаң көрімдікке.
2519. Барады аулым көшіп Талдыапанға,
Бүкпесең су тоқтамас алақанға.
Балаға жыламаған емшек бермес,
Шиқылдар аузын ашып балапан да.
2520. Ауылың олай көшкен, бұлай көшкен,
Бауырын ақ атанның арқан кескен.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Дегенің «қош, есен бол» шықпайды естен.
2521. Жаркенттің біздің ауыл бер жағында,
Биіктің Баркөрнеудей жел жағында.
Шын көңілің шыныменен менде болса,
Еңбектеп ел жатқан соң кел жаныма.
2522. Қарасу есік алды тасқыны бар,
Болса да тасқыны бар, тынысы тар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Құрбынды бір көруге боларсың зар.
2523. Астыма мінген атым ақтанау кер,
Шығады қинағанда маңдайдан тер.
Сыйламас танымасын дегендейін,
Жігітке қиын екен көрмеген жер.

2524. Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Өлеңді айтқан жақсы жөніменен.
Еріксіз сүймегенге қосақталып,
Қалқаның қалың болды соры неден?
2525. Көшкенде жылқы айдаймын құламенен,
Келуші ем ауылыңа жыраменен.
Басымды не сиқырмен әуреледің,
Қойдың ба айналдырып дұғаменен.
2526. Көшкенде жылқы айдаймын қызылменен,
Күлтелі құйрық-жалы сүзілмеген.
Кетсе де аулың да алыс, көңілің де алыс,
Күдерім әлі өзіңнен үзілмеген.
2527. Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Қалқам едің ақылды, дана деген.
Серттен тайып шынымен кеткенің бе,
Тіл табысып жазғырған жаламенен.
2528. Көшкенде жылқы айдаймын сарыменен,
Шаштырдым арпа, бидай, тарыменен.
Тілегін екі жастың беріп Құдай,
Қойсашы қосып-қосып парыменен.
2529. Барады аулым көшіп Көкшетауға,
Ұқсайды Көкшетауым бақша-бауға.
Шыныменен көңілің менде болса,
Өкінбеймін бар малым кетсе дауға.
2530. Жылқы айдаймын көшкенде Керіменен,
Еркім жоқ кездескелі сеніменен.
Аулыңа айналсоқтап күнде келем,
Келуге сылтауым жоқ телімеген.
2531. Қонғаны ауылымның шалғынды сай,
Айқасып асыр салар құлын мен тай.
Болмайды игіліктің ерте-кеші,
Бақ қонар біреуге ерте, біреуге жай.

2532. Ауылым көшіп жатыр кемердегі,
Жылқының көзі жаман тебердегі.
Бүгінді емес, ес барда ертеңді ойла,
Бидайдың диірмен қой келер жері.
2533. Қонған жері аулыңның иін екен,
Екі иықты көтерген киім екен.
Ата-бабам кезінде қол бастаған,
Той бастау неге одан қиын екен?!
2534. Көшкенде жылқы айдаймын тау сағалап,
Жаңылар жүрісінен шаршаған ат.
Келейін өз басыңа енді аяңдап,
Жүрсің бе аман-есен, сау-саламат?
2535. Барады аулым көшіп Қараталға,
Жүк артып, кілем жауып ақ атанға.
Айтсам да арнап өлең таң атқанша,
Сәулемнің сағынышын таратам ба.
2536. Барады аулым көшіп Ащылыға,
Қосыпты кімді Құдай ғашығына.
Жарқ етіп туған айдай шыға келсең,
Шашар ем алтын, күміс шашуыңа.
2537. Көшке ұстап мінемін қаракерді,
Өтіп дәурен зымырап барады енді.
Оралыңның барында ойна да күл,
Қойны суық сыз дейді қара жерді.
2538. Аулым көшіп барады Ырғайлыға,
Шалғынға мал қалады жырғайды да.
Күндіз барсам қалармын көзге түсіп,
Кешке барсам аулыңа ыңғайлы ма?
2539. Ауылым Орқашардың қапталында,
Сөйлей бер, қызыл тілім, жақ барында.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жас дәурен өте шығар қас қағымда.

2540. Аулымның қонған жері Түйемойнақ,
Ұлардың жүрген жері болады ойнақ.
Алыстан іздеп келіп қауышқанда,
Азырақ ән салайық күліп-ойнап.
2541. Аулым қонды Қаратау белесіне,
Ат арытып мен үшін келесің бе.
Аулың алыс кеткенде, асыл құрбым,
Есім ауып жығылдым, сенесің бе?!
2542. Ауылым Аршалының бауырында,
Белгісі жүйрік аттың сауырында.
Кез болған қиуада, қимас құрбым,
Келіп тұр сағындырмай ауылыма.
2543. Қонған жері аулымның Қызылқайың,
Сенен басқа кісіні не қылайын.
Сен есіме түскенде сенер болсаң,
Тарамайды бойыма ас пен шайым.
2544. Қойға шамаң келмесе, ешкі ал деймін,
Алғаныңды ұмытпай еске ал деймін.
Ертең еру, бүрсігүн көшеді аулым,
Өзге аласың бар болса кешке ал деймін.
2545. Барады аулым көшіп шат басына,
Жарасар күміс жүген ат басына.
Шын көңлің шыныменен болса менде,
Құмардан шығарайын жат қасыма.
2546. Аулым көшіп барады Бірғайлыға,
Мал қалады соныға жырғайды да.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Кешке барсам аулыңа, ыңғайлы ма.
2547. Аулым көшіп барады Қоғалыға,
Төменде емес Қоғалы жоғарыда.
Осы жасқа келгенше байға бермей,
Әке-шешең қалыпты обалыңа.

2548. Аулым көшіп барады Абаулыққа,
Кесіп алдым қу ырғай сабаулыққа.
Аулың алыс кеткенде, сәулетайым,
Жең ұшыңды беріп кет жамаулыққа.
2549. Барады аулым көшіп Абаталға,
Жарасар қалы кілем ақ атанға.
Ертесі сені тағы көру үшін,
Көрініп жылдай ұзақ таң атар ма.
2550. Барады аулым көшіп Тұзбасыға,
Жарасар көмшат бөрік қыз басына.
Тойларда аты шыққан біз болмасақ,
Кім келер сіздей ақын қыз қасына.
2551. Барады аулым көшіп Қосбұлаққа,
Жарасар үкі тақса қос құла атқа.
Кез болған осы тойда, қос қалқатай,
Жөндеп айт, өлеңді әбден қошыратпа.
2552. Барады аулым көшіп Бұланкөлге,
Мінемін үкі тағып Құланкерге.
Айқасып ақ шабақтай ойнап-күлген,
Қай жерім жақпай қалды бұраң белге.
2553. Көшкенде жылқы айдаймын бестіменен,
Қара өлең халықта көп естімеген.
Аз сөйлеп, бағанадан көп тыңдадым,
Атаққа қалмайын деп бөсті деген.
2554. Көшкенде жылқы айдаймын Сарыменен,
Шаштырдым арпа, бидай, тарыменен.
Тілегі екі жастың берген Тәңір,
Қосып-қосып қойсашы парыменен.
2555. Көшкенде жылқы айдаймын Қараменен,
Қапталдап қой түседі даламенен.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жүрегім ауырғандай жараменен.

2556. Көшкенде жылқы айдаймын Қызылменен,
Күлтелі құйрық, жалы сүзілмеген.
Кетсе де аулың алыс, қимас қалқа,
Күдері көңілімнің үзілмеген.
2557. Қонғаны ауылымның Түйеөркеш,
Иә, Алла, күнәм болса, бір өзің кеш.
Ойнап күл тіршілікте, бір келеді
Сұм ажал біреуге ерте, біреуге кеш.
2558. Қонғаны ауылымның Қарасеңгір,
Соққанмен күміс болмас қара темір.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келмейді қайта айналып өткен өмір.
2559. Қонғаны ауылымның Қызыл шілік,
Бітпейді күйбең-күйбең қу тіршілік.
Серпіліп оқта-текте ойна да күл,
Болмайды өтсе өмірің бір күншілік.
2560. Қонғаны ауылымның Қырат деймін,
Қыраттан шауып өтті бір ат деймін.
Өмірдің тіршілікте қызығын көр,
Бұл дәурен қанша қолда тұрат деймін.
2561. Қонғаны ауылымның Шалғынды сай,
Ойнайды асыр салып құлын мен тай.
Еңбек ет адалдықпен үміт үзбе,
Бақ қонар біреуге ерте, біреуге жай.
2562. Қонғаны ауылымның Сырдың бойы,
Қырғауыл, Сыр бойының қыр мен ойы.
Жақсының жүрген жері күнде жиын,
Таусылмас ән мереке, думан тойы.
2563. Қонғаны ауылымның Теріскей-ді,
Ел ісін артық туған ер істейді.
Бір жақсы бір жақсымен жолдас болса,
Бар-жоқты ұсақ-түйек теріспейді.

2564. Қонғаны ауылымның Көкбеткейлі,
Жайылған Көкбеткейге мал кетпейді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Заманның ақырына көз жетпейді.
2565. Қонғаны ауылымның өзек дейді,
Жаманға қанша айтсаң да, сөз өтпейді.
Аузыңды а деп ашар-ашпастан-ақ,
Шырылдап шыбын жаны безектейді.
2566. Аулым қонды Қаратау белесіне,
Ат өксітіп мені іздеп келесің бе.
Жастығымды құшақтап жасым төктім,
Қимас қалқам түскенде сен есіме.
2567. Алтайдың аулым қонды кемеріне,
Кез келдім сұлу қыздың кемеліне.
Ендігі менің барлық бақ пен сорым,
Өзіңнің байланысты не деріңе.
2568. Қаратау аулым қонды етегіне,
Алдым да Қаракөкті жетегіме.
Сыртына ауылыңның келіп тұрмын,
Менімен көзім жетіп кетеріңе.
2569. Қонғаны ауылымның қалың қамыс,
Ішінде сол қамыстың болдық таныс.
Ішінде мен тұр деп біл қамыс көрсең,
Ауылың қайда көшіп кетсе де алыс.
2570. Қонғаны ауылымның ой қараған,
Мен едім жорта ауылыңнан қой қараған.
Қой емес, менің жоғым өзің едің,
Аңқауым-ай сылтау деп ойламаған.
2571. Қонады қой үстіне ылғи ұзақ,
Түсер ме қыл ширатып құрсам тұзақ.
Келмейді күндіз күлкім, түнде ұйқым,
Ауылы қалқатайдың кетсе ұзап.

2572. Қонғаны ауылымның бел қараған,
Қалқаға көрген қалың ел қараған.
Қалқаның күллі дүйім ел ішінен,
Жігіті болсам екен мен қалаған.
2573. Қонғаны ауылымның шат қараған,
Мен едім ауылыңнан ат қараған.
Ат емес іздегенім, соны сезіп,
Көзіңнен айналайын жалт қараған.
2574. Қонғаны ауылымның белең деймін,
Дыбысың шыға ма деп елеңдеймін.
Хатпен де, ауызша да қойдым сұрап,
Бір жауап қашан болар сенен деймін.
2575. Ауылым Ерентаудың қырғасында,
Сен келсең қарлы боран бұрқасында.
Мойныңа ақ білекті арта салсам,
Ақ білек айрылмаса, қырқасың ба?!
2576. Ауылым Алатаудың күн бетінде,
Құдайдың шара бар ма құдіретіне.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Қараймын қайта-қайта суретіңе.
2577. Ауылым Елженбүйрек төрінде отыр,
Кісі көп келер деген сенімде отыр.
Ақылмен өлеңінді әдеппен айт,
Ұл мен қыз, айналаңда келін де отыр.
2578. Қамшым бар, өзім қамшы өрмесем де,
Қалқатай, аманбысың көрмесем де.
Ішінде дарияның сен бір шынар,
Жетпейді қысқа қолым сермесем де.
2579. Ұстаға бердім қамшы жездеткелі,
Ешкімге көз салмадым ержеткелі.
Өзіңдей абзал ару іздеп жүрмін,
Отауда шәйнекке шай демдеткелі.

2580. Қолымда бір қамшым бар алты таспа,
Сұлудың керегі жоқ сенен басқа.
Қалқа деп қадір білер салдым қолға,
Жақсының жамандардан нарқы басқа.
2581. Қолымда бір қамшым бар алты таспа,
Сөзімді ұнамаған алып таста.
Сонда да әр сөзімді салмақтарсың,
Кісіге сыр ашпап ем сенен басқа.
2582. Қолымда бір қамшым бар шежемейлі,
Тұрғанда ат ақырда не жемейді.
Көзіңнен айналайын, қимас қалқа,
Көп дұшпан көре алмаған не демейді.
2583. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Дейді жұрт сонша әсемдеп кім істеген.
Кей жаман сылаңдайды сырын бермей,
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген.
2584. Қолымда бір қамшым бар жез бауырлақ,
Өсекке ілікпедім сөзді ауырлап.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Жылаймын жата қалып жер бауырлап.
2585. Қолымда бір қамшым бар жылан бауыр,
Тоқтының қыстан қалған құйрығы ауыр.
Алыстан аңсап іздеп жүргенімде,
Қонсайшы көрші болып сіздің ауыл.
2586. Қолымда бір қамшым бар қырғыз өрме,
Кісіге менен басқа көңіл бөлме.
Мен-дағы жақсылардың тұқымы едім,
Қалайша айтқан сөзім кетер желге.
2587. Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,
Өзіңе бір сөз айттым күлдіргелі.
Орныңнан ары отырған бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі.

2588. Қолымда бір қамшым бар бунақталған,
Бәйгіден екі ат келер ойнақтаған.
Жүрмісің есен-аман, беу, қарағым,
Көзіңнен айналайын жайнақтаған.
2589. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,
Кей жаман ұстай алмай қалтылдаған.
Бос белбеу, бота тірсек бозбала көп,
Киіздей шала піскен, қарпылмаған.
2590. Тобылғы қамшы саптық сайға бітер,
Көп жылқы көк алалы байға бітер.
Көргенді сұлулығың сұқтандырған,
Тек қана аспандағы айға бітер.
2591. Қолымда бір қамшым бар шығыршықты,
Тоғайдан шұбар ала шыбын шықты.
Аулына сол еркемнің барамын деп,
Жүз теңге, он орамал шығын шықты.
2592. Өлеңім қамшымменен абысынды,
Қамшымның ит ұрам деп сабы сынды.
Өзіңмен кездесе алмай жүруші едім,
Сырласып бүгін тойда көңлім тынды.
2593. Қараойдың қамшым қалды қабағында,
Шырыны қымыздықтың сабағында.
Қамшымды иә табармын, иә таппаспын,
Аулыңды алыс кеткен табамын ба?
2594. Қолымда бір қамшым бар бұзау тісті,
Күз өтіп жерге түнде қырау түсті.
Жұлқынған кеше ғана жігіт едік,
Самайға сақтанып ақ қылау түсті.
2595. Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,
Бәйгеден бапты ат келер ойнақтаған.
Аңызакта ат арытып келдім шаршап,
Қалқатай, шайыңды бер қаймақтаған.

2596. Қамшымның сабы еліктің сирағынан,
Жиын той іздегенім, жиғаным ән.
Атымды сәнмен сипай қамшыланып,
Қалғаның келе жатам үй жағынан.
2597. Қолымда бір қамшым бар өрілмеген,
Ешкімге өріп бер деп берілмеген.
Кеткенде аулың алыс, ей, қарағым,
Көзіме сендей ешкім көрінбеген.
2598. Қолымда бір қамшым бар бұрамалы,
Үстіме кидім бешпет қынамалы.
Бергенде өзің көңіл, ей, қарағым,
Тағат қып құрбың қалай тұра алады.
2599. Қолымда бір қамшым бар ырғайдан сап,
Өтпесе қайың судан құрғайлап бақ.
Сарғайып сені тосып отырғанда,
Келмесең дәл сол күні Құдайдан тап.
2600. Қолымда бір қамшым бар тобылғы сап,
Жуаны тобылғының қамшыға бап.
Тілегін көпшіліктің орындайық,
Қос қалқа, өлеңінді айт қарсы қарап.
2601. Қолымда бір қамшым бар таспалаған,
Атыма жүген салдым қасқалаған.
Құмармын лебізіңді бір тыңдауға,
Көремін өзіңді артық басқа жаннан.
2602. Құсбегі құз қиядан қаршыға алған,
Жеріне ер оралар қамшы қалған.
Тарыдай тал бойыңда бір мінің жоқ,
Түбіндей жауқазынның аршып алған.
2603. Қамшыңды тастамадым тал да болса,
Сенсіз ас татымайды бал да болса.
Ізіңе сенің басқан тең көрмеймін,
Отырған алтын тақта хан да болса.

2604. Қолымда бір қамшым бар саралаған,
Ел-жұртты көп көреді аралаған.
Сый елдің сыйласатын баласымыз,
Жайсыз сөз неге керек жарамаған.
2605. Қолымда бір қамшым бар жезбауырдан,
Кірсем шыққым келмейді қызды ауылдан.
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Артық көріп сағындым бір бауырдан.
2606. Қолымда бір қамшым бар шебер өрген,
Тұсыңда еркімнен тыс бөгелем мен.
Жөніңді айтшы, қалқатай, осындайда,
Сен үшін неге болса көнер ем мен.
2607. Қолымда бір қамшым бар сабы ырғай,
Бөгеліп неге отырмыз сауық құрмай.
Сөзімді қабыл алсаң, өтер едім,
Кісіге сенен басқа мойын бұрмай.
2608. Қамшымның алты таспа сабы ырғайлы,
Қыстырсам керегеге дамылдайды.
Кезсем де кең дүниені, қимас қалқа,
Өзіңдей ақылды жан табылмайды.
2609. Қолымда бір қамшым бар қанымаған,
Бермейді тұрып орнын танымаған.
Ауылдың сыйласқандай баласы едік,
Тигізбе шайпау сөзің жаным маған.
2610. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Күмістеп сонша әсемдеп кім істеген.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жалғанның несі қызық күліспеген.
2611. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,
Ешкімнің қамшысы одан артылмаған.
Қуанып мені көрсе күлімдейтін,
Көзіңнен айналайын жылтылдаған.

2612. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Не табар ойнамаған, күліспеген.
Атымның басын ұстап түсіріп ал,
Аулыңа бара қалсам бір іспенен.
2613. Домбырам екі ішекті қу қарағай,
Не болды даусым саған сырғанамай,
Бірге өскен ойнап, күліп, қайран сәулем,
Артыңа кеткенің бе бір қарамай.
2614. Домбырам әнге келмес бұрамаса,
Кім білер кімнің жайын сұрамаса.
Тапса да жігіт алтын түк болмайды,
Жан жары үйде отырған құрамаса.
2615. Домбыра күйге келер бұрауменен,
Келмейді сөз жүйесі құрауменен.
Жайнаған бәйшешектей қайран жастық,
Келмейді қайта айналып сұрауменен.
2616. Домбыра екі ішекті мойны ырғай-ды,
Тартқанда бес саусағым бек зырлайды.
Құрбылар, жастық шақта ойна да күл,
Бұл дәурен кетері анық бір тұрмайды.
2617. Домбыра екі ішекті бұрамалы,
Бойға шақ бешпетім бар қынамалы.
Жастықтың қазынасын мол қамтып қал,
Кімдерге жастық дәурен ұнамады.
2618. Кезекпен қолға алайық домбыраны,
Тиегін домбыраның жондыралы.
Сен берсең ондай көңіл, замандасым,
Бір жерге екі ауылды қондыралы.
2619. Домбыра екі ішекті, талдан қақпақ,
Жаманға оңай емес ақыл таппақ.
Жақсымен жайды білер болсаң жолдас,
Даңқыңды елге жаяр сырттан мақтап.

2620. Бір күйі домбырамның Терісқаққан,
Аумайды нардың жүгі қыздар артқан.
Көп көріп, көңіл аулап мақтамаймын,
Сұлу жоқ бұл жалғанда сенен асқан.
2621. Бір күйі домбырамның пернесінде,
Жел сөзден іркілейін мен несіне.
Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,
Мен кепіл өткен жастық келмесіне.
2622. Бір күйі домбырамның құлағында,
Ілдірдім қайтқан құды құладыңға.
Арбамен асықпаған қоян алар,
Жетерсің, сабыр қылсаң, мұрадыңа.
2623. Домбыраның қол созып пернесіне,
Тартынайын ән салмай мен несіне.
Күлелік те ойналық тіршілікте,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.
2624. Домбырам екі ішекті, бір тиекті,
Оқиды шала молда әптиекті.
Теңіңмен осындайда ойна да күл,
Қара жер қалар алып қу сүйекті.
2625. Домбырам екі ішекті, тиегің тал,
Адамды баурай тұғын неменен бар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күніңе он бестегі боласың зар.
2626. Домбыра екі ішекті тақтым перне,
Нұр жауар деген сөз бар талапты ерге.
Барында оралыңның ойна да күл,
Кірерміз өлгеннен соң қара жерге.
2627. Әу десем домбыра алып өлең дайын,
Сіздерден неге аяйын тілдің майын.
Өлеңнің бір-екі ауыз арқасында,
Адамның алыс-жақын білдім жайын.

2628. Алдымен домбыраны қолға аламын,
Толғанып он екі алуан ән саламын.
Сағынып салған әнін жүргенімде,
Шығады даусы қайдан бозбаланың.
2629. Айтқан жақсы өлеңді домбыра алып,
Бір шеберге тиегін жондыралық.
Шын көңілің шынымен болса менде,
Екі ауылды бір жерге қондыралық.
2630. Домбырам екі ішекті, бір тиекті,
Оқиды молда жатқа әптиекті.
Сыйласаң шыбын жаным барда сыйла,
Өлген соң мадақтамай қу сүйекті.
2631. Домбыра саусақ бастым пернесіне,
Мен кепіл өткен өмір келмесіне.
Кісіге кісі ақылы ақыл болмас,
Әркімнің берсін Құдай зердесіне.
2632. Мойны ұзын домбыра арты дөңбек,
Сөйлемейді шертпесең шебер жөндеп.
Оралыңның барында ойна да күл,
Мың күн тұрып сынады бір күн шөлмек.
2633. Базардың алып кидім батысайын,
Қалқатай, саған мәлім менің жайым.
Тұрақты мекенінді айтып қойшы,
Өзім-ақ ата-анаңмен танысайын.
2634. Қой базар, болады екен ешкі базар,
Болмайды ертегідей кешкі базар.
Жақсымен бірге жүрсең, күнде базар,
Жаманмен жолдас болсаң, көңілің азар.
2635. Базардан базар барып қазан алдым,
Киім кір болмасын деп тазаны алдым.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Атыма теріс мініп назаландым.

2636. Базардан алып келген жезді құман,
Пәлеге ұшырайды сөзді құған.
Бал шайнап, шекер жұтқан, беу, қарағым,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
2637. Базардан базар барып қауын алдым,
Болса да атқа ауыр дәуін алдым.
Болғаны біздің жолдың осы емес пе,
Күлім көз, оймақ ауыз тауып алдым.
2638. Базардан алып келген шай тостаған,
Тар жерде қиын екен ән бастаған.
Шешеңнен сені тапқан айналайын,
Бәйгеден келген кердей ойқастаған.
2639. Орыстың бір қаласы Кінәз қала,
Базарға ешкі сатсам пұлы аз ғана.
Қарасам жамалыңа жан жетпейді,
Бір күнім сәттей болды-ау біраз ғана.
2640. Базарға қой айдаттым серкесімен,
Бір сайдың бір сай шығар желкесінен.
Жолымның, қане, менің болмағаны,
Таныстым бір ауылдың еркесімен.
2641. Қандай әсем қанаты көк қарғаның,
Жүзі бір сом базарда екпе алманың.
Қолдар болсаң сөзімді бүгін қолда,
Өттеген-ай артынан деп қалмағын.
2642. Алып келген базардан қыжым кебіс,
Қыздың ерні қызарған бейне жеміс.
Қыз сынына лайық болсаң өзің,
Сұлу қызды сүйем деу ұят емес.
2643. Алып келген базардан білте шам-ай,
Бидай өңді, қаракөз құдашам-ай.
Сірә, менің көңілім басылар ма,
Сақиналы қолыңнан ет асамай.

2644. Базардан алып келген кәрлен аяқ,
Қалқатай, шай құйсаңшы бөлденбей-ақ.
Өзіңе, жөні келсе, айтам ба деп,
Бір сөзді тамағыма жүрмін таяп.
2645. Базардан көрдік піскен көп өрікті,
Барғандар қасында оның бөгеліпті.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бабалар бұрын өткен не көріпті?!
2646. Базардан алып келген бүйрек айна,
Қалқатай, айта отыршы аулың қайда.
Бұл өмір бір күнгідей өте шығар,
Ойнап-күл тіршілікте осындайда.
2647. Базарға барған да өзім, келген де өзім,
Қолымда өндрей сандық, ырғай кезім.
Өлең айт төуір сайлап осындайда,
Әр тойда келе бермес ыңғай кезің.
2648. Базардан базар барып мата аламын,
Қаракөз сұлулардан хат аламын.
«Боламын мен сенікі» деген кезде,
Төсекке қайтып барып жата аламын.
2649. Базарға барушы едім, қайтушы едім,
Сыбызғы қара құрай тартушы едім.
Балалар бастықпаған бастықсын деп,
Өлеңді селкеу тастап айтушы едім.
2650. Жәрмеңке, базардың да базары бар,
Қалтаңды сәтті, сәтсіз қазары бар.
Базарға қарап тұрсаң мың кісі бар,
Қалқатай, мені ерекше назарыңа ал.
2651. Көлдерде жүзеді үйрек қаз айрылмай,
Ақ жүзің айдын көлдің ажарындай.
Үйіңнен ертелі-кеш ат кетпейді,
Секілді Орынбордың базарындай.

2652. Базардан алып келген легенім,
Төңірден тек өзіңсің тілегенім.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Төсектен түнде атып түрегелдім.
2653. Алып келген базардан күміс қалақ,
Есен-аман барсыз ба біздің қарақ.
Уәделі сөзіңді ести алмай,
Алаң болып біз жүрміз сізге қарап.
2654. Базардан базар барып торғын алам,
Сізді ойлап күндіз-түні болдым алаң.
Айтқан сөз, берген сертте тұрамын деп,
Ұсыншы тағы да оң қолды маған.
2655. Базарда бөсі қымбат бас кілемнің,
Өспесін мал мен басы қаскүнемнің.
Сағынып ән әуенін жүргенімде,
Шығады даусы қайдан қос күреңнің?
2656. Базарда бөсі қымбат бордақтардың,
Көрінер мойны сұлу жорға аттардың.
Сағынып салған әнін жүргенімде,
Шығады даусы қайдан бекзаттардың?
2657. Базарда бөсі қымбат қылқараның,
Барады шаңы шығып ірі қараның.
Сағынып ән әуенін жүргенімде,
Шығады даусы қайдан қыз баланың?
2658. Той-той базар, той базар тойлай келдік,
Алтын сақа қолға алып ойнай келдік.
Көңілге алған бұл тойда сен болған соң,
Айтысуды өзіңмен ойлай келдік.
2659. Той-той базар, той базар тойлай келдік,
Алтын сақа қолға алып ойнай келдік.
Ойнай келген сақаның мұрты сынды,
Өзіңменен айтысып көңілім тынды.

2660. Базардан алып келген асыл табақ,
Алдыңғы кейінгіге болар сабақ.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Қайтсе де ашылмайды біздің қабақ.
2661. Базарға мал айдаттым Қоғалыға,
Кей жаман шіренеді шамалыға.
Жақсымен жайды білер жолдас болсаң,
Қайтсе де қалмас сенің обалыңа.
2662. Базарға саудаладым асыл тасты,
Қайғылы көкірегім, көзім жас-ты.
Түскенде сен есіме, жаным еркем,
Қайтсем де күйік дертің басылмас-ты.
2663. Базардан алып келген айнасын-ай,
Айнадай екі көзің жайнасын-ай.
Көп айдың көрмегелі болды жүзі,
Құрбыжан, бір көрінші қайдасың-ай?!
2664. Базардан алып келген қызыл ішік,
Жүруші ем қызды ауылдан қымыз ішіп.
Қанаты қарлығаштың болса менде,
Бармас па ем қалқа жаққа зыр-зыр ұшып.
2665. Базардан базар барып сырға аласың,
Сырғаңды тағып алып ырғаласың.
Күл де ойна гүлің барда тіршілікте,
Қызықтан жастық өтсе құр қаласың.
2666. Базардан алдым алқа сырғасымен,
Сай-сайдың су ағады жылғасымен.
Менің де тілегімді берер тағдыр,
Кез қылған елдің сендей мырзасымен.
2667. Қоянды тарқаған соң жәрмеңкесі,
Алысқа кетті ұзап әннің көші.
Жастық шақ жарқ-жұрқ етіп өте шықты,
Қалды тек көңілімде көлеңкесі.

2668. Тәшкеннің бір базары жайма базар,
Секілді жайма базар қайда базар.
Қызығым, бар базарым сенсің менің,
Салмаймын қымыз барда шайға назар.
2669. Базар барып базардан ешкі аламын,
Жүргізе алмай ешкімді кеш қаламын.
Мейлі қайда жүрсем де, сәулетайым,
Сағат сайын өзіңді еске аламын.
2670. Базардан алып келген асыл айна,
Жас жаның қайғы ойласа жасымай ма.
Өзілің құрбыңменен жарасқанда,
Көңілің дариядай тасымай ма?
2671. Базардан алып келген шағи шапан,
Кисем деп шағи шапан ойға батам.
Жанымды жақсы өлең семіртеді,
Тұрғандай айдарымнан сипап анам.
2672. Базардан алып келген күміс тарақ,
Отырмас жастар тойда тыныш қарап.
Еңбегі ер жігіттің еш болады,
Болса егер алған жары салдыр-салақ.
2673. Базардан алып келген алтын табақ,
Бал татыр тату доспен жеген тамақ.
Есіктен жетер бір күн төрге басың,
Ертеңге бүгінгіден алсаң сабақ.
2674. Базардан алып келген асыл айна,
Жас жаның қайғы ойласаң жасымай ма?!
Құрбыңмен әзілдесіп ойнап-күлсең,
Көңілің аз да болса тасымай ма?
2675. Базардан алып келген бүйрек айна,
Жаратып қарагерді үйге байла.
Ат жетер жерге бойды жасырармыз,
Таппасақ басқа түскен күйге айла.

2676. Базардан кеше барып тегене алдым,
Басқасы есімде жоқ немене алдым.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Өзіңмен бірге кетпей неге қалдым.
2677. Базардан өзім барып сырға алайын,
Мен неге өзге алғанда құр қалайын.
Сырға салшы, қалқам-ау, құлағыңа,
Сүйсініп дидарыңа бір қарайын.
2678. Базардан алып келген алтын тарақ,
Еске алып шашыңды әркез жүрші тарап.
Көргенде көздеріңді күлімдеген,
Қайғы, дерт өн бойымнан кетер тарап.
2679. Базардан алып келген тақтай ма екен,
Тыңдаушы өлеңімді мақтай ма екен.
Айтамын күндіз-түні қалқаға арнап,
Қалқашым түбінде бір ақтай ма екен.
2680. Базардан барып өзім түйме алайын,
Қарайын түссе үзіліп үй маңайын.
Алыстан ат терлетіп іздеп келсең,
Мен сені қалаулыма ұйғарайын.
2681. Базар барып базардан сыр алайын,
Ақылдасып өзіңмен бір алайын.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Сені іздемей мен қалай тұра аламын.
2682. Базар барып базардан келі алайын,
Боз атыма беруге жем алайын.
Әлгі сөзің шын болса, сәуле жаным,
Бар малымды берсем де сені алайын.
2683. Базардан базар барып алдым келеп,
Жолдастардан ажырап қалдым бөлек.
Оңашада өзіңді күтіп едім,
Уәдеңде тұрмадың, неге керек.

2684. Базардан базар барып өрік алдым,
Өріктің ең төттісін көріп алдым.
Бір көріп бір өзіңе көңілім ауды,
Жолыңда не тұрса да көніп алдым.
2685. Базардан базар барып қант аламын,
Сөзінен таймасын деп ант аламын.
Өзіңе көрген жерден көңілім ауып,
Өзіңді елден артық жан санадым.
2686. Базардан базар барып өрік алдым,
Ерінбей ең жақсысын теріп алдым.
Сен берсең ондай көңіл, қимас қалқа,
Басқаның қарсылығын көріп алдым.
2687. Базардан алып келген қызыл зерен,
Ойласаң дүниенің түбі терең.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ешкім жоқ о дүниеден қайта келген.
2688. Базарға қой айдасам не келмейді,
Екі тас өздігінен егелмейді.
Сұлу да, сүйкімді де толып жатыр,
Бірі де айнамкөзге теңелмейді.
2689. Базардан алып келген алтын қасық,
Болады сұлу қызға өркім ғашық.
Мен болам солардың ең бірегейі,
Өлеңмен берейін бір сырымды ашып.
2690. Алып келген базардан шыны-аяғым,
Өлең айтып, ән салсам, тыңаямын.
Жерің шалғай кеткенде, беу, қарағым,
Ақ жүзімді сағынып мұңаямын.
2691. Базар бар, базар барсаң, Қызылжар бар,
Өрі ақын, өзім әнші, мен кімге зар.
Өлеңнің өрге біткен шынарымын,
Маған бой теңестірмей, әдіра қал!

2692. Базардан алып кидім кебіс, етік,
Өлемді жаратсашы тегіс етіп.
Біреуге мал мен басты түгел беріп,
Біреуді қойған түгел кеміс етіп.
2693. Базардан кездеме алдым қара барқын,
Біледі базар барған қала нарқын.
Көңілін көрген жанның көтеретін,
Айналдым мінезіңнен ашық-жарқын.
2694. Базардан алып келген қалы кілем,
Өлең бе ұйқасқанның бәрі кілең.
Өзіңді бір көргеннен ғашық болып,
Ауырып таппай жүрмін әлі бір ем.
2695. Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған қалың тұман.
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Біздерді шағыстырған қай антұрған?
2696. Базардан алып келген темір қақпан,
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.
Күлім көз, оймақ ауыз, ақ маңдай қып,
Анаңнан айналайын сені тапқан.
2697. Базарда бәсі қымбат алашаның,
Желі бар азынаған қарашаның.
Бағаңа, қарап тұрсам, жан жетпейді,
Ойын-той гүлі екенсің тамашаның.
2698. Базардан өзім барып қант алдым,
Өлеңмен өнерімді таныта алдым.
Кезігіп қалқатаймен оңашада,
Өмірлік жар болуға ант алдым.
2699. Базардан алып келген темір қақпан,
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, бота көз қып,
Анаңнан айналайын сені тапқан.

2700. Базардан алып келген аса таяқ,
Салмаймын салмағымды өзіңді аяп.
Кез болған қиуа да, қимас қалқа,
Сен үшін елден безіп жүрмін саяқ.
2701. Базардан алып келген ақшыл бөзім,
Дәл қазір ойнап-күлер жастық кезім.
Кетсе де аулың алыс, қимас қалқа,
Мөлдіреп ойдан кетпей жүрсің өзің.
2702. Базардан алып келген сырлы тақтай,
Құп алды сол тақтайды қалқам мақтай.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жүрерсің ғашығыңды еске сақтай.
2703. Базардан алып келген өрік пе екен,
Тәтті өрік бұдан біреу көріп пе екен.
Өміріміз өріктен де тәтті өтетін,
Қалқаның уәдесі берік пе екен.
2704. Базардан алып келдім түйме деймін,
Болады түйме керек үйге деймін.
Әлі алда нелер жақсы кезіксе де,
Кісіні менен басқа сүйме деймін.
2705. Базардан базар барып тәтті алғамын,
Ауылдан тәтті алам деп аттанғанмын.
Қалқама қатты ұнап базарлығым,
Сондағы көрсең, шіркін, шаттанғанын.
2706. Базардан алып келдім темір қақпан,
Ән шықты бір тамаша сіздің жақтан.
Өзіңді көрмесем де тани кеттім,
Даусыңды сенің әсем сылдыр қаққан.
2707. Алғаным базар барып алтын жүзік,
Жарасар жаңа отауға аппақ үзік.
Қалқатай, сенің айтқан әр сөзіңді,
Тұмар қып жүрегіме алдым тізіп.

2708. Базардан шәугім келсе, шай келмейді,
Бәйгеден құнан тұрып тай келмейді.
Құдайдың құдіретіне бар ма шара,
Бір жерге екі жақсы сай келмейді.
2709. Базардан бума-бума бөз келеді,
Құлағың естігенді көз көреді.
Отырсаң құрбыңменен ойнап-күліп,
Қиысып қай-қайдағы сөз келеді.
2710. Базардан алып келген шойын таба,
Күл де ойна жиын-тойда болмай ғана.
Қарманып игілікке қол созбасаң,
Береді мына пәни кімге опа.
2711. Базардан алып келген шыны-аяғым,
Дос келсе шаршағанда, тыңаямын.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Басады маңайына кім аяғын.
2712. Базардан алып келген темір мосы,
Түзелер жүре келе ердің қосы.
Жігіттің әр нәрсеге жетер қолы,
Демеуші адал ниет болса досы.
2713. Базардан алып келген алтын жүзік,
Ден сауда көргеніңнің бәрі қызық.
Өлеңді айт дегенде айтпай қойсақ,
Үлкендер кетер бізден күдер үзіп.
2714. Базарға бұл жібердім көк кебіске,
Ағалар, өкінбеңдер өткен іске.
Ағалар, өкінердей өткен іске,
Қарашы он саусағың теп-тегіс пе?
2715. Бұл дүние жеткізбейтін арман дүние,
Бұрынғы бабалардан қалған дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бізден де өте шығар жалған дүние.

2716. Сөлемнен басталады сөздің басы,
Пенденің білінбейді өткен жасы,
Барында оралыңның ойна да күл,
Жалғанның бес күншілік бар ма опасы?!
2717. Неге отырмыз өлеңді дүрілдетпей,
Дүрілдетіп қалайық дүние өтпей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Сырына тұр заманның көзім жетпей.
2718. Қаршығаң бапсыз болса, қаз алмайды,
Ер жігіт елсіз құлаш жаза алмайды.
Дүние ойлап тұрсам, бейне базар,
Әр адам өз әлінше базарлайды.
2719. Ойлап тұрсам, дүние бір қызғалдақ,
Дүние үшін біз жүрміз жанды жалдап.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өте шығар бұл дүние аз күн алдап.
2720. Дүниеде әркім жүрер кең болған соң,
Мен жүрмін кең дүниеде сен болған соң.
Ынтықпын сенің айтқан әр сөзіңе,
Әр сөзің дертке дауа, ем болған соң.
2721. Тау әсем қарағайы, аршасы бар,
Сол тауға талапты жас барса шығар.
Өнер көп бұл дүниеде адам ашқан,
Бойыңда сол өнердің қаншасы бар?
2722. Жанып тұрған жастық шақ алқызыл гүл,
Сипаттауға сымбатын жетпейді тіл.
Өміріңнің қадірін біле білсең,
Өкінішпен дүние өтпейді құр.
2723. Білгенге бұл дүние кезек екен,
Қанша айтсаң жаман оны сезе ме екен.
Жаманның әлденеге қолы жетсе,
Достан да, туыстан да безеді екен.

2724. Дүние өте шығар ойнақтаған,
Алды-артты, барды-жоқты ойлатпаған.
Азырақ білгенімше ән салайын,
Өлеңді қайда айтамыз тойда айтпаған.
2725. Несі айып орынымен ойнап-күлсек,
Ақылмен әр нәрсенің шегін білсек.
Дүниеде еш уақытта қор болмаспыз,
Соңынан өнер-білім зыр жүгірсек.
2726. Дүниенің көзім жетті жалғанына,
Жеткізген кімді тағдыр арманына.
Қайтерсің ілінбесе итбалық та,
Дәметкен алтын балық қармағыңа.
2727. Дүние опасы жоқ жинағанмен,
Кетеміз бір күн тастап қимағанмен.
Басыңды кім сыйласа, машайығың,
Өзің де болғын жолдас сыйлағанмен.
2728. Адамның аңырғаны жусағаны,
Арпаның ас болмайды қу сабаны.
Қалайық тіршілікте ойнап-күліп,
Жеткізбес қайран дүние қуса дағы.
2729. Дүние адастырар қуғаннан соң,
Қайтерсің қол-аяқты бұғаннан соң.
Дүние аз күншілік пәни жалған,
Басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң.
2730. Дүниеден жалқау да өтер, пысық та өтер,
Қу жанды қуырдақ қып қысып бекер.
Сырласып жұбын жазбай аққу да өтер,
Аңдысып арсыз ит пен мысық та өтер.
2731. Дүние жеткізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасаң да.
Арықтың жілігі өсте татымайды,
Азуға басып қанша шайнасаң да.

2732. Бір күні өте шықса дүние-жалған,
Күлмеген, ойнамаған қапы қалған.
Барында қызылыңның құдай жайға,
Өлерде түкке тұрмас қылған арман.
2733. Дүние желден жүйрік, судан терең,
Қайрылар бір күн заулап тұрған кемең.
Өртүрлі әркімдерде күнелтіс бар,
Бір әке, бір шешеден туғанменен.
2734. Дүние жеткізбейді қуғаныңмен,
Ат көркем көрінеді тұрманымен.
Ақ көйлек секілді емес ақ ниетің,
Тазармас бір кірлесе жуғаныңмен.
2735. Дүние құдым сені бала жастан,
Шаруаның аз-көбіне қарамастан.
Білінбей қайран жастық өте шықты,
Аттайын ауыздықсыз ала қашқан.
2736. Дүние құдым сені таудан-тастан,
Жолдың ой-шұқырына қарамастан.
Қолыма бір түспедің сылаң қағып,
Құбылып қу түлкідей құмнан қашқан.
2737. Дүние опа қылмас бастағыдай,
Жаманның қосылмайды бастары ұдай.
Әркіммен қанша сұхбат құрсам дағы,
Болмады-ау қыздар қылған бастаңғыдай.
2738. Өлеңді мен айтамын екіленіп,
Иіскер қой қозысын мекіреніп.
Сыйласып қызықты өмір өткізейік,
Дүниеге жүрген кім бар екі келіп.
2739. Өуеде ұшып жүрген сақ сауысқан,
Болғанда ай он екі жыл ауысқан.
Ойнасаң, алды-артыңды ойлап ойна,
Қызығын бұл дүниенің кім тауысқан.

2740. Дүние бір күн оңда, бір күн солда,
Үнемі дүние шіркін тұрмас қолда.
Ту ұстап, тұлпар мінген ер болсаң да,
Қалады, ажал жетсе, басың жолда.
2741. Қоңыраулатқан көп атты күймеменен,
Жүйткіп өтіп барады дүние деген.
Жете алмайсың дүниеге, деміңді ал,
Омырауыңды ағыт та түймелеген.
2742. Су бойынан көз тартар көкше балғын,
Әніңді дауысыңа өлшеп салғын.
Өмірде мәңгі жасар адамдай-ақ,
Соңына түсе берме дүние, малдың.
2743. Дүние ойлаушы едім өтеді-ау деп,
Жапанға жалғыз тастап кетеді-ау деп.
Көңілге, қалқам, сені тоқ санаушы ем,
Қадірге не қылса да жетеді-ау деп.
2744. Дүние күнде өтеді, түнде өтеді,
Көңілден, өлең айтсақ, кір кетеді.
Болғанда адам — түлкі, дүние — бүркіт,
Бір күні қуып жүріп індетеді.
2745. Дүние барады өтіп белгісі жоқ,
Жыланның белден соқсаң өлгісі жоқ.
Күл де ойна гүлің барда тіршілікте,
Бұл дүние қайта айналып келгісі жоқ.
2746. Дүние бірте-бірте өзгереді,
Құлақпен естігенді көз көреді.
Ойнап-күл тіршілікте осындайда,
Қай заман бағымызға кез келеді.
2747. Қаршығаң қыран болса тырна алады,
Болмаса торғайдан да құр қалады.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күн бітсе, бұл дүниеде кім қалады.

2748. Дегенге дүниесің, дүниесің,
Ойласаң дүниені, шығады есің.
Барында оралыңның ойна да күл,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
2749. Ендеше, дүние өтеді, дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне бұл жалғанның кім жетеді.
2750. Ал қызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Жігіттер, бұл дүниеде ойна да күл,
Жоқ дейді ол дүниеде ойын-күлкі.
2751. Дүние ойлап тұрсаң қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Төменде жүріп көкке қол созамын,
Болсын деп көңіл шіркін көтеріңкі.
2752. Дүние ойлап тұрсам ақсақ елік,
Барады кейде аяңдап, кейде желіп.
Барында қызығыңның құдай жайға,
Болады дүние шіркін кімге серік.
2753. Ат туар, айғыр салсам, ақ құладан,
Не пайда үйінде жоқ аққу бадан.
Барында оралыңның ойна да күл,
Тоқтамас дүние жалған шапқылаған.
2754. Айтайын мен бір өлең тыңдасаңыз,
Тыңдаған көп жамағат мың жасаңыз.
Дүние түбі шірік бір бәйтерек,
Кетеді құзға құлап ырғасаңыз.
2755. Дүние өтіп барады ешкім қумай,
Ажар кірмес ақ бетке сүтпен жумай.
Құрбы-құрдас бірге өскен жүрсің қайда,
Қанатын қайшылаған бейне аққудай.

2756. Қамшылап қара жолмен айдайын көк,
Қалқатай оқталып жүр ойнайын деп.
Барында қызылыңның құдай жайға,
Түбінде тұр қой жалған қоймайын деп.
2757. Дүние өтеді екен білгізбей-ақ,
Жігітті қайғы басар күлгізбей-ақ.
Дұшпанның арандатқан қырсығынан,
Ел-жұрттан айырылып, жүрміз саяқ.
2758. Қаракөк желмей, шаппай, аяндайды,
Тас түлек түлкі аларда аянбайды.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бұл жалған дейсің кімге аялдайды.
2759. Дүние өте шығар аққан селдей,
Жақсының жүрген жері рулы елдей.
Сермеп қал құлашыңды оңды-солды,
Болмайды көрген қызық бір күнгідей.
2760. Дүние ойлап тұрсам бекер екен,
Қаракөк жылқы ішінде сетер екен.
Жастықтың жалынымен жарқырай түс,
Арман да түбінде алдап кетеді екен.
2761. Дүние өте шығар ебелектеп,
Құрбыға сөз айтамын не керек деп,
Сыртыңнан талай құрбың жүрген шығар,
Сәуірдің бұлтындай боп төңіректеп.
2762. Дүние өте шығар көз жұмғандай,
Аяңда аяңдасаң боз құнандай.
Біреуге бой бітсе де, мойын бітпес,
Мойының әсем екен жез құмандай.
2763. Дүние айналған бір үлкен шарық,
Тоймай жүр қызығына адам қанып.
Сәулелі жағына кез бола қалсаң,
Тартады көтеріңкі көңіл жарық.

2764. Дүние өте шығар шыр айналып,
Өтерін дүниенің жүр ойланып.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келгенше кім бар, кім жоқ жыл айналып.
2765. Дүние өте шығар ескен желдей,
Қарамай алды-артына көшкен елдей.
Алданбай тіршілікке арманға жет,
Салпақтап әрненің бір соңына ермей.
2766. Дүние өтеді екен соққан желдей,
Басталмас той, мереке ақын келмей.
Несіне айтпай өлең тартынайын,
Алдында көпшіліктің аттай желмей.
2767. Барады дүние өтіп соққан желдей,
Кім білер мехнатты басқа келмей.
Айтқан ән, көрген қызық артта қалып,
Бір күні жөнелерміз көшкен елдей.
2768. Дүние өте шығар аққан селдей,
Болады, көл тартылса, жатқан шөлдей.
Барында оралыңның ойна да күл,
Дүниеден өте шықпа түк те көрмей.
2769. Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған.
Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.
2770. Дүние бір сұлу қыз бұраңдаған,
Сыртынан жүрме аттың сыр алмаған.
Сары алтын сабыр түбің деп жүргенде,
Кетпесін сан соқтырып бір оңбаған.
2771. Жіберіп көкаланы, керді міндім,
Өтерін бұл дүниенің енді білдім.
Өтерін бұл дүниенің білгеннен соң,
Құрбымен өзім теңдес ойнап-күлдім.

2772. Тайсалмай тұрақ тапқан тас қиядан,
Ұшады екі ақ сұңқар бір ұядан.
Күлмейін, ойнамайын десем дағы,
Барады күнім өтіп дүниеден.
2773. Айт дегенде өлеңді аярым жоқ,
Желісім бар азырақ, аяңым жоқ.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп дүние барады баяны жоқ.
2774. Қарап тұрсам, бұл дүние баяны жоқ,
Бастан өтіп барады аялы жоқ.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ешкімді де есіркеп аяры жоқ.
2775. Қызыл тілім сайрай бер бұлбұлдайын,
Дүние өтіп барады жыл-жыл сайын,
Қайратыңның барында қапы қалма,
Қажытады адамды құры уайым.
2776. Дегенге қара инелік, қара инелік,
Ұшады қара инелік зар иленіп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалады өлгеннен соң бар дүниелік.
2777. Құнықпа күндіз-түні дүние жиып,
Өлетін өзің құлап ол бір биік.
Бір күні дүниеңе от кеткенде,
Ішінде күл боларсың бірге күйіп.
2778. Өтіп жатыр дүние сағымға ұқсап,
Түссе екен деп жолыңа құрдым тұзақ.
Анда-санда төбеңді бір көрсетіп,
Тұзағыма ілінбей кеттің ұзап.
2779. Дүние өтер десем, тіл алмайсың,
Мәнісін бұл сөзімнің біле алмайсың.
Алтайы құмнан қашқан түлкі-дейін,
Қалқатай, қолға түспей бұрандайсың.

2780. Екі ауылдың ортасы қамыс, пішен,
Қу жаманнан, дүние, қашан кетем,
Қу жаманнан, дүние, кетер едім,
Аяғыма сен болдың алмас кісен.
2781. Басымда бір бөркім бар айнала шоқ,
Сұрады мың теңгеге, бергемін жоқ.
Күл де ойна гүлің барда тіршілікте,
Болады кімге жолдас дүние боқ.
2782. Еш нәрсе жаралған жоқ таудан биік,
Бұл дүние азғана күн көзге күйік.
Пендені өз еркіне қоя берсе,
Сүре алмас еді өмір жерге сиып.
2783. Дүние ойлап тұрсаң бір бәйтерек,
Жігітке бақтан бұрын ақыл керек.
Өнерді үйрен дағы, жирен деген,
Өнерден құр қалмассың, болсаң зерек.
2784. Қатарымнан қара озып ерекшперек,
Қара өлеңге жасымнан болдым зерек.
Бір күнгідей болмайтын бұл дүние
Ойнамасаң, күлмесең, неге керек.
2785. Ақ көйлек, қызыл шарқат бұлаңдайсың,
Дүние өтер десе, тіл алмайсың.
Басыңа ақ жаулықты салғаннан соң,
Ешкідей жөн жүрмеген бұраңдайсың.
2786. Дүние, ойлап тұрсам, жалған екен,
Ешкімге жеткізбейтін арман екен.
Қарлықпас ұзақ таңға қайран даусым,
Шалдығып шабан аттай қалған екен.
2787. Бір келген бұл дүниеден бір кетеді,
Ақымақ ақ көңілді кірлетеді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне бұл дүниенің кім жетеді.

2788. Көз тартатын жайлаудың көк белдері,
Сарғыш тартып барады көптен бері.
Бір қалыпта дүние тұрмақ емес,
Қалбырындай бидайдың өткермелі.
2789. Келеді өлең айтып арба айдаған,
Арбасын көзі көрмей жарға айдаған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Дүниеде мәңгі тұрып қалмайды адам.
2790. Дариға, дүниеге неге келдім,
Келдім де бір жемтіктің соңына ердім.
Сене алмай, сендім деуге дос таба алмай,
Екенін фани — жалған енді білдім.
2791. Дүние, барған сайын тар болдың ғой,
Кей кезде алды тұйық жар болдың ғой.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Өзіңді бір көруге зар болдым ғой.
2792. Бір сөзді тағы айтқалы бастадым-ай,
Болмайды дүние қызық жастағыдай.
Көп дұшпан көре алмаған аңғармасын,
Көз қысып ұғысалық, қас қағып-ай.
2793. Дүние өркімді де алдайды екен,
Пейілі тар байыса да оңбайды екен.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Бақыты жарқыраған маңдайда екен.
2794. Қабаттап біреу кесе кебіс етік,
Біреу жүр шәңге аяғын беріш етіп.
Жарасқан жасты қосып өз теңіне,
Қояр кім дүниені тегіс етіп.
2795. Дүние білгізбейді өтерінде,
Өркімді алсын ажал мекенінде.
Қол үзбе ел-жұртыңнан, ер-азамат,
Жүрем деп дүниенің жетегінде.

2796. Бұл дүние ойлап тұрсам бәрі елес,
Өткен күн қайта айналып келер емес.
Іштегі өзің жаққан ғашық оты,
Кеудемнен өле-өлгенше сөнер емес.
2797. Бұл дүние ғазиз бастан өтер кетер,
Түбіне бұл жалғанның кімдер жетер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Жүректі, үйде отырсаң, кім тербетер.
2798. Дүние тоғыз жолдың торабы екен,
Келгенмен кеткен орны толады екен.
Сыйласаң сіз, біз десіп тіршілікте,
Қызығы бұл жалғанның сол-ақ екен.
2799. Дүние қорғасындай қолда тұрмас,
Кей жаман, бітсе дәулет, болады мас.
Бір малым екеу болсын деп қайғырар,
Жайына қалып жолдас, құрбы-құрдас.
2800. Бозторғай, боз құрқылтай, боз бұлдырық,
Барады өтіп дүние зыр жүгіріп.
Аттайын арқандаған шыр айналып,
Тұрса еді-ау өтпей, шіркін, аз кідіріп.
2801. Бұл дүние бір бес күндік әуре бекер,
Басыңнан ә дегенше дәурен өтер.
Сүрінсең, достың көбі сырт айнарлар,
Шын сүйсең, қадіріңе сәулең жетер.
2802. Дүние өкінбеймін өткеніне,
Өкінем із қалдырмай кеткеніне.
Болжаған алды-артымды ақ сұңқар ем,
Түбіме күншіл дұшпан жеткені ме.
2803. Дүние сені қудым он жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Жақсылық, атақ, даңқың кімге керек,
Артылып жатпаған соң бір басыңнан.

2804. Дүние құламысың, аламысың,
Алдайтын кәрі, жасты баламысың.
Өртейді өзегімді қылықтарың,
Әдейі осы жолға барамысың.
2805. Барады өмір өтіп, желдей заулап,
Жүрейік ойнап, күліп көңіл аулап.
Дүние піскен бидай, еккен тары,
Кетеміз жиып-теріп бір күн баулап.
2806. Келеді күн жауғалы бұлт айналып,
Шешеннен сақау озды тіл байланып.
Бәйгені тұлпар тұрып мәстек алса,
Дүние кеткені қой шырқ айналып.
2807. Дүние жанып тұрған бір қызыл шоқ,
Тұрса да қанша жанып, опасы жоқ.
Жақсының тіршілікте қадірін біл,
Бүгін бар досың болар ертесі жоқ.
2808. Дүние өтер-кетер өскен желдей,
Жақсының жүрген жері рулы елдей.
Жаманмен мың күн күліп ойнасаң да,
Жақсының болмайды екен бір күніндей.
2809. Дүние құдым сені жалаң аяқ,
Қойдың қой артыңа бір қарамай-ақ.
Соңыңнан күндіз-түні қалмасам да,
Қойдың бір қажетіме жарамай-ақ.
2810. Барады дүние өтіп ескен желдей,
Түрі жоқ тілегіңді ескергендей.
Таусылса татар дәмің, жөнелерсің,
Қоныстан қопарыла көшкен елдей.
2811. Барады өтіп дүние күн санаулы,
Отырсам басқа келер ой алаулы.
Алыстан әдейі іздеп келдім сені,
Қалқа деп халық ішінде бір қалаулы.

2812. Дүние өтерінді біле алмадым,
Білгендер айтып еді тіл алмадым.
Көңіліңе ата-анамның қараймын деп,
Құрбымен еркін ойнап күле алмадым.
2813. Ұстатпайды жылқыда Сарқашаған,
Ажал жетсе, қара жер жанды асаған.
Оралыңның барында ойна да күл,
Кім бар дейсің дүниеде мың жасаған.
2814. Дүние, байқап тұрсаң, бір ағын су,
Тыңдасаң құлақ салып, іші у да шу.
Қайыспай қарсы жүріп қиындыққа,
Қажымай қайрат жұмсап қайғыңды жу.
2815. Құдыққа тұлпар келді қауғаң бар ма,
Өзіңе мендей көңілі ауған бар ма.
Дүние бір күн олай, бір күн былай,
Жасап қал алыс-беріс саудаң барда.
2816. Дүние құдым сені сегізімнен,
Өр нәрсе алыстамас негізінен.
Жақсылар жанға жайлы сөз айтады,
Балқытып тыңдаушысын лебізімен.
2817. Қай жалған: мынау жалған, дүние жалған,
Жалғаннан өткен бар ма болмай арман.
Болады дүниенің ең қиыны —
Ішінде қараша үйдің жалғыз қалған.
2818. Дүние, ойлап тұрсам, өтер-кетер,
Өр іске мұны білген талап етер.
Барында бал дәуреннің бұлағай сал,
Басыңа ажал-өлім бір күн жетер.
2819. Дүниенің қызығы көрер көзге,
Өтпестей боп көрінер ондай кезде.
Оралыңның барында ойна да күл,
Тіршілікте пайда жоқ онан өзге.

2820. Дүние сенен де өтер, менен де өтер,
Тезірек өту үшін жеделдетер.
Барында қызылыңның қудай жайға,
Басқаның бұл жалғанда бәрі бекер.
2821. Дүние тұра бермес ылғи қолда,
Мінгенің болса дағы кілең жорға.
Тұрымтай түлкі ала алмас, көзге шоқып,
Қыранды қорлағанмен түскен торға.
2822. Дүние бұрандаған бір қисық жол,
Болмайық дүниеде дүниеқор.
Қашсаң да, мейлі, қайда, құтылмайсың,
Жолыңның барар жері қазылған ор.
2823. Дүние бір күні кең, бір күні тар,
Алды-артын байқатпайтын бір терең жар.
Бағалап бас қосуды ойна да күл,
Күніңе өстіп жүрген боласың зар.
2824. Дүние о басында түрленеді,
Ағаштай жазғытұрғы бүрленеді.
Өзіңнің пешенеңе жазсын тағдыр,
Кісіге кісі бөліп не береді.
2825. Дүние алдың барлық, артың тарлық,
Дүмшені алшаңдатар қолда барлық.
Жастықтың жайлауында жайрандай біл,
Қалады мінген тұлпар, киген маңлық.
2826. Дүние қызық-ақсың тұрғаныңда,
Отырып тақта кеңес құрғанымда.
Хан демей, қара демей өкінесің,
Бір күні теріске бет бұрғаныңа.
2827. Дүние бір күн оңда, бір күн солда,
Тұрмайды дүние шіркін ылғи қолда.
Ту ұстап, тұлпар мінген ер болсаң да,
Қалады, ажал жетсе, басың жолда.

2828. Дүние құбылады ауық-ауық,
Кетеді кейбір кезде пәле жауып.
Ісің ақ, жолың түзу болса дағы,
Жоқ деме айналаңда қатер-қауіп.
2829. Жаратқан дүниені жалған қылып,
Байларға кедейлерді жалдандырып.
Арман беріп арманнан үмітті қып,
Өркімді қойған Құдай алдандырып.
2830. Бір күні өте шығар дүние, жалған,
Аз емес дүниеден көңілі қалған.
Қыз-жігіт тең-теңіне қосылса да,
Іштегі бітпек емес тілек-арман.
2831. Дүние бізге де ортақ, сізге де ортақ,
Кейбіреу үйде батыр, түзде қорқақ.
Айтқызбай көңілімді өзің тапшы,
Жан едім қыз алдында сөзге шорқақ.
2832. Көрінетін о баста көптей дүние,
Қауызынан айрылған көктей дүние.
Ойнап-күліп қалайық көңіл аулап,
Басымыздан тұрғанда өтпей дүние.
2833. Дүниеге екі келудің мәні бар ма,
Сатып жеген өріктің дәмі бар ма.
Уғай әнім бұл тойда шырқалмаса,
Онсыз өзге айтыстың сәні бар ма.
2834. Алдың тұйық, дүние артың шолақ,
Күннен күнге күшімді алдың тонап.
Тіршілікте сырласып сыйласа біл,
Бұл жалғанда біреуге біреу қонақ.
2835. Өмірдің алды ыстық, арты суық,
Қаңғырма тіршілікте дүние қуып.
Онан да еңбек етіп өнер үйрен,
Күн өткен сайын болар көрің жуық.

2836. Дүние қызыл түлкі бұлаңдаған,
Адамды алдандырып сылаңдаған.
Сусылдап, ирелеңдеп ұстатпайтын,
Тұрлаусыз бұл не деген жылан заман.
2837. Дүние, қарап тұрсам, опасы жоқ,
Шықпайтын талпынғанның жотасы жоқ.
Өнерсіз қалсаң өкін бұл дүниеде,
Өкінбе кедей болсаң, оқасы жоқ.
2838. Дүние бір күн сылдыр, бір күн бұлдыр,
Басында бөйге кердің жібек шылбыр.
Барында оралыңның ойна да күл,
Тұрмайды бір қалыпта заман құрғыр.
2839. Бұл дүние байдан да өткен, биден де өткен,
Түйені сона шағып имендеткен.
Алтынның қолда барда қадірін біл,
Не жетсін еңбегіңе сүйгенге еткен.
2840. Өрісім қалың баран жылқы болса,
Баранмен қыста аулар түлкі болса.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Тамаша күнде ойын-күлкі болса.
2841. Салайын өлеңіммен сөзден өрнек,
Жоқ екен өткен өмір қайта келмек.
Барында оралыңның ойна да күл,
Дүниеге келгендердің бәрі де өлмек.
2842. Айтайын айт дегенде сөзді жалғап,
Дүние қызыл түлкі жүрген алдап.
Баяғы ата-бабаң кеткен жерге,
Біреу кеш, біреу ерте бәрі бармақ.
2843. Дүние өтер-кетер ұшпа жалған,
Әуеде ұшып жүрген құс па жалған.
Асығыс арманыңа қол созбасаң,
Күрмеуге келмес дүние қысқа жалған.

2844. Дүние өтіп кетер, ахау, жалған,
Пендеміз көнер іске Құдай салған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күлмеген, ойнамаған қапы қалған.
2845. Дүние жеткізбейтін бұл бір белең,
Көк дөнен жектім шана күймелеген.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында
Қасыма құрбы-құрдас үймелеген.
2846. Адырдан а дегенде қашар қоян,
Дүние қызығына қашан тоям.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Асымды қолымдағы жерге қоям.
2847. Бұл дүние кімге опа қыла алады,
Ол бір жар, үгіліп тұр құлағалы.
Өскен бір қызыл гүл қой дүние деген
Бір күн толып, бір күні суалады.
2848. Дүние көрінесің жалпақ маған,
Өзіңе бар тіршілік жалтақтаған.
Кешегі киік құған ханзададай
Мен бір жан қыз соңынан салпақтаған.
2849. Әриайдай ақ құрай көлге бітер,
Көргендінің баласы қонақ күтер.
Оралыңның барында ойна да күл,
Әне-міне дегенше дүние өтер.
2850. Қай дүние, мына дүние, ұшпа дүние,
Жүретін ұшып-қонып құс па дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ұстатпас бір-ақ тұтам қысқа дүние.
2851. Қаулап өскен көктемгі көктей дүние,
Қаузынан арылған сөктей дүние.
Арқандалған аттайын армандамын,
Аз ғана күн тұрсайшы өтпей дүние.

2852. Дүние баяны жоқ бұл бір жалған,
Бұл дәурен бұрынғыдан бізге қалған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бүйтіп кез келе бермес көңілге алған.
2853. Дүние көз жеткісіз мұнарланған,
Кімдер алдап, білмеймін, кім алданған.
Арбасынан бір күні лақтырар деп,
Пенде тыныш жатпайды күмөнданған.
2854. Дүние өзі жақсы, баяны жоқ,
Жүйріктің шабысы бар, аяңы жоқ.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Өмірдің бас жағы бал, аяғы боқ.
2855. Көз жетті дүние қайта келмесіне,
Ешкімге артық дүние бермесіне.
Сыйласып тең құрбыңмен көңіл көтер,
Дүниенің баяны жоқ пендесіне.
2856. Дүние, ойлап тұрсам, артың шолақ,
Әркімді алар бір күн ажал тонап.
Сыйласып тіршілікте ойна да күл,
Біреуге бұл жалғанда біреу қонақ.
2857. Қос етек көйлек кидім дүриядан,
Екеуміз ұшқандаймыз бір ұядан.
Қалайық ойнап-күліп осындайда,
Кетерміз әлі-ақ өтіп дүниадан.
2858. Жас та өткен бұл дүниеден, кәрі де өткен,
Ақ та өткен, қара да өткен, сары да өткен.
Барында оралыңның ойна да күл,
Хан, дана, қожа, молда бәрі де өткен.
2859. Қара көк жылқы ішінде сетер екен,
Дүние, ойлап тұрсам, бекер екен.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бұл дүние әлі-ақ алдан кетеді екен.

2860. Құдай-ау, айналайын бергеніңнен,
Жақсы екен ойнап-күліп елде жүрген.
Түбіне дүниенің көз жіберсем,
Көп екен көрмегенім көргенімнен.
2861. Құсқа мекен, малға құт көл етегі,
Дүние ісін азырақ сөз етелі.
Оралыңның барында күліп-ойна,
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді?!
2862. Дүние өте шығар аттай шауып,
Мықты отыр ат үстінен түспей ауып.
Алдыңда даңғыраған жолмен жүрмей,
Пәлені кейде аласың өзің тауып.
2863. Дүние — жалған бір боқ екенсің,
Тіршілік — жанып тұрған шоқ екенсің.
Зымырап ә дегенше өте шығып,
Тиетін көрінбей кеп оқ екенсің.
2864. Дүние алдың барлық, артың тарлық,
Әркімді алшаңдатар қолда барлық.
Өзіңе-өзің жағдай жасап үлгір,
Көрінбей ажал алда тұр қой аңдып.
2865. Мәуе ағаш жазғытұрым бүрленеді,
Құлпырып дүние алуан түрге енеді.
Кезінде екі есе қып қайтара біл,
Біреуден алсаң егер бірдемені.
2866. Дүние негізінде жалған екен,
Алданып шын деп әркім қалған екен.
Бай болсын, патша болсын, батыр болсын,
Бәрін де жер бесікке салған екен.
2867. Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Ол жолмен ешкім түзу жүре алмаған.
Батырлық бір оқ, байлық бір борандық,
Бір сәттік бақытың да құры алдаған.

2868. Дүние бір күні кең, бір күні тар,
Көз жетпес алды, артың бір терең жар.
Уақытша ортасында ойна да күл,
Бір күні бұл күніңе боласың зар.
2869. Дүниеден жақсы да өтер, жаман да өтер,
Дүрілдеп дәуір, зымырап заман да өтер.
Өтпейтін, өзгермейтін еш нәрсе жоқ,
Дүниеге қайтып сенің шамаң жетер.
2870. Дүние балық судың түбінде өскен,
Қалатын қармағыңа ілінбеген.
Дүние жасың жүзге жетсе дағы,
Өтеді бір бес күндей білінбестен.
2871. Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Ешқашан бір қалыпта тұра алмаған.
Қай кезде қандай қиын болса дағы,
Болмаған шығар әсте бұдан жаман.
2872. Дүние, құдым сені сегізімнен,
Бір дерек алайын деп негізіңнен.
Ақ ниет адалдықтың жауы ма едің,
Кедейлік қалмай қойдың неге ізімнен?!
2873. Дүние өте шығар бір соққан жел,
Ажалдан қала алмайды құтқарып ел.
Барында тіршіліктің күл де ойна,
Қайғырып төге бермей көзіңнен сел.
2874. Дүние бір күн олай, бір күн былай,
Қара су қой тоғытсаң болады лай.
Барында денсаулықтың қарманып қал,
Қанша өмір қалды ойла бұдан былай.
2875. Басында Қаратаудың балқарағай,
Жаманмен жолдас болсаң әлдеқалай.
Көзіңе кең дүние тар көрініп,
Итерер ебін тауып жарға қарай.

2876. Басында Қаратаудың қайнар бұлақ,
Маңырар қой келгенде жетім лақ,
Барында оралыңның ойна да күл,
Болады бұл дүние кімге тұрақ.
2877. Басында Қаратаудың қара жартас,
Ағады сені ойласам көзімнен жас.
Барында тіршіліктің теңді тап,
Бұл дүние кімге болған мәңгі жолдас.
2878. Барады өтіп жалған ел көшкендей,
Болмайды жағаласқан, белдескендей.
Жаманмен күнде ойнап, күлсең дағы,
Болмайды жақсымен бір сөйлескендей.
2879. Бұл жалған кетер дағы, өтер дағы,
Қалыпты сан патшаның алтын тағы.
Барында оралыңның ойна да күл,
Алланың денсаулығы берген бағы.
2880. Бұл жалған байдан да өткен, биден де өткен,
Түйені сона шағып имендеткен.
Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне бұл дүниенің кімдер жеткен.
2881. Күн әрбір батқан сайын түн болады,
Дүниенің емес дейсің кім қонағы.
Көрінген өлместей боп кей жаманға,
Жігерің қарап тұрып құм болады.
2882. Дүние опа қылмас пендесіне,
Ат жақсысын қарап біл жем жесіне.
Қанша айтсаң да, жаманға сөз өтпейді,
Құдай өзі салмаса зердесіне.
2883. Дүние қызыл түлкі жүрген алдап,
Бір күні жалт бұрылып кетіп қалмақ.
Аттанған ата-баба о дүниеге,
Адамның осы жүрген бәрі бармақ.

2884. Барасың қайда кетіп соқпа жалған,
Қызықсыз өтемісің босқа жалған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Айтқызбай өте шығар қош та жалған.
2885. Барасың қайда асығып ахау жалған,
Көнбейтін кім бар іске Құдай салған.
Барында оралыңның ойна да күл,
Күлмеген, ойнамаған қапы қалған.
2886. Барасың қайда асығып ұшпа жалған,
Әуеде ұшып жүрген құс па жылдам?
Барында оралыңның ойна да күл,
Кетеді әлі-ақ өтіп қысқа жалған.
2887. Іленің бер жағы жар, ар жағы жар,
Үстімде дүриядан камзолым бар.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Ізіңе басып кеткен боламын зар.
2888. Іледен ары өтемін, бері өтемін,
Төбеңді өткен сайын көре өтемін.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Түйедей ботасы өлген зар өтемін.
2889. Ағады ирелендеп Іле деймін,
Іледен өте шықсаң, міне, деймін.
Кісіге кісі жары жар болмайды,
Тілеуін өз жарыңның тіле деймін.
2890. Қонғаны ауылымның Іле деймін,
Ілеге кеткеніңді тілемеймін.
Алыста мені есіңе алар болсаң,
Бір хабар ұшқан құстан жіберейін.
2891. Әуеде ұшып жүрген қарабай-ды,
Қарабай құйрықтарын тарамайды.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Бойыма ішкен асым тарамайды.

2892. Есігі ақбоз үйдің сықырлауық,
Ашайын сықырлатпай ебін тауып.
Қолымды қойыныңа салғанымда,
Құшақтап алсаң болды жылы жауып.
2893. Қар жауар қарашада қатырлаған,
Елеп пе жауған қарды батыр бабам.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Сағыныш сырын шерткен ақын болам.
2894. Жайлаудың ең төресі Бел болады,
Шыжаңдай екі жағы ел болады.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Көзімнен аққан жасым сел болады.
2895. Сары атқа сарт еткізіп қамшы бастым,
Болғанда намаздыгер белден астым.
Болғаны жолымыздың осы емес пе,
Өзіңмен дер кезінде душарластым.
2896. Мінемін той дегенде қара атымды,
Жаямын саған қарай қанатымды.
Өзіңді көрмесем де естуім бар,
Деуші еді тәуір бала жаратымды.
2897. Беткейден теріп келдім қу ырғайды,
Қу ырғай отқа жақсаң, дуылдайды.
Сізді мен көрер көзге мақтамаймын,
Білгендер сыртыңыздан шуылдайды.
2898. Мінгенім астымдағы торыша атым,
Әр іске көмекшіңмін болысатын.
Аулымыз жазда бірге, қыста бірге,
Өзіңе кетіп-ақ жүр қоныс ағым.
2899. Қурайдан арқан естім кендір деген,
Етегі көк көйлектің желбірлеген.
Ауылың жазда бірге, күзде бірге,
Аузыңнан сөз шықпайды кел бір деген.

2900. Қара жерге қар жауар себелеп кеп,
Күйкентай құс ұшады ебелектеп.
Қысқа күнде аулыңа қырық барсам,
Сұрамайсың бұйымтай не керек деп.
2901. Балға табы кетпейді темірдегі,
Сенің бейнең өшпейді көңілдегі.
Қырғауылдың мойнындай мың құбылған,
Қылығыңды қайтейін іңірдегі.
2902. Кескен ағаш қалады жеңдей болып,
Жер бетінде түбірі меңдей болып.
Алыс аулың кеткенде қимас қалқа,
Кім көрінер көзіме сендей болып.
2903. Көзді алыстан арбайды сылқым сағым,
Сағынғанда қайда едің солқылдағым.
Салма болған түйедей жатушы едім,
Сенің мұнда келгенің болды бағым.
2904. Су жағалай бітеді жалбыз деймін,
Су жағалап сырласар жанды іздеймін.
Алыс аулың кеткенде қимас қалқам,
Жүре алмадым елеңдеп жалғыз деймін.
2905. Арғы жағы аулыңның құм-құм борбас,
Ат жүгіріп борбастан дүлдүл болмас.
Жөн білер деп өзіңе қолқа салдым,
Сөз байласпай көңілімде тыным болмас.
2906. Айт дегенде айтайын әлденені,
Қырғи салып ілдірдім бөденені.
Көңілге алып келіп ем бір өзіңді,
Ескерерсің сөзімді, келсе жөні.
2907. Мінген атым астымда жол жорғалы ат,
Мінгізбеуші ем өзгеге, сен жорғалат.
Шыныменен шын көңілің болса менде,
Керегенің көзінен қол жорғалат.

2908. Мінгенім астымдағы сарбарағым,
Қайда едің сағынғанда сен, қарағым.
Алыс кеткен ауылың жақын келсе,
Қуанғаннан тартады оң қабағым.
2909. Көз тартқан жылқының көк аласымын,
Жастардың өзім теңдес бұласымын.
Әр жерде айтар сөзге бөгелмеген
Елімнің әлпештеген баласымын.
2910. Астыма мінген атым қоңырым-ай,
Қолыңнан берші науат омырып-ай.
Түсімде қыраныма түлкі алдырдым,
Сол түлкі сен болғай деп жорыдым-ай.
2911. Қыстауы ауылымның Қаражиде,
Жалығу жақындамас балалы үйге.
Есіме сен түскенде, беу, қалқашым,
Әр алуан домбырамды салам күйге.
2912. Әуеде ұшып жүрген лашынсың,
Күлші бір бұлттанған күн ашылсын.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Жаһанда қолға түспес бір асылсың.
2913. Қай кезі бүгін айдың — қараңғысы,
Атыңның жарқылдайды таралғысы.
Алысы аулымыздың бұйым боп па,
Жігіттің іздеп табар жарамдысы.
2914. Мінгенім астымдағы құла қасқа,
Құдыққа шеңбер салдым құламасқа.
Аулыңа әдейі іздеп барғанымда
Кісідей танымаған тұра қашпа.
2915. Сыңсып көркін кіргізер белдің қайың,
Жылқы баққан біледі жердің жайын.
Тұрағыңды айта отыр, айналайын,
Ыстық тартып барасың барған сайын.

2916. Өрістен айдап түстім боз інгенді,
Аузыма айтылатын сөзім келді.
«Іздегенге — сұраған» дегендейін,
Қаңбақтай жел аударған кезің келді.
2917. Құрасаң тон болмайды өңкей қиқым,
Келмейді сен дегенде жатсам ұйқым.
Жастықта жалындаған ойна да күл,
Қартайсаң, әжім басып кетер сиқың.
2918. Жарығы толған айдың күндізгідей,
Жігіттің ісі бітпес түнде жүрмей.
Қайтсем де менің көңілім орнықпайды,
Өзіңмен қол ұстасып дәурен сүрмей.
2919. Басында ортан жілік жамбас тұрған,
Жолыңда, қалқам, сенің мал-бас құрбан.
Бір көрсем арманым жоқ деп жүргенде,
Тағдырдан айналайын жалғастырған.
2920. Астымдағы мінгенім арық жирен,
Арыса да жайым бар барып жүрген.
Ақтар болсаң сенімді, бүгін ақта,
Несиеден көңілім бар қалып жүрген.
2921. Көрінер көтеріңкі көл қабағы,
Шығады қыстан семіз төл жабағы.
Төбесі көкке күнде жетер еді,
Өркімнің болса сендей ақтамағы.
2922. Аспанда айырпылан дарылдаған,
Қуырдақ ас болмайды жалындаған.
Қарасам сипатыңа, жан жетпейді,
Қаракөк тұқымыңнан арылмаған.
2923. Жылқымды айдап келем күнде ерте,
Аулымда өн бастаған мен бір серке.
Жүз сұрақ қойсам да, бір жауап бермес,
Мысымды құртып жүрген сен бір ерке.

2924. Бешпетің үстіндегі қара барқыт,
Ешкімге жараспайды сенен артық.
Қарасам жамалыңа, жан жетпейді,
Тұрасың сонадайдан көзді тартып.
2925. Мінгенім астымдағы жирен дөнен,
Аулыңа апарар жол иреңдеген.
Сыйласып өз теңіңмен ойна да күл,
Бірге өткен өмір қызық сүйгенменен.
2926. Болғанда жазғытұрым қар кетеді,
Қарамаса, бақпаса мал кетеді.
Өзіңе тең құрбы деп айттым бір сөз,
Сөзімді қостай салсаң, нең кетеді.
2927. Жұғымы жоқ жайлаудан ел кетеді,
Аттың бабын білмеген терлетеді.
Құрбылас деп өзіңе қол артамын,
Аулай салсаң көңілімді, нең кетеді.
2928. Мінемін той дегенде күреңімді,
Шаншимын күресінге күрегімді.
Шын көңілің шыныменен менде болса,
Тигізші жүрегіңе жүрегімді.
2929. Су ағар ескі арықтан ылайланып,
Оңаша сырласайық былай барып.
Болғанда сіз қызыл гүл, мен көбелек,
Маңында ұшып жүрген шыр айналып.
2930. Ұстағаның қолыңа асыл құмған,
Айналайын көзіңнен ашып-жұмған.
Ондай көңіл сен берсең, қалқатайым,
Малым түгіл жолыңа басым құрбан.
2931. Иығыңа ілгенің асыл ішік,
Үйір болар тай, құнан қасынысып.
Көңілің шыныменен болса менде,
Несіне елден жүрміз жасырынып.

2932. Шөл адырда көктейді адыраспан,
Жаман дейді арам ой арам астан.
Не жазып ем, мінімді ашып айтшы,
Шақырғанда кетердей қарамастан.
2933. Кетпеннің мойның ұзын ұңғысындай,
Көзге ыстық көрінесің жыл құсындай.
Қояйын ата-анама таныстырып,
Жиі кеп ойнап-күліп жүр қысылмай.
2934. Құла атым құлынында арда емген,
Бәйгеден мың сан аттан озып келген.
Сақтаулы өлгенімше асыл белгі,
Жан қалқа, орамалың өзің берген.
2935. Торы ат кетіп барады тоқтай түсіп,
Тобылғының түбіне оттай түсіп.
Аулың алыс кетсе де, кел десең сен,
Барар едім соңыңнан оқтай ұшып.
2936. Мінгенім дәйім менің құла жирен,
Ұнатсаң айтқан осы әнімді үйрен.
Бір көріп дидарыңды, сөйлеспекке,
Әдейі ат терлетіп келдім үйден.
2937. Жылқысы біздің жақтың ала мойын,
Су ішіп айдын көлде салады ойын.
Сүйеніп тал құрыққа тұрғанымда,
Өзіңе әрқашан да болады ойым.
2938. Ақ тары жаншылмайды түктегенде,
Ақ алмас жасымайды бүктегенде.
Тиердей төбем көкке қуанамын,
«Кешікпей кездесеміз, күт» дегенде.
2939. Көкжотаның тиіп тұр көлге етегі,
Көкжотаны бөктерлеп жол кетеді.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Айтқан сөзің аңсатып шөлдетеді.

2940. Ауылымның өрісі жусан ба екен,
Жусан жеген мал ерте жусар ма екен.
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Қос ат алып артыңнан құсам ба екен.
2941. Ұшып жүрген әуеде көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.
Жақындағы ауылың алыс кетті-ау,
Қабырғамның бір жағын сөгілдіріп.
2942. Ағашы Керекудің селдіреген,
Үстіңде жібек көйлек желбіреген.
Тұндырған тостағанға қара шайдай
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.
2943. Жайлау сәні болмайды ел кеткен соң,
Кіммен ойнап-күлемін сен кеткен соң.
Кетеріңде сіңліңе тапсырып кет,
Өгейсітіп жүрмесін сен кеткен соң.
2944. Су бойында өседі көк балдырған,
Жолдан шығар жолаушы ат шалдырған.
Айғайласам, артыңа қарамайсың,
Осынша көңіліңді кім қалдырған?
2945. Өседі үйме-жүйме ой балдырған,
Үйіңді ойпаң жерге кім қондырған.
Артыңа, айғайласам, қарамайсың,
Көңіліңді осыншама кім қалдырған?
2946. Далаға дара біткен сен бір терек
Сен болсаң, сенен өзге неге керек.
Аққудай кеш қонақтап көлге қонған,
Көзіме көрінесің елден ерек.
2947. Жоғарыдан келемін заулай түсіп,
Орған қамыс жатады баудай түсіп.
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,
Жата алмаймын төсекте аунай түсіп.

2948. Мінемін қарагерді қабыстырып,
Үстіне ертоқымды жабыстырып.
Тағдырға мың қайтара алғыс айтам,
Өзіңмен қойған мені табыстырып.
2949. Дәйім менің мінгенім күрең жалды ат,
Қазармада ойнайды кілең солдат.
Шыныменен көңілің болса менде,
Аузыңды аш та, сәулетай, тілің жалмат.
2950. Мінгенім дәйім менің үлкен қара ат,
Өсектің екі жағы малға суат.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Етемін әніңді айтып дөтке қуат.
2951. Тоқтыбалақ дегенге, тоқтыбалақ,
Тоқтыбалақ жайылар көк қуалап.
Бұрынғыдай емессің, тоқмейілсің,
Кетті екен басыңды кім дуалап.
2952. Еңкейіп ителгі ұшар биік шыңнан,
Тым көркем қабағың да түйіп тұрған.
Жадырап сен қарасаң, болар едім
Бақытты төбем көкке тиіп тұрған.
2953. Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,
Ұясы жануардың желге қарсы.
Көрген соң, сәулем, сені тұра алмаймын,
Талпынған балапандай жемге қарсы.
2954. Қараша күз қайтады қатқақ болып,
Қалады, көл суалса, батпақ болып.
Ақ кербез отыр ма екен, жатыр ма екен,
Аққудай көлге қонған аппақ болып.
2955. Өуеде ұшып жүрген дуадақ-ай,
Даусыңды есіте алмадым қиядағы-ай.
Даусыңды естігенде қиядағы-ай,
Балапан ұшпас па еді ұядағы-ай.

2956. Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Қайда жүрсем кетпейді көкейімнен
Қалқамен ұлыс күні ойнағаным.
2957. Қыран бүркіт ұшады қыр айналып,
Қызыл көрсе шықпайды шыр айналып.
Қайда жүрсең, жан қалқа, қош-аман бол,
Кім бар, кім жоқ келгенше жыл айналып.
2958. Жылқыда ерен жүйрік сарым болса,
Түйеде қызыл бұйра нарым болса,
Жолыңда мал мен басты аямаймын.
Қолымда өзіндікі барым болса.
2959. Қамысы Атыраукөлдің жар болғандай,
Шақырдым атыңды атап зар болғандай.
Бір тәулік дидарыңды көре алмасам,
Кең дүние жүре алмаймын тар болғандай.
2960. Ұшып жүрген аспанда ала қарға,
Мендей сылқым аулыңда бала бар ма?
Қосылуға ынтық ем өз ойымда,
Қоспай қойған тағдырға шара бар ма?
2961. Көл жағалай ұшады көк көбелек,
Дертің болса басайын су себелеп.
Айтқан сөзің, қалқатай, рас болса,
Бір сүйейін бетіңнен көлеңкелеп.
2962. Еккен ағаш аз жылда ну болады,
Күн жауып, су ақпаса қу болады.
Кешегіден көңілім бүгін бөсең,
Ішкен асым өзіңсіз у болады.
2963. Сарыбеткей, ендеше, Сарыбеткей,
Теріскейдің жатады қары кетпей.
Айтар болсаң сөзіңді, бір-ақ қайыр,
Екі сөйлеп көңілді жарым етпей.

2964. Басы бар ұршығымның қорғасыннан,
Өзіңе болдым ғашық он жасымнан.
Төрт болды екі көзім жолға қарап,
Тым құрыса сәлем айтшы жолдасыңнан.
2965. Ат байладым көшенің терегіне,
Ғашық болдым адамның зерегіне.
Тілегенім көкте емес, жерде екен,
Бұдан артық бақыттың керегі не?
2966. Басымда түлкі бөрік түбіттеген,
Сертінде тұрар болар жігіт деген.
Біз жаққа ала жаздай бір соқпадың,
Кім екен сені үйіңе кілттеген?
2967. Қай беткей, мына беткей, ана беткей,
Мал қайда ер жігітке талап етпей.
Күреңді күпшек саңды мінгеннен соң,
Көңілім тынбас көшіңді жанап өтпей.
2968. Ауылдан мен шыққанда бесін еді,
Ақ боз ат астымдағы есінеді.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Белбеуім белімдегі шешіледі.
2969. Ұшады аққу көлден байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.
2970. Қою сүтке түседі сары маңыз,
Сары адырда сарғайып қалар аңыз.
Бірімізді біріміз көрмей қалсақ,
Санаменен сарғайып сағынамыз.
2971. Алдында есігімнің қатқан тал бар,
Кигені бозбаланың мақпал шалбар.
Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым,
Кеудемде шықпай қалған шыбын жан бар.

2972. Дарияның иірім тартар шығанағы,
Кім батпай иірімнен шыға алады.
Көзіме сонадайдан сен көрінсең,
Талпынам балапандай ұядағы.
2973. Дарияның ортасында борық тұрған,
Борықты шортан балық сорып тұрған.
Қолымнан қашқан құстай кетіп едің,
Құдайдан айналайын жолықтырған.
2974. Иірдім кішкене ұршық қалайыдан,
Мен болдым саған ғашық талайымнан.
Білдірсең шын көңліңді, сәулетайым,
Айналып кетпес пе едім маңайыңнан.
2975. Астында ана қырдың жылқым жатыр,
Жылқы деп жүріп сенен қалдым қапыл.
Салдыртып сар кезеңге шыға келсем,
Сарғайып сағыныштай жұртың жатыр.
2976. Ақ тас тұр шың басында арбадай боп,
Күн шығар арба тасқа қарғадай боп.
Ойнасақ, кел екеүміз, жарасады,
Қозғаған сары майға жармадай боп.
2977. Мінемін той дегенде қызылымды,
Жайлайды Қоңырат елі Қызылқұмды.
Өріктей жаңа піскен уылжытып,
Қандай жан көрер екен қызығыңды.
2978. Бұқардың наны тәтті, жолы қатты,
Айдадым алдыма сап арық атты.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Ағытшы ілгегіңді, түймең батты.
2979. Үстімде бір бешпетім қабуы жоқ,
Жоғалттым құнан атан жабуы жоқ.
Сағынып наз дауысын келгенімде,
Орнында қыз қалғаның ауылы жоқ.

2980. Түреді түңілікті қара сырық,
Мінемін қара атымды таң асырып.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Түнімен жата алмадым аласұрып.
2981. Айталық мына салық, сары салық,
Сарт тігер сауыр етік қылмен шалып.
Салдары әсемдіктің осылай деп,
Келемін жан ғашықтың әнін салып.
2982. Шөп өседі жайлауда егіндей боп,
Жайқаласың егіннің көгіндей боп,
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Кім көрінер көзіме өзіңдей боп.
2983. Күркіреп жай түскенмен тау құламас,
Мен сендік, жетекте де аулыңа қаш.
Біреудің мен де өзіңдей мәуетегі,
Шайқа да жұмыртқадай бауырыңа бас.
2984. Біздің ел Гурьевтің қарауында,
Жүйрік ат шыға шабар жарауында.
Өзіңдей перизатты көргенім жоқ,
Болсам да жолым түсіп сан ауылда.
2985. Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауады жаңбырменен араласып.
Шам сөндіріп барайын деген басым,
Қатып ұйықтап қалыпшын қара басып.
2986. Өлкең шалғын, Есіл-ау, жарың тақыр,
Ашуланып кеткендей біздің батыр.
Шошығандай орнымнан тұрып келсем,
Әсем басқан сол қоңыр ізі жатыр.
2987. Тозады болмаған соң үйде күтім,
Шығады жыртық үйден қисық түтін.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Өтпейді тамағымнан ішкен сүтім.

2988. Көрдiм де, шәугiм iлдiм сылдыр мосы,
Жайлайды төмен барып төре қосы.
Өзiңдi әдейi iздеп шығып едiм,
«Iздеген — сұрағанға» деген осы.
2989. Жылқымды айдап салдым терең сайға,
Жетер ме, созсам қолым, көктегi айға.
Артынан қос ат алып мен қуайын,
Сәулемнiң ұзатылған жөнi қайда?
2990. Қызыл сиыр, ендеше, қызыл сиыр,
Ауылыңның маңайын қылдым шиыр.
Жәйiмдi құй бiлерсiң, құй бiлмессiң,
Жабырқап жаман азып жүрмiн биыл.
2991. Ұшады аққу көлден ұзай алмай,
Айрылдым ғашық жардан Құдай алмай.
Күйiгi сүйгенiңнiң жаман екен,
Түйiлiп қалдым тынып жылай алмай.
2992. Берiп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейiк күлiп-ойнап қыс та болса.
Шеш тағы етiгiңдi байпақшаң кел,
Көрейiн өз сорымнан ұстап алса.
2993. Берiп кет сақинаңды мыс та болса,
Елiңде соқтырып ал ұста болса.
Жерiңе уағда айтқан мен барамын,
Қақаған қарлы боран қыс та болса.
2994. Ертiстiң ар жағынан көрдiм сенi,
Сырғаңды қайық қылып өткiз менi.
Сырғаңды қайық қылып өткiзбесең,
Болсаң да хордың қызы көрмен сенi.
2995. Астымда мiнген атым жорғалаған,
Жоқ кiсi бар кiсiге қорғалаған.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Көл болар көзден жасым сорғалаған.

2996. Жапанда бір бәйтерек егіледі,
Жел соқса, жапырағы төгіледі.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Қабырғам сынбаса да, сөгіледі.
2997. Ақ асық, жасыл асық, қызыл асық,
Барады қыздар тойға бір-бір басып.
Арманым көңілге алған орындалып,
Өзіңмен жатсам, шіркін, сыбырласып.
2998. Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,
Сілекей сірне татыр шөлдегенде.
Қалқажан, сен қандайсың мен дегенде,
Менде жоқ ұшар қанат сен дегенде.
2999. Көп түйме омырауда қатар-қатар,
Түймені ағытқанша таң да атар.
Қалқатай, сен ар жақта, мен бер жақта,
Кілегей боп су беті қашан қатар.
3000. Көрінер жүген сұлу ноқтаменен,
Іздейді өз теңдесін топқа келген.
Шықпайсың айлаңқастап маңымыздан,
Көзің бізден сұлуды жоқ па көрген?
3001. Қыпша бел қиылады бүрген сайын,
Көрінер шашың сұлу өрген сайын,
Күйеді ішім оттай, кімге айтайын,
Бұралып сен үйіңде жүрген сайын.
3002. Мінгенім астымдағы тай болады,
Көпті көрген жел сөзге бай болады.
Ойын-тойда өзіңді көрген сайын,
Көп боп жүрген көңілім жай болады.
3003. Мінгенім астымдағы қара құнан,
Қаланың қашып жүрмін арағынан.
Көп дұшпан арадағы не демейді,
Айыру үшін мені қарағымнан.

3004. Сырлы қасық, ендеше, сырлы қасық,
Сырлы қасық сындырдым сабын басып.
Жарасады сырласып ойнап-күлсек,
Байпаңдаған түлкідей құмнан қашып.
3005. Терең көл, шым тастасаң, шымырлайды,
Қамшылар бала мініп жыңғыл-тайды.
Бірге өсіп кішкентайдан, ей, замандас,
Кім білер сізден басқа біздің жайды.
3006. Жарға құшақ жаяды дариялар,
Үлгілі сөз айтады қариялар.
Жетем саған, қалқатай, кідірместен,
Кездесе де алдымда жар-қиялар.
3007. Дегенге ой мойылды, қыр мойылды,
Ойпаттан тауып алдым бір мойылды.
Ей, қалқа, рас көңілің менде болса,
Мал сойып, ел шақыртып, қыл тойыңды.
3008. Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше!
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Барар ем қалқажанға әлденеше!..
3009. Қар басты Әупілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген қасірет, зарын.
Түседі қайғылыға қара тұман,
Кім білер сол тұманның ашыларын?!
3010. Майлапсың етігіңнің былғарысын,
Кім жаман болсын дейді қылған ісін.
Қалыпсың бұрынғыдан тоқмейілсіп,
Бір ісің көңілге алған тынғаны үшін.
3011. Әсте тыным таппайды тайды мінген,
Жота жолмен жүрмейді сайды білген.
Таңдап тауып өзіңе салдым қолқа,
Тұқымы деп тектінің жайды білген.

3012. Қадіріңді шын сүйген адам білер,
Базарға сап басыңды надан жүрер.
Басы жетпес орынға аяқ салып
Жақсы мен не себепті жаман күлер?
3013. Көрдің бе көкте жүрген күшігенді,
Қалқатай бүгін түнде түсіме енді.
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Қалқама бармас па едім ұшып енді.
3014. Алдында есігімнің бөйтерегім,
Жығылса бөйтерегім қайтер едім.
Ауада ұшқан құстың тілі болса,
Бір сәлем татулыма айтар едім.
3015. Мінгенім жылқы ішінде күрең дөнен,
Жағалай Жайық бойлап жүрем төмен.
Кірмеген үш ұйықтасам бір түсіме,
Айрылып сенен қалқа жүрем деген.
3016. Астымда мінген атым құла құнан,
Нарынның ат суғардым бұлағынан.
Алдында асқақтата өн шырқайын,
Кетпесін көпке дейін құлағыңнан.
3017. Бөйгеден талай келген сұр құнаным,
Шықпай жүр осы күні құрғыр өнім.
Көз көріп, көңіл аулап мақтамаймын,
Біріңнен бірің артық құрбыларым.
3018. Ақсұр ат ұстатпайды арқан кермей,
Ақ жүзің жарқырайды алтын зердей.
Бойыма ішкен асым тарамайды,
Таранған тоты құстай сені көрмей.
3019. Қаз жейді қара судың қаймағын-ай,
Болжайды көңіл құрғыр қайдағыны-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүр ме екен аман-есен жайнағым-ай.

3020. Шаңқылдап тау басында қарға жүрер,
Шиқылдап қара жолда арба жүрер.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Шырқырап шыбын жаным зорға жүрер.
3021. Шаншылар көкке шоқы Найзақара,
Мен қандай, өзің қандай, ойла, бала.
Менімен өзінді ойлап біле алмасаң,
Жұлдыз бен аспандағы айға қара.
3022. Бойында қара судың арал бар ма,
Жайылған сол аралда марал бар ма.
Ант ішкен айрылмасқа қимас қалқа,
Тағдырдың төлкегіне амал бар ма?!
3023. Жылқымды айдап келдім бие бауға,
Көрінер шешен жігіт кие дауда.
Орманда ерекше өскен сен бөйтерек,
Мен келдім бұтағыңа ұялауға.
3024. Қолында жылқышының ақтан құрық,
Ат міндім күрең төбел баптандырып.
Қайырылып ақ тамақтан бір сүйдірші,
Орнындай түйнеменің дақ қалдырып.
3025. Аққуды көзім қиып ата алмадым,
Алдыңа алты барып, бата алмадым.
Жетінші барғанымда өзің жоқ боп,
Дөңбекшіп таң атқанша, жата алмадым.
3026. Боз үйге кіріп келдім аттан түсіп,
Қалқатай орынынан тұрды ұшып.
Қолынан күміс қайшы қалды түсіп,
Мақпалдан отыр екен камзол пішіп.
3027. Қолыңа ұстағаның асыл құман,
Көзіңнен айналайын ашып-жұмған.
Дүниеде еш арманым болмас еді,
Баланы әлпештесем сенен туған.

3028. Астымда көк бесті атым омыраулап,
Келемін сені іздеп желдей заулап.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Жыртамын киімімді шеңгелге аунап.
3029. Киемін ақ тымақты шақтай-шақтай,
Басамын түйең ауса тоқтай-тоқтай.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жүремін өлеңменен жоқтай-жоқтай.
3030. Ежелден екі ауылдың арасы бір,
Өзара қалжыңымыз жарасып жүр,
Бірге өскен кішкентайдан, қимас қалқа,
Құрбыңа оқта-текте қарасып жүр.
3031. Аяғы ұзын тамның қалың алма,
Тағдырым тап қылмасын пейілі тарға.
Өмірім аңсауменен өтер ме екен,
Қосатын күн болар ма зарды зарға.
3032. Астымда мінген атым қара ала аяқ,
Суғардым қара аламды жалаң аяқ.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Құйғыттым қара аланы аямай-ақ.
3033. Ұшады көл жағалай көк көбелек,
Алмадай екі бетің дөп-дөңгелек.
Шын болса әлгі айтқаның, сәулетайым,
Қыз-қырқын сенен басқа неге керек.
3034. Өуеде ұшып жүрген ақсай ма екен,
Баласын атып алсам қақсай ма екен.
Елеңдеп әр дауысқа, деп жүремін,
Даусына қалқатайдың ұқсай ма екен.
3035. Мінгенім дәйім менің шұбалаң кер,
Қолыңда қос білезік бұрама зер.
Кеткенде аулың шалғай, қимас қалқа,
Болды қой көзге күйік ойнаған жер.

3036. Кекілін кер бестінің сылап тұрып,
Ширатып шашбауынды бұрап тұрып,
Есімнен өле-өлгенше кетер емес,
«Қош-аман бол» дегенің жылап тұрып.
3037. Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Бағылмаған мал арып болар пырақ.
Аулың алыс кеткенде, сүйген сәулем,
Жылай-жылай көз жасым болды бұлақ.
3038. Мінбеймін басқа аттарға құла ат тұрып,
Ішпеймін құдық суын бұлақ тұрып.
Аққыздың айтқан сөзі кетпейді естен,
Сүйеніп үзеңгіме жылап тұрып.
3039. Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
«Ауылы қос қалқаның аман ба» деп.
3040. Қараймын қарайғанға бұта ма деп,
Қайнаттым қара желім тұта ма деп.
Аузыңа жарты мейіз жарып салып,
Қараймын тамағыңа жұта ма деп.
3041. Қараймын қарайғанға мал ма екен деп,
Өсетін өзен бойлап тал ма екен деп.
Төрт болды екі көзім қарай-қарай,
Қалқатай ауылыңда бар ма екен деп.
3042. Қараймын қарайғанға бұл не екен деп,
Көрінген қуанышты күн бе екен деп.
Орныңды тар төсекте төтті ұйықтайтын,
Көп арман, ауыр қайғы жүр мекендеп.
3043. Қараймын қарайғанға жыра ма деп,
Жырадан атым үркіп жыға ма деп.
Сағынып ғашық жарды зарлағанда,
Адам жоқ жұбататын жылама деп.

3044. Қараймын қарайғанға томар ма деп,
Өзімді томар құлап соғар ма деп.
Өзіңе ұшқан құстан сәлем айттым,
Қасыңа бірі сенің қонар ма деп.
3045. Түк көрсетпес айнала тұманданған,
Тұмау тиіп, дауысым жуанданған.
Алыс кеткен ауылың жақын келсе,
Оң қабағым тартады қуанғаннан.
3046. Арамыз кішкентайдан тәуір еді,
Мінезің қорғасыннан ауыр еді.
Түскенде сен есіме, сәулетайым,
Көз жасым нәсерлеген жауын еді.
3047. Шалшық су бұлақ болмас қазбаған соң,
Сауырдан ат шаба алмас саздаған соң,
Жете алмай арманыма болдым іңкәр,
Өзіңнің қолғабысың аз болған соң.
3048. Той десе ер салушы ем құла сұрға,
Ілдірдім қайтқан қуды лашынға.
Арыны басылмайтын асау көңілім,
Бұл күнде жуықтап жүр жуасуға.
3049. Көрсе де кім еске алар күшігенді,
Қалқашым бүгін тағы түсіме енді.
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Қалқама бармас па едім ұшып енді.
3050. Ішінде айдын көлдің арал бар ма,
Жайылған сол аралда марал бар ма.
Ант еткен айрылмасқа қимас қалқа,
Тағдырдың салғанына амал бар ма.
3051. Не қалды, қарайғанда қамыс қалды,
Ауылы қалқатайдың алыс қалды.
Аулына қалқатайдың қараймын деп,
Қайрылып қаршығадай мойным талды.

3052. Салғаным оң қолыма қола жүзік,
Өткенді неге керек жіпке тізіп.
Кетсе де аулың шалғай, қимас қалқа,
Өзіңнен жүргенім жоқ күдер үзіп.
3053. Саламын оң қолыма жүзігіңді,
Көшкенде артысушы ем үзігіңді.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Көрмедім бойжеткенде қызығыңды.
3054. Созсам қолым жетпейді аспанда айға,
Қайрылып құрық салдым асау тайға.
Қол тимей ертелі-кеш бара алмадым,
Айта бар, барсаң, сәлем қалқатайға.
3055. Шешеннің бал тамады таңдайынан,
Сұлудың күн көрінер маңдайынан.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Өзімді шөлде қалған жандай ұғам.
3056. Кигенің аяғыңа кебіс-мәсі,
Тігіпті етікшінің ең ұстасы.
Сен берсең ондай көңіл, мен қостайын,
Бетіңнен бір сүйейін бері ұсташы.
3057. Асау ат ұстатпайды арқан кермей,
Ақ жүзің жарқырайды алтын зердей.
Бойыма ішкен асым тарамайды,
Жеріне уәделі қалқам келмей.
3058. Жақсы әдет жалғасады ғұрыптағы,
Найзаның жолда жатар сынықтары.
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейді
Сәулемнің ерке-назды қылықтары.
3059. Ауылым Жақсыбайдың Ақсорында,
Өкпелер жаман — асқа, жақсы — орынға.
Аққудай толқын соққан көлбең етіп,
Ақ үйдің қылаң берші жапсарында.

3060. Еркеме «еркем-ай» деп еттім дабыс,
Жан еркем сапар шегіп кетіпті алыс,
Кеткендей салым суға кері қайттым,
Бастым да аяғымды шөлкем-шалыс.
3061. Арасы екі ауылдың Қызылшілік,
Біреуі біреуінен ұзын шілік.
Қыл өтпес ортамыздан тату едік,
Кім салды арамызға бүліншілік.
3062. Жайлауы ауылымның Шатқараған,
Мен едім ертеменен ат қараған.
Кеткенде аулық алыс, қимас қалқа,
Қалпыңды сағындым қой жалт қараған.
3063. Ұшады аққу көлден қайраңдаған,
Дариға-ай, өткен өмір айналмаған.
Кеткенде аулық алыс, қимас қалқа,
Қалпыңды сағындым қой жайраңдаған.
3064. Алдына ат салмайды құла құнан,
Нарынның ішпей қанбас бұлағынан.
Қалқатай, бұрынғыдай неге емессің,
Айтсаңшы қай қылығым ыза қылған?!
3065. Келедүр қонақ таңдап боз үйлерге,
Келедүр ханнан қағаз бек-билерге.
Шалғайын шапанымның түріп алып,
Түспедім сенің үшін не күйлерге.
3066. Кигенім аяғыма көк кебіс-ті,
Қазанда қалқып жүріп өкпе пісті.
Бірге өскен бала кезден, беу, қарағым,
Жас шағым сені көріп еске түсті.
3067. Жатса да күнде өтіп ойын-сауық,
Сағынып кетем сені ауық-ауық.
Белгісі ғашықтықтың сол емес пе,
Жығылдым Салторыдан есім ауып.

3068. Кербезді сұлу десең керіледі,
Есерді жақсы десең елігеді.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Көл болып көздің жасы төгіледі.
3069. Байдың ең атақтысы жылқылы бай,
Бөйгеден жүйрік келер жұлқынып-ай.
Ақ еркем отыр ма екен, жатыр ма екен,
Жібектей жүз алпыс сом құлпырып-ай.
3070. Басында Сырымбеттің бір топ қабан,
Ақ еркем алыс кетті күзге таман.
Қорлығын дүниенің мен айтайын,
Айрылып ғашығыңнан жүрген жаман.
3071. Үйретіп қанша асауды желдірмедім,
Жездетіп қанша қамшы өрдірмедім.
Айрылып сенен қалқам қалғаннан соң,
Жарамас жаманға көз төндіргенім.
3072. Кигенің үстіңдегі құндыз, манат,
Аршын төс, алма мойын, ашық қабақ.
Аулыңа қысқа күнде қырық барар ем,
Маған да құсқа біткен бітсе қанат.
3073. Жайлауы ауылымның Теңіз еді,
Малымыз Теңіз жайлап семіз еді.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Жүрек, бауырым сені ойлап езіледі.
3074. Үстімде бір бешпетім сұр драптан,
Жоғалмас байдың малы қыдыр баққан.
Болғанда қоныс шалғай, беу, қарағым,
Даусыңды көп сағындым сылдыр қаққан.
3075. Қарасу қалың қамыс есік алды,
Орнады көңілсіздік кеші мәңгі.
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,
Бұл жанның шықпағанда несі қалды?

3076. Салғаның құлағыңа күміс сырға,
Шығасың күмбірлетіп күнде қырға.
Сені ойлап сағынғанда, қимас қалқа,
Қосамын күнде атыңды ән мен жырға.
3077. Айналайын көзіңнен, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай.
3078. Айналайын, қарағым, күмісім-ай,
Өзіңді ойлап кетіп жүр тынышым-ай.
Аулың алыс кеткелі, қимас қалқа,
Баспай қойды оңына бір ісім-ай.
3079. Кигенім аяғыма кежім етік,
Етегін ақ көйлектің дөңгелетіп.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Білмеймін кеткенімді өлеңдетіп.
3080. Дарияның бойында қамыс тұрған,
Жақындады ауылың алыс тұрған.
Кездесем деп бір тойда жүруші едім,
Айналайын тағдырдан табыстырған.
3081. Осындай сағынтар ма сайранды өмір,
Сенсіз жерде қайғы-мұң қайдан кемір.
Жетімдей жаутаң қағып өтер ме екен,
Өзіңде жоқты іздейтін қайран көңіл.
3082. Мінгенім дәйім менің торы құнан,
Ақсайды торы құнан тобығынан.
Көңілің шыныменен менде болса,
Аулыңның жолығайық қорығынан.
3083. Мінгенім дәйім менің торы құнан,
Жануар баса алмай тұр тобығынан.
Ажарлы албыраған ақ бетіңді,
Оңаша бір сүйгізші толығынан.

3084. Жайлаймыз жаз Майтөбе, құмды күзде,
Қалқатай, ара-тұра бізді де ізде.
Болса да ауыл шалқай, көңіл жақын,
Кетті деп көз көрмеске күдер үзбе.
3085. Айналып жылда келіп қуаң қарға,
Ұнатқан ұя салар дуалдарға.
Аулыңа ерте барсам, кеш қайтамын,
Басымды айналдырған дуаң бар ма!
3086. Бір келдім, екі келдім, үш келейін,
Көтерші тамағыңды иіскелейін.
Аққудай айдындағы аймаласып,
Қойныңда жатар ма едім түске дейін.
3087. Есімде кездескен кез жайлаудағы,
Жастықта бұл көңілім қайда аумады.
Есіме сен түскенде сенер болсаң,
Ботадай мұңаямын байлаудағы.
3088. Ары өтпесем аулыңнан бері өтем бе,
Ұнатпасам өзіңді зар етем бе.
Жұрт алдында сағымды сындырмадың,
Көргендінің баласы, бәрекелді!
3089. Биікте екен орыны ақ алманың,
Бойым жетіп ақ алма ала алмадым.
Дүниенің төрт бұрышын кезсем дағы,
Саған жетер перизат таба алмадым.
3090. Сен едің ертеменен қозы ағытқан,
Мен едім ақбоз атпен орағытқан.
Айрылып ойда жоқта сенен, сәулем,
Жүзіме көзім жасы сорағытқан.
3091. Үстінде жылқым жатыр Көктекшенің,
Есте ме Көктекшеде сертескенің.
Шеніңе ал шеберле де, сәулетайым,
Сен үшін қаншама су, от кешпедім.

3092. Құндыз бөрік басыңда маржаның бар,
Жаны сүйген әркімнің жан жары бар.
Бір өзіңе арналған ынтызарым,
Сені құшсам, қалқам, не арманым бар.
3093. Астымда мінген атым желе басқан,
Әп-сәтте желе басып кезең асқан.
Есіңде бар ма сенің, қимас қалқам,
Күніміз ойнап-күліп көңіл ашқан.
3094. Ар жағы ауылыңның сары қамыс,
Барар ем күн құрғатпай, аулың алыс.
Көзден кетсе, көңілден ұмыт болып,
Табысарсың талаймен болып таныс.
3095. Тұсынан ауылыңның тал кескенім,
Сені көргім келгені, бірге өскенім.
Есіңде бар ма сенің, сәулежаным,
Аузыңнан көмпит шайнап, бал жескенім.
3096. Ажарың ақ жамбыдай түрленеді,
Көз тартар ақ көйлектің бүрмелері.
Алыстан нұр бейнеңді көзім шалса,
Ұйқасып өздігінен жыр келеді.
3097. Таба алмадым аққудың жұмыртқасын,
Ғашық жарға сәлем айт, ұмытпасын.
Қанатым жоқ ұшуға зорға жүрмін,
Келмеді деп көңілін суытпасын.
3098. Сен келгенде мен шат боп қуанамын,
Жез құманмен еңкейіп су аламын.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Асасы жоқ мойнында диуанамын.
3099. Салдықпенен салмаймын балағымды,
Қарлықтырды салған ән тамағымды.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Қарақат көз сағындым қарағымды.

3100. Қонатын әр ауруға ем бар деймін,
Өркімге лайық бір тең бар деймін.
Көңіліңнің менде екенін сезіп жүрмін,
Әйтпесе күнде әуре боп нем бар деймін.
3101. Әдейі іздеп аулыңа келдім жаңа,
Ақ жүзіңді көрсем деп мейірім ғана.
Ағылына көркі сай, сәулетайым,
Жүрегіме орнадың өзің ғана.
3102. Асау торы ат жүрмейді шалдыққанда,
Өнге даусым келмейді қарлыққанда.
Сағынғанда қай жаққа қарасам да,
Сен елестеп тұрасың барлық маңда.
3103. Ер жігіт бақыт таппас талап етпей,
Жетпейді арманына бейнет шекпей.
Жолында қанша азап кездесе де,
Шын ғашық тоқтала ма сертке жетпей.
3104. Асырып алты қырдан ән салғанда,
Қуанған әдейі іздеп мен барғанда.
Жалт еткен аспандағы ақ жұлдыздай,
Сәулемдей жан болар ма бұл жалғанда.
3105. Қос балапан секілді екі қарақ,
Қолаң шашқа қыстырған алтын тарақ.
Алыс аулың кеткенде, қос қалқатай,
Құмарымды тарқатам кімге қарап.
3106. Күн шыққандай жарқырап маңдайыңнан,
Ән шығады тамылжып таңдайыңнан.
Түлеп ұшқан ұядан, ақ сұңқарым,
Жаратылдың адамның қандайынан.
3107. Пішен деп қоға ормаймын құрақ тұрып,
Құдықтан су ішпеймін бұлақ тұрып.
Түскенде сен есіме, сәулежаным,
Ағыттым арнау өлең жылап тұрып.

3108. Тұлпарым жоқ тау жайлап желетұғын,
Сүйгенім сен өмірде сенетұғын.
Түн ұйқымды төрт бөліп барар едім,
Жолдасым жоқ қасыма еретұғын.
3109. Қалқадан қайттым үйге Кербалақпен,
Асынып садағымды қорамсақпен.
Көрсем де құралайды атқаным жоқ,
Ұқсатып қалқам саған шын жүректен.
3110. Болғанда қыр қараған, ой қараған,
Кім еді таңертеңгі қой қараған.
Жеткенде аулың алыс, ей, қарағым,
Қойныма көзім жасым сорғалаған.
3111. Болғанда ой қарақат, қыр қарақат,
Ойпаңнан теріп жедім бір қарақат.
Көңілің шыныменен менде болса,
Бері жатып, іргеңді оңашалат.
3112. Таң атар, таң-таң атар таң жағынан,
Құланның шаң шығады ойнағынан.
Белге оралған жыландай үш бұралып,
Қалқаның тұрар ма едім оң жағынан.
3113. Көз алдымда ақ жүзің күлімдейді,
Бір өзімнен басқаға білінбейді.
Сен есіме түскенде, ей, қалқатай,
Ұзақ таңға көзім бір ілінбейді!
3114. Көзіңнен айналайын жайнап тұрған,
Бұлбұлдай әнші екенсің сайрап тұрған.
Жігітте бұл жалғанда арман бар ма
Өзіңмен ебін тауып ойнап тұрған.
3115. Көзіңнен айналайын күліп тұрған,
Айтқызбай бар жағдайды біліп тұрған.
Жігітте бұл жалғанда арман болмас,
Тағдыры өзіңменен жолықтырған.

3116. Қаракөз қарай бердім дүркін-дүркін,
Көзімді қарықтырды сенің көркің.
Шашыңды бір-бір талдап сүйер едім,
Қайтеіін жетпейді қой өмір шіркін.
3117. Астымда Сұржелгенше беске келген,
Аңсатып сәулем кезде еске келген.
Жылқымды бір ойпаңға жинап тастап,
Сұршамды белгі қылып күттім белден.
3118. Көзіңнен айналайын әндірім-ай,
Суындай тас бастаудың мөлдірім-ай.
Ішінде дүйім жұрттың жарқ-жұрқ еткен
Айшықты Алатаудай белгілім-ай.
3119. Тас көрсе тұрмас ешкі ойнақ салмай,
Өрнені күлім көзің ойлатқандай.
Біреуге төуекел деп қол созбасаң,
Таңдауға адам көңіл тоймақ қандай.
3120. Көзіңнен күлімдеген айналайын,
Беліңе белдік болып байланайын.
Сен берсең ондай көңіл, қимас қалқа,
Төсіңді тар төсекте аймалайын.
3121. Айналайын қарағым көзіңізден,
Аузыңда мың ділдалық сөзіңізден.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Садаға өзге әйел өзіңізден.
3122. Таймаған таудан, тастан табаным-ай,
Кез болған қиуада қарағым-ай.
Өзге ешкімді менсінбей, ел таңғалтып,
Кермаралдай өзінді қаладым-ай.
3123. Мінгенім дәйім менің құла құнан,
Үркеді құла құнан құлағынан.
Көңілің шыныменен болса менде,
Көксайдың кездесейік бұлағынан.

3124. Мінгенім дәйім менің жирен тайым,
Жирен тай басын шұлғыр жүрген сайын.
Көзкөрген құрбыласқа не жетеді,
Бірінің бірі сұрап білген жайын.
3125. Қызыққа не жетеді жайлаудағы,
Маған рақат сен жайлы ойлау дағы.
Сыртыңнан бір көргендер таласады,
Сияздай шар салысқан сайлаудағы.
3126. Мінгенім дәйім менің қасқа тайым,
Ұнамас қасқа тайдан басқа тайың.
Беріп кет, кетер болсаң, бір белгіңді,
Етейін дөтке қуат, қалқатайым.
3127. Мінгенім дәйім менің қара ала тай,
Шіркінді жүрмін әлі тақалатпай.
Бөркімді бір шекеме қырын киіп,
Келемін сенен басқа жан жаратпай.
3128. Мінгенім дәйім менің алқара көк,
Қададым кекіліне үкілі шоқ.
Шоқытып құба жонға шыға келсем,
Қалқаның жұрты жатыр, ауылы жоқ.
3129. Тықыршиды кермеге байлаған кер,
Мен боламын сертінен таймаған ер.
Алыс аулың кеткенде, қалқатайым,
Көзге күйік көрінер ойнаған жер.
3130. Қалқатай, сен үйдесең, мен бүйдейін,
Суына жүгерінің нан илейін.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Ботасыз бозінгендей зар илейін.
3131. Жетпесе құс тарығар айдын көлге,
Сен жоқта құстан менің қайғым кем бе.
Ұмтылған айдынына аққу құсап,
Құшақты сені көріп жайдым кеңге.

3132. Үстімде бір бешпетім дүриядан,
Ұшады екі сұңқар бір ұядан.
Құсадан жыларман боп отырсам да,
Сен келсең, күлмесем де, жымия алам.
3133. Тұсынан ауылыңның тал кескенім,
Өзіңді кел дегенім, тел өскенім.
Есіңде бар ма сенің, қимас қалқа,
Аузыңнан көмпит шайнап, бал жескенім.
3134. Соғады зергер бұйым қалайыдан,
Сорғалап ащы тері самайынан.
Сәулемнің көңіліне қараймын деп,
Құр қалдым сұлулардың талайынан.
3135. Астыма мінген атым мүзкөк ала,
Сала алмас бұл әніме өзге бала.
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Өкпелеп жүрсің бе өсек сөзге бола.
3136. Мінгенім астымдағы ұзын құла ат,
Өзеннің екі жағы малға суат.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Сала жүр осы әніме дөтке қуат.
3137. Дариға-ай, құмарландым келбетіңе,
Бар ма екен сендей адам жер бетінде.
Аспаннан түлеп ұшсам қыран құстай,
Аққудай қанат жайсаң көл бетінде.
3138. Мінгенім дәйім менің құла қасқа,
Құдыққа шеге қақтым құламасқа.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Беріп кет орамалың жыламасқа.
3139. Отауға жабар ма едім үзігіңді,
Саусаққа киер ме едім жүзігіңді.
Секілді піскен жеміс уылжытып,
Шіркін-ай, көрер ме едім қызығыңды.

3140. Алманы ала алмадым құртын көріп,
Қалқаның қуанамын сыртын көріп.
От-жалын көкірекке қайта жанды,
Қалқаның ойнап-күлген жұртын көріп.
3141. Күн суытып айнала тұманданған,
Тұмау тиіп дауысым жуанданған.
Алыс кеткен ауылың жақын келсе,
Оң қабағым тартады қуанғаннан.
3142. Ішпедім арық суын лай-ау деп,
Қолымды сермей салдым былай-ау деп.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Төсекке құлай кеттім «Құдай-ау» деп.
3143. Қызығып, қалқа, саған көп қарадым,
Қоймады қарамасқа от жанарың.
Жел желшіп желбіретсе қызғалдақты,
Өзіңнің жаулығың ба деп қаламын.
3144. Кимедім ақ көйлекті бөз болар деп,
Бармадым ойын-тойға сөз болар деп.
Бойымды таза сақтап жүрдім дара,
Өзіңдей бір перизат кез болар деп.
3145. Үстінде жылқым жатыр Көктекшенің,
Есінде бар ма сонда серттескенің.
Ай түгіл, жылдар өтті көрмегелі,
Осынша жөн бе мені көксеткенің.
3146. Сен жақта шолпан жұлдыз тұр ағарып,
Көз алмай мен қараймын тұра қалып.
Жүрегім саған қарай ентелейді,
Бұлақ боп көкірегімнен құлап ағып.
3147. Дауысым ө дегенде бір саңқылдар,
Жел болса қатпа түйе үйге аңқылдар.

- Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдыңнан үйрек ұшып, қаз қаңқылдар.
3148. Жан қалқа, аулың шалғай Алмалыда,
Аулыңа алғаш рет барғанымда.
Қадалып қарақат көз от тастадың,
Айналдың содан бері арманыма.
3149. Қиыннан қия тасқа қияладым,
Сұңқардай биік шыңға ұяладың.
Көз тартқан қызыл гүлдей, сәулетайым,
Жүректен сағынышты жыр арнадым.
3150. Гауһар тас шірімейді мың жыл көмсең,
Көз тартып жылтырайды қашан көрсең.
Қымбатты өмірдегі ең асылым,
Күлімдеп гауһар тастай келші, еркем.
3151. Талабым таудан биік, судан терең,
Соңынан талабымның ере берем.
Мақсатты іске асырып ойымдағы,
Қызығын бұл өмірдің қашан көрем?
3152. Жүрген жүріс, есімде күлген күлкің,
Жанған жүрек қасында болсаң, шіркін.
Сені ойласам, қаракөз, ас батпайды,
Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім.
3153. Мінгенім дәйім менің қасқа дөнен,
Белімді буа салдым таспаменен.
Көңілің шыныменен болса менде,
Басыңды байлай көрме басқаменен.
3154. Армандаймын, дариға, армандаймын,
Өзің шіркін болар ма ең алған жарым.
Беркі бардың еркі бар деген қайда,
Арманыма жете алмай зарланамын.

3155. Еркелейсің, жан сәулем, күлім қағып,
Махаббаттың жүрекке отын жағып.
Жүрегімді күйдірсе ғашық оты,
Жараланбай жас жүрек тұрсын неғып.
3156. Шығады өзен бойлап көк өрім тал,
Жас күнге өрім талдай болармыз зар.
Кеткенде сен алысқа, қимас қалқа,
Құрсаудай кең дүние болады тар.
3157. Ақ көбік көк толқынның бетін жабар,
Жартасқа жағадағы маржан тағар.
Есіме ақ еркемді алған кезде,
Көзімнен мөлдір моншақ жерге тамар.
3158. Жылқымды айдап салдым жасыл төске,
Арман не, жүрек сырын құрбым шешсе.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Ғашық болған жан құрбым түскенде еске.
3159. Жайласа кең даланы дуадағым,
Мекендер қараша қаз су алабын.
Алыстан орамалың желбіресе,
Жүрегім алып-ұшып қуанамын.
3160. Ұшады аққу көлден үйрегімен,
Қонады айдынына түйдегімен.
Көңілімді көрген сайын көркің баурап,
Барасың ыстық тартып күндегіден.
3161. Қашады сары түлкі көп қамыстан,
Сабылып сары тазым жетті алыстан.
Бір үзбей күдерімді жүрмін әлі,
Өзіңдей салымды едім көз таныстан.
3162. Атымды қамшылаймын шапқанынша,
Аулыңды асығамын тапқанымша.
Алыстан қара шашың көз тартады,
Базардың кезі алпыс сом мақпалынша.

3163. Мекендер саздау жерді сары инелік,
Ұшады сары инелік зар иленіп.
Атымнан аударыла түсе қалдым,
Ән салған дауысыңды тани беріп.
3164. Бұталы жерге қонар ешкілі бай,
Өз қасыңда жүр ылғи кешкіріп-ай.
Саған деген ойымды білдіруге,
Күнде келмей жүргені-ай ешбір ыңғай.
3165. Жазда есіме аламын, күзде есіме,
Аласың ба бір мезет бізді есіңе.
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,
Бекер адам өзіңді іздесін бе?
3166. Қарай-қарай жолыңа көзім талды,
Жасауымда жыртылмай бөзім қалды.
Сыртқа шықпай тұншығып шемен болып,
Айтылмаған ішімде сөзім қалды.
3167. Қонады қайтқан тырна бел ағашқа,
Қомағай обырланып төнеді асқа.
Ауылым қай шалғайға көпсе дағы,
Өзгелер көз жазса да, сен адаспа.
3168. Аулыңның ат суғардым бұлағына,
Сонан соң ат шалдырдым құрағына.
Сырымыз елге түгел тарап жүрер,
Айтайын арманымды құлағыңа.
3169. Саламын қаршығамды қырғауылға,
Тұрады көңілім ауып қызды ауылға.
Бетіңді бері бұрып бір сүйгізсең,
Құмарым тарқар еді бір қауымға.
3170. Мөңірер табын іздеп сары құнажын,
Айтады құрбысына әркім назын.

- Бірге өскен битімдейден, беу, қарағым,
Тағдырға екі айырған бар ма лажың.
3171. Қосылар майы майға қарасұрдың,
Біреуі өзің едің жанашырдың.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Көңілім тыныш таппай аласұрдым.
3172. Жалған жар алған жардан болады ыстық,
Көз жетіп соған талай қол алыстық.
Ыстығы жалған жардың сол емес пе,
Етпейді ешқашан да жол алыстық.
3173. Жарасар алтын жүзік бармағыңа,
Қара жер солқылдайды салмағыңа.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Алаңдап қарай берем жан-жағыма.
3174. Есінде ме жақсы күн жайлаудағы,
Жаз жайлауда көңілім қайда аумады.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Асаудай аласұрдым байлаудағы.
3175. Дарияның ақ жүзігін ала қашып,
Көп толқын барады өне жағаласып.
Тулаған толқын емес, илан, жаным,
Жүрегім ол да менің саған ғашық.
3176. Есімде бар өскен жер ой мен қырың,
Кім ойлаған қалар деп сені бұрын.
Ойын-күлкім үйлескен құрбыларым,
Айың өтті сағынтып, міне, бүгін.
3177. Өндетіп аспан деген теңізбенен,
Аққулар барады ұшып көл іздеген.
Самғаған аққу емес, илан, жаным,
Жүрегім ол да менің сені іздеген.

3178. Мінгенім астымдағы қара бедеу,
Шығады күз болғанда ақша селеу.
Алыстан ат арылтып келгенімде,
Болғайсың ым қаққанда өзің медеу.
3179. Өкшесі етігімнің айнала жез,
Көзіңнен айналайын, дөңгелек көз.
Екеуміз екі ауылдың ардағы едік,
Қаңбақтай жел айдаған болдық қой кез.
3180. Бір мінің жоқ, жан қалқа, мінезінде,
Шақырғанда бармаған кінә өзімде.
Тоқсан ана толғатып қыз тапса да,
Бірде-бірі жетпейді бір өзіңе.
3181. Жел соқса толқындайды көлдің беті,
Тұңғыық қарауытар арғы шегі.
Есіме сен түскенде, беу, қалқатай,
Ісімнің болмас ешбір берекесі.
3182. Жылқымды айдап салдым Көккөзеңге,
Ішкен асым батпайды сен дегенде.
Бал шекердей татитын тәтті тілің
Сусынымды қандырар шөлдегенде.
3183. Қарағым, айналайын, қарақат көз,
Тыңдасаң айтар едім азырақ сөз.
Барлығы мінез, көрік бір өзіңде,
Бағына қандай жанның боласың кез.
3184. Тал құрық, қайың құрық, құрық-құрық,
Ұстадым қашағанды зорықтырып.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Қарғимын тұсаулы аттай тұрып-тұрып.
3185. Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Дұшпанға басқан ізің білінбеген.
Ішінде дарияның сен бір шабақ,
Салсам да алтын қармақ ілінбеген.

3186. Жапанда бір бәйтерек егіледі,
Жел соқса жапырағы төгіледі.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Қабырғам сынбаса да сөгіледі.
3187. Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,
Сілекей сірне татыр шөлдегенде.
Қалқам-ау, сен қандайсың мен дегенде,
Менде жоқ ұшар қанат сен дегенде.
3188. Өзгертпейді өз түсін алтын сары,
Жаз болса да, кетпейді таудың қары.
Сен есіме түскенде, беу, қалқашым,
Тамағымнан өтпейді жалғыз тары.
3189. Шыңға өскен жайқалып сен бір шынар,
Дидарыңды бір көріп болдым құмар.
Қайтсем де бір салмайсың назарыңды,
Құмарланған көңілім қашан тынар.
3190. Айналайын көзіңнен, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Сіз дария болғанда, біз қоңыр қаз,
Бауырым төсеп бетінде қалқыдым-ай.
3191. Қолыма алдым қамшы жез бауырлап,
Қимеймін жазды күні тонды ауырлап.
Кеткенде алыс аулың, мөлдір көзім,
Орнымнан тұра алмадым жер бауырлап.
3192. Сырым бар саған ғана шертетұғын,
Сол сыр қой көңіл бұлтын серпетұғын.
Жаныңда жасырынған мұзың болса,
Сыр — күн қой сәуле шашып ертетұғын.
3193. Мінгенім дәйім менің тақыр күрең,
Сырыңды айтпасаң да ақыр білем.
Жаныңа, жаман болсаң, кім жолайды,
Болған соң жаның асыл жақын жүреім.

3194. Даусың бұлбұл болғанда, өзің бір гүл,
Он бестегі толған ай кезің бұл бір.
Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ,
Тас бұлақтай дауысың қаққан сыңғыр.
3195. Күнде бардым сені іздеп ауылыңа,
Жалғыз аяқ жол салдым қауыңыңа.
Сен әңгелек болғанда, мен дөңгелек,
Дөңгелентіп тартсаңшы бауырыңа.
3196. Мен күтсем де сезіммен аласұрған,
Сен өтпедің қара орман, қара судан.
Сен өтпесең қара орман, қара судан,
Мен өтейін кірпігің арасынан.
3197. Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам,
Еңбектеп, отырып та, жүріп те айтам.
Орыстың шетке жеккен аттарындай
Мойнымды қыздар жаққа бұрып та айтам.
3198. Шашың қара көрінер бұрымдағы,
Ғашық едім өзіңе бұрын дағы.
Қолға қонсаң, жем беріп бағар едім,
Балапандай мәпелеп тұғырдағы.
3199. Білезік алтын, күміс білегімде,
Құдай-ау, жеткізе көр тілегіме.
Құдайым, жеткізбесең тілегіме,
Байланар запыран болып жүрегіме.
3200. Жылтылдап құлағыңда сырға деймін,
Кел десең, қырдан жаулық бұлға деймін.
Көңілің шыныменен болса менде,
Өзгеге өсте мойын бұрма деймін.
3201. Қаршығаның ұясы қарағайда,
Бөктергінің ұясы жадағайда.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Артық туған өзіңдей бала қайда.

3202. Тез ұшар қызғалдақтай қырандағы,
Беліміз аз ғана күн бұрандады.
Арасы екі ауылдың шалғай тартса,
Қайтейін, айтқан сертте тұрам дағы.
3203. Жемеймін қара нанды қалаш тұрып,
Іздеймін күнде сені бал аштырып.
Кез болған қиуада құда бала,
Көрінбей қайда жүрсің адастырып.
3204. Барасың суға қайтып шелегің жоқ,
Сүйеніп су алатын терегің жоқ.
Тоқсан қыз торыса да күнде мені,
Сұлудың сенен басқа керегі жоқ.
3205. Ұшады аққу жылдам көлді көріп,
Мен ұшам, сен шақырсаң белгі беріп.
Аттай боп арқандалған шыр айналдым,
Өзіңмен ойнап-күлген жерді көріп.
3206. Жарасар кесең жүзік бармағыңа,
Жеткізген кімді тағдыр арманына.
Сұрар ем сені маған ғашық ет деп,
Ілінсе алтын балық қармағыма.
3207. Жарасқан білезігің білегіңе,
Жеткізген кімді Құдай тілегіңе.
Періште тілегімді тыңдар болса,
Қос дер ем жүрегімді жүрегіңе.
3208. Сыр ашар ебін тауып ғашық кісі,
Білмейді ғашық жайын жасық кісі.
Қанеки, білсең егер айтып көрші,
Ғашықтың не болады басытқысы?
3209. Қараймын қарайғанға жылқы ма деп,
Көңілдің көзге іркілген бұлты ма деп.

- Сағындым ақ жүзіңді аңсарым-ай,
Кетсеңші бір көрініп жұртыңа кеп.
3210. Қараймын қарайғанға қой ма екен деп,
Бұл өмір бөгеті жоқ ой ма екен деп.
Ән салсаң ауылыңда, қалқатайым,
Қаламын төңірегім той ма екен деп.
3211. Қараймын қарайғанға түйе ме деп,
Көнекөз, қос өркешті кие ме деп.
Жібердім жүрегімді хатқа орап,
Қолыңа оңашада тие ме деп.
3212. Қараймын қарайғанға ешкі ме деп,
Күткенге көлеңке де болар медет.
Қалқам-ай, қапа болып аңсап жүрмін,
Біз жаққа ебін тауып бір келіп кет.
3213. Қараймын қарайғанға сиыр ма деп,
Жаңылып қара барқын қиыр ма деп.
Айрылып, қалқам, сенен зарлап жүрмін,
Атар таң маған енді бұйыр ма деп.
3214. Құдықтан қос шелек су мен аламын,
Екеуін бір-біріне тең аламын.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Үнілеп екі иықтан дем аламын.
3215. Әуеде ұшып жүрген ақсар ма екен,
Баласын атып алсам, қақсар ма екен.
Жел жақтан құлағымға бір үн келді,
Тыңдайын сүйген үнге ұқсар ма екен.
3216. Ішінде көп түйенің қызыл нарша,
Бауы бар бешпетімнің қиған парша.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Жылаймын өксіп-өксіп жас балаша.

3217. Қара атты астымдағы міндім пөнге,
Асынып қара мылтық жүрдім сөнге.
«Ауылы қыз еркемнің қайда екен» деп,
Ауылдан шыға бере салдым әнге.
3218. Жайлауы біздің елдің Саркөл, Самар,
Шебер бол он саусақтан өнер тамар.
Ішіне қараңғы үйдің кіріп келсе,
Сәулемнің ақшыл жүзі шамдай жанар.
3219. Қалмайды енесінен жаста құлын,
Өзіңсіз бәсең боп жүр асқақ үнім.
Өлсем де айрылмаймын деген сәулем,
Көрсетті-ау шыбын жанның басқалығын.
3220. Қосылар ешкі маңырап лағына,
Әр сайдың бір тоғысар бұлағы да.
Сағынып соққан желден тың тыңдасам,
Қалқаның үні келер құлағыма.
3221. Өседі біздің тауда балқарағай,
Келсеңші шыққан болып малға қарай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Болады алда заман әлдеқалай.
3222. Есік алды қара су түбі терең,
Қызығына жастықтың тоймай келем.
Алданбақ боп өзгеге көз салсам да,
Еркімнен тыс өзіңді ойлай берем.
3223. Қайтейін, амал бар ма аққан сорға,
Бір сұңқар, екі лашын түсер торға.
Құдай басқа салған соң, лажың не,
Шыбын жан шықпаған соң жүрер зорға.
3224. Болғанда ой бүлдірген, қыр бүлдірген,
Ойпаңнан теріп жедім бір бүлдірген.
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,
Кісіге сенен басқа сыр білдірмен.

3225. Болғанда ой тошала, қыр тошала,
Ойпаңнан теріп жедім бір тошала.
Шыныменен көңілің менде болса,
Бері жатып, іргеңді оңашала.
3226. Өзіңді көрмегелі көп күн болды,
Қоңыр жел, қара боран екпін болды.
Сағынып, қалқам, сені аңсай-аңсай,
Сарғайып ақша жүзім секпіл болды.
3227. Сендікке мойыныма алқа салдым,
Қазанға арнап қазы, қарта салдым.
Көргенде сені өзімді ұстай алмай,
Мойныңа ақ білекті арта салдым.
3228. Қарасу есік алды қоғалы екен,
Ақ боран оңды-солды соғады екен.
Қиылып өлеңімен шақырғанда,
Қалқаға бармаймын деу обал екен.
3229. Қарасу есік алды терек екен,
Қарагер, мінсем, жылдам желе ме екен.
Қалқамнан бір бұйымтай сұрап едім,
Құлағы ондайларға керең екен.
3230. Айналдым ажарыңнан, мінезіңнен,
Садаға он бес әйел бір өзіңнен.
Сөзіңнен, ісіңнен де мін таппаймын,
Сүймесең, сенен емес, кінә өзімнен.
3231. Мініс бермес ұзаққа арық жирен,
Алғаныңдай болмайды барып жүрген.
Асығыстық емес пе шайтан ісі,
Несиеге кімдер бар жарып жүрген.
3232. Алты қыр асып келіп белесімен,
Дәл түстім ауылыңның төбесінен.
Өртеген өзегімді өлеңімен
Қалғаны шығарайын неге есімнен.

3233. Атымды арқандаймын қазық қағып,
Түн бойы көз ілмеймін қызды бағып.
Етесің күні бойы көңілімді алаң,
Шашыңа сылдырлатып шолпы тағып.
3234. Түйем жатыр сексеуіл басын шалып,
Дауысыңнан мен келдім сені танып.
Саған айтпай дәтімді кімге айтамын,
Сен Ләйлі болсаң, менмін Мәжнүн ғарып.
3235. Сарғайған алтындай боп жиде ме екен,
Балбырап әбден піскен күйде ме екен.
Армандап бір көруді келіп едім,
Қалқатай далада ма, үйде ме екен.
3236. Астыма мінген атым бөкен санды,
Қайтып қиып кетесің сүйген жарды.
Берейін бес сұлудың қалың малын,
Не қылам сенен аяп жиған малды.
3237. Белжайлаудай жер бар ма жайлағанға,
Бедеу мініп, бес бие байлағанға.
Дәтің қалай шыдайды ояу жатып,
Мен тұсыңнан бұлбұлдай сайрағанда.
3238. Мінгенім дәйім менің боз көк ала,
Сала алмас осы әніме өзге бала.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Айрылдық арадағы сөзге бола.
3239. Мінгенім дәйім менің сұлу сары,
Сусылдар шапқан сайын аттың жалы.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары.
3240. Ұшырып түлкі қақтым тас түлекті,
Тас түлек түлкі қуып асты бетті.

- Естіртпей бір де жылы жауабыңды,
Езілтіп қоясың ба жас жүректі.
3241. Не жетсін ойын-тойға жайлаудағы,
Жайлауда жастық көңіл қайда аумады.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Құр аттай тықыршимын байлаудағы.
3242. Қалқатай, сен де өлеңші, мен де өлеңші,
Өлеңді айтқан сайын өршеленші.
Мен болып қыран бүркіт құйылайын,
Сен болып қызыл түлкі дөңгеленші.
3243. Жайлы келер жылқы мал күзеткенге,
Қайың құрық сынбайды түзеткенде.
Дәтің қайтып шыдайды ояу жатып,
Өлеңдетіп тұсыңнан біз өткенде.
3244. Жылқыда мен бір жігіт сыбызғылы,
Салмайды нендей күйге қыз қылығы.
Көңілің шыныменен менде болса,
Терең сай үйдің арты тобылғылы.
3245. Кигенім үстімдегі шағи шапан,
Өзіме өлшеп пішкен шағын шапан.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Адамға атпайды екен, сағынса, таң.
3246. Көрінген көл бетінде көк ала үйрек,
Шығады суға сүңгіп шабақ сүйреп.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Орнымда ұрмай-соқпай қалдым күйреп.
3247. Жылдағыдан қалқатай аулың алыс,
Алыс кеткен аулыңа еттім намыс.
Сағынғанда сені ойлап, сәулетайым,
Есім ауып басамын шөлкем-шалыс.

3248. Жырғалтайдай жер қайда қаралмаған,
Жібек шашың ұйысар таралмаған.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Бұрын-соңды сендей жан жаралмаған.
3249. Қалқатайдың ауылы алыс қалды,
Бізді көзден тасалар қамыс қалды.
Алыс қалған аулыңа қарай-қарай,
Қаршығадай қайрылып мойным талды.
3250. Ер салдым ерте тұрып Телкүреңге,
Өзіңді бір көруге келдім елге.
Ауылың қайда болса, мен сондамын,
Телмірмен сенен басқа мен біреуге.
3251. Қараойда ма, ауылың Бозталда ма,
Қарай-қарай артыңа көз талды ма.
Әй-ау десем, артыңа қарамайсың,
Шыныменен көңілің бек қалды ма?!
3252. Есік алды қарасу қалың жиде,
Көңілім онда болса да, көзім үйде.
Сен алысқа кеткенде, сенер болсаң,
Жата алмадым жабырқап жалғыз үйде.
3253. Ақ үйден шыға келдің айдай болып,
Енесін қысыр емген тайдай болып.
Кетесің, қолым тисе, былқ-сылқ етіп,
Қарынға салған сары майдай болып.
3254. Жайлау сұлу көрінер өрісімен,
Ауыл сұлу көрінер желісімен.
Сыңар іздеп сарылып жүргенімде,
Өзің сұлу көріндің ел ішінен.
3255. Арманға кім жетеді арып-ашпай,
Танимын дауысыңнан жаза баспай.
Көңілім менің әсте орнықпайды,
Ақ білек алма кезек араласпай.

3256. Дәйім менің мінгенім Алкүреңім,
Шілдедегі құрақтай балдыр едің.
Ауылыңның сыртынан қарауылдап,
Құс аулаған мергендей аңдыр едім.
3257. Алтайдың теріп жүріп шырғанағын,
Сан рет күреңседен сырғанадым.
Қалқатай, есіңде ме, сонда үзілген,
Түймесін көйлегімнің сен қададың.
3258. Етегі шапанымның сегіз қиық,
Шыңырауы Шымқорғанның шыңнан биік.
Есіме туған жерім сен түскенде,
Кетеді өкпем жанып, ішім күйіп.
3259. Қарасудың бойында балдыры бар,
Балдырына атыңды шалдырып ал.
Шыныменен көңілің менде болса,
Ерте жат та, ұйқыңды қандырып ал.
3260. Бұлбұлдың даусы жақсы сайрағанда,
Тарантас жүрдек келер майлағанда.
Өтпейді ішкен асым тамағымнан,
Өзіңді не болар деп ойлағанда.
3261. Мінген атым астымда Қаракерім,
Жер ошақтай ояды басқан жерін.
Нұр сипатың есіме түскен кезде,
Мен несіне аяйын аттың терін.
3262. Бұл өлке біздің ауыл күздеген жер,
Қаракөз бойын сылап түзеген жер.
Көзіме от жалындай көрінеді,
Қолаң шаш уәдесін үзбеген жер.
3263. Дәйім менің мінгенім қара ала ат-ай,
Неге міндім шіркінді тағалатпай.
Кәмшат бөрік шекеге қырын киіп,
Жүруші едім мен дағы жан жаратпай.

3264. Қатар ұшқан қаз едік қаңқылдаған,
Көлге қонып самалда саңқылдаған.
Аулың шалғай кеткенде, өттең, қалқам,
Сағынам қой жүзіңді жарқылдаған.
3265. Алтайдың аулым қонған күн бетіне,
Ақ қағаз жазу жаздым бір шетіне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз үлкендердің құрметіне.
3266. Бақшадан барып сары өрік алдым,
Ішінен ең жақсысын теріп алдым.
Көңілің шыныменен болса менде,
Тәуекел, бар бөгетті көріп алдым.
3267. Жапанда жайқалады жалғыз терек,
Жаңбырдан жасындатқан алып қорек.
Сертіңнен сен түбінде таяр болсаң,
Өмірім сенсіз өткен неге керек.
3268. Басылмас қартайсам да жастық серпін,
Жасымнан еркеледім емін-еркін.
Келмейді тұрсам күлкім, жатсам ұйқым,
Сіңірмес ішкен асты сенің дертің.
3269. Дәйім менің мінгенім үкілі кер,
Үкілі керге жарасар күмісті ер.
Алыс аулың кеткенде, беу, қарағым,
Көзге күйік көрінер ойнаған жер.
3270. Дәйім менің мінгенім Құлабөрте,
Құйрығы ұзын бөртеңің, жалы келте.
Түзден қашқан түлкідей шұбалаңдап,
Төсегінен қалқаның тұрсам ерте.
3271. Мен шақырам, келсең кел ауылыма,
Жібереің бір сипап сауырыңа.
Ақ білекті мойныңа тағы артқанда,
Қайқаң етіп тигендей жауырыңа.

3272. Салады сені есіме бір түп жиде,
Жүруге келісіп ең біздің үйде.
Еріксіз қалың берген қағып кетті,
Қалқатай, түстің екен қандай күйге.
3273. Мінгенім топтан таңдап боз көк ала,
Сала алмас біздей өнге өзге бала.
Бұл жерге шақырса да, келмес едім,
Бұл тойға келіп қалдым сізге бола.
3274. Сен дегенде, сәулетай, ойым бөлек,
Он жасымнан өлеңге болдым зерек.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.
3275. Басында Қаратаудың бір топ арша,
Тамаша қыз-бозбала өнге салса.
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,
Айрылдым қапияда амал қанша!
3276. Ұраны еліміздің — Райымбек,
Бәйгіге жүйрік қостым сынайын деп.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жас келді жанарыма жылайын деп.
3277. Баянауыл басынан түсер сағым,
Сағынғанда қайда едің сен, қарағым.
Кәмшат бөрік басыңа құп жарасып,
Сенің сұлу болғаның менің бағым.
3278. Барайын ала ат мініп ауылыңа,
Жарасар алтын шашақ сауырына.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Бассаңшы балапандай бауырыңа.
3279. Мінгенім дәйім менің сусыл сары,
Кетпейді жаз болса да таудың қары.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Болсашы бір өзіңдей жанның бөрі.

3280. Қонғаны ауылымның жазық еді,
Өн-күйім көңілімнің азығы еді.
Жасымнан қол жетпесті армандадым,
Тағдырым әлденеге жазып еді.
3281. Сән үшін салдым жүзік бармағыма,
Салсам да ілінбедің қармағыма.
Бойымды, сәулем, сенің дертің меңдеп,
Қара жер майысады салмағыма.
3282. Әуеде ұшып жүрген ақсар ма екен,
Баласын атып алсам қақсар ма екен.
Әніне майда қоңыр бір салайын,
Даусына перизаттың ұқсар ма екен.
3283. Еңістеп ұшқан бүркіт торға түсер,
Шалдырды шаужайласа жорға түсер.
Құрбыжан, келмек болсаң, тезірек кел,
Қор болып қалқаң бір күн қолға түсер.
3284. Алмадым ерімді өсте алшағырдан,
Секілді сені бүкіл тау сағынған.
Өзіңдей жүзігіңді көріп жүрмін,
Тастамай күндіз-түні саусағымнан.
3285. Алтайдың көрсем бүгін ақ бұршағын,
Бірге өткен түседі еске жастық шағым.
Армандай алыстаған сол күндерді,
Алыстан бұлдырлатып басты сағым.
3286. Қапталдың теруші едік қарақатын,
Жастықтың бірге көріп рахатын.
Еске алып сол кездерді ойға шому,
Ең жақсы болды әдетім ұнататын.
3287. Беткейдің теріп бірге бүлдіргенін,
Өзіңмен кетер ме естен бір жүргенім.

Жоқтатпай екеуміздің орнымызды,
Жүр екен ойнап-күліп бұл күнде кім.

3288. Алтайдың тердік бірге тошаласын,
Деуші едік теруден қол босамасын.
Бетіңді тошаладан тәтті десем,
Бұл сөзге қандай кеңес қоса аласың.
3289. Сай-сайдың тердік бірге саранасын,
Пәк жеміс бойға неге тарамасын.
Қызықты естен кетпес сол күндерді,
Қалқатай, қайдан іздеп таба аласың.
3290. Тоғайдың теріп бірге шәңкіштерін,
Келгенде қайтушы едік тал түске күн.
Ойымды неге сонда айтпадым деп,
Соңыра бармағымды сан тістедім.
3291. Жайлаудың теріп бірге қымыздығын,
Басымнан кешуші едім тым ізгі күн.
Сағынып сол күндерді еске алып,
Әніне қосам нәзік сыбызғының.
3292. Шатқалдың тереміз деп таңқурайын,
Күн ұзын қаңқушы едік қаңқудайын.
Есіме сағындырып сен түсесің,
Таңқурай терген жерді көрген сайын.
3293. Мінгенім дәйім менің марға тайым,
Өзеннен марға тайды малтытайын.
Ауылын ат арытып іздеп барып,
Сәулемнің сағынышын тарқатайын.
3294. Болғанда ат кекілді, айғыр жалды,
Ауылы қалқатайдың алыс қалды.
Аулыңа алыс қалған қараймын деп,
Қайрылып қаршығадай мойным талды.

3295. Бойында бұл Қобданың құм бар ма екен,
Оюда шебер ойған мін бар ма екен.
Ант ішкен айрылмасқа қалқатайым,
Көретін қайта айналып күн бар ма екен.
3296. Келемін жоғарыдан жолмен заулап,
Астымда жекей торы ат омыраулап.
Тұсыңа түн жамылып барғанымда
Шықпасаң, дал-дұл болам шеңгелге аунап.
3297. Тойда сендей кездесер ару қайда,
Бір кеткен соң аулыңа бару қайда.
Ұзын арқан, кең тұсау дегендейін,
Бір сөйлесіп қалайық осындайда.
3298. Жаба тоқып жатыр ем жауыр керді,
Жауыр керге ер тоқым ауыр келді.
Өріптеске жарымай отырғанда,
Оймақ ауыз, күлім көз тәуір келді.
3299. Аяғы өзен судың Атырау деп,
Жылқымды қарамадым жатыр-ау деп.
Жүз жылқы қалың беріп алсам дағы,
Атыңды атамадым «қатын-ау» деп.
3300. Дәйім менің мінгенім дөнен керім,
Бір өзіңе арналар өлеңдерім.
Ас дайындап отаудан сен күткенде,
Олжалы боп аң аулап келер ме едім.
3301. Тазы итімді шақырдым Кербалақтап,
Орман түлкі жанымда тұр салақтап.
Жалғыз үйде оңаша қалған сәулем,
Үрейленіп отыр ма көзі алақтап.
3302. Аузыңдағы отыз тіс ақ маржандай,
Ақ жүзіңді бір көрсем көңілім жай.
Толған айдай жайнаған, қалқатайым,
Шын тілегім теңіңе қоссын Құдай.

3303. Алтын жүзік жарасар бармағыңа,
Бір көргеннен айналдың арманыма.
Алыс аулың кеткенде сенер болсаң,
Сен келер деп қараймын жан-жағыма.
3304. Отырмын Бөрікталдың төбесінде,
Жан сәулем, сағындырмай келесің бе?
Көзіме бір ақ көйлек шалынады,
Ол сен бе, әлде сенің елесің бе?
3305. Мінгенім дәйім менің Жетімшұбар,
Ойыңның өлеңменен шетін шығар.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Бір күн сау, бір күн ауру есім шығар.
3306. Қайыңнан құрық салдым Телкүреңге,
Телмірмен сенен басқа мен біреуге.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Болмады қолда қамшым жер тіреуге.
3307. Жылқымды айдап салдым теріскейге,
Жарасар, кесте тіксе мөліскейге.
Ауылың бір қиырға кеткен шақта
Сағынып әнге қоссам, келіспей ме.
3308. Қараймын қарайғанға томар ма деп,
Аламын томар отын болар ма деп.
Айтамын кезіккеннен дұғай сәлем,
Көңілім серім келіп толар ма деп.
3309. Киімді тоздырмайды кие білген,
Көтерсең, күн көрінер иегіңнен.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Асыл тек үзілмеген сүйегіңнен.
3310. Бал тамар, аузыңды ашсаң, таңдайыңнан,
Жарқ етіп күн көрінер маңдайыңнан.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Асылдың жаратылдың қандайынан.

3311. Қараймын көзің бе деп қарақатқа,
Ем тапшы жүректегі жарақатқа.
Өзіңмен ойнап-күліп жүрген кезде
Батамын елден ерек рахатқа.
3312. Бозторғай шырылдайды көкте тұрып,
Іледі тұрымтай құс ештеп жүріп.
Жастықтың жаймашуақ жайлауында,
Жүрейік аз ғана күн ойнап-күліп.
3313. Көрінген көтеріңкі көл емес пе,
Толқытқан көлдің бетін жел емес пе.
Әдейі айтысам деп іздеп келген,
Аңсаған әріптесім сен емес пе?
3314. Әуеде ұшып жүрген сона ма екен,
Солқылдап ши басына қона ма екен.
Кеткенде аулық алыс, қимас қалқа,
Өзгелер бір өзіңдей бола ма екен.
3315. Құрық салдым қайырып асау тайға,
Созғанменен қол жетпес туған айға.
Ынтызарым құриды сен дегенде,
Қырын салшы көзіңнің біздің жайға.
3316. Әуеде ұшып жүрген ақ кекілік,
Шідерін үзер кейде ат секіріп.
Кеткенде алыс аулық қимас қалқа,
Қаламын бармақ тістеп қатты өкініп.
3317. Түрленген кезің екен тоты құстай,
Біріксек қор жиналар қос уыстай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде қосылыспай.
3318. Батырып терең суға қармақ салдым,
Қаптырып қармағымды балық алдым.
Көзіме сонадайдан сен түскенде,
Тастай сап қармағымды қарап қалдым.

3319. Ағашы таулы жердің қара барқын,
Қалқатай, айналайын жүзі жарқын.
Тарыдай тал бойыңда бір мінің жоқ,
Аузыңнан шыққан сөздің бәрі де алтын.
3320. Әулиеге ұрынғай тиіп тұрар,
Өзге таудан тұлғасы биік тұрар.
Сен есіме түскенде, сәулетайым,
Ішім жалын, сыртым от күйіп тұрар.
3321. Өзіңсің ғой сүйгенім, қара көзім,
Ұялайды көңілге айтқан сөзің.
Ауылыңның артында күткенімде
Көзге түспей келсеңші жалғыз өзің.
3322. Түйелі үйге жарасар жібек арқан,
Ұстағаны батырдың найза, қалқан.
Өзге ешкімге көз салмай күндіз-түні,
Ойлайтыным өзіңсің менің қалқам.
3323. Өмірің жеткізбейді кешегі өткен,
Оңбайды жоқты-барды өсек еткен.
Дәлелдеп, шынымды айтсам, бере алмаймын,
Болдым мен саған ғашық не себептен?
3324. Құдай-ау, ризамын берген баққа,
Хан мінер халық қолдап алтын таққа.
Бақытқа мен жетер ем сен қолдасаң,
Серт бұзып шет болмас ем аруаққа.
3325. Асылым сен бір асқар биіктейсің,
Жеткізбес қырдан қашқан киіктейсің.
Мен жүрмін өзімсініп сырымды ашып,
Сен неге жібіп біраз илікпейсің?
3326. Бұрқ етер маңдайдан тер қысылғанда,
Көрмедім сендей сұлу мұсылманда.
Ботакөз, қиылған қас, қырлы мұрын,
Жетсе екен саған қолым ұсынғанда.

3327. Біз жақта мамай деген құс болады,
Келгенде күн төбеге түс болады.
Мен үшін сен жүрген жер қыста да жаз,
Сен жоқ жер жазда да аяз, қыс болады.
3328. Мінгенім дәйім менің Қара қасқа,
Байлады таң асырып мама ағашқа.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Қалқатай, ант етіп пе ең қарамасқа.
3329. Мінгенім дәйім менің қыл қара атым,
Ұшатын жер бауырлап бұл қанатым.
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,
Осынша не жөнің бар бұлданатын?!
3330. Жүрдік біз аз да емес, сірә да онша,
Біріміз-бірімізге ұнағанша.
Қалай дейсің, сәрсенбі сәтті күні
Біздің үй сіздің үймен құда болса.
3331. Мінгенім дәйім менің құла ала кер,
Қолымда қос сақинам бұрама зер.
Көруге дидарыңды құмар едім,
Майысып бері таман бұрала кел.
3332. Үйреткенім қолыма қызыл қырғи,
Қанатынан құйрығы ұзын қырғи.
Емшегіңнен ұстатшы, ең болмаса,
Келіп қалдым қасыңа сырғи-сырғи.
3333. Құрбыжан, сен де аласа, мен де аласа,
Қосылса екі аласа, тап-тамаша.
Көңілің шыныменен болса менде,
Салғызып төрге төсек, жат жанаса.
3334. Құдай-ау, кедей қылдың, бай қылмадың,
Көңілімді бай қылып бір жай қылмадың.

- Қызыңа кедейшілік қырындап па ем,
Етектен ұстап неге айрылмадың.
3335. Жылқымды айдап келем жоғартынан,
Басымда жекей тымақ шоғы алтыннан.
Бағаңа бағаласам, жан жетпейді,
Жандайсың соғылған бір сом алтыннан.
3336. Ақ жарқын айналайын мінезіңнен,
Таппаған бұрын сені кінә өзімнен.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Садаға он бес әйел бір өзіңнен.
3337. Астыма мінген атым Тақыркүрең,
Сырыңды айтпасаң қой, ақыр білем.
Өзіңді ертелі-кеш айналсоқтап,
Көңілді күтермін бір сәтіңді мен.
3338. Мөреге таяғанда ат қамшылар,
Бауырынан бөйгікөктің тер тамшылар.
Болғанда сіз көйлекшең, біз жейдешең,
Төнге төн таяғанда не жан шыдар.
3339. Көктемде торғай ұшып талда ойнайды,
Адам түгіл, хайуанат мал да ойнайды.
Әуелі көрден жаңа шыққандай боп,
Біз тұрғай кәрі кемпір, шал да ойнайды.
3340. Болғанда ой тошала, қыр тошала.
Ойпаңнан алып келдім бір тошала.
Шын көңілің шыныменен болса менде,
Кешкілік кездесейік оңашада.
3341. Болғанда ой қарақат, қыр қарақат,
Ойпаңнан алып келдім бір қарақат.
Шын көңілің шыныменен болса менде,
Жолыма келетұғын қара да жат.

3342. Болғанда ой қызылқат, қыр қызылқат,
Ойпаңнан алып келдім бір қызылқат.
Кез болған қиуда, қимас қалқа,
Кездесем кешке өзіңмен, бар ма рұқсат.
3343. Сүйектің ұнатпаймын шеміршегін,
Кісінің ұнатпаймын еріншегін.
Арманым бұл жалғанда болмас еді,
Болса егер дәл өзіңдей келіншегім.
3344. Қалғаны-ай бір ағашта қос алманың,
Алған қой өзге оңай, осалдарын.
Арманым өзіңменен осы алмадай,
Басымды бір төсекте қоса алмадым.
3345. Қарагер бәйгеде озар баурын жазып,
Байлауға Қарагерді қақтым қазық.
Астынан ақ тамақтың бір сүйгізсең,
Өзіме болар еді айлық азық.
3346. Ішінен қара орманның келі алайын,
Келімді жасап болып дем алайын.
Келі алам деп жүргенде сырқаттансам,
Астынан ақ тамақтың ем алайын.
3347. Күндіз ат арқандаймын қазық қағып,
Түнде ауыл кеземін қыздарды аңдып.
Елеңдетіп ішімді күйдіресің,
Сылдырлатып шашыңа шолпы тағып.
3348. Ойқы-шойқы келеді жер бедері,
Жердің түгі, желдетсе, тербеледі.
Мен сені үнсіз іштей ұнатушы ем,
Жақсы көрген шығарсың сен де мені.
3349. Мінгенім дәйім менің Қашағангер,
Көзге ыстық бірге өзіңмен жасаған жер.
Бірге өскен кішкентайдан сырлас құрбым,
Бақытты қайда жүрсең қош аман бол!

3350. Мінген ат, жетектеген нарым болса,
Қалтамда аямас ем барым болса.
Армансыз дүниеден өтер едім,
Нақ сүйер дәл өзіндей жарым болса.
3351. Қатпайды жазда биік таудың қары,
Жетпейді саған елдің сан қыздары.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары.
3352. Мінгенім дәйім менің күрең жорға,
Төсер ем сен жүретін кілем жолға.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Шыбын жан шықпаған соң жүрем зорға.
3353. Мінгенім дәйім менің жорға құла ат,
Ортасы екі ауылдың малға суат.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Бір белгі қалдырып кет дөтке қуат.
3354. Мінгенім дәйім менің шұбалаң кер,
Қолында қос білезік бұрама зер.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Болады-ау көзге күйік ойнаған жер.
3355. Мінгенім дәйім менің жирен қасқа,
Сені іздеп күнде барам Үйгентасқа.
Шынымен көңіліңді берсең маған,
Кісіні не қыламын сенен басқа.
3356. Мал жайылар қыстауда қарасынға,
Қар жатпайды желді жер даласында.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Не сыр жатыр көзіңнің қарасында.
3357. Қаратау, мен қайтейін мұнарыңды,
Көрсем де, ата алмады ұларыңды.
Есіме сен түскенде, қалқатайым,
Басамын өлең айтқан құмарымды.

3358. Қауын жатар сарғайып шөнегінде,
Қалағандар алсын деп керегінде.
Бабында әбден піссін деп күтіп жүрмін,
Бір күні алып кетем, келемін де.
3359. Біздің ауыл Қайыңды шат басында,
Алты құлаш ала арқан ат басында.
Көңілің шыныменен болса менде,
Жаудырап екі көзің жат қасымда.
3360. Көрінген сонадайдан Баянжүрек,
Қонамыз қыста жұрттың қарын күреп.
Кеткен соң аулың алыс, қимас қалқа,
Көре алмай ақ жүзіңді жүрмін жүдеп.
3361. Көзім сүзе қараймын Көкшетауға,
Көкшетауым ұқсайды бақша-бауға.
Көнер едім көңлің тек менде болса,
Өзің үшін бар малым кетсе дауға.
3362. Алтайдың бір асуы Сары кезең,
Ағады сол Алтайдан он екі өзен.
Он екі мүшем сынды сол өзеннің,
Біріне жау таяса, қалай төзем.
3363. Басынан Қаратаудың жел еседі,
Кезіксе екі жақсы, кеңеседі.
Жақсысы жарты әлемнің жиылса да,
Өзіңе қандай жақсы теңеседі.
3364. Бәйгеге қостым баптап бес қарагер,
Аңыз ғып бұл айтысты еске алады ел.
Толымды тоғызың да болсын қалқа,
Қос жүзік, қос білезік, бес тана бер.
3365. Кигенім аяғыма козол етік,
Мәскеуден кидім көйлек кестелетіп.
Жүруші ек егіз туған қозыдай боп,
Шынымен алғаным ба өкпелетіп?!

3366. Қазанға (саған) қазы, қарта салдым,
Төсекке көз тартсын деп барша салдым.
Асқа тойып, сырласып жатарыңда,
Ақ білекті мойныға арта салдым.
3367. Қалқатай, сен де өлеңші, мен де өлеңші,
Өлеңді айтқан сайын өршеленші.
Мен болып қызыл түлкі, бұлаңдайын,
Сен болып қыран бүркіт, дөңгелетші.
3368. Қалқатай, атыңды атап жаздым хатқа,
Ұшырдым бала сұңқар терең шатқа.
Жердегі біздер түгіл, пейіштегі
Мас болар хор қызы да махаббатқа.
3369. Қарасу есік алды тарам-тарам,
Қолыма домбыра алсам, өнге салам.
Кетсе де аулың алыс, тауып алам,
Артыңнан іздеп барам, болма алаң.
3370. Қар жаумай, жаңбыр жаумай желдеткен соң,
Не десем, аспан ашық селдеткен соң.
Ақыры жат жұрттық боп аттаныпсың,
Келемін кімге енді сен кеткен соң?
3371. Бақыттан амал бар ма кенде еткен соң,
Келіп жүр біздің үйге мен кеткен соң.
Артымда маған тартқан сіңлім бар қой,
Ол сені өгейсітпес ер жеткен соң.
3372. Қарасу есік алды бұлағым-ай,
Жайқалған жағасында құрағым-ай.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жетер ме айтқан әнім құлағыңа-ай.
3373. Қара атқа шідер салдым, тек тұрсын деп,
Басына жем дорба ілдім, жеп тұрсын деп.
Қалтамнан бір тал конфет үзбей жүрем,
Дәм тартып сен қасыма кеп тұрсын деп.

3374. Қарасу есік алды терең бе екен,
Қалқаның ауылы қай белеңде екен.
Түсімде өткен түнде көрдім сені,
Ұйықтасам, тағы бүгін көрем бе екен.
3375. Мына жер Шілікті ме, Шеңгелді ме,
Шапаным тар келді ме, кең келді ме.
Маңыма қанша азамат қаптаса да,
Ешбірі, сірә, саған тең келді ме.
3376. Қарасу есік алды өзенім-ай,
Не жетсін өз жерің мен өз еліңе-ай.
Кеткенде жатқа жар боп, қимас қалқа,
Өртенді күндіз-түні өзегім-ай.
3377. Қасыңның хат жазайын арасынан,
Көзіңнің айналайын қарасынан.
Үстіңнен дүрия бешпет шешіп берген,
Қолыңның айналайын саласынан.
3378. Қайыңнан ерге қаптал, қас алайын,
Қолыма, итің қуса, тас алайын.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Қамығып қара көзге жас алайын.
3379. Қыл өтпес тату болсын дос арасы,
Алтайдың тәтті екен тошаласы.
Ерінің тошаладан қалай екен,
Жат көзден жаулығыңмен тасалашы.
3380. Құндызбен жұрындадым желегіңді,
Бір Алла өзі берсін керегіңді.
Кез болған қиуада, қимас қалқа,
Білмедім сен кетерде не дерімді.
3381. Қисын қи, қиясын қи, қия, қия,
Қаршыға мәуе ағашқа салар ұя.
Шын көңілің шыныменен болса менде,
Барайын ауылыңа жылқы жия.

3382. Мінгенім дәйім менің құла құнан,
Үркеді құла құнан құлағынан.
Қалқатай, әлгі сөзің рас болса,
Көксайдың кездесейік бұлағынан.
3383. Мінгенім дәйім менің сұрша құнан,
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан.
Шын көңілің шыныменен болса менде,
Аулыңның кездесейік сырт жағынан.
3384. Мінгенім астымдағы Көлбеген көк,
Аулыңа бұдан бұрын келмегем көп.
Есіме сен түскенде тілдесуге,
Барайын сусын сұрап шөлдеген боп.
3385. Қар жаумай, жаңбыр жаумай, селдетті қой,
Бойынан туған жердің ел кетті қой.
Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Қадірі қалқатайдың енді өтті қой.
3386. Мінемін той дегенде көк дөненге,
Көк дөнен бермес көкпар көлденеңге.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Шыдаймын қалай күнде көрмегенге.
3387. Кигенім үстімдегі шағи шапан,
Өзіме өлшеп пішкен сағи шапан.
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Адамға атпайды екен сағынса таң.
3388. Беткейден саған арнап гүл ап түстім,
Беретін сен жоқсың деп жылап түстім.
Түсімде сені көріп қол созам деп,
Топ етіп төсегімнен құлап түстім.
3389. Ұраны руымның — Райымбек,
Бәйгеге жүйрік қостым сынайын деп.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жас келді қара көзге жылайын деп.

3390. Барайын түнделетіп ауылыңа,
Қарамай күннің боран, жауынына.
Алыстан ат арытып барғанымда,
Бассаңшы балапандай бауырыңа.
3391. Маған бер түйең басын жетелейін,
Қысқарту үшін жолды төтелейін.
Көңілің шыныменен болса менде,
Қалайша міндетімді өтемейін.
3392. Айт жаным, айтысайық өлең білсең,
Тұяғы тостағандай дөнен мінсем.
Бұралған тал шыбықтай өзіңменен,
Арман жоқ бұл өмірде, ойнап-күлсем!
3393. Әуеде ұшып жүрген лашын-ды,
Созамын бір өзіңе құлашымды.
Түрім жоқ сенсіз, сірә, жүре алатын,
Жасырмай айтсам нағыз расымды.
3394. Әуеде ұшып жүрген торғай ма екен,
Жауыннан балапанын қорғай ма екен.
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,
Өзгелер бір өзіңдей болмайды екен.
3395. Өріптес, сен үйдесең, мен бүйдейін,
Ұнынан Шәуешектің нан илейін.
Түскенде сен есіме сенер болсаң,
Түйедей ботасы өлген зар илейін.
3396. Салайын ән сал десең сал әуезге,
Тұрақтар құлын бары Аягөзге.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Мөлтілдеп жас толады қара көзге.
3397. Ақыным алтау болса, серім сегіз,
Шығады өлең қайдан ерінсеңіз.
Қойныма қуанышым сыймай кетер,
Қылт етіп аш кезеңнен көрінсеңіз.

3398. Адырдан, айғай салса, қашар елік,
Мастанып махаббатқа болдым жерік.
Өзіңмен танысқаннан бері қарай,
Сені тек тұрады ылғи көргім келіп.
3399. Адырдан, айғайласа, қашар қоян,
Жалған-ай, қызығыңа қашан тоям.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Асымды қолымдағы жерге қоям.
3400. Адырдан, адам көрсе, қашар бөкен,
Артынан сол бөкеннің қашан жетем.
Жүсіп пен Зылиханың айтсам зарын,
Ғашықтық сарайымды ашар ма екен.
3401. Ар жағы Алмалының Мойын тал-ды,
Жиылды қыз-бозбала ойын салды.
Кеткенде сен алысқа, қалқатайым,
Қайрылып қаршығадай мойным талды.
3402. Атыңнан айналайын күлім көзім,
Мән-жәйді отырсың қой біліп өзің.
Ішімді сары майдай ерітеді,
Аралас әзіл-қалжың айтқан сөзің.
3403. Атыңнан айналайын, қара көзім,
Бал татыр барған сайын айтқан сөзің.
Сыртыңда ауылыңның тосып тұрмын,
Келсеңші зарықтырмай жалғыз өзің.
3404. Іздедім ауылыңды Алатаудан,
Бірден бір сәулем өзің көңлім ауған.
Сүйеніп құрығыма көп отырдым,
Жұртыңда былтыр жазда бие сауған.
3405. Мен жаққа жүрген болсаң құлақ түріп,
Барайын ауылыңа құр ат мініп.
Сағынып өзің берген орамалмен
Көзімді талай сұрттім жылап тұрып.

3406. Мінемін Қарагерді таң асырып,
Мен келсем, менсінбейсің баласынып.
Өзіңді бір көргеннен бері қарай,
Түнімен жата алмаймын аласұрып.
3407. Түнде түс, ойымдасың күні бойға,
Өзіңсің жақсы құрбым тілі майда.
Арасын жер мен көктің шарласам да,
Күлім көз дәл өзіңдей маған қайда.
3408. Өлеңді сен айт десең ағылайын,
Өлеңді сенен аяп не қылайын.
Өлеңмен өзіңе бар сырымды ашып,
Күтейін «бере гөр, — деп, — а, Құдайым».
3409. Сен десе, айта берем өлең тауып,
Күнде той сен жүрген жер ойын-сауық.
Есіме сен түскенде, қимас қалқа,
Жығылдым Салкүреңнен есім ауып.
3410. Айналайын атыңнан Алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Сіз — дария болғанда, мен — қоңыр қаз,
Баурым төсеп бетіңде қалқыдым-ай.
3411. Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Дұшпанға басқан ізі білінбеген.
Ішінде дарияның сен ақ шабақ,
Салсам да алтын қармақ, ілінбеген.
3412. Шығамын қарауылдап тау басына,
Қалқаның көз тастаймын ауласына.
Іздей ме ол да мені, менмін бе, әлде,
Сақина тілеп жүрген сау басыма.
3413. Өуелі жүзік салдым бас бармаққа,
Басқадан лайық бол асқан баққа.
«Кішік бол ұлық болсаң» дегендейін,
Бөркінді өскен сайын аспанға атпа.

3414. Саусаққа жүзік салдым — балалы үйрек,
Атаның алқауында жаның күйрек.
Көтерер көңіліңді өлең шіркін,
Басыңды есіктегі төрге сүйреп.
3415. Саусаққа жүзік салдым — ортан терек,
Сақтарсың өлеңді еске, болсаң зерек.
Өзіңді өріптеске таңдап келдім,
Бағалап осы тойға елден ерек.
3416. Саусаққа жүзік салдым — шылдыр шүмек,
Қалқатай, есіңде ме біздің тілек.
Сен бар жер түн болса да, нұрлы жарық,
Сен жоқ жер күндіз маған қара түнек.
3417. Жүзік бар дәл кішкентай бөбекке де,
Жүзік ки сол қолға да бөлек деме.
Енді он саусағыңнан өнер тамсын,
Текке бос сән-салтанат керек неге?!
3418. Мінсем ат, артсам атан, шұбарым-ай,
Бір өзі бес көлікке тұрарым-ай.
Ақылды өрі сұлу жар болмаса,
Жаманмен қалай тарқар құмарым-ай.
3419. Мінгенім дәйім менің жирен шұбар,
Кешіріп кей қатеңді сүйген шыдар.
Алыстан арып-ашып келгеніңде,
Бұралып талшыбықтай үйден шығар.
3420. Па, шіркін, тойда айтылған ән-күй қандай,
Аспанда ай да тыңдап жарбиғандай.
Екі жас сүйіскен көзқараспен-ақ,
Біріне-бірі боп тұр жан қиғандай.
3421. Атыңнан айналайын асыл Ханша,
Күте тұр белден жылқы асырғанша.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ақ жүзіңді қара жер жасырғанша.

3422. Біздің ауыл биік тау кемерінде,
Өзен ағып жатады төменінде.
Сүйемін деп сыртымнан сұқтанғанша,
Табылсаңшы қасымнан керегіңде.
3423. Ағашы таулы жердің қара барқын,
Қалқатай, айналайын, жүзі жарқын.
Тарыдай тал бойыңда бір мінің жоқ,
Аузыңнан шыққан сөздің бәрі де алтын.
3424. Астымда мінген атым қасқа жорға,
Жақсы екен ақ білегің жастанарға.
Қасымда күндей күліп өзің жүрсең,
Қиылып қарамас ем басқаларға.
3425. Түйелі үйге жарасар жібек арқан,
Ұстағаны батырдың найза, қалқан.
Өзге ешкімге көз салмай күндіз-түні,
Ойлайтыным өзіңсің менің, қалқам.
3426. Кім жетсін көңілдегі көз көргенге,
Көз көрген таң қаламын өзгергенде.
Күлімдеп көз алдында тұрғанда өзім,
Шіркіндер сырттан айтқан сөзге ерген бе.
3427. Қарайған сонадайдан немене екен,
Қарагер мінсем жылдам желе ме екен.
Сұрап ем қалқатайдан бір бұйымтай,
Құлағы ондайларға керең екен.
3428. Бізыңдап ұшып жүрген сона ма екен,
Аялдап ши басына қона ма екен.
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,
Басқа жан бір өзіңдей бола ма екен.
3429. Құлазиды көңілім сен кеткенге,
Сіңлің сендей бола ма ер жеткенде.

- Ат тұяғын тай басар десе дағы,
Саған келер бар демен тең деп пенде.
3430. Айналдың бір көргеннен арманыма,
Қайтсем де бір ілермін қармағыма.
Жолыңда бұдан былай сенің, қалқам,
Тағдырдың төзем барлық салғанына.
3431. Бетің де аппақ, ендеше, етің де аппақ,
Қандай адам тапты екен сені баптап.
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Сары майдай қойыпты таза сақтап.
3432. Қара нанды жемеймін қалаш тұрып,
Қайда кеттің қалқатай, адастырып?
Жерің шалғай кеткенде, қимас қалқам,
Балгер, бақсы қоймадым бал аштырып.
3433. Мал әдемі көрінер қиядағы,
Көп сөздің бір болса екен тиянағы.
Күнәсіз, пәк кейпінді ұнатамын,
Ақ балапан секілді ұядағы.
3434. Ерінің ал қызыл гүл, бетің ақ нұр,
Болғанда көзің гауһар, шашың сүмбіл.
Сырымды саған ғашық аңғартқаным,
Ар жағын не қылсаң да, енді өзің біл.
3435. Ауылым Қаратаудың қыр жағында,
Қар қалың болмайды екен қырбығында.
Біреумен ойнап-күліп жүрсем дағы,
Көңлімнің сен тұрасың бір жағында.
3436. Жаққаның кеш болғанда балауыз шам,
Терезең ашық екен қарап тұрсам.
Сүйіктім қарауылдап жүр ме екен деп,
Қайтеді сен де тысқа мойын бұрсаң?!

3437. Құдайым айырмасын берген бақтан,
Нұр түсіп тұрсын дәйім шамшырақтан.
Бейнесін Зылиханың сақтап жүрген
Жүсіпке ұқсадым мен сурет баққан.
3438. Сергексің ылпып тұрған сынаптайын,
Ырғалған секілдісің бір ақ қайың.
Алманың сабағындай мойның ұзын,
Мен қалай сені бірден ұнатпайын.
3439. Басында Қоңыртөбе жел тұрады,
Басында жанат бөрік құлпырады.
Түскенде сен есіме, қарағым-ай,
Қайтейін лажым жоқ іш бұрады.
3440. Басында көмшат бөрік қырынырақ,
Болсамшы саған ғашық бұрынырақ.
Сыртыңнан иемденіп жүргенімде,
Қайтемін жатқа кетсең жағып шырақ.
3441. Көзіңнен айналайын білдірген наз,
Патшаның баласындай жансың кінөз.
Құшақтап тар төсекте тіл сорысқан,
Түскенде кездер еске боламын мәз.
3442. Қарағым, етің де аппақ, бетің де аппақ,
Туды екен қандай ана сені баптап.
Үстінде мамық төсек, торғын көрпе,
Қалқатай отыр ма екен жай шынтақтап.
3443. Күмістен үй тұрғызып, алтын жапсам,
Гауһардан әр жеріне шеге қақсам.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Өзіңмен сол сарайда бірге жатсам.
3444. Көз тартып күміс үйім жайнап тұрса,
Самаурын алдымда алтын қайнап тұрса.
Армансыз бұл жалғаннан өтер едім,
Өзің боп сүйген жарым ойнап тұрса.

3445. Жолаушы асыққанда ат қамшылар,
Бұтынан адал қыздың қан тамшылар.
Болғанда сіз көйлекшең, мен дамбалшаң,
Жатқанда құшақтасып не жан шыдар.
3446. Қарасу есік алды ылай болса,
Қалқаны бір көрермін тірі-ай болса.
Бір сәлем ұшқан құстан айтар едім,
Қалқама жеткізетін тілі-ай болса.
3447. Қарасу есік алды бұраң-бұраң,
Өтеді бұлан қайтіп терең судан.
Бал сәлем қалқатайға жіберер ем,
Сұраса қалқам мені ұшқан құдан.
3448. Көйлегің үстіңдегі қынамалы,
Көңілім ақ мешіттей мұнаралы.
Бөрінен өзім көрген сұлулардың
Артылып тек өзіңсің ұнағаны.
3449. Білезік, жүзік, сырға жақұттатқан,
Бәрі асыл, киімің де зүбәржаттан.
Жамылып атылас көрпе ақ төсекте,
Кезіңе тап болар ма ем ұйықтап жатқан.
3450. Гүл жүзді, сұңғақ бойлы, пісте мұрын,
Ешкімге көз салмадым сізден бұрын.
Ежелден асыл текті ханшадайсың,
Алсаң да, жарасады, тақтан орын.
3451. Қолың ақ, ақ қолғабың тіпті жоқ та,
Түсесің көзге ерекше тұрсаң топта.
Сен айтсаң еш нәрседен бас тартпаймын,
Ойланбай қойып кетем жанған отқа.
3452. Ортасы ақ, шеті қызыл пияламен
Құдықтан түбі шұңғыл су аламын.
Есіме сен түскенде жан таппайтын
Түрулі екі етегі диуанамын.

3453. Басы еді байлығымның сексен серке,
Келгенше жиырмаға болдым ерке.
Етіңді шөйі көрпе қажайды-ау деп,
Алдырдым арнап саған торғын көрпе.
3454. Салғаның алтын сағат мойыныңа,
Құмарым қанбады бір ойыныңа.
Өзіңді көрмегелі бір жыл болды,
Жүр екен кімдер жатып қойыныңа.
3455. Ақ сарай болды салған үйім анық,
Омбыдан келдім жиһаз, бұйым алып.
Той жасап осы үйге енді өзіңді,
Жүрмін тез ендіруді ойыма алып.
3456. Барады жаз жайлауға тау асқандар,
Қалғаны аман дейді бал ашқандар.
Есіне мені жиі ала ма екен,
Үстінде тар төсектің таң асқан жар.
3457. Хат жаздым қалам алып, қалқам, саған,
Күн бар ма көрісетін есен-аман.
Патшадай алтын тақта отырсам да,
Дүние қызық емес сенсіз маған.
3458. Қаламның хат жазамын ұшыменен,
Жаманның ісі бар ма кісіменен.
Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна,
Әркімді алсын Құдай тұсыменен.
3459. Айналайын, қарағым, қиылған қас,
Сені ойласам, көзіме келеді жас.
Өзіңе арнап хат жазып жіберейін,
Сағынғанда оқы да бауырыңа бас.
3460. Қалам алып хат жаздым тәрбиялап,
Бүркіт салған жүреді тау қиялап,
Лашынға лайық сен бәйтерек
Бұтағыңа жүрмесін қарға ұялап.

3461. Физатлу хат жазамын, қалқам, саған,
Самарқау осы күнде көңілім шабан.
Мұғаллақ екі дүние бірінде жоқ,
Дариға осыменен өтті заман.
3462. Хат жаздым қалам алып сізге еркем,
Жүзің бар он төртінші айдай көркем.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Қозғайсың қатып қалған іштің дертін.
3463. Қарқаралы басында жалғыз арша,
Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша.
Тіршілікте ойнап-күл осындайда,
Өмірің аз ба, көп пе әлде қанша.
3464. Айналайын көзіңнің қарасынан,
Хат жазайын қасыңның арасынан.
Күндіз-түні өзіңнен айрылмас ем,
Мен қорқамын дұшпанның табасынан.
3465. Алтайдың аулым қонған күн бетіне,
Ақ қағаз жазу жаздым бір бетіне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз үлкендердің құрметіне.
3466. Жақсының жақсы деген аты қалар,
Жатталып жазып кеткен хаты қалар.
Бір тойған жарты байлық жамандарға,
Қарыны қайта ашқанша жатып алар.
3467. Сәлем айтып өзіңе хат та салдым,
Барайын деп күміс ер атқа салдым.
Түнде ұйқы көрсетпей, күндіз күлкі,
Мұнша неге жанымды отқа салдың.
3468. Хат жаздым ақ қағазға тізілдіріп,
Қалқаға сөз сөйлейін сызылдырып.
Отырсақ та отауда мәслихатпен,
Шіркіннің екі көзін сүзілдіріп.

3469. Хат жазамын сағынып алтын айым,
Сені ойламай бір минут тұра алмаймын.
Бір өзіңе бота көз, кермиығым,
Ұқсатамын киіктің құралайын.
3470. Ақ қағазға хат жаздым қалам алып,
Жүрек сырын қозғатып өнге салып.
Ойнап-күліп жүруші ек, қалқатайым,
Шалға кетіп қор болдым, есім танып.
3471. Барады аулым көшіп белден асып,
Бұлтпенен белден асқан араласып.
Кеткенде аулың алыс, сәулетайым,
Тұрайық ақ қағазбен хабарласып.
3472. Хат жаздым қалам алып ақ қағазға,
Түсінші есті құрбым айтқан назға.
Қалқашым, көзде жоқта көңілдесің,
Аулыңа тағы барам келер жазда.
3473. Хат жаздым қалам алып етіп нұсқа,
Қиғаш қас, жазық маңдай құрбыласқа.
Қалқам-ау, сағынсаң да, сарғаймашы,
Екеуміз қосыламыз келер қыста.
3474. Қайыңнан қазық қағып суырылмасқа,
Атымды арқандадым буырыл қасқа.
Қолыңнан қағаз беріп, қағаз алшы,
Кісіге менен басқа бұрылмасқа.
3475. Ей, қалқа, кеттің алыс жаттай болып,
Оралмас өткен жастық шақтай болып.
Есімде айтқан сөзің қалды мәңгі,
Жазылған ақ қағазға хаттай болып.
3476. Бетіне ақ қағаздың салдым шимай,
Тұрған жоқ көкірекке өлең симай.

- Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз көпшіліктің көңілін қимай.
3477. Хат жаздым ақ қағазға қаламменен,
Қашанда адам күні адамменен.
Батпаққа аяғыңды батырады,
Зәу шайтан жолдас болсаң жаманменен.
3478. Өлеңді тойда толғап айтқан қандай,
Кең сарай көкірегім хат жазғандай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Барады өтіп дәурен қайтқан қаздай.
3479. Ғұламадан үлгі боп хат қалады,
Аққан судан сарқырап дақ қалады.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.
3480. Қолыма қалам алып жаздым нақыл,
Досыңа қастық ойлар кейбір пақыр.
Пенденің ойға алғаны бола бермес,
Тағдырдың тап қылғаны болады ақыр.
3481. Хат жазып отырғам жоқ еріккенде,
Оқырсың тым болмаса зеріккенде.
Досының сеніміне шек келтірер,
Дұшпанның өсегіне еріп пенде.
3482. Қолыма қалам алдым ақыл ойлап,
Адаспа сұм дүниені жақын ойлап.
Бұрынғы ғұламалар айтып кеткен
Халқы үшін неше түрлі нақыл ойлап.
3483. Шалшық су бұлақ болмас қазбаған соң,
Сауырдан ат шаба алмас саздаған соң.
Өзіңнен күдер үзе бастап едім,
Тым құрыса бір сәлем хат жазбаған соң.

3484. Ұшады қыран бүркіт тау қиялап,
Өсірді өзіңді кім тәрбиялап.
Қолыңа жазған хатым тиер болса,
Оқырсың жат көзінен құпиялап.
3485. Қаламның хат жазамын ұшыменен,
Білімсіз не тындырмақ күшіменен.
Қашан да жақсы жанға үйір келер,
Жаманның ісі бар ма кісіменен.
3486. Ақ қағаз, қара сия қолымдағы,
Жаманға қарамаймын жолымдағы.
Жігіттер, жолдас болсаң, жақсымен бол,
Жаманға күнің түссе сорың-дағы.
3487. Ақ қағазға хат жаздым білдірмей,
Қапияда қалмаңыз тілін білмей.
Жүрегімнің сырына терең бойлап
Жауабыңды тез жібер ілдірмей.
3488. Қалқатай, атыңды атап хатқа салам,
Бірге өткен жастық шақты еске алам.
Өткен күн қайта айналып келер ме деп,
Армандап, оңашада ойға қалам.
3489. Ішінде әптиектің ат екенсің,
Қағазға жазып қойған хат екенсің.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Анадан асып туған зат екенсің.
3490. Ақ қағазға хат жаздым білдірмей,
Қапияда қалмаңыз сырын білмей.
Жауабыңды, жаным-ау, күндіз күтіп,
Түнде тосам көзімді ілдірмей.
3491. Сақтап жүрмін хатыңды тұмардайын,
Назар салшы тағы бір жыр арнайын.
Үнің келіп хатыңнан құлағыма,
Бейнең көзге елестеп тұрар дәйім.

3492. Хаттарыңның әр сөзін алдым жаттап,
Қайта-қайта дұғадай айтам баптап.
Қашан ғана хаттарды бірге қосып,
Екеуара жүреміз ортақ сақтап.
3493. Қалқатай, атыңды атап хатқа салдым,
Көтеріп алтын ерді атқа салдым.
Кеткенде аулың алыс, әй, қарағым,
Жанымды бір шыбындай отқа салдым.
3494. Соғады сір өкшенді шылауышың,
Қалған жоқ әлі дағы қыз дауысың.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Жаралған бір сұлуың жырлау үшін.
3495. Хатыңнан түседі еске маржан тісің,
Болсайшы дәл өзіндей алған кісім.
Сүйкеніп сен қасымнан өте шықсаң,
Қазандай қатты от жаққан қайнайды ішім.
3496. Аттың бөрі тумайды бұрылдай боп,
Тату өсер жан бар ма құрбыңдай боп.
Мен қалқаға хат жазып отырғанда,
Дауысы қайдан шығады бұлбұлдай боп.
3497. Жылқы бақтым сары жон белесіне,
Етектегі түседі ел есіме.
Сары белден жолдаған хатымды алып,
Сүйген сәулем, қасыма келесің бе?
3498. Басында бұл Күртінің бір топ мия,
Сөзіме саған деген жетпес сия.
Болғанда келу оңай, кету қиын,
Қалқаның маған деген көңілін қия.
3499. Жібек шашың желкілдер тарағанда,
Сағынғанда хат жазбай қала алам ба?
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Сәулем маған күлімдеп қарағанда.

3500. Алтын басың болғанда, мақпал шашың,
Қаламмен сызғандай қиғаш қасың.
Мұнша сымбат тұрғанда бір өзіңде,
Күнде келмей аулыңа кім шыдасын.
3501. Хат жазып отырғам жоқ еріккенде,
Оқырсың тым болмаса зеріккенде.
Досының сеніміне шек келтірер,
Дұшпанның өсегіне еріп пенде.
3502. Қолыма қалам алып жаздым нақыл,
Досына қастық ойлар кейбір пақыр.
Пенденің ойға алғаны бола бермес,
Тағдырдың тап қылғаны болады ақыр.
3503. Хат жаздым қағаз жоқта соққан тамға,
Ұқсайды адам өмірі атқан таңға.
Кетсе де аулың алыс, қимас қалқа,
Өзіңді тең көрмеймін тірі жанға.
3504. Атыңды қалам алып жаздым хатқа,
Жақсының жетер зейіні ишаратқа.
Жаманға бір сөз айтсаң, желге ұшады,
Аз сөзің көптей болар асыл затқа.
3505. Хат жаздым қалам алып, шырағым-ай,
Лебізің таудың таза бұлағындай.
Көзіме көрінесің сүп-сүйкімді,
Киіктің еркін өскен лағындай.
3506. Хат жаздым қалам алып мұсылманша,
Жем тасыр құс баласын ұшырғанша.
Әндетпей тойда қалай отырамыз,
Үлкендер өлең айт деп қысымға алса.
3507. Хат жаздым ақ қағазға қара сия,
Бастады сұм соғысты Германия.
Жеңіспен азаматтар аман қайтса,
Әр жерде той бастар ек компания.

3508. Қауырсын қалам болар қиылған соң,
Бозбала сауық құрар жиылған соң.
Қаптатпай қара өлеңді қалам неге,
Үлкендер өлең айт деп бұйырған соң.
3509. Ақ қағаз, қара сия хат болады,
Көрмесең, туысың да жат болады.
Барып-кеп тіршілікте сыйласып жүр,
Бір күні өтсе дүние, «қап» болады.
3510. Ішінде әптиектің «зат» екенсің,
Қағазға жазып қойған хат екенсің.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Періште, иә бір перизат екенсің!
3511. Ішінде әптиектің «ха» екенсің,
Аршыған жауқазындай ақ екенсің.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Алтынның былғап алған нағы екенсің.
3512. Ішінде әптиектің «мем» екенсің,
Жаралы жанған жүрек емі екенсің.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Өмірден іздегенім сен екенсің.
3513. Ішінде әптиектің «нұн» екенсің,
Түнде ай, күндіз көкте күн екенсің.
Кезікпей осынау сәтті кезге дейін,
Бұғынып қайда ғана жүр екенсің.
3514. Ішінде әптиектің «дал» екенсің,
Шыныға құйып қойған бал екенсің.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Анадан артық туған жан екенсің.
3515. Қадірлі хат жазамын жанабыңа,
Нұр жаусын деп тілеймін талабыңа.
Ендігі менің өмірім байланысты,
Хатыма сенің берер жауабыңа.

3516. Өлеңмен саған қанша хат саламын,
Жетпейді сипатыңа мақтағаным.
Алыстан ат арытып өзім келдім,
Оңаша бар ма деп бір сақтағаның.
3517. Базардан өзім барып қалам алдым,
Қаламым жаза ма деп қарап алдым.
Хат жазып келе сала қалқатайға,
Ақтарып жан сырымды жаңаландым.
3518. Көп еді сізге арнап жазған хатым,
Беріңіз жауап деген қайда хатым.
Тепсініп, тістенбеңіз одыраңдап,
Үйреткен талай асау біздің тағым.
3519. Мінгенім дәйім менің құлайым,
Өзіңнен басқа кімді ұнатайын.
Кеткенде аулың алыс, өз халімді
Өлеңмен хатқа жазып жылатайын.
3520. Хат жаздым қағаз-қалам алып қолым,
Болмайды өтірікке хатымда орын.
Арманым аққу болып ұшты саған,
Оңдай көр әрі қарай өзің жолын.
3521. Қаламның хат жазамын ұшыменен,
Бәйгеден ат келеді ұшып ерен.
Дос болсаң, сырлас болсаң, жақсымен бол,
Жаманның ісі бар ма кісіменен.
3522. Қалқаға хат жазамын қаламменен,
Қашан да адам күні адамменен.
Дос болсаң, сырлас болсаң, жақсымен бол,
Көрінер сонда жақсы заман деген.
3523. Өл кетер жал кеткен соң арғымақтан,
Сән кетер қартайған соң тіл мен жақтан.
Асыл сөз мұра етіп болашаққа,
Түбінде қымбат зат жоқ жазған хаттан.

3524. Алтайдың аулым қонған күн бетіне,
Хат жаздым ақ қағаздың бір бетіне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамын үлкендердің құрметіне.
3525. Ап шықтым аңға баптап тастүлекті,
Тастүлек түлкі қағып асты бетті.
Хатыма жауап жазбай, қалқатайым,
Тулатып қоясың ба жас жүректі!
3526. Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Жүрсің бе аман-есен асылзадам!
Не күйде, қандай жер екен деп,
Көңілім күндіз-түні болады алаң.
3527. Хат жазып қалқатайға арнадым сөз,
Өзіңе енді қашан боламын кез.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Хатыма ең болмаса жауап жаз тез.
3528. Орыстың бір қаласы Петрымбор,
Қалқаға хат жазамын, үмітім зор.
Сүйемін өмір бойы соны ғана,
Көңлі бар өзге қыздар, кешіріңдер.
3529. Боз жорға, қара жорға, жорға-жорға,
Не түйғын, не лашын түсер торға.
Қылығын қалқатайдың есіме алсам,
Қаламды жорғалатам оңға, солға.
3530. Көтеріп жез ертоқым атқа салдым,
Қарағым, атыңды атап хатқа салдым.
Хатыма сонша уақыт жауап бермей,
Жанымды неге мұнша отқа салдың.
3531. Ағалар, бас ауырса, балбырарсың,
Қос жанар жан шығарда жаудырарсың.
Қағазға аттай шапқан он саусағым,
Астында қара жердің саудырарсың.

3532. Басынан асқар таудың аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.
Зияным тие ме деп жау өсек қып,
Хатыма атыңды атап қоса алмадым.
3533. Ақ қағаз, қара сия қолымдағы,
Жаманға мойным бұрман жолымдағы.
Жақсы тұрып, жаманға кез келгенім,
О дағы арылмаған сорым-дағы.
3534. Келдің бе, жігерлі кез, жігіттігім,
Өзіңнен көп қызыққа үміттімін.
Алдымен сыйға тарттың сақал мен мұрт,
Боларын мұндай жайдың біліпті кім.
3535. Көрінер шана сұлу қалқанменен,
Мінезбен жігіт жақсы дархан деген.
Шіреніп үзеңгіме дәурен сүрдім,
Жалынды жастық сенің арқаңда мен.
3536. Отырмай, әндетелік, босқа налып,
Ойға алып өткен күнді қоштаналық.
Кеше баста жігіттік тұрған кезде
Талайын бойжеткеннің бопсаладық.
3537. Мен жүрмін өз ісімді өзім жөндеп,
Күнелтіп, қолдан келген етіп еңбек.
Екі-үш күн тең құрбыны көрмей қалсам,
Жылқыдай жазғытұрғы кетем желдеп.
3538. Естілсе елеңдетер дүбір-дүбір,
Жігітті дүбірлетер жиырма бір.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келмейді қайта айналып өткен өмір.
3539. Жігітті жиырма бесте қағар пері,
Қатпайды суыт жүрген атың тері.
Салдықтың салтанатын құрайық бір,
Дәуренді бізден қалған жесін бөрі.

3540. Жігіт бол, жігіт болсаң шым жібектей,
Қаттылық қадалады тікенектей.
Ақылың Алатондай болса дағы,
Оңбайсың өз халқыңа қызмет етпей.
3541. Жігітті екі сөзді ер деменіз,
Кеселді екіталай емдеменіз.
Ата жауың болса да, келсе алдыңа,
Жекіріп жаман сөзбен жерлеменіз.
3542. Орнына өнер, білім дәмін тату,
Жігітке жараспайды қарап жату.
Бүгінгі күнді еңбекпен өткізбесең,
Ертеңгі күнге қиын жауап қату.
3543. Жақсы атақпен пара-пар жігіт деген,
Ел қарайды жігітке үмітпенен.
Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған,
Қыз сүймеген жігіттен күдіктенем.
3544. Тыңдасаң, жақсы өлең — құлақ құрышы,
Тәтті ұйқы, қалың төсек — жанның тиышы.
Жүйрік ат, тұзу мылтық, сұлу әйел —
Жігіттің мал мен бағы, дәулет құсы.
3545. Айрылдым бөйгі ат іздеп ақылымнан,
Көп болды тентек ісім мағұлымнан.
Басында ер жігіттің он пәле бар,
Тоғызы ағайын мен қатынынан.
3546. Көрінер сонадайдан Қоңыртөбе,
Жігітке тәуекел іс — алтын кеме.
Тұрмысың түгелденіп тұрмаған соң,
Соғады көңіл шіркін әрнемеге.
3547. Ұшады көк ала үйрек қазыменен,
Жарасар жасаңдау жер сазыменен.
Жігіттер, жас дәуренде ойна да күл,
Қосылып құрбы-құрдас назыменен.

3548. Басында керегенің оймақ тұрар,
Жігітке кедейшілік қой бақтырар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Бұралып тал шыбықтай ойнап тұрар.
3549. Мал ұзамас көп болса көк бетеге,
Жігіт жаман болмаса, қыз кете ме.
Жас әйелді жақтырмай жүргеніңде,
Кемпір бір күн, кім білсін, іздете ме.
3550. Әркім ерер жақсыға үмітпенен,
Жамандарға қарайды ел күдікпенен.
Қызмет етіп қол созған арманына,
Ел сенімін ақтайды жігіт деген.
3551. Жиренді жігіт мінер қырындатып,
Қандырар қыз ұйқысын бұрын жатып.
Есті жігіт күлдіргі сөз айтады,
Сұлу қызды сүйсінтіп, жымыңдатып.
3552. Сұлу қызға сұқтанбас жігіт болмас,
Сандығында жомарттың кілті болмас.
Жақсы қыздың жауабы айдан анық,
Не дегенін жаманның біліп болмас.
3553. Жігіттік қыз-қырқынсыз өтпейді екен,
Еш қызық оған, сірә, жетпейді екен.
Сол күнің қартайсаң да сәулеленіп,
Есіңнен өле-өлгенше кетпейді екен.
3554. Мінген атым астымда келеді үркіп,
Жас түлкіден аянбас бала бүркіт.
Оңашаға қыз шықса орайымен,
Жігіт неге айтарын қалады іркіп.
3555. Көк тауды көбелейді көшкен кісі,
Жігіттің қызда болар өшпендісі.
Жігітті жастық қуған айыптамас,
Басынан жігітшілік кешкен кісі.

3556. Жігітте де жігіт бар тымырайған,
Баса киіп кепкесін жымырайған.
Аңдығаны кеш болса қыз-келіншек,
Бір Құдайдың пәлесі қыңырайған.
3557. Жігіттің кейі сидаң, кейі сырдаң,
Жинаған бар қулықты ой мен қырдан.
Сөзге үйір, іске шорқақ, ойы келте,
Өткізген өмірін зая ыржаң-қылжаң.
3558. Келе ме жігіт сәні ел болмаса,
Келе ме елдің сәні жер болмаса.
Қаздай боп жалғыз аяқ қалғаның қой,
Қосағың Құдай қосқан тең болмаса.
3559. Жігіттің жіліктісі жылқы баққан,
Бір жорға тақымында жылмаң қаққан.
Білінбей бұл өмірің өтіп кетер,
Еңістен су секілді сусып аққан.
3560. Жігіттер, өлең үйрен, өлең үйрен,
Табылар өлең құмар әрбір үйден.
Өлеңнің бір пайдасы осы емес пе,
Ақынға үй төрінен орын тиген.
3561. Жігіт бол, жігіт болсаң жігіт сынды,
Тарыдай тал бойыңа тақпа мінді.
Опасыз, өтірікші, өсек тергіш,
Есерсоқ, даурықпа, болма жынды.
3562. Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара сазға қонып саңқылдаған.
Отыз бен жиырманың арасында
Жігіттің жігері жоқ талпынбаған.
3563. Ер жігіт ез жігітпен керіспейді,
Ел ісін асыл туған ер істейді.
Ер жігіт жолдас болса ер жігітпен,
Жоқ-барды алған-берген теріспейді.

3564. Жер шаңдыаяқ тартады ел келгенде,
Қырға жылқы тоқтамас жел дегенде.
Төбініме шыдайтын кім бар дейсің,
Айдаһардай ысқырып мен келгенде.
3565. Қалпақтының басынан күн өтіп пе,
Ұйқысызға оп-оңай түн өтіп пе.
Кеуде қаққан мақтаншақ жігіттердің
Екі аяғын тығамын бір етікке.
3566. Жылым жылқы, дәл жиырма екідемін,
Күнде түлеп өлеңмен жетілемін.
Өлеңіме өлеңің сай келмесе,
Босқа өткен уақытыма өкінемін.
3567. Жүйрікпін қара өлеңге желмейтұғын,
Қырандай ұшқан сайын өрлейтұғын.
Жел өкпе, қуыс кеуде мақтаншақты
Мен болам қара өлеңмен емдейтұғын.
3568. Қарасу есік алды мұз қатпайды,
Болса да қанша аяз міз бақпайды.
Ән бастап үлкендердің алғысын ал,
Жігітті ел мақтаған қыз жақтайды.
3569. Ер жігіт ақылы көп елді билер,
Тасты да қолы білген ұндай илер.
Құрбылар жастық шақта білім алсаң,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер.
3570. Аты шығар әр жерде жүлде алғанның,
Пайдасы жоқ жігітке көп арманның.
Аз ғана күн қалайық күліп-ойнап,
Арманы жоқ жалғанда сені алғанның.
3571. Тіл — бұлбұл, көңіл — бақша, ой — тас қорған.
Жігітке қиын екен ғашық болған.
Өзінді көрген кезде қалам тұрып,
Өте алмай тұрған жандай қазған ордан.

3572. Мінгенім дәйім менің жирен атым,
Келтірер ақын өлең қирағатын.
Сен көңіл берсең, өзге бөгеттерден
Жігітің мен емеспін қиналатын.
3573. Қараңғы қаша берер таң айдаса,
Ер жігіт қайда бармас дәм айдаса.
Жабысар жүздеп қара, мыңдап пеле,
Жаманға жақсы келіп маңайласа.
3574. Кім айтпас қара өлеңді бірер шумақ,
Қашанда ақын халық ақын тумақ.
«Нұр жауар талапты ерге» деген сөз бар,
Жарасар ер жігітке өнер құмақ.
3575. Мінгенім дәйім менің Жиреншұбар,
Сұмдық сөз, сұмырай қылық биден шығар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Бұралып тал шыбықтай үйден шығар.
3576. Қақ жарып қара тасты қайың тұрар,
Бекітіп ертоқымды айыл тұрар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Елп етіп, әр ісіңе дайын тұрар.
3577. Жігіттер, өлеңдетпей, құр тұрмаңдар,
Нәрсеге қол жетпейтін ұмтылмаңдар.
Алпыс күн атан болып күн кешкенше,
Алты күн бура болып бұрқылдандар.
3578. Өуеде ұшып жүрген ұзақ па екен,
Болғанда жігіт — қасқыр, қыз — ақбөкен,
Айырып сұлу қызды ер жігіттен,
Қаусаған шалға қалай ұзатты екен?!
3579. Өн салсаң, өзімдей сал есілдіріп,
Сұлудай суға түскен шешіндіріп.
Ел-жұртын қайда жүрсе бір табады,
Атадан адал туған есіл жігіт.

3580. Неге отыр жігіттер ән сала бермей,
Кең сарай көкірегім, дала жердей.
Өлеңді айт дегенде қоя берем
Жұлде алған жұмасына қаракердей.
3581. Көк өрім таудың ащы сарымсағы,
Жігіттік — адамның от-жалын шағы.
Кеткенше бір күн алып, сайрандап қал,
Емес пе жан Құдайдың алымсағы.
3582. Жігіттің несі жігіт күлмеген соң,
Бір тайды жуасытып мінбеген соң.
Жігіттен әйел артық үйде отырған,
Өнерін ауыл-аймақ білмеген соң.
3583. Сал қара атқа салғаным сары тебінгі,
Қыз баладан, бозбала, ал кегінді.
Ақ төсінің үстіне қарғып мініп,
Ақ тамақтың астында ал демінді.
3584. Жігітсің жақсы атанған еліңдегі,
Беріп кет белбеуіңді беліңдегі.
Еркелетіп жүргенің — алдағаның,
Машығың боп жүрмесін тегіндегі.
3585. Қара ала үйрек ұшады қаңқылдаған,
Сазға қонып, табаны салқындаған.
Он бес пенен отыздың арасында
Құдай ұрсын жігітті талпынбаған.
3586. Сары ала қаз ұшады қаңқылдаған,
Сазға қонып, табаны салқындаған.
Пысықсынған жігіттер толып жатыр,
Өз басынан пайдасы артылмаған.
3587. Жігіттік базарына өркім барған,
Адам жоқ өз әлінше одан қалған.
Жиылып қыз-бозбала араласып,
Жастықтың думанында сайран салған.

3588. Дегенде қос көтерме, қос көтерме,
Өніңе өзің салған ән жетер ме?
Салғанда осы өніңе қос көтерме,
Жаныңнан әйел тұрғай қыз кетер ме?
3589. Келмейді ән форымға шырқап салмай,
Келмейді жігіт сөні қаршыға алмай.
Тойда өлең бұдан бұрын айтқаным жоқ,
Отырмын бүгежектеп ән шығармай.
3590. Дәм татайық бұйырса, шай қайнаса,
Бойы қызар жүйріктің айғайласа.
Тіршіліктің барында күл де ойна,
Не болады ер жігіт қайғы ойласа.
3591. Сөз анық айтылғанда ән баяулы,
Болады жігіт жарлы жаны аяулы.
Барында оралыңның ойна да күл,
Келген соң бұл өмірге күн санаулы.
3592. Саятшы мерген жігіт құс атады,
Жалғыз оқ тиген жерін ұсатады.
Ебі жоқ ебедейсіз неме екенсің,
Аңды да айласы бар кісі атады.
3593. Сонар болар ақша қар жауған күні,
Жиырма бес жігіттің қаулан күні.
Досың түгіл, қасыңа жауың келмес,
Бақыт шіркін басыңнан ауған күні.
3594. Қамыс басы, жел соқса, суылдайды,
Отты жігіт шапанын қаусырмайды.
Мықты болсаң төзіп көр арыныма,
Таң атқанша өлеңім таусылмайды.
3595. Ақ қандай, қара қандай, шабдар қандай,
Жігітке жақсы, жаман бағдар қандай.
Шамаңша тіршілікте шарықтай бер,
Бір күні мезгіл болар дағдарғандай.

3596. Жігіттің көңілі өшпес ат мінбесе,
Не пайда ат мінгенмен зат білмесе.
Жігіттің бақыты өсте ашылмайды,
Алдынан сүйген сәуле тап келмесе.
3597. Өн салсаң, өзімдей сал есілдіріп,
Сұлудай суға түскен шешіндіріп.
Ұмытпас ел-жұртын қайда жүрсе,
Жақсылық жасай жүрер есіл жігіт.
3598. Ауылым ойды қыстап, тау жайлаған,
Қыз көрсе жігіт атын шаужайлаған.
Болса да қырық жыл қырғын ажалды өлер,
Жігітке жараспас көп қайғы ойлаған.
3599. Жақсыны қадірлемей қолыңдағы,
Жаманға жалпақ қылма жолыңдағы.
Жігіттер, жолдас болсаң, жақсымен бол,
Жаманға жақындасу сорың-дағы.
3600. Жігіт шіркін түн болса қызды аңдиды,
Қызды жығып құлатар құзды аңдиды.
Өзіміз де ығына құлар едік,
Ауыл болып, амал не, бізді аңдиды.
3601. Болғанда құлан қырда, құндыз суда,
Тасбақа, кірпікшешен болар құмда.
Жүрегін май тигендей қайтарайын,
Жігітті ақынсыған ап кел мұнда.
3602. Қырындап қыз қасына бару қайда,
Жастықты ауыр тиіп алу да ойға.
Көз сүзіп төрде тыныш отырамын,
Өзге кез түгіл, тіпті ойын-тойда.
3603. Жігітім, айта бермей арманыңды,
Айдап кел, арман етсең, бар малыңды.
Мен — балық, бұл той саған дария емен,
Өрі тарт жылтындатпай қармағыңды.

3604. Шөп шықпас, қара жерге қақ тұрмаса,
Түлкіні әркім соғар сақ тұрмаса.
Қырындап қыз мазасын ала берме,
Сыр тартқан өзіліңді жақтырмаса.
3605. Сайрайды бұлбұл құс бау-бақшадағы,
Сайратқан мені қыздың ақ тамағы.
Алтыңды тот баспайды, кір шалмайды,
Жетпіс жыл жар астында жатса дағы.
3606. Бір бұлыңғыр, бір жарық бұлтты күн,
Аққозыға жарасар түбітті жүн.
Жастық шақта жарқылдап ойна да күл,
Кім ұмытар қыз күнін, жігіт күнін.
3607. Көрінер қыз жақсысы көркі ауылда,
Белгісі қыран құстың жемсауында.
Қаза бар, қарыс жерде қапы қалмай,
Жүрейік ойнап-күліп ден сауында.
3608. Ай батқан соң қараңғы түн болады,
Қараңғыда қаптаған жын болады.
Сұлумын деп қанша қыз мақтанса да,
Әріптесім көрінсе, жым болады.
3609. Теріскейі бұл таудың мұз беткейлі,
Мұз беткейден жаз бойы сыз кетпейді.
Ойдан-қырдан қыз біткен жиналса да,
Менің әріптесіме қыз жетпейді.
3610. Өзім ойда, көңілім тауда менің,
Шалғынына тауымның аунар едім.
Қыз дегенге қызығып қарай берме,
Әлі аши қоймаған саумал едім.
3611. Атының күнде өріп құйрық, жалын,
Баптайды сері жігіт ақсұңқарын.
Шынымен бай қызына ғашық болсаң,
Алып қаш, бере алмасаң қалың малын.

3612. Үлкендер өлең айт деп қылды жарлық,
Екі етпей үлкен сөзін қабыл алдық.
Жастықта өнеріңмен жарқылдай түс,
Қыз таңдап, қымыз ішіп, құрып салдық.
3613. Жігіт шат маңы досқа толы болса,
Жеңгесі алдан шығып жолы болса.
Есіл ер жаман жарға тап болады,
Бес елі маңдайының соры болса.
3614. Қақ жарып қарасуды қайық тұрар,
Бекітіп ертоқымды айыл тұрар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Дәм-тұзы, қашан келсең, дайын тұрар.
3615. Құздағы қой келеді құрғайласа,
Жүйріктің бүйірі қызар айғайласа.
Көңілді өлең айтып көтермей бір,
Ер жігіт не болады қайғы ойласа.
3616. Қалтылдап қарасумен қайық кетер,
Қайықта аңдамаған тайып кетер.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Әр басқан қадамыңды айыпты етер.
3617. Қалтылдап қарасумен қайық кетер,
Қайықтан аңдамаған тайып кетер.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Ақылмен әр жұмасын байыпты етер.
3618. Құмға қазық бекімес қаққанменен,
Итке қоңырау жараспас таққанменен.
Өнер іздеп жігітке өзі келмес,
От басында омалып жатқанменен.
3619. Ер жігіт қайда бармас дәм айдаса,
Қараңғы қаша берер таң айдаса.
Жабысар жүздеп жала, мыңдап пәле,
Жаманға жақсы келін маңайласа.

3620. Жаныма жортуылда салдым шақшақ,
Астыма сал күреңді міндім баптап.
Жігіттер, көпке тиер пайдаң болсын,
Жүреді туған елің сонда мақтап.
3621. Жасымда жігіт едім жалтылдаған,
Еш жұмыс бір өзімнен артылмаған.
Қанша айтсаң кешегіңе ешкім сенбес,
Шал болдық, қолы-басы қалтылдаған.
3622. Жігіттің жіліктісі жылқы баққан,
Құс салып, ит жүгіртіп, түлкі қаққан.
Елі мен жері үшін қажет болса,
Түспеген белін шешіп бір күн аттан.
3623. Жігіттің кейі сырдаң, кейі сидаң,
Жинайды қулық-сұмдық ойдан-қырдан.
Сөзге ұшқыр, іске шорқақ, ойға келте,
Өткізер өмірін босқа ыржаң-ыржаң.
3624. Жігітке жетпіс өнер аздық етер,
Күйді төк, әнді аяла, сазды көтер.
Көктемде егін айдап, күзде өнім жи,
Өткізбе қысты босқа, жазды бекер.
3625. Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Шын жүйрік, өрге салса, өршеленер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шырағың мың күн тұрған бір күн сөнер.
3626. Жігітке жараспай ма ақыл мен ой,
Не керек қуыс кеуде, сорайған бой.
Жаның бай, ішің сұлу болмаса егер,
Қалтаң бай, сыртың сұлу болмай-ақ қой.
3627. Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Бір кеткен барымтаға малы дағы.

3628. Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Алдында құрбысының сынар сағы.
3629. Ертістің арғы жағы, бергі жағы,
Жайқалған жағасында жапырағы.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Жарқырап маңдайының жанғаны.
3630. Жігіттер, дегенге енді құр тұрмаңдар,
Нәрсеге қол жетпейтін ұмтылмаңдар.
Алпыс күн атан болып жай жүргенше,
Алты күн бура болып бұрқылдаңдар.
3631. Басымда құндыз бөрік шоқ тұрады,
Ол бөркім тойда көрген топқа ұнады.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Арысым, жолың болсын деп тұрады.
3632. Басында бұтағы жоқ қу қайыңның,
Пендеге пайдасы жоқ уәйімнің.
Жігіттер, тіршілікте қарманып қал,
Кім білсін, не қыларын құдайымның.
3633. Аузында отыз тісің інжу-маржан,
Етің ақ күзгі күнгі жауған қардан.
Аршын төс, алма мойын асыл еркем,
Жігітте сені құшқан қалмас арман.
3634. Ерлердің көп болғаны елім бағы,
Жігіттің дәл жиырма бес кемел шағы.
Қаз ойнап қарғаменен өмір сүрмес,
Әйтеуір күнелтейін деген дағы.
3635. Ерлер бар ел дегенде тартынбаған,
Пенде бар бір басынан артылмаған.
Он бес пен жиырма бестің арасында,
Жігіт пе арман қуып шарқ ұрмаған.

3636. Мінгенім астымдағы торы құнан,
Жануар баса алмай жүр тобығынан.
Ат болып торы құнан шыға келсе,
Қыздардың қалмас едім жорығынан.
3637. Жоғары жылқым жатыр жусаған боп,
Қалады жатқан жері қу сабан боп.
Көргенде қызды ауылды амалым көп,
Барамын қымыз сұрап сусаған боп.
3638. Қаршығамды саламын қырғауылға,
Жел аударып кетеді қызды ауылға.
Ойда жоқта баруға сылтау тауып,
Созылады сапарым бір қауымға.
3639. Қыздар суға барады месін алып,
Месі жоқ қыз барады несін алып.
Суға барған кезімде сусындатсаң,
Өмір бойы жүрер ем есіме алып.
3640. Қыз деген әдемі еді атың қандай,
Жігітті «мұнда кел» деп шақырғандай.
Шіркін-ай, күн болар ма біздей жанға
Ерніңнен алуа, шекер татырғандай!..
3641. Қыз десе, кімнің көңілі қызынбайды,
Жүрек соғып, тамырлар дызылдайды.
Бірге өсіп, ойнап-күліп жүрген кезде,
Шіркін-ай, кімнің көңілі бұзылмайды!
3642. Қызыл түлкі дейді қой қыз баланы,
Алған да, алмаған да қызғанады.
Қара қарға қарқылдап мазанды алар,
Тап болмаса Алтайдың мұзбалағы.
3643. Мал жақсы жылқы деген күзеткенге,
Қисық тал сымдай болар түзеткенде.
Тықыршып бөйгі атындай тұра алмаймын,
Сусылдап жел жағымнан қыз өткенде.

3644. Аспаннан Үркер ауар жазға таман,
Жүгірдім мылтық алып қазға таман.
Буылып қол-аяғым жатсам дағы,
Домалап бара жатам қызға таман.
3645. Беткейдің бітік екен бүлдіргені,
Бүлдірген бірге теріп кім жүрмеді.
Қойнында қыз қалқаның қоян жатыр,
Құсымды жіберермін ілдіргелі.
3646. Құрбыны түнде іздеп тапқан қандай,
Сәт қайда сыбырлап сыр ақтарғандай?!
Алтын бас, күміс кеуде болса да әйел,
Болмайды қыз қасынан аттанғандай.
3647. Асуын асып келдім Қособаның,
Деген соң қызы сұлу осы араның.
Өзіңді бір көргеннен құлай түсіп,
Көрдің бе қу көңілдің босағанын!
3648. Қыз емес, қыздың аты гүл емес пе,
Бір бұйым қыздан жігіт тілемес пе.
Болғанда қыздар — гүлгүл, жігіт — бұлбұл,
Гүлгүлге бұлбұл бір күн түнемес пе?!
3649. Қыз емес, қыздың аты — қызыл алма,
Болады он бесте қыз бойға талма.
Он бестен он алтыға шығарында
Сөзіне «кетші» деген өсте нанба?!
3650. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,
Қыз үшін түнде жүрдім көңілін қимай.
Қалмады белде белбеу, қолда орамал,
Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай.
3651. Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,
Баршасы бірдей келсін мінез, көрік.
Сыртынан сырын білмей құмарланба,
Өркімдер жүрсе дағы болып жерік.

3652. Қыз емес, қыздың аты — қызыл асық,
Барады қыздар тойға бір-бір басып,
Табысып тар төсекте шын көңілмен,
Өзіңмен жатар ма едім сыбырласып!
3653. Қыз емес, қыздың аты — қызыл күріш,
Келгенде қыз он беске ноғай жүріс.
Қырымнан қыз көзіме шалынғанда,
Жазылар бойымдағы құрыс-тырыс.
3654. Қыз емес, қыз бір шоқ қой қыздыратын,
Қойыпты қызықсын деп қыздың атын.
Шіркіннің қыз кезінде бәрі жақсы,
Шығады қайдан ғана жаман қатын?!
3655. Бір қыз жерге қарайды, бір қыз өрге,
Қайсысы оның татиды үздігерге.
Басыңды көп қатырма, байғұс жігіт,
Анасын көр алдымен, қызды көрме.
3656. Сұлу қыз, мұнша неге бұлаңдадың,
Бос тастап екі қолды сылаңдадың.
Қолыңа қона қалған қаршыға едім,
Қайтейін, қадірімді біле алмадың.
3657. Жайлауы біздің елдің — Құланөтпес,
Бөріге ит қарғысы, сірә, жетпес.
Жігітке қыз қарғысы майдай жағар,
Десең де «ішің толғыр» еш нәрсе етпес.
3658. Тойдың көркі, топ сәні қыз-келіншек,
Қыз-келіншек дегенде біз көңілшек.
Өмірдің еш қызығы болмас еді,
Бізден қыздар, қыздардан біз бөлінсек.
3659. Қыз құлаққа сырға ілер тесіп алып,
Жылқы айдаймын қайыңнан кесіп алып,
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Мен құрбыңды жүргейсің есіңе алып.

3660. Қыздары біздің елдің балдырғандай,
Қарасаң, жүрегіңе от жандырғандай.
Сапырған сабадағы сары қымыз
Ұрттасаң, бар шөліңді қандырғандай.
3661. Мінгенім дәйім менің қасқа құнан,
Қыздардың сақта, Құдай, асқағынан.
Көңілің шыныменен болса менде,
Аулыңның жолығайық бас жағынан.
3662. Көрінер қыздар сұлу шашбауменен,
Бұрымын кейін сілтеп тастауменен.
Өзіңмен кездескенше тыныш едім,
Тыныштық сені көріп қашты-ау менен.
3663. Дәмі жоқ қой етінің тұз болмаса,
Қаймақ жоқ қара суда мұз болмаса.
Солқылдап екі шекем жүре алмаймын,
Біреуі жолдасымның қыз болмаса.
3664. Тамұққа кінәлі ғып бізді айдаса,
Біздей-біздей жігіттен жүзді айдаса,
Жұмаққа бармадым деп кейімес ем,
Алдымнан сұлу-сұлу қызды айдаса.
3665. Сермейсің жел сөз десе емін-еркін,
Басыңа жарасады кәмшат бөркің.
Көз тартып хор қызындай бұлаңдайсың,
Бітпеген өзге қызға сенің көркің.
3666. Саладүр сиыр соқпақ шұбырғанда,
Ет қалмас қабырғада сыдырғанда.
Ау, қыздар, сұлумын деп мақтанбаңыз,
Табылар сізден сұлу қыдырғанда.
3667. Бір емес, мінер атым жүз болсайшы,
Алдымда адастырмас із болсайшы.
Жапанда жалғыз келе жатқанымда
Жолығар қарсы алдымнан қыз болсайшы.

3668. Патырлап көлден ұшар аққу, қаздар,
Өмірде жылы, суық қыс бар, жаз бар.
Бірге өспей, шетте өскен, беу, құдаша,
Кездесер бізге сирек сіздей қыздар.
3669. Әңгімеміз қайтсем де келіспеді,
Теңесем де өзіңе періштені.
Оқыранып келсем де үйір тартып,
Сырт айнала бересің тебіскелі.
3670. Бойдай талай, шіркін-ай, болған басым,
Боз биенің сүтіне жуған шашым.
Қыз да болсам біреудің еркесі едім,
Енді кімге қор болдың ғазиз басым.
3671. Жайылған мал семірмес өзен өрлеп,
Ыстықта ат шаба алмайды көзі терлеп.
Басына көмшат бөркін қырын киіп,
Қыз сүйсе, тұрар өзі-ақ келсең-кел деп.
3672. Ұшады бозша торғай ебелектеп,
Аулыңа неше бардым төңіректеп.
Қойнына сүйген қыздың кіріп барсаң,
Жатады күлімсіреп не керек деп.
3673. Құрбының бәрін жүрме тең екен деп,
Ауруға дәрі атаулы ем екен деп.
Асаған қаз етіндей балға малып,
Ойлама қыздың бәрін жем екен деп.
3674. Молдеке, қоя тұршы иманыңды,
Алсаң да мал мен мүлік, жиғанымды.
Қасыма қыз молдасын әкеп қойшы,
Жолына пида етейік қу жанымды.
3675. Етінде сұлу қыздың мең болмайды,
Жігітке қыз ауыртқан ем қонбайды.
Жігіттің алған жары болса жаман,
Жауынан қылыштасқан кем болмайды.

3676. Елемей қыстың суық ызғарында,
Сырғанақ тебуші едік мұз барында.
Шаруадан қолым тимей кетті жазда,
Сәлем де ауылыңның қыздарына.
3677. Қыздар тігер жақсысын шым кестенің,
Есіңде ме торыға мінгескенің.
Өлең айтып көңілді көтерейік,
Лебізіңді сағындым бірге өскенім.
3678. Өзіңмен танысқанда он бесте едім,
Келгенде он бес жасқа жанкеште едім.
Қыздармен он бесімде жауласып ем,
Келгенше жиырма беске үйлеспедім.
3679. Ал десе, міне шаптым боз ойнаққа,
Келіппін Құдай айдап қызойнаққа.
Ағалар айт дегенің өлең болса,
Басайын «он екі звот, бес будаққа!»
3680. Келеді жоғарыдан түйе мінген,
Салмайды ауыздығын бие мінген.
Өзіңді әдейі іздеп келіп едім,
Қызы деп жақсы атаның жүйе білген.
3681. Аспанда мен бір бүркіт қыран-дағы,
Қыздар-ау, сендер түлкі сырандағы.
Қиялап, қия шыңда жүрсен дағы,
Қиғаштап қанатымды бұрам-дағы.
3682. Түңілік желпілдейді желдеткен соң,
Ит үрмес сеңгір таудан ел кеткен соң.
Бірге өскен кішкентайдан, қыз қалқатай,
Боп кеттің танымастай ер жеткен соң.
3683. Екі ортаны жалғаған жалғыз қайық,
Аулыңызда қыз бар ма бізге лайық.
Аулыңызда қыз болса бізге лайық,
Екі ауылдың арасын жол қылайық.

3684. Болып жатқан бұл тойда қыз көргелі,
Талай сәттер өтіпті біз келгелі.
Талай жастар табысып үлгеріпті,
Бітпей отыр бұйымтай сіздердегі.
3685. Сұлудың көзі қара, беті аппақ,
Жігітке арман сондай, қыз іздеп таппақ.
Сымбатына сыры сай қалқатаймен,
Бірге тұрып, күн қайда, бірге жатпақ.
3686. Асуын асып келдім Қособаның,
Қыздары сылдыр моншақ осы араның.
Он бес пен жиырманың арасында,
Таңғышын талай шештім босағаның.
3687. Той десе бірін мінем қос күреңнің,
Мен неге ойнап-күлмей бос жүремін.
Әйтсе де жас қыздардан қауіптенем,
Біреуі тұсайды-ау деп қаскүнемнің.
3688. Мал қораға қайтады кеш кіргенде,
Үйден тамшы өтеді ескіргенде.
Елегізіп көңілім тыным таппас,
Қыз күлкісі сыңғырлап естілгенде.
3689. Қамқаның бөрік кидің қиығынан,
Біреуге біреу күлер миығынан.
Жігітке ғашық етіп қыз ұнайды,
Өзінің жан сүйсіңтер қылығынан.
3690. Қызы сұлу келеді Қоңыраттардың,
Мойны сұңғақ келеді жорға аттардың.
Сағынып салған әнін жүргенімде,
Даусы қайдан шығады бекзаттардың.
3691. Қызы сұлу келеді Қосқұлақтың,
Берекесі ішінде ешкі, лақтың.
Сағынып салған әнін жүргенімде,
Даусы қайдан шығады қос шырақтың.

3692. Қызы сұлу көрінер Қырықсадақтың,
Қырса табы кетпейді жез табақтың.
Салған әнін сағынып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады ақтамақтың.
3693. Шөбі шүйгін төменгі Көкқабақтың,
Қызы сұлу болады Көксадақтың.
Сағыныштан сарғайып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады ақтамақтың.
3694. Жүгірдім бала кезден сорды айналып,
Көп жейді тұрымтай құс торғайды алып.
Жүр десе біздің елдің боз баласы,
Отырсың ерейін деп ыңғайланып.
3695. Тақымым тисе үстіне Көкаланың,
Желше есіп жер түбіне жоғаламын.
Жаны ашып бір қыз қамын ойламаса,
Осы қой көрген күні бозбаланың.
3696. Сұңғақ бойлы, сұлуша сырғалы қыз,
Бұдан бетер бой жетіп ырғалыңыз.
Шыныменен қоштасып қаламыз ба,
Қиын болды-ау орыннан тұрғанымыз.
3697. Қарайғанға қараймын мал ма екен деп,
Мал саялап тұратын тал ма екен деп.
Топ қыз көрсем, тесіле қарап қалам,
Ішінде сен сәулешім бар ма екен деп.
3698. Теңелсе ай өзіне, күн өзіне,
Қыз теңеу болған жігіт мінезіне.
Қадірлеп қыз атыңды ардақтай біл,
Мың мін де қызығып жүр бір өзіне.
3699. Қаракүрең асауым кермегім-ай,
Еріккенде бағатын ермегім-ай.
Қанша ауыл, қанша жер кезсем дағы,
Сұлу қызды өзіңдей көрмедім-ай.

3700. Бәсі қымбат базарда алашаның,
Қызы сұлу келеді Қарашаның.
Сағыныштан сарғайып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады құдашаның.
3701. Қыз сұлу көрінеді бойы сұңғақ,
Ұқпайды айтсаң да сөз, тұрсаң да ымдап.
Ешкіммен сырласып көп сөйлеспейді,
Өзінің санар жеке ойын қымбат.
3702. Қыз бала қашанда ұлдың тілектесі,
Кем санап ұлдан қызды жүдетпеші.
Кім қайыр көрсетерін қайдан білдің,
Аман боп, бар болсын де ақыл-есі.
3703. Қыз емес, қыздың аты қызыл алтын,
Жақсы қыз ел-жұртының сақтар салтын.
Күлсе де, сөйлесе де көпке ұнап,
Көрікті күте білер сыр, сымбатын.
3704. Ауылдың ақсақалы Ақбай, Тоқбай,
Мінемін ақ тайлаққа бұйда тақпай.
Күн ұзын үйде отырып не бітірем,
Қыздарын көрші ауылдың қойдай бақпай.
3705. Болмайсың еш нәрседен үйіңде кем,
Қыз бар ма қызыл, жасыл киінбеген.
Абайлап алды-артыңды сақтана біл,
«Қыздарға қырық үйден тыйым» деген.
3706. Сарыла жылқы бағам Белде түннен,
Желпиді ауық-ауық жел бетімнен.
Жаңғыртып кең жайлауды әнге бассам,
Жатқан қыз құс төсекте тербетілген.
3707. Жаратып мұнша көркем қызды Құдай,
Қыздарға телмірткені-ай бізді Құдай.
Ерніңнің таңдайымнан дәмі кетпес,
Сырбаздың жазды күнгі тұздығындай.

3708. Торы айғыр тоқпақ жалды тоғайда бар,
Қыздардың не жайсаңы ноғайда бар.
Қызықпа жеңілтекке тез жетем деп,
Қиынды сүй, іздеме оңайдан жар.
3709. Жарасар жасқа батыл, өктемдігі,
Қалдырып жүрме жазға көктемгіні.
Қасыңа жігіт түгіл шал келмейді
Басыңнан қыз дәуренің өткен күні.
3710. Қыздарда да қыздар бар тілі майда,
Іздемеген жігітке қыздар қайда.
Оймақ ауыз, күлім көз, қиғаш қасты,
Кездесе екен бір қалқа осындайда.
3711. Қыздарда да қыздар бар ту қояндай,
Кейітті үйқысынан қыз оянбай.
Тигенде суық қолым шоши ма деп,
Отырмын түк өндірмей мен сормандай.
3712. Қыздарда да қыздар бар мінезі ашық,
Ашық қызға болады әркім ғашық.
Кей қыздарға әзілдеп бір сөз айтсаң,
Ұялғансып қалады бетін басып.
3713. Гүл жақта десең егер «ара қайда?»
Жігіт көрсе, қыздар шаш тарамай ма?
Ей, қыздар, кішкентай деп менсінбейсің,
Саулыққа тоқты қошқар жарамай ма?!
3714. Шешем тойға әкелді сайландырып,
Жібек белбеу беліме байландырып.
Күллі қызын жинап ап бүкіл елдің,
Бір басымнан жіберші айналдырып.
3715. Қуанам көрші қонған елді көріп,
Өзіндей ел ішінен теңді көріп.
Өлеңнің от жалынын өршітетін,
Тілім шоқ, көмекейім желді көрік.

3716. Қолы жетсе жаманның, асқынады,
Жолдасына өзінің қас қылады.
Қара өлеңнің дауылын мен соқтырсам,
Келіншекті қыз түгіл састырады.
3717. Көз тартып қыз қызыл гүл қызықтырған,
Өте ме бұл жалғанда қызық мұнан.
Селкілдеп сексен жасқа жетсем дағы,
Мен емес қыздан күдер үзіп тұрған.
3718. Түбінде қарағайдың шайыры бар,
Демей ме қайтқан малдың қайыры бар.
Көңілің шыныменен болса менде,
Басымды қалың малдан айырып ал.
3719. Беліме кемер белбеу буынамын,
Бетімді гүлжиһанмен* жуынамын.
Артыңа айтысуға алты қара,
Қолқаңды қара өлеңмен суырамын.
3720. Ұшып жүрген әуеде тотымысың,
Сөнбейтін жүрегімнің отымысың.
Өмірі өзіңе риза болар едім,
Құрбыңның орындасаң өтінішін.
3721. Қияқ қас, шашыңызды мақпалдай қып,
Қызыл бет, оймақ ауыз, ақ маңдай қып.
Анаңа сізді тапқан мың рахмет,
Берін де таразыға тартқандай қып.
3722. Мадақтар сөз таппаймын қысылғанда,
Жетер ме қысқа қолым ұсынғанда.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Көрмедім сендей сұлу мұсылманда.
3723. Жайдары қыз екенсің парасатты,
Жанарың түсірді еске қарақатты.

* Қыздардың бетіне жағатын гүлден жасалған тұнба.

Жалғыздық жапасына төзбей жүрмін,
Жаза гөр жанымдағы жарақатты.

3724. Там үйдің ботакөзің әйнегіндей,
Самаурын басың жұмыр шәйнегіндей.
Қарасам жамалыңа, жан жетпейді,
Әлде ай көрінесің, әлде күндей.
3725. Сайрайды гүл жазира бұлбұл бақтан,
Жетелер ақ тайлаққа бұйда таққан.
Таңдантип тыңдағанды ән салған қыз,
Даусыңнан айналайын сылдыр қаққан.
3726. Шіркін-ау, семіз қыздар не жейді екен,
Арық қыздың үй-іші кедей ме екен.
Семіз арып, арықтар семіруге,
Көмек сұрап жігітке келмей ме екен.
3727. Тұрсаңыз уәдеде жолығамыз,
Оңашаға шықпасаң, торығамыз.
Құшақтап қу тізесін жалғыз жатар,
Төрт елі маңдайының соры бар қыз.
3728. Сенен басқа қыздарды қыз демес ем,
Өзге ешкімді өмірі іздемес ем.
Мұз үстінде өзіңмен жатсам дағы,
Жамбасымнан өтті қой сыз демес ем.
3729. Мінгенім астымдағы сары деймін,
Келген қыз жиырма беске көрі деймін.
Сұрасаң көрі қыздың қалың малын,
Ақтаған жалғыз аяқ тары деймін.
3730. Мінгенім дәйім менің қылқара атым,
Қанатым саған ұшар бұл қара атым.
Алыстан ат арылтып келгенімде,
Қыз қалқа, не жөнің бар бұлданатын.

3731. Мінгенім дәйім менің құла мойын,
Түзейді бойжеткен қыз тұла бойын.
Тұла бойын бойжеткен түзетумен,
Өзіне жігіттердің бұрар ойын.
3732. Қыз қалқа, айтшы биыл нешедесің,
Жауабың құмарымды еселесін.
Аңсаған арманына қол жеткізіп,
Өркімнің ашсын Құдай пешенесін.
3733. Не жетсін сыр айтқанға көз көргенге,
Жалғанда сырыңды айтпа сөзге ергенге.
Тықыршып жемқор аттай тұра алмаймын,
Сұлу қыз сұқтандырып кез келгенде.
3734. Киіп ап түлкі тұмақ басымызға,
Сабылып қыз іздеуші ек жасымызда.
Кемсеңдеп, мыжырайып сол сұлулар,
Отыр қой кемпір болып қасымызда.
3735. Келеді қыздар тойға алқа салып,
Арқаға қос бұрымын арта салып.
Қалқатай, өнеріңді көрсетіп қал,
Отыр жұрт өлең айт деп қолқа салып.
3736. Бозбала қыз іздесең, атың сайла,
Жігітке іздемеген қыздар қайда.
Сонан соң жұпта жақсы өлеңіңді,
Кезігер бір ботакөз осы тойда.
3737. Отырған бауырыңа елің сыйып,
Тас бастау көрінеді жерің биік.
Ақ туы Жәнібектің секілденген,
Бұлғаңдар қыз үкісі көкке тиіп.
3738. Және бар одан төмен Шилібастау,
Адамы Шилібастау бөрі жастау.
Өнерлі бұл жердің қыз-келіншегі,
Күлім көз өзгелерден қиғаш қастау.

3739. Желдауан жалғасады Қаражал боп,
Жүретін бозбалалар сері, сал боп.
Қызы көп, әрі сұлу жерден кетіп,
Жігіттің қаусағаны-ай бәрі шал боп.
3740. Тізіліп ұшар көкте тырна деген,
Ойпаңға өрмегіңді құрма дер ем.
Түсімде әулиелер аян беріп,
Орныңнан қызды жеңбей тұрма деген.
3741. Тартамын қызға арнап сыбызғыны,
Салмайды небір күйге қыз қылығы.
Өзіңмен ойнап-күліп жүрер едім,
Қайтейін мына заман жүз құбылды.
3742. Қияның қыран түскен түлкісіндей,
Қайтейін, қыздар мені жүр түсінбей.
Қайырсаң ән аяғын менше қайыр,
Қыздарың сылқылдаған күлкісіндей.
3743. Ән қосам аспандағы бозторғайға,
Қойсайшы бір айғайлап қыздар қайда.
Жиналған қыз-бозбала бір той екен,
Өнерді көрсетейік осындайда.
3744. Қызға бесік жарасар тербеткенде,
Айғайлап бала ойнар ер жеткенде.
Сүйкімі бар сәбидей, сәулешім-ай,
Кімге айтамын назымды сен кеткенде.
3745. Келеді қыздар әуес сарымсаққа,
Мал жақпас ашкөзденген алымсаққа.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Ат ізін бір салмадың сағынсақ та.
3746. Қыз бала қашанда ұлдың тілектесі,
Кем санап ұлдан қызды жүдетпеші.
Кім қайыр көрсетерін қайдан білдің,
Аман боп, бар болсын де ақыл-есі.

3747. Қыздың да қызылы бар, жасылы бар,
Тастың да таптырмайтын асылы бар.
Жігітті нар көтермес қыз көтерер,
Шіркіннің қандай ғана тәсілі бар.
3748. Қыздарға қызыл ала жаға жақсы,
Аттарға таймайтұғын таға жақсы.
Келін боп бөтен елге кете қалсаң,
Артыңнан іздеп барар аға жақсы.
3749. Салғаным құлағыма шығыршықты,
Кептірдім күнге жайып ірімшікті.
Үлкендер қыздарына риза шығар,
Дауысым жігіттерден бұрын шықты.
3750. Есігі біздің үйдің шарбақтаған,
Қызымын ата-анамның ардақтаған.
Өнерің болса, шаршы топта көрсет,
Көз салман көрінгенге жалбақтаған.
3751. Қаңырап қыстау қалар ел кеткен соң,
Көгалға үй тігілер жер кепкен соң.
Сүйреткен жібек арқан жорға тайдай,
Қыз бала қыр асады ержеткен соң.
3752. Қыздар сұлу көрінер меңіменен,
Шекпен сұлу көрінер жеңіменен.
Меніменен сен сұлу көрінесің,
Мен бақытты көрінем сеніменен.
3753. Мал жақсы жылқы деген күйі болса,
Жұмсайды қатқан тері иі қанса.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Қасыма сұлу қыздың үйі қонса.
3754. Мал жақсы жылқы деген аман болса,
Қыз да оны бағар ма еді жаман болса.
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,
Қосылар тең-теңіне заман болса.

3755. Қыз әсем көрінеді сырғасы бар,
Құрбыңмен оңашада сырласып ал.
Адамдық жан дүниенмен ұнай білсең,
Жолыңды күтіп өзі-ақ қырға шығар.
3756. Айтамын қызып өлең қызды көрсем,
Тебемін сырғанақты мұзды көрсем.
Кез болған қиуада, қимас қалқа,
Елжірер ет жүрегім сізді көрсем.
3757. Өттең, айдың жарығы-ай күндізгідей,
Айналаға әр қимылды білгізгендей.
Ебін тауып сонда да кездесейік,
Қызық қайдан болады қыз күнгідей.
3758. Барайын өзім ертіп тұзға дейін,
Көлшікті тұз алатын бұзба дейін.
Құдайдың маған берген бір мінезі,
Жүремін әйелдерден қызға бейім.
3759. Жіңішке қыздың жолы шарам бар ма,
Құтқарар деуші ем сендей панам барда.
Еріксіз ата-анам ұзатқанда,
Тым құрыса жарамадың аман болға.
3760. Тамаша сізге де ортақ, бізге де ортақ,
Емес ем үйде батыр, түзде қорқақ.
Аяғын өзің түсін, басын айтсам,
Жан едім қыз алдында сөзге шорқақ.
3761. Сен ақын, мен де бүгін ақындаймын,
Мен ақын сен ақынға жақындаймын.
Жеңсем де, жеңілсем де, олжалымын,
Сұлу қыз енді іздеп бас қатырмаймын.
3762. Жайырдың жайып сырмақ шалғынына,
Кез болдым ақын қыздың балғынына.
Біз айттық, бір сыбыс жоқ бағанадан,
Оятшы әріптесті қалғыды ма.

3763. Киіп ап түлкі тымақ басымызға,
Сабылып қыз іздеуші ек жасымызда.
Кемсеңдеп көп сөйлейтін кемпір болып,
Отыр қой сол сұлулар қасымызда.
3764. Қыздар жақсы әншейін қырындарға,
Келіншек жақсы тезірек ырымдарға.
Қыран қабақ жігітпін, қыр мұрынды,
Әйел сүймес бойымда мінім бар ма?!
3765. Қой күзетіп қорада қыздар отыр,
Өлең айтсаң, бір айтыс қызғалы отыр.
Икемдесең кіргелі бауырыңа,
Кейбіреуі бүрісіп мұздап отыр.
3766. Жапырақ күзде болар сары деймін,
Келсе қыз жиырма беске кәрі деймін.
Сұрасаң кәрі қыздың қалың малын,
Ақтаған жарты аяқ тары деймін.
3767. Оңаша гүл бақшада жолығармыз,
Бар болса осы күнде оны ұғар қыз.
Құшақтап қу тізесін жалғыз жатыр,
Бес елі маңдайының соры бар қыз.
3768. Келгенде қара өлеңге қақтырмаймын,
Құйысқан, өмілдірік тақтырмаймын.
Әріптес әрі ақылды, сұлу болсын,
Қыздарды қылжақтаған жақтырмаймын.
3769. Жайырдың қоңыр салқын жазы қандай,
Қаз қонып, үйрек ұшқан сазы қандай.
Айтыссам Жайырдың жас қыздарымен,
Болады қанатым кең жазылғандай.
3770. Аузында меруерт тісің тізіліп тұр,
Қаламмен қиғаш қасың сызылып тұр.
Бұндай қыз қандай жаннан туды екен деп,
Бәрі де көрген жанның қызығып тұр.

3771. Аппағым, айналайын қой көзіңнен,
Келмеген шақырғанда кінә өзіңнен.
Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Садаға алпыс бес қыз бір өзіңнен.
3772. Болғанда қасқыр қатты түйе жейді,
Қой түгіл, жылқы қорқып үйелейді.
Бой жете бастағанның белгісі қой,
Қастарын ақсары қыз күйелейді.
3773. Бісмілла, бісмілладан екеу екен,
Жүйрікті шабан қуып жете ме екен?
Барында тіршіліктің иман ізде,
Өлген соң имансыз жан бекер екен.
3774. Бісмілла, бісмілладан бірден сабақ,
Алдында үлкендердің жезден табақ.
Бермесең тірі күнде «зекет-ұшыр»,
Өлген соң алдың тозақ, артың қамақ.
3775. Бісмілла, бісмілладан бісмілла ашар,
Білмейді бісмілланы кейбір нашар.
Аузыңнан бісмілланы тастамасаң,
Періште жолын ашып, шайтан қашар.
3776. Біздің көш анау біреу шаң көрінген,
Боздаған ботасына ақбоз інген.
Тірлікте қайыр-зекет бермегеннің
Өлгенде мал мен мүлкі жау көрінген.
3777. Денеңнің сумен жуып кірін кетір,
Кетпесе арамдығың көріңде өкір.
Барғанда Тәңір алдына құтылмайсың,
Бар дейді қияметте қылдан көпір.
3778. Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса, басқа дәулет құралмаған.
Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.

3779. Ей, Алла, беріп ең сен адамшылық,
Танылмас тап бермеде наданшылық.
Мұхаммет үмметімін, сиынамын,
Денеме дарытпас деп жаманшылық!
3780. Кигенім үстімдегі құрым жарғақ,
Қалады, енесі өлсе, құлын зарлап.
Қалмайды Құдай деген құр алаған,
Құдай-ау, жүрме өзің құлыңды алдап!
3781. Құдай-ау, айналайын несібе бер,
Күлген мен ойнағанды кешіре гөр.
Күнәміз таудан үлкен біз барғанша,
Су сеуіп тозақ отын өшіре көр!
3782. Қақ жарған қара қылды хан да болмас,
Бүгінгі ойлағаның таңда болмас.
Басқаның бір Алладан бәрі қисық,
Күнәсіз көңілі дүзу пенде болмас.
3783. Ынсапсыз жиған мүлік қараң дейді,
Төрт көз ит болады екен сараң дейді.
Ұқсаңдар дін мұсылман ата жолын,
Арақ пен темекіні харам дейді.
3784. Міндім де сапар шектім теңбіл көкті,
Жаңғыртар салған әнім зеңгір көкті.
Пенденің Алласына айтары жоқ,
Басыма не жазсаң да көндім депті.
3785. Өлеңім қаптап жатқан қалың қойдай,
Жалғанның қызығына жүрміз тоймай.
Алладан ажал жетіп уақыт бітсе,
Әкетер аманатын бір күн қоймай.
3786. Ауылым бүгін желді Қара ағашта,
Барамыз одан көшіп Жалаңашқа.
Періште екі иықта жазып отыр,
Құдай-ау, не саласың ғазиз басқа.

3787. Атыңнан айналайын Хақ Пайғамбар,
Алладан өмір келсе, тіл байланар.
Аллаға тіршілікте құлшылық қыл,
Қара жер өлгеннен соң тақтайланар.
3788. Арасын жер мен көктің мұнар шалған,
Бір қызын пайғамбардың Ғали алған.
Барында қызыл гүлің құдай жайқал,
Той қылмақ, өлең айтпақ содан қалған.
3789. Алтын мен мыс тең келмес, шығар парық,
Адалдың қайда жүрсе алды жарық.
Құдайға құлшылықсыз тәубасыз жан,
Барғанда ақіретке болар ғаріп.
3790. Басында Қаратаудың бұлбұл сайрар,
Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар.
Мақшарда найза бойы күн шыққанда,
Адамның күнәсі көп миы қайнар.
3791. Сөйлей бер, қызыл тілім, жақ барында,
Жер таны, желіп жүріп ат барында.
Балалар, тіршілікте күл де ойна,
Бір Алла өзі білер сақтарында.
3792. Мекеде бір ағаш бар саясы кең,
Қалқаға ғашық болып қалыпшын мен.
Қолымды жетпей тұрған жеткізе гөр,
Қаламға патша болған жаппар ием.
3793. Ар жағы Қап тауының жалғыз шынар,
Басына сол шынардың самұрық қонар.
Болып ем он бесімде саған ғашық,
Көңілім ғашық болған қашан тынар.
3794. Ар жағы Қап тауының Ніл дария,
Жамалың жаннан асқан ғұзжазира.
Жастықта сайран салып жүргенімде,
Бір көріп ғашық болдым дидарыңа.

3795. Дәуіттің он саусағың қышқашындай,
Үндінің өнерлісің ұстасындай.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Үлгілі сұлулықтың нұсқасындай.
3796. Ішінде әптиектің «дал» тұрады,
Таласып иман менен жан тұрады.
Барында оралыңның ойна да күл,
Басында қай момынның мал тұрады.
3797. Аузыңда отыз тісің түгел тегіс,
Қолыңда жібек баулы көк тұйғын құс.
Қарасам келбетіңе, перідейсің,
Ұқсайды дәу періге жүрісіңіз.
3798. Перілер ойнақ салар Қап тауында,
Мен кімге мұқтаж болам сен барында.
Құдайдан мінәжат қып тілек тілеп,
Өмірлік жүрсе деймін сен жанымда.
3799. Секілді сен жүрген жер бір даңғыл жол,
Қалқатай, бір сұлусың ақылы мол.
Барғанда ғарасатқа біз кездессек,
Періштем қолтығымнан демеуші бол.
3800. Аттары тарантастың құйындаған,
Далаға қалар түсіп бұйырмаған.
Құдайдан жатсам-тұрсам сені тілеп,
Қалмады бір де әулием сиынбаған.
3801. Мүкейдің жүруші едік басын жайлап,
Басынан тар шатқалдың алдым қайрақ.
Қос қалқа өлеңіңді айт төуір сайлап,
Тұсыңа келіп қалдық Құдай айдап.
3802. Түбінде Құдай деген құр қалмайды,
Қасқыр жеп, адалдықты ұры алмайды.
Күніне мыңды матап, жүзді алсаң да,
Арамнан тапқан пайда құралмайды.

3803. Ерді Құдай, етікті нәл сақтайды,
Бәйгеден озса, ат та алшақтайды.
Құдыққа жазатайым түссе құлап,
Құрбақа құлағыңда ойнақтайды.
3804. Бісмілла да бісмілла үшке дейін,
Жақсы атаның баласы іске бейім.
Оралыңның барында ойна да күл,
Бар ма, жоқ па өмірің түске дейін.
3805. Бісмілла айтылар әр сөздің басы,
Ақынның қолғанаты домбырасы.
Кетпейді жатсам-тұрсам көз алдымнан,
Қиылған сәулетайдың қаламқасы.
3806. Бітеді биік тауға тал мен қайың,
Күл де ойна тіршілікте, қалқатайым.
Бір күні, уақты бітсе, кетеді алып,
Алладан мініп жүрміз жанның майын.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қара өлең — халық шығармашылығының көне жанры. Ол халықпен бірге туып, барлық замандарда да халықпен біте қайнасып, бірге жасап келеді. Оның кейбір үлгілері қазіргі кезде де туып, молайып, халық арасына таралуда. Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да, қара өлең шумақтары бірдей үлгіде кездеседі деуге болады. Қара өлеңнің араласпайтын тақырыбы жоқ, өмірдің өзіндей шексіз болып келеді.

Қазақтың қара өлеңі жөнінде алғаш пікір білдірген — қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов³⁴.

Ш.Уәлихановтан кейін қара өлеңге арнайы ден қойып, кейбір үлгілерін жинап, хатқа түсіріп, ой-тұжырымдар айтуға В.В.Радлов, И.Н.Березин, В.А.Гордлевский³⁵ т.б. ғалымдар үлес қосты.

Қара өлең туралы М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмаилов, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, З. Ахметов т.б. ғалымдар әртүрлі еңбектерінде жазып, зерттесе, қара өлеңнің барша қасиет-болмысын, көркемдік ерекшелігін арнайы зерттеп толымды пікір айтқан ғалымдардың бірі — Б.Уахатов. Ол өзіне дейінгі ой-тұжырымдарға қосыла отырып, қара өлеңнің көркемдік ерекшелігін, өлеңдік құрылысын ескере отыра, оның сегіз түрлі қасиетіне тоқталса³⁶, А.Сейдімбеков «қара өлең» туралы арнайы зерттеу еңбегін жазды³⁷. Бұл еңбекте зерттеуші-ғалым

³⁴ Уалиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т. 1. — Алматы, 1961. — С. 199.

³⁵ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной и Джунгарской степи. Ч. III. Киргизское наречие. — СПб., 1870; Гордлевский В.А. Из наблюдений над турецкой песней. — Этнографическое обозрение». 1908. Кн. № 79.

³⁶ Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы, 1974. — 234-235-бб.

³⁷ Сейдімбеков А. Мың бір маржан. — Алматы, 1989.

қара өлеңнің басқа да қасиеттерін ашып, оның туу, қалыптасу және зерттелу жайына қатысты ой-тұжырымдар жасайды.

Қазақтың қара өлеңі зерттеушілердің назарына ерте іліккенімен, жазба ескерткіштердегі, сирек кітаптарда жазылып қалған біраз қара өлең шумақтары болмаса, олар негізінде ауызша айтылып, халық жадында сақталып келді. Олардың ел ішінен шын мәнінде мол көлемде жиналып, қағаз бетіне түсірілуі, баспасөз жүзінде жариялануы, жеке жинақ ретінде басылым көруі ХХ ғасырдың соңында басталды. Қазақтың қара өлеңін жинап, жүйелеп жарыққа шығарғандар: зерттеуші-ғалым А.Сейдімбеков пен ақын О.Асқар.

Қара өлеңнің мәтіндері 1989 жылы екі рет баспа бетін көрді³⁸. Ал Оразақын Асқар құрастырып жариялаған «Қара өлең» (Жазушы, 1989) атты жинақ толықтырылып 1997 жылы «Жалын» баспасынан екінші рет жарыққа шықты. Бұл жинақтарда ел ішіне кең тараған қара өлең нұсқалары жинақталған, шартты түрде тақырыпшаларға бөлінген және алғы сөз жазылған.

Қазақтың қара өлеңі сияқты қысқа да қызықты шағын өлеңдердің үлгілерін өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, түркімен, башқұрт т.б халықтардың фольклорынан кездестіруге болады.

Қара өлең үлгілері батырлық жырларда («Алпамыс» т.б), ғашықтық жырларда («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» т.б) кездеседі. Қазіргі қазақ поэзиясында да қара өлең үлгілері кең тараған.

Ұсынылып отырған томды даярлау барысында филология ғылымдарының докторы А.Сейдімбек пен ақын О.Асқардың ел ішінен жинап, бастырған кітаптары: А.Сейдімбек «Мың бір маржан» («Өнер баспасы», 1989), О.Асқар «Қара өлең» (Жалын, 1997) және ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақтаулы төменгі бумалардағы қара өлең шумақтары енгізілді:

1. Н.Шәкеев жинаған қара өлеңдер. Бұл мәтіндер ОҒК-ның Қолжазбалар қорында Ш. 859, 23^а дөптерде сақтаулы. Мәтіндер бір жолды дөптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Дөптер сыртында өлеңді айтушы — Жанпейісов

³⁸ Қара өлең / Құрастырған — Оразақын Асқар. — Алматы: Жазушы, 1989; Сейдімбеков А. Мың бір маржан. — Алматы: Өнер, 1989.

Байғабыл, жинаған — Шәкеев Н. Қорға 1949 жылы түскен деген жазу бар. Дәптерде барлығы 25 өлең шумағы қамтылған.

Томға Шакеев Н. жинаған қара өлең шумақтары өзгеріссіз кіргізілді.

2. ОҒК-нің қолжазбалар қорында Ш. 859, 32-дәптерде сақталған қара өлең үлгілері Қазақстан Жазушылар Одағынан 1946 жылы түскен. Мәтін көк сиямен латын әрпінде жазылған. Барлығы — 15 шумақ өлең. Жинаушысы, айтушысы туралы мәлімет берілмеген.

Томға ұсынылған мәтіндер осы қолжазбадағы түпнұсқа негізінде берілді.

3. Қазкенова Сағида жинаған қара өлең үлгілері. Бұл мәтіндер ОҒК-ның Қолжазбалар қорында Ш. 859, 37-дәптерде сақтаулы.

Мәтіндер тор көзді дәптер қағаздарына көк сиямен латын әрпінде жазылған. Қолжазбаның соңында 1949 жылы жазылған деген жазу бар. Өлең шумағының саны — 16.

Томға мәтіндер қолжазбадан ешбір өзгеріссіз алынды.

4. Ш.1017 (ОҒК), 6-дәптердегі мәтіндер алынды. Қолжазбаны кім жинағаны, кім тапсырғаны белгісіз. Дәптер сыртында «Қорға 1947 жылы түскен, 1916 ж. жазылған» деген мәлімет келтірілген. Қолжазбадағы өлең шумағының саны — 18. Мәтіндер көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Томға өлең шумақтары түпнұсқа негізінде ұсынылды.

5. Баталов Ерناзар жинаған қара өлеңдер. Бұл өлең мәтіндерін Ақмола облысы, Бестөбе руднигінің жұмысшысы Баталов Ерназар ОҒК-ның Қолжазбалар қорына тапсырған. Өкінішке орай, қорға қай жылы тапсырғаны өлеңді кімнен жазып алғандығы туралы мәлімет жазылмаған. Қолжазба сегіз беттен тұрады. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбада 53 шумақ өлең қамтылған.

Томға Ш. 1445, 10-дәптердегі өлеңдер ешбір өзгеріссіз алынды.

6. Нығметов Ермекқали жинаған қара өлең үлгілері. Бұл мәтіндер ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында Ш. 144, 8-дәптерде сақтаулы. Өлең шумақтарын ел арасынан жинап Институтқа 1961 жылы тапсырған — Нығметов Е. Қолжазба 15 беттен тұрады. Мәтін тор көзді қалың дәптерге көк сиямен кирилл

әрпінде жазылған. «Қара өлеңдер» деп тақырып қойылған. Дәптердегі өлең шумақтарының саны — 82. Мәтіннің соңында «1961 жыл» деп қызыл қарындашпен жазылған.

Томға кірген мәтіндер түпнұсқа бойынша даярланды.

7. Исин Н. жинаған қара өлеңдер. ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында (Ш.144, 7 дөп.) сақтаулы. Мәтін көк сиямен кирилл әрпінде кеңсе қағазына жазылған. Қолжазбаның сыртында Пері ақынның өлеңдері. Жинаушысы — Нұрахмет Исин. 1955 жылы Институтқа тапсырған деген жазу бар. Қолжазбада бес шумақ қара өлең үлгілері жазылған. Мәтін соңында «24/XI — 1955 жыл» деп жазылып, жинаушының қолы қойылған.

Томға кірген мәтіндер аталған қолжазбадан ешбір өзгеріссіз алынды.

8. ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақтаулы Ш. 144. 2-дәптердегі қара өлеңдер. Бұл дәптердегі мәтіндерді жинағандар: Т.Дәулетов, Т. Бадырақов, Қ.Сейітов және Ж.Нұрмаханов Қолжазба Институт қорына 1957 жылы түскен. Мәтіндер кеңсе журналына екі түсті көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Өлеңдерге «Түрлі өлеңдер», «Қыз туралы өлеңдер», «Қазақтың ескі қара өлеңдері» деп тақырыптар қойылған. Өлең соңында жинаушылардың қолы қойылған.

Томға енген қара өлең үлгілері қолжазба бойынша даярланды.

Баспаға әзірленген мәтіндер текстологиялық тұрғыда сараланып, реттік сандармен нөмірленді. Аталған жарияланымдағы қара өлеңдерді Қолжазба қорында сақтаулы Ш. 889 (ӘӨИ) бумадағы мәтіндермен салыстыра қарағанымызда, елеулі айырмашылықтар кездеспеді.

Қара өлең үлгілері әр жерде жиналғандықтан, жергілікті жердің диалектілік ерекшеліктері сақталды. Сонымен қатар мәтіндерде кездескен араб, парсы, татар т.б. тілінен енген сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы сөздікке топтас-тырылды.

Қ.Алпысбаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед [с.ғ.с.] — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сөздеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.б.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Абылай хан (1711-1781) — қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Өз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай — Жәңгір ханның

бесінші ұрпағы. Ол «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Жаугершілік заманның талабы Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, Абылай хан жиырма жасында қан майданда ерлігімен көзге түскен.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

Адам ата — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнелары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Арғын — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке.

Асан қайғы Сәбитұлы (XIV ғ. соңы — XV ғ. басы) — мемлекет қайраткері, би, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Кейінгі ұрпақ «әулие» деп танып, Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» ретінде бағалаған.

Асан қайғы өзі өмір сүрген кезеңдегі жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының

хал-ахуалын жақсарту мақсатында хан алдында өзінің «ымыраға келу теориясын» ұсынған. Ол іздеген «Жерұйық» — шұрайлы қоныс қана емес, елі-жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу арманы. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып толғанған абызды халық Асан қайғы деп атаған.

Әли, Фали — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Баба түкті Шашты Өзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Өзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Қоңырат — орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында қоңырат тайпасының өзіндік орны бар.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни

аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

Ленин В. И. (1870-1924) — саясаткер, кеңес мемлекет және қайраткері, Кеңес үкіметінің негізін қалаушы. 1917 жылы 7 қарашада төңкерісті ұйымдастырып, Кеңес одағын құрды. 1917-1924 жж. Кеңес үкіметін басқарды.

Мәжнүн-Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Орталық Азия халықтарының «Ләйлі-Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Найман — Орта жүздегі аса ірі тайпалардың бірі. Найманнан — терістанбалы, сарыжомарт, төлегетай, сүгірші сияқты үлкен рулар тарайды.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Түкеұлы Райымбек (1730-1814) — жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Сүйегі албан тайпасының алжан руынан тарайды. Атасы Ханкелді батыр 1733 жылы ұлы жүздің беделді адамдары Төле би, Қодар би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қол астына алуын өтінген. Райымбек 17 жасында жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарда ерлік көрсетіп, батыр атанған. Бейбіт кезеңде халық арасында әулие ретінде танылған, оның келешекті болжағаны туралы ел жадында көптеген аңыз, әңгімелер қалған. Райымбектің есімімен аудан, ауыл, көптеген көшелер аталады. Соның бірі — Алматыдағы өзінің зираты жатқан Райымбек даңғылы.

СӨЗДІК

Аптау — бір нәрсенің сыртын қаптау; өдемілеу.

Армия /о/ — әскер

Арша /қ/ — Кипарис тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл көп жылдық өсімдік.

Өзіз /а/ — қымбатты, аяулы, ардақты

Бадам /п/ — раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы, сол ағаштың жемісі.

Базына — өзім деген адамға айтылатын наз, өкпе

Бәс /қ/ — баға, құн

Беде — мал азығы боп саналатын, бұршақ тұқымдастарына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.

Бейіш — жұмақ, жаннат, рахат

Борбас — борпылдақ, бос, жұмсақ

Бригадир /о/ — бір топ жұмысшы, қызметкер басшысы

Бұйда /қ/ — жалпақ келген, салалы ұзын пышақ

Драп /о/ — матаның түрі

Дүрия /қ/ — жалтыраған, жібек мата

Кәтеп — жүк артқанда нардың өркешіне батпас үшін ұзынынан салынған ағаш.

Күшіген — бүркіт тұқымдас жыртқыш қара құс

Қатан — мал түнейтін орын; қора

Қиуа — қиян, алыс, шалғай жер

Құмдақ — құмдауыт, құмайт

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша, өлген адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет

Машайық /а/ — (шайх, шайық сөзінің көпше түрі) ақсақалдар, қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы; Арабиядағы тайпа басшысының лауазымы.

Мия — дәні ащы, ақшыл я қызыл түсті өсімдік

Мосы /ж.с./ — ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін, үш тағанды темір құрал

Нәл — аяқ киімнің өкшесі мен тұмсығына қағылатын кішкене темір тақа.

Оралыңның барында — дәуренің жүріп тұрғанда

Партия /о/ — қандай да бір қоғамдық таптың мүддесін қорғап, күресін басқаратын, өкімет билігіне ұмтылатын саяси ұйым.

Пиыла — кесе, шыны-аяқ

Сақпа /к.с./ — тас атуға арналған ойыншық құрал

Сентрал /о/ — орталық

Сере — бір сүйем ұзындыққа тең өлшем

Совет /о/ — ұжымдық орган одақ

Социалистік — социализмнің негізінде орнығып, жүзеге асқан; социализмге тән.

Сусар — суда жүретін қоңыр түсті, терісі бағалы кішірек аң

Тарғақ — далалы, шөлейтті жерлерде болатын кішкене, сұр түсті құс

Тәлеңке — төрелке

Тошала — таулы жерде өсетін домалақ жемісті бұта, сол ағаштың қышқыл дәмді жемісі.

Тұсақ — бір жас пен екі жас арасындағы ұрғашы қой

Уағда /а/ — уәде

Ұшқат — ұсақ жапырақты қара қышқыл түсті бұта өсімдігі

Үліңгі — балауса шөп

Үркеp — торпақшоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры.

Фашист — фашизмге жан-тәнімен берілген, соның жолын ұстаушы.

Шұқанақ — шұңқыр, шұқыр

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақсай — Алматы облысының Райымбек ауданындағы ауылдың атауы. Мұндай елдімекендер мен жерлердің атауы Қазақстанның ауқымында жиі кездеседі.

Ақсу — Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би, Сайрам аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Сырдария өзенінің алабындағы Арыс өзенінің сол жақ саласы. Талас Алатауының солтүстік беткейіндегі Мұздықтан бастау алады. Жоғарғы ағысында аңғары тар шатқалды, тік жарлы, бұралаң келеді. Негізінен мұздықтар мен қар суымен толығады. Суы бау-бақша, егістік суаруға пайдаланылады. Өзеннің жоғарғы ағысы бойында Ақсу-Жабағылы қорығы орналасқан. Алабында ежелгі Сайрам (Исфиджаб) қаласының орны бар.

Ақжайық — Орал тауынан басталып Каспий теңізіне құятын ірі кәсіптік өзендердің бірі. Орал, Атырау қаласыда Жайық бойына орналасқан.

Ақсуат — Шығыс Қазақстан облысындағы аудан.

Ақши — Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл.

Алтай — Оңтүстік Батыс Сібір, Монғолия, Қазақстан аумағындағы тау жүйелері. Оның оңтүстік және орталық бөлігінде орналасқан Сарымсақты, Табын-боғда, Қатын және Шу Альпісі оңтүстік пен солтүстікке қарай созылып жатыр. Мәңгілік қар жамылып жатқан шыңдарының кейбірі (Болула шыңы) 4550 м биіктікте орналасқан. Алтай тауларынан Обь, Ертіс, Қобда өзендерінің салалары бастау алады.

Алмалы — Алматы облысының Панфилов ауданындағы ауыл. Мұндай елдімекендер мен жерлердің атауы Қазақстанның ауқымында жиі кездеседі.

Алматы — Республикалық мәртебесі бар ең ірі қала. Қазақстанның оңтүстік-шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды. Алматыда 1 млн.-нан астам тұрғын бар.

Алатау — басы Хантөңірінен басталып, Төшкен қаласының маңына барып аяқталатын үстіңгі жағын мәңгілік мұздықтар мен қар басып жататын алып таулар тізбегі. Олар Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б. деп аталып, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан Республикасының аумақтарын басып өтеді.

Арал — Қызылорда облысындағы аудан орталығы, қала.

Атырау — Батыс Қазақстандағы қала.

Байкал — Шығыс Сібірдің оңтүстігіндегі тұщы көл. Дүние жүзіндегі аса ірі көлдің қатарына жатады.

Балқашкөлі — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңізінен кейінгі 3-орында. Ұзындығы — 605 км. Балқаштың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері құяды.

Бетпақ дала — қазіргі Қарағанды және Жамбыл облысының аралығында жатқан, табиғаты қатал, сусыз, шөлді, өсімдігі аз далалық аймақ.

Бұхара — Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығында ежелгі Түркі халықтарының өзбек тармағы құрған хандық. Ол 1920 жылға дейін жеке өмір сүріп, 1924 жылы территориясы Өзбекстан, Түрікменстан, Үндістан Республикасының құрамына енген. Бұхараның бір бөлігі Пянди өзені бассейніндегі (Амударияның басқа ағысы) таулы өңірімен, екінші жағы Қашқадария, Зарафшан мен Амударияның төменгі ағысында (Қызылқұм, Ұрташул т.б.) құмды даламен ұштасып жатады. Негізгі тұрғындары өзбек, тәжік, түрікмен және қазақ халықтарынан құралған.

Гурьев — Атырау қаласының бұрынғы аты.

Еділ, Волга (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Еділ өзені бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды.

Еміл, Емел — Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауданы жерінен ағып өтеді.

Ертіс— Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Жалпы ұзындығы— 4248 км. Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

Есіл— Ақмола, Қарағанды облыстарының жерін басып өтетін үлкен өзен. Қостанай облысындағы (бұрынғы Торғай) 1963 жылы салынған аудандық дәрежелі Есіл қаласы атауы да осы өзенмен байланысты.

Жайық— өзеннің аты. Жайық— Орал, Башқұртстан, Челябинск, Орынбор жерімен ағып өтеді. Жалпы ұзындығы— 1084 км. Оңтүстік Оралдан басталып, Атырау қаласы тұсынан Каспий теңізіне құяды.

Жаркент— Алматы облысы, Панфилов ауданының әкімшілік орталығы. Алматы қаласының оңтүстік-шығысына қарай 300 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл қаланың тарихы әлемге көне замандардан бері танылған.

Жақсыбай— Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының жерімен ағып өтеді. Ақтөбе облысы жеріндегі Теректітөбе тауынан басталады да, Қарағанды құмын жағалап, Сулыкөлге құяды. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында Жақсыбай ауылы бар.

Жем (Ембі)— Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстарымен ағып өтеді.

Жуантөбе— Ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы ауыл атауы.

Каспий— Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан тұйық су алабы. Дүние жүзіндегі ең ірі тұйық су айдыны, үлкендігіне қарап теңіз деп атайды. Каспий теңіз өңірі көптеген Еуразия елдерінде тарихи-мәдени өлке болып табылады.

Келес— Сырдарияның алабындағы өзен. Қазығұрт, Сарыағаш аудандары арқылы ағып өтеді. Қаржантаудың батыс беткейі мен Қазығұрт тауынан бастау алып, Шардара бөгеніне құяды. Тарихшылардың дәлелдеуінше, Келес даласы б.з. Сақ тайпаларының мекендеген қонысы. Түркі-монғол тілдерінде «кесірткелі», «Кесірткелі өзен» мәніндегі атау.

Көксу — Балқаш ауданындағы өзен. Алматы облысының Ескелді би, Көксу аудандары жерімен ағып өтеді. Көксу — Жетісу Алатауы мен Бейінтау аралығындағы су. Қазақстан мен Қытай шекарасында.

Көктал — Талас алабындағы өзен. Жамбыл облысының Талас аудан жерімен ағып өтеді. Мұндай елді мекендер мен жерлердің атауы Қазақстанның ауқымында жиі кездеседі.

Көкшетау — Солтүстік Қазақстандағы қала аты. Көкшетау қаласының негізі 1824 жылы қаланған. Таудың Көкшетау аталуы жер табиғатына, оның сұлу көркі мен бедеріне байланысты, оның баурайының мәңгі жасыл, көгеріп, алыстан көкшіл болып көрінетіне қарай қойылғаны анық.

Күрті — Іле алабындағы өзен. Алматы облысының Қарасай және Жамбыл аудандары жерімен ағады. Жиренғайыр, Ақсеңгір, Ұзынқарғалы өзендерінің қосылған жерінен бастап Күрті деп аталады. Арнасы кең, жағасы тік жарлы. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Осы өзеннің арнасына салынған Күрті бөгеті бар.

Қазығұрт тауы — Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген жота. Шымкент қаласынан 35 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Қазақ аңыздары бойынша, таудың басында, баяғы Нұқ пайғамбардың кемесі қалған-мыс.

Қалба — Алтайдың оңтүстік-батысында орналасқан жота. Негізгі Алтай жүйесінен Ертіс өзені арқылы бөлініп жатыр. Ұзындығы — 400 км, орташа ені 120 км. Ең биік жері — Сарышоқы тауы (1608 м). Жота батыс жағында біртіндеп аласарып барып Сарыарқа шоқыларына ұласады. Мұнда Қалба жотасының биіктігі 450-700 метрдей. Алтын және түсті металдар кен орындары бар. Бұл маңнан көптеген шағын өзендер басталады. Қалба жотасының сілемі — Далба тауының бөктерінде қазақтың XVIII ғасырдағы атақты жырауы Бұқар Қалқаманұлы өмірінің соңғы шағын өткізген.

Қарабұлақ — Алматы облысының Ескелді ауданының орталығы. Қарабұлақ — Жетісу Алатауының оңтүстік-батыс сілемі Тоқсанбай жотасындағы асу.

Қаракемер — ежелгі қорым. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген өзенінің оң жағасында. Қаракемер атты Жамбыл облысы, Жамбыл ауданында ортағасырлық қалашық та бар.

Қаракөл — Есіл алабындағы өзен. Ақмола облысы Есіл аудандарымен ағады. Қаракөл атты өзендер еліміздің өзге өңірлерінде де кездеседі.

Қараой — Іле өзенінің сол жағалауында, Күрті және Қаскелең өзендері аралығында үстіртті тау Шығыс Қапшағай шатқалына тіркеледі.

Қаратал — Алматы облысындағы өзен. Ол Балқаш көліне құяды. Өзеннің атауына орай қойылған ауыл, аудан аты бар. Қараталға Теректі, Сарыбұлақ, Көксу өзендері қосылады. Қаратал атты өзендер еліміздің өзге өңірлерінде де кездеседі.

Қаратау — Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан, осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулар (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

Қарқара — Алматы облысының Райымбек ауданындағы өзен, тау, жайлау, ауыл атауы. Биік тау етегінен Шырғанақты өзеніне дейін созылып жатқан кең алқапты және сол өзен жағасындағы ауыл атын жергілікті халық Қарқара атайды. Осы жер 1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс ошағының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Қарқаралы — Қазақстанның байырғы қалаларының бірі. Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 220 шақырым жерде.

Қатынқамал — тарихи үңгір. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйеңкі ауылының шығыс жағында. Аңыз бойынша, жоңғар шапқыншылығы кезінде Қатын қамалға әйелдер мен жас балалар жасырылған.

Қараспан — орта ғасырлардағы қоныс орны. Бүгінгі орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Обручевка ауылынан 2 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан. Қараспан аймағын 1898 жылы Н.П.Остроумов, 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы арнайы зерттеген. 1980 жылы бұрынғы Шымкент пединституты археологиялық экспедиция тобы ашқан.

Қобда — Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда аудан жерімен ағады.

Құланөтпес — Қарағанды облысындағы өзен.

Қызылжар — Қарағанды облысындағы өзен. Алматы облысы, Қаратал ауданына қарасты ауыл аты бар.

Қытай — Шығыс және Орталық Азиядағы мемлекет. Жерінің аумағы 9,6 млн. шаршы шақырым.

Майтөбе — Жамбыл облысы, Талас ауданындағы ауыл. Берікқайнар ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы Ақкөл ауылының оңтүстігінде 55 шақырым, Қаратау етегінде, Тараз бен Қаратау қалаларының аралығындағы жолдың бойында орналасқан.

Мәскеу — Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

Мыңбұлақ — ежелгі мекен. Жамбыл облысы, Жуалы ауданына қарасты ауыл аты. Мыңбұлақ мекені — көне мәдениет ошағы, ондағы жер-тастарда палеолит және қола заманының адамдары қашап салған суреттер жиі кездеседі.

Нарын — Қырғызстандағы жер, аймақ атауы. Нарын, Нарынқол атаулары қазақ жерінде де жиі ұшырайды.

Нұра — тау және өзен аттары. Бұл атаудың таралу шегі бүкіл Түркістан және Орталық Азия қырларын алып жатыр.

Об (Обь) — Батыс Сібірдегі (Ресей) өзен. Обь өзенінің саласы Ертіске Өскемен-Бұқтырма СЭС-тері салынған. Ол жерде балық аулау кәсібі жақсы дамыған.

Орынбор — Қазақстанның батыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс иеліктерін отарлау мақсатында 1850 жылы құрылып, 1881 жылға дейін сақталды. 1868 жылы орталығы Орынбор қаласы болған Торғай облысы құрылды.

Ош — Қырғызстан Республикасындағы қала

Сайрам — Оңтүстік Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық ірі қалалардың бірі. Бұрынғы аты — Исфиджаб. Орналасқан жері қазіргі Сайрам кентінің Оңтүстік батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Моңғол шапқыншылығынан кейін Сайрам маңызды орталықтардың біріне айналған. XV-VIII ғасырларда қазақ хандықтары кезінде ірі сауда, діни және мәдениет ошағы болған.

Самарқан — Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала. Облыс орталығы.

Сарыарқа, Арқа — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Сарымсақ — Оңтүстік Алтайдағы таулы жота. Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданында орналасқан. Сарымсақ жотасы Күршім, Бұқтырма, Нарын өзендерінің суайрығы болып саналады.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазаншұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталып Арал теңізіне құяды.

Талғар — Алматы облысындағы қала. Талғар ауданының орталығы. Алматы қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан.

Тарбағатай — Зайсан және Балхаш — Алакөл арасындағы су айырық жота. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Жота ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300 км-ге, ені 30-50 км-ге созылып жатыр. Аяғөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

Ташкент (Ташкент) — қала, Өзбекстан Республикасының астанасы, Ташкент облысының орталығы. Шыршық өзенінің жағасында орын тепкен. Өткен ғасырларда Ташкент — Қазақ хандығының ордасы болған.

Талас — Қырғыз Алатауынан бастау алып, Талас жазығы арқылы Мойынқұм құмдарына сіңетін, V ғасырдан белгілі өзен. Оның бойынан шаһар салынып, қала VI ғасырдан кейін Тараз деген атпен мәшһүр болған. Бұл аттас Талас өзені Алматы облысының Райымбек ауданында да бар.

Теректі — Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөйдібек ауданындағы ауыл. Боралдай ауылдық округінің құрамында. Аудан орталығы Шаян ауданынан оңтүстік-шығысқа қарай 52 км Боралдай өзенінің жағалауына орналасқан.

Түрген — Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл, округ орталығы. Аудан орталығының Есік қаласынан шығысқа қарай 12 шақырым жерде, Түрген өзенінің жағалауында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан.

Тянь-Шань (қыт. Аспанмен тілдескен тау) — Орта және Орталық Азиядағы тау жүйесі. Тянь-Шаньның батыс бөлігі Қырғызстанда, солтүстік және батыс жоталары Қазақстанда, оңтүстік батыс сілемдері Өзбекстан мен Тәжікстанда, шығыс жағы Қытайда. Ұзындығы — 2450 шақырым.

Үштөбе — қала. Алматы облысы, Қаратал ауданының орталығы.

Хантағы — Оңтүстік Қазақстан облысындағы орталық.

Шалкөде — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы жайлау. Шалкөде жайлауы таулы жайлауларға жатады. Жайлаудың орта тұсынан Шалкөде өзені ағып өтеді.

Шолаққорған — ортағасырлық қала. Созақ ауданы, Шолаққорған кентінің солтүстік-шығыс жағында.

Шу — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км. Тянь-Шань тау шатқалдарының арасымен өтеді. Жамбыл облысындағы қала; темір жол торабы. Шу өлкесі қазақтың ерте заманнан қоныстанған, мал бағуға аса қолайлы, тоғайлы, сулы өңірлерінің бірі.

Шылбыр — Сыр алабындағы өзен. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласына қарасты.

Іле — Қазақстан (Алматы облысы) және Қытай жеріндегі өзен. Шығыс Тянь-Шаннан басталып, Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Қаш, Қорғас (оң жақ), Шарын, Шелек, Талғар, Қаскелең, Күрті (сол жақ).

ТОМҒА ЕНГЕН ҚАРА ӨЛЕҢДЕРДІ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Асқар Оразақын — ақын. Үрімжіде «Ұлттар институты» тіл-әдебиет факультетінде оқиды. 1955 жылы атамекені Қазақстанға қоныс аударады. 1964 жылы «Тұңғыш» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарияланады.

Содан бері «Мейірім», «Күнегей», «Балқарағай» т.б. өлеңдер жинақтары жарық көрді.

Баталов Ерназар — ауыз Әдебиеті мұраларын жинаушы. Ақмола облысы, Ерейментау ауданында туып-өскен. Көп жылдар бойы «Бестөбе» кенішінде жұмысшы болып істеген. Ол Ақмола облысы аумағынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинап Қазақстан Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының Қолжазба қорына жіберіп отырған.

Сейдімбек Ақселеу (1942-2009) — ғалым, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ақселеу Сейдімбектің еңбектері қазақ халқының рухани құндылықтарын зерделеуге бағытталған, оның ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, әсіресе күйшілік өнердің ұлт өміріндегі орнын сөз еткен аса құнды зерттеулері бар. «Күңгір-күңгір күмбездер», «Серпер», «Мың бір маржан», «Күй шежіре», «Қазақ әлемі» т.б. ғылыми зерттеу еңбектері халқымыздың аса бай мәдени мұрасын зерделеуге арналған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/ж/ — жергілікті

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Алавия М.* Узбек халық кушиқлары. — Ташкент, 1959.
2. *Ахметов З.* Казахское стихосложение. — Алма-Ата, 1964.
3. *Әуезов М.* Шығармалары. XI т. — Алматы, 1969.
4. *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. Т.1. — Алма-Ата, 1961.
5. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1979.
6. *Жұмалиев Қ.* Әдебиет теориясы. — Алматы, 1964.
7. *Кенжебаев Б.* Салт өлеңдер.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклор. — Алматы: Қазақпарат, 2008.
9. Қара өлең / Құрастырған — *Оразақын Асқар.* — Алматы: Жазушы, 1989.
10. *Сейдімбеков А.* Мың бір маржан. — Алматы: Өнер, 1989.
11. Қарақалпақ халық қосықтары. — Нөкіс, 1965.
12. *Радлов В. В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной и Джунгарской степи. Ч. III. Киргизское наречие. — СПб., 1870.
13. *Гордлевский В. А.* Из наблюдений над турецкой песней // Этнографическое обозрение. 1908.
14. *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы, 1974.
15. *Ысмайлов Е.* Ақындар. — Алматы, 1956.
16. Арабско-русский словарь // Составитель *Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.
17. Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969.
18. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
19. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құрастырғандар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерина.* — Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.

20. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құрастырған: *Г.К. Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
21. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы, 2008.
22. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — Москва, 1970.
23. Татарско-русский словарь. — Москва: «Советская энциклопедия», 1966.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова продолжает подготовку материалов стотомного научного издания из серии «Бабалар сөзі» («Слова предков»), объявленного в рамках Государственной программы «Культурное наследие».

Предыдущие изданные шестьдесят девять томов серии были посвящены малым жанрам эпических произведений, загадкам и пословицам-поговоркам, считающимся одной из наиболее объемных, художественных форм. На сегодняшний день изданы тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания, одиннадцать томов дастанов романического (любовного) содержания, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, один том загадок, а также пять томов пословиц и поговорок.

Предлагаемый на суд читателей 70-ый том серии посвящен одному из древних жанров народного творчества, сохранившего свои достоинства на протяжении многих веков — народной песни. Этот вид народного стиха — жизнеспособный жанр, способный ярко, во всей полноте отобразить все сферы жизнедеятельности человека, наиболее широко передать его чувствования. До первой четверти XX века среди казахов, живших согласно традициям кочевников, невозможно было не встретить девушку или джигита, не знающих наизусть хотя бы четверостишие. Потому-то этот вид ценного культурного наследия народа по праву является заметной частью богатых литературных фондов и архивов-музеев. Это синкретный жанр, имеющий прямую связь с мелодией-песней, отношение к народным традициям-обычаям.

Некоторые образцы народной песни порой имеют несколько вариантов, даже в творчестве народных поэтов встречаются образцы народной песни, в которых присутствуют варианты, повторяющиеся параллели со схожими сравнениями, одинаковыми созвучными рифмами. Повтор определенного образца народной песни другим вариантом — наиболее частое явление, особенно в народных песнях, в песенных стихах народных композиторов. Это, безусловно, естественное явление, присутствующее в фольклоре любого народа, свойство, часто встречающееся в устном виде искусства. Поэтому нельзя говорить, мол, это стихотворение того-то поэта.

К сожалению, если не считать коротких мнений-высказываний, где вспоминаются особенность жанра, исторические истоки, художественное своеобразие народной песни, то данный вид народного творчества не подвергался специальному исследованию до конца XX века.

В процессе сбора, анализа и отбора материалов особое внимание уделялось широте географии народной песни, по возможности широкому охвату образцов и вариантов, наиболее часто звучащих на сегодняшний день. Основу образцов текстов, вошедших в данный том серии «Бабалар сөзі», составили материалы трудов «Тысяча одна жемчужина» (1989) доктора филологических наук, профессора А.Сейдимбека, «Народной песни» (1997) поэта О.Аскара, а также образцы народной песни из фондов редких рукописей Института литературы и искусства имен М.О.Ауэзова и Центральной научной библиотеки РК (3918 куплетов).

Столь ценное наследие наших предков, ярко и полно отображающее национальное своеобразие, радости, горечи, мечты и устремления народа, должно принести немало полезного в дело нравственного воспитания молодежи.

В текстах стихов, вошедших в данный том серии, явно прослеживаются уровень общественно-политического сознания и особенности языка. Например, свидетельством тому являются происходящие социальные перемены, часто встречающиеся описания исторических и реальных событий, фактов, присутствие некоторых лексем на русском, арабском, персидских языках. Выходит, возрождение ценного наследия предков означает осуществление давней мечты народа.

Тексты, расположенные по групповому принципу, сопровождаются научными дополнениями, выделены порядковыми номерами. Научные дополнения тома составляют: сведения о переписчиках текстов и авторах их публикаций, а также об изданиях; научные пояснения к текстам; словарь; географические названия, сведения об исторических личностях и пояснение религиозных понятий, встречающихся в текстах; список использованной литературы и резюме на русском, английском языках.

Общий объем издания — 33,75 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues to prepare materials for the one hundred volume scientific edition of the series «Babalar sozi» («Words of ancestors») announced in the frame of the State program «Cultural Heritage». Previous sixty nine volumes of the series, prepared for publication, were devoted to small genres - epic works, riddles and proverbs-sayings that are considered to be one of the most comprehensive and artistic forms. In particular, by present day the following editions were proposed for publication: «Narrative Poems» — thirteen; «Religious Poems» — seven; «Chronicle Poems» — one; «Historical Poems (zhyr)» — eleven; «Heroic Poems» — twenty; «Riddles» — one and «Proverbs-Sayings» — five volumes.

Volume 70 proposed to the readers' attention is devoted to one of the oldest genres of folklore arts, which has conserved its advantages for many centuries- the black verse. This is a kind of folklore poetry – a viable genre, able to clearly show in its entirety all spheres of human activity, most widely transmit human feelings and perceptions. Until the first quarter of the XXth century among Kazakhs, who lived and kept nomadic traditions, it was impossible to meet a girl or a jigiti who don't know by heart at least four lines. That is why this kind of valuable cultural heritage of the people is a significant part of the rich literary foundations and archives-museums. This is a sincretic genre that has a direct relationship with the melody-song, folklore traditions and customs.

Sometimes some patterns of black verse have several variants, even in the works of national poets there are the samples of black verse, in which there are variants that repeat the parallels with similar comparisons, similar consonant rhymes. Repeating of the

certain pattern of black poetry by another variant is most frequent, especially in folklore songs, song verses of the folklore composers. Certainly this is a natural phenomenon that is present in the folklore of any nation, property that is often occurring in the oral form of art. Therefore it is impossible to say that this poem was composed by a certain author.

Unfortunately, except for brief statements-opinions, which mention the following: genre feature, historical origins — roots, artistic features- originality of the black poetry, then this form of folklore art was not specially investigated till the end of the XXth century.

In the process of data collection, analysis and selection of materials, special attention was paid to the extensive geography of black verse, wide scope of patterns and variants, most common sound at present period. The basis of the patterns of the texts included into this volume in the series «The Wisdom of the ancestors» are on the materials of the works « Thousand and one pearl «(1989) of the Doctor of Philology, professor Seidimbek A., «Black Verse» (1997) of the poet O. Askar, as well as the patterns of black verse from the foundations of the rare manuscripts of the Institute of Literature and Art named after Auezov and the Central Scientific Library of the Republic of Kazakhstan (3918 couplets).

Such valuable heritage of our ancestors, brightly and fully describing the national identity of people, joy, sadness, dreams and aspirations of the people must bring a lot of useful things to the sake of moral education of youth. In the texts of the poems included in this volume of the series, it is clearly seen the level of socio-political consciousness and language features. For example, the evidence of this are the social changes, common historical and real events, facts, the presence of certain words in Russian, Arabic and Farsi languages. So, the revival of the valuable heritage of ancestors means that the old dream of the people will come true.

Texts arranged in a group principle are accompanied by scientific additions, outlined by ordinal numbers. Scientific supplement of the volume include: information about the recorders of the texts and authors of their publications, as well as publications; scientific explanations of the texts; dictionary; names of locations

and rivers; data on historical figures and explanations of religious concepts in the text; bibliography and conclusion to this edition in Russian and English.

The total size of publications — 33,75 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Алғы сөз	7

Мәтіндер

Қара өлең үлгілері	29
--------------------------	----

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	509
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	513
Сөздік	518
Жер-су атаулары	520
Томға енген қара өлеңдерді жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	528
Шартты қысқартулар	529
Пайдаланылған әдебиеттер	530
Резюме	532
Summary	535

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

70 том

НАРОДНЫЕ ПЕСНИ
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Е. А. Сманова*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2515

Теруге 12.04.11 жіберілді. Басуға 25.05.11 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 33,75. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №258.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-243-1

